Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті

НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ

Қызмет хроникасы



1990–1991

«Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет хроникасы» сериясы

Қазақстан Республикасының
Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев

ҚЫЗМЕТ ХРОНИКАСЫ 1990–1991 жылдар

МАЗМҰНЫ

Астана Деловой Мир
БАСПАСЫ ИЗДАТЕЛЬСТВО
АСТАНА 2013

Мазмұны

КІРІСПЕ 3
1990 жыл
СӘУІР 13
МАМЫР 19
МАУСЫМ 31
ШІЛДЕ 45
ТАМЫЗ 51
ҚЫРКҮЙЕК 61
ҚАЗАН 71
ҚАРАША 85
ЖЕЛТОҚСАН 93
1991 жыл
ҚАҢТАР 105
АҚПАН 111
НАУРЫЗ 119
СӘУІР 127
МАМЫР 135
МАУСЫМ 141
ШІЛДЕ 157
ТАМЫЗ 167
ҚЫРКҮЙЕК 185
ҚАЗАН 195
ҚАРАША 209
ЖЕЛТОҚСАН 221
ҚОСЫМШАЛАР 239
Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының I сессиясында Қазақ КСР Президенті болып сайлануына орай сөйлеген сөзі 240
Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының I сессиясында «Арал өңірі аймағындағы экологиялық проблемаларды шешу жөніндегі шұғыл шаралар туралы» сөйлеген сөзі 251

Қазақстан Компартиясының Алматы облыстық конференциясында сөйлеген сөзі 253

Қазақстан Компартиясы XVII съезінде «Партияның бірлігі мен социалистік таңдау жолында, жаңарған КСР Одағындағы Қазақстанның нақты егемендігі жолында» атты сөйлеген сөзі 265

«Бәріміз — бір бауырмыз» атты Қазақ теледидары арқылы Қазақстан халқына үндеуі 295

«Республиканың болашағы жолында» атты Қазақ теледидары арқылы сөйлеген сөзі 298

Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің II пленумында сөйлеген сөзі 301

Қазақ КСР мен Қазақстан Компартиясының 70 жылдығына арналған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі, Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің бірлескен отырысында «Тарих тағылымы. Болашақ бастауы» атты сөйлеген сөзі 313

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының II сессиясында «Жаңа Одақтық шарттың жобасы туралы» тақырыбында сөйлеген сөзі 325

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының II сессиясында «Республикадағы мемлекеттік өкімет және халық шаруашылығын басқару органдарының құрылымы туралы» тақырыбында сөйлеген сөзі 334

КСРО халық депутаттарының IV съезінде сөйлеген сөзі 346

Жаңажылдық құттықтауы 349

Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің III пленумында сөйлеген сөзі 351

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының кезектен тыс III сессиясында сөйлеген сөзі 358

КОКП Орталық комитетінің XXIV пленумында сөйлеген сөзі 360

КСРО Президенті М.С. Горбачевтің қатысуымен өткен республикалық актив жиналысында сөйлеген сөзі 363

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының IV сессиясында сөйлеген сөзі 373

Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің IV пленумында «Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің Одақтық шарттың жобасына ұстанымы туралы» тақырыбында сөйлеген сөзі 389

Қазақстан халқына үндеуі 402

Қазақ КСР Президентінің мәлімдемесі 403

КОКП Саяси бюросы және Орталық комитетінің құрамынан шығатыны туралы КОКП Орталық комитетінің Саяси бюросына мәлімдемесі 404

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының кезектен тыс V сессиясында сөйлеген сөзі 405

КСРО Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс сессиясында сөйлеген сөзі 415

Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің кезектен тыс пленумына бірінші хатшы міндетін доғаратыны туралы мәлімдемесі 418

КСРО Президентінің өкілеттілігі бойынша КСРО Президенті мен одақтас республикалардың мәртебелі басшыларының КСРО халық депутаттарының төтенше съезінде мәлімдемесі 420

Қазақстан Компартиясының кезектен тыс төтенше съезінде сөйлеген сөзі 422

Егемен мемлекеттер басшыларының кездесуінде сөйлеген сөзі 426

Республика күніне арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі 428

Алматы қаласы мен Алматы облысының сайлаушыларымен кездесуде сөйлеген сөзі 440

Қазақстан Республикасы Президентінің қызметіне кірісуіне байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің салтанатты отырысында сөйлеген сөзі 456

Тәуелсіз мемлекеттер басшыларының КСРО тарап, ТМД-ның құрылуына байланысты кездесуінде сөйлеген сөзі 461

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының VII сессиясында сөйлеген сөзі 463

Жаңажылдық құттықтауы 469

1990 жылы қабылданған Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы заңдарының тізбесі 471

1991 жылы қабылданған Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы (Қазақстан Республикасы) заңдарының тізбесі 473

1990 жылы қабылданған Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Президенті жарлықтарының тізбесі 477

1991 жылы қабылданған Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы (Қазақстан Республикасы) Президенті жарлықтарының тізбесі 483

Қысқартылған сөздер тізімі 495

Географиялық атаулар көрсеткіші 496

Есімдер көрсеткіші 505

Мекемелер мен ұйымдар көрсеткіші 512

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды

Басып шығарушы: «Деловой Мир Астана» ЖШС

Редакциялық-баспагерлік топ:
М.Б. Қасымбеков (жетекші), саяси ғылымдардың докторы, профессор,
Б.Б. Темірболат (жауапты редактор), саяси ғылымдардың кандидаты,
Ж.К. Үсембаева, техника ғылымдарының докторы, профессор,
Е.А. Хасенов, филология ғылымдарының кандидаты,
Т.А. Темірханов, М.М. Бейсенова

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев.
Қызмет хроникасы. 1990–1991 жылдар. — Астана: Деловой Мир Астана, 2013. — 526 б.

© Қасымбеков М.Б., 2013
© «Деловой Мир Астана» ЖШС, 2013
© Барлық құқықтары қорғалған

1990–1991

жылдар «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет хроникасы» сериясының бірінші шығарылымының тұсауын кесе отырып, КСРО құлдырауы кезіндегі егемендік, демократия және еркін нарықтың пайдасына шешілген Қазақстан халқының тарихи өзін-өзі айқындау үдерісі жүргізілген сәттен бастап Қазақстанның өз тәуелсіздігін жариялаған сәтке дейінгі соңғы қайта құру жылдарының оқиғаларын баяндайды.

Кейіннен Мемлекет басшысы 1990-шы жылдардың басын «...қызу сезім мен эмоциялардың айрықша жылдары» ретінде сипаттады. Бұл біздің мемлекетіміздің одан әрі ілгерілеу жолына қатысы бар аса маңызды шешімдер қабылданған, әрі бір ғана теріс қабылданған шешім елдің алға басу траекториясын едәуір өзгерте алуы мүмкін жылдар болды».

Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу тарихы саяси Олимпке батыл түрде шығып, қатаң іс-қимылдарымен бірге ұстаным икемділігімен көзге түскен адам Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тұлғасымен айтарлықтай дәрежеде байланысты десек артық айтқандық болмас. Бұл адамның пікірі мен баға беруі, оның қызметі, шешімдері мен мәлімдемелері шектен шыққанша әрқилы. Сондықтан әркім оны, оның сөздері мен іс-әрекеттерін өзінше бағалауға құқылы. Алайда, ол ел дамуындағы тұтас бір дәуірді белгілейтінін барлығы да мойындайды. Бұл — қоғамдық өмірдің жаңа тұрмыс салтына ауысу дәуірі. Күдік пен үміт дәуірі. Бұқаралық сананың өзгеруі мен үйреншікті таптаурынның күйреу дәуірі. Табынушылықтың құлдырауы мен жаңа басымдықтардың қалыптасу дәуірі. Еркін, ашық, тәуелсіз және ауқатты қазақстандықтардың жаңа ұрпақтарының дәуірі.

1990 жылғы 24 сәуірде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің отырысында республика Президентінің лауазымы тағайындалып, оған Н.Ә. Назарбаев сайланды.

Президент институтының құрылуы тәуелсіз Қазақстанның саяси жүйесінің қалыптасуына шешуші әсерін берген маңызды фактор болғанын, КСРО-ның құлдырауынан кейін мемлекеттік биліктің сабақтастығын қамтамасыз еткенін оқиғалардың одан әрі даму реті көрсетеді.

Қазақстанда президенттік институттың пайда болуы кеңестік қоғам мен мемлекет өмірінің барлық салаларына әсерін тигізген КСРО-дағы аса терең дағдарыспен тұспа-тұс келгені белгілі. Ол экономикалық салада айрықша білінді. Дәстүрлі экономикалық байланыстардың үзілуі, жоспарлы экономиканың күйзелісті бұзылуы, кеңестік экономикалық құрылымның айқын үйлеспеушілігі халық тұрмысының күрт төмендеуіне, әлеуметтік шиеленістің артуына әкелді.

Онсыз да күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдай Кеңес Одағының барлық аумағында екпіндей ушығып кеткен этносаралық қақтығыстар өртімен күшейе түсті.

Бұл ретте одақ орталығы мен бір кездегі құдіретті КОКП тарапындағы билік нені болса да жақсы жаққа қарай өзгертуге мүмкіндігі болмаған дәрменсіздігін мойындады.

Сондықтан да орталықтың түсініксіз, қарма-қайшы саясаты, оның сыртқа тебуші үдерістің екпіндей күшейе түсуі аясында КСРО-да экономикалық және саяси реформаларды жүргізу кезіндегі ашық қателіктері Н.Ә. Назарбаевтың өзі үшін компартиядан ажырау, мемлекеттік басқарудың жаңа формаларын іздеу және Қазақстанның одақтық орталықпен қатынасындағы егемендігін нығайту сияқты сол жылдардың стратегиялық күн тәртібін анықтауына себеп болды.

Сол кезеңдегі Қазақстан Президенті қызметінің басты бағыттарының бірі экономикалық саланы тәртіпке келтіру болды. Орасан зор дағдарыс, дүкендердің бос сөрелері, өнеркәсіптің нақты тоқтауы, бұрынғы Кеңес Одағы республикаларының арасындағы халық шаруашылығы байланыстарының үзілуімен шиеленісе түскен ауыл шаруашылығы саласының құлдырауы Қазақстан басшылығының тарапынан шұғыл шаралар қолдануды талап етті.

Орын алған дағдарыстық жағдайда Н.Ә. Назарбаев республика басшысы қызметіне сайланған соң бірден 1990 жылғы сәуір айында республика экономикасын тұрақтандыру бойынша батыл шаралар қабылдады. Қазақстанға негізгі азық-түлік өнімдері мен халық тұтынатын тауарлар бағаларын мемлекеттік реттеуден бас тартып, «Қарқынды реформаларға» баруға тура келді. Тиімсіз кәсіпорындарды банкрот деп тану, бұрынғы мемлекеттік активтердің басым бөлігін жекешелендіру және тағы басқа да батыл қадамдар жасалды. Сонымен бір мезгілде нарықтық қатынастардың заңнамалық және институционалды базасы құрылып, көптеген тауарларды нарыққа жылжыту үшін кедергілерді алып тастау, банктік қызметті ұйымдастыру, шетел капиталын тарту және т.б. экономиканы либералдау бойынша шаралар жүзеге асырылды. Осы кезеңде нарықтық қатынастардың құқықтық негізін құруды көздейтін: «Жеке меншік туралы», «Ерекше экономикалық аумақтар туралы», «Банктер мен банктік қызмет туралы», «Тұтынушылық кооперациялар туралы», «Шаруашылық қызмет еркіндігі мен кәсіпкерлікті дамыту туралы», «Бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу туралы» және т.б. бірқатар маңызды заңдар қабылданды.

Нарықтық қатынастарға көшу айтарлықтай күйзелісті өтті. Нарықтық экономикаға көшу үшін қажетті «жедел реформалар» саясаты ел парламенті мен халықтың

қарсылығына тап болды. Н.Ә. Назарбаев «Казахстанская правда» газетіне берген сұхбатында: «Бұл «қарқындылықсыз» біз қайда барып тірелетінімізді барлығы бірдей айқын елестете бермейді», — деп атап өтті. Мемлекет басшысының кейіннен «алдымен — экономика, содан соң — саясат» деп қисынды айтқан қағидасы Н.Ә. Назарбаев таңдаған мемлекеттің даму стратегиясының тұрақты экономикалық негізді қалыптастыру үшін күш жұмылдыруға мүмкіндік бергенін уақыт көрсетеді.

Экономиканы қайта құрылымдау мәселелерімен қатар, елде тұрақтылық пен ұлтаралық қатынастарды қамтамасыз ету мәселелері шұғыл шешімін талап етті. Өтпелі кезеңнің басында қоғамның бетпе-бет келген жаңа сын-қатерлері аясында әлеуметтік саясаттың шұғыл шараларын қолдану міндеті алдыңғы шепке шықты. Осы мақсатпен республиканың денсаулық сақтау туралы заңнамасына әйелдер, отбасы және балалар мәселелеріне қатысты өзгерістер енгізілді, «Жұмыспен қамту туралы», «Тұтынушылық тауарлар мен қызметтер құнының өсуін ескере отырып, халықтың ақшалай табыстарын индексациялау туралы», «Ең төменгі жалақы және еңбекақы төлеу саласындағы мемлекеттік әлеуметтік кепілдіктер туралы», «Мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы» және т.б. заңдар қабылданды.

Этносаралық тұрақтылықты қамтамасыз ету Н.Ә. Назарбаев саясатының тағы бір аса маңызды міндеті болды. 1980-ші жылдардың аяғы этнизм және бұрынғы КСРО-ның барлық халықтарының бұрын-соңды болмаған ұлттық сана-сезімінің оянуымен белгілі болды. Ондаған жылдарға созылған тыйым салудан кейін адамдар жалпыкеңестік эрзац-мәдениетін жою салдары, ұлттық төл тұрмысты, салт-дәстүрді жоғалту, ана тілдерінің жойылу қаупі секілді ұлттық дамудың көкейкесті мәселелері туралы ашық түрде айта бастады.

Алайда бұл үдеріс Қазақстанда 1986 жылғы желтоқсан оқиғасынан кейін орын алған күрделі моральдық-психологиялық және оның ізінше қазақ халқына қатысты болған қуғын-сүргін жағдайында іске асты. 1987 жылғы шілде айында КОКП ОК Қаулысымен қазақ халқы әділетсіз және беталды «қазақ ұлтшылдығымен» айыпталды, ал жергілікті өзекті кадрларға және бұл ретте, тек қазақтарға ғана емес, басқаша ойлауға батылы барған қалғандарына да қатысты беделін түсіру және қастандық жасау науқаны кеңінен жүзеге асырыла бастады. Сондықтан да көпұлтты республикада оның азаматтары арасындағы сенімді қалпына келтірмей, табысты жұмысты жүзеге асыру мүмкін емес еді.

Ұлттық мәселені әділ әрі ашық шешуге алған бағытты дәйекті түрде іске асыра отырып, Н.Ә. Назарбаев бірінші кезектегі істердің қатарына сондай-ақ 1987 жылғы шілдеде қабылданған жұртты дүрліктірген «қазақ ұлтшылдығы» туралы КОКП ОК Қаулысын жою мақсатын қойды.

Қазақстанның барлық этностарының мүдделерін ескеру мен саналы үйлесімділігіне, азаматтардың теңқұқылы болуына, олардың мәдени-тілдік кеңістігін сақтауға негізделген Президенттің ұлттық саясатының икемділігі ұлтаралық қатынастардың қақтығыссыз дамуына жәрдемдесті.

Ақыр-аяғында қорлық көрсеткен қаулы жойылды. 1990 жылғы 21 мамырдағы Алма-Ата облыстық партия конференциясында сөз сөйлей отырып, Н.Ә. Назарбаев: «Маңызды да көптен күткен жаңалықты сіздермен бөліскім келеді. Осыдан 2-ақ күн бұрын КОКП Орталық комитетінің Саяси бюросы Қазақ республикалық партия ұйымы жөніндегі өзінің белгілі қаулысы бойынша біздің өтінішімізді қарады. Біздің

барлық талаптарымыз орынды деп танылып, құжатқа тиісті өзгерістер енгізілді. Ең бастысы — қазақ халқын ұлтшыл дейтін айып алып тасталды, парасатты ақыл-ой мен әділеттілік салтанат құрды», — деп мәлімдеді.

Н.Ә. Назарбаев тұрақтандыру саясатын жүргізумен қатар республиканың халықаралық байланыстарын дұрыс жолға қою бойынша белсенді қадамдар жасай бастады. Осы кезеңде Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясаты стратегиялық бағытының негізі қаланды.

Орта Азия республикалары Экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық туралы бесжақты келісімге қол қойғандардың алғашқылары болды.

Тату көршілестік пен серіктестік қатынастарды нығайту принциптерін ұстана отырып, Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасы және Беларусь КСР-мен шарттар жасалды.

Қазақстанды түркі әлемімен байланыстыратын рухани және мәдени бірігу Қазақ КСР мен Түркия Республикасы арасындағы қарым-қатынас принциптері туралы декларацияның негізін қалады.

Н.Ә. Назарбаевтың Түркия Республикасына Президент Т. Озалдың шақыруы бойынша жасаған ресми сапары барысында 1991 жылғы қыркүйекте Өзара уағдаластықтар туралы меморандумға және «Қазақ КСР мен Түркия Республикасының арасындағы көлік және телекоммуникация саласындағы келісімге» қол қойылды, «Қазақ КСР үкіметі мен Түркия Республикасының үкіметі арасында сауда, экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы келісім» жасалды.

Қытаймен тату көршілестікті нығайту да үлкен маңызға ие еді. ҚХР-мен достық қатынастарды орнату Қытай бағытындағы негізгі міндеттердің бірі болды. Президент Н.Ә. Назарбаев сол жылдары орын алған жағдайды сараптай отырып, кейіннен: «Екі жақ та дұшпан образын қалыптастырды, ал әскери доктриналар бір-бірін ең ықтимал қарсылас деп жариялады... Ортақ саясат, ортақ үгіт-насихат біздің барлығымызды Қытайды ең бірінші жау ретінде қарсы қойды», — деп еске алды. Өз кезегінде Қытай басшылығы тарапынан да сондай-ақ жалпы ауқымды диалогтың басталуына әзірлік білдірілді. Н.Ә. Назарбаевтың 1991 жылғы шілде айында Қытай Халық Республикасына ресми сапары Қытаймен өзара қарым-қатынасты дамытудағы маңызды кезең болды. Н.Ә. Назарбаев АҚШ-тың іскерлік орта өкілдерімен өзара қарым-қатынас орнатуға стратегиялық маңызды назар аударды. Қазақ КСР Президенті бұл байланыстарды шетел инвестицияларын тартудың, сондай-ақ алдыңғы қатарлы технологияларға қол жеткізудің маңызды шарты деп қарастырды. Н.Ә. Назарбаевтың 1990 жылғы шілдедегі АҚШ-қа сапары өте табысты болып, оның барысында Американдық сауда консорциумына кіретін ірі американдық компаниялардың басшылығымен кездесулер өтті. Консорциум мүшесі — «Chevron Corporation» компаниясы — Қазақстанда бизнес бастаған шетел компанияларының алғашқыларының бірі болды.

Республиканың әлемдік нарыққа шығу шарттарының бірі ретінде Н.Ә. Назарбаев Еуропалық Одақ елдерімен байланыстар орнатуды қарастырды. Н.Ә. Назарбаев 1991 жылғы қазан-қараша айларында өзінің Ұлыбританияға сапары туралы айта отырып: «Менің міндетім — халықаралық қоғамдастықты Қазақстанның үлкен мүмкіндіктерімен таныстыру. Біз табысты бизнеске әзірміз және аса ірі келісімшарттарға қол қоюға кірісіп те кеттік», — деп атап көрсетті.

Ұлыбританияның бұрынғы Премьер-министрі М. Тэтчер Н.Ә. Назарбаевтың қызметіне жоғары баға берді: оның пікірінше, қазір әлем бойынша 5–6 ірі және аса беделді саясаткерлер бар, олардың қатарына Н.Ә. Назарбаев та кіреді. «Мен оған үлкен сенім артамын және оның Қазақстанда істеп жатқанының барлығымен келісемін», — деп мәлімдеді Маргарет Тэтчер. Сонымен бірге Н.Ә. Назарбаев ГФР және Францияның саяси және іскерлік орталарымен байланыстарды қалпына келтірді.

1991 жылғы қыркүйек айында Қазақстанға нарықтық қатынастар саласындағы дүниежүзінің ең ірі беделділерінің бірі Ли Куан Юдің келуі Н.Ә. Назарбаев үшін үлкен маңызға ие болды. Қазақ КСР Президентінің өзі Сингапур Республикасының Аға министрін шақырып: «Сингапур Республикасы экономикасының қарқынды көтерілу тәжірибесі және оның әлемдік нарыққа интеграциялануы реформаланып жатқан Қазақстанның халық шаруашылығына өте пайдалы. Оның үстіне, толық ақпаратты бірінші қолдан, Сингапурдағы экономикалық серпілістің қайнар бастауында тұрған аты әлемге танымал маманнан алу өте құнды», — деп атап айтты Н.Ә. Назарбаев.

Сыртқы саясат конструкциясын құра отырып, Президент Н.Ә. Назарбаев әлем мемлекеттерінің барлығымен қатынастар орнатуда теңгерімді, идеологиясыздандырылған шешімдер табуды жақтайтынын батыл мәлімдеді.

Н.Ә. Назарбаевтың бірінші сыртқы саяси бастамалары, өзінің сындарлы мазмұнының арқасында әлемдік қоғамдастық тарапынан жақсы пікір тудырды.

Ол жылдары Қазақстанның жағдайы КСРО-ның халық-шаруашылығы кешені құрылымында оған шикізаттық рөлдің берілуімен шиеленісе түсті. 1980-ші жылдардың аяғында Қазақстан өнеркәсібінің өндірістік салаларындағы үлесі орташа есеппен ел бойынша алып қарағанда 1,7 есеге жоғары болды. Сонымен бірге, республиканың экономикалық әлеуетінің жартысынан көбі одақ министрліктерінің басқаруында болды. Республикадан баламалы емес бағаларға шикізат ресурстарын сора отырып, одақ ведомстволары республикалық бюджетке қаражат салған емес. Нәтижесінде Қазақстан дотациялық республиканың қорлық жағдайына қойылды.

Орын алған жағдайда Н.Ә. Назарбаев республиканың экономикалық тәуелсіздігіне көшу үшін мықты база құру бағытын таңдады.

1990 жылғы 24 сәуірде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының I сессиясында Қазақ КСР Президенті ретінде сөз сөйлей отырып, Н.Ә. Назарбаев бұл мәселе бойынша өз ұстанымын жариялады: «Орталық пен республиканың сыртқы экономикалық қызмет саласына қатынасын қайта қарау қажет. Бүгін сыртқы экономикалық, валюталық егемендіксіз «ішкі» егемендіктің толық емес әрі толыққанды болмайтыны айдан анық».

Н.Ә. Назарбаев орталық аппарат алдында дәйекті түрде өз ұстанымында тұрды. Қазақ КСР Президенті 1990 жылғы 13 шілдеде Мәскеу қаласында өткен КОКП ОК Пленумында сөйлеген сөзінде: «Біз бірден республикалардың барынша дербестігіне нақты бағыт алған болсақ, қазіргі көптеген проблемалардан құтылуға болар еді. Ақыр-аяғында орталық аса ауыр экономикалық алауыздықтың ауыртпашылығының астында бүгіліп жатпас еді. Егер индустрияның 90% мәскеулік ведомстволардың қол астында тұрса, мәселен, Қазақстан немен көмектесе алады», — деп атап көрсетті.

Н.Ә. Назарбаевтың мақсатты түрде бағытталған саясатының арқасында Қазақстан аумағында орналасқан мемлекеттік кәсіпорындардың кімге тиесілі

екендігі туралы мәселе 1991 жылдың жазына қарай түбегейлі шешімін тапты. Н.Ә. Назарбаевтың КСРО Көмір өнеркәсібінің министрі М.И. Щадовпен, КСРО Металлургия министрі О.Н. Сосковецпен және КСРО Радиоөнеркәсіп министрі В.И. Шимкомен 15 маусымда өткен кездесуінің қорытындысы бойынша «кәсіпорындарды Қазақстан қарамағына беруді іске асырудың мақсаттылығы мен қажеттігін» мойындаған Коммюникеге қол қойылды.

Республиканың жаңа шаруашылық байланыстарын құруда Н.Ә. Назарбаев республикаға шетел инвестицияларын тартуға бағдар алды. Осы мақсатпен Республика басшысы ең ірі шетелдік өнеркәсіп концерндерімен және қаржы-банктік топтарымен өзі жеке кездесіп отырды. «Шетел инвестициялары туралы», «Сыртқы экономикалық қызметтің негізгі принциптері туралы» заңдар қабылданды. Н.Ә. Назарбаев жаңа буынның экономикалық кадрларын дайындауға да баса назар аударды, бұл сұрақ оның шетел мемлекеттері өкілдерімен болған барлық кездесулерінің күн тәртібіне енді.

Сонымен бірге, экономикалық егемендікке алған бағдар оңашаланғандықты білдірмейді. Іс жүзінде бірлесіп тіршілік етуге мәжбүрлеген одақтас республикалардың күрделі ішкі шаруашылық байланыстарының бірыңғай кешені аясында бірыңғай экономикалық кеңістікті сақтап қалу өміршеңдіктің мәселесіне айналды. Осыған байланысты Н.Ә. Назарбаевтың экономикалық бағдары сонымен бірге деңгейлес ішкіодақтық экономикалық байланыстарды нығайтуға да бағытталды.

Алайда тіпті, кейде саналылыққа қарама-қайшы келсе де, одақтас республикаларға қандай да бір жол беруді қаламайтын орталықтың жаппай әміршілдігі сақталып қала берген жағдайда, олардың арасындағы өкілеттік нақты ажыратылмаса, экономиканы реформалау бағытындағы барлық бастамалар, іс жүзінде, сәтсіздікке тап болмаса да, ұзаққа созылатын кедергілерге ұшырайтыны анық еді. Бұл жағдай көп ретте Кеңес Одағында кеңінен талқыға салынған жаңа Одақтық шарт жобасының айналасында өрбіген талас-тартыстың себебі болды.

Бұл мәселені Н.Ә. Назарбаев сол кезеңдегі өзінің барлық сөйлеген сөздерінде, оның ішінде, «Жаңа Одақтық шарт жобасы туралы» Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің он екінші шақырылымының II сессиясында, КСРО халық депутаттарының IV съезінде, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің он екінші шақырылымының кезектен тыс III сессиясында, КСРО Президенті М.С. Горбачевтің қатысуымен өткен республика активінің жиналысында, «Қазақстан Компартиясы ОК-ның Одақтық шарт жобасына деген ұстанымы туралы» Қазақстан Компартиясы ОК IV Пленумында және т.б. көтерді.

Н.Ә. Назарбаев Одақтық шартқа барынша жылдамдатып қол қою — қара бастың қамы емес, көптеген проблемалардың, ең алдымен, экономикалық мәселелердің шешімін табудың алдыңғы қатарлы шарты екенін үнемі атап көрсетіп отырды. Себебі дәл сол одақтық орталық пен одақтық ведомстволардың кесірінен Қазақстан аумағында көптеген экологиялық апаттар орын алды, олардың ішіндегі ең ірілері — Арал және Семей ядролық полигонының аймағы.

Әрине, бұл мәселеде Н.Ә. Назарбаев орталық партия аппаратының қызметкерлері, ПКВ, одақтық министрліктер мен ведомстволардың басшылары және т.б. тарапындағы одақтық бюрократия жағынан қарқынды және аса мықты қарама-қайшылықпен бетпе-бет келді. Алайда прагматик ретінде ол артқа жол жоқ екенін айқын түсінді.

Мәселенің маңыздылығын түсіне отырып, 1990 жылы орталық жағының Одақтық шарт жобасын дайындауды ұзаққа созуын ескеріп, Н.Ә. Назарбаев

оның қазақстандық нұсқасын әзірлеу бастамасын көтерді. Ондағы негізгі идеялар Н.Ә. Назарбаевтың 1990 жылғы 10 қыркүйекте Қазақ телеарнасынан жариялаған «Бәріміз — бір бауырмыз» атты Қазақстан халқына үндеуінде нақты белгіленді: «Біз өмірді мүлдем жаңа негізде — егеменді мемлекеттер одағы негізінде жолға қоя бастадық. Осы келісімнің кейбір тұжырымдары әлі де пысықталу үстінде, алайда оның мәнісі барынша айқын — республикалар өздерінің территориясында орналасқан барлық ұлттық байлыққа ие болудың, пайдаланудың және жұмсаудың толық құқығына ие болады. Бұған жер, оның қойнауы, су, әуе кеңістігі және басқа да табиғи ресурстар, мемлекеттік егемендіктің материалдық негізі болып табылатын бүкіл экономикалық және ғылыми-техникалық потенциал енеді. Одақтың өзі республикалармен өзара мүдделі, терезесі тең әріптестікке сүйенеді. Әлбетте, республикалар өкілеттіктердің бір бөлігін өздерінің қалауы бойынша жаңа, өздері құрған одақтың басқару органдарына жүктейді. Бұл орайда өзінің сипаты бойынша ел көлемінде біртұтас басшылықты қажет ететін қызмет салалары: іргелі зерттеулер, қорғаныс бағдарламалары, біртұтас энергетикалық жүйе, атом энергетикасы, космос жүйелері және тағы да басқа салалар ескеріліп отыр».

Н.Ә. Назарбаев қол қойылуы 1991 жылғы 20 тамызға белгіленген Одақтық шарт жобасын әзірлеу мен келісу үдерісіне белсенді түрде кірісіп кетті.

Алайда 1991 жылғы 19–21 тамызда елде барлық жоспарлардың күл талқанын шығарып, «тамыз бүлігі» деген атпен тарихта қалған оқиғалар орын алып, Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитет (ТЖМК) билікті толығымен өз қолына алатынын жариялады. КОКП және одақ басшылығының кертартпа бөлігі ұйымдастырған бұл мемлекеттік төңкеріс жасау әрекеті одақтық орталықтың саяси дәрменсіздігін және біртұтас мемлекетті сақтап қалу келешегінің қауқарсыздығын түбегейлі дәлелдеп берді.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев шұғыл түрде Қазақстан халқына үндеуін жариялап, Одақ жұртшылығына мәлімдеме жасады, онда ол төңкеріс жасаушылардың әрекеттерін батыл сөгіп, өзінің реформалар мен демократия бағытын жақтайтынын сенімді айтты. Сонымен бірге Н.Ә. Назарбаев КОКП-дан шығатыны туралы мәлімдеді.

Жаңа Одақтық шарт жобасына қол қою қарсаңында орын алған ТЖМК-ның конституцияға қарсы бүлік көтеруінің айналасындағы оқиғалар Коммунистік партияның беделін толығымен түсірді және КСРО құлдырауын жеделдетіп жіберді. Осылайша, КОКП мен кеңестік ұлы держава тағдырында соңғы нүкте қойылды.

КСРО-ның құлауы оның бұрынғы мүшелерінің егемендік алуына әкелді. Тоталитарлық социалистік құрылысты жаппай қайта құру, қоғамның коммунистік идеология қыспағынан арылу кезеңі басталды. Осының барлығы Қазақстанның бұдан кейінгі тағдырын айқындайтын тарихи шешімдер қабылдауды талап етті.

Бүгінгі таңда ортақ мақсаттармен және саяси жігермен біріккен мықты әрі біртұтас биліксіз өтпелі кезеңде қоғамды өзгерту бағытында жедел әрі батыл табыстарға жету мүмкін емес екені барлығына да аян. Бұл тұрғыда Н.Ә. Назарбаевтың мемлекеттік басқару институттарын нығайту жөніндегі қызметі едәуір маңызға ие болды.

1990-шы жылдардың басындағы онсыз да күрделі саяси ахуалдың «кемесін» қатты қозғалтпай, елге тәптіштеп әрі ұқыпты түрде дүниежүзілік саяси тәжірибелерді пайдалана отырып, Н.Ә. Назарбаев президенттік институттың жетекші рөліне негізделген тиімді мемлекеттік билік жүйесін құруға қол жеткізе алды. Қазақ КСР Президенті қызметін тағайындау бұл бағытта жасалған алғашқы қадам болды.

Одақтық биліктің іріп-шіру жағдайында Қазақ КСР Президенті үлкен құқыққа ие болды: ол республика аумағында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының, Конституция мен заңдардың сақталуының кепілі болды; республиканың егемендігін, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын сақтау бойынша қажетті шаралар қабылдады; Қазақстанды халықаралық сахнада өкілдік етті.

Бұл сияқты нормаларды қабылдау әлі де жалғасып келе жатқан орталық ведомстволардың үстемдігі мен республиканың өз егемендігін кеңейтуге деген ұмтылысы арасындағы мәмілеге келу сипатында болды. Қазақстанда президенттік институтты енгізу КОКП-ның басшылық функцияларын жоғалтуына байланысты пайда болған билік басындағы бос қуысты толтыруға мүмкіндік берді. Кейінгі болған оқиғалар көрсеткендей, біртұтас одақтас мемлекеттің қысқа мерзімде құлдырауы жағдайында Президент қызметін енгізу республика басшылығының нақты тәуелсіздіктің қалыптасуы, егемендікті қорғау мен мемлекетті саяси және экономикалық дағдарыстан шығару бағытында уақытылы жасаған қадамы болғанын көрсетті.

Егемендік үдерісінің қисынды нәтижесі болған келесі маңызды қадам 1990 жылғы 25 қазанда қабылданған «Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы» декларациясы болды. Декларация ел Президенті мен Жоғарғы Кеңесінің бастамасымен жасалған жас мемлекеттің негізін қалаған заңнамалық актісі, содан бастап елдің толық мемлекеттік тәуелсіздігін рәсімдеу жолындағы мемлекеттік-құқықтық жүйесін одан әрі дамытудың дайындық кезеңі басталды.

Мемлекеттік егемендікті нығайту, саяси және экономикалық жаңғыртуларды іске асыру сол кезде қолданылған мемлекеттік билік құрылымын кідіріссіз өзгертуді, мемлекеттік басқарудың оңтайлы үлгісін қалыптастыру мақсатында өкілеттікті қайта бөлуді талап етті.

Осыған байланысты 1990 жылғы 25 қазанда Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің он екінші шақырылымының II сессиясында елдегі мемлекеттік билікті ауқымды реформалау тұрғысындағы ұсыныстарын жасады: «Біз Қазақстанда билік пен басқарудың осыншалықты түбегейлі реформасын алғашқы рет жүзеге асыруды қолға алып отырмыз. Алда белгісіз жолдар, барлығымыз үшін көбіне таныс емес жұмыс тұр. Алайда біз республика халқының өмірін жақсарту үшін оны қолға алуға батыл кіріспекпіз. Осылайша мойнымызға халықтың алдында аса зор жауапкершілік артып отырмыз».

1990 жылғы 20 қарашада Президент Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР-дағы мемлекеттік билік пен басқару құрылымын жетілдіру және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына қол қойды. Жаңа заңға сәйкес вице-президент, Премьер-министр және мемлекеттік кеңесшілердің қызметтері тағайындалды; Министрлер кеңесі қысқартылып, Министрлер кабинеті құрылды; Президент жанынан кеңесші-консультативтік орган — Республика кеңесі құрылды. Сондай-ақ Халық депутаттары кеңесі тарапындағы жергілікті мемлекеттік билік органдары қайта құрылды. Олардың өкілеттіктері нарықтық қатынастарды қалыптастыру мен коммуналдық меншікті басқару мәселелерін олардың құзырына беру есебінен едәуір кеңейтілді. Бұл алдыңғы қатарлы проблемаларды шешу үшін барлық мемлекеттік мүмкіндіктердің шоғырлануын қамтамасыз етті.

1990–1991 жылдардағы Н.Ә. Назарбаевтың егемендікті, аумақтық тұтастықты қамтамасыз ету, халықаралық аренадағы Қазақстанның беделін нығайту бойынша жасаған табанды қызметі елдің шынайы тәуелсіздігінің іргетасын қалап, оңтайлы жағдайлар тудырды.

1991 жылғы 29 тамызда Семей ядролық полигонын жабу, тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтің 1991 жылғы 2 қазанда ғарышқа ұшуы және 1991 жылғы 1 желтоқсанда болған Қазақстан Президентін алғаш рет жалпыхалықтық сайлау және оның нәтижесінде басым дауыс санымен Н.Ә. Назарбаевтың сайлануы — бұл жолдағы өзіндік символдарға айналған белгілі оқиғалар болды.

1991 жылғы 1 желтоқсанда өткен алғашқы жалпыхалықтық сайлау қорытындысы бойынша сайланған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1991 жылғы 10 желтоқсанда ұлықтау рәсімі өтті.

Н.Ә. Назарбаев өзінің ұлықтау сөзінде: «Біз бастан өткеріп отырған осындай ғаламат тарихи өзгерістердің куәлары және қатысушылары болу кез келген ұрпақтың үлесіне тие бермейді», — деп атап өте отырып, жас мемлекеттің алдында тұрған алдыңғы қатарлы міндеттер шеңберін белгілеп берді: «Саясатта — билікті айқын болумен байланысты қадамдар, көлбеу президенттік құрылымдар құру, ал ол атқару органдарын басқарудың үйлесімді жүйесін жасауға мүмкіндік береді.

Бұл депутаттық корпус пен Жергілікті кеңестердің далиып кеткен аппаратын біршама қысқарту қажеттігіне байланысты республика Жоғарғы Кеңесін кәсіпқой парламент етіп объективті түрде қалыптастыру.

Бұл саяси пікір алуандығына қолдау көрсете отырып, республиканың аумақтық тұтастығына қарсы бағытталған экстремизм мен ұлттық дүрдараздықты, жікшілдікті уағыздаушы партиялар мен қозғалыстардың қызметіне сөзсіз тыйым салу.

Бұл құқық тәртібін нығайту мен заңдылықты сақтау жөніндегі батыл іс-әрекеттер.

Бұл барлық қазақстандықтар құқығының теңдігі негізінде ұлтаралық келісімді сақтау, мемлекеттік саясаттың іргелі принципі ретінде саяси тұрақтылықтың басымдығы.

Осындай саяси іргетассыз Қазақстанды қазіргі заманғы өркениеттің арнасына қосуды, бағаны бейтараптандыруды, қаржы жағынан сауықтыруды, жекешелендіруді, нарықтық инфрақұрылымды құруды, меншіктің барлық түрлерінің тең құқықтығын көздейтін терең экономикалық өзгерістерді жүзеге асыру мүмкін емес. Коллективтік және жеке кәсіпкерлік жолындағы кез келген бюрократтық бөгетті жою маңызды, ал олар экономикалық гүлденудің басты қозғаушыларының бірі болуы керек».

16 желтоқсан күні Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізді. Жоғарғы Кеңес қабылдаған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңында Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет ретінде барлық аумағында биліктің толық иесі болып табылады, өзінің сыртқы және ішкі саясатын өзі анықтап жүргізеді делінген. Бұрынғы Қазақ КСР-нің аумағы жаңа тәуелсіз мемлекеттің аумағы болып танылды және бөлінбейтін әрі қол сұғылмайтын болып мойындалды. Барлық ұлттың азаматтары осыдан бастап Қазақстанның біртұтас халқын құрады және оның еркіне мемлекеттік билік негізделетін болды. Соның дәлелі ретінде тәуелсіздік жарияланған соң тура бірнеше күннен кейін, 1991 жылғы 20 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заң қабылданды.

21 желтоқсанда қазақстандық тараптың бастамасы бойынша Алматы қаласында бұрынғы 11 одақтас республикалардың басшылары бас қосып, Кеңес Социалистік Республикалар Одағының жойылуы мен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрылуын заң жүзінде жариялаған Алматы декларациясына қол қойды.

1990

СӘУІР

1990



Дс		2	9	16	23	30
Сс		3	10	17	24	
Ср		4	11	18	25	
Бс		5	12	19	26	
Жм		6	13	20	27	
Сн		7	14	21	28	
Жк	1	8	15	22	29	



24 сәуір

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы I сессиясының пленарлық отырысына қатысып, онда «Қазақ КСР Президентінің қызметін тағайындау және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы қабылданып, Қазақ КСР Президентінің сайлауы өткізілді.

Жасырын дауыс беру қорытындысы бойынша Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Президенті болып Н.Ә. Назарбаев сайланды.



Ант қабылдау рәсімінен кейін Қазақ КСР Президенті республиканың күн тәртібінде тұрған негізгі міндеттер мен оларды шешудің жолдарын белгілеп берген бағдарламалық сөзін сөйледі. Стратегиялық басымдықтар қатарында Н.Ә. Назарбаев компартиядан ажырау, мемлекеттік басқарудың жаңа формаларын іздеу мен одақтық орталықпен қатынаста Қазақстанның егемендігін нығайтуды атады.

«Жаңа ғана айрықша айтулы оқиғаның куәсі болдыңыздар. Республиканың Жоғарғы Кеңесі Қазақстан тарихында тұңғыш рет Қазақ КСР-нің Президенті қызметін бекітті.

...Дауыс беру нәтижесін мен қазір өздеріңізбен бірге жүргізіп келе жатқан саяси бағытымызға көрсетілген шынайы қолдау деп санаймын, ол — қайта құру, жаңарған, демократиялық, ізгі социализм бағыты.

Сіздерді ең алдымен, принципті түрде мынаған сендіргім келеді — мен өзіме сеніп тапсырылған республика Президенті билігін жұмысшы табының, шаруалардың, интеллигенцияның, біздің көп ұлтты Қазақстанның барлық тұрғындарының жағдайын жақсартуға, республиканың экономикалық, әлеуметтік және рухани гүлденіп, жайнай түсуі үшін пайдаланатын боламын.

Президенттік институттың енгізілуі — жалпыодақтық құрылымдарды әсте көз жұмып көшіріп алу еместігін мен бұдан бұрын да айтқанмын. Атқарушы өкіметтің топтастырушы негізін, қазіргі бүкіл мемлекеттік механизмнің теңдестірілген және тиімді қызметін қамтамасыз етуді өмірдің өзі талап етіп отыр», — деп мәлімдеді Президент (Қосымшаны қараңыз).

Қазақстандағы президенттік институт кеңесшіл-партиялық жүйеге зиянын тигізген аса ауыр дағдарыс кезінде құрылды және қоғамды біріктіріп, жұмылдыра алатын мемлекеттік биліктің тиімді

құрылымының қажеттігіне байланысты сын-қатерлерге берілген жауап болды.
Бұдан кейін болған оқиғалар тізбегі президенттік институттың құрылуы тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына шешуші әсерін тигізген маңызды фактор болғанын көрсетті.
Саяси жүйенің өзегі және әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың «локомотиві» бола отырып, президенттік институт, көп ретте, реформалардың табыстылығын алдын ала анықтап беріп, «қазақстандық серпілістің» феноменін қамтамасыз етті.
Президенттік институттың бұл рөлі экономикалық, саяси және әлеуметтік реформаларды шұғыл өткізу қажеттігі, азаматтық қоғам институттарының осалдығы, көпшілік санасындағы жігерсіз ойлау таптаурынын еңсеру қажеттігі алдындағы мемлекеттің жетекшілік рөлімен анықталды.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №6-XII Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақ КСР Президенті мен Қазақ КСР Президенттік кеңесі резиденциясының орналасатын жері туралы» №1 Жарлығына қол қойды.

25 сәуір

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы I сессиясының пленарлық отырысына қатысты.

Сессия барысында Қазақ КСР Президентінің орынбасары болып С.А. Терещенко, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы болып Е.М. Асанбаев, оның орынбасарлары болып С.Ә. Әбділдин мен З.Л. Федотова сайланды, сондай-ақ Қазақ КСР Министрлер кеңесінің төрағасы болып Ұ.Қ. Қараманов тағайындалды.

Одан басқа, Жоғарғы Кеңес «Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің, оның тұрақты комиссияларының және бұқаралық ақпарат құралдары комитеттерінің отырыстарын жариялау тәртібі туралы» қаулы қабылдады және «Халық кеңесі» (С. Ақтаев) мен «Советы Казахстана» (Ю.А. Таранов) газеттері редакторларының кандидатураларын бекітті.

26 сәуір

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне, қатысушыларына,

интернационалист-жауынгерлерге, қаза тапқан әскери қызметшілердің семьяларына қосымша жеңілдіктер туралы» №2 Жарлығына қол қойды.

27 сәуір

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы I сессиясының пленарлық отырысына қатысты.

Сессия барысында Қазақ КСР Халықтық бақылау комитетінің төрағасы болып Б.В. Исаев, Қазақ КСР Жоғарғы сотының төрағасы болып Т.Қ. Айтмұхамбетов, Қазақ КСР Бас мемлекеттік төрешісі болып И.А. Тетеркин сайланды.

Жоғарғы Кеңес сондай-ақ «Қазақ КСР заңдарын және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі мен оның органдары, Қазақ КСР Президенті қабылдаған басқа да актілерді жариялау және күшіне енгізу тәртібі туралы» және «Қазақ ССР халық депутаттарының қызметін қамтамасыз ету және олардың депутаттық қызметке байланысты шығындарын өтеу туралы» заңдарын қабылдады.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР заңдарын және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі мен оның органдары, Қазақ КСР Президенті қабылдаған басқа да актілерді жариялау және күшіне енгізу тәртібі туралы» №25-XII, «Қазақ ССР халық депутаттарының қызметін қамтамасыз ету және олардың депутаттық қызметке байланысты шығындарын өтеу туралы» №27-XII заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Бұрын таратылған Маңғышлақ және Торғай облыстарын қалпына келтіру туралы мәселені зерттеу үшін комиссия құру туралы» №3 Жарлығына қол қойды.

28 сәуір

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев орталық, республикалық және облыстық бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуымен баспасөз мәслихатын өткізді.

Н.Ә. Назарбаев республикадағы әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси ахуалды, сол кезеңдегі президенттік билік, Халық депутаттарының Жоғарғы және жергілікті кеңестерінің, шаруашылық

және қоғамдық ұйымдардың алдында тұрған негізгі міндеттерді сипаттап берді.

Азық-түлік проблемаларын шешу жолдарына, өнеркәсіптегі шаруашылық тетіктерін жетілдіру, тұрғын үй және басқа да объектілер құрылысын үдету, жаппай сұранысқа ие тауарларды шығару, тұрмыстық, медициналық және басқа да қызмет көрсетуді, экологиялық жағдайды жақсарту мәселелеріне айрықша назар аударылды.

Президент ұлтаралық қатынастарды одан әрі жетілдірудің, одақтас республикалар және шетел елдерімен байланыстарды нығайтудың маңыздылығын атап өтті. Ол үшін, деп түсіндірді ол, қоғамның озық күштерін біріктіруге, реттелетін нарықтық қатынастарға, жаңартылған кеңес федерациясы аясында Қазақстанның экономикалық және мемлекеттік егемендігіне көшуді қамтамасыз етуге бағытталған баспасөз, телевизия мен радионың күн сайынғы ұйымдастырушылық және түсіндірме жұмыстарын жүргізу қажет.

Соңында Н.Ә. Назарбаев тілшілердің көптеген сауалдарына жауап берді.

29 сәуір



Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қарағанды облысында жұмыс сапарымен болды.

Н.Ә. Назарбаев Қарағанды металлургия комбинатына барып, онда агломерациялық және бірінші табақша металды илемдеу цехын қарап шықты, сегізінші кокс пешінің құрылысы барысымен және үшінші кокс пешінің қалпына келтіру жұмыстарымен танысты.

Президент сондай-ақ №2 домен цехының ұжымымен кездесіп, онда ол №70 партиялық округтің атынан Қазақстан Компартиясы XVII съезінің делегатына үміткер ретінде ұсынылды.

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қарағанды қаласындағы жылыту жабдықтары зауытында және құрылыс полимер комбинатында болып, жаңа өндірістік қуатты қарап шықты.

МАМЫР

1990



Дс		7	14	21	28
Сс	1	8	15	22	29
Ср	2	9	16	23	30
Бс	3	10	17	24	31
Жм	4	11	18	25	
Сн	5	12	19	26	
Жк	6	13	20	27	



1 мамыр



Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласындағы жаңа алаңда өткен Еңбекшілердің халықаралық ынтымақтастығы күніне арналған бірінші мамыр мерекесінің шеруіне қатысты.

4–5 мамыр

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Солтүстік Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында облыстық партия конференциясының жұмысына қатысты.

Н.Ә. Назарбаев конференция делегаттарын Қазақстан Компартиясы ОК ҚКП XVII съезіне және КОКП XXVIII съезіне арналған тұғырнама жобаларының негізгі қағидаттарымен, КОКП-ның жаңа Жарғысымен таныстырды, сондай-ақ облыстың негізгі проблемалары — мал шаруашылығы, тұрғын үй, әлеуметтік-мәдени және тұрмыстық мақсаттағы нысандардың құрылысы салаларындағы жағдайға тоқталды.

7 мамыр



Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 45 жылдығын мерекелеу қарсаңында Алматы қаласындағы салтанатқа қатысу үшін республиканың барлық өңірлерінен келген Кеңес Одағының Батырларымен және Даңқ орденінің толық кавалерлерімен кездесті.

Н.Ә. Назарбаев жауынгер-батырларды шын жүректен Жеңіс күнімен құттықтап, олардың жастарды патриоттық пен интернационалдыққа тәрбиелеуде қосқан зор үлестері үшін алғысын білдірді және осы игілікті іште жаңа жетістіктер, мықты денсаулық тіледі.

8 мамыр

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласында өткен Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 45 жылдығына арналған мерекелік шараларға қатысты және 28 гвардиялық-панфиловшылар саябағындағы Даңқ мемориалы алдындағы Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойды.

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласында Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында өткен Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 45 жылдығына арналған салтанатты жиналысқа қатысты.

9 мамыр

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «М.Т. Берсеневті Қазақ КСР Президенттік кеңесінің мүшесі қызметіне тағайындау туралы» №4, «Н.А. Вдовинді Қазақ КСР Президенттік кеңесінің мүшесі қызметіне тағайындау туралы» №5, «М.Ж. Жолдасбековті Қазақ КСР Президенттік кеңесінің мүшесі қызметіне тағайындау туралы» №6, «С.В. Дрожжинді Қазақ КСР Президенттік кеңесінің мүшесі қызметіне тағайындау туралы» №7, «И.Д. Жанғоразовты Қазақ КСР Президенттік кеңесінің мүшесі қызметіне тағайындау туралы» №8, «М.Р. Сағдиевті Қазақ КСР Президенттік кеңесінің мүшесі қызметіне тағайындау туралы» №9, «С.С. Сартаевты Қазақ КСР Президенттік кеңесінің мүшесі қызметіне тағайындау туралы» №10, «Д.Х. Сембаевты Қазақ КСР Президенттік кеңесінің мүшесі қызметіне тағайындау туралы» №11, «С.А. Терещенконы Қазақ КСР Президенттік кеңесінің мүшесі қызметіне тағайындау туралы» №12 жарлықтарына қол қойды.

11 мамыр

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Көкшетау облысында жұмыс сапарымен болып, облыстық партия конференциясының жұмысына қатысты.

Конференцияда КОКП ОК-ның КОКП XXVIII съезіне арналған тұғырнамасының және ҚКП XVII съезіне арналған Қазақстан Компартиясы ОК тұғырнамасының жобалары, КОКП-ның жаңа Жарғысы талқыланды; партия обкомы мен тексеру комиссиясының есептері тыңдалды; облыстық партия ұйымы қызметінің негізгі бағыттары белгіленді, КОКП-ның XXVIII съезіне және Қазақстан Компартиясының XVII съезіне делегаттар және КОКП басшылық жасау органдарына кандидатураларды сайлау қорытындысы қаралды.

12 мамыр



Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Шымкент облысында жұмыс сапарымен болып, облыстық партия конференциясының жұмысына қатысты.

Конференцияда КОКП ОК-ның КОКП XXVIII съезіне арналған тұғырнамасының және ҚКП XVII съезіне арналған Қазақстан Компартиясы ОК тұғырнамасының жобалары, КОКП-ның жаңа Жарғысы талқыланды; партия обкомы мен тексеру комиссиясының есептері тыңдалды; облыстық партия ұйымы қызметінің негізгі бағыттары белгіленді, КОКП-ның XXVIII съезіне және Қазақстан Компартиясының XVII съезіне делегаттар және КОКП басшылық жасау органдарына кандидатураларды сайлау қорытындысы қаралды.

Конференция барысында Шымкент облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып балама негізде Қазақ КСР Президентінің орынбасары қызметінде болған С.А. Терещенко сайланды, сондай-ақ Қазақстан Компартиясының ОК және Тексеру комиссиясының мүшелері сайланды, партия обкомының және облыстық партия ұйымы тексеру комиссиясының құрамдары бекітілді.

14 мамыр

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің он екінші шақырылымы I сессиясының пленарлық отырысына қатысты.

Н.Ә. Назарбаев Арал маңы аймағындағы экологиялық проблемаларды шешу жөніндегі шұғыл шаралар туралы мәселені сессияның күн тәртібіне енгізіп, қарау жөнінде ұсынысын жасады (Қосымшаны қараңыз). Ұсынысты депутаттар қолдады.

Арал теңізі бассейнінің экологиялық дағдарысы — XX ғасырдың екінші жартысында тұтас субөңірді қамтыған және халықаралық сарапшылармен XX ғасырдың жаһандық экологиялық апаты деп танылған жер бетіндегі қоршаған ортаға адамның теріс әсер етуінің ең ірі үлгісі. Қарқынды түрде шөлге айналу және қоршаған табиғи ортаның құлдырауының кері қайтаруға болмайтын тұрақты үдерісі Арал өңірінде тұрмыстың нашарлауы мен Арал маңында тұратын халық сырқатының өсуіне әкелген төтенше экологиялық жағдайды туғызды.

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласындағы Офицерлер үйінде өткен Алматы әскери гарнизоны партұйымының партиялық конференциясының жұмысына қатысты.

Н.Ә. Назарбаев делегаттар алдында сөйлеген сөзінде әлеуметтік-экономикалық дамудың жай-күйі мен перспективалары, республикадағы демократия мен жариялылық үдерістерінің тереңдеуі, халықтың әл-ауқатын жақсарту жолдары туралы ақпарат беріп, армияны дәлелсіз қаралаудан қорғау, әскери және еңбек ұжымдары арасындағы байланыстарды одан әрі бекіту, кеңес адамдарының ұлтаралық достығын нығайту қажеттігін атап айтты.

Соңында Н.Ә. Назарбаев делегаттардың көптеген сұрақтарына жауап берді.

15 мамыр

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Президенттік кеңесінің I отырысына төрағалық етті.

Кеңес мүшелері М.Т. Берсенов, Н.А. Вдовин, М.Ж. Жолдасбеков, С.В. Дрожжин, И.Д. Жанғоразов, М.Р. Сағдиев, С.С. Сартаев, Д.Х. Сембаев, С.А. Терещенко қатысқан отырыс барысында Президенттік кеңес жұмысының негізгі бағыттарымен, оның мүшелерінің функционалдық міндеттерімен, президенттік аппараттың құрылымымен байланысты мәселелер талқыланды, сондай-ақ Қазақ КСР Президентінің кейбір актілерінің жобалары қаралды.

16 мамыр

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев «Қызылорда облысының Арал, Қазалы аудандарында, Ақтөбе облысының Шалқар ауданында тұратын балаларды сауықтыру жөніндегі шаралар туралы» №13 Жарлығына қол қойды.

17 мамыр

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы I сессиясының пленарлық отырысына қатысты.

Н.Ә. Назарбаев Шымкент облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайлануына байланысты С.А. Терещенконы Қазақ КСР Президентінің орынбасары міндетінен босату туралы ұсынысын енгізді. Ұсыныс қолдау тауып, тиісті қаулы қабылданды.

Келесі мәселе республика үкіметінің құрамын қалыптастыру болды. Қазақ КСР министрлері мен мемлекеттік комитеттерінің төрағалары лауазымдарына үміткерлер талқыланып, бекітілгеннен кейін «Қазақ КСР Министрлер кеңесінің құрамын бекіту туралы» қаулы қабылданды.

18 мамыр

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев француз модельері және бизнесмені П. Карденді қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен Францияның іскерлік топтары арасындағы тікелей байланыстарды дамыту мәселелері талқыланды. П. Карден жеңіл және тамақ өнеркәсібінің біріккен кәсіпорындарын ашуға қызығушылық танытты, туризм, ЮНЕСКО-ның «Жібек жолы» халықаралық бағдарламасын іске асыруының перспективаларын атап өтті.

«Жібек жолы» бағдарламасын ЮНЕСКО 1987 жылы қабылдады. Ол өркениеттер тарихын кеңінен және тегіс қамти отырып зерттеуді, Шығыс және Батыс арасындағы тығыз мәдени байланыстарды орнатуды, Еуразия құрлығында өмір сүретін көптеген халықтар арасындағы қатынастарды жақсартуды көздеді. Бағдарламаны жүзеге асыруда Орталық Азия республикаларына аса маңызды орын берілді.

21 мамыр

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Алматы облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында облыстық партия конференциясының жұмысына қатысты.

Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы конференция делегаттарына 1986 жылғы Алматы қаласында болған желтоқсан оқиғаларына байланысты қазақ халқына қатысты ұлтшылдық айыптаулары таңылған 1987 жылғы шілдеде қабылданған «Қазақ республикалық партия ұйымының еңбеккерлерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмысы туралы» КОКП ОК қаулысының жойылғаны туралы мәлімдеді.

«Маңызды да көптен күткен жаңалықты сіздермен бөліскім келеді. Осыдан 2-ақ күн бұрын КОКП Орталық комитетінің Саяси бюросы Қазақ республикалық партия ұйымы жөніндегі өзінің белгілі қаулысы бойынша біздің өтінішімізді қарады. Біздің барлық талаптарымыз орынды деп танылып, құжатқа тиісті өзгерістер енгізілді. Ең бастысы — қазақ халқын ұлтшыл дейтін айып алып тасталды, парасатты ақыл-ой мен әділеттілік салтанат құрды», — деп мәлімдеді Н.Ә. Назарбаев (Қосымшаны қараңыз).

Қазақ халқына әділетсіз таңылған ұлтшылдық айыптауларын алып тастау мәселесі Н.Ә. Назарбаев үшін өзінің 1989 жылғы 22 маусымда Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы болып сайлануынан бастап өзектілердің бірі болып келді.
1986 жылғы Алматы қаласында болған желтоқсан оқиғаларына байланысты 1987 жылғы шілдеде қабылданған «Қазақ республикалық партия ұйымының еңбеккерлерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмысы туралы» КОКП ОК қаулысын жоюға қол жеткізуді мақсат етіп қойып, Н.Ә. Назарбаев 1989 жылғы 19–20 қыркүйекте Мәскеу қаласында өткен КОКП ОК Пленумында «қаулының қазақ халқының ары мен намысына зиянын тигізетін, оның интернационалдық болмысына көлеңкесін түсіретін жаңсақ баптарын қайта қарау» қажеттігі туралы мәселе көтерді.
Ақыр-аяғында аталған қаулы қайта қаралып, 1990 жылғы 19 мамырда жойылды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР-дегі шаруа шаруашылығы туралы» №64-XII Заңына қол қойды.

22 мамыр

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында КСРО Президенті М.С. Горбачевтің төрағалық етуімен өткен Федерация кеңесі және КСРО Президенттік кеңесінің бірлескен отырысына қатысты.

Отырысқа қатысушылардың қарауына Федерация кеңесі және КСРО Президенттік кеңесінің бұған дейін өткен бірлескен отырыстарында талқылау барысында айтылған ескертулер мен ұсыныстарды ескере отырып дайындалған реттелетін нарықтық экономикаға көшудің нақтыланған тұжырымдамасы ұсынылды.

Отырыста сөз сөйлеген Федерация кеңесі және КСРО Президенттік кеңесінің мүшелері Н.Ә. Назарбаев, В.А. Ярин, Г.Г. Гумбаридзе, Г.И. Ревен-

ко, Э.А. Шеварднадзе, В.И. Болдин, А.Н. Яковлев, Е.М. Примаков, В.А. Крючков, КСРО Министрлер кеңесі төрағасының орынбасарлары В.В. Никитин, П.И. Мостовой, КСРО Қаржы министрі В.С. Павлов, КСРО мемлекеттік комитеттерінің төрағалары В.К. Севчагов, В.И. Щербаков, Бүкілодақтық орталық кәсіподақ кеңесінің төрағасы Г.И. Янаев республикалар мен елдің жекелеген өңірлері нарыққа бет алған бағытын бастаған әртүрлі бастау шарттарын есепке алудың, енгізіліп отырған нарықтық қатынастардың халықтың әртүрлі топтары үшін болуы мүмкін салдарын мұқият бағалаудың, сыртқы экономикалық байланыстарды қайта құру және шаруашылықтың жекелеген салаларын жаңғырту үшін барынша толыққанды пайдаланудың маңыздылығын атап көрсетті.

Пікірталасқа қатысушылар, әсіресе, халықтың аз қамтылған топтарына қатысты әлеуметтік кепілдіктерді қатаң сақтай отырып, реттелетін нарықтық экономикаға батыл қадам басу, кәсіпкерлік қызмет пен шаруашылық жүргізудің жаңа формаларының жұмысына жол ашу қажеттігімен келісті. Алда болатын реформалардың түбегейлі мәселелері, әсіресе, әртүрлі тауарлар мен қызметтер құнының деңгейі және бағалардың ара-қатынасына қатысты сұрақтары көпшілік талқысына салыну керектігі атап өтілді. Жоспарланып отырған экономиканы қайта құру нарықтық экономикаға көшудің түбегейлі мәселесі бойынша жалпыхалықтық келісім берілгенде ғана іске асырылуы мүмкін деп атап айтылды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі төралқасының жарлықтарын бекіту туралы» №71-XII Заңына қол қойды.

23 мамыр

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР Президентінің ар-ожданы мен қадір-қасиетін қорғау туралы» №78-XII, «Қазақ КСР заң актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» №79-XII заңдарына қол қойды.

25 мамыр

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев екі қоғамдық ұйым —

«Дүниежүзілік дәрігерлер ядролық соғыстың алдын алу үшін» халықаралық қозғалысы және «Невада-Семей» халықаралық антиядролық қозғалысының бастамасы бойынша ұйымдастырылған «Дүниежүзінің сайлаушылары ядролық қаруға қарсы!» халықаралық конгресінің жұмысын көрсету үшін Алматы қаласына келген кеңестік және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен кездесті.

Баспасөз мәслихатын аша отырып Н.Ә. Назарбаев ядролық қауіпті жою, бүкіләлемдік бейбітшілік үшін күресті одан әрі күшейтудің зор маңыздылығын атап өтіп, кеңестік және шетел жұртшылығының халықтық дипломатиясына, бітімгершілік қызметіне белсенді қолдау көрсетуге әзірлігін білдірді.

Содан соң Н.Ә. Назарбаев тілшілердің өзінің Қазақ КСР Президенті болып сайлаған күннен бастап алғашқы айы қалай өткендігі туралы, Президент өзінің жаңа қызметтегі бірінші қадамдарын қалай бағалайтыны туралы, Қазақстанның экологиялық проблемаларын шешу үшін ғалымдармен және мамандармен ынтымақтастығын қалай орнатуды жоспарлап отырғаны туралы, Семей ядролық полигонын жабу туралы, жеке меншік заңы туралы, Қазақстанның көкейкесті проблемалары туралы және т.б. көптеген сұрақтарына жауап берді.

«Дүниежүзілік дәрігерлер ядролық соғыстың алдын алу үшін» — ядролық қақтығыстың алдын алу және ядролық қарусыздандыруды ынталандыру мақсатында 1980 жылдың желтоқсан айында Гарвард қоғамдық денсаулық институтының американдық кардиология ғылымының профессоры Б. Лаун және КСРО Медицина ғылымдары академиясының Бүкілодақтық кардиологиялық ғылыми орталығының директоры, медицина ғылымдарының докторы Е.И. Чазов негізін қалаған денсаулық сақтау қызметкерлерінің халықаралық қозғалысы.

«Невада-Семей» — 1989 жылғы 28 ақпанда Семей ядролық полигонында ядролық сынақтарды тоқтату және жабу мақсатында белгілі қазақстандық ақын және қоғам қайраткері О.О. Сүлейменовпен ұйымдастырылған халықаралық антиядролық қозғалыс.

29 мамыр

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Компартиясы ОК XXII пленумына қатысты.

Пленумда Қазақстан Компартиясы ОК-ның Қазақстан Коммунистік партиясының XVII съезіне

есептік баяндамасы бекітіліп, осы баяндамамен Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаевқа сөз сөйлеу тапсырылды.

Пленумда сондай-ақ Е.М. Асанбаевты Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы етіп сайлануына байланысты Қазақстан Компартиясы хатшысы қызметінен босату туралы мәселе қаралды.

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Президенттік кеңесінің кезекті отырысына төрағалық етті.

Отырыста реттелетін нарықтық экономикаға ауысуға дайындық бойынша бірінші кезектегі шаралар қаралды.

Н.Ә. Назарбаев 1990 жылғы 22 мамырда Мәскеу қаласында КСРО Президенті М.С. Горбачевтің төрағалық етуімен өткен Федерация кеңесі және КСРО Президенттік кеңесінің бірлескен отырысы жұмысының қорытындысы туралы хабарлай отырып, халық шаруашылығының нарықтық қатынастарға көшуін толық негізде халық үшін тағдыршешті деуге болатынын атап айтты. Алайда оған дайындала отырып, республиканың спецификалық ерекшеліктерін, атап айтқанда, оның өндірістік әлеуетінің шикізаттық бағытын, халық тұтынатын тауарларды шығаратын, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін кәсіпорындар қуатының салыстырмалы түрде аздығын ескерген жөн.

Н.Ә. Назарбаевтың айтуынша, реттелетін нарықтық қатынастарды игеру қызу дайындық кезеңін, 1990 жылдың табысты аяқталуын талап етеді. Бұл жұмысты республиканың өзін-өзі басқару және өзін-өзі қаржыландыруға көшу шараларымен байланыстыру қажет, — деп атап айтты Президент. Бұл ретте, — деп жалғастырды сөзін ол, бірінші кезекте, Қазақстан аумағында орналасқан кәсіпорындардың тиесілі болуы туралы мәселені қарастыру қажет. Индустрияның барлық салалары айналымына салық салу жүйесін жылдам әрі тиімді жетілдіру қажет болады. Жаңа экономикалық жағдайда республикалық, жергілікті бюджеттердің игілігінің, Қазақстан аумағында материалдық ресурстар мен қаржының қажетті резервтерін құрудың қамын бұрынғыдан да көп ойлау қажет болады.

Президент экономиканың жаңару кезеңінде халықтың әлеуметтік қорғалуы, әсіресе тұрғындардың аз қамтылған топтарын қорғау бойынша байыпты жұмыс жүргізілуі қажеттігін ерекше атап өтті. Бұл мақсатта нарыққа деген жағымсыз қатынасты еңсеруге жәрдемдесетін бірқатар кешенді кең ауқымды шаралар әзірлеу қажет. Одан басқа, монополияға қарсы, кәсіпкерлік туралы, жұмыссыздық туралы, халыққа баға өсуінің өтемақысы туралы бірқатар маңызды заңдар қабылдау қажет. Ақыр аяғында, бұл түбегейлі қадамға бармас бұрын міндетті түрде халықтың келісімі мен қолдауын алу керек.

Республикадағы реттелетін нарықтық қатынастарға көшуді іске асыру бойынша барлық жұмысқа Қазақ КСР Министрлер кеңесі басшылық жасауы тиіс. Осыған байланысты жүргізілетін түсіндіру жұмыстарының маңыздылығына назар аудара отырып, Президент Н.Ә. Назарбаев идеологиялық активті, бұқаралық ақпарат құралдарын бұл мәселемен тығыз әрі үнемі айналысуға шақырды. Еңбеккерлер, жалпы барша халқымыз алдағы уақытта шаруашылық өмірде болатын өзгерістерді түйсініп, түсіне отырып қабылдауы үшін барлығын жасау қажет.

Кеңес отырысында Қазақ КСР Президентінің мемлекеттік және еңбек тәртібін нығайту жөніндегі кезек күттірмейтін іс-шаралары туралы Жарлығының жобасы қаралды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Мемлекеттік және еңбек тәртібін нығайту жөніндегі шұғыл шаралар туралы» №14 Жарлығына қол қойды.

МАУСЫМ 1990



Дс		4	11	18	25
Сс		5	12	19	26
Ср		6	13	20	27
Бс		7	14	21	28
Жм	1	8	15	22	29
Сн	2	9	16	23	30
Жк	3	10	17	24	


XVII
ҚАЗАҚСТАН КОММУН
ПАРТИЯСЫНЫҢ
СЪЕЗД КОММУНИСТИЧ
ПАРТИИ КАЗАХС

2 маусым

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев «British Petroleum» корпорациясының бас басқарушысы Д. Браунды қабылдады.

Әңгіме барысында Д. Браун Ұлыбританияның іскер топтары Қазақ КСР-імен тікелей экономикалық байланыстарды орнатып, дамытуға әзір екендігін білдірді.

Кездесу қорытындысы бойынша өнеркәсіптің түрлі салаларындағы мамандар деңгейінде байланыстарды жалғастыру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

5 маусым

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Бастауыш партия ұйымдары хатшылары республикалық кеңесінің кезекті отырысына төрағалық етті.

Кеңес мүшелері Қазақстан Компартиясының XVII съезіне дайындық және оны өткізуді ұйымдастыру мәселелерін қарады.

Отырыс қорытындысы бойынша республикалық партиялық форум делегаттары болып бастапқы және цехтық партия ұйымдарының 171 хатшысы сайланды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «О.И. Желтиковты Қазақ КСР Сауда министрі қызметіне тағайындау туралы» №16 Жарлығына қол қойды.

6 маусым

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласына 1990 жылғы 7–9 маусымда Қазақстан Компартиясының XVII съезіне қатысу үшін келген делегаттармен кездесті және олармен бірге В.И. Ленин ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қылмысқа қарсы күресті күшейту жөніндегі қосымша шаралар туралы» №17 Жарлығына қол қойды.

7 маусым

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласында



В.И. Ленин атындағы сарайда өткен Қазақстан Коммунистік партиясы XVII съезінің жұмысын ашты.

Өзінің «Партияның бірлігі мен социалистік таңдау жолында, жаңарған КСР Одағындағы Қазақстанның нақты егемендігі жолында» есептік баяндамасында Н.Ә. Назарбаев перспективаға арналған іс-қимыл бағдарламасын жариялады.

«Менің алдымда, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы ретінде, күрделі де жауапты міндет тұр. ...XVI съезден кейінгі жылдарда болып өткен сан мағыналы оқиғаларға партиялық баға беру, Компартияны, біздің көпұлтты республикамыз өмірінің барлық жақтарын жаңартудың түбірлі проблемаларын қозғайтын өзекті теориялық және практикалық мәселелердің бірқатарына Орталық комитеттің көзқарасын білдіру қажет, саяси, идеологиялық, мәдени, әлеуметтік және экономикалық салалардағы қайта құру қызметінің принципті стратегиялық бағыттары сіздердің қарауларыңызға ұсынылуға тиіс.

...Адамдардың алдына олардың ақыл-ойы мен жан-жүрегін баурай алып, рухтандыра білетін асқақ мақсаттарды қойғанымызда ғана қоғамдық бірлікке қол жеткізуге болатынын жақсы түсінеміз. Мұндай мақсаттар бізде бар...

Ең алдымен біз халықтың тұрмысын жақсарту үшін Қазақ КСР-нің саяси және экономикалық егемендігін орнықтыру жолында күресеміз. Республиканың аса бай ресурстары, қуатты шаруашылық потенциалы қазақстандықтардың қазіргі және болашақтағы ұрпақтарының қажетіне жаратылуға тиіс, әрбір адамның еркін шығарымпаздық еңбегі мен әл-ауқатының негізі болуға тиіс.

Біз Одағымыздың бірлігін қорғаймыз, өйткені біздің федерация нығайған сайын, кеңес халқы топтаса түскен сайын еліміздің, оның үстіне әрбір республиканың беделі дүниежүзілік қоғамдастықтың көз алдында биіктей түсетініне кәміл сенемін.

Интернационализм, халықтардың туысқандық достығы бұрынғысынша біздің туымыз болып қала береді. Өзінің бүкіл беделімен Қазақстан Компартиясы республика азаматтарының қай ұлтқа жататынына қарамастан тең құқықтарын қорғайды, заңдылық пен құқық тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді», — деді Н.Ә. Назарбаев (Қосымшаны қараңыз).

8 маусым

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласындағы В.И. Ленин атындағы сарайда өтіп жатқан Қазақстан Коммунистік партиясы XVII съезінің жұмысына қатысуды жалғастырды.

9 маусым

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласындағы В.И. Ленин атындағы сарайда өтіп жатқан Қазақстан Коммунистік партиясы XVII съезінің жұмысына қатысуын жалғастырды.

Съезд жұмысының барысында Қазақстан Компартиясы ОК XVII съезіне жасаған «Партия бірлігі мен социалистік таңдау, жаңарған КСР Одағындағы Қазақстанның нақты егемендігі үшін» есебі бойынша қарар қабылданды, «КОКП ОК тұғырнамасының жобасы туралы», «КОКП Жарғысының жобасы туралы», «Қазақстан Компартиясы тұғырнамасы туралы» қаулылар қабылданды.

Съезд сондай-ақ Қазақстан Компартиясының облыстық партия конференциялары мен әскери бөлімшелердің партиялық конференцияларында сайланған Орталық комитеті мен Тексеру комиссиясы мүшелерінің өкілеттігін бекітті, Қазақстан Компартиясы ОК Саяси бюросының құрылуы туралы шешім қабылдады, «Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті мүшесінің мәртебесі туралы» қағидасын қарап, қабылдады, КОКП Орталық комитеті мен Орталық тексеру комиссиясының құрамына кандидатураларды бекітті.

Одан басқа, съезд делегаттары жасырын дауыс беру арқылы Н.Ә. Назарбаевты Қазақстанның Компартиясы ОК Саяси бюросының бірінші хатшысы және мүшесі етіп қайта сайлады, сондай-ақ КОКП XXVIII съезіне М.С. Горбачевтің кандидатурасын КОКП ОК Саяси бюросының бас хатшысы және мүшесі етіп сайлауға ұсынды.

Қазақстан Компартиясы XVII съезі жұмысының қорытындысы бойынша «Кеңес Одағы Коммунистік партиясындағы бірлік үшін» және «Семей ядролық полигоны туралы» мәлімдемелер қабылданды.

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Компартиясы ОК I пленумын ашты.

Пленумда Қазақстан Компартиясы ОК Саяси бюросының құрамы сайланды, ОК комиссиялары құрылды, ОК бөлімдерінің меңгерушілері, республикалық партиялық газеттердің редакторлары бекітілді.

13 маусым



Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қызыл-Орда облысында жұмыс сапарымен болды.

Н.Ә. Назарбаев целлюлоза-картон зауыты мен ЖЭО-6 барып, олардың ұжымдарымен кәсіпорынды реттелетін нарықтық қатынастарға өткізуге дайындық мәселелерін талқылады. Осыған байланысты Президент кәсіпорынның өз қосалқы шаруашылықтарын: целлюлоза-картон зауыты жанынан жылыжайлар мен шошқа фермасын және ЖЭО-6 жанынан тауарлық балық өсірудің қамбалық шаруашылығын ашу бойынша тәжірибесіне оң көзқарасын білдірді.

14 маусым

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қызыл-Орда қаласында Арал теңізінің проблемалары бойынша өткен Қазақ КСР Ғылым академиясы төралқасының көшпелі кеңейтілген отырысына қатысты.

Отырыста Арал теңізінің жай-күйі, оны құтқарудың перспективалары мен практикалық жолдары, Арал маңындағы экологиялық жағдайды сауықтыру және әлеуметтік-экономикалық тұрмыс жағдайларын жақсарту, сондай-ақ республиканың ғылыми қоғамдастығының осы мәселелерді шешуге қатысуы талқыланды.

15 маусым



Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қызыл-Орда облысына жұмыс сапары барысында облыстың бірқатар аудандарында болды.

Сырдария ауданында Н.Ә. Назарбаев С.М. Киров атындағы кеңшардың фермасына барып, одан

кейін Тереңөзек ауданында XXII партсъезд атындағы кеңшардың орталық мекенінің жаңа құрылыстарын аралап көрді, 12 бала тәрбиелеген батыр ана Ұ. Қарсақбаеваның үйінде қонақта болды, ауданның барлық шаруашылықтарының қатысуымен салынған «Жалын» пионер лагеріне барды, сондай-ақ «Шіркелі» кеңшарының егістік алқаптарын аралады.

Президент облыс бойынша жұмыс сапарын Арал қаласында аяқтады, онда «Арал балық өнеркәсібі» бірлестігінің, электр техникалық зауыты мен тігін фабрикасының қызметтерімен танысты, содан соң аудандық партия комитетінің кеңесіне қатысып, Арал маңы мәселелерін шешу бойынша республикалық деңгейде қабылданып жатқан шаралар туралы хабардар етті және жергілікті билік органдарымен оларды іске асырудағы, ең алдымен, халыққа қосымша жұмыс орындарын құру бойынша міндеттерін нақтылады.



Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Ташкент қаласына барып, онда Өзбек КСР Президенті И.А. Каримовпен кездесті.

Келіссөздер барысында тараптар екі одақтас республика да кез келген жікшілдік пен ұлттық бөлектенуді сөзсіз айыптайтынын, қайта құруды одан әрі тереңдете түсу мен дамыту, туындайтын мәселелерді кеңес федерациясын жаңарту негізінде шешуді жақтайтынын атап өтті. Қоғамның барлық дұрыс жасампаз күштерін біріктіру, ұлтына қарамастан адамдар арасындағы сенім мен өзара түсіністікті қалпына келтіру бірінші кезектегі міндеттер қатарында аталды.

Сондай-ақ Қазақ және Өзбек КСР арасында барынша тығыз әрі әртүрлі байланыстарды орнатуға деген мүдделестік білдірілді, 1990 жылғы 22 маусымда Орталық Азия және Қазақстан республикалары басшыларының Алматы қаласында өтетін кездесуі олардың дамуына қосымша серпіліс беруі керек болды.

Келіссөздер аяқталған соң, республикалардың басшылары В.И. Лениннің ескерткішіне гүл шоқтарын қойды, Ташкент қаласының Орталық ұжымшар базарына барды және бірлескен баспасөз мәслихатын өткізді.

16 маусым

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қытай Халық Республикасы Бас прокурорының орынбасары Ван Сяогуанды және ҚХР Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы прокуратурасының бастығы М. Курбанды қабылдады.

Кездесу барысында республикада болып жатқан саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге, Қазақ КСР-нің шекаралас мемлекеттермен достық ынтымақтастықты, оның ішінде мемлекеттік-құқықтық құрылыс саласындағы ынтымақтастықты дамытуға қатысты кең ауқымды мәселелер бойынша пікір алмасу болып өтті.

18 маусым



Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Шығыс Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болып, жер сілкінуден кейінгі ең көп бүлінушілік болған аймақтардың жағдайымен танысты.

Президент Н.Ә. Назарбаев облыстық ұйымдар басшыларының, Қазақ КСР-інің бірқатар министрліктері мен ведомстволары өкілдерінің қатысуымен өткен аудандардың партия-шаруашылық активінің кеңесінде сөз сөйлеп, оның барысында апаттан зардап шеккендерге өмір сүру үшін қалыпты жағдайлар жасау және бүлінушіліктерді қалпына келтіру мәселелері қаралды.

Кеңес қорытындысы бойынша апат болған ауданға қолда бар барлық азық-түлік резервін, дәрі-дәрмектер, халық тұтынатын тауарлар, киіз үйлер мен вагоншалар, құрылыс материалдарын жіберу туралы шешім қабылданды. Қатысушылар республиканың облыстарын белгілі бір ауылдарға барынша көмек көрсету үшін қамқорлық көрсету мақсатында бекітудің, сондай-ақ Қазақ КСР Министрлер кеңесінің жанында жер сілкінісі зардаптарын жою жөніндегі жұмысты реттеу мақсатында үкіметтік комиссия құрудың мақсаттылығын құптады.

Шығыс Қазақстан аумағындағы жер сілкіну 1990 жылғы 14 маусымда 19 сағат 48 минутта болды. Облыстық төтенше жағдайлар жөніндегі комиссияның хабарламасы бойынша оның орталығы Зайсан қаласынан 45 шақырым жерде орналасты, ондағы дүмпудың күші 7–8 балды құрады. Өскемен қаласында 4–5 балды құрайтын дүмпулер анықталды.

19 маусым

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Президенттік кеңестің кезекті отырысына төрағалық етті.

Отырыс барысында жаңа одақтық шарт әзірлеу барысы және Шығыс Қазақстан облысындағы жер сілкінудің салдарын жою туралы мәселелер қаралды.

Бірінші мәселе бойынша сөз сөйлей отырып, Н.Ә. Назарбаев 1990 жылғы 22 мамырда Мәскеу қаласында КСРО Президенті М.С. Горбачевтің төрағалық етуімен өткен Федерация кеңесі және КСРО Президенттік кеңесінің бірлескен отырысы жұмысының негізгі қорытындысы туралы қысқаша хабарламадан кейін, одақтас республикалардың мүдделерін барынша ескеріп, олардың нақты экономикалық және саяси егемендігіне кепілдік беруі үшін республиканың жаңа одақтық шартты әзірлеуге белсенді қатысуына баса назар аударды.

Екінші мәселенің аясында Қазақ КСР Министрлер кеңесіне жер сілкінудің салдарын жою және зардап шеккендерге көмек көрсету жөніндегі үкіметтік комиссия құру тапсырылды. Министерліктер мен ведомстволарға, облыстық атқару комитеттеріне оларға бекітілген елді-мекендерде суық түскенше тұрғын үйлер, басқа да ғимараттар мен құрылыстар тұрғызу жөніндегі толыққанды іс-шаралар қолдану қажеттігі атап көрсетілді.

Отырыс барысында сондай-ақ Қазақ КСР Президентінің жанындағы М.Р. Сағадиев төрағалық ететін Азаматтық мәселелер жөніндегі және С.С. Сартаев басшылық ететін Кешірім жасау жөніндегі комиссиялар құрылды.

21 маусым

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына, кеңестік, партиялық, мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдарға үндеуін жариялап, онда Шығыс Қазақстан облысы Зайсан, Күршім, Марқакөл, Тарбағатай аудандарының және Семей облысы Көкпекті ауданының жер сілкінісінен зардап шеккен тұрғындарына қолдау сөздерін айтты және барлық қазақстандықтарды, республикадағы еңбек ұжымдарын, кеңестік, партиялық және мемлекеттік органдарды, қоғамдық ұйымдарды қолдан келгенше көмектесуге шақырды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «С.Д. Бейсеновті Қазақ КСР Еңбек және әлеуметтік мәселелер жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №21 Жарлығына қол қойды.

22 маусым



Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласының Үкімет үйінде өткен Орталық Азия және Қазақстан республикалары басшыларының кездесуіне қатысты.

Кездесуге сондай-ақ Өзбек КСР Президенті И.А. Каримов, Қырғыз КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы А.М. Масалиев, Тәжік КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы К.М. Махкамов, Түрікмен КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы С.А. Ниязов қатысты.

Пікір алмасу барысында осындай құрамдағы кездесу бірінші рет өткізіліп отырғаны және өңірдегі тұрмыс жағдайы үшін зор маңызға ие екені аталып өтті. Күрделі қоғамдық-саяси ахуал және экономикалық дамудағы қиындықтар Орталық Азия мен Қазақстан халықтары арасындағы дәстүрлі байланыстарды сапалық жағынан жаңа мазмұнмен толықтыруға бірегей қадамдар жасауды талап етеді.

Кездесуге қатысушылар Арал теңізін қалпына келтіруге бағытталған күшті үйлестіру үшін республикааралық комиссия құруға және КСРО Президентіне, КСРО Жоғарғы Кеңесі мен КСРО Министрлер кеңесіне бұл проблеманы шешу үшін халықаралық жұртшылықты тарта отырып, Арал маңын экологиялық апат аймағы деп жариялауды сұрауға уағдаласты.

Республикалардың басшылары сондай-ақ нақты экономикалық және саяси егемендікті, әрбір республиканың ұлттық-тарихи, экономикалық және мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, әртүрлі байланыс нысандарын дамытуға кепілдік беретін жаңа одақтық шартты жасасу негізінде елдің федеративтік құрылымын жаңартуды жақтап сөз сөйледі. Осыған орай егемендіктің экономикалық негіздерін іске асыру бойынша пәрменді шаралар әзірлеудің қажеттігі атап көрсетілді, себебі кез келген республика өзінің ұлттық байлықтарына иелік ету, пайдалану және басқару құқығынсыз дұрыс дами алмас еді.

Кездесу қорытындысы бойынша Бірлескен мәлімдемеге және Орталық Азия республикалары халықтарына арналған үндеуге, сондай-ақ экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық туралы бесжақты келісімге қол қойылды.

Сол күні «Казахстанская правда» газетінде Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаевпен болған «Егемендік пен нарық» атты сұхбат жарияланып, онда нарыққа көшудің одақтық үкіметтік бағдарламасына баға беріліп, Кеңес Одағы мен республикадағы ахуалға деген көзқарасы айтылды.

Н.Ә. Назарбаев сұхбатта: «Уақытты жіберіп алмау қажет. Тоқырау үдерісі күшейіп барады. Мен қоғамдық өндірістің дамуында мынадан қорқамын: қаңтар-ақпанда бір қарқын болса, наурызда — күрт өзгерді, ал биылғы жылдың 5 айы ішінде республика өнеркәсіп өнімінің 0,3% «өсіміне» ғана қол жеткізді! Бұл бір орыннан айналшықтап шықпау деген сөз.

…Қазақстан аса ауыр жағдайға тап болды. Оның экономикасының құрылымы артта қалып, шикізаттық бағытталумен қиындатылғандықтан да емес. Негізінен баға жасау механизмі ешқашан әділ болмағандықтан. Базалық салалардың рентабельділігі соңғы шекте «қалқып шығады», ал олар бізде іс жүзінде жоқтың қасы.

Шикізат шығаратын республика экономикалық жағынан қысым көреді. Бұл қысымды тек өнім бағасын қайта қарай отырып қана алып тастауға болады. Бұл ретте, белгілі бір салаларды бөліп қарап, «тесіктерді жамауға» болмайды. Барлығы да кешенді түрде шешілуі керек…», — деп атап көрсетті.

25 маусым

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев «Dallah Albaraka Group» қаржылық тобының президенті, Сауд Арабиясы Корольдігінің шейхы Салех Абдалла Камелді қабылдады.

Әңгімелесу барысында Қазақстан мен Сауд Арабиясы Корольдігінің іскер топтары арасындағы экономикалық және қаржылық байланыстарды дамыту, Алматы қаласында DAG Ислам банкі

бөлімшелерінің бірін ашу мүмкіндігі, өзара тиімді шарттармен бірлескен кәсіпорындар және әлеуметтік бағыттағы жобаларды құру мәселелері талқыланды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР азаматтығына қабылдау туралы» №23 Жарлығына қол қойды.

26 маусым



Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласында еңбек ұжымдарының кеңестерімен және бастапқы партиялық ұйымдар өкілдерімен, аудандық комитет хатшыларымен кездесті.

Кездесу қорытындысы алматылық коммунистердің республикалық партиялық ұйымдардың делегаттарына КОКП XXVIII съезінде айтқан «Қазақстан Компартиясының XVII съезінде жасалған бағытты қатаң ұстану, КОКП және кеңестік федерация аясында республикалардың нақты саяси және экономикалық егемендігіне қол жеткізуге көмектесу» туралы тілектері болды.

27 маусым

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев КСРО-дағы Америка Құрама Штаттарының Төтенше және Өкілетті Елшісі Дж. Мэтлокты қабылдады.

Әңгімелесу барысында екіжақты қатынастарды дамыту және Қазақстан мен АҚШ-тың ынтымақтастық жасау салаларын кеңейту, әртүрлі байланыстарды нығайту туралы пікір алмасу болып өтті.

Өз тарапынан Дж. Мэтлок КСРО-да жаңа одақтық шартты қабылдау, Алматы қаласында өткен Орталық Азия және Қазақстан республикалары басшылары кездесуінің қорытынды құжаттарын іске асыру перспективаларына қызығушылық танытты.

Қазақстан Құрама Штаттардың іскерлік орталарымен тікелей сыртқы экономикалық байланыстарды орнатуға өзара мүдделестік білдірді. Атап айтқанда, республика аумағында еркін экономикалық аймақтар, бірлескен кәсіпорындар ұйымдастыру үшін жаңа жолдар қарастырудың, оларды қаржыландырудың мақсаттылығы туралы айтылды.

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев КСРО-дағы Америка Құрама Штаттарының Төтенше және Өкілетті Елшісі Дж. Мэтлокпен бірге АҚШ Ақпараттық агенттігінің (USIA) КСРО мен Қазақ КСР сауда-өнеркәсіптік палаталарымен ынтымақтастықта ұйымдастырған «АҚШ дизайны» көрмесінің экспозициясымен танысты.

Экспозицияда американдық дизайнның ең жаңа үлгілері көрсетілді.

28 маусым

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «КСРО Федерация кеңесінің жаңа одақтық шарт дайындау жөніндегі жұмыс тобына Қазақ КСР-нен өкілетті өкілдер тағайындау туралы» №24 Жарлығына қол қойды.

29 маусым

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Кеңес Одағының маршалы И.С. Конев атындағы Алматы жоғары жалпы әскери командалық училищесіне барып, онда офицерлер мен курсанттарды училищенің 20 жылдығымен құттықтады және бітіруші түлектерге дипломдар тапсыру рәсіміне қатысты.

Н.Ә. Назарбаев лайықты офицерлік құрамды дайындаудың, кеңестік жауынгерлердің интернационалдық достығын нығайтудың, Қарулы Күштердің тұрақты жоғарғы жауынгерлік дайындығын қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті және жас офицерлерге табысты қызмет тіледі.

30 маусым

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Американдық сауда консорциумының төрағасы Д. Гиффенді қабылдады.


Кездесу барысында американдық іскер топтардың республиканың халық шаруашылығы кешенін дамытуға қатысу перспективалары талқыланды. Атап айтқанда, «Chevron Corporation» компаниясының Теңіз мұнай кен орнын игеруі жөніндегі мәселелер қозғалды. Д. Гиффен өзара тиімді ынтымақтастықты белсендіруге бағытталған бірқатар ұсыныстар

енгізді. Тараптар іскерлік байланыстарды халық шаруашылығы салаларындағы мамандар деңгейінде жалғастыруға уағдаласты.

Ең басында құрамына «Del Monte», «Eastman Kodak», «Archer Daniels Midland», «Marcartor Corporation», «Chevron Corporation», «RJR Nabisco», «Johnson & Johnson» и «Ford Motor Company» компаниялары енген Американдық сауда консорциумы КСРО Министрлер кеңесі 1989 жылғы 21 наурыздағы №238 қаулысымен бекіткен Кеңес сыртқы экономикалық консорциумымен Бас сауда келісімін жасасты. Екі консорциум да КСРО аумағында кеңестік-американдық экономикалық қатынастарды дамыту мақсатында бірлескен кәсіпорындар құрады деп болжам жасалды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №№25–28 жарлықтарына қол қойды.

ШІЛДЕ 1990



Дс		2	9	16	23	30
Сс		3	10	17	24	31
Ср		4	11	18	25	
Бс		5	12	19	26	
Жм		6	13	20	27	
Сн		7	14	21	28	
Жк	1	8	15	22	29	



5 шілде



Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында өткен КОКП XXVIII съезінің жұмысына қатысты.

Съезд барысында Н.Ә. Назарбаев мәскеулік бұқаралық ақпарат құралдарына «Ең бастысы — бірігу!» тақырыбында сұхбат беріп, онда ол: «Бізді Балтық пен Кавказ маңларында болып жатқан оқиғалар, ұлтаралық қатынастардың шиеленісуі, митингіге құмарлық, тұрмыс деңгейінің төмендеуі — барлығы алаңдатады.

...Біз партиядағы ағымдар мен тұғырнамаларды мұқият зерттеп шықтық. Егер объективті түрде қарайтын болсақ, олардың барлығының да, менің ойымша, түйісу нүктелері бар. Іс жүзінде барлық тұғырнамалардың өкілдері халықтың өмірін жақсарту мақсатын қояды, ешкім де қайта құруға қарсы шықпайды. Осының өзі бірігудің негізін қалап, оған мүмкіндік жасайтын тұстар емес пе. Сондықтан да амбициялардан ортақ көзқарас пен ортақ шешімдер табуға көшу керек. Бүгінгі күнгі саясиландыру, қазіргі азық-түлік пен күнделікті сұранысқа ие тауарлардың жетіспеушілігі кезінде партияның жікке бөлінуі қоғамның жікке бөлінуіне айналуы мүмкін екенін ұмытпау керек. Ал бұл жан түршігерлік салдарымен қауіпті.

...Сондықтан бізде, коммунистерде таңдау мүмкіндігі жоқ: тек қана бірлік, әрі ол КОКП жаңаруы негізінде, оның терең демократиялануы, халық мұқтажы мен мүдделеріне қаратыла отырып жүзеге асуы керек. Тек осымен ғана халық сеніміне ие болуға болады...», — деп атап айтты.

6 шілде

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында өтіп жатқан КОКП XXVIII съезінің жұмысына қатысуын жалғастырды.

7 шілде

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында өтіп жатқан КОКП XXVIII съезінің жұмысына қатысуын жалғастырды.

Съезд барысында Қазақстан Президенті кеңестік және шетелдік тілшілер үшін баспасөз мәслихатын өткізді.

Н.Ә. Назарбаев Қазақстан коммунистері өз республикасының кеңестік федерация құрамындағы экономикалық және саяси егемендігін, өз Компартиясының өзін-өзі басқаруын, бірыңғай Жарғы мен КОКП тұғырнамасы аясында жеке бағдарламалық құжаттар жасап шығаруын жақтайды деп мәлімдеді. Бұл ұстаным біздің республикалық партиялық ұйымның XVII съезінде нақты көрініс тапты деп атап көрсетті ол.

Содан соң Қазақ КСР Президенті тілшілердің көптеген сауалдарына жауап берді.

13 шілде

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында өткен КОКП ОК пленумына қатысты.

Пленумда Н.Ә. Назарбаев КОКП ОК Саяси бюросының мүшесі болып сайланды. Жиналғандардың алдында сөз сөйлей отырып, ол Қазақстан коммунистерінің кеңес қоғамының алдында тұрған және әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешумен, жаңа Одақтық шартты дайындаумен, КОКП-ны жаңғыртумен және т.б. байланысты ең өткір тұрған мәселелер бойынша ұстанымын егжей-тегжейлі баяндап берді.

«Біз бірден республикалардың барынша дербестігіне нақты бағыт алған болсақ, қазіргі көптеген проблемалардан құтылуға болар еді. Ақыр-аяғында орталық аса ауыр экономикалық алауыздықтың ауыртпашылығының астында бүгіліп жатпас еді. Егер индустрияның 90% мәскеулік ведомстволардың қоластында тұрғанда, мәселен, Қазақстан немен көмектесе алады», — деп атап көрсетті Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы.

16 шілде

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Америка Құрама Штаттарында жұмыс сапарымен болды.

19 шілде

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Америка Құрама Штаттарына жұмыс сапары барысында Вашингтон қаласында АҚШ Президентінің ұлттық қауіпсіздік бойынша көмекшісі Б. Скоукрофтпен және АҚШ

Конгресі Сенатындағы Республикалық аз халықтар көшбасшысы Р. Доулмен кездесті.

Н.Ә. Назарбаев қайта құру кезеңінде қабылданған шешімдер халық билігін қайта түлету, демократиялық мемлекеттің құқықтық негіздерін жасау, жаңа саяси ойлаудың қалыптасуы, экономикалық реформаларды іске асыру үшін мүмкіндік туғызғанын атап өте отырып, КСРО-да болып жатқан қайта құру, жариялылық пен демократиялану үдерістері туралы әңгімелеп берді.

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев АҚШ Қаржы министрі Н. Брейдимен және АҚШ Конгресі Өкілдер палатасының АҚШ Қарулы Күштері бойынша комитетінің төрағасы Л. Эспинмен кездесті.

Кездесуде екі елдің экономикалық саладағы сондай-ақ қарулану мен қарусыздану жарысында шектеу қою саласында бірлесіп қадам жасаудағы ынтымақтастықты кеңейту мәселелері талқыланды.

20 шілде

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Америка Құрама Штаттарына жұмыс сапары барысында Сан-Франциско қаласына барып, «Chevron Corporation» корпорациясы басқармасының төрағасы К. Деррмен және вице-төрағасы Дж. Боннимен, сондай-ақ қала мэрі А. Агносумен кездесті.

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Калифорния штатының Халықаралық істер бойынша кеңесінде баяндама жасады.

Н.Ә. Назарбаев КСРО-дағы жаңғыртулардың, демократиялану және жариялылық үдерісін нығайтудың, саяси жүйе мен экономиканы реформалаудың барысы туралы айтты. Бұл ретте, ол одақтас республикалардың экономикалық мәселелерді шешудегі күрт өскен мүмкіндіктерін ерекше атап айтты. Осыған орай Қазақстан Президенті АҚШ-тың іскерлік орта өкілдерін республикалар деңгейінде ынтымақтастық жасау мен экономикалық байланыстарды дамытуға шақырды.

23–24 шілде

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Америка Құрама Штаттарына жұмыс сапары барысында Сан-Франциско, Лос-Анджелес және Жаңа Орлеан қалаларында орналасқан «Chevron Corporation» корпорациясы кәсіпорындарының қызметімен танысты.


26 шілде

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Америка Құрама Штаттарына жұмыс сапарын аяқтап, Қазақстанға жүріп кетті.

30 шілде

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Кешірім жасау туралы» №№29–30 жарлықтарына қол қойды.

ТАМЫЗ 1990



Дс		6	13	20	27
Сс		7	14	21	28
Ср	1	8	15	22	29
Бс	2	9	16	23	30
Жм	3	10	17	24	31
Сн	4	11	18	25	
Жк	5	12	19	26	



13 тамыз

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Президенттік кеңестің кезекті отырысын өткізді.

Кеңес отырысында жаңа Одақтық шарт жобасы, Қазақ КСР-інің нарықтық экономикаға көшу тұжырымдамасы, сондай-ақ ағымдағы жылғы астықты ұйымдастырып жинау бойынша төтенше шаралар туралы мәселесі қаралды.

Н.Ә. Назарбаев үкіметтің астықты ұйымдасып жинауды қамтамасыз ету, ауыл еңбеккерлеріне еңбек және материалдық-техникалық ресурстарды көмекке тарту, науқанға қатысушыларды қосымша ынталандыру бойынша қолданып жатқан шараларды іске асыру аса жоғары ұйымдастырушылықты және іскерлікті талап етеді деп атап көрсетті.

Президент барлық қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстарды, еңбек ұжымдарын осы жауапты кезеңде ауылдық жерде де, қалалық жерде де көпшілік шараларын өткізуден бас тартуға шақырды. Ауыл адамдарына тиісті тәжірибелік көмек көрсету үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалану азық-түлік проблемасын шешуге, барлық қазақстандықтардың жағдайын арттыруға бағытталған тікелей қадам болуы керек деп атап айтты ол.

Отырыс қорытындысы бойынша астық жинауды ұйымдасып өткізу үшін Қазақ КСР Министрлер кеңесінің төрағасы Ұ.Қ. Қараманов басқарған республикалық комиссия құрылды, сондай-ақ егін орағындағы қарқынды жұмысқа тікелей жауап беретін министрліктер мен ведомстволардың басшыларына нақты тапсырмалар берілді.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «1990 жылғы егіннің астығын жинауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» №34 Жарлығына қол қойды.

15 тамыз

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Моңғолия Халық Республикасының Баян-Өлгей аймағының басшылары М. Пұштайұлы мен К. Сахабаұлын қабылдады.

Кездесу барысында меймандар моңғол қоғамының, оның ішінде Моңғолиядағы қазақ тұрғындарының осы заманғы өмірі туралы әңгімелеп берді, гуманитарлық және мәдени алмасудың мүмкіндіктерін кеңейту, екі республика арасында тікелей әуе жолын ашу,

ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп салаларындағы ынтымақтастықты жалғастыру ниеттерін білдірді. Моңғолияда тұрып жатқан қазақ ұлтты көптеген жастардың КСРО-да, атап айтқанда, Қазақстанның оқу орындарында білім алуға ұмтылыстары атап өтілді.

Кездесу кезінде Моңғолияның қазақ аймақтары мен Қазақстанның шекаралас облыстарымен дәстүрлі достық қатынастарды одан әрі тереңдету, бауырластық пен ынтымақтастықты дамытуға жаңа серпін беру қажеттігі атап көрсетілді.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР Мемлекеттік наградалары жөніндегі ережені бекіту туралы» №35, «В.Ф. Бейзельді, М.М. Жүсіповті, Н.Ө. Күшембековті және басқаларды «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» №36, «Шығыс Қазақстан облыстық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасы Өрттен қорғау бөлімінің бір топ қызметкерлерін «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» №37, «КСРО Металлургия министрлігіне қарасты Қазақстанның әскери тәртіптегі тау апаттарынан қорғау бөлімі №27 Жезқазған отрядының бір топ қызметкерлерін «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» №38, «Алматы қалалық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасы Айрықша милиция бөлімінің бір топ қызметкерлерін «Қоғамдық тәртіпті сақтаудағы үздік қызметі үшін» медалімен наградтау туралы» №39, «Республика ішкі істер органдарының бір топ қызметкерлерін «Қоғамдық тәртіпті сақтаудағы үздік қызметі үшін» медалімен наградтау туралы» №40, «Ленинск қаласының бір топ еңбекшілерін «Еңбек ардагері» медалімен наградтау туралы» №41 жарлықтарына қол қойды.

16 тамыз

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «С. Мәуленовке, Ә. Нұршайықовқа «Қазақ КСР Халық жазушысы» құрметті атағын беру туралы» №43, «Республика музыка және театр өнерінің бір топ қызметкерлеріне Қазақ КСР құрметті атақтарын беру туралы» №44, «М.М. Әбілқасовқа, А.П. Билыққа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнер қайраткері» құрметті атағын беру туралы» №45, «Республика көркем өнерпаздық және халық көркем шығармашылығының бір топ қызметкерлеріне «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №46, «Н.Г. Дьяковаға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет

қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №47, «Р.С. Сәбитовке «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №48, «Республика халыққа білім беру жүйесінің бір топ қызметкерлеріне «Қазақ КСР Еңбек сіңірген халыққа білім беру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №49, «Қ.С. Кейкинге «Қазақ КСР Еңбек сіңірген юрисі» құрметті атағын беру туралы» №50, «В.Г. Белозеровке, Т.Б. Сарғасқаевқа, М.А. Тойбазаровқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №51, «Ә. Бекетаевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №52, «Г.В. Лебединскийге, Б.Ф. Тихоновқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген құрылысшысы» құрметті атағын беру туралы» №53, «Б.С. Соломатовқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнертапқышы және рационализаторы» құрметті атағын беру туралы» №54, «М.А. Марченкоға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген жастар тәлімгері» құрметті атағын беру туралы» №55 жарлықтарына қол қойды.

17 тамыз

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР азаматтығына қабылдау туралы» №57 Жарлығына қол қойды.

19 тамыз

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласының бірқатар сауда кәсіпорындарында болды.

Президент «Россия», «Золотая осень», «Радуга» дүкендерінде, Алматы қаласының орталық базарында сатылатын тауарлардың сапасымен және түрлерімен танысты, тұтынушылармен және сауда ұйымдарының қызметкерлерімен әңгімелесті.

Кездесулер барысында халыққа қызмет көрсетуді жақсарту, дүкендердің сөрелерін бірінші қажеттілік тауарларымен толтыру мәселелері көтерілді. Н.Ә. Назарбаев бұл мәселелердің шешілуі негізінен жан-жақты дайындыққа және реттелетін нарықтық экономикаға табысты көшуге, кадрлардың тапсырылған іске жауапкершілігін арттыруға байланысты екендігін түсіндірді.

20 тамыз

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Торғай облысында жұмыс сапарымен болып, облыстық партия-шаруашылық активінің жиналысына қатысты.

Актив алдында сөз сөйлей отырып, Н.Ә. Назарбаев жиналғандарды облыстың қалпына келтірілуімен құттықтап, бұл қадам, ең алдымен, оның республикадағы ең ірі астықты өңір ретіндегі рөлін ескере отырып, экономикалық мақсаттылықпен айқындалып отырғанын атап айтты.

Осы орайда Торғай еңбеккерлеріне беріліп отырған әлеуметтік-экономикалық басымдылықтарды толығымен пайдаланып, қысқа мерзім ішінде өсірілген дәнді-дақылдардың жақсы өнімін ысырапсыз жинап алу қажет.

Президент облыстың партия-шаруашылық активін науқанды табысты өткізу, агроөнеркәсіптік кешенді, экономиканың барлық салаларын жеделдетіп дамыту үшін қолдан келгеннің барлығын жасауға шақырды.

1970 жылы құрылған Торғай облысы, 1988 жылы таратылғаннан кейін, 1990 жылғы 17 тамызда қайта қалпына келтірілді.

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Торғай облыстық партия комитеті пленумының және Халық депутаттары облыстық кеңесі сессиясының жұмыстарына қатысты.



Кешке қарай Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев облыстың бірқатар шаруашылықтарын аралады, сондай-ақ Арқалық қаласында В.И. Ленин атындағы алаңда өткен еңбеккерлердің митингісіне қатысты.

Н.Ә. Назарбаев жиналғандар алдында сөз сөйлеп, оларды Торғай облысының қалпына келтірілуімен құттықтады және бұл жергілікті тұрғындардың бірнеше мәрте жасаған өтініштерінің жауабы болғанын атап айтты.

21 тамыз

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Маңғыстау облысында жұмыс сапарымен болып, облыстық партия-шаруашылық активінің жиналысына қатысты.

Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде халық арасында «қазына аралы» аталып кеткен облыс өзінің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету үшін зор мүмкіндіктерге ие екенін, оларды іске асыру жергілікті, республикалық партиялық, кеңестік

және шаруашылық органдардың баса назар аударуын талап ететінін атап айтты. Тек мұнай мен газ конденсатын өндіріп шығару үшін ғана емес, сонымен бірге оларды жергілікті жерде өңдеу үшін де іскерлік пен қажырлылық таныту қажет, — деді ол. Күрделі құрылыс, өнеркәсіптің басқа да салалары одан әрі жетілдіру жұмыстарын қажет етеді.

Президент сондай-ақ ұлтаралық қатынастар мәдениетін көтерудің, экономикадағы нарықтық қатынастарға көшу қажеттігін түсіндіру үшін тынымсыз еңбектенудің маңыздылығын атап көрсетті.

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Халық депутаттары облыстық кеңесі сессиясының жұмысына қатысты, сондай-ақ облыстың бірқатар кәсіпорындарының еңбек ұжымдарымен кездесті.

22 тамыз

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ теледидарында алғаш рет тікелей эфирде ұйымдастырылған «Президенттік сағат» телебағдарламасына қатысты.

Тікелей эфир барысында республика басшысы қоғамды ең көп толғандыратын тақырыптар бойынша қазақстандықтардың көптеген сұрақтарына жауап берді.

Ең алдымен, Н.Ә. Назарбаев өріс алып бара жатқан Коммунистік партияны сынға алу турасында өзінің пікірін білдірді: «Дәлелсіз, беталды айыптауларды ескермегенде, партияны сынға алу — бұл іс жүзінде Сталин кезінде адам өмірінің барлық салаларын үзілді-кесілді белгілі бір ережелерге бағындыра отырып, үкіметті заңсыз тартып алған партия аппаратының сыны екенін мойындаған жөн.

...Бір сөзбен айтқанда, партия, халық ел тарихының осы кезеңіне дұрыс бағасын берді. Қазір адамдардың ой-санасы мен жүрегін зекумен және тыйым салумен емес, бағдарламалар ұсынып, оларды іске асыра отырып, бұл ретте, басқа партиялармен және қоғамдық қозғалыстармен тең дәрежеде әрекет ете отырып, саяси жолдармен жаулау қажет».

Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы сондай-ақ партияның меншігі бойынша да жауап берді: «Бізде партиялық ұйымдардың негізгі қорлары 157 млн. рубльді құрайды. Бұл ретте, осы меншікті біз емес коммунистердің көптеген ұрпақтары құрағанын

айта кету керек. Сондықтан да оны өз қалауымызша пайдалануға біздің моральдық құқығымыз жоқ. Жалпы осы секілді сұрақтардың барлығы митингілік емес, заңды негізде шешілуі керек.

Президентке қойылған сұрақтарда Ресейде, Белоруссияда, Украинада қабылданған егемендік туралы декларациялар туралы айтылды: неліктен Қазақстан артта қалып отыр? Президенттің айтуынша, «декларация — бұл ниет білдіру ғана. Ал егемендікке қол жеткізу туралы өз ниетімізді біз елде ең бірінші болып ең биік мінбелерден мәлімдеген болатынбыз. Қазақстандықтарға ол жайында белгілі. Ендігіде мәлімдемелер емес, оларды көптеп қабылдай беруге болады, оны сақтау үшін құқықтық жауапкершілікті көздейтін Қазақ КСР-нің егемендігі туралы заңын қабылдау қажет. Содан барып біз жаңа Одақтық шартқа келеміз».

Бұдан әрі Н.Ә. Назарбаев республиканың ұсынған Одақтық шарт жобасының кейбір баптарына түсініктемелер берді. «Одақтық шарт жаңа Конституцияның базасына айналуы керек. Ал ол — ешқандай да декларациялар алмастыра алмайтын мемлекеттің Негізгі заңы», — деп мәлімдеді ол. «Әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешудегі ең дұрыс жол республиканың саяси, экономикалық және сыртқы экономикалық егемендігіне қол жеткізу жолы деп білеміз», — деп түйіндеді Н.Ә. Назарбаев.

Президент сондай-ақ республиканың жеке армиясын, кеден қызметін құру, әлеуметтік проблемалар, экономиканың нарықтық қатынастарға көшу жолдары, астық жинау науқанының барысы, Шығыс Қазақстан облысындағы жер сілкінудің салдары және оның халқына көрсетіліп жатқан көмек туралы және т.б. сұрақтарға жауап берді.

Одан басқа, Н.Ә. Назарбаев Америка Құрама Штаттарына сапарының қорытындысы туралы, сол елдің үкіметтік және іскерлік орталарындағы кездесулер, шетел капиталдарын тарту үшін жағдайлар жасау жөніндегі жұмыс туралы, бірлескен экономикалық ынтымақтастықты дамыту туралы әңгімелеп берді. Атап айтқанда, республика басшысының айтуынша, халық шаруашылығының әртүрлі салаларындағы ықтимал байланыстарды зерттеу, қазақстандық жастарды АҚШ-та экономикалық және қаржылық оқытуды ұйымдастыру үшін Қазақстанға танымал бір топ американдық экономист-ғалымдар және компаниялардың басшылары келуі керек болатын.

23 тамыз

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев жапон жазушысы М. Оду мен бір топ жапон тілшілерін қабылдады.

Кездесу барысында кеңес-жапон қатынастарының кең ауқымды спектрі бойынша пікір алмасу болып өтті. Меймандарға Семей ядролық полигонын жабу бойынша жұмсалған күш-жігер туралы, жергілікті тұрғындардың денсаулығын қорғауды түбегейлі жақсарту, сондай-ақ Арал теңізінің жойылуының алдын алу бойынша шаралар, сол өңір халқының тұрмыстық деңгейін арттыру туралы айтылды.

Жапон телевизиясына берген сұхбатында Президент Қазақстан басшылығының Жапониямен жанжақты әрі өзара тиімді ынтымақтастық жасауға ниет білдіруін атап айтты.

Н.Ә. Назарбаев Жапонияның өнеркәсіптік, қаржылық және іскерлік орталарының өкілдерін екіжақты ынтымақтастықтың дамуына нақты іс жүзіндегі қадамдарымен жылдамырақ жәрдемдесу үшін Қазақстанға келуге шақырды.

24 тамыз

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев КСРО Сыртқы істер министрінің орынбасары В.М. Никифоровты қабылдады.

Кездесу барысында одақтық және республикалық органдардың Қазақстанның халықаралық байланыстарын кеңейтумен байланысты сыртқы саяси іс-шараларды іске асыру кезіндегі өзара іс-қимыл тетіктері талқыланды.

Қазақ КСР Сыртқы істер министрінің 1990 жылғы КСРО делегациясы басшысының орынбасары қызметінде БҰҰ жұмысына қатысуына оң баға бере отырып, тараптар республиканы БҰҰ-ның мамандандырылған бөлімшелеріне қосу, Азия-Тынық мұхит аймағы елдерімен өзара тиімді ынтымақтастық орнату, КСРО елшіліктері мен консулдықтарында Қазақ КСР өкілеттігін ашу арқылы халықаралық өмірге одан әрі қатысуын қолдады.

27 тамыз

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев республикалық бұқаралық ақпарат құралдары, Қазақ КСР Байланыс министрлігі, Қазақ КСР Қаржы министрлігі және

Қазақстан Компартиясы ОК баспасы басшыларының кеңесіне қатысты.

Кеңесте нарықтық экономикаға өту жағдайында газет-журналдар редакцияларының басылымдық қызметін ұйымдастыру және КСРО «Баспасөз және басқа да бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңының күші туралы мәселелер талқыланды.

28 тамыз

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев танымал қазақстандық ғалымдардың, жазушылардың, мәдениет қайраткерлерінің, республикалық және алматылық бұқаралық ақпарат құралдары басшыларының, баспасөз басылымдары жеке тілшілерінің бір тобымен кездесті.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев жаңа Одақтық шарттың жобасы түбегейлі қаралуы қажет болған 1990 жылғы 30 тамызда өтетін Федерация кеңесінің кезекті отырысына қатысуы туралы мәлімдеді.

«Бұл шарт, — деп атап көрсетті Қазақстан Президенті, — КСРО-ның жаңа Конституциясының негізін қалайтын базасы болуы тиіс. Сондықтан, оның барынша ой-таразысынан өткен және барлығын қамтитын, барлық одақтас республикалардың жағдайлары мен спецификалық ерекшеліктерін ескеретін, сонымен бірге жаңартылған федерация аясында олардың ынтымақтастығының халықтық кепілдігі болып табылатын құжат болуы өте маңызды».


Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Кешірім жасау туралы» №60, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №№61–62, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының ісі бойынша» №№63–64 жарлықтарына қол қойды.

30 тамыз

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында КСРО Президенті М.С. Горбачевтің төрағалығымен өткен КСРО Федерациясы кеңесінің және Президенттік кеңесінің бірлескен отырысына қатысты.

Отырыс барысында Одақтағы экономикалық және саяси проблемаларға, ағымдық жағдайларға, қоғамды тұрақтандырудың және нарықтық қатынастарға ендірудің тиімді жолдарына қатысты кең ауқымды мәселелер талқыланды.

ҚЫРКҮЙЕК 1990



Дс		3	10	17	24
Сс		4	11	18	25
Ср		5	12	19	26
Бс		6	13	20	27
Жм		7	14	21	28
Сн	1	8	15	22	29
Жк	2	9	16	23	30


16 32

1 қыркүйек

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Орал облысында жұмыс сапарымен болды.

Н.Ә. Назарбаев Камен, Чапаев, Жанғала және Орда аудандарының бірқатар ауылдарына барып, бірқатар өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарында болды.

Жанғала ауданының Новая Казанка ауылында болған су тасқынының салдарын жою барысымен танысқан соң, Президент сондай-ақ тарихи-төңкеріс мұражайының экспозициясын аралап көріп, Құрметті меймандар кітабында жазбасын қалдырды.

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Азия және Тынық мұхиты елдері заңгерлерінің қауымдастығы, КСРО және Қазақ КСР заңгерлерінің одағы, Шет елдермен достық және мәдени байланыстар жөніндегі қазақ қоғамы ұйымдастырған халықаралық семинарға қатысушыларға құттықтауын жолдады.

«Бүгін біздің елімізде реттелетін нарықтық экономиканы құру шетел инвестицияларын белсенді түрде тартуды талап ететіні айқын көрінуде. Біз шетелдік серіктестеріміздің мүдделеріне түсіністікпен қараймыз және ел мен республиканың халықаралық-құқықтық экономикалық қатынастарға қосылуы біздің іскер топтарымызға сенім артуға, олардың халықаралық беделінің өсуіне толық көлемде жәрдемдесетін болады деп ойлаймыз», — делінген жолдауда.

5 қыркүйек

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Корея Республикасы Ұлттық ассамблеясының бір топ депутаттарын және бірқатар ірі кореялық фирмалардың басшыларын қабылдады.

Кездесу барысында саяси және экономикалық мәселелердің кең ауқымды спектрі бойынша пікір алмасу болып өтті, екіжақты ынтымақтастықты кеңейту перспективалары талқыланды.

Тараптар Қазақстанда өнеркәсіп, сауда, білім, ғылым және техника дамуының оңтүстік кореялық тәжірибесін зерттеу мен енгізудің маңыздылығын атап айтты. Қазақстанның нарықтық қатынастарға көшу жағдайындағы халық шаруашылығының даму

перспективалары бойынша кореялық мамандар ұсынған сараптық бағалары ерекше қызығушылық тудырды.

Кездесу қорытындысы бойынша бірлескен әлеуметтік-экономикалық жобаларды жасап шығару, гуманитарлық алмасуды кеңейту және «бауырластық» байланыстарды орнату, сондай-ақ Корея түбегінің екі мемлекетінің өзара сенімін нығайтуға жәрдемдесу мақсатында консультацияларды жалғастыру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

6 қыркүйек

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев халық шаруашылығының бір топ қызметкерлеріне және шығармашыл қайраткерлерге КСРО және Қазақ КСР мемлекеттік наградаларын салтанатты түрде табыс етті.

8 қыркүйек

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі төралқасы мен үкіметі мүшелерінің, министрліктері мен ведомстволары басшыларының, бұқаралық ақпарат құралдарының, Алматы қаласының ғылыми зиялы қауымы мен еңбек ұжымдары өкілдерінің қатысуымен өткен Президенттік кеңестің кеңейтілген отырысына төрағалық етті.

Отырыста барлық одақтас республикалардың ұсыныстары негізінде КСРО Федерациялар кеңесінің жұмыс тобы әзірлеген егеменді республикалардың экономикалық одағын құру және халық шаруашылығын тұрақтандыру жөніндегі шұғыл шаралар туралы шарттың жобасы қаралды.

Н.Ә. Назарбаев қорытынды сөзінде экономиканың нарықтық қатынастарға көшу бағдарламасын, еңбек ұжымдарының, барша қазақстандықтардың республиканың нақты егемендігіне қол жеткізу және оны іске асыру бойынша үйлесімді және мақсатты жұмысына жәрдемдесетін орта қалыптастыру жұмысын халыққа кеңінен түсіндіру қажеттігін атап көрсетті.

10 қыркүйек

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ теледидары арқылы «Бәріміз — бір бауырмыз» атты Қазақстан халқына үндеуін жариялады.

«Біз саяси және экономикалық егемендікке жетуге және оны жүзеге асыруға таяумыз. Қазақстанның барлық тұрғындары үшін осы идеяның қаншалықты тартымды екенін біле отырып, әзірленіп жатқан жаңа Одақтық шарттың жобасына біз енгізген кейбір тұжырымдардың мәнісін сіздерге түсіндіріп бергім келеді. Сонымен бірге нарық қатынастарына көшу сияқты аса маңызды мәселеге және осыған байланысты әрбір еңбек коллективінің, әрбір қазақстандықтың өз еңбегінің нәтижелеріне деген, моральдық-психологиялық және қоғамдық-саяси оң ахуалды сақтау жөніндегі өскелең жауапкершілігіне тоқталып өткім келеді», — деп мәлімдеді ол және қазақстандықтарды елдегі қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтауға шақырды (Қосымшаны қараңыз).

11–12 қыркүйек

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Солтүстік Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында облыстың Бескөл, Соколов және Мамлют аудандарындағы егін жинау науқанының нәтижелерімен танысты.

Сапар барысында Н.Ә. Назарбаев бірқатар шаруашылықтардың бидай, жүгері, азықтық бақшалық дақылдар алқаптарын аралап көрді, механизаторлармен, мамандармен, партиялық және кеңестік қызметкерлермен әңгімелесті.

13 қыркүйек

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы, КОКП ОК Саяси бюросының мүшесі Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында өткен КОКП ОК Саяси бюросының отырысына қатысты.

Отырыстың күн тәртібінде ел экономикасын тұрақтандыру және нарыққа көшу бойынша бағдарламасын іске асыру жағдайындағы партияның жұмысы туралы негізгі сұрақ қаралды.

Отырыста сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев Одақтық шартты әзірлеуді нарықтық экономикаға өту туралы мәселелермен байланыстыруға шақырды.

18 қыркүйек

«Казахстанская правда» газетінде Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші

хатшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Біздің өз жолымыз бар» атты сұхбаты жарияланды.

«…Сонымен, «өз жолымыз» дегеніміз не? Ол Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерімен айқындалады.

Әкімшілдік-әміршілдік жүйе Қазақстанды ел экономикасының шикізаттық қосымшасына айналдырып жіберді. Осыдан барып халық тұтынатын тауарларды өндіру, құрылыс, тұрғын үй секілді адамға қаратылған құрылымдардың дамымауы орын алды. Сол сияқты көптеген аудандар мен облыстардағы экологияның сұмдық жағдайы да осыған байланысты. Осы кемшіліктердің барлығын түзету қажет. Бұл — бірінші.

Екіншісі: Қазақстан — аграрлық республика, алайда ауыл индустриялық жағынан дамымаған. Біз ауылшаруашылық өнімдерін аз өсіріп, өндіретіндігімізден нашар тұрмаймыз, — оны сақтап, өңдеуге мүмкіндігіміз жоқ. Өңдеу индустриясын құру — адам мұқтаждықтарына бет бұру деген сөз.

Үшінші ерекшелік, Қазақстанның бірегейлігі — оның көпұлттылығында дер едім. Бұл ерекшелікті саясатты құру мен қалыптастыруда ескермей кетуге болмайды…», — делінген сұхбатта.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «1930–1940-шы және 1950-ші жылдардың бас кезінде жазықсыз қуғын-сүргінге ұшырап, ақталған азаматтарға жәрдем беру жөніндегі шаралар туралы» №70 Жарлығына қол қойды.

19 қыркүйек

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Целиноград облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында Халық депутаттары облыстық кеңесінің төрағаларымен, облыстық партия комитеттерінің бірінші хатшыларымен және республиканың негізгі астықты өңірлерінің облыстық атқару комитеттерінің төрағаларымен кеңес өткізді.

Егін жинау науқанының барысы туралы ақпаратты тыңдаған Н.Ә. Назарбаев науқан қарқынын одан әрі арттырудың, астықты тасымалдау мен сатудың, астық шығынының алдын алудың, алдағы егіс үшін топырақты даярлаудың аса маңыздылығын атап көрсетті.

Түстен кейін Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Целиноград қаласындағы «Энергетик» кентінде болып, жеке тұрғын үй құрылысының барысымен, құрылысшылардың материалдық-техникалық жабдықталуымен танысты, жаңадан қоныстанушылардың үйлеріне, жаңа балаларды оңалту орталығына барды, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бір топ ардагерлерімен кездесті.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев Макин ауданындағы Целинный машина сынау стансасының тәжірибелік шаруашылығына, Балкашин ауданындағы «Приозерный» кеңшары мен Балкашин асыл тұқымды мал зауытына, Атбасар ауданындағы Атбасар астық өнімдері комбинатына барды.

20 қыркүйек

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласында өткен Қазақстан хирургтарының V съезіне қатысушыларға құттықтауын жолдады.

Өз құттықтауында Президент денсаулық сақтау маңызды бөліктерінің бірі болып табылатын әлеуметтік саланы басымдықпен дамыту қажеттігін атап айтты. «Тұрғындар денсаулығын қорғауды жаппай жақсарту, медициналық көмектің қолжетімділігі, оның профилактикалық мазмұны — міне, денсаулық сақтау органдарының, медициналық қызметкерлердің, ғалымдар мен мамандардың, бүкіл қоғамның іс-әрекеттерінің өзегі болуы тиіс басты бағыттар — осылар», — делінген жолдауда.

21 қыркүйек

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының отырысына қатысты.

Отырысқа сондай-ақ халық депутаттары, Қазақстан Компартиясы ОК Саяси бюросының, Қазақ КСР Президенттік кеңесі мен Үкіметінің мүшелері, министрліктері мен ведомстволарының, бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары, жетекші экономистер, заңгерлер, ғылыми зиялы қауым өкілдері қатысты.

Отырыс барысында КСРО Президенті М.С. Горбачевтің тапсырмасы бойынша академик С.С. Шаталин мен Экономикалық реформа жөніндегі

мемлекеттік комиссиясының төрағасы Г.А. Явлинский төрағалық еткен жұмыс тобы әзірлеген экономиканы тұрақтандыру және нарыққа көшудің «500 күн» бағдарламасы туралы мәселе қаралды.

Академик С.С. Шаталин мен Экономикалық реформа жөніндегі мемлекеттік комиссияның төрағасы Г.А. Явлинскийдің басшылығымен әзірленген «500 күн» бағдарламасы Кеңес Одағының социалистік экономикасының нарыққа көшу бағдарламасы болып саналды.
Экономикалық дағдарысты еңсеру және «азаматтардың жақсы, бұдан да лайықты өмірге құқығын» іске асыру мақсатын қойған бағдарлама мемлекеттік меншікті жеделдетіп жекешелендіруді, экономиканы басқарудың орталыққа тәуелділігін жоюды және жеке кәсіпкерліктің дамуына жақсы жағдайлар ұсынуды көздеді.
Зерттеушілердің ойластыруынша, бағдарлама 50 күн ішінде іске асырылуы қажет болды және ол 4 кезеңнен тұрды:
- бірінші кезең (100 күн) тұрғын үйлерді, жерді, ұсақ кәсіпорындарды жекешелендіруді, ірі кәсіпорындарды акционерлеуді көздеді;
- екінші кезең (100–250-ші күндер) — бағаны либералдау;
- үшінші кезең (250–400-ші күндер) — нарықты тұрақтандыру;
- төртінші кезең (400–500-ші күндер) — даму жолының басы.
1990 жылғы 1 қыркүйекке қарай бағдарлама мен оған қатысты 20 заң жобасы РКФСР Жоғарғы Кеңесімен әзірленіп, бекітілді және КСРО Жоғарғы Кеңесінің қарауына ұсынылды. Сонымен бірге, оқиғалардың одан әрі дамуы көрсеткендей, бағдарлама оның өзекті қағидаларының утопиялығына орай толық сәтсіздікке ұшырады.

22 қыркүйек



Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Американдық сауда консорциумының өкілдерін қабылдады.

Кездесу барысында Қазақ КСР, Американдық сауда консорциумы және Кеңес сыртқы экономикалық консорциумы арасындағы экономикалық ынтымақтастықты кеңейту туралы шартқа, сондай-ақ Қазақстанның жедел экономикалық дамуының бағдарламасын әзірлеу жөніндегі іс-шаралар жоспарына қол қойылды.

24 қыркүйек

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында өткен КСРО Президенті М.С. Горбачевтің төраға Д. Гиффен бастаған Американдық сауда консорциумы өкілдерімен кездесуіне қатысты.

Кездесу барысында бұған дейін Алматы қаласында 1990 жылғы 22 қыркүйекте өткен кездесу бары-

сында қол жеткізілген уағдаластықтар бойынша Қазақстан мен Американдық сауда консорциумының мүше-компаниялары арасындағы ынтымақтастықтың перспективтік жобалары талқыланды.

27 қыркүйек

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «С.С. Мілдекожаевты «Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №72, «Ц.-Ж. Балданоны «Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №73, «Қ. Боранбаевқа, А.П. Дьяченкоға, А.И. Кайхерге, Л.И. Рассохинаға, О. Смағұловқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген құрылысшысы» құрметті атағын беру туралы» №74, «А. Жақұтовқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №75, «Ә.Ғ. Қалиевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №76, «М.М. Қанғожинға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №77, «Э.О. Мацкевичке «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №78, «О.И. Нығышевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №79, «Р.Қ. Орынбаевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнертапқышы және рационализаторы қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №80, «М.З. Фридманға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №81 жарлықтарына қол қойды.

28 қыркүйек

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев республиканың өнеркәсіп, көлік, құрылыс, байланыс және агроөнеркәсіптік кешенінің өндеу салаларындағы еңбек ұжымдары өкілдерімен кездесті.

Кездесуге қатысушылар ел және партия басшылығының ұлтаралық қатынастарды, Қазақстанның көпұлтты халқының бірлігін нығайту турасындағы ұстанған бағытын мақұлдады және республиканың сөзсіз аумақтық тұтастығы үшін пікірлерін білдірді.

Кездесу барысында қылмыспен, алып-сатарлықпен батыл күрестің, еңбек адамы күн сайын бетпе-бет кездесетін қызмет көрсету саласының барлық жұмысын жақсартудың қажеттігі атап өтілді.

Кездесудің соңында еңбеккерлерге, республика халқына үндеуі қабылданды.

29 қыркүйек

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев КСРО Министрлер кеңесінің төрағасы Н.И. Рыжковқа Шығыс Қазақстан облысын экологиялық апатты аймақ деп тану қажеттігі туралы өтініп жазған жеделхатын жолдады.


Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласының өздігінен әрекет ететін қоғамдық-саяси ұйымдары мен қозғалыстарының өкілдерін қабылдады.

Алматылық ұйымдардың делегацияларын 40-тан аса қозғалыстар мен қоғамдық ұйымдардың, ұлттық-мәдени орталықтардың басшылары өкілдік етті, олардың қатарында — «Желтоқсан» ұлттық-демократиялық партиясы, Қазақстанның «Азат» азаматтық қозғалысы, «Бірлік» ұлтаралық қозғалысы, «Невада-Семей» халықаралық антиядролық қозғалысы, «Қазақ тілі», «Шаңырақ» қозғалыстары және т.б. бар.

Қазақстанның көпұлтты халқын біріктіру, республика дамуының жауапты кезеңінде оның қоғамдық-саяси өмірінде сенім мен келісім ахуалын қалыптастыру жолдары туралы әңгіме барысында Қазақстан астанасында 1991 жылғы 1 қазанға дейін көше митингілері мен шерулерін өткізуге мораторий жариялау туралы уағдаластыққа қол жеткізілді, қатысушылардың пікірі бойынша бұл қоғамдағы қарбаластықты төмендетуге, халықтың барлық жіктері мен топтары арасындағы келісім ахуалын қалыптастыруға, саяси өмірдегі экстремизмді жоюға жәрдемдесетін болады.

Кездесудің қорытындысы бойынша Алматы қаласының өзідігінен әрекет ететін қоғамдық-саяси ұйымдарының бірлескен мәлімдемесіне қол қойылды.


ҚАЗАН 1990



Дс	1	8	15	22	29
Сс	2	9	16	23	30
Ср	3	10	17	24	31
Бс	4	11	18	25	
Жм	5	12	19	26	
Сн	6	13	20	27	
Жк	7	14	21	28	



5 қазан



Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Белоруссия КСР-де жұмыс сапарымен болып, осы республиканың астанасы Минск қаласында оның басшылығымен келіссөздер өткізді.

Келіссөздер барысында тараптар екі республика арасындағы тікелей деңгейлес экономикалық байланыстарды кеңейтудің жағдайы мен перспективаларын талқылады.

Кездесу қорытындысын түйіндей келе Н.Ә. Назарбаев: «Одақ егеменді мемлекеттерден құралған жағдайда өздігінен шарттар жасасып, барлық сұрақтарды шешу өте маңызды. Біз өзара қатынасымызда ілгері кеттік. Қазақстандықтар Белоруссиядан бізде жетіспейтін сұранысқа ие тауарларды көбірек алатынына риза болады. Біз де қарыздар болып қалмаймыз. Бұрын істеп көрмеген цементті жеткізіп бере бастаймыз. Біздің сауда айналымындағы теріс сальдо енді 180 млн. рубльге кемиді. Алайда біз теңгерімді теңестіреміз, ол үшін барлық мүмкіндіктер бар. Мен болып өткен келіссөздерге қанағаттандым», — деп атап көрсетті.

Келіссөздер қорытындысы бойынша екі одақтас республиканың басшылары «қуатты экономикалық және ғылыми-техникалық әлеуетті интеграциялау, ортақ әлеуметтік-экономикалық проблемаларды бірлесіп шешу, қазіргі жалпыодақтық еңбек бөлінісі кезіндегі байланыстарды едәуір тереңдету мен кеңейту» мақсатындағы өзара тиімді ынтымақтастықтың басымдықтарын анықтайтын мәлімдемеге, сондай-ақ экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастықты дамыту туралы үкіметаралық келісімге қол қойды.

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев «Хатынь» және «Брест қамалы» мемориалдарына, сондай-ақ Белоруссияның бірқатар ауылшаруашылық кәсіпорындарына барды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Кешірім жасау туралы» №82, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының ісі бойынша» №83, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №84, «Өлім

жазасына — атуға кесілген сотталушының ісі бойынша» №85 жарлықтарына қол қойды.

6 қазан

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Республика күнін мерекелеуге орай Қазақ теледидары арқылы «Республиканың болашағы жолында» атты Қазақстан халқына үндеуін жариялады (Қосымшаны қараңыз).

8–9 қазан

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы, КОКП ОК Саяси бюросының мүшесі Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында өткен КОКП ОК пленумына қатысты.

Пленум қарауына «Елдегі жағдай және экономиканы нарықтық қатынастарға ауыстыруға байланысты КОКП міндеттері туралы» мәселе шығарылды.

11 қазан

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласында өткен Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің II пленумына қатысты.

Өз сөзінде Н.Ә. Назарбаев 1990 жылғы 8–9 қазанда Мәскеу қаласында өткен КОКП Орталық комитеті пленумының негізгі қорытындылары туралы баяндады, елдегі және республикадағы жағдайға баға берді және нарықтық қатынастарға ауыстыруға байланысты міндеттер туралы айтты (Қосымшаны қараңыз).

Пленумда Қазақстан Компартиясы ОК комиссиялары және олардың жеке құрамы туралы ереже бекітілді, сондай-ақ Қазақстан Компартиясының XVII съезінің екінші кезеңін 1990 жылғы 21–22 желтоқсанда өткізу туралы шешім қабылданды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Соғыс және еңбек ардагерлерін Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №86, «Қазақ КСР азаматтығына қабылдау туралы» №87 жарлықтарына қол қойды.

12 қазан

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР және Қазақстан Коммунистік партиясының 70 жылдығына

орай Алматы қаласында Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында өткен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі, Қазақстанның Компартиясы ОК және Қазақ КСР Министрлер кеңесінің бірлескен отырысына қатысты.

Н.Ә. Назарбаев «Тарих тағылымы. Болашақ бастауы» атты баяндамасында Қазақстанның 70 жыл ішінде жүріп өткен тарихи жолына баға берді: «Әдеттегі өлшем бойынша бір ұрпақтың өміріне тең келер уақыттың осы бір бөлігі қазақ халқының сан ғасырлық тарихынан ерекше орын алады. Бұл жылдарда атқарылған істер баға жеткізгісіз. Республика мешеу отарлық өлкеден экономикалық, ғылыми және мәдени потенциалы дамыған аймаққа айналды. Бірақ халықтың осы аршынды қадамы үшін төлеген құны да шектеусіз қымбат болып шықты.

...Алайда, мынаны ескерткім келіп еді: тарих бұл — халықтың өмірі; ол қандай болса да, оны біз енді қайтадан жаза алмаймыз. Оның жақсылығын да, кемшілігін де шынайы бағалау керек».

Одаққа кіретін және егеменді, тең құқықты социалистік мемлекеттер болып табылатын басқа республикалар сияқты, Қазақстан да өзі ерікті түрде, шарт негізінде еліміздің орталық мемлекеттік өкімет және басқару органдарына беретін өкілеттіктерінен басқа, өз территориясындағы бүкіл мемлекеттік өкімет билігін толық иемденуге тиіс.».

Сонымен бірге, Н.Ә. Назарбаев «Одақтық шарт — жалаң мақсат емес, ол ең маңызды мәселені — халықтың тұрмысын едәуір жақсартуды қамтамасыз етуге бағытталған. Осыны басшылыққа ала отырып, азық-түлік, жайлы тұрғын үй құрылысы, халық тұтынатын бұйымдар өндіру және халыққа ақылы қызмет көрсету, экологиялық, сондай-ақ транспорт пен байланысты дамыту, денсаулық сақтаудың, халыққа білім берудің, ғылым мен мәдениеттің материалдық базасының, қала мен село инфрақұрылымының артта қалуын жою бағдарламаларын әлеуметтік-экономикалық саясаттың басым бағыттары деп қараймыз», — деп атап көрсетті.

Қазақстан Президенті «ортақ мақсатпен, интернационализм дәстүрімен және бауырластық достық, келешек ұрпақ алдындағы жауапкершілікпен біріккен республиканың еңбеккерлері, коммунистері, барша қазақстандықтар тарихтың биігінен орын алып, республиканың лайықты болашағы үшін, оның

экономикалық қуаттылығы мен гүлденуі үшін бар күш-жігерін, энергиясын, тәжірибесін жұмсайтынына» сенім білдірді (Қосымшаны қараңыз).

Отырысқа қатысушылар Қазақ КСР және Қазақстан Компартиясының 70 жылдығына байланысты Қазақстан халқына үндеуін қабылдады.

13 қазан

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында өткен КСРО Президенті М.С. Горбачевтің одақтас республикалардың басшыларымен өткізген кездесуіне қатысты.

Кездесуге сондай-ақ Әзірбайжан Компартиясы ОК бірінші хатшысы А.Н. Муталибов, Армения Компартиясы ОК бірінші хатшысы В.М. Мовсисян, Белоруссия Компартиясы ОК бірінші хатшысы Е.Е. Соколов, Грузия Компартиясы ОК бірінші хатшысы Г.Г. Гумбаридзе, Қырғызстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы А.М. Масалиев, Латвия Компартиясы ОК бірінші хатшысы А.П. Рубикс, Литва Компартиясы ОК бірінші хатшысы М.М. Бурокявичюс, Молдавия Компартиясы ОК бірінші хатшысы П.К. Лучинский, РКФСР Компартиясы ОК бірінші хатшысы И.К. Полозков, Тәжікстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы К.М. Махкамов, Түрікменстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы С.А. Ниязов, Өзбекстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы И.А. Каримов, Украина Компартиясы ОК бірінші хатшысы С.И. Гуренко, Эстония Компартиясы ОК бірінші хатшысы Э.-А.А. Силлари қатысты.

Кездесу барысында елдегі орын алған жағдай, нарықтық қатынастарға көшу барысындағы халық шаруашылығын тұрақтандыру жолдары туралы пікір алмасу болып өтті. Республикалар мен өңірлердің іс-қимылын үйлестіру, орын алған жағдайды қалпына келтіру, тұтынушылық нарықтағы теріс әсер беретін үдерістерді болдырмау, ақша-қаржылай жүйені нығайту мақсатында кәсіпорындар арасындағы шаруашылық байланыстарды сақтау, дамыту және жетілдіру қажеттігі атап өтілді.

Осыған байланысты 1991 жылғы одақтық бюджет және одақтас республикалардың бюджеті бойынша жұмысқа ерекше назар аударылды.

Кездесуге қатысушылар халық шаруашылығын тұрақтандыру және нарыққа көшу бағдарламасының жобасын талқылады.

Жан-жақты пікірталас қорытындысы бойынша кездесуге қатысушылар одақ деңгейінде Жоғарғы Кеңес аясында тиісті өңірлердің әрбір одақтас және автономиялық республиканың билік органдары нақтылау қажет болатын нарыққа көшудің негізгі бағыттарын қабылдау қажеттігін бірауыздан мақұлдады.

15 қазан

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің он екінші шақырылымы II сессиясының пленарлық отырысына қатысты. Онда Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның жобасы қаралды.

Сессия жұмысына сондай-ақ Қазақстан Компартиясы ОК Саяси бюросының, Президенттік кеңесінің, республика үкіметінің мүшелері, Қазақ КСР атынан КСРО халық депутаттары қатысты.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Е.М. Асанбаев Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның жобасы туралы баяндама жасады.

Отырыс жұмысының қорытындылары бойынша Жоғарғы Кеңес «Республика күнін жариялау туралы» қаулыны бекітті және Қазақ КСР заңнамалық актілеріне сәйкес өзгертулер енгізді.

16 қазан

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның және Одақтық шарттың жобаларын талқылауға арналған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің он екінші шақырылымының II сессиясының пленарлық отырысына қатысты.

Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы декларациясына қатысты сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев «Декларациядан республикадағы ұлттық мемлекеттілік туралы мәселені ғана емес, жалпы қазақ халқы туралы сөздерді де мүлде алып тастағысы келетіндермен келісуге болмайды», — деді.

«Біз қазақ халқының дұрыс түсінбеуі тәуекеліне тап болуымыз мүмкін, ол бұл мәселеде КСРО-ның өзге халықтарымен тең емес жағдайға қойылады. Одақтас республикалардың кез келгенінің осындай декларацияларын алып қараңыздаршы — бәрінде де ұлттық мемлекеттілік туралы ереже бар.

Республика аумағында қазақ халқының саны басым болып табылмайды деген ғана негізбен бұл тезисті біздің құжатымыздан алып тастау саяси дұрыс болмайды. Өзінің бүкіл тарихының өн бойында интернационализм идеяларына берілгендігін дәлелдеп келе жатқан қазақ халқы өзіне мұндай қарым-қатынастар жасауға себепкер бола қойған жоқ. Дегенмен, кез келген өзге халықтар да солай.

Біз орынсыз көңіл ауанына беріліп кетпеуіміз керек. ...Егер біз саясатта қателеспей, республиканың барлық халықтары құқықтарының теңдігіне толық кепілдік бергіміз келсе, мұны әрдайым есте ұстауымыз керек.

Жасырмаймын, мәселен, балама Декларацияның: «Қазақ КСР республиканың аумағында тұратын барлық азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарға, олардың этникалық, ұлттық және партиялық қатыстылығына, шығу тегіне, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, жынысына, діни наным-сеніміне, айналысатын кәсібіне, тұрғын мекен-жайына қарамастан Адам құқығының жалпыға ортақ декларациясында, Қазақ КСР-нің Конституциясында және КСРО Конституциясында көзделген барлық құқықтары мен бостандықтарына кепілдік береді. Азаматтық және ұлттық теңдікке қолсұғушылық заңмен жазаланады» делінетін 4-ші тармағы менің жаныма жағады. Егер Декларация жобасын жетілдіру жөніндегі комиссия осы тармақты қосса, халық мұны оң қабылдайды деп ойлаймын», — деп мәлімдеді Н.Ә. Назарбаев.

Пікірталасқа сондай-ақ Н.И. Акуев, М.В. Баженов, І.Н. Аймағамбетов, Т.Б. Сүлейменов, М.Қ. Қозыбаев, С.Ф. Костин, А.Ф. Козлов, М.Б. Тінікеев, Ж.М. Әбділдин, Н. Қойшыбеков, А.С. Казаков, Ө.Ж. Жәнібеков, Б.Д. Белик, Ө.А. Жолдасбеков, Б.А. Қадырбеков, М.Т. Оспанов, Б. Балғымбаев, А.А. Абдулин, С.А. Субботин, Г.Б. Васильев, Э.К. Кузьмин, Ю.М. Сухов, П.М. Федосенко, С.З.Зиманов, А.А. Князинин, Е.Қ. Ертісбаев, Қ.Т. Тұрысов, А.Г. Перегрин, А.Т. Тұрғанбеков, П.М. Потапов, Қ.А. Айтаханов, Ә.К. Кекілбаев, В.И. Котельников, Ж. Қалиев, С.С. Сартаев, О.Б. Баймұратов сияқты депутаттар да қатысты.

Пікірталас қорытындысы бойынша Республиканың мемлекеттік егемендігі туралы декларациясын сессияда және бұқаралық ақпарат құралдарында талқылау барысында айтылған ұсыныстар мен

ескертпелерді ескере отырып, оны пысықтау жөніндегі комиссия құрылды.

Күн тәртібінің жаңа Одақтық шарттың жобасы туралы екінші мәселесі бойынша сөз сөйлей отырып, Қазақстан Президенті оның негізгі ережелерін ұсынды.

«Құқықтық көзқарас тұрғысынан Одақтық шарт одақтық Конституция мен одақтас республикалардың конституцияларына өз ережелерін негіз етіп алынатын заң жүйесіндегі бірегей заң актісіне айналуға тиіс. Бірігу тең құқықты, еріктілік, және одақтан еркін шығу принциптерінде, одақ пен одақтас республикалар сондай-ақ олардың әрқайсысы өкілеттіктерінің ара-жігінің нақты ажыратылуы негізінде жүзеге асатын болады.

…Одақтық шарттың басты мақсаты — біздің көпұлтты мемлекетімізді осы заманғы интеграция, кеңес халықтарының бірлігін, саяси, әлеуметтік-экономикалық және рухани тұтастығын сақтау жолдарында батыл түрде жаңарту», — деп атап көрсетті ол (Қосымшаны қараңыз).

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы II сессиясының қарауына шығарылған Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның жобасы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі төралқасымен құрылған жұмыс тобымен дайындалды. Онда сондай-ақ Президенттік кеңес пен Қазақ КСР Министрлер кеңесінің, сондай-ақ кейбір қоғамдық ұйымдардың ұсыныстары ескерілді.

Сонымен бірге «Демократиялық Қазақстан» депутаттық тобы мен «Азат» Азаматтық қозғалысы дайындаған Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның баламалы жобалары да әзірленді.

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақстанға Қазақ КСР Сыртқы экономбанкімен келіссөздер жасау үшін келген «Douche Bank», «Westdeutsche Landesbank Girozentrale», «Dresdener Bank» неміс банктерінің және басқа да ірі неміс қаржылық компанияларының басшыларын қабылдады.

Меймандарды Германияның бірігуімен құттықтай отырып, Н.Ә. Назарбаев олардың келуі Қазақ КСР мен Германия Федеративтік Республикасының халық шаруашылығы, саяси және мәдени ынтымақтастығының салмақты факторы болатынына сенім білдірді.

Оның айтуынша, екі елдің жақындасуының маңызды жағдайларының бірі барша кеңестік немістердің іс жүзінде жартысын құрайтын неміс диаспорасының көп бөлігінің Қазақстанда тұру фактісі болды.

Кездесу барысында екіжақты ынтымақтастықтың нақты даму жолдары талқыланды.

Германияның бірігуі 1990 жылдың 3 қазанында болды.

II дүниежүзілік соғыстан кейін Подсдам келісіміне сәйкес Германия Германия Демократиялық Республикасы (КСРО-ның басып алған аймағы) және Германия Федеративтік Республикасы мен Батыс Берлині (АҚШ, Ұлыбритания мен Францияның басып алған аймағы) болып екіге бөлінгені белгілі.

КСРО-дағы қайта құрудың әсерінен болған Германияның бірігуіне қырғи-қабақ соғыстың жарқын белгісі болған Берлин қабырғасының 1989 жылғы 9 қарашада бұзылуы бастау салды, ол 1961 жылдың қазанында ГДР мен Батыс Берлиннің мемлекеттік шекарасы бойымен тұрғызыла басталды. Құрылыс аяқталған соң оның ұзындығы 155 км құрады, оның ішінде Берлин қаласы бойында — 43,1 км.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Республика күнін жариялау туралы» №299-XII Заңына қол қойды.

18 қазан

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев КСРО-дағы Корея Республикасының Елшісі Гонг Ро-Мюнгті оның өтініші бойынша қабылдады.

Кездесу барысында кең ауқымды мәселелер бойынша пікір алмасу өтті, экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени салалардағы ынтымақтастықтың перспективалары қаралды. Қазақстандағы нарықтық экономикаға өту кезінде Оңтүстік Кореяның индустрия, сауда, білім, ғылым мен техниканы дамыту бойынша тәжірибесін ендірудің маңыздылығы атап өтілді.

Тараптар өзара тиімді байланыстарды қарқындату мен кеңейту қажеттігін атап айтты.

20 қазан

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев кеңестік және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің республикалық кеңесіне қатысты.

Кеңесте қылмыспен күресті күшейту және құқықтық тәртіпті нығайту мәселелері талқыланды.

25 қазан

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы II сессиясының пленарлық отырысына қатысып, елдегі мемлекеттік билікке ауқымды реформа жүргізу бойынша ұсыныстарын жасады.

Президент өзінің «Республикадағы мемлекеттік өкімет және халық шаруашылығын басқару органдарының құрылымы туралы» баяндамасында: «Мемлекеттік өкімет басқару органдарын түбегейлі түрде қайта құру жөніндегі Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне ұсынылып отырған шараларды жүзеге асыру республика экономикасының бұдан былайғы жерде тұрақсыз саяси ахуал, құқықтық нигилизм және митингілі демократия жағдайында қалыпты жұмыс істеп, дами алмайтынына тікелей байланысты. Экономиканың жітілік пен тәртіпті, өкімет пен басқа органдарының іс-қимылдарындағы жауапкершілік жүйелілікті талап ететін заңдары мен ережелері бар.

Қалыптасқан жағдай қайта құру процестерін кешеуілдетуге мүмкіндік бермейді, жауапты шешімдер қабылдауды талап етеді. Қазіргі кез қиын, серпінді кезең, ол ырғалып жырғалуды көтермейді.

...Біз Қазақстанда өкімет пен басқарудың соншалықты түбегейлі реформасын тұңғыш рет жүргізбек болып отырмыз. Алда жан баспаған жолдар, біздің баршамыз үшін көп ретте таныс емес жұмыс күтіп тұр. Бірақ біз республика халқының тұрмысын жақсарту үшін оған кірісуге белді бекем будық. Сөйтіп, біз халық алдында зор жауапкершілікті мойнымызға аламыз», — деп атап көрсетті (Қосымшаны қараңыз).

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Республиканың мемлекеттік егемендігі туралы декларациясының пысықталған жобасының баптары бойынша қаралған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы II сессиясының кешкі пленарлық отырысына қатысты.

Оның әрбір баптарының аттары аталып, дауысқа салынды. Осы құжатты жақтап 261 депутат дауыс

берді, қарсы — 18, қалыс қалғандар — 2, бір депутат дауыс берген жоқ.

Дауыс берудің қорытындысы бойынша Жоғарғы Кеңес «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы декларациясын» толығымен қабылдады.

Н.Ә. Назарбаев депутаттарды, барлық отырысқа қатысушыларды ел тарихындағы осы атаулы оқиғамен құттықтады.

1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Республиканың егеменді мемлекет ретіндегі мәртебесін жүзеге асыратын Одақтық шартты жасаудың, жаңа Конституцияны, заңнамалық актілерді әзірлеудің негізін қалаған «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы декларациясын» қабылдады. Декларация елдің толық мемлекеттік егемендігін рәсімдеу жолындағы мемлекеттік-құқықтық жүйесінің одан әрі дамуын қамтамасыз еткен жас мемлекеттің негізін қалаған алғашқы заңнамалық актісі болды. Оның үстіне, ол мемлекеттік биліктің заңнамалық, атқарушы және сот тармақтарына бөліну принципін бекітті. Бұл ретте, Жоғарғы Кеңес заңнамалық биліктің құзырына ие болды, республика басшысы болып табылатын Президент — өкілетті-атқарушылық билікті, Жоғарғы сот — сот билігін иеленді.

26–28 қазан

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев кеңестік делегация құрамында Испания Корольдігінде ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Мадрид қаласында Испания Королі Хуан Карлос I, Испания Корольдігі Үкіметінің төрағасы Ф. Гонсалеспен, Испания Корольдігінің Сыртқы істер министрі Ф. Ордоньеспен болған келіссөздерге қатысты.

Келіссөздер қорытындысы бойынша кеңестік-испаниялық саяси декларацияға, сондай-ақ шарттар мен келісімдердің ауқымды пакетіне қол қойылды.

Испания Корольдігіне сапары барысында кеңестік делегация Барселона қаласына барып, онда Астурия ханзадасы Фелипемен, Каталония автономиялық үкіметінің төрағасы Х. Пухолмен және басқа да ресми тұлғалармен келіссөздер болып өтті.

Одан басқа, делегация мүшелері Барселона қаласының 1992 жылғы Олимпиадалық ойындарға

әзірлігімен танысты және Пикассо мұражайының экспозицияларын қарап шықты.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Азаматтардың ұлттық тең праволылығына қол сұққаны және КСР Одағы территориясының біртұтастығын күштеп бұзғаны үшін жауапкершілікті күшейту туралы» КСРО Заңына және «Төтенше жағдайдың праволық режимі туралы» КСРО Заңына байланысты Қазақ КСР кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №308а-XII Заңына қол қойды.

28–29 қазан

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев кеңестік делегация құрамында Франция Республикасында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Париж қаласында Президент Ф. Миттеранмен болған келіссөздерге қатысты.

Келіссөздер қорытындысы бойынша КСРО мен Франция Республикасы арасындағы келісім мен ынтымақтастық туралы шартқа, сондай-ақ экономиканың, ғылым мен техниканың түрлі салаларындағы, кадрлар даярлаудағы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуды қарастыратын бірқатар құжаттарға қол қойды.

30 қазан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Құрмет грамотасының атын өзгерту туралы» №318-XII Заңына қол қойды.

30–31 қазан

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Шығыс Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болды.

Н.Ә. Назарбаев Лениногорск полиметалл комбинатына, Өскемен қорғасын-мырыш комбинатына, Өскемен титан-магний комбинатына, Өскемен жібек маталар комбинатына, Үлбі металлургия зауытына барып, Өскемен қаласының жаңа шағын аудандарын аралап көрді.


Жұмысшылармен және мамандармен болған әңгімелесу барысында Президент бар назарын қиындықты еңсеру, ірі индустриялық-аграрлық өңір

халқы өмірінің барлық салаларындағы қауырттылықты жою мәселелеріне шоғырландырды.

Қазақстан Президенті Өскемен қаласының қоғамдық-саяси орталығында облыс жұртшылығының алдында сөз сөйлей отырып: «Шығыс Қазақстан тұрғындарының экологиялық ахуалға алаңдаушылық білдіруі орынды әрі түсінікті» екендігін айтты. Оны сауықтыру үшін барлық шараларды қолдану керек. Дегенмен шындыққа мойынсұнбауға болмайды. Егер, мәселен, ластаушы-кәсіпорындарды жауып тастайтын болсақ, мыңдаған адамдар жұмыссыз қалады, еліміз көп өнімді, оның ішінде, нарықты молықтыру үшін аса қажетті жаппай сұранысқа ие тауарлардан қағылып қалады.

Кенді Алтайдың табиғи байлығын мақсатты әрі тиімді пайдалану, экологиялық таза технологияларды қарқынды түрде ендіру қажет. Осыған байланысты шетел фирмаларымен, одақтық және республикалық ведомстволардан тәуелсіздік істерінің мүддесі үшін ынтымақтастық жасауға қол жеткізу өте маңызды. Облысты еркін кәсіпкерлік аймағына айналдыру туралы ойдың келешегі зор. Алайда оны іске асыру тұрақты қоғамдық-саяси жағдайда ғана болуы мүмкін», — деп атап көрсетті.

ҚАРАША 1990



Дс		5	12	19	26
Сс		6	13	20	27
Ср		7	14	21	28
Бс	1	8	15	22	29
Жм	2	9	16	23	30
Сн	3	10	17	24	
Жк	4	11	18	25	



6 қараша



Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Ұлы Октябрь революциясының 73 жылдығы қарсаңында бір топ ардагерлерді, халық шаруашылығының еңбеккерлерін, жазушыларды, мәдениет және өнер қайраткерлерін қабылдап, КСРО және КСР мемлекеттік наградаларын табыс етті.

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласында Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында өткен Ұлы Октябрь революциясының 73 жылдығын мерекелеуге арналған салтанатты жиналысқа қатысты.

7 қараша

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласындағы жаңа алаңда өткен Ұлы Октябрь революциясының 73 жылдығына арналған салтанатты шеруде болды.

11 қараша

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Компартиясы Жарлығының жобасын дайындау жөніндегі комиссияның отырысына төрағалық етті.

Отырыс барысында құжаттың түбегейлі тәсілдемелері талқыланды, оның бағдарламалық мақсаттар мен КОКП Жарғысына негізделе отырып, КОКП құрамында өздігінен әрекет еткен ұйым ретінде республикалық партия ұйымы қызметінің ерекшелігін барынша көрсетуі, көпұлтты республиканың бірігуіне, ішкі партиялық демократияның дамуына жәрдемдесуі қажет болған құрылымы мен негізгі қағидалары белгіленді.

Отырыс қорытындысы бойынша Жарғы жобасын соңынан республиканың партия ұйымдары, еңбек ұжымдарында кеңінен талқылау үшін баспасөз бетінде жариялай отырып, ОК Саяси бюросы отырысының қарауына енгізу туралы шешім қабылданды.

13 қараша

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы II сессиясының пленарлық отырысына қатысып, оның барысында

«Қазақ КСР халық депутаттарының статусы туралы», «Қазақ КСР халық депутатын кері шақырып алу тәртібі туралы» заңдар қабылданды, сондай-ақ Қазақ КСР Жер кодексі жобасының екінші оқылымында талқылау басталды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР халық депутаттарының статусы туралы» №327-XII, «Қазақ КСР халық депутатын кері шақырып алу тәртібі туралы» №328-XII заңдарына қол қойды.

15 қараша

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы II сессиясының пленарлық отырысына қатысты.

Депутаттар сол күні жарияланған КСРО Министрлер кеңесінің «Халық тұтынатын тауарлардың жекелеген түрлеріне арналған шарт бойынша бөлшек сауда бағасын пайдалануға көшу туралы» қаулысына өз көзқарастарын білдірді. Қаулы заңсыз, Қазақстан халқының мүддесіне және Жоғарғы Кеңестің бұған дейін қабылдаған шешімдеріне қайшы келеді деп танылды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі КСРО Министрлер кеңесінің аталған қаулысының республика аумағында қолданылуын тоқтатты. Қазақ КСР Министрлер кеңесіне республика парламенті шешімінің орындалуын қамтамасыз ету және КСРО Жоғарғы Кеңесі мен одақтас республикалармен келісіп шешім қабылдағанша тауарлардың сәйкесті топтарының сақталуына шаралар қабылдау тапсырылды.

Отырыста сондай-ақ жаңартылған республикалардың федеративтік одағын құруға ұмтылысын білдіретін және мемлекеттік егемендік пен Қазақ КСР-інің дербес әрекет етуіне жағдай жасайтын құжат ретінде депутаттардың толық мақұлдауына ие болған Одақтық шарт жобасы қаралды.

16 қараша

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР Жер кодексі» №332-XII Заңына қол қойды.

19 қараша

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы II сессиясының пленарлық отырысына қатысты.

Отырыста республиканың мемлекеттік билік және басқару органдарының құрылымдарын жетілдіру мәселелерін талқылау аясында «Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы қаралды.

Сол күні Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстанға ресми сапармен келген Қытай Халық Республикасының Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы Халықтық үкіметінің төрағасы Т. Давамет бастаған делегацияны қабылдады.

Н.Ә. Назарбаев меймандарды Қазақстанда болып жатқан реформалау үдерістері туралы хабардар етті. Атап айтқанда, нарықтық қатынастарға көшу кезінде республикада меншіктің әртүрлі нысандары тең құқылық негізде жұмыс істейтіндігі атап айтылды, оның экономикасы шетел капиталы үшін кеңінен ашық болып, СҰАА-мен жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту үшін жаңа перспективаларға жол ашылады.

20 қараша

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы II сессиясының пленарлық отырысына қатысып, оның барысында «Қазақ КСР мемлекеттік билік пен басқару құрылымдарын жетілдіру және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы қабылданды.

«Қазақ КСР мемлекеттік билік пен басқару құрылымын жетілдіру және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы вице-президент, Премьер-министр және мемлекеттік кеңесшілердің қызметін тағайындауды; Министрлер кеңесінің орнына Министрлер кабинетін және Республика кеңесі — Президент жанындағы кеңесші-консультативтік орган құруды көздеді. Сондай-ақ Халық депутаттары кеңесі тарапында болған мемлекеттік биліктің жергілікті органдарын қайта құру ойластырылды. Олардың өкілеттігі құзырына нарықтық қатынастарды қалыптастыру және коммуналдық меншікті басқару мәселелерін беру есебінен едәуір кеңейе түсті.
Осылайша, 1990 жылғы 25 қазанда қабылданған «Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы» декларациясынан бастау алған болашақ егемендіктің институционалды негізінің іргесі қаланды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР-дегі мемлекеттік өкімет пен басқарудың құрылымын

жетілдіру және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №334-XII Заңына қол қойды.

21 қараша

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында өткен РКФСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Б.Н. Ельцинмен келіссөздер жүргізді.

Кездесу қорытындысы бойынша Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы мен Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасы арасындағы шартқа қол қойылды.

«Бұл оқиға Қазақстан мен Ресей арасындағы өзара қарым-қатынастардың кең әрі жаңа жолын ашады», — деді соңынан өткен баспасөз мәслихатында Н.Ә. Назарбаев. — Тікелей байланыстарды орнату, өзара тиімді ынтымақтастықты орнату және тереңдете түсу шындыққа айналды және елдің әртүрлі өңірлерінің арасындағы экономикалық байланыстардың үзілу мүмкіндігі барған сайын күшейе беруіне байланысты оның қажеттігі арта түсті, бұл жағдай онсыз да күрделі қоғамдық-саяси ахуалды асқындырып жіберді.

Біздің республика орын алған шаруашылық байланыстарды нығайту, өнімді жеткізіп беру мөлшерін сақтау, іскерлік ынтымақтастықтың жаңа формаларын белгілеу үшін табандылықпен жолдарды іздестіруде. Бұл тұрғыда, әсіресе қауіпті қарсылық білдіріп күту ұстанымындағы елдің Министрлер кеңесінің әрекетсіздігі аясында республикалар арасындағы шарттардың экономикалық мәнін асыра бағалау қиын.

Шарттың саяси маңыздылығы да аса зор. Онда біздің бастамамыз бойынша екі тарап та Егеменді республикалар одағы негізінде КСРО-ның мемлекеттік құрылымын жаңарту ниетін басшылыққа алатыны туралы нақты мәлімделген. Осылайша, жаңа Одақтық шартты жасаудың қажеттігіне мықты сенімділік атап көрсетілді.

Бүгінгі күні шекараларда орын алған әрбір республиканың аумақтық тұтастығын мойындау туралы тараптардың уағдаластығы өзекті болып табылады. Осымен, республиканың аумақтық құрылымының дұрыс еместігі туралы негізсіз әңгімелердің соңғы нүктесі қойылып, кейбір «терең тарихи зерттеулермен» таратылатын болжамдар әшкереленеді.

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев «British

Petroleum» компаниясының бас директоры Д. Браун бастаған компания басшыларын қабылдады.

Кездесу барысында өзара тиімді ынтымақтастықты жолға қоюдың перспективалары, атап айтқанда, компанияның Батыс Қазақстанда көмірсутек шикізатын барлау, игеру және кешендік өңдеуге қатысу мүмкіндіктері талқыланды. Бизнесмендер республикалық мұнай-газ концернін құруға көмек көрсетуге әзір екендіктерін білдірді.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Ұ. Қарамановты Қазақ КСР Министрлер кабинетінің Премьер-министрі қызметіне тағайындау туралы» №88, «Қазақ КСР Жоғары экономикалық кеңесін құру туралы» №89, «Кешірім жасау туралы» №92, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №№93–94 жарлықтарына қол қойды.

22 қараша

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Корея Республикасына осы ел басшылығының шақыруы бойынша ресми сапармен аттанды.

23 қараша

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Корея Республикасында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Сеул қаласында Корея Республикасының Сыртқы істер министрі Чой Хо Джунмен кездесті және онымен екі елдің ынтымақтастығын дамыту жолдарын талқылады.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР сот құрылысы туралы» №347-XII, «Үйлерге, пәтерлерге, бағбандық (саяжай) үйлерге және өзге де мекен-жайларға өз бетімен басып кіргені, сондай-ақ жерді өз бетімен басып алғаны және өз бетімен құрылыс салғаны үшін жауапкершілікті күшейту туралы» №349-XII заңдарына қол қойды.

24 қараша

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Корея Республикасына ресми сапары барысында Ульсан және Кенджу қалаларына барып, «Hyundai» оңтүстіккореялық

кеме жасау концернінің және басқа да машина жасау кәсіпорындарының қызметтерімен танысты.

25 қараша

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Корея Республикасына ресми сапары барысында Плохан қаласында болып, «Posco» болат құю корпорациясына, «Postech» корпорациясының ғылыми-зерттеу институтына және жергілікті университетке барды.

Кездесулер барысында кореялық компаниялардың қазақстандық кәсіпорындармен іскерлік ынтымақтастықтарының, республикалар арасындағы мәдени байланыстарды кеңейтудің перспективалары талқыланды.

26 қараша

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Корея Республикасына ресми сапары барысында Тэгу қаласына барып, онда осы қаланың Алматы қаласымен бауырластық байланыстарын бекіту туралы келісімге қол қою рәсімі болып өтті.

Келісімде екіжақты өзара тиімді сауда-экономикалық байланыстарды дамытуға ықпал ететін бірлескен экономикалық ынтымақтастық комитетін құру қарастырылған болатын.

27 қараша

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Корея Республикасына ресми сапары барысында осы елдің астанасы Сеул қаласында Корея Республикасының Президенті Ро Де Умен кездесті.

Келіссөздер барысында түрлі қызмет салаларындағы екіжақты ынтымақтастықтың жай-күйі мен перспективалары талқыланды.

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Сеул қаласындағы Хан Янг университетінің Экономика институтында дәріс оқыды.

30 қараша

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР-дегі еркін экономикалық аймақтар туралы» №360-XII Заңына қол қойды.

ЖЕЛТОҚСАН 1990



Дс		3	10	17	24	31
Сс		4	11	18	25	
Ср		5	12	19	26	
Бс		6	13	20	27	
Жм		7	14	21	28	
Сн	1	8	15	22	29	
Жк	2	9	16	23	30	



4 желтоқсан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Сотты құрметтемеушілік үшін жауапкершілік туралы» КСРО Заңына байланысты Қазақ КСР кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №367-XII, «Денсаулық сақтау туралы» Қазақ КСР Заңына толықтыру енгізу туралы» №368-XII, «Қазақ КСР Тұрғын үй кодексіне өзгерістер енгізу туралы» №369-XII заңдарына қол қойды.

6 желтоқсан

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев өз жанындағы жаңа кеңесші-консультативтік орган — Республика кеңесінің I отырысына төрағалық етті.

Отырыста Қазақ КСР-інің 1991 жылға арналған мемлекеттік жоспары мен бюджетін және ауылшаруашылық өнімдерін сатып алу мен оны жалпыодақтық қорға жеткізу көлемінің жоспарын қалыптастыру мәселелері талқыланды.

Республика кеңесі жасалған мемлекеттік жоспарларды жалпы мақұлдады және оларды Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің қарауына жіберді.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Әйелдерге, семья мен балаға қатысты мәселелер жөніндегі Қазақ КСР кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №375-XII, «Қазақ КСР Халық депутаттары жергілікті кеңесінің депутатын кері шақырып алу тәртібі туралы» №377-XII заңдарына қол қойды.

7 желтоқсан

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы II сессиясының таңғы пленарлық отырысына қатысты.

Отырыста Қазақ КСР Бас прокуроры туралы мәселе қаралды. Ол қызметке Қазақ КСР Президентінің ұсынысы бойынша Ж.А. Тұяқбаев тағайындалды.

Жоғарғы Кеңес «Қазақ КСР сыртқы экономикалық қызметі туралы» Заң жобасын талқылады. Заң жобасын пысықтап түзеуге қайтару және айтылған ескертулерді және қолда бар баламалы нұсқаларды есепке ала отырып, ендігі сессияның қарауына енгізу туралы шешім қабылданды.

Екінші оқылымда «Қазақ КСР-дегі шетел инвестициялары туралы», «Қазақ КСР-дегі банктер және банк қызметі туралы» заңдар қаралып, қабылданды.

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласындағы жоғарғы оқу орындарының студенттерімен, курсанттарымен, қоғамдық жастар ұйымдарының көшбасшыларымен кездесті.

Н.Ә. Назарбаев өзінің сөйлеген сөзінде: «Қазақстандықтардың лайықты өмірін қамтамасыз ету жөніндегі аса зор жұмыста маңызды рөл жастарға тиесілі. Өйткені біздің барлық жоспарымыз болашаққа бағытталған, ал болашақ дегеніміз бұл — жастар», — деп атап айтты.

«Республика экономикасының құрылымында орталықтың біржақты саясатының салдарынан бұрыннан қалыптасқан қателіктерді түзету жолында көп жұмыс атқару қажет. Жаңа қажеттіліктерге сәйкес біздің жоолардың шығаратын кадрлары бойынша мамандықтар жиынтығын қайта қарағаң жөн, оларды дайындау үшін шетелдік жоғарғы мектептің тәжірибесін белсендірек пайдаланып, студенттермен алмасу керек».

Президент қазіргі кезеңдегі ерекше жағдайды атап өтті: «Қазір біз басымыздан кешіп отырған уақыт — ерекше, республика үшін өзгерісті кезең. Өтіп бара жатқан жыл Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы декларациясының қабылдануымен, нарықтық экономикаға көшу бағдарламасының бекітілуімен, президенттік басқаруға тиімді құрылым бере отырып, билік басқармасын қайта құрумен есте қалды.

...Дәйекті түрде ілгері басу үшін Қазақ КСР-іне берік азаматтық бейбітшілік және оны мекендейтін барлық халықтардың толық бірлігі қажет. Қазақстан — 100-ден астам ұлттардың өкілдері үшін туған үйіндей болып кеткен бірегей республика. Олардың кез келгенінің конституциялық құқықтарына қысым жасау болжап болмайтын зардапқа әкеліп, экономика мен әлеуметтік саланы дамыту бойынша жоспарлап қойған мақсаттардың орындалмауына айналуы мүмкін. Тек қана көпұлтты Қазақстанның саналы түрде ынтымақтасуы ғана сол жоспарлардың орындалуын қамтамасыз ете алады.

Мұны республиканың барлық азаматтары айқын әрі жауапты түрде түсінуі керек. Оның ішінде жастар да, біздің қоғамның саламатты сақталуы соларға байланысты. Барлық жерде ең алдымен, эмоцияға емес, заңға басшылық жасау қажет». Президент Н.Ә. Назарбаев жиналғандарды өз тарапынан заң мен құқықтық тәртіпті сақтауды бұлжытпай орындайтынына сендірді. Одан басқа, қазір белсенді түрде оның мүдделерін қорғайтын Жастар туралы заң әзірленетінін мәлімдеді.

Студенттер өкілдері Қазақ КСР Президенті мен саясатына шынайы қолдау көрсететінін білдірді, оны ол Қазақстанның барша көпұлтты халқының игілігі үшін жүзеге асырады.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР-дегі шетелдік инвестициялар туралы» №383-XII, «Қазақ КСР-дегі банктер және банк қызметі туралы» №385-XII заңдарына қол қойды.

8 желтоқсан

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев британиялық «Lous and Pit» компаниясының бір топ кәсіпкерлері мен сарапшыларын қабылдады.

Н.Ә. Назарбаев Қазақстан кәсіпорындары мен Ұлыбритания компаниялары арасында ашылып отырған іскерлік байланыстардың келешегіне ризалығын білдірді.

11 желтоқсан

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында кеңестік және шетелдік журналистер үшін баспасөз мәслихатын өткізді.

Республикалық егемендік пен болашақтағы Одақтық шарт баспасөз мәслихатының тақырыбына айналды.

Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы туралы айта отырып, Н.Ә. Назарбаев ондағы бірінші кезектегі міндет республикада тұратын халықтардың бірігуі мен достығын нығайту болып табылатынын атап айтты. Мемлекеттік егемендік Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы мен ұлттардың өз мемлекеттік құрылысын өзі шешу құқығын мойындай отырып жарияланды.

Одақтық шарт жобасына қатысты Қазақ КСР-нің ұстанымы мынаған келіп саяды: Одақтық шарттың кез келген аспектісін қарау және шешу кезінде барлық республикалар экономика және саясаттың өзара байланысынан туындайтын қоғамның біртұтастығына ұмтылуы керек. Жаңа Одақта әрбір халық, әрбір егеменді республика өзінің лайықты орнын алуы керек деп атап көрсетті Н.Ә. Назарбаев.

Баспасөз мәслихаты барысында Қазақ КСР Президенті бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерін республиканың сыртқы экономикалық қызметімен таныстырды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР азаматтарынан, шетел азаматтарынан және азаматтығы жоқ адамдардан алынатын табыс салығы туралы» №388-XII, «Қазақ КСР-дегі шаруашылық қызметтің еркіндігі және кәсіпкерлікті дамыту туралы» №391-XII, «Қазақ КСР-дегі тұтыну кооперациясы туралы» №393-XII заңдарына қол қойды.

13 желтоқсан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР азаматтығына қабылдау туралы» №97, «А.Ә. Әміровті, Г.А. Калюганы, В.Б. Мұқұмбаевты және басқа жолдастарды «Өрт сөндіру кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» №98, «Семей облыстық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасы Өрттен қорғау бөлімінің бір топ қызметкерлерін «Өрт сөндіру кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» №99, «Павлодар облыстық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасы Өрттен қорғау бөлімінің бір топ қызметкерлерін «Өрт сөндіру кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» №100, «Транспорттағы ішкі істер Шығыс басқармасының қызметкерлерін «Қоғамдық тәртіпті сақтаудағы үздік қызметі үшін» медалімен наградтау туралы» №101, «Республика ішкі істер органдарының бір топ қызметкерлерін «Қоғамдық тәртіпті сақтаудағы үздік қызметі үшін» медалімен наградтау туралы» №102, «Ш. Әлжанбаевты, А.В. Альчиковті, Қ.Н. Дүсүнбаеваны, Б.Е. Елеусізовті, М.Ә. Қарабаевты, Н.Г. Лихомановты «Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №103, «Г.В. Матковты, Б.Н. Назымбекованы «Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №104, «А.Т. Еременді, И.П. Кокобаеваны, Ф. Шоеваны «Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №105, «Ғ.К. Сүлейменовке Қазақ КСР Еңбек сіңірген әртісі» құрметті атағын беру туралы» №106, «Ж. Бірмановқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №107, «З.И. Ақмұрзинаға, А.В. Архиповке, Ұ. Мақановқа, Н.М. Мичковаға, М.Н. Нысановқа, М.Н. Пульгаға, Г.А. Севостьяноваға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №108, «К.Д. Дүйсенбаевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнер қайраткері» құрметті атағын беру туралы» №109, «М.Д. Дәкәрімоваға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген халыққа білім беру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №110, «К. Ақанбаевқа, Ж.Қ. Қасымбаевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген халыққа

білім беру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №111, «Р.М. Жолдыбаевқа, В.Д. Малышевке, А.В. Мамоноваға, Т.Н. Ниязовқа, С.Е. Шауқыновқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №112, «Б. Асановқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген транспорт қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №113, «Ж. Тәжібаевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген байланыс қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №114, «Т.Н. Бүтбаевқа, А.Н. Марфенкоға, В.Л. Чернышовқа, В.И. Шерстневке «Қазақ КСР Еңбек сіңірген құрылысшысы» құрметті атағын беру туралы» №115, «Р.Р. Редихке «Қазақ КСР Еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №116, «І.Н. Аймағамбетовке, Ш. Ысқақбаевқа, К.А. Товмасянға, Т.М. Янковаға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағын беру туралы» №117, «М.А. Абабковаға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №118, «В.Ф. Калмыковқа, А.Н. Никоновқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнертапқышы және рационализаторы» құрметті атағын беру туралы» №119, «Азық-түлік пен халық тұтынатын тауарларды сақтауды, тасымалдауды және сатуды ұйымдастыруға бақылау жасауды күшейту жөніндегі шаралар туралы» №120, «Көп балалы аналарды «Ана даңқы» орденімен және «Ана медалі» медалімен наградтау туралы» №121–138 жарлықтарына қол қойды.

14 желтоқсан



Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев жазушы Б.Б. Момышұлын оның әкесі — қазақ халқының аңызға айналған батыры, Ұлы Отан соғысының қатысушысы Б. Момышұлына Кеңес Одағының Батыры атағының берілуіне орай қабылдап, оған награданы табыс етті.

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Б. Момышұлының отбасы мен туған-туыстарына құттықтау жеделхатын жолдады.

«Қазақ халқының көрнекті ұлы Бауыржан Момышұлына Кеңес Одағының Батыры жоғарғы атағының берілуімен құттықтауға рұқсат етіңіздер.

Ұлы Отан соғысы жылдарында ол өзінің есімін ержүрек панфиловшы-жауынгер, біздің көпұлтты Отанымыздың жалынды патриоты ретінде мәңгілік етті. Өзінің жауынгерлік ерлігімен, азаматтық батылдығымен,

жазушының жалынды сөзімен Бауыржан аға кеңес халқының сыйластығы және зор беделіне ие болды.

Адамдар бұл тамаша адамды нағыз халық батыры деп санап, шынайы сүйіспеншілікпен ризашылықтарын білдірді.

Енді, міне, Бауыржан Момышұлына қатысты әділет салтанат құрған кезде сіздермен бірге мыңдаған қазақстандықтар, соғыс ардагерлері, аға буынның ерліктері туралы қасиетті естелікті есте сақтайтындардың барлығы осы зор қуанышты бірге бөлісіп отыр.

Барлығымыз үшін естелік болатын оқиғалармен шын жүректен құттықтауымды қабыл алыңыздар. Сіздерге бақыт, денсаулық, амандық-саулық тілеймін», — делінген жолдауда.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясын құру туралы» №139, «М. Жолдасбековті Қазақ КСР Әлеуметтік даму мәселелері жөніндегі мемлекеттік кеңесшісі қызметіне тағайындау туралы» №141, «Б.М. Тұрсынбаевты Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы, азық-түлік және экология мәселелері жөніндегі мемлекеттік кеңесшісі қызметіне тағайындау туралы» №142, «Қ. Тұрысовты Қазақ КСР Өнеркәсіп, байланыс және коммуникация мәселелері жөніндегі мемлекеттік кеңесшісі қызметіне тағайындау туралы» №143, «Ю.А. Хитринді Қазақ КСР Мемлекеттік-құқық мәселелері жөніндегі мемлекеттік кеңесшісі қызметіне тағайындау туралы» №144 жарлықтарына қол қойды.

15 желтоқсан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР сыртқы экономикалық қызметінің негізгі принциптері туралы» №408-XII, «Қазақ КСР-дегі баға белгілеу туралы» №411-XII, «Халықтың жұмыспен қамтылуы туралы» №413-XII, «Қазақ КСР-дегі меншік туралы» №413а-XII заңдарына қол қойды.

20 желтоқсан

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында өткен КСРО Халық депутаттарының IV съезіне қатысты.

Съезд жұмысына КСРО Президенті М.С. Горбачев, КСРО Министрлер кеңесінің төрағасы Н.И. Рыжков, КСРО үкіметінің, КСРО Конституциялық қадағалау комитетінің мүшелері, Одақтық және автономиялық республикалардың Жоғарғы Кеңестерінің, автономиялық облыстар мен округтердің Халық депутаттары кеңестерінің төрағалары, сондай-ақ жұртшылық өкілдері қатысты.

Съездің күн тәртібіне 8 мәселе енді, оның ішінде, елдегі ахуал және орын алған дағдарыстық әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайды еңсеру жөніндегі іс-шаралар туралы (КСРО Президентінің баяндамасы), жаңа Одақтық шарттың жалпы тұжырымдамасы және оны жасау тәртібі, КСРО Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер енгізу туралы және т.б.

Н.Ә. Назарбаев съезде орталық аппаратқа қатысты сыни сөз сөйледі: «Мүлдем ашық айтатын мезгіл жетті: экономикалық реформаны жүзеге асырудағы қателіктер елді оның тарихында болып көрмеген, келесі жылы басталатын дағдарыс шебіне жеткізді».

Қазақ КСР Президенті өзінің баяндамасында сондай-ақ егемендік мәселелерін де қозғады: «Соңғы кезде «егемендіктер шеруі» дейтіндер жөнінде көптеген мысқылдар айтылып жүр. Иә, шеру болып өтті, бірақ одан тек жершілдіктің, тек қана шамшылдық мүдделер белгісін көріп, сол процесті туғызған терең себептерді байқамай отырғандар қатты қателеседі. Ал себептер орталық биліктің дәрменсіздігінде, өздерінің өктемшіл құқықтарынан айрылғысы келмей отырған ведомстволардың менмендігінде жатыр. Экономиканың қожырауы да, қылмыстың өсуі де, ұлтаралық жанжалдар да, қан төгілуі де содан. Өздерін орталықтың тұрақсыздандырушы саясатынан аздап болса да шектеуге тырысып отырған республикаларға тас лақтыруға бола ма? Төніп келе жатқан аласапыран кезінде өзін-өзі сақтаудың қалыпты сезімдерін көрсетіп отырғаны үшін ғана оларды жікшілдер деп айыптауға бола ма?

Одан да зорын айтайын: өткен ондаған жылдардың ішінде орталықтың ұйымдастырушылық рөліне үйренген біздер егемендік туралы декларациялар барынша тиімді бола алатын, көлбеу байланыстар бұзылуының қар көшкініндей екпінді процесін тоқтата алатын сәтті өткізіп алдық. Республикалар ендігі жерде одан әрі күте алмайды, олар дербес іс-қимыл жасап, Одақ үшін жауапкершілікті өзіне алып отыр. Олардың саяси және экономикалық дербестігі — әрбір республиканың жекежеке және барлық республикалардың бірге қалыпты дамуының бірден-бір ықтимал жолы».

Қазақ КСР Президенті Одақтық шартқа қатысты өзінің принципті ұстанымын білдірді: «республикалардың қалай тұруы керек екенін орталық айқындамайды, қайта орталықтың қандай болатынын, оған қандай өкілеттіктер беру керек екенін республикалар шешеді. Одақтық шарттың нақты мазмұнын біздің бірлесіп анықтауымыз керек. Бірақ жарыссөздің қай кезінде болсын, түпкілікті шешім әзірлеудің қай сәтінде болсын оның басты мақсатын ұмытпайық. Ол,

меніңше, былай тұжырымдалуға тиіс: біздің көпұлтты елімізді, егеменді мемлекеттер одағын интеграция, рухани бірлік, біздің барлық халықтарымыздың саяси, әлеуметтік-экономикалық топтасуы жолында батыл түрде жаңарту керек» (Қосымшаны қараңыз).

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР Сыртқы экономикалық байланыстар жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы» №171, «Қазақ КСР мемлекеттік басқару органдарын қайта құру туралы» №172, «Қазақ КСР мемлекеттік басқару органдарда кадр өзгерістер туралы» №172-а жарлықтарына қол қойды.

22 желтоқсан

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласында Октябрьдің 50 жылдығы атындағы спорт сарайында өткен Қазақстан Коммунистік партиясы XVII съезінің екінші кезеңінің пленарлық отырысын ашты.

Съездің күн тәртібіне екі мәселе енгізілді: қазіргі кезең және республикалық партия ұйымының міндеттері туралы, Қазақстан Коммунистік партиясының Жарғысы туралы.

Съезд жұмысының пікірталас тудырған мәселесі Қазақстан Компартиясының Жарғысын қабылдаудың мақсаттылығы туралы болды. Осыған байланысты Н.Ә. Назарбаев енгізген екі ұсыныс қаралды. Бірінші — Жарғыны осы съезде біржола қабылдау, сол үшін делегаттардың көп бөлігі дауыс берді. Екіншісі — Жарғыны съезде қабылдау, бірақ оны республикалық партия ұйымында тиісті референдум өткізген соң, екі айдан кейін ОК пленумының шешімімен қолданысқа енгізу. Дауыс беру қорытындысы бойынша бірінші ұсыныс өтті, оған қарсы 1423 делегаттың 133-і ғана дауыс берді.

Талқылаудан соң Қазақстан Коммунистік партиясының Жарғысы толығымен қабылданды.

23 желтоқсан

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев өнеркәсіп кәсіпорындарының басшылары мен жұмысшыларынан, агроөнеркәсіп кешенінің қызметкерлерінен, кәсіподақ белсенділерінен құралған Қазақстан Компартиясы XVII съезінің бір топ делегаттарын қабылдады.

Әңгіме барысында республиканың алдымыздағы жылы нарықтық қатынастарға өту жағдайындағы халық шаруашылығы кешенінің қызметімен байланысты кең ауқымды мәселелер талқыланды.

24 желтоқсан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Е.Г. Ежиков-Бабахановты Қазақ КСР Құрылыс, ғылым және аймақтық даму мәселелері жөніндегі мемлекеттік кеңесшісі қызметіне тағайындау туралы» №173 Жарлығына қол қойды.

29 желтоқсан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР Президенттік кеңесінің мүшелерін міндеттерінен босату туралы» №174, «А.Д. Ермегияев туралы» №174а, «Кешірім жасау туралы» №175, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының ісі бойынша» №176, «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №№177–179, «С.Ж. Әбішевті Қазақ КСР Сыртқы экономикалық байланыстар министрі қызметіне тағайындау туралы» №180, «В.И. Двуреченскийді Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрі қызметіне тағайындау туралы» №181, «Н. Қыпшақбаевты Қазақ КСР Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №182, «А.А. Құлыбаевты Қазақ КСР Архитектура және құрылыс жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №183, «Н.М. Макиевскийді Қазақ КСР Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №184 жарлықтарына қол қойды.

30 желтоқсан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР Статистика жөніндегі мемлекеттік комитетін Қазақ КСР Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті, облыстық және Алматы қалалық статистика басқармаларын статистика және талдау жөніндегі облыстық және Алматы қалалық басқармалары етіп қайта құру туралы» №185, «Т.Ж. Жұмасұлтановты Қазақ КСР Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №186, «Қазақ КСР Министрлер кабинетінің құрамы туралы» №187 жарлықтарына қол қойды.

31 желтоқсан

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев қазақстандықтарды келе жатқан Жаңа 1991 жылмен құттықтады (Қосымшаны қараңыз).

1991

ҚАҢТАР 1991



Дс		7	14	21	28
Сс	1	8	15	22	29
Ср	2	9	16	23	30
Бс	3	10	17	24	31
Жм	4	11	18	25	
Сн	5	12	19	26	
Жк	6	13	20	27	



7 қаңтар

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Э.Х. Гукасов туралы» №193, «М.М. Бәкеновті Қазақ КСР Геология және жер қойнауын қорғау жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №194, «А.М. Дубицкийді Қазақ КСР Экология және табиғат пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №195, «Қ.С. Ізбасқановты Қазақ КСР Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №196 жарлықтарына қол қойды.

8 қаңтар

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы» №198, «Қ.А. Абдоллаевты Қазақ КСР Экономика жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №199, «Қ.А. Абдоллаев туралы» №199а, «К.С. Өмірбаева туралы» №200 жарлықтарына қол қойды.

10 қаңтар

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «А.П. Коротков туралы» №205 Жарлығына қол қойды.

11 қаңтар

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Белоруссия КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Н.И. Дементейді қабылдады.

Кездесу барысында екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастықтың жай-күйі мен перспективалары талқыланды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша тараптар Қазақ КСР мен Белоруссия КСР арасындағы мемлекеттік қатынастар туралы шартқа қол қойды.

12 қаңтар

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қызыл-Орда облысында жұмыс сапарымен болды.

13 қаңтар

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қызыл-Орда

облысына жұмыс сапары барысында «Байқоңыр» ғарыш айлағы мен Ленинск қаласына барды.

«Байқоңыр» ғарыш айлағында Н.Ә. Назарбаев «Энергия-Боран» сынақ-жөндеу және көпмәртелі зымыранды-ғарыштық көлік жүйесінің старттық кешендерімен және «Союз» зымыран тасымалдағышымен танысты, сондай-ақ «Прогресс» көлік ғарыш кемесін ұшыруға қатысты.



Президент КСРО Жалпы машина жасау министрі О.Н. Шишкинмен, КСРО Қорғаныс министрлігінің ғарыш бөлімшелерінің бастығы В.Л. Ивановпен, «Байқоңыр» ғарыш айлағының бастығы А.Л. Крыжкомен конверсияны кеңейту, республика халық шаруашылығының әртүрлі салаларын дамыту үшін ғарыштық зерттеулерді пайдалану, сондай-ақ алдағы уақытта болатын Ю.А. Гагариннің ғарышқа ұшуының 30 жылдығына байланысты бірлескен іс-шаралар туралы мәселелерді талқылады.

Н.Ә. Назарбаев ғарыш айлағындағы жағдаймен танысқан соң, одақтас республикалардың ортақ күш жұмсауымен «Байқоңыр» кешенін сақтап қалу мен ұстау қажеттігі туралы мәлімдеді.

Н.Ә. Назарбаев ғарыш айлағының баспасөз орталығында баспасөз мәслихатын өткізіп, онда қазіргі кезде ұшқыш-сынақшы, Кеңес Одағының Батыры Т.О. Әубәкіров пен ұшқыш Т.А. Мұсабаевтың ғарышқа ұшуға дайындалып жатқандығы жарияланды.

14 қаңтар

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қызылорда облысына жұмыс сапары барысында Ленинск қаласында қалалық кеңес депутаттарымен кездесіп, қаланың әлеуметтік-тұрмыстық даму мәселелерін талқылады. Н.Ә. Назарбаев Ленинск қаласы мен оның тұрғындарының проблемаларын республикалық, жергілікті билік және «Байқоңыр» ғарыш айлағының басшылығымен біріге отырып шешу қажеттігін атап айтты.

Содан соң Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Білім министрлігі алқасының 1990 жылғы 19 желтоқсандағы шешімімен В.Н. Челомей атындағы Халықаралық ғарыш мектебі болып қайта құрылған Ленинск қаласының мектеп-лицейіне барды. Президент мектепке компьютер сыныбын сыйға тартты.

Н.Ә. Назарбаев В.Н. Челомей атындағы Халықаралық ғарыш мектебінің құрметті президенті болып сайланды.

16 қаңтар

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Ю.П. Усачевті Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №207, «Қызылорда облысының «Маңғыстаумұнай» өндірістік бірлестігінің «Құмкөлмұнай» мұнай-газ өндіру басқармасының бір топ қызметкерлерін Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №208, «Жезқазған облысының бір топ қызметкерлерін Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №209, «Е. Мұхамедьяровты Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №210, «Т. Исоваға, Н. Мышбаеваға, Т. Тасыбековаға «Қазақ КСР Халық әртісі» құрметті атағын беру туралы» №211, «Театр өнерінің бір топ қызметкерлеріне «Қазақ КСР Еңбек сіңірген әртісі» құрметті атағын беру туралы» №212, «Ғ.Ж. Жарылғаповқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №213, «А.И. Вольскийге, Ш. Ділдебаевқа, Л.Г. Хилинскийге «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №214, «Н.П. Карастылевке, В.Е. Клочкоға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №215, «С. Тұрлымұратовқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №216, «Р.М. Құлуевқа, Ө.Т. Тілегеновке, Т. Тойшиевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген құрылысшысы» құрметті атағын беру туралы» №217, «Н.А. Новиченкоға, Ә.Б. Тоғызовқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №218, «Ш. Жапароваға, А. Надыроваға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген халыққа білім беру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №219, «О.Б. Баймұратовқа, Р.К. Ермековаға, Ә.К. Омаровқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген ғылыми қайраткері» құрметті атағын беру туралы» №220, «А.С. Бұршақбаевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген экономисі» құрметті атағын беру туралы» №221, «Республика ішкі істер органдарының бір топ қызметкерлерін «Қоғамдық тәртіпті сақтаудағы үздік қызметі үшін» медалімен наградтау туралы» №222, «Республика ішкі істер органдарының бір топ қызметкерлерін «Қоғамдық тәртіпті сақтаудағы

үздік қызметі үшін» медалімен наградтау туралы» №223, «С.С. Айтбаевты, А.Ю. Бабичевті, М.К. Байсалбаевты және басқа жолдастарды «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» №224, «Семей облыстық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасы Өрттен қорғау бөлімі №79 Әскерилендірілген өрт сөндіру бөлімшесінің бір топ қызметкерлерін «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» №225, «Павлодар облыстық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасы Өрттен қорғау бөлімінің бір топ қызметкерлерін «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» №226 жарлықтарына қол қойды.

17 қаңтар

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «А.С. Ақбаевты Қазақ КСР Жастар істері, дене тәрбиесі және спорт жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №229 Жарлығына қол қойды.

28 қаңтар

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Прокуратурасының кеңейтілген алқа отырысына қатысып, онда прокуратура органдарының өткен жылғы жұмыс қорытындылары қаралды және заманауи жағдайларда прокурорлық бақылауды жетілдіру жөніндегі міндеттер талқыланды.

Н.Ә. Назарбаев қатысушылар алдында сөз сөйлеп, республикадағы экономикалық және саяси ахуалға, оның тұрғындарының құқықтық және әлеуметтік қорғалуына талдау жасады.

АҚПАН 1991



Дс		4	11	18	25
Сс		5	12	19	26
Ср		6	13	20	27
Бс		7	14	21	28
Жм	1	8	15	22	
Сн	2	9	16	23	
Жк	3	10	17	24	



1 ақпан

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев қызметтері ғарыш саласындағы зерттеулермен байланысты КСРО министрліктерінің, ведомстваларының, ғылыми мекемелері мен кәсіпорындарының басшыларын қабылдады.

Кездесуде экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық бағдарламасын жасау бойынша республикалық министрліктермен және ведомстваларымен бірлескен жұмыс қорытындылары талқыланды. Ю.А. Гагариннің ғарышқа ұшуының 30 жылдығына арналған іс-шараларға әзірлік барысы қаралды.

5 ақпан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «1991 жылы экономиканы тұрақтандырудың жалпы республикалық бюджеттен тыс қорын жасау туралы» №234 Жарлығына қол қойды.

7 ақпан

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев КСРО-дағы Корея Халықтық-Демократиялық Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Сон Сен Пхирді оның өтініші бойынша қабылдады.

Кездесу барысында өзара тиімді экономикалық ынтымақтастықты дамыту, КХДР мен Қазақ КСР өкілдіктерін ашу, өнер және мәдениет шеберлерінің делегацияларымен алмасу мәселелері талқыланды.

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Шаруалар одағының құрылтай съезіне қатысты.

Съезд делегаттары өзінің қоғамдық бірлестігінің жарғысын қабылдап, оның төрағасы етіп Талды-Қорған облысының XXII партсъезд атындағы ұжымшарын басқарған К.Ж. Жақатовты сайлады.

Съезге қатысушыларды Шаруалар одағының құрылуымен құттықтай отырып, Н.Ә. Назарбаев жаңа ұйымға ауыл шаруашылығындағы түбегейлі әлеуметтік-экономикалық жаңғыртуларға барынша жәрдемдесу, барлық меншік нысандарының теңқұқылы болуын қамтамасыз ету, шаруашылықтарды қалпына келтіру қажеттігін атап өтті. Осының барлығы, Қазақстан

Президентінің сөзіне қарағанда, аграрлық сектордың реттелетін нарықтық қатынастарға тездетіп көшуіне және нәтижесінде осы саладағы еңбектің түбегейлі өнімділігін арттыруға жәрдемдесуі тиіс.

Съезд жұмысының қорытындысы бойынша делегаттар Президент пен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің атына мәлімдеме қабылдады, сондай-ақ шаруаларға, жұмысшылар табына және Қазақстанның барлық азаматтарына үндеу жариялады.

8 ақпан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Кешірім жасау туралы» №235 Жарлығына қол қойды.

9 ақпан

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Компартиясы ОК III пленумының жұмысына қатысты.

ОК бірінші хатшысы өзінің сөзінде: «Бүгінгі таңда әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандырудан асқан маңызды міндет жоқ. Жағдайға нақты баға бере отырып, еліміздің бірқатар аймақтарында қоғамдық-саяси жағдайдың ушығуынан экономикадағы дағдарысты құбылыстардың күшейе түскенін және осы келеңсіз процестің табиғи салдары ретінде еңбек және өндірістік тәртіптің құлдырағанын атап көрсетуге тура келеді», — деп атап көрсетті (Қосымшаны қараңыз).

Пленум жұмысының қорытындысы бойынша «Кеңес Социалистік Республикалар Одағын сақтап қалу туралы мәселе бойынша референдум өткізумен байланысты республиканың партия комитеттерінің міндеттері туралы» қаулысы қабылданды, сондай-ақ Қазақстан Компартиясы ОК құрылымы мен аппаратының штаты бекітілді.

11 ақпан



Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының кезектен тыс III сессиясының пленарлық отырысына қатысты.

Оның жұмысына қатысу үшін бастапқы партия ұйымдары хатшыларының республикалық кеңесінің мүшелері, Жоғарғы Кеңес комиттеттерінің төрағалары, мемлекеттік кеңесшілер, Қазақ КСР Министрлер кабинетінің мүшелері, облыстық Халық депутаттары кеңестері мен облыстық атқарушы

комитеттерінің төрағалары, Кәсіподақтар федерациясы кеңесінің және Қазақстан ЛКЖО ОК хатшылары, министрліктер мен ведомстволардың басшылары, Қазақстан Компартиясының атынан Қазақ КСР халық депутаттары ғылым, мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері, әскери қызметшілер шақырылды.

Пленумда республиканың партия ұйымдарының жаңа экономикалық қатынастарға көшу жағдайында экономикалық ахуалды тұрақтандыру және халықты әлеуметтік қорғау, 1991 жылға арналған Қазақстан Компартиясының бюджеті және Қазақстан Компартиясы ОК Партиялық бақылау комиссиясының қызметі бойынша жұмысына қатысты мәселелер қаралды.

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша сөз сөйлей отырып, Н.Ә. Назарбаев: «Бүгінгі сөйленетін сөзге күні бұрын әзірлене отырып, мен оны республиканың нарық экономикасына көшуге байланысты экономикалық сипаттағы проблемаларына арнау керек екенін ескердім. Алайда саяси оқиғалардың өрбуі өзінің түзетулерін енгізіп, назарды басқа, қазір өмірлік зор маңызы бар неғұрлым көкейкесті мәселеге шоғырландыруға мәжбүр етті. Әңгіме елдің тағдыры, біздің одақтық мемлекетіміздің болашағы туралы болып отыр, ол кеңес адамдарының көпшілігінің өткір алаңдаушылық сезімін туғызуда», — деп мәлімдеді (Қосымшаны қараңыз).

Қазақ КСР Президентінің ұсынысы бойынша Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің КСР Одағы республикаларының Жоғарғы Кеңестеріне үндеуін қабылдады.

13 ақпан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР-де ауылды, селоны және аграрлық-өнеркәсіптік кешенді басым дамыту туралы» №473-XII, «Қазақ КСР-дегі кәсіпорындар туралы» №476-XII заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Республика ішкі істер органдарының бір топ қызметкерлерін «Қоғамдық тәртіпті сақтаудағы үздік қызметі үшін» медалімен наградтау туралы» №242, «Маңғыстау облыстық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасы Өрт сөндіру бөлімінің бір топ қызметкерлерін «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» №243, «Ақтөбе облыстық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасы

Өрттен қорғау бөлімінің бір топ қызметкерлерін «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» №244, «Алматы қалалық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасы Өрттен қорғау бөлімінің бір топ қызметкерлерін «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» №245, «Семей облыстық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасы Өрттен қорғау бөлімінің бір топ қызметкерлерін «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» №246, «Ж. Қоқановты «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» №247, «Ә. Қосбасаровқа «Қазақ КСР Халық ақыны» құрметті атағын беру туралы» №248, «Маңғыстау облысындағы «Прикаспий кен-металлургия комбинаты» өндірістік бірлестігінің бір топ қызметкерлерін Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №249, «Құрылыс ұйымдарының бір топ озаттарын Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №250, «Театр өнерінің бір топ қызметкерлеріне «Қазақ КСР Еңбек сіңірген әртісі» құрметті атағын беру туралы» №251, «А.И. Жақсыбаевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №252, «Ы.Е. Қарсақбаевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнер қайраткері» құрметті атағын беру туралы» №253, «С.М. Кимге «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнеркәсіп қайраткері» құрметті атағын беру туралы» №254, «В.Ф. Веселоваға, С. Қадыровқа, Ж.Қ. Сапаровқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген құрылысшысы» құрметті атағын беру туралы» №255, «В.Е. Прокофьевке «Қазақ КСР Еңбек сіңірген транспорт қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №256, «Ө.М. Мұқановқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағын беру туралы» №257, «Ф.М. Жмайловқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағын беру туралы» №258, «М.Қ. Құрманғалиеваға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген халыққа білім беру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №259, «В.В. Калугинге «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнертапқышы және рационализаторы» құрметті атағын беру туралы» №260 жарлықтарына қол қойды.

14 ақпан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Кәсіпорындардан, бірлестіктер мен ұйымдардан алынатын салық туралы» 1991 жылғы 14 ақпандағы №480-XII Заңына қол қойды.

15 ақпан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ КСР Халық депутаттарының жергілікті кеңестері туралы» №482-XII, «Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №484-XII заңдарына қол қойды.

16 ақпан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ ССР-інің 1991 жылға арналған республикалық бюджеті туралы» №490-XII, «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның қабылдануына байланысты амнистия туралы» №492-XII, «Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің комитеттері туралы» №494-XII, «Қазақ КСР Қылмыстық істер жүргізу кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №496-XII заңдарына қол қойды.

«Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның қабылдануына байланысты амнистия туралы» Заңы Қазақ КСР Президентінің бастамасы бойынша қабылданған алғашқы заң болды. Оның қабылдануы республиканың шынайы егемендікк жету жолындағы тағы бір қадамы болды.

18 ақпан

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақстанға ресми сапармен келген Қырғызстан Республикасының Президенті А.А. Ақаевпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар екі республиканың арасындағы саяси, экономикалық және мәдени байланыстардың жай-күйі мен оны одан әрі нығайту мүмкіндіктерін түбегейлі жаңа негізде — екі жаққа бірдей егемендіктерін мойындау негізінде талқылады.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақ КСР мен Қырғыз Республикасы арасындағы достық пен ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылды.

20 ақпан

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақстанға ресми сапармен келген Украина КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Л.М. Кравчукпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екі республиканың экономикасын тұрақтандыру және тұрғындарының әл-ауқатын арттыру мақсатында Қазақстан мен Украина арасындағы көлденең байланыстардың жай-күйі мен даму келешегі талқыланды.

25 ақпан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «В.И. Власовты «Қазақ КСР Өнеркәсіп министрі қызметіне тағайындау туралы» №262, «Н.Қ. Есенғаринді «Қазақ КСР Транспорт министрі қызметіне тағайындау туралы» №263, «А.К. Томашец туралы» №264 жарлықтарына қол қойды.

26 ақпан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Республика ішкі істер органдарының бір топ қызметкерлерін «Қоғамдық тәртіпті сақтаудағы үздік қызметі үшін» медалімен наградтау туралы» №265, «Көп балалы аналарды «Ана даңқы» орденімен және «Ана медалі» медалімен наградтау туралы» №266–268, «Республика азаматтарының КСРО Қарулы Күштерінде әскери қызметті өткеруіне байланысты өтініштерді қарау жөніндегі шаралар туралы» №269, «Қазақ КСР азаматтығына қабылдау туралы» №270 жарлықтарына қол қойды.

НАУРЫЗ 1991



Дс		4	11	18	25
Сс		5	12	19	26
Ср		6	13	20	27
Бс		7	14	21	28
Жм	1	8	15	22	29
Сн	2	9	16	23	30
Жк	3	10	17	24	31



2 наурыз

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев КСРО Орталық теледидарының тікелей эфирінде сөз сөйледі.

Қазақ КСР Президентінің атына телекөрермендерден мыңнан астам хаттар мен жеделхаттар келіп түсті. Н.Ә. Назарбаевқа тікелей эфир барысында 200-ден астам сұрақтар қойылды.

Телекөрермендердің сауалдарына жауап бере отырып, Н.Ә. Назарбаев одақтас мемлекеттің перспективаларына қатысты өз ұстанымын айтты: «Үш фактор кез келген мемлекетті ынтымақтастырады. Біріншісі — сыртқы әскери қауіп-қатер. Екіншісі — ортақ идеология. Үшіншісі — өзара тиімді экономика. Сондықтан да бүгінгі таңда кеңес адамы біздің үстімізге төніп тұрған қауіп-қатерді сезбейді. Әрине, перспективада, жаһандық жоспарда ол қалады. Қауіпсіздік шаралары туралы кез келген ел ойламай отыра алмайды. Алайда халықаралық жағдайдағы жылылық болашаққа сеніммен қарауға мүмкіндік беріп отыр. Ал біз тірек еткен бірыңғай идеологияға қатысты айтар болсақ, шындығына келгенде, оның бірлігі де бүгінгі таңда қалған жоқ. Менің ойымша, қоғам дамуының осы заманғы кезеңінде коммунистік идеология біршама екінші орынға ысырылып қалды. Ол жайында тура айтайық. Сондағы қалғаны не? Экономика. Ол бүгін барлығына да әсерін тигізуде. Бізге экономикадан бастау қажет...

...Міне, мен сондықтан да өз ұстанымымда қала беремін: барлығын бірдей бір арқанмен Одаққа тартуға болмайды. Халықтың еркіне, конституциялық негізде сайланған билік органдарына шындап қарау керек. Міне, сондықтан да Одақтық шарт турасында өздері үшін шешім қабылдаған республикалар оған кідіріссіз қол қойып, функцияларын анықтап, орталық құруы қажет. Мемлекет болуы керек. Елдің көп бөлігі осыны күтіп жүргеніне мен сенімдімін. Мұны Батыста да, әсіресе, әзірге кіммен жұмыс істерін білмей жүрген бизнесмендер күтуде.

Сонда барып біз барлық қиындықтарды еңсере алатын экономикалық кеңістік құрылатын болады. Бұл біздің мемлекеттік құрылысқа деген шынайы тәсіл екеніне сенімдімін».

Республикадағы қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығын сақтап қалу қалайша мүмкін болып отыр және мұны Президент өзінің еңбегі деп есептей ме деген сұрақтарға Н.Ә. Назарбаев: «Қазір біреудің еңбегі

деген әңгімелерді айту орынсыз. Біздің республикадағы халықаралық қатынастардың тұрақтылығы — бұл келешек ұрпақтың өмірімен байланысты саясат мәселесі. Біз тату көршілестік қатынастарды, халықтар достығын ата-бабаларымыздан мұраға алдық және біздің міндетіміз оны балаларымызға сол күйінде табыстау болып табылады.

...Үкімет, Қазақстандағы кеңестік, партиялық органдар халықаралық қатынастарда қатаң саясат жүргізуге тырысады. Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы декларациясында республикада тұратын барлық халықтар, барлық адамдар ұлтына, наным-сеніміне, партияға қатысына қарамай барлығы тең деп нақты атап көрсетілген. Бұл ретте, ол тек сөз ғана болып қалмайды. Бұл саясатты еш тоқтаусыз жүзеге асыруды Қазақстанның барша тұрғындары ұстанады», — деп жауап берді.

17 наурызда одақ тағдыры туралы референдум өткізу жайында Қазақ КСР Президенті республика басшылығының ұстанымын түсіндіріп берді. «Референдумды біз өткізетін боламыз, себебі КСРО Халық депутаттарының IV съезінің шешімі осындай, ал заңдар қақтығысына кіріспейміз. Алайда, негізінен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі еркін білдірген республика халқы Мемлекеттік егемендік туралы декларацияны қабылдау кезінде КСР Одағын сақтап қалу, мемлекеттің бірлігі бойынша өз пікірін айтқан болатын деп есептейміз. Мен бұған дейін айтып өткендей, кез келген ұлт азаматтарының құқықтары мен бостандықтарына кепілдіктер декларацияда бекітілген. Міне, сондықтан да, референдум үшін тұжырымдалған сұраққа бізде жауап дайын. Оның үстіне, бұл мәселе аса зор деп есептейтін мамандардың пікірімен келіспеуге болмайды. Бұл акцияны өткізу туралы жергілікті жерлерде шешімдерді республикалардың Жоғарғы Кеңестері қабылдайтын болған соң, біздің парламентте адамдардың назарын басты мәселеге аударуды жөн көрдік. «Теңқұқылы егеменді мемлекеттер одағы ретінде КСР Одағын сақтап қалуды қажет деп санайсыз ба?» — қазақстандықтардың жауап беруге тиіс сұрағы осындай. Ол референдумның басты тақырыбына толығымен жауап береді деп есептейміз, сондай-ақ республикалардың егемендігіне қатысты біздің ұстанымымызды бөліп көрсетеді».

5 наурыз

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Кешірім жасау туралы» №277 Жарлығына қол қойды.

11 наурыз

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Республика кеңесінің отырысына төрағалық етті.

Отырыста қаңтар-ақпандағы халық шаруашылығы кешені жұмысының қорытындысы шығарылды, көктемгі егістік науқанын уақытылы өткізуді қамтамасыз ету жөніндегі шаралар талқыланды, «Жеткізіп беру тәртібін нығайту туралы» Жарлығының жобасы қаралды.

Әлеуметтік құрылысты дамыту бағдарламасының аясында кеңес мүшелері республика Президентінің «Жеке тұрғын үй құрылысы мен тұрғын үй кооперациясын одан әрі дамыту жөніндегі қосымша шаралар туралы» Жарлығының жобасын талқылады.

Қарағанды көмір бассейнінің кен орындары мен шахталары басшыларының республика Президентіне жазған ұжымдық өтініші қаралды. Отырыста сондай-ақ 17 наурызда республикада референдум өткізу мәселесі де талқыланды. Отырысқа қатысушылар Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесімен қабылданған референдумға шығарылатын «Теңқұқылы егеменді мемлекеттер одағы ретінде КСР Одағын сақтап қалуды қажет деп санайсыз ба?» деген сұрағының тұжырымдалуына қолдау білдірді. Сұрақ осы түрінде бүкілодақтық референдум идеясына сәйкес келетіні және республиканың барлық азаматтарының мүдделеріне жауап беретіні атап өтілді.

12 наурыз

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Компартиясы ОК семинар-кеңесіне қатысушылармен кездесті.

Н.Ә. Назарбаев кездесу барысында: «Экономикалық құлдырау, тұтынушылық нарығындағы, қаржы саласы мен ақша айналымындағы дағдарыстық құбылыстар жағдайында, елді шарпыған саяси және ұлтаралық қақтығыстар кезінде республикадағы ахуалды тұрақсыздандыруға жол беруге болмайды. Тыныштық жағдайында нарықтық қатынастарға көшумен байланысты қиын экономикалық және әлеуметтік проблемаларды шешумен айналысуға болатындай толық келісім, әрқайсысының елдің тағдыры үшін жауапкершілігін түсінуі қажет. Адамдар жаңартылған одақ референдумында өзінің «иә» деген жауабын беріп, біртұтас мемлекетті сақтап қалу үшін өз пікірін білдіргендей, еңбек ұжымдарында, тұрғылықты мекен-жайында, бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндірме,

насихат жұмыстарын жүргізуді басты назарға қою керек. Қазіргі ең бастысы — халықты біріктіріп, елді дағдарыстан шығару. Ол үшін жобасы баспасөз бетінде жарияланған Одақтық шартқа барынша жылдам қол қою қажет», — деп атап айтты.

14 наурыз

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР Еңбек және әлеуметтік мәселелер жөніндегі мемлекеттік комитетін Қазақ КСР Еңбек министрлігі етіп қайта құру туралы» №281, «С.Д. Бейсеновті Қазақ КСР Еңбек министрі қызметіне тағайындау туралы» №282, «С.Д. Бейсенов туралы» №283 жарлықтарына қол қойды.

15 наурыз



Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақстанға ресми сапармен келген Түркия Республикасының Президенті Т. Озалмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты ынтымақтастықтың жай-күйі мен перспективалары талқыланды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақ КСР мен Түркия Республикасы арасында саяси, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, экологиялық, мәдени, гуманитарлық, ақпараттық салалардағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қ.Қ. Байкеновті Қазақ КСР Мемлекеттік кеңесшісі қызметіне тағайындау туралы» №284, «Көктемгі халықтық мереке — Наурыз мейрамы туралы» №285 жарлықтарына қол қойды.

17 наурыз



Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев жұбайы С.А. Назарбаевамен бірге КСР одағын сақтап қалу туралы мәселе бойынша бүкілодақтық референдумда дауыс берді.

18 наурыз

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев республиканың кәсіподақ белсенділерімен кездесті.

19 наурыз

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Жеке тұрғын үй құрылысы мен тұрғын үй кооперациясын одан әрі дамыту жөніндегі қосымша шаралар туралы» №286 Жарлығына қол қойды.

20 наурыз

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Алматы қалалық халық депутаттары кеңесінің сессиясына қатысып, депутаттар алдында сөз сөйледі.

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қарағанды облысына жұмыс сапарымен аттанып, онда облыс активімен және тау-кеншілер ұжымымен кездесті.

21 наурыз



Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қостанай облысында жұмыс сапарымен болды.

Сапар барысында Н.Ә. Назарбаев дизельді қозғалтқыш жасау зауытына, химиялық талшық шығару зауытына, мауыты-шұға комбинатына барып, осы кәсіпорындардың ұжымдарымен кездесті.

Содан кейін Президент Рудный қаласында болып, Сарыбай кенішінің карьерін қарап шықты және құрылысы салынып жатқан көмір композитін өндіретін химиялық зауытпен танысты.

22 наурыз

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қостанай облысына жұмыс сапары барысында «Притобольск» кеңшары мен Ю.А. Гагарин атындағы оқу шаруашылығына барды, сондай-ақ Урицкий ауданының бірқатар шаруашылықтарын қарап шықты.

25 наурыз

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев өнеркәсіп, құрылыс және одақтық және республикалық маңызы бар көлік кәсіпорындарының басшыларымен кеңес өткізді.

Өз сөзінде Н.Ә. Назарбаев бұл кездесуді өткізу қажеттілігінің себебі бірқатар халық шаруашылығы

проблемаларының асқынуына, елдегі, сондай-ақ жалпы Қазақстандағы экономикалық өмірдің тұрақсыздануына байланысты болғанын атап айтты.

«Мемлекеттік кәсіпорындар — біздің экономикамыздың негізі. Сондықтан да біз кәсіпорындардың басшыларынан қалыптасып келе жатқан нарық жағдайында тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету бойынша ұсыныстарды қабылдағымыз келеді», — деді Президент.

26 наурыз

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Республика халқының азық-түлік өнімімен өзін-өзі қамтамасыз етуі үшін жағдайлар жасау жөніндегі шұғыл шаралар туралы» №288 Жарлығына қол қойды.

27 наурыз

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласында өткен «Арал — әлемнің қайғы-қасіреті» атты халықаралық дөңгелек үстелге қатысушыларды қабылдады.

28–29 наурыз



Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Алматы облысында жұмыс сапарымен болды.

Қаскелең ауданында Н.Ә. Назарбаев Шамалған бекетіндегі астық өнімдері комбинатына, «Достық», О.Қ. Жандосов атындағы, «Ленин», «Абай» кеңшарларының бірқатар өндірістік бөлімшелеріне барды.

Жамбыл ауданында Н.Ә. Назарбаев Жамбыл атындағы кеңшарға барып, Қазақ ғылыми-зерттеу технологиялық қой шаруашылығы институтының және №6 орта кәсіби-техникалық училищесінің ұжымдарымен кездесті.


30 наурыз



Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев бір топ өндіріс озаттарын, ғылым және мәдениет қайраткерлерін қабылдап, оларға КСРО және республиканың мемлекеттік наградаларын табыс етті.

СӘУІР

1991



Дс	1	8	15	22	29
Сс	2	9	16	23	30
Ср	3	10	17	24	
Бс	4	11	18	25	
Жм	5	12	19	26	
Сн	6	13	20	27	
Жк	7	14	21	28	



3 сәуір

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Алматы лазерлік технология жөніндегі инженерлік орталығына барды.

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев «Социалистік Қазақстан» газеті редакциясының ұжымымен кездесті.

Тілшілермен әңгімелесу барысында Н.Ә. Назарбаев республика дамуының өзекті әлеуметтік-экономикалық және саяси проблемалары туралы айтып берді. Нарықтық қатынастарға көшудің маңызды аспектілеріне ерекше назар аударылды. Президент экономика құрылымына сәйкес Қазақстан басқа одақтас республикалармен салыстырғанда тең емес старттық жағдайда болуына қарамастан, ол кәсіпкерлікті, шаруашылық бастамаларын дамытудың, шетел капиталын тартудың, ең жаңа технологиялар мен техникаларды енгізудің аса зор әлеуетіне ие екенін атап айтты. КСР Одағы республикаларымен сыртқы экономикалық байланыстар мен қатынастарды кеңейту қажет. Бұл орайда, кадрларды даярлау, оның ішінде, шетелде даярлау мәселелері ерекше маңызға ие.

Кездесу барысында Арал теңізі мен Семейдегі Ертіс маңы аудандарының экологиялық ахуалының өткір тұрған мәселелері көтерілді. Президент экологиялық нашар елді мекендердің тұрғындарына төленетін өтемақылар туралы хабарлады.

Сөзінің соңында Н.Ә. Назарбаев қазіргі күрделі жағдайда тілшілерден түбегейлілік, батылдық, фактілерді келтірудегі нақтылық, сындарлы шешімдерді іздеу ерекше талап етілетінін атап айтты. Республика баспасөзінің бірінші кезекті міндеті — халықты біріктіру үшін барлық күш-жігерді жұмсау.

4 сәуір

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Кәсіпорындарға, бірлестіктерге, ұйымдарға және азаматтарға салық салу тәртібіндегі өзгерістер туралы» №296 Жарлығына қол қойды.

5 сәуір

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Кешірім жасау туралы» №297, «Өлім жазасына — атуға

кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» №298 жарлықтарына қол қойды.

8 сәуір

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «М. Қарабалиевты, С. Мұқановты Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №303, «Қ. Нұрыновты, Г.И. Яковлевті Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №304, «М.А. Потапованы Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №305, «Р. Әшірбековаға «Қазақ КСР Халық әртісі» құрметті атағын беру туралы» №306, «А. Оразбековке «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №307, «Театр өнерінің бір топ қызметкерлеріне «Қазақ КСР Еңбек сіңірген әртісі» құрметті атағын беру туралы» №308, «В.А. Кошелевке, С.И. Көшекбаевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген транспорт қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №309, «Құрылыстың бір топ қызметкерлеріне «Қазақ КСР Еңбек сіңірген құрылысшысы» құрметті атағын беру туралы» №310, «В.И. Боровиковқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнеркәсіп қайраткері» құрметті атағын беру туралы» №311, «А.Ш. Адаевқа, Д.А. Кочегаровқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағын беру туралы» №312, «Халыққа білім беру ісінің бір топ қызметкерлеріне «Қазақ КСР Еңбек сіңірген халыққа білім беру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №313, «Д.Д. Түркбенбаеваға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген экономисі» құрметті атағын беру туралы» №314 жарлықтарына қол қойды.

11 сәуір

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Ақтөбе облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында Республика кеңесінің көшпелі отырысына қатысты.

Отырыста республиканың бірінші тоқсандағы халық-шаруашылық кешені жұмысының қорытындысы, сондай-ақ көктемгі егістік жұмыстарына дайындық мәселелері қаралды. Президент Н.Ә. Назарбаев Үкіметке, министрліктер мен ведомстволарға, жергілікті Кеңестерге жалпыодақтық өндіріс пен материалдық-техникалық қамсыздандыру теңгерімсіздігі жағдайында республиканың әрбір кәсіпорнының одан әрі дамуы мен жұмыс істеу бағдарламасын әзірлеу қажеттігін көрсетті. Ең алды-

мен, бұл ауыр өнеркәсіп, құрылыс, сондай-ақ халық шаруашылығы үшін аса маңызды цемент және кірпіш зауыттары секілді кәсіпорындарға қатысты. Облыс басшыларының ерекше назары мал шаруашылығы өнімдерінің өндірісін кідіріссіз ұлғайту қажеттігіне аударылды.

Айтылған ескертулерді ескере отырып, республиканың Министрлер кабинетіне экономиканы тұрақтандыру бойынша нақты шаралар қолдану туралы қаулы қабылдау тапсырылды.

Отырыста Қазақ КСР Президенті жанындағы Республика кеңесі туралы қағиданың жобасы қаралып, мақұлданды.

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Ақтөбе қаласының өнеркәсіптік кәсіпорындарына барды және облыстық партиялық-шаруашылық активінің жиналысына қатысты.

12 сәуір



Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қызыл-Орда облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында Ленинск қаласында өткен Жер шарының тұңғыш ғарышкері Ю.А. Гагариннің ғарышқа ұшқанына 30 жыл толуына арналған мерекелік шараларға қатысты.

16 сәуір

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев КСРО Жоғарғы Кеңесінің Халықаралық істер жөніндегі комитетінің төрағасы, КОКП ОК хатшысы А.С. Дзасоховпен бірге Алматы қаласында «Мерей» жиһаздық бірлестігінің ұжымымен кездесті.

Сол күні Н.Ә. Назарбаев пен А.С. Дзасоховтың С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің студенттерімен және ұстаздарымен кездесуі болып өтті.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Бөлшек сауда бағаларының реформасына байланысты оқушылар мен студенттерді әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар туралы» №315 Жарлығына қол қойды.

17 сәуір

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР Президенті жанындағы Республика кеңесі туралы ережені бекіту жөнінде» №316 Жарлығына қол қойды.

Республика кеңесі — 1991 жылғы 17 сәуірдегі Президент Жарлығымен құрылған Қазақ КСР Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган. Кеңестің міндеті Қазақ КСР ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын іске асыру бойынша нұсқаулар жасап шығару болатын.

Республика кеңесінің құрамына лауазымдары бойынша Қазақ КСР вице-президенті, Қазақ КСР Премьер-министрі, облыстардың және Алматы қалалық халық депутаттары кеңесінің төрағалары, сондай-ақ Қазақ КСР Президентінің Жарлығымен оның өкілеттілік мерзімінде тағайындалатын тұлғалар кірді.

18 сәуір

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев КСРО Жоғарғы Кеңесінің Халықаралық істер жөніндегі комитетінің төрағасы, КОКП ОК хатшысы А.С. Дзасоховпен бірге Алматы қаласы және Алматы облысының идеологиялық активімен кездесті.

Н.Ә. Назарбаев өзінің сөйлеген сөзінде нарықтық қатынастарға көшумен туындаған бірқатар проблемаларға тоқталды. «Бүгін адамдарды алаңдатып отырған басты мәселе — ол сөзсіз баға реформасы және онымен байланысты халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі іс шаралар кешені. Бөлшектеп сату бағасының өсуі — бұл өндірісті кеңейтуді, өнеркәсіп тауарларымен бірге ауылшаруашылық өнімдерін ынталандыру мақсатында көтерме бағалардың көтерілуімен іле-шала жасалған амалсыз қадам», — деп атап өтті Президент.

Қазір халықтың қаржы шығынын барынша жылдам қалпына келтіру қажет. Ол үшін Қазақстанда көп жұмыс атқарылуда. Жер-жерде өтемақы төлемдері жасалуда және бұл тұрғыда кейін қалушылыққа жол бермеу өте маңызды. Бұған дейін белгіленген төлемдерден басқа бізде студенттердің шәкіртақылары көтерілді, бірінші-төртінші сыныптардың оқушыларына ақысыз тамақ енгізілді, барлық басқа оқушылар үшін жеңілдіктер көзделді. Кейбір кәсіпорындар өз қызметкерлеріне қосымша ақыны өздері белгілейді. 5% үстемеден бірқатар азық-түлік және басқа тауарлар босатылды.

Дәл осындай шығындарды өтеу, жаңа мүмкіндіктер туындаған сайын халыққа қосымша қаржылай қолдау көрсету жолымен жүру қажет».

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев А.С. Дзасоховпен бірге Алматы облысы Талғар ауданының «Панфилов» кеңшарына жүріп кетті.

19 сәуір

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласында Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында өткен В.И. Лениннің туғанына 121 жыл толуына арналған салтанатты жиналысқа қатысты.

22 сәуір

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің мәселелері» №318 Жарлығына қол қойды.

25 сәуір

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы, КОКП ОК Саяси бюросының мүшесі Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында өткен ОК және КОКП ОБК XXIV пленумына қатысты.

Өз сөзінде Н.Ә. Назарбаев елдегі қазіргі жағдайға сараптама жасады: «...Елдегі қазіргі саяси, экономикалық жағдай мынадай деуге болады, біз өте таяу арада ұзаққа созылатын көпжылдық стагнацияның жаңа иіріміне, гиперинфляцияға еніп, соңғы 6 жылда өсірудің сәті түскен қайта құрудың әлсіз жас өскіндерінің өзін өз қолымызбен жоямыз. Бұл пессимизм емес. Меніңше, бұл — мақсаты халықтың шынайы мұң-мұқтажы мен уайымынан мүлде алыс өріс алған саяси күрестің бағдарларын нақты талдау. КОКП үшін сындарлы сәт келді. Қазір өмірдің өзі коммунистерден біздің Жарғымыздағы: Кеңес Одағының Коммунистік партиясы авангард, еңбекшілердің мүдделерін білдіруші болып табылады ма деген басты пункті бойынша емтихан алуда. Оның үстіне, есеп тіпті айларға ғана емес, осында дұрыс айтылып жатқанындай, апталарға, күндерге жүріп жатыр. Егер бұдан әрі алдын алатын маңызды

ештеңе қабылданбаса, оқиғалар жойқын сипат алады. Ереуілдер мен митингілердің қуатты толқыны арқылы бұл қазірдің өзінде көрініп отыр. Алда біздің бұдан да қиын кезеңдер күтіп тұр және бұл туралы ашық айтуымыз керек» (Қосымшаны қараңыз).

Сөзінің соңында Қазақ КСР Президенті: «Экономикалық жаңғыртулардың кез келген іркілісі қиындықтардың тереңдей түсуіне ғана әкеледі. Егер біз халықтың көбінің қолдауын тапқан нақты тұжырымдамаларды шұғыл іске асыра бастамасақ, нарықтық қатынастарға қарай батыл қадамдар жасамайтын болсақ, бірнеше айдан кейін-ақ біз бастаған демократиялық өзгерістер жолы тоқтап қалуы әбден мүмкін. Тарихи заңдылық көрсеткендей, ел бәрібір нарыққа қарай жол тартады, алайда енді басқа, бірақ тым қатаң үлгі бойынша өтуі мүмкін. Әлемдік тәжірибеде оның үлгісі жетіп артылады.

Бәсекелессіз нарық өлі және уға қарсы дәріден зәрлі затқа айналып кетуі мүмкін екенін бізге нақты анықтап алу қажет. Ішкі шаралармен ғана бәсекелестік жүйесін жылдам құруға үміттену — бұл еліктіру ғана. Шетел тауарлары үшін экономиканы ашып, бағаны босату қажет. Осы негізде ең болмағанда валютаның ішкі айырбасталымына көшу керек. Жабық экономикамен, шетел капиталын тартпай, нарықты шетел және өз тауарларымызбен молайтпай, елімізге терең дағдарыстан шығу оңай болмайды, оны әлемдік тәжірибеден де байқауға болады», — деп атап айтты.

26 сәуір

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Республикалық валюта қоры туралы» №320 Жарлығына қол қойды.

МАМЫР

1991



Дс		6	13	20	27
Сс		7	14	21	28
Ср	1	8	15	22	29
Бс	2	9	16	23	30
Жм	3	10	17	24	31
Сн	4	11	18	25	
Жк	5	12	19	26	



1 мамыр



Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласындағы жаңа алаңда өткен Еңбекшілердің халықаралық ынтымақтастық күнін мерекелеуге арналған бірінші мамыр шеруіне қатысты.

18 мамыр

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында өзінің «Әділеттің ақ жолы» кітабының тұсаукесеріне арналған баспасөз мәслихатына қатысты.

«Бұл кітап өзімнің өмірлік тәжірибемнің, партиялық және мемлекеттік иерархияның түрлі салаларындағы (бастапқы звенодан бастап республика басшылығына дейін) жұмыс тәжірибемнің негізіндегі қалауымнан, көз алдымда өткен соңғы 6 жылдағы қайта құру оқиғалары, саяси, экономикалық үдерістер туралы айтқым келгендіктен жарық көрді.

Біздің қиын уақытымызда кітап өзімнің үнемі айтып жүрген басты идеяма — қоғамды біріктіруге қызмет етеді деп үміттенемін», — деп атап өтті Н.Ә. Назарбаев.

20 мамыр

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев РКФСР Министрлер кеңесінің төрағасы И.С. Силаев басқарған үкіметтік делегацияны қабылдады.

Әңгімелесу барысында бұған дейін орнатылған екі республика арасындағы өзара тиімді негіздегі тікелей жан-жақты байланыстар іс жүзіндегі іс-қимыл саласына ауысқаны және өзінің тиімділігін дәлелдеп үлгергені жайлы айтылды. Алайда, әсіресе экономика саласындағы қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру механизмі дұрыс жолға қойылған жоқ.

Орталық пен республикалар арасындағы өзара әрекеті бұзылған, материалдық-техникалық қамсыздандыру теңгерімсіздендірілген кезде, көптеген кәсіпорындарды және бүтін бір салаларды ауыр жағдайға қойып, міндеттемелер бойынша жеткізіп берулер орындалмаған жағдайда оны толық қуатымен жұмыс істету аса маңызды.

Екіжақты келісімдерді нақты мазмұнмен толықтыру бұл теріс әсерлі факторларды еңсеріп, екі республиканың да халық шаруашылығы кешендерінің

жұмысын тұрақтандыруға мүмкіндік береді. Бұл жерде сөз биылғы жылға белгіленген уағдаластықтарды іске асыру жайында ғана емес, сонымен қатар ынтымақтастықтың берік негізін қалау және оны 1992 жылы әртүрлі бағыттар бойынша кеңейту туралы болып отыр.

Тараптар Қазақстан мен Ресейдің жекелеген өңірлері мен облыстары арасындағы тікелей байланыстарға шығу, республикалық концерндер мен қоғамдастықтарды құру, экономиканы нарықтық қатынастарға көшірудің тиімді формаларын жасап шығару мақсатында күш біріктіру қажеттігін атап көрсетті.

22 мамыр

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Грекияда демалыспен болған кезінде осы елдің астанасы Афины қаласында Грекия Республикасының Премьер-министрі К. Мицотакиспен кездесті.

Әңгіме барысында Қазақстан мен Грекияның өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы салаларындағы ынтымақтастығының перспективалары талқыланды.

Н.Ә. Назарбаев К. Мицотакисті оның алда болатын КСРО-ға ресми сапары барысында Қазақстанға келуге шақырды.

Сол күні Н.Ә. Назарбаевтың «Бүкілгрекиялық социалистік қозғалыс» (ПАСОК) жетекші оппозициялық партиясының көшбасшысы А. Папандреумен және Грекия Коммунистік партиясының көшбасшысы А. Папаригамен, Грекияның бірқатар министрліктері басшыларымен, іскерлік орта өкілдерімен кездесулері болып өтті.

23 мамыр

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Кешірім жасау туралы» №322, «Қазақ КСР азаматтығына қабылдау туралы» №326 жарлықтарына қол қойды.

24 мамыр

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Зыряновск қаласының 200 жылдығына байланысты Зыряновск қалалық халық депутаттары кеңесіне және қалалық партия комитетіне құттықтау жеделхаттарын жолдады.

28 мамыр



Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев республиканың экономикасымен танысу мақсатында келген КСРО Президенті М.С. Горбачевпен Көкшетау облысы бойынша жұмыс сапарында еріп жүрді.

Сапар барысында Н.Ә. Назарбаев пен М.С. Горбачев Көкшетау қаласындағы «Синегорье» кооператорлар дүкеніне, Жамантұз аудандық арнайы шаруашылық бірлестігіне, облыстың Щучье ауданындағы «Златопольский» кеңшарына барды.

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев «Ұлы Жібек жолы» ЮНЕСКО халықаралық экспедициясына қатысушыларға құттықтауын жолдады.

«Ұлы Жібек жолы» ЮНЕСКО халықаралық экспедициясының бағдарламасы Венециядан Жапонияға теңіз арқылы өту, содан кейін құрлықпен Қытай аумағы арқылы жүру және, ақырында, Орталық Азияның далалық кезеңінен кіретін үш кезеңнен тұрды.

29 мамыр

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев КСРО Президенті М.С. Горбачевпен Шымкент облысы бойынша жұмыс сапарында еріп жүрді.

Сапар барысында облыстың аудандары басшыларының қатысуымен кеңес болып өтті, сондай-ақ XXI партсъезд атындағы кеңшарға және «Шымкентшина» өндірістік бірлестігіне барды.

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев КСРО Президенті М.С. Горбачевпен бірге Алматы қаласына аттанды.

30 мамыр

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев КСРО Президенті, КОКП ОК бас хатшысы М.С. Горбачевтің қатысуымен республикалық актив жиналысын өткізді.

Н.Ә. Назарбаев өзінің сөйлеген сөзінде елдегі және республикадағы қазіргі экономикалық жағдайға талдау жасады. «Экономикалық дамудың стратегиясы

мен тактикасындағы ірі олқылықтар мен қателіктердің себебі қайта құрудың маңызды шешімдерінің үнемі кешігіп қабылдануында екені, меніңше, қазір жұрттың бәріне айқын. Мұның өзі орталықтың, сондай-ақ республикалардың, жергілікті өкімет органдарының ортақ тақсыреті мен қырсығы. Іс жүзінде біз экономиканы басқарудың тиімділігі төмен, өзіне түпкілікті дақ түсірген әкімшіл-әміршіл жүйесіне жан бітіруге үнемі әрекет жасап келдік. Ендеше түңілушіліктің ащы дәмін алдағы уақытта татпау үшін таптаурын соқпаққа қайтадан түспейік.

... Мемлекет басшысы ретінде, Сіз, Михаил Сергеевич, мұны көрмеуіңіз мүмкін емес. Бүгін таңда, меніңше, түпкілікті таңдау жасайтын мезгіл жеткен сияқты. Қай жаққа қарай жүру керек екенін Сіз айқындап алдыңыз: Президент ретінде КСРО халық депутаттарының съезінде және КОКП Орталық комитетінің бас хатшысы ретінде партияның XXVIII съезінде — өзгерістер жолымен ілгері басу керек, ал экономикада нарыққа қарай ілгерілеу керек, дедіңіз. Енді, тегінде, екінші қадамды жасау — осы ілгерілеуге бөгет болатын нәрседен ендігі жерде іргені ажырату керек» (Қосымшаны қараңыз).


31 мамыр

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев өз жанындағы Республика кеңесі мен Жоғары экономикалық кеңестің бірлескен отырысына төрағалық етті.


Отырыста Қазақ КСР Жоғарғы экономикалық кеңесімен және Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен жасалған Қазақ КСР-дегі меншікті мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру бағдарламасының жобасы талқыланды.

Отырыс қорытындысы бойынша Қазақ КСР Министрлер кабинетіне, Жоғары экономикалық кеңесіне, Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне айтылған ескертпелерді есепке ала отырып, ғалым-экономистердің қатысуымен жобаны түзету тапсырылды.

МАУСЫМ 1991



Дс		3	10	17	24
Сс		4	11	18	25
Ср		5	12	19	26
Бс		6	13	20	27
Жм		7	14	21	28
Сн	1	8	15	22	29
Жк	2	9	16	23	30




3 маусым

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында КСРО Президенті М.С. Горбачевтің төрағалығымен өткен жаңа Одақтық шарт жобасымен жұмысты аяқтау жөніндегі әзірлік комитетінің кезекті отырысына қатысты.

Отырысқа сондай-ақ КСРО Жоғарғы Кеңесінің төрағасы А.И. Лукьянов, КСРО Жоғарғы Кеңесі Ұлттар кеңесінің төрағасы Р.Н. Нишанов, РКФСР, Украина КСР, Белоруссия КСР, Өзбек КСР, Қазақ КСР, Қырғызстан Республикасы, Тәжік КСР, Түрікмен КСР, Әзірбайжан КСР, автономиялық республикалардың бірінші басшылары қатысты.

Отырысқа қатысушылар болашақ федерацияның жаңа атауын Кеңестік Егеменді Республикалар Одағы деп атау туралы мәселесі бойынша келісімін мақұлдады.

4 маусым



Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы IV сессиясының пленарлық отырысына қатысты.

Отырыста Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің қызметін жетілдіру мәселелері қаралды.

Сондай-ақ бірінші оқылымында Қазақ КСР «Ең төмен тұтыну бюджеті туралы» Заңының жобасы және «Бұқаралық ақпарат құралдарымен КСР Жоғарғы Кеңесінің, оның тұрақты комиссиялары мен комитеттерінің отырыстарын жариялау тәртібі туралы» Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің қаулысы қабылданды.

5 маусым

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы IV сессиясының таңғы пленарлық отырысына қатысты.

Отырыста «Ең төмен жалақы және еңбекке ақы төлеу саласындағы мемлекеттік әлеуметтік кепілдіктер туралы», «Тұтыну тауарлары мен қызметтер бағасының өсуін ескере отырып, халықтың ақшалай табыстарын индекстеу туралы» заңдардың жобалары қаралып, қабылданды.

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы

Кеңесі он екінші шақырылымы IV сессиясының кешкі пленарлық отырысына қатысты.

Н.Ә. Назарбаев Жоғарғы Кеңесті КСРО Президенті М.С. Горбачевтің төрағалық етуімен Мәскеу қаласында 1991 жылғы 3 маусымда өткен жаңа Одақтық шарт жобасымен жұмысты аяқтау жөніндегі әзірлік комитеті отырысының қорытындысы туралы хабардар етті.

Отырыста сондай-ақ «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңы мен «1991 жылға арналған жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына меншік және шаруашылық жүргізу түрлеріне қарамастан кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, кооперативтер мен басқа жұмыс берушілердің аударатын міндетті аударымдарының мөлшері туралы» қаулысы қаралып, қабылданды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Тұтыну тауарлары мен қызметтер бағасының өсуін ескере отырып, халықтың ақшалай табыстарын индекстеу туралы» №638-XII, «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» №640-XII заңдарына қол қойды.

6 маусым

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев КСРО-дағы Үндістан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі А.С. Гонсалвесті қабылдады.

Кездесу барысында республикадағы ағымдық саяси және әлеуметтік-экономикалық ахуал, сондай-ақ Қазақстан мен Үндістан арасындағы экономикалық байланыстарды дамыту перспективалары талқыланды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қожа Ахмет Яссауи атындағы Түркістан мемлекеттік университетін ашу туралы» №329 Жарлығына қол қойды.

7 маусым

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР Жаңа экономикалық құрылымдарды қолдау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі мемлекеттік комитетін құру туралы» №330, «Өндіріс озаттарын Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №332, «Қ.Қ. Байжановқа, В.Т. Лысенкоға, Л.П. Петрова-Тыщенкоға, Л.Ф. Пономаревке,

К. Оразовқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №333, «М.С. Сақыповты «Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №334, «Б.И. Турищевті «Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №335, «Н.Н. Оразовты «Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №336, «П.П. Пиуновты «Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №337, «И.А. Никольскаяны, Л.И. Пинчукті «Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №338, «Ж. Есіркеповті «Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №339, «Ж.Е. Ендібаевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген құрылысшысы» құрметті атағын беру туралы» №340, «М.Ф. Жақсылықовқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген архитекторы» құрметті атағын беру туралы» №341, «В.Г. Разумовқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген транспорт қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №342, «А.И. Белогороховқа, Т.К. Беркінбаевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген байланыс қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №343, «Н.С. Гавринге, Ф.А. Захарченкоға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №344, «Т. Мақұлбаевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген экономисі» құрметті атағын беру туралы» №345, «Қ. Ахмедияровқа «Қазақ КСР Халық әртісі» құрметті атағын беру туралы» №346, «Ф.Ш. Дәулетқожаеваға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №347, «А.А. Батцельге, Ю.О. Имировқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №348, «В.И. Гамалейге, А.В. Мироновқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген білім беру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №349, «Е.М. Шайхутдиновке «Қазақ КСР Еңбек сіңірген ғылым қайраткері» құрметті атағын беру туралы» №350, «В.Н. Березовскийге «Қазақ КСР Еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағын беру туралы» №351, «Солтүстік Қазақстан облыстық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасы Өрттен қорғау бөлімінің бір топ қызметкерлерін «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» №352, «Целиноград облыстық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасы Өрттен қорғау бөлімі №133 Әскерилендірілген өрт сөндіру бөлімшесінің бір топ қызметкерлерін «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы»

№353, «М.И. Пастуховты, А.И. Яковенконы «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» №354, «Республика ішкі істер органдарының бір топ қызметкерлерін «Қоғамдық тәртіпті сақтаудағы үздік қызметі үшін» медалімен наградтау туралы» №355 жарлықтарына қол қойды.

8 маусым

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы IV сессиясының пленарлық отырысына қатысты.

Отырыста «Қазақ КСР-дегі мемлекеттік меншікті қайта құру туралы (мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы)» Заңының жобасы қаралды. Талқылау қорытындысы бойынша айтылған ұсыныстар мен ескертпелерді ескере отырып заң жобасын түзету үшін келісуші комиссия құрылды.

10 маусым

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласына АҚШ-тан гуманитарлық жүктің жеткізілуі қарсаңында КСРО-дағы Америка Құрама Штаттары Елшілігінің бірінші хатшысы Дж. Динді және АҚШ гуманитарлық көмек бағдарламасының директоры Б. Земцовты қабылдады.

Қазақ КСР Президенті меймандар арқылы Америка Құрама Штаттарының Президенті Дж. Бушқа хат жолдады.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР-дегі инвестициялық қызмет туралы» №653-XII Заңына қол қойды.

11 маусым

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу туралы» №656-XII, «Қазақ КСР-дегі құнды қағаздар айналысы және қор биржасы туралы» №659-XII заңдарына қол қойды.

12 маусым

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ теледидары

арқылы тікелей эфирде сөз сөйлеп, көрермендердің Одақтық шартқа қол қоюмен, дағдарысқа қарсы бағдарламаны іске асырумен, экономиканың нарықтық қатынастарға өтуімен байланысты сауалдарына жауап берді.

13 маусым

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев республикадағы агроөнеркәсіп кешенінің еңбек озаттарына наградаларды табыс етті.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР-дегі валюталық реттеу туралы» №661-XII, «Қазақ КСР 1991 жылға арналған республикалық бюджеті туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №662а-XII, «Тауар биржалары туралы» №663-XII заңдарына қол қойды.

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қарағанды облысына жұмыс сапарымен аттанып, онда келісімен Қарағанды қаласындағы медициналық орталыққа барды.

14 маусым

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қарағанды облысына жұмыс сапары барысында Т. Күзембаев атындағы шахтаға түсіп, кеншілермен кездесті.

Одан кейін Н.Ә. Назарбаев Қарағанды таулы-шахталы жабдықтар зауыты мен Қарағанды тұрмыстық техника зауытына барды, мемлекеттік ауыл-шаруашылық тәжірибелік стансасын, Б. Айділдиннің шаруа қожалығын қарап шықты.

15 маусым

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қарағанды облысына жұмыс сапары барысында Теміртау қаласындағы Қарағанды металлургия комбинатына барып, онда КСРО Көмір өнеркәсібінің министрі М.И. Щадовпен, КСРО Металлургия министрі О.Н. Сосковецпен, КСРО Радиоөнеркәсіп министрі В.И. Шимкомен кездесті.

Кездесу барысында бірыңғай республикалық тапсырыс пен өндірістік бағдарламаларды қалыптастыру, өнеркәсіптік бірлестіктер мен кәсіпорындардың экономикалық дербестігін нығайту үшін жағдайлар жасау, әлеуметтік-экономикалық даму міндеттерін шешудегі өзара әрекет ету мәселелері қаралды.

Кездесу қорытындысы бойынша «Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың КСРО Көмір өнеркәсібінің министрі М.И. Щадовпен, КСРО Металлургия министрі О.Н. Сосковецпен, КСРО Радиоөнеркәсіп министрі В.И. Шимкомен кездесуі туралы» коммюникеге қол қойылды.

Осы актіні салалық және салааралық өзара байланыстарды сақтай және дамыта отырып, әрбір кәсіпорынның тиімді қызмет етуіне республиканың мүдделестігі мен жауапкершілігін қамтамасыз ету ретінде қарастыратын құжатта кәсіпорындарды Қазақстанның қарамағына ауыстыруды жүзеге асырудың мақсаттылығы мен қажеттілігі мақұлданды.

Коммюникеде сондай-ақ кәсіпорындар мен ұйымдар қызметкерлерінің республика өңірлері мен салаларының ерекшеліктерін ескере отырып, еңбекақысын төлеу және әлеуметтік қорғау реформасы бойынша іс-шаралар ескерілді.

Қол қойылған құжатты іске асыру мақсатында тиісті салалық және республикалық органдардың басшыларына Қазақстанда орналасқан кәсіпорындардың тиімді қызметін дамытуды қамтамасыз ету бойынша нақты келісімдер мен бағдарламаларды шұғыл даярлау туралы тапсырмалар берілді.

Қарағанды металлургия комбинаты — КСРО ең ірі металлургиялық кәсіпорындарының бірі болған. Қарағанды облысы Теміртау қаласында орналасқан. 1970 жылы Қарағанды металлургиялық зауытының базасында құрылған.

1960 жылы Қарағанды металлургиялық зауытында Н.Ә. Назарбаев домна пешінің горновойы ретінде еңбек жолын бастады.

Сол күні Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Казахстанская правда» газетінің тілшісіне сұхбат берді.

«Ең бастысы — шахтерлардың талаптарын орындау. Мен олармен шілденің басында кездесуге уәде еткен едім. Оны ертеректеу өткізуге мүмкіндік туды... Мен қарағандылық шахтерларға үндеуімді дұрыс

қабылдағандары үшін ризашылығымды білдіремін. Олар да дұрыс істегенін сөзсіз түсінген болар. Біздің бассейн — әзірге өз шотында жоспардан тыс көмірі бар елдегі жалғыз бассейн болып табылады. Оның 500 мың тоннасын шетелге сату үшін келісім шарттарға да қол қойылды. Саудадан түскен валютаның 60% тікелей өндірушілер болып табылатын шахтерларға беру туралы шешім бар. Әрине, оның барлығын тауар мен азық-түлікке жіберу дұрыс болмас еді. Алайда, орын алған жағдайға байланысты азық-түлік пен халық тұтынатын тауарлармен қамтамасыз етуде дәл соны жасауға тура келіп отыр. Дегенмен, валютаның қалған бөлігіне өңдеу және басқа да салалардың кәсіпорындары үшін заманауи технологиялық жабдықтарды сатып алу аса маңызды…».

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Транспорт коммуникацияларын жауып тастау және транспорттың қалыпты да қауіпсіз жұмысына қол сұғатын басқа да заңсыз әрекеттер үшін қылмыстық жауапкершілік туралы» және «КСРО әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілік туралы» КСРО заңдарына байланысты Қазақ КСР кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №667-XII, «Қазақ КСР заңдарын және Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі мен оның органдары, Қазақ КСР Президенті қабылдаған басқа да актілерді жариялау және күшіне енгізу тәртібі туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер енгізу туралы» №668-XII заңдарына қол қойды.

16 маусым

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Павлодар облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында Екібастұз қаласындағы «Восточный» және «Богатырь» көмір кеніштеріне барды.

17 маусым

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР Халық депутаттары жергілікті кеңестерінің тұрақты комиссиялары туралы» №670-XII, «Ең төмен тұтыну бюджеті туралы» №671-XII, «Ең төмен жалақы және еңбекке ақы төлеу саласындағы мемлекеттік әлеуметтік кепілдіктер туралы» №672-XII, «Қазақ

ҚСР-де азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы» №675-XII заңдарына қол қойды.

18 маусым

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР-де айналадағы табиғи ортаны қорғау туралы» №679-XII Заңына қол қойды.

20 маусым

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы IV сессиясының пленарлық отырысына қатысты.

Қазақ КСР Ұлттық мемлекеттік банкінің жарғысы қаралған соң, қабылданды.

Сессияда «Қазақ КСР-дегі мемлекеттік тапсырыс туралы» қаулы қабылданды.

Депутаттар сондай-ақ Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің қызметін жетілдірумен байланысты заңнамалық актілердің жобаларын қабылдады. Нәтижесінде, «Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің қызметін жетілдіру туралы» қаулысы мен «Қазақ КСР Конституциясына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы қабылданды.

Отырысқа екінші оқылымдағы «Қазақ КСР-дегі мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заң жобасы енгізілді, оның қаралуы 25 маусымға шегерілді.

Сондай-ақ кейбір облыстық және Алма-Ата қалалық соттарының құрамдары туралы мәселе қаралды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №687-XII Заңына қол қойды.

21 маусым

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы IV сессиясының таңғы пленарлық отырысына қатысты.

«Шаруашылық серіктестіктері мен акционерлік қоғамдар туралы», «Қазақ КСР-де мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы», «Алкоголизммен және нашақорлықпен ауыратын адамдарды еріксіз ем-

деу мәселелері жөніндегі Қазақ КСР заң актілеріне өзгерістер енгізу туралы» заңдары қаралып, қабылданды.

Ұйымдастыру мәселелерін қарастыра отырып, Жоғарғы Кеңес Ұлттық саясат, мәдениет пен тілді дамыту жөніндегі комиссияны Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің сәйкес комитеті етіп қайта құрды.

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы IV сессиясының кешкі пленарлық отырысына қатысты. Онда екінші оқылымдағы «Қазақ КСР-де мемлекеттік меншікті қайта құру (мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру) туралы» Заңының жобасы қаралды.

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласында өткен Қазақстан-Америка мәдени практикумының қатысушыларына құттықтау жолдады.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Шаруашылық серіктестіктері мен акционерлік қоғамдар туралы» №690-XII, «Қазақ КСР-де мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы» №692-XII, «Алкоголизммен және нашақорлықпен ауыратын адамдарды еріксіз емдеу мәселелері жөніндегі Қазақ КСР заң актілеріне өзгерістер енгізу туралы» №694-XII заңдарына қол қойды.

22 маусым

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы IV сессиясының пленарлық отырысына қатысты.

Отырысқа қатысушылар Ұлы Отан соғысында қаза болған кеңес адамдарын бір минут үнсіздікпен еске алды.

«Қазақ КСР-де мемлекеттік меншікті қайта құру (мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру) туралы» Заңы қаралып, баптары бойынша қабылданғаннан кейін, «Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы» Заң қабылданды.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Қазақ КСР Бас прокурорының орынбасарларын тағайындап, Қазақ КСР Прокуратурасының алқасын бекітті.

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің ғимаратында орналасқан Ұлы Отан соғысында қаза тапқан депутаттарға арналған мемориалдық тақтаны ашты.

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласында 28 гвардиялық-панфиловшылар саябағындағы Мәңгілік алауға гүл шоқтарын қойды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы» №695-XII Заңына қол қойды.

24 маусым

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Егеменді мемлекеттер одағы туралы шарт жобасы қаралған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы IV сессиясының таңғы пленарлық отырысына қатысты.

Жоғарғы Кеңес шарт жобасының негізгі қағидаларын жалпы мақұлдады.

Шарт жасасу үшін Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев басқарған өкілетті делегация құрылды.

Делегация құрамына Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Е.М. Асанбаев, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі төрағасының орынбасары З.Л. Федотова, Қазақ КСР Экономика жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы К.А. Абдуллаев, КСРО халық депутаты А.К. Сафонов, Қазақ КСР халық депутаты С.С. Сартаев енді.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Қазақ КСР Президентіне және Қазақ КСР өкілетті делегаттарына шартқа қол қою кезінде оның жобасын талқылау барысында айтылған ескертпелер мен ұсыныстарды басшылыққа алуды тапсырды.

Отырыс барысында Қазақ КСР Президентінің республикадағы мемлекеттік басқару органдарын қайта құрумен байланысты жарлықтары бекітілді.

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы IV сессиясының кешкі пленарлық отырысына қатысып, онда «Қазақ КСР Министрлер кабинеті туралы» Заңының жобасы қаралды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Х.Д. Дрилерді Қазақ КСР Жаңа экономикалық құрылымдарды қолдау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №357 Жарлығына қол қойды.

25 маусым

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы IV сессиясының пленарлық отырысына қатысты.

Отырыста «Қазақ КСР Министрлер кабинеті туралы», «Қазақ КСР-де мемлекеттік өкімет пен басқару құрылымын жетілдіру және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақ КСР Заңына және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер енгізу туралы» заңдары қаралып, қабылданды.

Жоғарғы Кеңес Қазақ КСР үкіметінің және жергілікті кеңестердің басқару органдарының экономиканы дағдарыстан шығару және халықты әлеуметтік қорғау бойынша келісілген іс-қимыл бағдарламасын қарап, мақұлдады.

Отырыста үкіметтің жеке құрамы туралы мәселе қаралды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР Министрлер кабинеті туралы» №703-XII, «Қазақ КСР-де мемлекеттік өкімет пен басқару құрылымын жетілдіру және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақ КСР Заңына және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер енгізу туралы» №705-XII заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Ұ. Қарамановты Қазақ КСР Премьер-министрі қызметіне тағайындау

туралы» №358, «Е.Г. Ежиков-Бабахановты Қазақ КСР Премьер-министрінің Бірінші орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №359, «Қ.Қ. Бәйкеновті «Қазақ КСР Премьер-министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №360, «М. Жолдасбековті Қазақ КСР Премьер-министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №361, «Б.М. Тұрсынбаевты Қазақ КСР Премьер-министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №362, «Қ. Тұрысовты Қазақ КСР Премьер-министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №363, «Қ.С. Ізбасхановты Қазақ КСР Министрлер кабинетінің құрамына енгізу туралы» №364 жарлықтарына қол қойды.

27 маусым

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы IV сессиясының таңғы пленарлық отырысына қатысты.

Қазақ КСР Конституциясына сәйкес Президент республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі мәселелері бойынша жыл сайынғы баяндамасымен сөз сөйлеп, онда Қазақстанда 1991–1992 жылдарға арналған мемлекеттік меншікті мемлекет иелігінен алу және жекешелендірудің бірінші кезеңінің бағдарламасын жария етті (Қосымшаны қараңыз).

Жоғарғы Кеңес жалпы бағдарламаны мақұлдап, депутаттар тарапынан айтылған ескертпелер мен ұсыныстарды ескере отырып түзету қажеттігін ұсынды. Сондай-ақ парламент пен үкіметтің бағдарламаны іске асырудың нақты тетіктерін жасау бойынша бірлескен тобын құру туралы шешім қабылданды.

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы IV сессиясының кешкі пленарлық отырысына қатысып, онда екінші оқылымда «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заң қабылданды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР-дегі қоғамдық бірлестіктер туралы» №708-XII Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Кешірім жасау туралы» №365 Жарлығына қол қойды.

28 маусым

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің он екінші шақырылымы IV сессиясының пленарлық отырысына қатысты.

Отырыста Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің бірқатар қаулылары, оның ішінде, Қазақ КСР Министрлер кабинетінің дағдарысқа қарсы бағдарламасы туралы, «Арал» экологиялық және әлеуметтік-экономикалық кешенді бағдарламасы туралы, ұйымдасқан қылмысқа қарсы іс-шаралар туралы, «Қазақ КСР-дегі шаруа қожалығы туралы» Заңын іске асыру барысы туралы, халық депутаттарына сайлаушылар мен қоғамдық ұйымдардың білдірген тілектерін орындау жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы, одақ қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың республика қарауына ауысуы туралы қаулылары қабылданды.

Қазақ КСР-нің кейбір заңнамалық актілеріне, атап айтқанда, Қазақ КСР Қылмыстық-процессуалдық кодексіне, азаматтарға, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғаларға салынатын табыс салығы, кәсіпорындар, бірлестіктер мен ұйымдарға және басқаларына салынатын салықтар туралы заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

«Қазақ КСР-дегі мемлекеттік жастар саясаты туралы», «Қазақ КСР адвокатурасы туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Қазақ КСР-дегі жер реформасы туралы», «Баспасөз және басқа бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңдар қаралып, қабылданды.

«Ауыл» әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасын талқылап, Жоғарғы Кеңес республиканың үкіметіне оны депутаттардың айтқан ескертулері мен ұсыныстарын ескере отырып пысықтауды тапсырды.

Ұйымдастыру мәселелерін қарағаннан соң, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің IV сессиясы өз жұмысын аяқтады.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР халық депутаттарының қызметін қамтамасыз ету және олардың депутаттық қызметке байланысты шығындарын өтеу туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер енгізу туралы» №711-XII, «Қазақ КСР Қылмыстық істер жүргізу кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №718-XII, «КСРО Президентінің ар-ожданы мен қадір-қасиетін қорғау туралы», «КСРО

халық депутатының статусы туралы» КСРО заңдарына және «Қазақ КСР-дегі халық депутаттарының статусы туралы» Қазақ КСР Заңына байланысты Қазақ КСР кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №719-XII, «Қазақ КСР азаматтарынан, шетел азаматтарынан және азаматтығы жоқ адамдардан алынатын табыс салығы туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №720-XII, «Кәсіпорындардан, бірлестіктер мен ұйымдардан алынатын салық туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер енгізу туралы» №721-XII, «Қазақ КСР-дегі мемлекеттік жастар саясаты туралы» №722-XII, «Қазақ КСР адвокатурасы туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №727-XII, «Қазақ КСР-дегі жер реформасы туралы» №729-XII, «Баспасөз және басқа бұқаралық ақпарат құралдары туралы» №735-XII заңдарына қол қойды.

ШІЛДЕ

1991



Дс	1	8	15	22	29
Сс	2	9	16	23	30
Ср	3	10	17	24	31
Бс	4	11	18	25	
Жм	5	12	19	26	
Сн	6	13	20	27	
Жк	7	14	21	28	



1 шілде

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Республика ішкі істер органдарының бір топ қызметкерлерін «Қоғамдық тәртіпті сақтаудағы үздік қызметі үшін» медалімен наградтау туралы» №379 Жарлығына қол қойды.

3 шілде

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында өткен КСРО Президенті М.С. Горбачевтің республикалар басшыларымен кездесуіне қатысты.

Кездесуде республикалар басшыларының «9+1» келісімін жақтайтыны дәлелденді.

Қазақ КСР Президенті Одақтық шартты тез арада жасасу қажеттігін айтты және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі оған бұл құжатқа жекелеген ескертулерді ескере отырып қол қоюды тапсырғанын хабарлады.

Н.Ә. Назарбаев сондай-ақ Одақтық шарт тағдыры туралы әңгімелесу үшін Алматы қаласында орталықтың қатысуынсыз 15 республика басшыларының кездесуін өткізуге даяр екенін мәлімдеді.

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында кеңестік және шетелдік тілшілер үшін баспасөз мәслихатын өткізді.

Баспасөз мәслихатындағы негізгі мәселелердің шеңбері Одақтық шарт, дағдарысқа қарсы бағдарлама, Президент Н.Ә. Назарбаевтың заңнамалық және саяси бастамалары аясында өрбіді.

Ұсынылған бастамалар турасындағы сауалдарға жауап бере отырып Н.Ә. Назарбаев: «Бұл жерден қандай да бір жасырын саяси астарды іздемейік қойыңыздар! Өйткені Одақтық шарттың «9+1» нұсқасы — бұл ақыр соңындағы шынайы қадам, бірақ әлі де еліміз тап болған дағдарыстан шығудың жолы емес екені барлығына да түсінікті. Деңгейлес республикааралық шарттардан бастап бұл қадамды жасағандарға мадақ. Ал Одаққа кіргісі келмейтін республикалардың жайы не болмақ? Одақ пен оларға, тым болмағанда, экономикалық жағынан бірлесіп кең көлемді және терең «ампутацияға» қалай шыдауға болады?», — деді. Бұл ретте, жалғасып жатқан экономиканың күйреуі жағдайында «реформалар

жүргізу үшін бірыңғай экономикалық кеңістік ретінде федеративтік мемлекетті сақтап қалу» ең бірінші қажеттілік болып табылады», — деп мәлімдеді Қазақ КСР Президенті.

Республика өміріндегі Қазақстан Компартиясының рөлі тұрғысында Н.Ә. Назарбаев «барлық басқарушылық позициялар партиядан Кеңестерге өткендігін» атап айтты.

«Демократиялық реформалар қозғалысына» деген қатынасы туралы сұраққа жауап бере отырып, Қазақ КСР Президенті «қайта құруды ілгерілету үшін ұсынылып отырған бұл сындарлы жол оған ұнайтынын» айтты.

5 шілде

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев республиканың экономикалық министрліктері мен ведомстволарының басшыларымен кеңес өткізді.

Кеңесте Қазақ КСР мемлекеттік меншікті қайта құру туралы Заңын, Үкімет пен Жергілікті кеңес органдарының экономиканы дағдарыстан шығару және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі келісіп іс-қимыл жасау бағдарламасын, сондай-ақ мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру бағдарламасын жүзеге асырумен байланысты мәселелер қаралды.

Н.Ә. Назарбаев экономикалық министрліктер мен ведомстволардың, Жергілікті халық депутаттары кеңестерінің қызметін реттейтін үкімет жанынан тұрақты әрекет ететін жұмыс тобын құрудың қажеттігін атап айтты. Президент меншікті жекешелендірудің ұйымдасып басталуының, қала және ауыл тұрғындары үшін тең жағдайлар жасаудың маңыздылығын атап айтты, ол үшін купон механизмінің қолданысқа енгізілуін түбегейлі жасап шығару қажет. Алда жүргізілетін жұмыстағы жауапты рөл Жергілікті кеңестерге берілді.

Экономикалық жобаларға тәуелсіз сараптама жасау, болжамдау, кадрлар даярлауды іске асыру міндеттерін орындайтын Стратегиялық экономикалық проблемалар институтын ұйымдастырудың мақсаттылығы туралы мәселесін қарау тапсырмасы берілді.

Нарыққа дәйекті түрде ену мақсатында Жеке меншікті қайта құру туралы Заңы мен сәйкесті бағдарламаны іске асыру үшін нормативтік база құруды жеделдету қажет деп танылды.

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Кеңес Одағының Батыры, генерал-майор И.В. Панфилов атындағы Қызыл тулы Ленин және Суворов орденді Режицкий 8-ші гвардиялық мотоатқыштар дивизиясының 50 жылдығына арналған салтанатты жиналысына қатысты.

6 шілде

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласында өткен Қазақстанның ЛКЖО 70 жылдығына арналған салтанатты жиналысқа қатысты.

7 шілде

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында тіркелген шетелдік дипломатиялық өкілдіктердің бір топ басшыларын қабылдады.

8 шілде

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев өз резиденциясында өткен Қазақ КСР Президенті аппаратының және Министрлер кабинетінің қызметкерлері, сондай-ақ республикалық басқару органдары мен мемлекеттік концерндерінің басшылары үшін нарықтық экономика проблемалары жөніндегі дәрістер циклінің алғашқы сабағын ашты.

9 шілде

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР Мемлекеттік салық салу қызметін құру туралы» №380, «Е.Ж. Дербісовті Қазақ КСР Бас мемлекеттік салық инспекциясының бастығы қызметіне тағайындау туралы» №381 жарлықтарына қол қойды.

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қытай Халық Республикасына ресми сапармен аттанды.

10 шілде

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қытай Халық

Республикасында ресми сапары барысында Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданына барды және Үрімші қаласында жетекші кәсіпорындардың қызметімен танысты.

11 шілде



Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қытай Халық Республикасына ресми сапары барысында Гуандун провинциясында болып, ҚХР-дағы алғашқы «Шеньчжень» арнайы экономикалық аймағымен танысты.

12–14 шілде

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қытай Халық Республикасына ресми сапары барысында осы елдің астанасы Бейжің қаласына барып, Қытай Компартиясы ОК бас хатшысы Цзян Цзэминьмен кездесуден басталған бірқатар маңызды келіссөздер өткізді.

Кездесуде достық пен тату көршілестік екі елдің мүдделеріне ғана жауап бермей, сонымен қатар Азиядағы және бүкіл әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау мен нығайтуға қызмет ететіні атап айтылды.

Цзян Цзэминь екіжақты қатынастардың дамуы мен нығаюына үмітін білдірді.

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев ҚХР Мемлекеттік кеңесі Премьерінің орынбасары Тянь Цзиюнмен кездесті.

Әңгіме барысында сол күндері Таяу Шығыс елдері бойынша сапарда жүрген Қытай үкіметі басшысының жауабы оқылды. Өз жолдауында Ли Пэн Н.Ә. Назарбаевты оның ұсыныстары қытайлық тарап үшін маңызды екенін және тиісті ведомстваларға қажетті шараларды жасау тапсырылғандығы туралы хабардар етті.



Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Бейжің қаласының мэрі, ҚХР Мемлекеттік кеңесінің мүшесі Чэнь Ситунмен кездесті.

Кездесуде Бейжің қаласы мен Алматы қаласының байланыстарын дамыту, осы қалаларда болашақ

Олимпиадаларды өткізуге әзірлік мәселелері қаралды.

Кездесу соңында Н.Ә. Назарбаев Қытай астанасының мэрімен бірге Бейжің қаласының көрікті жерлерін және Олимпиадалық қалашық нысандарын тамашалады, сондай-ақ бірқатар қалалық кәсіпорындар жұмысымен танысты.

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев сондай-ақ ҚХР Шаруашылық басқару жүйесін қайта құру жөніндегі мемлекеттік комитетінің басшылығымен кездесті.

15 шілде

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қытай Халық Республикасына ресми сапары барысында Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының Іле-Қазақ автономиялық облысына барды.

16 шілде



Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қытай Халық Республикасына ресми сапары барысында ҚХР Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы Халықтық үкіметінің төрағасы Т. Даваметпен келіссөздер жүргізді.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақ КСР мен СҰАА арасындағы ынтымақтастықты дамыту принциптері мен негізгі бағыттары туралы келісімге, «Достық (КСРО) – Алашанькоу (ҚХР)» темір жол шекара өткелін тиімді пайдалану туралы келісімге қол қойылды.

Сол күні Н.Ә. Назарбаев Қазақстанға аттанды.

19 шілде

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласында өткен өз жанындағы Республика кеңесінің отырысына төрағалық етті.

Отырыста егін жинау науқанына әзірлік және жем-шөп дайындау мәселелері, сондай-ақ Қазақ КСР «Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы» Заңын іске асыру бойынша шаралар қаралды.

Кеңес 1991–1992 жылғы егін жинау, жем-шөп дайындау және мал қыстату кезеңдеріне төтенше шаралар қабылдау туралы шешім шығарды.

20 шілде

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Компартиясы ОК IV пленумының жұмысына қатысты.

Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің Одақтық шарттың жобасына ұстанымы туралы» сөйлеген сөзінде: «Одақтық шартқа қол қоюға біздің көзқарасымыз Қазақстанның, оның халқының мүдделеріне сай келеді. Республикалардың түкпір-түкпірге бытырап, біздің экономикамызды, рухани өмірімізді енді ештеңе байланыстырмайды деген сыңай таныта алмайтыны айдан анық. Алайда олардың арасындағы өзара іс-қимылдың сенімді экономикалық механизмінің жоқтығы салдарынан халық шаруашылығы басқару тұтқаларын едәуір дәрежеде жоғалтты. Бастан кешіріп отырған кезеңнің негізгі мәні мен шиеленісті сипаты да осында. Бүгінгі таңда елімізде экономикалық және әлеуметтік жағдай бұрынғы кездегіден де ушықты, дағдарысты құбылыстар күшейе түсуде. Шын мәнінде біз ақырғы шекке жақын келдік, оның ар жағында біздің мемлекетіміздің өмір сүруіне нақты қатер төніп тұр.

Осыған байланысты пленумның күн тәртібіне енгізілген мәселе әсте формальды сипатта емес», — деп атап көрсетті (Қосымшаны қараңыз).

22 шілде

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында Корея демократиялық либералдық партиясының бас хатшысы Ким Юн Хван бастаған Корея Республикасының парламенттік делегациясын қабылдады.

Кездесуде өзара тиімді іскерлік ынтымақтастыққа қатысты кең ауқымды мәселелер талқыланды.

Әңгіме барысында Қазақстанда кореялық мәдени орталықтарды, корей тілін үйрену курстарын ашу қажеттігі атап өтілді. Сондай-ақ Қазақстан азаматтарының Корея Республикасындағы оқу орындарында оқуына көмектесу мәселесі қаралды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «1991–1992 жылғы егін жинау, жем-шөп дайындау және мал қыстату кезіндегі төтенше шаралар туралы» №383 Жарлығына қол қойды.

23 шілде

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында КСРО-дағы Италия Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Ф. Саллеоны оның өтініші бойынша қабылдады.

Ф. Саллео Н.Ә. Назарбаевқа Италия Республикасының Президенті Ф. Кассиганың және Премьер-министрі Д. Андреоттидің Италияға ресми сапармен келуге шақыруын жеткізді.

Әңгіме барысында Қазақ КСР Президенті италиялық іскерлік топтармен байланысты кеңейтуге мүдделілігін білдірді. Атап айтқанда, Н.Ә. Назарбаев автокөлік жинайтын «Fiat» компаниясының филиалын Қазақстан аумағында құру мүмкіндігін қарастыруды ұсынды.

Қазақ КСР Президенті сондай-ақ республиканың бизнес, маркетинг, менеджмент, банк және қаржы жүйесі салаларында мамандарға зәру екендігін және бұл мәселені шешуде Италияның қолдауына үміт артатынын атап өтті.

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында КСРО-дағы Сингапур Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Д.Ф. Консессионы оның өтініші бойынша қабылдады.

Д.Ф. Консессио Сингапурдың іскерлік топтары Қазақстанмен өзара тиімді экономикалық ынтымақтастық орнатуға мүдделілік танытып отырғандарын хабарлады. Бұл ретте Н.Ә. Назарбаев сонымен қатар қазақстандық мамандардың Сингапур оқу орындарында, банктерінде және фирмаларында машықтанудан өту мүмкіндігі туралы мәселені көтерді.

Одан басқа, кездесу барысында Қазақстанға Сингапурдың бұрынғы Премьері Ли Куан Юдың алдағы сапарының бағдарламасы талқыланды.

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында КСРО-дағы Моңғолия Халық Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Н. Мишигдоржды қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен Моңғолия арасындағы іскерлік ынтымақтастық мәселелері және сауда-экономикалық келісім жасасу перспективалары талқыланды.

Моңғолия Халық Республикасы Үкіметінің атынан Н. Мишигдорж Қазақ КСР Президентін Моңғолияға ресми сапармен келуге шақырды.

23–24 шілде

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Ново-Огаревода өткен жаңа Одақтық шарт жобасымен жұмысты аяқтау жөніндегі әзірлік комитетінің отырысына қатысты.

24 шілде

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында өткен КОКП Орталық бақылау комиссиясы пленумының жұмысына қатысты.

25 шілде

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында өткен КОКП ОК пленумының жұмысына қатысты.

Пленумда КОКП ОК бас хатшысы М.С. Горбачев ұсынған КОКП бағдарламасының жобасы қаралды.


26 шілде

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында өткен КОКП ОК пленумының жұмысына қатысуды жалғастырды.


30 шілде

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында өткен КСРО Президенті М.С. Горбачев пен Америка Құрама Штаттарының Президенті Дж. Буштың арасындағы жоғары деңгейдегі кеңестік-американдық кездесуге қатысты.

ТАМЫЗ 1991



Дс		5	12	19	26
Сс		6	13	20	27
Ср		7	14	21	28
Бс	1	8	15	22	29
Жм	2	9	16	23	30
Сн	3	10	17	24	31
Жк	4	11	18	25	



1 тамыз



Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Мәскеу облысында орналасқан Жұлдызды қалашыққа барды.

Сапар барысында Н.Ә. Назарбаев ұшырылуы 1991 жылғы 2 қазанға белгіленген кеңестік-австриялық ғарыш кемесінің экипажымен кездесті, Ю.А. Гагарин атындағы ғарышкерлерді дайындау ғылыми-зерттеу сынақ орталығын қарап шығып, оның зертханалары мен оқу сыныптарында болды.

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласындағы Достық үйінде өзінің қазақ тілінде шыққан және бұған дейін «Молодая гвардия» баспасында «Без правых и левых» атауымен шыққан кітабының аудармасы болып табылатын «Әділеттің ақ жолы» кітабының тұсаукесерін өткізді.

5 тамыз

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Кешірім жасау туралы» №384 Жарлығына қол қойды.

8 тамыз

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР аграрлық-өнеркәсіптік кешенінің кәсіпорындары мен ұйымдарын экономиканы тұрақтандырудың жалпыреспубликалық бюджеттен тыс қорына әлеуметтік қамсыздандыру есебінен аударған төлемнен босату туралы» №393 Жарлығына қол қойды.

9 тамыз

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев республикалық, орталық және шетелдік басылымдардың тілшілері үшін баспасөз мәслихатын өткізді.

Баспасөз мәслихаты барысында Н.Ә. Назарбаев Одақтық шартқа қол қою 1991 жылғы 20 тамызға белгіленгенін хабарлады. Оның айтуынша, бірінші болып шартқа — Қазақстан, РКФСР, Белоруссия, Өзбекстан және Тәжікстан, ал қалған республикалар қыркүйек-қазан айларында қол қоюы тиіс.

Президент сондай-ақ КСРО мен АҚШ арасында өткен жоғары деңгейдегі мәскеу келіссөздерінің қорытындысы, сондай-ақ ҚХР басшыларымен және

ҚХР Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының Халықтық үкіметімен болған келіссөздер туралы хабардар етті, республиканың қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайына түсініктемелер берді.

Н.Ә. Назарбаев елде қалыптасқан сыни ахуал республикадағы өндірістің құлдырауы соншалықты ауқымды болмаса да, Қазақстанға өз әсерін бермей қоймағанын атап айтты. Президент республика экономикасының салыстырмалы тұрақтылығына азаматтық бейбітшілік пен ұлтаралық келісім оң әсерін тигізгенін айтты: бұл ахуалды барлық қазақстандықтардың мүддесі үшін күтіп сақтау қажет.

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қырғызстан Республикасына ресми сапармен аттанды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қ.А. Абдоллаевты Қазақ КСР Премьер-министрінің орынбасары — Қазақ КСР Экономика жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №394 Жарлығына қол қойды.

10 тамыз

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қырғызстан Республикасына ресми сапары барысында осы республиканың астанасы Бішкек қаласында Президент А.А. Ақаевпен кездесті.

Келіссөздер барысында тараптар хаттамаларға қол қойып, Қазақ КСР мен Қырғызстан Республикасы арасындағы Достық және ынтымақтастық туралы шартының ратификациялық грамоталарымен алмасты. Күшіне еніп отырған шарттың екі республика арасындағы өзара егемендікті мойындау негізінде саяси, экономикалық және мәдени байланыстарды одан әрі нығайту үшін үлкен мүмкіндіктер ашатыны атап өтілді.

А.А. Ақаев Н.Ә. Назарбаевтың республикалар арасындағы түбегейлі жаңа қарым-қатынастарды орнатудағы зор рөлін атап айтты.

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қырғызстан

Республикасының парламентарийлері, министрліктері мен ведомстволары басшыларының, халық депутаттары облыстық кеңестері, Бішкек қалалық кеңесі, Шу облысының аудандық және қалалық кеңестері өкілдерінің, Қырғызстан астанасы кәсіпорындары басшыларының, қоғамдық ұйымдар, шығармашылық одақтардың өкілдері алдында сөз сөйледі.

12 тамыз

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР Туризм министрлігін құру туралы» №396 Жарлығына қол қойды.

13–14 тамыз

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Өзбек КСР астанасы Ташкент қаласында өткен Орталық Азия және Қазақстан республикалары басшыларының кезекті отырысына қатысты.

Кездесуге сондай-ақ Өзбек КСР Президенті И.А. Каримов, Қырғызстан Республикасының Президенті А.А. Ақаев, Тәжік КСР Президенті К.М. Махкамов және Түрікмен КСР Президенті С.А. Ниязов қатысты.

Орталық Азия және Қазақстан республикалары басшыларының Алматы қаласында 1990 жылғы 23 маусымда қол қойылған құжаттарының орындалу барысын қарай отырып және Егеменді Мемлекеттер Одағы туралы шартын жасасумен байланысты мәселелерін талқылап, кездесуге қатысушылар арнайы Коммюнике қабылдады.

Құжатта Орталық Азия және Қазақстан республикаларының басшылары басқа республикалардың басшыларын шартқа қатысуға шақырды. Сонымен қатар, Одақтық шартқа қол қойғаннан кейін КСРО-ның меншікті бөлу, бюджеттік жүйе мен басқа да маңызды мәселелер бойынша сәйкесті заңнамалық актілерін кідіріссіз қабылдау талап етілетіні атап өтілді.

Кездесуге қатысушылар өңір республикалары қалыптасқан экономиканың шикізаттық бағытталуына және халық өмірі деңгейінің төмендігіне орай нарыққа көшу кезінде аса ауыр жағдайға тап болғанына үлкен алаңдаушылығын білдірді және КСРО Президенті мен үкіметінің олардың әлеуметтік-экономикалық дамуын теңестіру үшін жағдайлар жасау бойынша жан-жақты шаралар қабылдау қажеттігіне назарын аударды.

16 тамыз

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасының Президенті Б.Н. Ельцинмен кездесті.

17 тамыз

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақстанға ресми сапармен келген Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасының Президенті Б.Н. Ельцинмен шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер өткізді.

Келіссөздер барысында тараптар жаңартылған Одақ — Егеменді Мемлекеттер Одағын құру және оның аясында бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы мәселелерді талқылады.

Қазақстан және Ресей президенттері сондай-ақ КСРО Президенті М.С. Горбачевке жазылған Әзірбайжан мен Армения КСР арасындағы қақтығысқа байланысты үндеуге қол қойды. «Орын алған проблемалар күш қолдану әдісімен шешілуі мүмкін емес. Ондай әдісті қолдану талпыныстары тек қақтығыстар ауқымының күшейіп, кеңеюіне, жаңа құрбандықтар мен адам құқықтарының жаппай бұзылуына ғана әкеледі. Одақтық басшылықтың дәйекті сызбасының болмауы соңынан өрескел саяси қателіктерге әкеліп ұрындырады. Қақтығысты болдырмау мүмкіндіктерін өз кезінде жіберіп алған болатынбыз. Қазір шынайы бітімгершілік әрекеттер аса қажет. Жауапкершіліктің белгілі бір үлесін егеменді республикалардың басшылары да өз мойындарына алуы керек», — делінген бірлескен құжатта.

Келіссөздердің соңында тараптар Қазақ КСР мен РКФСР арасындағы Шарттың ратификациялық грамоталарымен алмасты.

1991 жылғы тамызда Әзірбайжан КСР Таулы-Қарабақ автономиялық облысында армян халқының бір бөлігінің Таулы Қарабақты Армения КСР құрамына қосу туралы талаптарымен байланысты әзірбайжандар мен армяндар арасында жаппай қақтығыстар орын алды.

19 тамыз

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев РКФСР Президенті

Б.Н. Ельцинмен оның бастамасы бойынша телефон арқылы сөйлесіп, ол төтенше жағдай тәртібінің енгізілетіні туралы және КСРО-да Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің (ТЖМК) құрылуы туралы мәлімдеді.

1991 жылғы 19–21 тамызда КОКП ОК-ның кертартпа бөлігі мен КСРО үкіметі ұйымдастырған және тарихта «тамыз төңкерісі» деген атпен белгілі болған КСРО-да мемлекеттік төңкеріс жасау әрекеті болды.

Сол күндері құрамына ТЖМК төрағасы — КСРО вице-президенті Г.И. Янаев, КСРО Премьер-министрі В.С. Павлов, КСРО Қорғаныс кеңесі төрағасының бірінші орынбасары О.Д. Бакланов, КСРО МҚК төрағасы В.А. Крючков, КСРО Қорғаныс министрі Д.Т. Язов, КСРО Ішкі істер министрі Б.К. Пуго, КСРО Мемлекеттік кәсіпорындар мен өнеркәсіп, құрылыс, көлік және байланыс объектілері қауымдастығының президенті А.И. Тизяков, КСРО Шаруалар одағының төрағасы В.А. Стародубцев енген өзін-өзі жариялаған орган — КСРО Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті (ТЖМК) билікті өз қолына алды.

ТЖМК М.С. Горбачевті КСРО Президенті қызметінен күшпен түсіруді, ол жүргізіп отырған бағдарды ауыстыру және 1912 жылғы 20 тамызға белгіленген «Егеменді Мемлекеттер Одағы туралы шартқа» қол қоюды болдырмауды өз мақсаты етіп қойды.

1991 жылғы 21 тамыздағы мемлекеттік төңкеріс жасау әрекетінің іске аспауынан кейін ТЖМК-ның барлық мүшелері тұтқынға алынып, қылмыстық жазаға тартылды. 1994 жылы олардың барлығына да рақымшылық жасалды.

Жаңа Одақтық шартқа қол қою қарсаңында болған ТЖМК-ның конституцияға қарсы бүлік айналасындағы оқиғалар Коммунистік партияға деген сенімді түбегейлі жойып жіберді және КСРО-ның күйреуін жеделдете түсті.

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасы В.А. Крючковпен оның бастамасы бойынша телефон арқылы сөйлесті.

В.А. Крючков КСРО Президенті М.С. Горбачевтің Қырымда аса ауыр жағдайда жатқанын, мемлекетті басқаруға мүлдем қауқары жоқ екенін және қабылданған шешімдермен келісетінін хабарлады.

В.А. Крючков сондай-ақ бұл акт соңғы сағаттар ішінде барлық заңды формальдылықтарды сақтай отырып, құжат жүзінде расталатынына сендірді.

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев КСРО Жоғарғы

Кеңесінің төрағасы А.И. Лукьяновпен телефон арқылы сөйлесіп, ол ешқандай түсініктеме бере алмады.

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев КСРО Премьер-министрі В.С. Павловпен оның бастамасы бойынша телефон арқылы сөйлесті.

В.С. Павлов төтенше жағдай тек белгілі орындарда және қысқа уақытқа ғана енгізілетініне, ал үкімет бұрынғысынша түбегейлі экономикалық реформалар бағытын ұстанатындығына сендірді.

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі төралқасының және Қазақ КСР Министрлер кабинетінің, Қазақстан Компартиясы ОК Саяси бюросы мүшелерінің, Алматы облысы мен қала басшыларының шұғыл отырысын өткізіп, орын алған ахуал туралы хабарлады және өзі дайындаған Қазақстан халқына үндеуінің жобасын кідіріссіз жариялауды ұсынды (Қосымшаны қараңыз).

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев КСРО вице-президенті Г.И. Янаевпен оның бастамасы бойынша телефон арқылы сөйлесті.

20 тамыз

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев бұқаралық ақпарат құралдарында елдегі ахуал туралы ресми мәлімдемесін жариялады.

«Мен екі түйінді мәселені бөліп көрсеткен болар едім. Біріншіден, мемлекеттің экономикалық, шаруашылық, сондай-ақ саяси өмірінің одан әрі қоғамның толық және түпкілікті күйреуі басталатын қатерлі шепке тақап келгеніне ешқандай күмән жоқ. КСРО халық депутаттарының IV съезінде М.С. Горбачевті саяси енжарлығы үшін, өзі инициаторы болған қайта құру бағытын бекем жүргізуге қабілетсіздігі үшін сынаған кезімде мен нақ осы жайында айтқан болатынмын.

Алайда, Президент пен оның үкіметі тиісті тұжырымдар жасай алмады. Ашығын айтқанда, елдегі

жағдай дереу араласуды талап етуде еді. Бірақ, осы фактіні атап көрсете отырып, мынаны анық айта аламын: төтенше жағдайды тек конституциялық, құқықтық негізге сүйене отырып қана жариялауға болар еді. Оның үстіне біз құқықтық мемлекет орнатуға ұмтылып отырғанымызды бүкіл дүниежүзіне мәлімдедік. Ерекше бөліп көрсеткім келген екінші мәселе, міне, осы.

3 адам құрған, КСРО Жоғарғы Кеңесі мен республикалар қатыспаған комитет әуел бастан-ақ заңсыз құжаттарды дүниеге әкелуде, олар, басқаларына қоса, егемендік туралы республикалық декларацияларды аяқ асты етуде, нарық экономикасына көшудің таңдап алынған бағытын елеп-ескермеуде», — делінген мәлімдемеде (Қосымшаны қараңыз).

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев елдегі жағдай туралы мәселені қарағаң Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің кеңейтілген отырысына қатысты.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы Қазақ КСР Президентінің 19 тамыздағы Қазақстан халқына үндеуінде және 20 тамыздағы ресми мәлімдемесінде айтылған ұстанымына қолдауын білдірді.

Отырыста құқық қорғау органдары басшыларының Қазақстандағы ахуал туралы ақпараты тыңдалды.

Отырыс қорытындысы бойынша Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы: «Төтенше жағдай енгізу процедурасы, КСРО Президентін қызметінен босату және КСРО-да елді басқару жөніндегі барлық өкілеттіктер берілген төтенше жағдай жөніндегі орган құру КСРО Конституциясында көзделмеген актілер болып табылады», — деген мәлімдеме қабылдады.

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы, КОКП ОК Саяси бюросының мүшесі Н.Ә. Назарбаев КОКП ОК Саяси бюросының атына КОКП ОК Хатшылығының ТЖМК әрекеттері мен қаулыларына қолдау көрсетуіне байланысты Саяси бюроның және КОКП ОК құрамынан шығатыны туралы өтінішін жолдады (Қосымшаны қараңыз).

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасы В.А. Крючковпен,

РКФСР Президенті Б.Н. Ельцинмен, КСРО вице-президенті Г.И. Янаевпен, КСРО Жоғарғы Кеңесінің төрағасы А.И. Лукьяновпен, КСРО Қорғаныс министрі Д.Т. Язовпен телефон арқылы сөйлесті.

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев РКФСР Президенті Б.Н. Ельцинмен телефон арқылы сөйлесті.

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев КСРО вице-президенті Г.И. Янаевпен телефон арқылы сөйлесіп, оның барысында РКФСР Жоғарғы Кеңесінің ғимаратына шабуыл жасау мен РКФСР Президенті Б.Н. Ельцинді тұтқындаудың жөнсіз әрекет екендігін мәлімдеді.

21 тамыз

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Алматы уақыты бойынша сағат 03–35-те КСРО Қорғаныс министрінің орынбасары, генерал-полковник В.А. Ачаловпен телефон арқылы сөйлесіп, оның барысында РКФСР Жоғарғы Кеңесі ғимаратына шабуыл жасаудың жөнсіз әрекет екендігі туралы мәлімдеді.

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Алматы уақыты уақыты бойынша сағат 10-00-де КСРО Қорғаныс министрі Д.Т. Язовпен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгіме барысында Д.Т. Язов Мәскеу қаласынан әскерлерді шығару туралы шешімнің қабылданғаны жайлы хабарлады.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Қырғызстан Республикасының Президенті А.А. Ақаевпен, КСРО Жоғарғы Кеңесінің төрағасы А.И. Лукьяновпен, КСРО Қорғаныс министрі Д.Т. Язовпен телефон арқылы сөйлесті.

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев өз жанындағы Республика кеңесінің отырысына төрағалық етті.

Елдегі ағымдық жағдайды талқылай келе, отырысқа қатысушылар: «Республика кеңесі мен Қазақстан Компартиясы ОК Саяси бюросы біздің түбегейлі ұстанымымыз Қазақ КСР Президентінің 19–20 тамыздағы үндеуі мен мәлімдемесінде баяндалған қағидалар және қорытындылармен бір жерден шығатынын мәлімдеу қажет деп есептейді», — делінген Республика кеңесі мен Қазақстан Компартиясы ОК Саяси бюросының бірлескен мәлімдемесін қабылдады.

Отырыста Қазақ КСР Президентінің «Қазақ КСР Қауіпсіздік кеңесін құру туралы» Жарлығының жобасы қаралды.

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ теледидары арқылы шұғыл мәлімдемесін жариялап, КСРО Президенті М.С. Горбачевпен телефон арқылы сөйлескені туралы хабардар етті.

Н.Ә. Назарбаевтың айтуынша, КСРО Президенті барша қазақстандықтарға олардың көрсеткен батыл, түбегейлі ұстанымдары мен КСРО-ның заң жүзінде сайлаған мемлекеттік билігін жақтағандығы үшін зор алғыс білдірді.

Н.Ә. Назарбаев ел өміріндегі қатерлі кезеңінің аяқталуы туралы мәлімдеді.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР Қауіпсіздік кеңесін құру туралы» №403 Жарлығына қол қойды.

22 тамыз

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев 1991 жылғы 19–21 тамыздағы оқиғаларға арналған Қазақстан Компартиясы ОК Саяси бюросының отырысына қатысты.

Қазақстан Компартиясы ОК Саяси бюросы партия мен мемлекетте орын алған ахуалды талқылау үшін КОКП ОК пленумын кідіріссіз өткізу туралы пікірін білдірді.

Сәтсіздікке ұшыраған мемлекеттік төңкеріс құқық қорғау және сот органдары қызметкерлерінің өз қызметінде заңдардың конституциялық нормаларын басшылыққа алуы қаншалықты маңызды екенін сенімді түрде көрсеткені атап өтілді.

Осыған байланысты Қазақстан Компартиясы ОК Саяси бюросы Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың республиканың құқық қорғау және сот органдарының қызметін тоқтату туралы Жарлығын заңды деп таныды.


Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР прокуратура, мемлекет қауіпсіздігі, ішкі істер, юстиция, мемлекеттік арбитраж органдарында, соттарында, таможнясында саяси партиялардың, басқа да қоғамдық бірлестіктер мен бұқаралық қоғамдық қозғалыстардың ұйымдық құрылымдарының қызметін тоқтату туралы» №405 Жарлығына қол қойды.

23 тамыз

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында өткен КСРО Федерациясы кеңесінің отырысына қатысты.

КСРО-дағы Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитеттің (КСРО ТЖМК) 1991 жылғы 19–21 тамызда жасамақ болған мемлекеттік төңкерісіне байланысты қазіргі саяси жағдайға баға беру отырыстың басты тақырыбы болды.

24 тамыз



Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының кезектен тыс V сессиясының пленарлық отырысына қатысты.

Қазақ КСР халық депутаттары мен басқа да отырысқа қатысушылар Мәскеу қаласындағы қайғылы оқиғада қаза болғандарды бір минут үнсіздікпен еске алды.

Өзінің «Ағымдағы кезеңді бағалау және республика егемендігін нығайту бойынша шаралар туралы» сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев елді дүр сілкіндірген қайғылы оқиғалар, ең алдымен, республикамыздың егемендігін нығайту жөніндегі бұдан былайғы қадамдар туралы ойлануға мәжбүр ететінін атап өтті (Қосымшаны қараңыз).

Баяндама бойынша пікірталасқа депутаттар С.Т. Тұрсынов, М.М. Нұртазин, В.И. Масолов, А.Ф. Козлов, Ә.Т. Әлімжанов, М.Т. Оспанов, В.Л. Сенько, С.А. Әбдірахманов, Ы.Н. Есіргепов, А.А. Княгинин, Е.Қ. Ертісбаев, Т.В. Жаворонкова, КСРО халық де-

путаты М. Шаханов, Премьер-министрдің орынбасары — Қазақ КСР-нің Экономика жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы Қ.А. Абдоллаев, Қазақстан қоғамдық қозғалыстарының өкілі Ж. Қуанышалин қатысты.

Талқылау қорытындысы бойынша Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Қазақ КСР Президентінің, Жоғарғы Кеңес Төралқасы мен Қазақ КСР Министрлер кабинетінің саяси жанкештілердің қылмыстық тобы жасаған мемлекеттік бүлік салдарынан елде орын алған жағдайға деген ұстанымы мен әрекетін мақұлдаған қаулысын қабылдады. Қазақ КСР-нен болған КСРО халық депутаттарына КСРО Жоғарғы Кеңесінің сессиясында төтенше жағдайлар жөніндегі конституцияға қарсы комитеттің жоспарын жүзеге асырған КСРО Жоғарғы Кеңесінің төрағасы А.И. Лукьяновқа және КСРО Министрлер кабинетіне сенімсіздік білдіру туралы, сондай-ақ халық сенім білдіретін үкімет құру туралы мәселелерін қою ұсынылды.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі «Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңын қабылдады.

25 тамыз

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ ССР Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №819-XII Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақ КСР территориясындағы КОКП мүлкі туралы» №406 Жарлығына қол қойды.

26 тамыз

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында өткен КСРО Жоғарғы Кеңесі кезектен тыс сессиясының пленарлық отырысына қатысты.

Отырысқа қатысушылардың алдында сөз сөйлей отырып, Н.Ә. Назарбаев: «Алайда еліміздің болашағы үшін алаңдаушылықтың өткір сезімі біздің алдымызда тұрған, соңғы күндердің көрсеткеніндей, шешілуіне әлі де көп уақыт бар проблемаларды ой елегінен өткізуді талап етеді. Бүгінде біздің бәріміздің сана-сезіміміз басқа. Мұның өзі бізді Одақтың және Одақтық шарттың болашағына жаңаша қарауға міндеттейді. Жаңарған Одақтың ендігі жерде федерация бола алмайтыны

мен үшін айқын. Өтіп кеткен уақыттың соңынан қууымыз жететін шығар. Украинаның өз тәуелсіздігін жариялауы, Белоруссияның осындай шешім әзірлеп жатқаны — өздерінен теріс айналуға немесе олар жоқ сияқты сыңай танытуға болмайтын жаңа тарихи ақиқат шындықтардың айғағы. Жағдай елеулі түрде өзгерді. Одақтық шартқа тез арада қол қоюдың белсенді жақтасы болғанымды сіздер білесіздер. Қазір де жақтап отырмын. Бірақ болып өткен оқиғалар ескі схеманың дүмпу қаупінің қаншалықты күшті екенін, қан төгілуіне әкеліп соғуы ықтимал екенін көрсетті.

...Мен Балтық маңы республикаларына, Молдоваға, Грузияға және заңды демократиялық жолмен тәуелсіздікке ұмтылыс білдіргендердің бәріне толық еркіндік беру мәселесін дереу шешуге шақырамын. Бәріне ешқандай есеп қоймастан және аты шулы миллиардтаған сом қарызды жүктеместен еркіндік беру керек», — деп атап өтті.

Сөз соңында Қазақ КСР Президенті: «ешкімнің де қиялға берілмеуі керек екенін атап көрсеткім келеді. Қазақстан ешқашан да бірде-бір аймақтың «айыл-тартпасы» болмайды, ешқашан да оның «кіші інісі» болмайды», — деді (Қосымшаны қараңыз).

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев КСРО Президенті М.С. Горбачевпен, РКФСР Президенті Б.Н. Ельцинмен, Қырғызстан Республикасының Президенті А.А. Ақаевпен кездесуге қатысты.

Кездесу барысында мемлекетке қарсы бүлік басылғаннан кейін елдегі дағдарыстан шығудың бірінші кезектегі іс-шаралары талқыланды.

27 тамыз

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев КСРО Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс сессиясының жұмысына қатысуына байланысты Мәскеу қаласында болған кезінде КСРО-дағы Франция Республикасының Елшісі Д. Бертранды қабылдады.

Н.Ә. Назарбаев елдегі қазіргі жағдай туралы сұрақтарға жауап беріп, Одақтық шартты жасасу перспективаларына өз бағасын берді.

Д. Бертран Франция Республикасы Үкіметінің Қазақ КСР-мен тығыз саяси және экономикалық байланыстарды орнатуға даярлығы туралы хабарлады.

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында КСРО-дағы Жапонияның Төтенше және Өкілетті Елшісі С. Эдамуриді оның өтініші бойынша қабылдады.

Әңгіме барысында С. Эдамури Жапонияның үкіметтік және іскерлік орталарының Қазақ КСР-мен байланыстарды кеңейтуге деген ниеті туралы хабарлады.

Сол күні Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында РКФСР Президенті Б.Н. Ельцинмен жұмыс бабындағы кездесу өткізді.

Тараптар КСР республикаларының соңғы кездері қабылдаған егемендік туралы декларациясын, сондай-ақ олардың арасында жасасқан халықаралық шарттар мен келісімдерді мойындайтынын растады.

Кездесу барысында КСР Одағы республикалары арасындағы шекара мәселесі талқыланды. РКФСР Президенті шекараларды қайта қарау туралы мәселе тек КСР Одағынан шығып жатқан республикаларға ғана қатысты болатынын атап айтты. Одақтас мемлекеттерге қатысты Ресей қазіргі шекаралардың өзгермеуінің жақтасы болып қала береді.

Кездесуде сондай-ақ КСРО республикаларымен бірыңғай нарықтық кеңістікті сақтау мақсатында экономикалық келісім жасасу туралы мәселе де қаралды. Тараптар одақтас республикалар басшыларының кездесуін өткізу бастамашылары мен ұйымдастырушылары болу ниеттерін құптады.

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев Кеңес Одағының Батырлары Д.А. Комарьдың, И.М. Кричевскийдің және В.А. Усовтың туған-туыстарына олардың Мәскеу қаласындағы қайлығы оқиға кезінде қаза болуларына байланысты көңіл айту жеделхаттарын жолдады.

28 тамыз

Қазақ КСР Президенті, Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев «Қазіргі жағдай мен КОКП-дағы ахуал туралы» мәселе қаралған Қазақстан Компартиясы ОК кезектен тыс пленумының жұмысына қатысты.

Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы Н.Ә. Назарбаев пленумға Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысының өкілеттігін тоқтату туралы өтініш жасады: «Қастандық жасаушылардың қылмыстық тобын қолдаған КОКП Орталық комитеті басшылығының іс-әрекетін айыптай келіп, менің КОКП Орталық комитетінің Саяси бюросы мен Орталық комитеттің құрамынан шыққаным мәлім. …Мен мемлекеттік төңкеріс кезіндегі КОКП басшылығының іс-қимылына өзімнің өткір теріс көзқарасымды тағы да қуаттаймын. …Қазіргі жағдайда мен қиын таңдау жасап тұрмын. Сөйтіп, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы міндетін доғарамын. Қазақстан Компартиясының Орталық комитеті өзінің қызметін тоқтату туралы жариялап, бірден-бір дұрыс шешім қабылдауға тиіс деп есептеймін. Бұл шешімді партияның қатардағы мүшелері қолдайды деп сенемін» (Қосымшаны қараңыз).

Пленум 7 қыркүйек күні Қазақстан Компартиясының төтенше съезін шақыру туралы қаулы қабылдады, онда «Елдегі саяси жағдайға байланысты Қазақстан Компартиясы мен КОКП туралы» мәселе қаралуы қажет болды.

Пленум қазіргі жағдай мен КОКП-дағы ахуал бойынша мәлімдеме жасады: «Қазіргі жағдай мен КОКП-дағы ахуалды бағалай отырып, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті Н.Ә. Назарбаевтың республика Компартиясының КОКП-дан шығуы туралы ұсынысын толығымен қолдайды.

Осыған байланысты Қазақстан Компартиясы ОК мүшелері өзінің өкілеттігін және Орталық Комитеттің қызметін тоқтату туралы жариялау қажет деп есептейді. Қазақстан Компартиясы ОК пленумы сондай-ақ бұдан әрі мемлекеттік және партиялық қызметтерді қоса атқару дұрыс емес деп санайды».

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Мемлекеттік өкімет пен басқару органдарындағы басшы қызметтерді саяси партиялардағы және басқа қоғамдық-саяси бірлестіктердегі қызметтермен қоса атқаруға болмайтындығы туралы» №408 Жарлығына қол қойды.

29 тамыз

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы» №409 Жарлығына қол қойды.

Бұрынғы Семей ядролық сынақ полигоны Қазақстанның солтүстік-батыс бөлігінде Шығыс Қазақстан, Павлодар және Қарағанды облыстарының аумақтарында орналасып, 18,5 мың шаршы километр ауданын алып жатыр. Полигондағы бірінші ядролық жарылыс 1949 жылдың 29 тамызында жасалды. 1953 жылғы 12 тамызда полигонда — алғашқы термоядролық құрылғы, ал 1955 жылғы 22 қарашада сутек бомбасы сыналды. Полигонның жұмыс істеген уақыты аралығында (1949–1989 жылдар) оның аумағында жалпы 468 ядролық жарылыс, оның ішінде, 125 атмосфералық (26 жерүсті, 91 әуе, 8 биіктіктегі); 343 жерасты ядролық сынақ жарылыстары (оның ішінде, 215 штольняларда және 128 ұңғымаларда) жасалды. Сынақтар әртүрлі қуаттағы құрылғылармен, әртүрлі тереңдікте және әралуан тау жыныстарында жүргізілді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Жоғарғы энергия институтының берген бағасы бойынша атмосфера мен жер үстінде (елді мекенде) жасалған сынақтардың ядролық зарядының жалпы қуаты 1945 жылы Хиросима қаласына түсірілген бомбаның қуатынан 2,5 мың есеге артық. 55 әуе және жерүсті жарылыстары мен 169 жерасты сынақтарының газ фракциялары полигонның шегінен шықты. Дәл осы 224 жарылыс Қазақстан аумағының барлық шығыс бөлігінің радиациялық ластануына себеп болды.

1989 жылдан бастап ядролық сынақтар жүргізілмейді.

29–30 тамыз

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласында өткен Қазақ КСР және РКФСР мемлекеттік делегацияларының жұмыс бабындағы кездесуін өткізді.

Кездесуде тараптардың екі республиканың да Жоғарғы кеңестерімен ратификацияланған 1990 жылғы 21 қарашадағы Қазақ КСР мен РКФСР арасындағы шартты, сондай-ақ 1991 жылғы 17 тамыздағы Қазақ КСР және РКФСР президенттерінің бірлескен мәлімдемелерін ұстанатындығы расталды.

Кездесу қорытындысы бойынша Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев және РКФСР вице-президенті А.В. Руцкой Коммюникеге қол қойды. Бұл құжатпен азаматтардың құқықтары мен тараптардың аумақтық тұтастығы мәселелері бойынша өзара міндеттемелер дәлелденді.

Коммюникеде Қазақстанның Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы шешіміне қолдау көрсетілді.

31 тамыз

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Лондон қаласынан Токио қаласына барар жолда республика


астанасының әуежайында қысқа мерзімді аялдама жасаған Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің бұрынғы Премьер-министрі М. Тэтчермен кездесті.

М. Тэтчердің айтуынша, бұл кездесу Ұлыбританияның саяси және іскерлік орталарының Н.Ә. Назарбаевтың қызметіне деген қызығушылығынан туындаған.



Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Одақтық бағыныстағы мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың Қазақ КСР үкіметінің қарамағына көшу туралы» №410, «Қазақ КСР сыртқы экономикалық қызметінің дербестігін қамтамасыз ету туралы» №411, «Қазақ КСР-де алтын қорын және алмас қорын жасау туралы» №412, «Қазақ КСР Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігін құру туралы» №413, «Қ. Сұлтановты Қазақ КСР Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрі қызметіне тағайындау туралы» №414, «Қазақ КСР Жастар ісі жөніндегі мемлекеттік комитетін құру туралы» №415, «И.Н. Тасмағамбетовті «Қазақ КСР Жастар ісі жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №416, «Қазақ КСР Туризм, дене шынықтыру және спорт министрлігін құру туралы» №417, «Қ. Тұрысовты Қазақ КСР Туризм, дене шынықтыру және спорт министрі қызметіне тағайындау туралы» №418, «Т.С. Қабдырахмановты Қазақ КСР Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының бірінші орынбасары — Қазақ КСР министрі қызметіне тағайындау туралы» №419, «А.С. Ақбаев туралы» №427, «Қазақ КСР азаматтығына қабылдау туралы» №431, «Қазақ КСР-де тұратын Р.К. Мұхамбетәлиннің Қазақ КСР азаматтығынан және сонымен бірге КСРО азаматтығынан шығуы туралы» №433 жарлықтарына қол қойды.

ҚЫРКҮЙЕК 1991



Дс		2	9	16	23	30
Сс		3	10	17	24	
Ср		4	11	18	25	
Бс		5	12	19	26	
Жм		6	13	20	27	
Сн		7	14	21	28	
Жк	1	8	15	22	29	



1 қыркүйек

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев КСРО Орталық теледидарының «Жаңалықтар» бағдарламасына сұхбат берді.

Сұхбатта Н.Ә. Назарбаев төңкерістен кейін орын алған ахуалды ескере отырып, республикалар Одаққа «кез келген нысанда еркін түрде өздігінен» кіруге мүмкіндік алуы керектігін атап айтты.

2 қыркүйек



Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында өткен КСРО халық депутаттарының төтенше съезіне (кезектен тыс V съезіне) қатысты.

КСРО Президенті М.С. Горбачевтің өкілеттілігі бойынша Н.Ә. Назарбаев съезде КСРО Президентінің және РКФСР, Украина, Белоруссия КСР, Өзбекстан Республикасы, Қазақ КСР, Әзірбайжан Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Тәжік КСР, Армения КСР, Түрікмен КСР жоғары лауазымды басшыларының мәлімдемесін жасады (Қосымшаны қараңыз).

Осы мәлімдememен билік құрылымдарының одан әрі күйреуін болдырмау мақсатында және республикалар арасында жаңа саяси, мемлекеттік қатынастар жүйесінің құрылуына дейін республикалар арасындағы өтпелі кезеңге (жаңа Конституция қабылдап, оның негізінде биліктің жаңа органдарының сайлауын өткізгенге дейін) арналған қарым-қатынас тәртібі орнатылды.

Республикалар басшылары съезге ұсынылған мәселелер бойынша шұғыл шешімдер қабылдау туралы өтініш жасады.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Кешірім жасау туралы» №434 Жарлығына қол қойды.

3–5 қыркүйек



Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында өткен КСРО халық депутаттарының төтенше съезіне (кезектен тыс V съезіне) қатысты.

Съезд жұмысының қорытындысы бойынша «КСРО Президенті және одақтас республикалардың жоғары лауазымды басшыларының бірлескен мәлімдемесі мен КСРО Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс сессиясының шешімінен туындайтын іс-шаралар туралы» Қаулысы қабылданып, онда билік құрылымдарының одан әрі

күйреуін болдырмау мақсатында республикалардың еркі мен халықтарының мүдделеріне негізделген жаңа мемлекеттік қатынастар жүйесін құру үшін өтпелі кезең жарияланды.

Съезд сондай-ақ «Адам құқықтары мен бостандықтары декларациясын» қабылдады.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев КСРО халық депутаттарының төтенше съезіне қатысуына байланысты Мәскеу қаласында болған кезінде Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Премьер-министрі Дж. Мейджормен кездесті.

Әңгіме барысында Дж. Мейджор Пекин қаласына барар жолда Мәскеу қаласына аялдамасы елдегі ахуалды тереңірек түсініп, дұрыс баға беру, сондай-ақ Ұлыбританияда сөйлеген сөздерін мұқият бақылап отырған Н.Ә. Назарбаевпен бетпе-бет жүздесу үшін жасалғанын атап айтты.

Н.Ә Назарбаев М. Тэтчердің жуық арада Қазақстанға жасаған сапарына қанағаттанарлық сезімін білдірді.

Елдегі жағдайға баға бере отырып, Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев жаңа Одақтық шартқа қол қоюдың қажеттігі бірыңғай экономикалық кеңістікті сақтау мақсатына негізделгендігін мәлімдеді.

Кездесудің соңында Дж. Мейджор Қазақ КСР Президентін 1991 жылғы қазан айының соңында Ұлыбританияға келуге шақыруын тағы бір мәрте атап айтты.

Сол күні Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев КСРО-дағы Германия Федеративтік Республикасының, Болгария Республикасының және Мексика Құрама Штаттарының Төтенше және Өкілетті елшілері К. Блехпен, В. Велчевпен және К. Тельомен екіжақты кездесулер өткізді.

Кездесу барысында мемлекеттер арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейтудің, саяси және экономикалық байланыстарды нығайтудың өзекті мәселелері қаралды.

7 қыркүйек

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Компартиясының кезектен тыс төтенше съезінің жұмысына қатысты.

Съезде «Елдегі саяси жағдайға байланысты Қазақстан Компартиясы мен КОКП туралы» мәселе қаралды.

Съезд қатысушыларына арнаған сөзінде Президент: «Кезектен тыс пленумда Қазақстан Компартиясының КОКП құрамынан шығуы және республикалық Орталық комитеттің қызметін тоқтату туралы мәселе қойып, мен өте дұрыс істедім деп ойлаймын. Жағдайға байыпты баға беріп, Орталық комитет өзін құрметке бөлейтін бірден-бір дұрыс шешімді дербес қабылдап, осы съезді шақырды. КОКП тұтас құрылым ретінде өмір сүруін тоқтатты. Енді оған қайтып оралу жоқ. Қазақстан Компартиясының тағдырын осында, осы съезде шешу керек», — деп атап өтті (Қосымшаны қараңыз).

11 қыркүйек

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласында өтіп жатқан Табиғи апаттар жөніндегі Халықаралық симпозиумға қатысушыларға сәлемдеме жолдады.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР Ғарыш зерттеулер агенттігін құру туралы» №441, «Қазақ КСР Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетін құру туралы» №442 жарлықтарына қол қойды.

12 қыркүйек

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Әскери қызметке шақыру туралы» №443 Жарлығына қол қойды.

13 қыркүйек

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қ.Б. Саудабаевты Қазақ КСР-нің КСРО-дағы Өкілетті өкілі қызметіне тағайындау туралы» №445, «В.Б. Темірбаевты Қазақ КСР-нің РКФСР-дегі Тұрақты өкілі қызметіне тағайындау туралы» №446, «Е. Рахмадиевті Қазақ КСР Мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №447 жарлықтарына қол қойды.

15 қыркүйек

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Америка Құрама Штаттарының Мемлекеттік хатшысы Дж. Бейкерді қабылдады.

Н.Ә. Назарбаев американдық тарапты Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық ахуал мен оның халық-шаруашылық кешенін реформалау бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы хабардар етті.

Өз тарапынан Дж. Бейкер Н.Ә. Назарбаевтың прогрессивті қызметі американдық тараптың сенімін тудыратынын атап айтты. Ол сондай-ақ белгілі бір ұйымдастырушылық шаралар шеңберінде сақталып қалған КСРО-мен де, сонымен қатар оның құрамына енетін республикалармен де ынтымақтастықты дамыту АҚШ-тың және барлық дүниежүзілік қоғамдастықтың мүддесінде екенін атап көрсетті. Дж. Бейкер елдегі жағдайды тұрақтандыруда Қазақстанның салмақты рөлін көретінін мәлімдеп, орнатылған қатынастардың табысты дамуына үміт артты.

17 қыркүйек

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында өткен КСРО Мемлекеттік кеңесінің отырысына қатысты.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасының Президенті Б.Н. Ельцинге республика аумағындағы казактардың арандатушылық әрекеттеріне қатысты жолдау жолдады.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев егеменді республикалардың басшыларына 1991 жылғы 2 қазанда құрамына Қазақстанның өкілі кірген кеңестік-австриялық экипажы бар ғарыш кемесінің ұшырылуына қатысуға шақыру жолдады.

Сол күні Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапарымен аттанды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетін, Қазақ КСР Теледидар және радио хабары жөніндегі мемлекеттік комитетін және Қазақ КСР Министрлер кабинеті жанындағы Баспасөзде және басқа да бұқаралық

ақпарат құралдарында мемлекеттік құпияны сақтау жөніндегі бас басқарманы тарату туралы» №449 Жарлығына қол қойды.

18 қыркүйек

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Солтүстік Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болды.

Сапар барысында Н.Ә. Назарбаев Петропавл қаласында Облыстық халық депутаттары кеңесінде Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Торғай және Целиноград облыстары басшыларымен кеңес өткізді.

Кеңесте астық жинау, республика халқын ет, сүт және басқа да ауылшаруашылық өнімдерімен қамтамасыз ету мәселелері қаралды.

19 қыркүйек



Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстанға өзінің шақыруы бойынша келген Сингапур Республикасының Аға министрі Ли Куан Юды қабылдады.

Кездесу барысында екі мемлекет арасындағы ынтымақтастықты орнату перспективаларына баса назар аударылды.

Кездесудің соңында Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев пен Сингапур Республикасының Аға министрі Ли Куан Ю бір топ кеңестік және шетелдік тілшілермен кездесті.

«Егер менің тәжірибем сіздердің реформаларыңыз бен басқа республикалармен қарым-қатынастағы тұрақтылықты сақтап қалуда өз пайдасын тигізіп жатса — мен үшін бұл үлкен құрмет. Бұл тұрақтылық дүниежүзілік қоғамдастық үшін аса маңызды, сондықтан да ол қазір Қазақстанға зор үмітпен қарайды», — деді Ли Куан Ю.

20 қыркүйек

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев теледидар құрастырумен айналысатын «Тельбоне–Алматы» бірлескен Қазақстан-корей кәсіпорнының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Сол күні Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев РКФСР Президенті Б.Н. Ельцинмен бірге Таулы Қарабақтағы армян-әзірбайжан қақтығысын реттеу жөніндегі келіссөздерге қатысу үшін Әзірбайжан Республикасына аттанды.

«Біз Борис Ельцинмен Таулы Қарабаққа орталықтан жіберген уәкілі ретінде емес, ұлтаралық қақтығысты шешудегі табыстырушы ретінде бара жатырмыз», — деді ұшар алдында Қазақстан Президенті.

Қысқаша сұхбат барысында Н.Ә. Назарбаев екі республика басшысының бастамасы 17 тамызда Алматы қаласында туғанын атап өтті. Оны таяу күндері іске асыру жоспарланып жүрген еді, алайда оған елдегі қайғылы оқиғалар кедергі жасады.

«Бізге, Борис Николаевич екеуімізге Баку мен Ереванда қиын да міндетті іс тұр және, әрине, белгілі бір қиындықтарды қақтығыс орталығы — Степанакертте де еңсеру қажет болады. Таулы Қарабақтағы оқиғаларға қатысты қандай да бір болжамдар жасау — ізгі іс емес. Оның барлығын тікелей сол жердегі ахуалды толық қарау нәтижесінде білеміз. Меніңше, М.С. Горбачевтің Жарлығы бойынша таратылған қақтығыс аймағындағы конституциялық билік органдарын қалпына келтіру қажет. Менің ойымша, халық санасында анархияға жол берген бассыздық — екі жақтың қанды қақтығыста бітімге келмеуінің басты себептерінің бірі.

Ал жауынгерлер мен басқа да құрылымдарға қатысты айтар болсақ, оларды қарусыздандыру қажет. Екі Кавказ маңы республикаларының парламенттеріне қарама-қарсы жақтың мүдделеріне қысым көрсететін өз жарлықтарын жою қажет».

«Бірнеше сағат бұрын мен Әзірбайжанның және Арменияның басшыларымен телефон арқылы сөйлесіп, қақтығысты еңсеру бойынша олардың нақты ұсыныстарын мұқият тыңдадым, — деп жалғастырды Н.Ә. Назарбаев. Оқиғалардың алдын алып, қандай да бір асығыс қорытындылар жасағым келмейді, бірақ төрт көшбасшының бір үстел басында отырып сұхбаттасуы біздің ортақ жолымызды көлегейлеген тасты жылжытуы керек деп ойлаймын».

«Қарабақ мәселесі асығыс, әсіресе, күш көрсету әдісімен шешілуі мүмкін емес екені маған түсінікті, — деп атап айтты сөзінің соңында Қазақстан Президенті. Оны тек бітімгершілік әрекеттермен ғана тоқтатуға болады».

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР-нің КСРО-дағы Өкілетті өкілдігін құру туралы» №451 Жарлығына қол қойды.

21 қыркүйек

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев РҚФСР Президенті Б.Н. Ельцин және Әзірбайжан Республикасының Президенті А.Н. Муталибовпен бірге Әзірбайжан Республикасының астанасы Баку қаласында өткен Таулы Қарабақтағы әзірбайжан-армян қақтығысын реттеу жөніндегі келіссөздерге қатысты.

Сол күні Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев РҚФСР Президенті Б.Н. Ельцинмен және Әзірбайжан Республикасының Президенті А.Н. Муталибовпен бірге Таулы Қарабақтағы әзірбайжан-армян қақтығысын реттеу жөніндегі келіссөздерді жалғастыру үшін Гянджа қаласына кетті.

22 қыркүйек

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев РҚФСР Президенті Б.Н. Ельцинмен және Әзірбайжан Республикасының Президенті А.Н. Муталибовпен бірге Степанакерт қаласында өткен Таулы Қарабақтағы әзірбайжан-армян қақтығысын реттеу жөніндегі келіссөздерге қатысты.

Сол күні Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев пен РҚФСР Президенті Б.Н. Ельцин Армения Республикасына барып, осы республиканың астанасы Ереван қаласында Армения Республикасы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Л.А. Тер-Петросянмен кездесіп, Таулы Қарабақтағы әзірбайжан-армян қақтығысын реттеу жөніндегі келіссөздерді жүргізді.

23 қыркүйек

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев пен РҚФСР Президенті Б.Н. Ельцин Армения, Әзірбайжан, Таулы Қарабақ басшыларымен Ресейдің Железноводск қаласында өткен Таулы Қарабақтағы әзірбайжан-армян қақтығысын реттеу жөнінде келіссөздерді жүргізді.

24 қыркүйек

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Германия Федеративтік Республикасының Қаржы министрі Т. Вайгельді қабылдады.

Кездесу барысында экономикалық және саяси байланыстарды кеңейту Қазақстан мен Германияның мүдделеріне жауап беретіні атап өтілді.

25–30 қыркүйек

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Түркия Республикасында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Анкара қаласында Президент Т. Озалмен кездесті.


Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тұрақты, теңгерімді және ұзақмерзімді негіздегі екіжақты сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты дамыту мәселелері талқыланды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақ КСР мен Түркия Республикасы арасындағы өзара қарым-қатынастардың принциптері туралы декларацияға, Өзара уағдаластықтар туралы меморандумға және Қазақ КСР мен Түркия Республикасы арасындағы көлік және телекоммуникация саласындағы келісімге қол қойылды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Түркия Республикасының Премьер-министрі М. Йылмазбен, Социал-демократиялық халықтық партиясының көшбасшысы Э. Иненюмен және Адал жол партиясының көшбасшысы С. Демирельмен екіжақты кездесулер өткізді.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Измир қаласында болып, онда Түркияның бірқатар өнеркәсіптік кәсіпорындарының жұмысымен танысты.

ҚАЗАН 1991



Дс		7	14	21	28
Сс	1	8	15	22	29
Ср	2	9	16	23	30
Бс	3	10	17	24	31
Жм	4	11	18	25	
Сн	5	12	19	26	
Жк	6	13	20	27	



1 қазан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстанға өзінің шақыруы бойынша келген 13 егемен мемлекеттердің және Республикааралық экономикалық комитеттің басшыларымен кездесті.

Кездесуді аша отырып, Н.Ә. Назарбаев: «...бүгінгі күннің айтулы күн екенін атап өткім келеді. Бұл жерде егемен мемлекеттердің басшылары бір ғана әрі өте маңызды мақсатпен — өткен жылдарда жасалған экономикалық байланыстардың бүлінуіне жол бермей және бірыңғай экономикалық кеңістікті сақтай отырып, біздің республикаларымыздың арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты жаңа жағдайда берік қамтамасыз ету үшін жиналдық» (Қосымшаны қараңыз).

Кездесудің қорытындысы бойынша Коммюникеге қол қойылып, онда республикалардың басшылары «елді шарпыған экономикалық дағдарыстан шығудың жалғыз жолы — бұл жеделдетілген нарықтық қатынастарға өту, кәсіпкерлікті жан-жақты дамыту, барлық бағыттар бойынша өзара тиімді байланыстарды кеңейту. Кездесуге қатысушылар егеменді мемлекеттер арасындағы түбегейлі жаңа экономикалық қатынастардың негізін қалайтын экономикалық қоғамдастық туралы шартқа қол қоюды жақтайды», — деп мәлімдеді. Құжатта егеменді мемлекеттердің экономикалық ынтымақтастығының негізін қалайтын республикааралық деңгейлес экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени байланыстар белгіленді.

Кездесуде тағы бір құжат — 8 республика — РҚФСР, Украина, Беларусь, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстан өкілдерінің жасалған қорытынды жобаға 15 қазанда қол қоюды жақтайтыны туралы мәлімдемесі қабылданды.

Келіссөздердің соңында Қазақ КСР мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы достық пен ынтымақтастық туралы екіжақты шартқа қол қойылды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев және 13 егеменді мемлекеттер мен Республикааралық экономикалық комитеттің басшылары кеңестік және шетелдік тілшілер үшін баспасөз мәслихатын өткізді.

Келіссөздердің қатысушылары Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Алматы қаласында кездесу өткізу жөніндегі бастамасына, оның салмақты қорытындыларына: республикалардың бұдан кейінгі

ынтымақтастығының негізі болатын экономикалық қоғамдастық туралы шартты жасасуға қатысты келісімге келуде ілгері қадам жасай алуына жоғары баға берді.

2 қазан



Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев, Австрия Республикасының Федералды канцлері Ф. Враницкий, шақырылған одақтас республикалар мен Республикааралық экономикалық комитет басшылары «Байқоңыр» ғарыш айлағында болып, құрамына экипаж командирі А.А. Волков және зерттеуші-ғарышкерлер Т.О. Әубәкіров пен Ф. Фибек енген халықаралық кеңестік-австриялық экипажының ұшырылуына қатысты.

Алғашқы қазақ ғарышкері Т.О. Әубәкіровтің 1991 жылғы 2–10 қазан аралығында 7 күнге созылған ғарышқа ұшуы Қазақстан тарихындағы жаңа дәуірді ашты.

Т.О. Әубәкіров — алғашқы қазақ ғарышкері, авиацияның генерал-майоры, КСРО ұшқыш-ғарышкері, Қазақстан Республикасының ұшқыш-ғарышкері, Кеңес Одағының Батыры, «Халық қаһарманы», техникалық ғылымдар кандидаты — 1946 жылы 27 шілдеде Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Бірінші мамыр атындағы ұжымшарында туылған. 1969 жылы әуе шабуылына қарсы ұшқыштар даярлайтын Армавир жоғарғы әскери авиациялық училищесін бітірді. КСРО Әскери-әуе күштерінде қызмет етті. 1976 жылдан 1992 жылдың ақпанына дейін Т.О. Әубәкіров — белгілі А.И. Микоян атындағы Тәжірибелік-конструкторлық бюросының және М.М. Громов атындағы Ғылыми-зерттеу институтының сынақшы-ғарышкері. 50-ден астам ұшақтар түрлерін игерді. 1988 жылы әлемде алғаш рет МИГ-31 ұшағымен Солтүстік полюс аумағына әуеде екі рет жанар-жағар май құю арқылы қонусыз ұшты. 1989 жылы бірінші болып әуеге ұшырып, «Тбилиси» авиатасығышына МИГ-29 ұшағын қондырды. МИГ-29 және СУ-27 ұшақтарында аса күрделі және қиын сынақ ұшулары үшін Т.О. Әубәкіровке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

1991 жылы Т.О. Әубәкіров ғарышкерлер отрядына алынып, Ю.А. Гагарин атындағы Ғарышкерлер дайындайтын ғылыми-зерттеу сынақ орталығында қызмет етті.

1991 жылғы 2–10 қазанда «Союз ТМ-13» ғарыш кемесінде халықаралық кеңестік-австриялық экипаждың зерттеуші-ұшқышы ретінде ғарышқа ұшты.

Сол күні Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Байқоңыр» ғарыш айлағында өткен Австрия Республикасының Федералды канцлері Ф. Враницкимен кездесу өткізді.

Әңгімелесу барысында Қазақстан жеріндегі бірлескен ғарыштық жобаның табысты іске асырыла бастауы Қазақстан мен Австрия арасындағы сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастықты дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер ашатыны атап өтілді.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Hokkaido Shimbun» жапондық газетінің журналистеріне сұхбат берді.

4 қазан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласында алматылық уақыт бойынша 15 сағат 30 минутта «Мир» ғарыш станциясының халықаралық кеңестік-австриялық экипажымен келіссөздер жүргізді.

Н.Ә. Назарбаев ғарышкерлерді жеке өз атынан және барша қазақстандықтардың атынан Республика күнімен құттықтады: «Біздің барлық республикамыз ұшу барысын мұқият бақылап отыр. Барлық газеттер, телеарналар, радиолар Тоқтар туралы, оның ғарыштық достары туралы егжей-тегжейлі айтуда. Сіздерді монитордан шат-шадыман, көрікті, көңілді көріп отырғаныма шын жүректен қуаныштымын және сіздерде барлығы да жақсы болады деп үміттенемін».

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Республика күніне арналған салтанатты жиналысқа қатысты.

Президент Н.Ә. Назарбаев жиналғандарды Республика күнімен құттықтады: «Халықтың еркі бойынша Қазақстанның тарихында жаңа бетті ашқан аса маңызды құжаттың қабылданғанына 1 жыл толды. Республиканың Мемлекеттік егемендігі туралы декларация Қазақ КСР-нің нақты тәуелсіздігі мен дербестігін орнықтыру процесін бастап берді» (Қосымшаны қараңыз).

Н.Ә. Назарбаев қазақстандықтарға қазақтың тұңғыш ғарышкері Т.О. Әубәкіровтың атынан мерекемен құттықтауын жеткізді.

9 қазан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев коммерциялық банктер, биржалар, сақтандыру және акционерлік қоғамдар, шағын кәсіпорындар мен фермалардың өкілдерімен кездесті.

Кездесу барысында республикадағы кәсіпкерлікті дамыту мәселелері талқыланды.

Кәсіпкерлер Н.Ә. Назарбаевтың қазақстандық бизнесмендер, Президент және үкімет арасындағы тікелей байланысты жүзеге асыратын арнайы органды құру жөніндегі идеясын бірауыздан қолдады.

10 қазан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Мир» ғарыштық экипажын ғарыштық бағдарламаны табысты аяқтауымен құттықтады.

10 қазан күні Мәскеу уақытымен 6 сағат 12 минутта «Мир» ұшу кешенінің бортында жоспарланған зерттеулерді аяқтағаннан кейін, А.П. Арцебарский, Т.О. Әубәкіров және Ф. Фибек Жерге қайтып оралды. «Союз ТМ-12» түсіру аппараты белгіленген ауданда, Арқалық қаласының оңтүстік-шығысына қарай 67 км жерде қонды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Кешірім жасау туралы» №456, «Ғарышкер-зерттеушілер А.П. Арцебарскийді, Т.О. Әубәкіровті және Ф. Фибекті Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №462 жарлықтарына қол қойды.

14 қазан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Америка Құрама Штаттарының Мемлекеттік хатшысы Дж. Бейкермен телефон арқылы сөйлесіп, оның барысында АҚШ-тың сыртқы саяси ведомствосының басшысы егеменді республикалар басшыларының Алматыдағы кездесуінің нәтижесіне қанағаттанарлық сезім білдірді.

АҚШ Президенті Дж. Буштың атынан Дж. Бейкер Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаевқа елдегі ахуалды тұрақтандыруға бағытталған саясатты іске асыруына сәттілік тіледі.

15 қазан



Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласында өткен өз жанындағы Республика кеңесінің отырысына төрағалық етті.

Республика кеңесі 1991 жылғы IV тоқсанда және 1992 жылы азық-түлік жетіспеушілігі бойынша шиеленіскен жағдайға байланысты республика халқын азық-түлікпен қамтамасыз ету жөніндегі шұғыл іс-шараларды талқылады.

Республика кеңесі Қазақ КСР жергілікті кеңестерінің атқарушы комитеттерімен актілер

қабылдау кезінде заңдылықты нығайту жөніндегі іс-шараларды талқылады.

16 қазан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының кезектен тыс VI сессиясының пленарлық отырысына қатысты.

Отырыста «Қазақ КСР Президентін сайлау туралы» Заңы қаралып, қабылданды.

Сондай-ақ Н.Ә. Назарбаевтың ұсынысы бойынша отырыстың күн тәртібіне вице-президент, Жоғарғы Кеңес төрағасы және Қазақ КСР Премьер-министрі туралы мәселелер енгізілді.

Жан-жақты талқылаудан кейін Жоғарғы Кеңес Қазақ КСР вице-президенті етіп Е.М. Асанбаевты, Қазақ КСР Премьер-министрі етіп С.А. Терещенконы сайлады. Жоғарғы Кеңес төрағасының міндетін атқару келесі сессияға дейін Жоғарғы Кеңес төрағасының орынбасары С.А. Әбділдинге жүктелді.

Одан басқа, «Қазақ КСР Президентін сайлау туралы» Қазақ КСР Заңына байланысты Қазақ КСР заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы және «Қазақ КСР Президентінің сайлауын тағайындау туралы» қаулысы қабылданды, сондай-ақ Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР президенттігіне кандидат болып ұсынылды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Жаһандық қарусыздану үшін» халықаралық мәслихатының қатысушыларына құттықтауын жолдады.

«Семей ядролық полигонының тоқтатылғанына екі жыл болды. Енді ол Қазақстан Президентінің Жарлығы бойынша толығымен жабылды. Осы ежелгі жерді мекен еткен халықтың мүдделері жеңіп шықты, егеменді Қазақстан аумағында ядролық қаружарақпен жарысудың шаңы басылды. Бұл жеңісте сіздердің — «Невада-Семей» ядролық қаруға қарсы жалпыхалықтық қозғалысына қатысушылардың рөлі аса зор», — делінген жолдауда.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ КСР Президентін сайлау туралы» №894-XII Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «С.А. Терещенконы Қазақ КСР Премьер-министрі қызметіне тағайындау туралы»

№465, «Ұ. Қараманов туралы» №466, «Д.Х. Сембаевты Қазақ КСР Премьер-министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №467 жарлықтарына қол қойды.

17 қазан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстанға ресми сапармен келген Германия Федеративтік Республикасының Сыртқы істер федералды министрі Г.-Д. Геншерді қабылдады.

Кездесу барысында республикаға техникалық көмек көрсету және қазақстандық кадрларды Германияда даярлау мәселелері, Одақтық шартқа қатысты республиканың ұстанымы, Қазақстан немістерінің мәдени проблемалары талқыланды.

Кездесу қорытындысы бойынша Алматы қаласында Қазақ КСР-дегі Германия Федеративтік Республикасының Бас консулдығын ашу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Ұ. Қарамановты Қазақ КСР Мемлекеттік кеңесшісі қызметіне тағайындау туралы» №468 Жарлығына қол қойды.

18 қазан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында өткен Егеменді республикалардың экономикалық ынтымақтастығы туралы шартқа қол қою рәсіміне қатысты.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында КСРО-дағы Америка Құрама Штаттарының Төтенше және Өкілетті Елшісі Р. Страусты қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен АҚШ арасындағы тікелей байланыстарды дамыту перспективалары туралы пікір алмасу болып өтті, оның барысында Р. Страусс өз елінің әкімшілігі атынан Н.Ә. Назарбаевты өзіне ыңғайлы уақытта АҚШ-қа келуге шақырды. Шақыру ризашылықпен қабылданды.

21 қазан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласында КСРО-дағы Қытай Халық Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Юй Хунлянды қабылдады.

Әңгімелесу барысында Елші Алматыдағы кездесудің өтуі үшін Қазақ КСР Президентінің қолданған аса зор шараларын атап айтты, содан соң Мәскеу қаласында Экономикалық қоғамдастық туралы шартқа қол қойылды. Осының барлығы Қытайдың Егеменді мемлекеттер одағымен және Қазақстанмен өзара тиімді қатынастарды одан әрі дамытуы үшін жақсы алғышарттарды қалыптастырды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев британиялық «Financial Times» газетіне сұхбат берді.

Газетте жазылғандай: «Келесі аптада Ұлыбританияға бескүндік ресми сапармен келетін Қазақстан Президенті КСРО-дағы өзіне ең көп назар аударатын саясаткерлердің бірі, себебі ол ең алдымен, республикалар арасындағы саяси және экономикалық одақты шын ниетімен сақтап қалғысы келеді, екіншіден, ол еркін нарықтағы экономикаға ауысуды алғашқылардың бірі болып іске асыра бастады».

22 қазан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында өткен жаңа құрамдағы КСРО Жоғарғы Кеңесі I сессиясының пленарлық отырысына қатысты.

Сессия жұмысы барысында Ресей, Беларусь, Қазақстан, Өзбекстан, Әзірбайжан, Қырғызстан және Тәжікстанның бірінші басшылары Украина Жоғарғы Кеңесінің халық депутаттарына үндеу тастады.

Үндеуде республикалардың көшбасшылары, атап айтқанда, жаңа Одақтың құрылысы басталғанын мәлімдеді. Бұл тұрғыда Экономикалық қоғамдастық туралы шартқа қол қою маңызды мәнге ие. Егеменді мемлекеттер одағы туралы шарттың жобасы бойынша жұмыс қайта жанданды.

Үндеуде Украина өкілдерінің бұл ұжымдық жұмысқа белсенді қатысатынына сенім артылды. «Украина — Одақтың ең бір ірі республикаларының бірі. Біздің елдің дамуындағы, біздің халықтардың мақтан ететінінің барлығында оның рөлі ерекше. Украинаның көпұлтты халқы да өзін ғасырлар бойғы тарихы байланыстыратын біздің елдің барлық халықтарымен одақтық қатынастарсыз болашағын елестете алмайтындығына сенімдіміз…».



Сол күні Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев жұмыс сапарымен Маңғыстау облысына аттанды.

Жұмыс сапары барысында Н.Ә. Назарбаев облыстың әкімшілік орталығы — Ақтау қаласына барып, италиялық «Endjeko» және «Several Cosmetic» фирмаларымен ынтымақтастықта «Каспий маңы тау-металлургия комбинаты» өндірістік бірлестігімен салынған «Дикфа» БК тіс пастасы зауытының тұсаукесеріне қатысты.

Президент жаңа өндірісті аралап көріп, итальяндық және отандық жұмысшылармен және мамандармен әңгімелесті.

23 қазан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Шымкент облысында жұмыс сапарымен болып, облыстық халық депутаттары кеңесі сессиясының жұмысына қатысты.

24 қазан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Жас алаш» тәуелсіз жастар газетінің бастамасымен республика Президентінің лауазымына өзінің кандидатурасын қолдау үшін құрылған қоғамдық комитеттің мүшелерімен кездесті.

25 қазан



Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласында өткен Республика күніне арналған мерекелік шараларға қатысты.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев сайлау науқанын өткізудегі сенімді тұлғаларымен кездесті.

Н.Ә. Назарбаев өзінің сайлауалды саяси бағдарламасымен таныстырып, түбегейлі экономикалық реформалардың және нарықтық қатынастарға өтуді мүлтіксіз жүзеге асырудың жақтаушысы болып қала беретінін атап айтты.

Сол күні Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласына келіп, Ұлыбританияға жасайтын сапарына байланысты баспасөз мәслихатын өткізді.

Тілшілерді қызықтырған негізгі сауал сапардың мақсаты мен бағдарламасына байланысты болды.

«Бұл менің Англияға алғашқы сапарым, — деді Н.Ә. Назарбаев. — Ел басшылығының шақыруы бойынша жүзеге асырылатын сапардың бағдарламасы өте мазмұнды болмақ. Премьер-министрмен кездесуден басқа, М. Тэтчер ханыммен, үкіметтік және іскерлік орта өкілдерімен сұхбаттар жоспарланып отыр. Ұлыбританиямен тікелей екіжақты ғылыми-техникалық, сауда-экономикалық және мәдени ынтымақтастықты дамыту мәселелерін талқылау біз үшін аса маңызды».

«Мен Англияға үлкен қызығушылықпен бара жатырмын. Біздің талқылайтын ортақ мәселелеріміз баршылық. Әлем Қазақстанның қарама-қайшылық пен ұлттық қақтығыстарды болдырмау үшін ел халықтарының саяси және экономикалық бірігуі жолында қолдан келгеннің барлығы жасайтынын білуі керек. Біз мұны жаңа экономикалық қатынастарға, әлемдік қоғамдастыққа дау-дамайсыз енудің басты кепілдіктері деп есептейміз. Демократиялық елдер біздің жұмсап жатқан күшімізге қолдау көрсетеді деп үміттенеміз, себебі біз өркениетті әлемге демократияны жақтайтын мемлекет ретінде кіргіміз келеді».

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қ.А. Абдоллаевты Қазақ КСР Премьер-министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №470, «Т.С. Қабдырахмановты Қазақ КСР Экономика жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №471, «Н.А. Вдовинді Қазақ КСР Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің төрағасы қызметінен босату туралы» №472, «Б.А. Баекеновті Қазақ КСР Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №473, «Қазақ КСР Мемлекеттік қорғаныс комитетін құру туралы» №474, «С.Қ. Нұрмағамбетовті Қазақ КСР Мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №475, «Байқоңыр» ғарыш айлағының бір топ қызметкерлерін Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №479 жарлықтарына қол қойды.

26 қазан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Орталық сайлау комиссиясымен Қазақ КСР Президенті лауазымына үміткер ретінде тіркелді.

27 қазан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігіне осы ел басшылығының шақыруы бойынша ресми сапармен аттанды.

28 қазан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінде ресми сапармен болды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Кешірім жасау туралы» №480, «Қазақ КСР-нің РКФСР-дегі Тұрақты өкілдігін құру туралы» №487 жарлықтарына қол қойды.

29 қазан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігіне ресми сапары барысында Лондон қаласында Сыртқы істер министрі Д. Хэрдпен, Сауда және өнеркәсіп министрі П. Лиллимен кездесті.

Кездесу барысында сауда-экономикалық әрекеттесу мәселелері талқыланды. Тараптар жалпы уағдаластықтардан өзара тиімді ынтымақтастықтың нақты бағдарламаларына көшетін кез келді деген екіжақты шешімге келді.

Сол күні Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Лондон қаласында «Al Baraka», «Barclays», «Morgan Grenfell» банктерінің басшыларымен келіссөздер жүргізіп, Қазақстанда күшіне еніп бара жатқан жекешелендіру үдерісіндегі қаржылай ынтымақтастық жасау мүмкіндіктері талқыланды. Қаржы мекемелерінің басшылары республиканың тәуелсіз банктік жүйесінің қалыптасуы мен дамуына, оның келешектегі дүниежүзілік экономикаға интеграциялануына зор қызығушылық білдірді.

Күн соңында Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Ұлыбританиядағы КСРО Елшілігінде британиялық журналистер үшін баспасөз мәслихатын өткізді.

Баспасөз мәслихатында Президент: «Менің міндетім — халықаралық қоғамдастықты Қазақстанның зор

мүмкіндіктерімен таныстыру. Біз тиімді бизнеске дайынбыз және аса ірі келісімшарттарға қол қоюға кірісіп те кеттік», — деп, өзінің Ұлыбританияға сапарының мақсатын осылайша тұжырымдады.

30 қазан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігіне ресми сапары барысында Премьер-министр Дж. Мейджормен кездесті.

Келіссөздер барысында халықаралық ахуалға, Кеңес Одағындағы жағдайға, сондай-ақ Ұлыбритания мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынасқа қатысты кең ауқымды мәселелер талқыланды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев ЕҚДБ президенті Ж. Атталимен, Ұлыбританияның лейбористік партиясының көшбасшысы Н. Киннокпен, Ұлыбританияның бұрынғы Премьер-министрі М. Тэтчермен екіжақты кездесулер өткізді.

Сол күні Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев КСРО-да болып жатқан үдерістер туралы, посттоталитарлық қоғамның қалыптасуындағы республиканың рөлі туралы Корольдіктің Халықаралық қатынастар институтында «Қазақстан өзгермелі әлемде» атты дәрісін оқыды.

Н.Ә. Назарбаевтың айтуынша, Қазақстан «жаңа Одақтың қажеттігі турасындағы мәселеде әрқашан берік ұстанымда болды», бұл Алматыдағы кеңестің табысты аяқталуына, Экономикалық қоғамдастық туралы шартқа қол қоюға өз әсерін тигізді.

«XXI ғасырға өз жолын сала отырып, Қазақстан әскери күшке емес, өзіміздің ішкі бірлігімізбен және азаматтарымыздың жақсы тұрмысымен мықты саяси, экономикалық және рухани еркіндік қоғамын құру арқылы қол жеткіземіз деп үміттенетін беделге сүйенетін болады».

31 қазан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігіне ресми сапары барысында «British Petroleum» компаниясының жұмысымен танысты.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Қаржы министрі Н. Лэмонтпен кездесті.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Ұлыбританияның Консервативтік партиясы атынан Қауымдастық палатасының депутаты К. Уоррен бастаған британиялық-кеңестік парламенттік тобының мүшелерімен кездесті.

Н.Ә. Назарбаев Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі Парламентінің кезекті сессиясының ресми ашылу рәсіміне қатысты.

Күн соңында Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Ұлыбританияда тұратын қазақ қауымының өкілдерімен кездесті.

Жылы шырайлы әңгімелесу барысында Қазақ КСР Президенті республикада болып жатқан қайта құрулар туралы әңгімеледі.

Қазақ қауымының өкілдері Н.Ә. Назарбаевқа алдағы президенттік сайлауда табысқа жетуін тіледі.

ҚАРАША 1991



Дс		4	11	18	25
Сс		5	12	19	26
Ср		6	13	20	27
Бс		7	14	21	28
Жм	1	8	15	22	29
Сн	2	9	16	23	30
Жк	3	10	17	24	



1 қараша

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігіне ресми сапары барысында Лондон қаласында Ұлыбританияның іскерлік орта өкілдері — «Sedgwick Group» сақтандыру компаниясының төрағасы Р. Титлимен, Британиялық өнеркәсіп конфедерациясының президенті Б. Корбимен, «Lonrho» тау-кен өндірісі компаниясының төрағасы Т. Роулэндпен, «ICI» шығыс-еуропалық химия корпорациясының төрағасы Дж. Митчеллмен, «British Gas» компаниясының басқарушы директоры Х. Далтонмен кездесулер өткізді.

Барлық кездесулердің барысында британиялық бизнестің республика экономикасын дамытуға тарту перспективалары талқыланды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Reuters» агенттігіне сұхбат берді.

Әңгімелесу барысында Н.Ә. Назарбаев республикада «ортағасырлық ұлтшылдықтың» етек жаюына жол бермеу үшін барлық шараларды қолданатынын атап айтты. «Менің саясатым, қазіргі Қазақстанның барлық басшылығының саясаты секілді елді ортағасырлық ұлтшылдық кезіне оралуға бағытталып отырған жоқ, — деді ол. — Біз адам құқықтары құрметтелетін заманауи мемлекет құрғымыз келеді. Әртүрлі ұлттар мен халықтар өкілдерінің арасында шекаралық соғыстар немесе қақтығыстарды болдырмау үшін мен қолымнан келгеннің барлығын да жасаймын».

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігіне ресми сапарының қорытындысы бойынша брифинг өткізді.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Сапар мақсаттары табысты орындалды» деп мәлімдеді.

Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Премьер-министрі Дж. Мейджормен және іскерлік орта өкілдерімен болған келіссөздер барысында үш нақты бағыттар бойынша уағдаластықтарға қол жеткізілді:

біріншіден, жекешелендіру бағдарламаларын іске асырудағы техникалық көмек — сараптық қызметтермен қатар, қазақстандық мамандарды

тікелей британиялық компаниялар мен қаржы институттарында даярлау;

екіншіден, табиғат ресурстарына бай Қазақстанның ең ірі жобаларына тәуелсіз халықаралық сараптама жасауға ірі банктерді тарту;

үшіншіден, Қазақстанда іс жүргізгісі келетін коммерциялық банктерге жәрдемдесу.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Лондон қаласынан Мәскеу қаласына аттанды.

4 қараша

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласында КСРО Президенті М.С. Горбачевтің төрағалық етуімен өткен КСРО Мемлекеттік кеңесінің кезекті отырысына қатысты.

Отырыста Экономикалық қоғамдастық туралы шартына келісімдер пакетін дайындау барысы туралы мәселе қаралды. КСРО Президенті барлық республикалардың өкілдері шарт идеясын қолдайтынын растағаны үшін және жуық арада ратификацияланатын оған қоса берілген келісімдердің жобалары бойынша жұмысты аяқтауға ниет білдіргені үшін ризашылығын білдірді.

М.С. Горбачев РКФСР Президенті ұсынған түбегейлі экономикалық реформалардың бағдарламасын қолдап, пікірін білдірді. «Егер Ресей шарт шеңберінде әрекет ететін болса, ешқандай сұрақтар туындамайды, ал бұл бізге одан да жылдам қимылдау керек екенімізді білдіреді», — деп атап айтты Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев. Отырыста сөз сөйлеген республикалардың басшылары Ресейдің ұсынған реформалар бағдарламасына қолдау білдірді.

6 қараша



Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының отырысына қатысты.

Отырыста алдағы уақытта болатын Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі VII сессиясының күн тәртібі туралы мәселе талқыланды.

Отырыста сондай-ақ «Қазақ КСР-дегі мемлекеттік статистика туралы», «Банкроттық туралы», «Қазақ КСР-дегі концессиялар туралы», «Қазақ КСР Прокуратурасы туралы», «Қазақ КСР Төрелік соты туралы» және «Қазақ КСР Төрелік сотының шаруашылық дауларды шешу тәртібі туралы» заңдарының жо-

балары қаралып, толығымен мақұлданды, «Қазақ КСР алдындағы ерекше қызметі үшін төленетін зейнетақылар туралы» Заң жобасы қайта пысықтау үшін қайтарылды.

Сол күні Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев республиканың шығармашыл одақтарының басшыларымен және шығармашыл жастар өкілдерімен кездесті.

Кездесу барысында жұмыс істеп тұрған мәдениет ошақтарын қалпына келтіру және жаңа орталықтар ашу, мәдениет, әдебиет пен өнер қайраткерлерінің әлеуметтік қорғалуы, жастарға эстетикалық тәрбие беру мәселелері көтерілді.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қ. Зәкіриянов туралы» №491 Жарлығына қол қойды.

9–10 қараша

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Гурьев облысында жұмыс сапарымен болды.

Н.Ә. Назарбаев игеріліп жатқан Теңіз мұнай-газ кен орнының нысандарына барып, еңбек ұжымдарымен әңгімелесті.

Содан соң Президент Ембі ауданындағы «Демалыс» мұнайшылар мәдени-спорттық орталығында, Қызылқоға ауданындағы Мәдениет үйінде, Гурьев облыстық драма театрында тұрғындармен кездесулер өткізді.

11 қараша

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Орал облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент «Правда» газеті атындағы астықты кеңшарға барып, неміс ұлтты балаларға арналған арнайы балабақшаны, жергілікті мал бордақылау кешенін аралап көрді. Президент ауыл адамдарының үйлерінде болып, аудан тұрғындарымен әңгімелесті.

«Көпұлтты Қазақстан тату-тәтті өмір сүріп жатыр, — деді Н.Ә. Назарбаев. — Бұл біздің басты жетістігіміз, басты мақтанышымыз. Терең интернационализм үшін бізді, қазақстандықтарды бүкіл дүниежүзі құрметтейді. Сонымен бірге біз егеменді мемлекет болған соң, дүниежүзінде бірінші болып ядролық полигонды жапқанымыз үшін де құрметтейді.

Біз ешкімге қыр көрсетпейміз, аумақтық дау-дамай жоқ, бірақ ешкімге біздің жерде билеп-төстеуге жол бермейміз!»

Орал қаласына жұмыс сапары барысында Қазақ КСР Президентінің қала кәсіпорындары, қоғамдық ұйымдар мен облыстың селолық аудандары ұжымдарының өкілдерімен «Форум» қоғамдық-саяси орталығында кездесуі өтті.

12 қараша



Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Орал облысында жұмыс сапары барысында «Зенит» машина жасау зауытына, К. Цеткин атындағы тігін фабрикасына барып, еңбек ұжымдарымен кездесті.

13–14 қараша

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Ақтөбе облысында жұмыс сапарымен болды.

Ақтөбе қаласында Н.Ә. Назарбаев Ақтөбе ферроқорытпа зауытына, «Ақбет индастриз СП» бірлескен Қазақстан-Италия кәсіпорнына, Ақтөбе өндірістік тоқыма бірлестігіне барды.

Жұмыс сапары барысында Президент «Қазақ КСР-іне 40 жыл» кеңшары мен Облыстық ардагерлер үйінде фермерлермен кездесулер өткізді.

15 қараша

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Алматы облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында Алматы қаласы мен облысының сайлаушыларымен кездесті.

Өзінің сайлауалды бағдарламасымен таныстыра отырып, Н.Ә. Назарбаев: «...Мен тез жеңіске және жалпыға бірдей рахат өмірге уәде бермек емеспін. Мен кейбіреулер сияқты, қатаң белгілі бір уақыттан кейін болатын тамаша өмірге уәде бермеймін. Бірақ мен біз барлығымыз бірге жүретін жол бізді күңгірт те ешкімге түсініксіз «жарқын болашаққа емес», қайта жалпы дүниежүзілік өркениеттің даңғыл жолына әкелетініне сенімдімін. Ол бізді адамзаттың басым бөлігі жүріп келе жатқан нақ сол қарапайым дұрыс жолға әкелмекші», — деді (Қосымшаны қараңыз).

Сол күні Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының бас

мүфтиі Р. Нысанбаевпен, Алматы және Семей архиепископы Алексиймен және Орталық Азия мұсылмандары діни басқармасының бас мүфтиі М. Юсуппен кездесулер өткізді.

Кездесулер барысында халықтың рухани құндылықтарын жаңғыртудағы діннің рөлі, барша қазақстандықтар үшін ұлтаралық келісім мен құрмет сезімін қамтамасыз ету қажеттігі туралы сөз қозғалды.

16 қараша

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласында өтіп жатқан Қазақстанның іскерлік топтарының жиналысына қатысушыларға құттықтауын жолдады.

17 қараша

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Австралияның Сыртқы істер және ішкі сауда министрі Г. Эвансты қабылдады.

Әңгіме барысында экономика, сауда, ғылым, техника және мәдениет салаларындағы екіжақты ынтымақтастықты дамыту мәселелері талқыланды.

Өз үкіметінің атынан Г. Эванс Н.Ә. Назарбаевты Австралияға келуге шақырды. Шақыру ризашылықпен қабылданды.

Сол күні Президент Семей облысына жұмыс сапарымен барып, Курчатов қаласында әскери қызметшілермен кездесті.

«Біздің егеменді республика халқының еркін орындай отырып, мен өз Жарлығыммен атом полигонын жаптым, — деді Президент құттықтау сөзінде. — Осында қырық жылдан астам уақыттан бері болғандардың барлығын (жерүсті, жерасты және әуе жарылыстары) қазақстандықтарға қарсы жасалған қылмыс дегеннен басқа ештеңе айта алмайсың. Адамдар онкологиялық аурулармен ауырып жатыр, табиғаттағы экологиялық тепе-теңдік бұзылды. Біз әлемдегі бес атом полигонының бірін бірінші болып жаптық. Енді әскерилер тағы да бірнеше қуаты аз жарылыстар туралы не айтса-дағы бұл ешқашан болмақ емес. Семей жері бұған енді төзе алмайды».

Н.Ә. Назарбаев Курчатов қаласында республикалық-одақтық бағыныстағы ғылыми-зерттеу орталығы жұмыс істейтін болады деп мәлімдеді, оның қызмет ету

аясы шетел мемлекеттерімен бірге атом энергетикасы нысандарын сынақтан өткізу саласындағы зерттеулерден бастап, жер сілкінуді болжауға дейін көпқырлы әрі перспективті болуы керек.

18 қараша

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Семей облысына жұмысы сапары барысында Абай ауданындағы Қарауыл ауылына барып, қой өсіру шаруашылықтарын қарап шықты.

Содан кейін Н.Ә. Назарбаев Семей қаласындағы «Кабель» зауытында болып, зауыттың мамандарымен және жұмысшыларымен кездесті.

19 қараша

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Шығыс Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болды.

Н.Ә. Назарбаев Өскемен қаласында салынып жатқан металлургтер тұрғын ауданын қарап шықты және Ертіс машина жасау зауытының қызметімен танысты.

20 қараша

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Павлодар облысында жұмыс сапарымен болды.

Н.Ә. Назарбаев «Заря» қала маңы кеңшарына барды, содан кейін Павлодар қаласының Трактор жасаушылар мәдениет үйінде еңбеккерлермен кездесті.

21 қараша

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Солтүстік Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болды.

Н.Ә. Назарбаев «Налобинская» агрофирмасына, С.М. Киров атындағы Петропавл зауытына барып, Новопавловка кентінің маңындағы жеке құрылыс ауданымен танысты, жетім балаларға арналған облыстық мектеп-интернатында болды.

Облыс бойынша жасаған сапарының негізгі қорытындыларын шығара отырып, Президент «Казахстанская правда» газетіне сұхбат берді: «Республиканың ең бір «қызу» өңірлерін аралап жүрмін, мен алдында айтып өткендей, Орал, Өскеменде болдым, Қарағандыға баруды жоспарлап отырмын, Солтүстік Қазақстан облысында тыныштық, әртүрлі ұлттар өкілдерінің арасында өзара түсіністік бар екені менің көңілімнен шығып отыр және тағы да

қайталап айтамын, шекарасын мен әрқашан да шартты түрде, қазіргі кезде қандай болса, сол күйінде көргім келетін көршілес Ресеймен ешқандай проблемалар туындамайтыны маған ұнайды».

22 қараша

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Қостанай облысында жұмыс сапарымен болды.

Н.Ә. Назарбаев көбіне «сұлукөлдік» деп аталатын солтүстікқазақстандық меринос шығарылған Жетісу ауданының «Сұлукөл» асыл тұқымды мал зауытында болды, Қостанай аяқ-киім фабрикасына барды.

Еңбеккерлермен әңгімелесу барысында Н.Ә. Назарбаев: «Өз жерлеріңіздің нағыз иелері болыңыздар. Барлық жақсылықтар үшін сіздерге бірігіп күресуге тура келеді. Ендеше, әрқайсыңызға өз жұмыс орнында білек сыбана жұмыс істеуге кірісу керек. Мен өз кезегімде, мықты президенттік билік институтын құруға тырысамын. Себебі тәртіпсіз, заңға бағынусыз біз осы заманғы өркениетті қоғам құра алмаймыз. Біздің барлығымызды ұзақ уақыт бойы социализмнің жарқын келешегімен алдап келді. Ал оған дейінгі қашықтық жылдан жылға барған сайын арта берді. Жүріп өткен жол көптеген халықтардың, оның ішінде қазақ халқының қайғы-қасіретімен төселген. Ол тұйыққа апарып тіреді. Нарыққа ауысу да оп-оңай бола қоймайды, оған дәмеленбеңіздер. Алайда бұл — біз үшін болуы мүмкін жалғыз жол», — деді.

25 қараша

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Алматы облысында жұмыс сапарымен болып, Шонжы ауылындағы «Мухаббат» тігін фабрикасына барды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Республика ішкі істер органдарының бір топ қызметкерлерін «Қоғамдық тәртіпті сақтаудағы үздік қызметі үшін» медалімен наградтау туралы» №496, «Маңғыстау облыстық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасы №7 Әскерилендірілген өрттен қорғау отряды №101 Әскерилендірілген өрт бөлімінің бір топ қызметкерлерін «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» №497, «В.Г. Бугаевты «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» №498 жарлықтарына қол қойды.

26 қараша



Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Қарағанды облысында жұмыс сапарымен болды.

Сапар барысында Президент Н.Ә. Назарбаев Қарағанды металлургия комбинатына барып, металлургтермен кездесті.

Теміртау қаласында Н.Ә. Назарбаевқа «Теміртау қаласының құрметті азаматы» атағын беру туралы куәлік табыс етілді.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Шығыс Қазақстан облысындағы жер сілкінуінің зардаптарын жоюға қатысушыларды Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №499, «Өндіріс озаттарын Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №500, «Республиканың өндіріс озаттарын Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №501, «Халыққа білім беру қызметкерлерінің бір тобын Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №502, «Е.Я. Карретті, О. Көшімовті, Х. Муфтахованы Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №503, «Торғай облысының бір топ қызметкерлерін Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №504, «Қазақ КСР Теледидар және радио хабары жөніндегі мемлекеттік комитетінің бір топ қызметкерлерін Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №505, «Т.Қ. Құтжановани, Е.Ф. Лебедеваны Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №506, «В.Н. Павлухинаны, Р.Р. Өтегенованы Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №507, «А.С. Елагинді Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №508, «А.Н. Тілеулиновани Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №509, «Ю.А. Юмашеваны Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №510, «Ж.Я. Әубәкіроваға, Г.Ы. Қадырбековаға «Қазақ КСР Халық әртісі» құрметті атағын беру туралы» №511, «М.Б. Серкебаевқа «Қазақ КСР Халық әртісі» құрметті атағын беру туралы» №512, «Бір топ қызметкерлерге «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнеркәсіп қайраткері» құрметті атағын беру туралы» №513, «Е.А. Королеваға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнеркәсіп қайраткері» құрметті атағын беру туралы» №514, «А.П. Борщенкоға, Қ.А. Жұмабаевқа, Л.Г. Моисеевке «Қазақ КСР Еңбек сіңірген құрылысшысы» құрметті

атағын беру туралы» №515, «Г.В. Медведевке «Қазақ КСР Еңбек сіңірген құрылысшысы» құрметті атағын беру туралы» №516, «Т.Н. Асыловқа, Қ.С. Мәмбетовке «Қазақ КСР Еңбек сіңірген транспорт қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №517, «Н.Г. Головинаға, Н.О. Егіншиевке «Қазақ КСР Еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №518, «К.Б. Шегебаеваға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №519, «Ә.И. Иманғалиевқа, Ю.И. Фильшинге «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнертапқышы және рационализаторы» құрметті атағын беру туралы» №520, «Х.М. Жанғазиевқа, М.Д. Лейкинге «Қазақ КСР Еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағын беру туралы» №521, «Н.Р. Рановқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағын беру туралы» №522, «Халыққа білім беру саласының бір топ қызметкерлеріне «Қазақ КСР Еңбек сіңірген халыққа білім беру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №523, «Ж.З. Зұлқашеваға, Қ.Ж. Қабасовқа, М. Құсайыновқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген халыққа білім беру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №524, «Е. Лимановқа, Ш.Қ. Сәтбаеваға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген ғылыми қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №525, «Ж. Сыздықовқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген ғылыми қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №526, «Ә.Қ. Дүйсенбаевқа, Ә.Ж. Желдібаевқа, Г.Д. Седовқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №527, «Қ. Деріпсалдинға, С. Жалмышевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №528, «А. Бекбосыновқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №529, «Т.Ә. Тобағабыловқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №530, «М.Я. Антонюкке, М-У.С. Паншаевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнер қайраткері» құрметті атағын беру туралы» №531, «А.Н. Бургаевқа, О. Нұржұмаевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнер қайраткері» құрметті атағын беру туралы» №532, «А.А. Меттуска «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнер қайраткері» құрметті атағын беру туралы» №533, «А.Д. Макаровқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген әртісі» құрметті атағын беру туралы» №534, «Р.А. Машуроваға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген әртісі» құрметті атағын беру туралы» №535 жарлықтарына қол қойды.

27 қараша



Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Жезқазған облысында жұмыс сапарымен болып, оның барысында Сәтбаев және Жезқазған қалаларының кеншілерімен кездесті.

28 қараша

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Жамбыл облысында жұмыс сапарымен болды.

Сапар барысында Президент Қазақстанға ресми сапармен келген Сыртқы істер министрі Ә.А. Велаяти бастаған Иран Ислам Республикасының делегациясын қабылдады.

Ә.А. Велаяти Н.Ә. Назарбаевты Алматы қаласында қазақстандық тараппен өткен келіссөздердің қорытындысы туралы хабардар етті және осыншалықты табысты басталған Иран мен Қазақстан арасындағы байланыстар алдағы уақытта өзара тиімді негізде белсенді дамитынына сенім білдірді.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев келіссөздер қорытындысын мақұлдай отырып, екі мемлекет арасындағы тығыз сауда-экономикалық байланыстарды дұрыс жолға қою үшін барлық алғышарттар бар екенін атап көрсетті. Қазақстан мен басқа да ортаазиялық республикалар Иран мен Түркия арқылы Парсы шығанағы елдеріне шығуға мүдделі. Ортаазиялық өңірдің геосаяси жағдайы Батыс пен Шығыстың ұлғайып бара жатқан байланыстары арасындағы белсенді делдал болу үшін өте пайдалы.

ЖЕЛТОҚСАН 1991



Дс		2	9	16	23	30
Сс		3	10	17	24	31
Ср		4	11	18	25	
Бс		5	12	19	26	
Жм		6	13	20	27	
Сн		7	14	21	28	
Жк	1	8	15	22	29	



1 желтоқсан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев жалпыхалықтық президенттік сайлауға қатысты.

1991 жылғы 1 желтоқсанда Қазақстан тарихында алғаш рет республика Президентінің тікелей жалпыхалықтық сайлауы өтті.

Республика аумағында құрылған 21 сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 9 961 242 азамат енгізілді. Оның ішінен дауыс беруге 8 788 726 адам, немесе 88,23% қатысты.

Жасырын дауыс беру үшін сайлау бюллетеніне Қазақ КСР Президенті болуға кандидат Н.Ә. Назарбаев және Қазақ КСР вице-президентіне кандидат Е.М. Асанбаев енгізілді.

Сайлау қорытындысы бойынша Н.Ә. Назарбаев үшін 8 681 276 сайлаушы, немесе дауыс беруге қатысқандар санынан 98,78% дауыс берді.

2 желтоқсан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласының Достық үйінде қазақстандық және шетелдік тілшілер үшін өткен баспасөз мәслихатына қатысты.

Баспасөз мәслихатында сөз сөйлей отырып, Н.Ә. Назарбаев желтоқсан айының өзінде Қазақстанның экономикасын нарықтық жолға жеделдетіп ауыстыруға бағытталған бірқатар түбегейлі шешімдер қабылдайтынын айтты.

Сонымен бірге халықтың ең әлжуаз топтарын әлеуметтік қорғау бойынша іс-шаралар іске асырылады. Н.Ә. Назарбаев өз іс-қимылының құрамдас бағдарламаларын тағы да белгілеп берді: жаңа кадрлар — өндірістегі тәртіп — қылмыспен күрес.

Қазақстан Президенті барша қазақстандықтарға және сайлауалды науқанын қамтамасыз еткендерге алғыс білдіріп, белгіленген түбегейлі реформалар, оларды барлық халық қолдап отырғандықтан, табысты өткізілетініне сенім білдірді.

3 желтоқсан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Еуропалық Парламенттің делегациясын қабылдады.

Делегацияның басшысы М. Хофф Еуропа елдерінде Қазақстанда жүргізіліп отырған салмақты саясатқа үлкен қызығушылық білдіріп отырғанын айтты және ЕО Қазақстанмен белсенді байланыстарды дамытуға мүдделес екенін, Н.Ә. Назарбаевпен Брюссель қаласында кездесуді күтіп отырғанын жеткізді.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев КСРО Президенті М.С. Горбачевпен және РКФСР Президенті

Б.Н. Ельцинмен телефон арқылы сөйлесіп, олар Н.Ә. Назарбаевты егемен Қазақстанның Президенті болып сайлануымен құттықтады.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің осы лауазымға сайлануына байланысты Әзірбайжан Республикасының Президенті А.Н. Муталибовтан, Литва Республикасы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы В.В. Ландсбергистен, Беларусь Республикасы Министрлер кеңесінің төрағасы В.Ф. Кебичтен, Украинаның Премьер-министрі В.П. Фокиннен, Тәжікстан Республикасының Премьер-министрі И.Х. Хаеевтен, Германия Федеративтік Республикасының Сыртқы істер министрі Г.-Д. Геншерден, КСРО Сыртқы қатынастар министрі Э.А. Шеварднадзеден, КСРО халық депутаттарын сайлау жөніндегі Орталық сайлау комиссиясының төрағасы В.В. Орловтан, КСРО Жоғарғы сотының төрағасы Е.А. Смоленцевтен, КСРО Жоғарғы Кеңесі Республикалар кеңесі мен Одақ кеңесінің төрағалары Ә.Т. Әлімжановтан және К.Д. Лубенченкодан, Кемеров облыстық халық депутаттары кеңесінің төрағасы А.Г. Тулеевтен, ТАСС бас директоры В.Н. Игнатенкодан, Түркістан әскери округінің әскерлер қолбасшысы И.В. Фуженкодан, «Росчермет» корпорациясының президенті О.Н. Сосковецтен құттықтау жеделхаттарын алды.

4 желтоқсан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Л.М. Кравчукқа оның Украинаның Президенті болып сайлануына байланысты құттықтау жеделхатын жолдады.

«Украина мен Қазақстан арасында, бұрынғы кездегідей дәстүрлі тату, өзара тиімді қатынастар сақталады деп сенемін, және бұл біздің халықтарымыз үшін бейбітшіліктің, тұрақтылық пен гүлденудің сенімді кепілі болмақ», — делінген жеделхатта.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің он екінші шақырылымы Төралқасының пленарлық отырысына қатысты. Онда VII сессияға әзірлік мәселелері қаралды.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің осы лауазымға сайлануына байланысты Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовтан, Тәжікстан Республикасының Президенті Р.Н. Набиевтан, Армения Республикасының Президенті Л.А. Тер-

Петросяннан, Грузия Республикасының Президенті З.К. Гамсахурдиадан, Молдова Республикасының Президенті М.И. Снегурдан, РКФСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Р.И. Хасбулатовтан, Беларусь Республикасы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы С.С. Шушкевичтен, Қырғызстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы М.Ш. Шеримкуловтан, Эстония Республикасы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы А.Ф. Рюйтельден, Башқұртстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы М.Г. Рахимовтан, Мәскеу және бүкіл Русь патриархы Алексий II, КСРО бас прокуроры Н.С. Трубиннен, КСРО Мәдениет министрі Н.Н. Губенкодан, Моңғолия мұсылмандар қоғамының президенті С. Кадырдан, Лондон қаласындағы қазақ диаспорасының атынан Б. Жаналтайдан және т.б. құттықтау жеделхаттарын алды.

5 желтоқсан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев ЮНЕСКО бас директорының орынбасары Х.-А. Юшкявичюс бастаған делегацияны қабылдады.

Н.Ә. Назарбаев ЮНЕСКО өкілдік еткен өкілдерінің ақпарат және коммуникация саласындағы дүниежүзілік жетекші мамандардың қатысуымен Қазақстанды дүниежүзілік ақпарат алмасуға тарту мақсатында Қазақстанда бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің халықаралық семинарын өткізу туралы идеясын қолдады.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев осы лауазымға сайлануына орай Куба Республикасы Мемлекеттік кеңесінің және Үкіметінің төрағасы Ф. Кастродан, Болгария Республикасының Президенті Ж. Желевтен, Украинаның Президенті Л.М. Кравчуктан, ЕҚДБ президенті Ж. Атталиден және т.б. құттықтау жеделхаттарын алды.

6 желтоқсан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақ КСР Президентін сайлау жөніндегі Орталық сайлау комиссиясының отырысына қатысты.

«Қазақ КСР Президентін сайлау туралы» Заңының 21-ші бабына сәйкес және дауыс беру қорытындылары негізінде Орталық сайлау комиссиясы Қазақ КСР Президенті ретінде дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 98,78% дауысын жинаған Н.Ә. Назарбаев сайланды деп таныды. Сонымен бірге Қазақ КСР вице-президенті болып Е.М. Асанбаев сайланды деп танылды.

8 желтоқсан

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Пәкстан Ислам Республикасының Экономикалық істер жөніндегі Мемлекеттік министрі А.А. Сардар басқарған Пәкстан Ислам Республикасының делегациясын қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан Президенті Қазақстан мен Пәкстан арасындағы екіжақты экономикалық, мәдени және басқа да байланыстарды орнатудың маңыздылығын атап өтті. Осындай өзара тиімді ынтымақтастық екі республика арасындағы достық қарым-қатынастарды дамытуға, әртүрлі деңгейдегі байланыстарды кеңейтуге жәрдемдесетін болады деп атап көрсетті Н.Ә. Назарбаев.

Пәкстан делегациясының басшысы Н.Ә. Назарбаевқа Пәкстанға ресми сапармен келуге шақыруын табыс етті.

Сол күні Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев бірқатар пәкстандық беделді басылымдардың журналистерінің сұрақтарына жауап берді.

Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік музыкалық театрының ұжымын Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №536 Жарлығына қол қойды.

9 желтоқсан



Қазақ КСР Президенті Н.Ә. Назарбаев Мәскеу қаласына Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцинмен, Украинаның Президенті Л.М. Кравчукпен және Беларусь Республикасы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы С.С. Шушкевичпен Беловежье келісіміне қол қоюына байланысты кездесу үшін келді.

Кездесу қарсаңында Н.Ә. Назарбаев кеңестік және шетелдік тілшілерге баспасөз мәслихатын өткізді.

Баспасөз мәслихатын аша отырып, Қазақ КСР Президенті Мемлекеттік кеңес мақұлдаған Одақтық шарт жобасына қатысты бірқатар мәселелерді талқылау үшін Мәскеу қаласына Ресей, Украина және Беларусь басшыларымен кездесу ниетімен келгенін айтты. Н.Ә. Назарбаев өткен тәуліктегі оқиғаларға қарамастан саяси өмірдегі жаңғыртулар бойынша ұстамды шаралардың жақтаушы болып қала беретінін, бүгін басты бағыт болып табылатын экономикадағы түбегейлі реформаларға баса назар аудару қажеттігін атап айтты.

«Одақты қайта жаңғыртудың өркениетті формаларын ұстану, одақтас республикалар ретінде КСРО-ға кірген және өз егемендігін жариялаған барлық мемлекеттердің тәуелсіздігін мойындап, оларға БҰҰ-ға кіруге көмектесу қажет», — деп атап өтті Қазақ КСР Президенті.

1991 жылғы 8 желтоқсанда үш одақтас республикалар — Ресей, Беларусь және Украинаның басшылары Б.Н. Ельцин, С.С. Шушкевич және Л.М. Кравчук Беловежье қорығында КСР Одағы өмір сүруін тоқтатқанын білдірген, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын (ТМД) құру туралы келісімге қол қойды.
Құжаттың кіріспесінде «КСР Одағы халықаралық құқық субъектісі және геосаяси шынайылық ретінде өмір сүруін тоқтатады» делінген.

10 желтоқсан

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласындағы Республика сарайында өзінің ресми түрде лауазымына кірісуіне байланысты өткен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің салтанатты отырысына қатысты.

Отырысқа КСРО халық депутаттары, Қазақ КСР Республика кеңесі мен Үкіметінің мүшелері, министрліктері мен ведомстволарының басшылары, облыстық, аудандық және қалалық халық депутаттары кеңестерінің төрағалары, Орталық сайлау комиссиясының мүшелері, ғылым, мәдениет және өнер қайраткерлері, саяси партиялардың және қоғамдық қозғалыстардың, руханияттың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Отырысты Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі төралқасы төрағасының міндетін атқарған С.Ә. Әбділдин ашты.

«Қазақстанның көпғасырлы тарихында алғаш рет халық Президенті сайланды. Ол қазақ халқының ардақты ұлы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев болды. Шынайы демократиялық негізде өткізілген сайлауда ол үшін өзінің дауысын урналарға келген сайлаушылардың 99% берді. Бұл Нұрсұлтан Әбішұлының республика халқының барлық топтарының арасындағы танымалдығы мен үлкен беделін жарқын әрі сенімді түрде дәлелдейді. Қазақстанның көпұлтты халқы Н.Ә. Назарбаевты осынау қиын-қыстау кезеңде мемлекет басшысы ретінде сайлай отырып, оған өзінің тағдырын сеніп тапсырды, егеменді республиканы қайта түлету үшін барлық жауапкершілікті жүктеді. Бүгін парламенттің таңғы отырысында оның атауын өзгерту туралы шешім қабылданды. Ендігіде ол Қазақстан Республикасы деп аталатын болады», — мәлімдеді С.Ә. Әбділдин өз сөзінде.

Н.Ә. Назарбаевқа Қазақ КСР Президентін сайлау жөніндегі жалпыхалықтық дауыс берудің қорытындысы туралы құжат табыс етілді.



Республика Конституциясына сәйкес Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасы Президентінің антын қабылдады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасы Президентінің қызметке тағайындалуы туралы» Қаулысын қабылдады: «Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан Республикасы Президентінің қызметіне 1991 жылғы 10 желтоқсаннан бастап тағайындалды деп саналсын».

Н.Ә. Назарбаев өзінің ұлықтау сөзінде «Біз бастан өткеріп отырған осындай ғаламат тарихи өзгерістердің куәлары және қатысушылары болу кез келген ұрпақтың үлесіне тие бермейтіндігін» атап айтып, жас мемлекет алдында тұрған бірінші кезектегі міндеттерді белгіледі: «Саясатта — билікті айқын болумен байланысты қадамдар, көлбеу президенттік құрылымдар құру, ал ол атқару органдарын басқарудың үйлесімді жүйесін жасауға мүмкіндік береді.

Бұл депутаттық корпус пен Жергілікті кеңестердің далиып кеткен аппаратын біршама қысқарту қажеттігіне байланысты республика Жоғарғы Кеңесін кәсіпқой парламент етіп объективті түрде қалыптастыру.

Бұл саяси пікір алуандығына қолдау көрсете отырып, республиканың территориялық тұтастығына қарсы бағытталған экстремизм мен ұлттық дүрдараздықты, жікшілдікті уағыздаушы партиялар мен қозғалыстардың қызметіне сөзсіз тыйым салу.

Бұл құқық тәртібін нығайту мен заңдылықты сақтау жөніндегі батыл іс-әрекеттер. Бұл барлық қазақстандықтар құқығының теңдігі негізінде ұлтаралық келісімді сақтау, мемлекеттік саясаттың іргелі принципі ретінде саяси тұрақтылықтың басымдығы.

Осындай саяси іргетассыз Қазақстанды қазіргі заманғы өркениеттің арнасына қосу, бағаны ырықтандыруды, қаржы жағынан сауықтыруды, жекешелендіруді, нарықтық инфрақұрылымды құруды, меншіктің барлық түрлерінің тең құқықтығын көздейтін терең экономикалық өзгерістерді жүзеге асыру мүмкін емес. Коллективтік және жеке кәсіпкерлік жолындағы кез келген бюрократтық бөгетті жою маңызды, ал олар экономикалық гүлденудің басты қозғаушыларының бірі болуы керек» (Қосымшаны қараңыз).

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақ Кеңестік Социалистік

Республикасының атауын өзгерту туралы» №1000-XII Заңына қол қойды.

11 желтоқсан

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы VII сессиясының пленарлық отырысына қатысты.

Отырыста С.Ә. Әбділдин Жоғарғы Кеңестің төрағасы лауазымына сайланды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев КСРО Президенті М.С. Горбачевтан Қазақстан Республикасының Президенті лауазымына кірісуіне байланысты құттықтау жеделхатын алды.

«Саяси ахуалды тұрақтандыруға, түбегейлі реформалар жүргізуге, Одағымыздың басқа да мемлекеттерімен жан-жақты байланыстарды дамытуға бағытталған күш-жігеріңізге зор табыстар тілеймін», — делінген жеделхатта.

12–13 желтоқсан



Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Түрікменстанның астанасы Ашхабад қаласында өткен Орталық Азия және Қазақстан республикалары басшыларының консультативтік кездесуіне қатысты.

Кездесуге сондай-ақ Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримов, Қырғызстан Республикасының Президенті А.А. Ақаев, Тәжікстан Республикасының Президенті Р.Н. Набиев, Түрікменстанның Президенті С.А. Ниязов қатысты.

Кездесу барысында тараптар 1991 жылғы 8 желтоқсанда Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцин, Украинаның Президенті Л.М. Кравчук және Беларусь Республикасы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы С.С. Шушкевич қол қойған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы келісім (Беловежье келісімі) турасында пікір алмасты.

Кездесудің қорытындысы бойынша оған қатысушылар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының теңқұқылы құрылтайшылары болуға даярлығы туралы мәлімдеген бірлескен мәлімдемеге қол қойды.

Бұл ретте, консультативтік кездесуге қатысушылар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын қалыптастыру бойынша күшті үйлестіру қажеттігін, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы туралы шешімдер мен құжаттарды жасап шығару үдерісінде бұрынғы Одақ субъектілерінің

теңқұқылы қатысулары қамтамасыз етілуі керектігін, бұл құжаттарда Орталық Азия және Қазақстан республикаларының тарихи және әлеуметтік-экономикалық шындықтарын ескеру қажеттігін атап көрсетті, алайда олар, өкінішке орай, Достастық туралы келісімді дайындау кезінде назарға алынбады және т.б.

Одан басқа, Ашхабад кездесуіне қатысушы мемлекеттердің басшылары «Теджен-Серахс» темір жол желісінің құрылысы бойынша экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге және экологиялық апат аймақтары — Чернобыль және Аралда тұрған балаларға гуманитарлық көмек көрсету туралы шешімге қол қойды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан Республикасының халқын әлеуметтік жағынан қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы» №537, «1992 жылы Қазақстан Республикасында шаруашылық байланыстарды ұйымдастыру туралы» №538, «Қазақстан Республикасының Кеден комитетін құру туралы» №539, «Қазақстандағы 1986 жылғы 17–18 желтоқсандағы оқиғаларға қатысқаны үшін жауаптылыққа тартылған азаматтарды ақтау туралы» №540, «Жалақыға және тұтынуға жұмсалатын қаржының өсіміне шектеулерді жою туралы әрі бюджеттік ұйымдар мен мекемелер қызметкерлерінің жалақысын өсіру туралы» №541 жарлықтарына қол қойды.

16 желтоқсан

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымы VII сессиясының пленарлық отырысына қатысты.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңының жобасы талқыға салынды. Осы мәселе бойынша депутат С.С. Сартаев баяндама жасады.

Пікірталаста депутаттар А.М. Қонысбаев, Б.Д. Белик, Ғ.Т. Тұрғамбаев, Қ. Медиев, Л.А. Филаретова, С.З. Зиманов, Н.М. Оразалиев сөз сөйледі. Заң жобасын қайта қарап пысықтау үшін бірден енгізілген ұсыныстар мен ескертулер бойынша жұмыс істеуге кіріскен редакциялық комиссия құрылды.

Содан соң депутаттар қайта қаралып пысықталған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң жобасының әрбір бабын дауысқа сала отырып, оны қабылдады.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін салтанатты түрде жариялады.

Қазақстан Президенті парламентарийлер мен республиканың барлық көпұлтты халқын осы тарихи оқиғамен шын жүректен құттықтады.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңының қабылдануы Қазақстанның тәуелсіз дамуының бастауы болды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» №1007-XII Заңына қол қойды.

17 желтоқсан



Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстанға ресми сапармен келген Америка Құрама Штаттарының Мемлекеттік хатшысы Дж. Бейкерді қабылдады.

Кездесу аяқталған соң Н.Ә. Назарбаев пен Дж. Бейкер қазақстандық, орталық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін баспасөз мәслихатын өткізді.

Тілшілердің сауалдарына жауап бере отырып, Н.Ә. Назарбаев өзі мен Дж. Бейкер арасында жақын, достық қарым-қатынастар орнағанын атап өтті. Қысқа мерзім ішінде бұл Дж. Бейкердің Қазақстанға жасаған екінші сапары. Оның үстіне, олар үнемі телефон арқылы байланысты үзбей, мемлекетаралық қатынастардың маңызды мәселелері бойынша кеңесіп тұрады.

Бұл жолы Беловежье қорығындағы кездесуден кейін елде орын алған жағдайға баса назар аударылды.

АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы баспасөз мәслихатында сөз сөйлей отырып, Қазақстан Республикасы Президентімен тұрақты байланыстарын аса тиімді және жемісті деп бағалады.

Дж. Бейкер тілшілерге бүгін Құрама Штаттардың қойылымдық жоспарында Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін мойындауы туралы мәселе қаралғанын хабарлады. Украина, Беларусь және бұрынғы КСРО субъектілері болып табылатын басқа да мемлекеттерге қатысты американдық тарап оны тиісті үндеулер мен өзі ұсынған белгілі бес принцип негізінде шешетін болады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев егемен мемлекеттер басшыларының

минскілік және ашхабадтық кездесулерінен кейін орын алған жағдайдан туындаған барлық мәселелерге қатысты өз көзқарасын көрсеткен хабарламасын баспасөз бетінде жариялау үшін жолдады.

«Жақында ғана өз тәуелсіздігін жариялаған Қазақстан ең алдымен, экономикалық еркіндікті білдіретін тәуелсіз мемлекеттер достастығын қолдап келді және әрқашан қолдайды да. Алайда ендігіде Қазақстан ешкімнің де «кіші інісі», ешкімнің шикізаттық қосымшасы болмақ емес. Кез келген болашақтағы жаңартылған одақ тек қана теңдік — тең құқықтар мен тең мүмкіндіктер негізінде болуы мүмкін. Оны тек ортаазиялық қана емес, басқа егеменді республикалардың басшылары да осындай түрде көреді».

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі туралы» №1009-XII, «Жер салығы туралы» №1011-XII, «Қазақстан Республикасының территориясында КСРО-ның бойдақтар, жалғыз басты және шағын отбасылы азаматтары салығын кезең-кезеңімен жою туралы» КСРО Заңының әрекетін тоқтату туралы» №1013-XII заңдарына қол қойды.

19 желтоқсан

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Жол қоры туралы» №1014-XII Заңына қол қойды.

20 желтоқсан

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев АҚШ Мемлекеттік хатшысы Дж. Бейкермен телефон арқылы сөйлесіп, оның барысында тараптар 1991 жылғы 21 желтоқсанда Алматы қаласында өтетін 11 тәуелсіз мемлекеттер басшыларының кездесуіне дайындық мәселесін талқылады.

Дж. Бейкер Н.Ә. Назарбаевқа Еуропалық Одақтың барлық мүшелері мен АҚШ Алматы қаласында өтетін кеңестің қорытындыларын күтетінін және оның оң нәтиже беретініне сенім артатынын мәлімдеді. Жаңа шындықты ескере отырып, олар: КСРО-ға нарыққа көшу кезеңінде көрсетілуі керек болған көмек енді тікелей тәуелсіз мемлекеттерге бағытталатын болады деп қайталап айтты. Достастықты құру жөніндегі республикалардың ұстанымы шетелде жақсы қарсы алынды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» №1017-XII Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Ә.К. Бейсеуовке, Ш. Қалдаяковқа «Қазақстан Республикасының халық әртісі» құрметті атағын беру туралы» №544, «Н.Х. Тілемісовті Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №545, «А.Х. Арыстанбекованы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі қызметінен босату туралы» №546, «Т.Ы. Сүлейменовті Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі қызметіне тағайындау туралы» №547 жарлықтарына қол қойды.

21 желтоқсан

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев қазақстандық тараптың бастамасы бойынша Алматы қаласында ұйымдастырылған бұрынғы КСРО құрамына кірген 11 тәуелсіз мемлекеттер басшыларының кездесуіне қатысты.

Келіссөздерге сондай-ақ Әзірбайжан Республикасының Президенті А.Н. Муталибов, Армения Республикасының Президенті Л.А. Тер-Петросян, Қырғызстан Республикасының Президенті А.А. Ақаев, Молдова Республикасының Президенті М.И. Снегур, Тәжікстан Республикасының Президенті Р.Н. Набиев, Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримов, Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцин, Түрікменстанның Президенті С.А. Ниязов, Украинаның Президенті Л.М. Кравчук, сондай-ақ Беларусь Республикасы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы С.С. Шушкевич қатысты.

Грузия кездесуге байқаушылар болып қатысты.

Мемлекеттер басшыларының алдында сөз сөйлей отырып, Қазақстан Президенті: «Біз бір-бірімізге қарай жасалған қадамды «жоғарыдан» ешкім айтпай-ақ, орталықтағы «беделді ағаның» жол нұсқаған саусағын көтертпей-ақ жасағанымызды ерекше қанағаттанғандықпен атап өткім келеді. Болашақ достастықтың субъектілері ғана осы кездесудің шынайы инициаторлары болды. Мұның өзі осы «дөңгелек үстел» басында отырғандардың бәрінің де еркімен болғанына, біздің татулықта және тату көршілікте өмір сүруге шынайы ұмтылысымыздың, біздің халықтарымыздың тату-тәтті өмір сүруі үшін ынтымақтастыққа шынайы ұмтылуымыздың тағы бір айқын көрінісі болып табылады», — деп атап өтті (Қосымшаны қараңыз).

Кездесу қорытындысы бойынша 1991 жылғы 8 желтоқсанда Минск қаласында Беларусь Республикасы, Ресей Федерациясы (РҚФСР), Украина арасында қол қойылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы келісімнің хаттамасына; Алматы декларациясына; Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының үйлестіру институттары туралы келісімге; Тәуелсіз мемлекеттер басшылары кеңесінің хаттамасына; Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы кеңесінің шешіміне қол қойылды.

Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы мен Украина басшылары сондайақ Ядролық қаруға қатысты бірлескен шаралар туралы келісімге қол қойды.

Алматы декларациясы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының күйреуін және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрылуын заң жүзінде жариялады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 11 тәуелсіз мемлекеттер басшыларының кездесуіне қатысушылармен бірге шетелдік және қазақстандық тілшілерге баспасөз мәслихатын өткізді.

Н.Ә. Назарбаев баспасөз мәслихатын аша отырып: «Біздің мемлекеттің сырт келбетін өзгертіп, оны мүлдем жаңа кейіпке ауыстыратын аса маңызды құжаттардың қабылдануымен бұрынғы КСР Одағының 11 егеменді республикалары басшыларының Алматылық кездесуі аяқталды», — деді.

Осылайша, Кеңес Социалистік Республикалар Одағы өз өмір сүруін тоқтатты».

Н.Ә. Назарбаев 1991 жылғы 8 желтоқсанда қол қойылған негізгі құжат — Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы келісімге хаттаманың мәтінін оқыды.

Сол күні Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Армения Республикасымен, Молдова Республикасымен және Украинамен 1992 жылға арналған сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімге қол қою рәсіміне қатысты.

23 желтоқсан

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Азия елдері бойынша турне жасау аясында Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Палестинаны азат ету ұйымы Атқару комитетінің төрағасы Я. Арафатты қабылдады.

Кездесу барысында екіжақты саяси, экономикалық және мәдени ынтымақтастық мәселелері, сондай-ақ келіссөздер арқылы Таяу Шығыста бейбітшілік орнатумен байланысты проблемалар талқыланды.

Я. Арафат Н.Ә. Назарбаевтан Таяу Шығыс айналасындағы келіссөздер үдерісін ілгері жылжытуға белсенді түрде жәрдемдесуді сұрады.



Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің он екінші шақырылымы VII сессиясының пленарлық отырысына қатысты.

Президент парламентарийлерге 1991 жылғы 21 желтоқсанда Әзірбайжан Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Молдова Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан, Өзбекстан Республикасы және Украина басшыларының қабылдаған Алматы декларациясы мен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы келісімнің хаттамасы, жаңа мемлекетаралық құрылымның құрылуы мен қызметіне байланысты басқа да құжаттар туралы хабарлады.

«Бүгін мен халық депутаттарына қалыптасқан жағдайға өз бағамды мәлімдеп, осы күрделі, кейде тіпті драмалы аптадағы республика басшылығы ұстанған айқындаманы ашып бергім келеді. Бірден айтайын: ол біздің бүкіл соңғы жылдар бойы жақтап келген берік саяси бағыттың қисынды жалғасы болды. Мен Қазақстанның унитарлық өткеннен арылған, сапалы жаңа одақтағы еліміз халықтарының бірлігін сақтау жолындағы стратегиялық бағытын айтып отырмын...», — деді ол (Қосымшаны қараңыз).

Отырыс барысында сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы келісім ратификацияланды, Ядролық қаруға қатысты бірлескен шаралар туралы келісімді ратификациялау туралы қаулы және Әзірбайжан Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Латвия Республикасы, Литва Республикасы, Молдова Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан, Өзбекстан Республикасы, Украина, Эстония Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін мойындау туралы шешім қабылданды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Кепіл туралы» №1019-XII, «Қазақстан Республикасындағы концессиялар туралы» №1021-XII заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ Әзірбайжан Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Латвия Республикасы, Литва Республикасы, Молдова Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан, Өзбекстан Республикасы, Украина, Эстония Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін мойындау туралы №№1028–1040 қаулыларға қол қойды.

24 желтоқсан

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қосылған құнға салынатын салық туралы» №1041-XII, «Акциз туралы» №1043-XII, «Жеке адамдардың мүлкіне салынатын салық туралы» №1045-XII, «Құнды қағаздармен жасалатын операциялардан алынатын салық туралы» №1047-XII, «Кеден тарифі мен баж салығы туралы» №1049-XII, «Кәсіпкерлік қызметтің субъектілері ретінде тіркелмеген азаматтардан алынатын алым туралы» №1051-XII, «Курорт алымы туралы» №1053-XII, «Азаматтардан алынатын мақсатты алым туралы» №1055-XII, «Тіркелген (ренталық) төлемдер туралы» №1057-XII, «Қазақ КСР Конституциясына толықтырулар енгізу туралы» №1059-XII, ««Қазақ КСР азаматтарынан, шетел азаматтарынан және азаматтығы жоқ адамдардан алынатын табыс салығы туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер енгізу туралы» №1068-XII заңдарына қол қойды.

25 желтоқсан

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Кәсіпорындардан, бірлестіктер мен ұйымдардан алынатын салық туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1069-XII, «Қазақстан Республикасының 1992 жылға арналған республикалық бюджеті туралы» №1071-XII, «Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі туралы» №1072-XII заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Кешірім жасау туралы» №550, «Қазақстан Республикасында тұратын адамдардың Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығу туралы» №551 жарлықтарына қол қойды.

27 желтоқсан

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Өндіріс озаттарын Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №552, «К.И. Ілиясовты, Т.М. Махимовті, Х.С. Өтеғалиевты Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №553, «С.З. Сақановаңы Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №554, «Б.С. Жұманиязовқа, Г.Ә. Молдакәрімоваға «Қазақстан Республикасының халық әртісі» құрметті атағын беру туралы» №555, «Республика өнеркәсібі кәсіпорындарының бір топ қызметкерлеріне «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №556, «Б.Ы. Ахметовке, И.Я. Строговқа «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген құрылысшысы» құрметті атағын беру туралы» №557, «Е.Б. Байбарақовқа, Н.Н. Қыдырбаевқа «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №558, «Ғ. Сейітжановқа «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағын беру туралы» №559, «Е.М. Балғожиновқа, Л.А. Пенчуковаға «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген халыққа білім беру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №560, «Ф. Бижановқа, В.И. Нагибинге «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген ғылым қайраткері» құрметті атағын беру туралы» №561, «Мәдениет саласының бір топ қызметкерлеріне «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №562, «Ә.Ы. Ыдырысовқа «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» №563, «Ә.С. Рахмановқа, А.А. Северовқа, Т.Б. Сүлейменовке «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген өнер қайраткері» құрметті атағын беру туралы» №564, «В.И. Брицке, Г.А. Ералиеваға, К.Т. Мыржықбаевқа «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген әртісі» құрметті атағын беру туралы» №565, «В.И. Волковты, Е.А. Данилинді, А.Г. Евтуховты және басқа жолдастарды «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» №566, «Г.М. Ілиясовты, В.И. Чижикті «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» №567, «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бір топ қызметкерлерін «Қоғамдық тәртіпті сақтаудағы үздік қызметі үшін» медалімен наградтау туралы» №568 жарлықтарына қол қойды.

29 желтоқсан

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің отбасымен бірге Алматы қаласының Республикалық оқушылар сарайында балалар үйлерінің 300 баласы мен республиканың барлық облыстарынан келген көпбалалы отбасылардың балалары үшін ұйымдастырылған жаңажылдық ертеңгілікке қатысты.

30 желтоқсан

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Беларусь Республикасының астанасы Минск қаласында өткен ТМД Мемлекет басшыларының кеңесіне қатысты.

Кеңеске сондай-ақ Әзірбайжан Республикасының Президенті А.Н. Муталибов, Армения Республикасының Президенті Л.А. Тер-Петросян, Қырғызстан Республикасының Президенті А.А. Ақаев, Молдова Республикасының Президенті М.И. Снегур, Тәжікстан Республикасының Президенті Р.Н. Набиев, Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримов, Ресей Федерациясының Президенті Б.Н. Ельцин, Түрікменстанның Президенті С.А. Ниязов, Украина Президенті Л.М. Кравчук, сондай-ақ Беларусь Республикасы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы С.С. Шушкевич қатысты.

Кеңес қорытындысы бойынша 15 құжатқа қол қойылды, олардың ішінде ең маңыздылары ТМД Мемлекет басшылары кеңесі және Үкімет басшылары кеңесі туралы уақытша келісім, ТМД-ға қатысушы мемлекеттер басшылары кеңесінің Қарулы Күштер мен шекара әскерлері туралы келісім, ТМД-ға қатысушы мемлекеттер арасындағы стратегиялық күштер жөніндегі келісім, Ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдаланудың бірлескен қызметі туралы келісім болды.

31 желтоқсан

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев қазақстандықтарды келе жатқан Жаңа 1992 жылмен құттықтады (Қосымшаны қараңыз).

ҚОСЫМШАЛАР

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының I сессиясында Қазақ КСР Президенті болып сайлануына орай сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1990 жылдың 24 сәуірі

Құрметті халық депутаттары!

Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының азаматтары!

Жаңа ғана айрықша айтулы оқиғаның куәсі болдыңыздар. Республиканың Жоғарғы Кеңесі Қазақстан тарихында тұңғыш рет Қазақ КСР-нің Президенті қызметін бекітті. Бұл мәртебелі әрі аса жауапты міндет маған жүктеліп отыр.

Көрсеткен зор сенімдеріңіз үшін көп рахмет. Осында айтылған жылы лебіздеріңіз үшін шексіз ризашылық білдіремін. Дауыс беру нәтижесін мен қазір өздеріңізбен бірге жүргізіп келе жатқан саяси бағытымызға көрсетілген шынайы қолдау деп санаймын, ол — қайта құру, жаңарған, демократиялық, ізгі социализм бағыты.

Сіздерді ең алдымен, принципті түрде мынаған сендіргім келеді — мен өзіме сеніп тапсырылған республика Президенті билігін жұмысшы табының, шаруалардың, интеллигенцияның, біздің көп ұлтты Қазақстанның барлық тұрғындарының жағдайын жақсартуға, республиканың экономикалық, әлеуметтік және рухани гүлденіп, жайнай түсуі үшін пайдаланатын боламын.

Президенттік институттың енгізілуі — жалпыодақтық құрылымдарды әсте көз жұмып көшіріп алу еместігін мен бұдан бұрын да айтқанмын. Атқарушы өкіметтің топтастырушы негізін, қазіргі бүкіл мемлекеттік механизмнің теңдестірілген және тиімді қызметін қамтамасыз етуді өмірдің өзі талап етіп отыр.

Қазақ КСР-нің ұлттық мемлекеттілігін, саяси егемендігін нығайту, оны Кеңестік Социалистік Федерация шеңберінде жаңа, нақты мазмұнмен толықтыру, КСР Одағымен республиканың өкілеттіктерінің ара-жігін неғұрлым нақты ажыратып алу жөнінде шаралар қолдану президенттік биліктің ерекше назар аударатын мәселесі болады деп ойлаймын.

Ұлттық-мемлекеттік құрылыс саласындағы өктемдік әдістер кеңестік федерализм принциптерінің соңғы кезге дейін жай ғана бұзылып қоймай, декларацияға, шыпшылғи өтірікке айналуына апарып соқтырды. Республикалардың өмірлік маңызы зор мүдделерін қозғайтын елеулі мәселелер ашықтан-ашық, елеп-ескермей, бәрі бірдей орталық ведомстволардың мүдделеріне бағындырылып келді, ал олардың өктемдігі аймақтардың экономикалық және әлеуметтік дамуына жиі тежеуіш болды. Кеңес мемлекетінің федерациялық құрылымының лениндік концепциясына тікелей қарама-қайшы келді.

Қазіргі ақиқат шындық сондай, сталиндік «автономияландырудың» зиянды зардаптарын жоюға ұмтылған қуатты құлшыныс өзін толық байқатып отыр. Нақ соның ықпалымен елдің Жоғарғы Кеңесінде КСРО Президенті М.С. Горбачевтің тапсыруы бойынша КСР Одағын құру туралы 1922 жылғы Декларацияны жаңартып, республикалар арасында жаңа шарт әзірлеу жөнінде жұмыс басталды. Наурыз айының аяқ шенінде Федерация кеңесінің бірінші отырысында бұл мәселе кеңінен және

мүдделілікпен талқыланды. Онда сөз сөйлегенде мен республиканың атынан тек қазіргі ғана емес, сонымен бірге, сірә, болашақ ғасырдың ең ақылға қонымды, неғұрлым тиімді мемлекеттік құрылымы — толық мазмұнды федерация болуын жақтадым.

Қазіргі, турасын айтайық, тым тұрақсыз жағдайда байыптылық пен мемлекеттік кемеңгерлік таныту өте маңызды екені туралы ойымды қолдайтын шығарсыздар деймін. Бір шектен бір шекке — конфедерация жағына да, унитарлық мемлекет жағына да құлаш сермеуге болмайды. Бірақ федерацияны да жаңа, осы заманғы принциптер негізінде құру керек. Атап айтқанда, жалпыодақтық және республикалық мүдделерді үйлесімді ететіндей, қандай да болсын ұлт азаматтарының құқықтарын сенімді түрде қорғайтындай, әрбір республиканың тұрмысының нақты жағдайларына және әлеуметтік-экономикалық потенциалына сәйкес теңдестірілген федерациялық байланыстардың болуын көздейтіндей заңдарды қабылдау жеделдетілуге тиіс.

Одаққа енетін және суверенді әрі тең құқықты социалистік мемлекеттер болып табылатын басқа да республикалар сияқты, Қазақ КСР ол өзі ерікті түрде, шарт негізінде елдің орталық мемлекеттік өкіметі мен басқару органдарына тапсырған өкілеттіктерден басқа өзінің территориясында мемлекеттік биліктің толық тізгініне ие болуға тиіс. Сонымен бірге одақтық органдар мен республиканың арасында байқалып қалатын қиғаштықтарды шешуге: бір жағдайда актінің күшін тоқтатуға, екінші бір жағдайда — одақтық үкіметке республика Конституциясы мен мүдделеріне қайшы келетін актіні жою жөнінде талап қоюға мүмкіндік беретін механизм жасалуға тиіс.

КСР Одағының қарауына берілген мәселелерді шешуге республиканың қатысуының конституциялық құқығын жүзеге асыру үшін де механизм керек. Өйткені, біз құқықтық мемлекет жайында айтатын болсақ, онда республика ғана Одақ алдында жауапты болып қоймай, Одақ та республика алдында жауапты болуға тиіс қой.

Жуырда ғана қабылданған «Одақтас республиканың КСРО-дан шығуына байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы» Заң республикалардың егемендігін және олардың өзін-өзі билеу құқығын қуаттайтын аса маңызды құқықтық акт болды. Ол қазірдің өзінде күшіне енді. Оның белгілі бір баптарына, жекелеген ережелеріне байланысты, әрине, дау айтуға болады. Сондықтан бұл арада осыған қатысты Шығыстың мына бір кемеңгерлік сөздерін еске алу жаман болмас еді: бостандықтың дәмін татпаған бір жұтым таза ауадан тұншығып қалуы мүмкін. Дәл осы жерде қызбалық танытудың ешбір реті жоқ. Республикалық заңды асып-саспай осы Заңмен сәйкестендіру керек.

Бұл оның қабылдануымен ертең-ақ Одақтан шығу құқығын жүзеге асыру туралы мәселе туа қалатынын әсте білдірмейді. Біздің жалауымыз қызыл, біздің мақсатымыз — осы сөздің лениндік ұғымындағы ізгілікті социализм болғанын және болып қала беретінін біз тағы да барынша бекемдікпен әрі жауапкершілікпен мәлімдейміз және КОКП Орталық комитетінің партияның XXVIII съезіне арналған тұғырнамасы жобасының «өзара алуан түрлі және өзара көктей өтіп жатқан байланыстардың әлсіреуі және, оның үстіне, үзілуі біздің еліміздің барлық халықтары үшін болжап білуі қиын келеңсіз зардаптарға апарып соқтыратыны» туралы тезисін толық қолдаймыз.

Президент ретінде, Қазақ КСР, республиканың Жергілікті кеңестері жерге, оның қойнауына, суға, орманға және басқа табиғи ресурстарға меншік құқығының

субъектісі болуға тиіс деп санаймын. Өндірістік және шаруашылық объектілері, олардың кімге, соның ішінде әскери ведомствоға да жататындығына қарамастан, тек республика мен Жергілікті кеңестердің рұқсатымен ғана немесе олармен шарттық негізде орналастырылып, жұмыс істей алады. Еңбек ресурстарын ұтымды пайдалануды, еңбектің қауіпсіз жағдайларын жасауды, айналадағы ортаны қорғауды, сыртқы экономикалық қызметті қоса алғанда халықтың мүдделері мен қажеттерінің бүкіл ауқымын қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу республиканың толық компетенциясында болуға тиіс.

Алдағы жылғы қаңтардың бірінен бастап «КСР Одағының, одақтас және автономиялы республикалардың экономикалық қатынастарының негіздері туралы» КСРО Заңы күшіне енеді. Министрлер Кеңесі 2 ай ішінде Заңды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін, сонымен бірге қабылданған заңдарға қайшы келетін өзінің барлық актілерін жоятын қажетті шешімдерді береді деген уағдаластық бар.

Бұл жерде, сірә, қиын күрес күтіп тұрса керек, өйткені, КСРО Министрлер Кеңесі республикаларды аз да емес, көп те емес — 1920-шы жылдардан бері басқарып келеді ғой, ол бұл уақыт ішінде республикалардың құқықтарын жоққа тән ететін мыңдаған әртүрлі құжаттар қабылдады. Орталық ведомстволар оларды, әсіресе, өздерінің төл, түбірлі мүдделерін қозғайтындарын оңай және жылдам өзгерте салады деп ойламаймын.

Ал ведомстволық өктемдіктің бізде, Қазақстанда, неге апарып соққанын біз білеміз. Күштеп коллективтендіру кезеңінде адамдардың жаппай қырғынға ұшырауы, халықтың өз жерінің байлығынан шеттетілуі, негізінен байырғы халық тұратын ондаған аудандардағы кедейлік, ауруханалар мен мектептердің, балабақшалар мен жоғары оқу орындарының қайыршылық күй кешуі, өзінің өнеркәсіптік улы ауасына «өзі тұншығып жатқан қалалар, міне, Қазақстанның жер қойнауын пайдаланғаны үшін орталық ведомстволар бізге әкелген келеңсіз құбылыстардың толық емес тізімінің өзі осындай. Бұдан әрі де осылай жалғаса беруіне жол беруге болмайды. Қазақстан егеменді мемлекет ретінде КСР Одағымен және басқа республикалармен өз қатынастарын шарттық принциптерде құратын және дербес, күшті саясат белгілеп, жігерлі түрде қайта түлей бастайтын күн жақын екеніне сенімдімін.

Біз экономикалық дербестікті нығайту туралы, республиканың өзін-өзі басқару және өзін-өзі қаржыландыру принциптеріне көшуі туралы әңгіме еткен кезде ешбір жағдайда өнім айырбастаудың қазіргі шарттық қатынастарынан бас тартамыз дегеніміз емес. Мұндай айырбастың күн заңына негізделген бағалар бойынша, реттелетін нарық экономикасының шарттарына сәйкес жүргізілуге тиіс екені басқа әңгіме. Біздің принципіміз: қалыптасқан тармақты байланыстарды сақтау, бірақ республиканың кәсіпорындары сататын өнеркәсіп және ауылшаруашылық өнімінің бағаларын қайта қарау. Әрине, үлгінің өзі шаруашылықты жүргізудің жаңа формаларын және реттелетін нарық экономикасына көшуге байланысты жағдайларды ескере отырып жетілдіріле бермек.

Нарықтық қатынастардың көкейтесті қажеттігін дәлелдеп жатудың керегі болмас деп ойлаймын. Бізді бұған экономикалық реформа қисыны және одан да іргелісі — социалистік қоғам құрудың лениндік кешеніне негізделген қайта құрудың бүкіл қисыны алып келді. Бәз біреулерге біз социализмнен шегінгендей, нарықтық экономиканы енгізе отырып, дамудың капиталистік жолына оралғандай болып көрінетініміз құпия емес. Теориялық пайымдауларға тереңдеп жатпаймын — біздің

бұл проблемаға көзқарасымыз В.И. Лениннің туғанына 120 жыл толуына арналған салтанатты жиналыстағы баяндамада айқын да анық білдірілген. Социализм туралы шынайы лениндік ілімді қайта түлету, лениндік жаңа экономикалық саясат — социалистік мұраттардан лажсыздан шегіну емес, капитализмнен басқа, неғұрлым жетілген қоғамдық құрылысқа өтпелі кезеңнің объективті заңдылығы екенін ақыр аяғына дейін ұғыну құрметі нақ біздің ұрпақтың үлесіне тигенін ғана айтпақпын.

Ақиқатқа жеткізер жол ешқашан да жеңіл болған емес. И.В. Сталиннің лениндік бағытты саналы түрде бұрмалауы, оның жеке басының шексіз билікке қол жеткізу үшін «әскери коммунизм» принциптерін мұрат дәрежесіне дейін көтеруі біздің халыққа қымбатқа түсті. Қазір де көп нәрсе өткеннің еншісінен арыла қойған жоқ. Социалистік дамудың сара жолына қайта түсу көптеген экономикалық, әлеуметтік және саяси қиындықтармен қатар жүреді. Жоспарлы-нарықтық экономикаға көшудің бастапқы кезеңінде, алғашқы 1,5–2 жылда бізде елеулі шығындар болатынына, халықтың тұрмыс деңгейінің төмендейтініне және басқа да келеңсіз сәттердің болатынына әзір болу керек. Алайда біз экономиканы шұғыл көтерудің, өктемдік пен монополизм құрылымын бұзудың басқа жолы бізде жоқ екенін түсінуге тиіспіз. Біз жалпыға бірдей мүдделілік және іскерлік бастама таныту ахуалын жасай отырып, мәселенің мәнін жұртқа кеңінен түсіндіре отырып, қоғамдық санада күрт бетбұрыс жасауға саналы түрде баруға тиіспіз.

Бізге адамдардың нарық идеясына теріс көзқарасын барынша бейтараптандыру үшін мүмкіндікті сарқа пайдаланған шаралар қолдануымыз қажет. Президент ретінде мен осынау қиын кезеңде республика халқының, әсіресе неғұрлым тиімсіз материалдық жағдайдағы топтар мен жіктердің әлеуметтік қорғалуын нығайту үшін барлық қол жететін және мүмкін құралдарды пайдаланатын боламын.

Біздің баршамызды қиын шешімдер күтуде, олар үшін біздің баршамызға Қазақстан халқы алдында жауапкершілік жүктеледі.

Үкімет құрылғаннан кейін депутаттар оның экономикадағы дағдарысты құбылыстарды жоюы, Қазақ КСР-нің болашақтағы дамуының негізгі бағыттары жөніндегі бағдарламасын бекітуі керек. Сіздерді жағдайды бағалауда және кейіннен жоспарларымызды қалыптастырудың негізіне айналатын практикалық шараларды айқындауда сарабдалдық пен кемелділік танытуға шақырамын. Егер ең принципті және неғұрлым өткір проблемалар туралы айтатын болсақ, онда оларды шешу жолдарын мынадай басым бағыттарға саяр едім.

Біріншіден, бұл республиканың экономикалық дербестігіне көшу үшін берік база жасау, қарапайым арендадан, өндірістік кооперативтерді, еңбекшілердің өзін-өзі басқаруына негізделген меншіктің басқа да формаларын дамытудан, мемлекеттік кәсіпорындар мен олардың қызметкерлерін қатыстыра отырып, әртүрлі қауымдастықтар, акционерлік қоғамдар мен бірлестіктер құруға дейінгі жаңа экономикалық қатынастарды батыл енгізу, Біз тапқырлық рухын қайта түлетуіміз, Меншік, Жер, Аренда туралы заңдарда, сондай-ақ, бәлкім, осы сессияда қабылданатын Қазақ КСР-дегі шаруалар қожалары туралы Заңда және осы пакеттің басқа да заң шығарушылық актілерінде негізі қаланған орасан зор жасампаздық потенциалды іс жүзінде ашуымыз керек.

Орталық пен республиканың сыртқы экономикалық қызмет саласындағы қатынастарын қайта қарау — аса маңызды позиция. Бүгінгі таңда «ішкі» егемендіктің сыртқы экономикалық, валюталық егемендіксіз толық және толымды болмайтыны

айдан анық. Халықаралық нарыққа шығу, шетелдік әріптестерді қатыстыра отырып, бірлескен кәсіпорындар құру — бұл да экономикалық дербестіктің маңызды жолы. Осы саясатты жүзеге асыруды бірінші кезектегі міндеттеріміздің бірі деп білемін.

Екіншіден, ең жаңа технологиялар мен техника, тиімділігі мардымсыз өндірістерді қысқарту және ғылымды көп қажет ететін өндірістерді ұйымдастыру негізінде республиканың халық шаруашылығын құрылымдық тұрғыдан қайта құру, экономиканы халық тұтынатын тауарлар шығаруға және қызметтер көрсетуге, толымды ішкі нарық құруға қайта бағдарлау.

Әдетте, өңдеуші өндірістерді дамыту перспективаларын талқылауда, орталық еңбекті ауданаралық бөлу жөніндегі міндеттемелерді, еуропалық бөліктің кәсіпорындарын мамандандыруды және оларды шикізатпен қамтамасыз ету қажеттігін тілге тиек етеді. Бұл орайда қалыптасқан экономикалық байланыстарды бұзу мүмкін емес, өйткені мұның өзі қуаттардың қаңтарылып қарап тұруын, жұмыссыздықты туғызады дегенді айтады. Мұндай пікірлер байсалды да түсінікті. Бірақ онда әңгіме шикізат үшін, әсіресе өндіруші өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының өнімі үшін балама айырбасты орнату туралы болуға тиіс қой. Мұны не әділетті баға белгілеудің көмегімен, не ерекше бөлу механизмінің көмегімен істеу қажет. Республика шексіз күйде шикізат шылауына айналып қала алмайды және жыл сайын түпкі өнім өндіре отырып алуға болатын жүздеген миллион сом шығынға ұшырай алмайды.

Осыған байланысты республика Мемлекеттік жоспарлау комитетінің қызметінде жаңа принциптер мен бағыттар пайда болуға тиіс. Мемлекеттік жоспарлау комитетін ғылыми-техникалық штабқа айналдыру туралы лениндік нұсқауды іс жүзінде жүзеге асыру керек. Ол шаруашылық механизмін жетілдіруде ұйымдастырушылық рөлін арттыруға, өзінің өкілеттігі шеңберінде әлеуметтік және экономикалық жағынан күшті егеменді республиканы дамыту үшін жағдай жасауға, тауар-ақша қатынастары мен әріптестікті барынша дамытуға, шаруашылық қызметінің барлық салаларында өзін-өзі өтеу мен өзін-өзі қаржыландыру принциптерін сақтау жөнінде қамқорлық көрсетуге, экономиканың перспективалық құрылымы ескере отырып, инновациялық саясатты барлық деңгейде жүргізуге тиіс. Бұл жұмыстың бәрін бұған дейін сайланған республика Жоғарғы Кеңесінің соңғы, XVI сессиясында құрылған Экономикалық кеңес үйлестіріп отыруға міндетті.

Ақыр соңында, үшіншіден, еңбек, жоспарлау тәртібін, шарттық тәртіпті барынша күшейту, өмірдің барлық салаларында реттілікті жолға қою қажет. Бұл арада осыны өздері де табанды түрде талап етіп отырған жұмысшы табының, шаруалардың қолдауына, жоғары саналылығына барынша үміт артамыз. Жолдастар, қоғамдық көңіл күйдегі осы өзгерістерді ескермеуге біздің тіпті хақымыз жоқ. Әл-ауқаттың жақсаруының кепілі — экономикалық өсу, ал нақты, саналы тәртіп болмайынша, оған қол жеткізе алмайсың — осыны баршамыздың түсінуіміз керек. Тәртіпті нығайту жөніндегі батыл қадамдар барлық қазақстандықтар тарапынан шын көңілден, белсенді қолдау табады деп сенемін.

Жағдайға баға бергенде, әлеуметтік проблемалардың республикада барған сайын көкейтесті проблемаларға айналып отырғанын көрмеуге болмайды. Бүгін таңда олар бірінші орынға шықты және шұғыл шешімдерді қажет етіп отыр. Біз экономиканы халықтың әлеуметтік мұқтаждарына қайта бағдарлаудың басталған нақты процесі туралы айтуға хақылымыз. Алайда, жағдайды түбегейлі түзету үшін қыруар,

былайша айтқанда, төтенше күш-жігер жұмсау қажет болып отыр. Бұл үшін бізде нақты мүмкіндіктер бар.

Қазақстанның бірқатар аймақтарындағы еңбекке қабілетті халықты жұмыспен қамтамасыз ету сияқты аса маңызды әлеуметтік-экономикалық проблеманы шешуге байланысты алаңдаушылыққа толық қосыламын. Жұмыс орындарының жетіспеуі, жалақының аздығы көбінесе жергілікті халық тұратын шалғайдағы аудандарда ерекше өткір сезілуде.

Әрине, бұл проблема қалай болғанда да шешілуде, бұл жөнінде Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің және республика үкіметінің бірқатар қаулылары қабылданды. Сонда да болса, бұл жерде, тегі, аймақтардың тарихи және ұлттық ерекшеліктері, халықтың психологиясы мен тұрмыс-салты ескерілетін неғұрлым кешенді көзқарас болуы керек. Сірә, Жоғарғы Кеңестің тиісті тұрақты комиссияларының жұмыспен қамтамасыз ету туралы арнаулы Заң жобасын әзірлеу жөнінде де ойланғаны жөн болар.

Жоғарғы Кеңес әлеуметтік саясаттағы басым бағыттарды қарай отырып, халықтың табысы аз бөлігінің — пенсионерлердің, көп балалы семьялардың, жетімдер мен мүгедектердің тұрмыс дәрежесін арттыру мәселесін де алдыңғы орындардың біріне қоятынына күмәнданбаймын. Үстіміздегі жылдың мамыр айында еліміз Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 45 жылдығын атап өтетін болады. Ардагерлерге қамқорлық жасау, оларды моральдық және материалдық жағынан қолдау — біздің қасиетті борышымыз.

Өздеріңіз білесіздер, М.С. Горбачевтің тапсыруы бойынша еліміздің парламенті «Әйелдердің жағдайын жақсарту, ана мен баланы қорғау, семьяны нығайту жөніндегі шұғыл шаралар туралы» қаулы әзірлеп, қабылдаған болатын. Онда белгіленген проблемаларды шешу де біздің бірінші кезектегі міндетіміз. Егер біз бүгін семьяға, аналар мен балаларды қорғауға қажетті қаржы жұмсамайтын болсақ, біздің перспективалы мақсаттарымыз өте күмәнді болады.

Тұрғын үй проблемасын шешу — соншама оңай міндет емес. Республика тұрғын үйлерді іске қосу жөніндегі бесжылдық жоспарды орындады және жылдың аяғына дейін тағы да 1 жылдық тапсырманы орындауға мүмкіндігі бар. Бірақ жағдай қала мен селодағы сан мыңдаған адамдар үшін өткір күйінде қалып отыр. Сондықтан жаңа мүмкіндіктерді табанды түрде іздеу, тұрғын үй құрылысын, ең алдымен — жеке құрылысты ұлғайту үшін барлық көздерді пайдалану керек, жеке құрылыстың үлесі жалпы тұрғын үй көлемінің әзірше 14%-ы болып отыр.

Осы және басқа шараларды нақты жүзеге асыру үшін жауапкершіліктің негізгі ауыртпалығы, ең алдымен, жергілікті басқару органдарына және, әлбетте, үкіметке түседі. Бірақ, сөз жоқ, түйінді мәселелерге Президенттің араласуынсыз да іс бітпейді. Сірә, атқарушылардың міндеттері, мерзімдері және жеке жауапкершілігі нақты белгіленетін указдар керек болар.

Біз экономиканы әлеуметтік саланы дамытуға бағдарлау туралы айтқан кезде адам жөнінде ғана емес, сондай-ақ табиғат жөнінде бетбұрыс жүзеге асырылуға тиіс деп есептейміз, өйткені жақсы тіршілік ортасы болмайынша қайта құрудың экономикалық та, әлеуметтік те мақсаттарын қамтамасыз ету мүмкін болмайды.

Арал Қазақстан, Орталық Азия республикалары үшін ғана емес, сондай-ақ бүкіл еліміз үшін нағыз экологиялық апатқа айналды. Бұл қайғы-қасіреттің дүниежүзілік көлем алғаны қазір орынды түрде айтылуда. Бұған ядролық құрылғылардың

сыналуын, космос корабльдерінің ұшырылуын, кеніштерде ашық әдіспен кен қазылуын, орасан көп жерлердің жыртылуын, өнеркәсіп алыптарының салынуын және тағы басқаларын қосыңыздар. Соның салдарынан бір аудандарда жерді су басып қалуда, жер батпақтануда, топырақ сортаңдануда, басқа жағдайда — жер шөлге айналуда, кен-руда кәсіпорындарының үйінділері көбеюде, су және жел эрозиясы, басқа да жойқын процестер күшеюде, атмосфера күкірт сутегімен және күкіртті ангидридпен ластануда. Тізім мұнымен тіпті де шектелмейді. Егер болашақ ұрпаққа бүлінген табиғатты қалдыратын болсақ, олар мұнымызды кешіре қоймас.

Қазіргі кезде республикалық экологиялық бағдарлама әзірленді. Алайда оны жүзеге асырудың барысында күшті тартыстар болатынын сезіп отырмын, өйткені бізге одақтық министрліктер, негізінен өнеркәсіптік министрліктер едәуір дәрежеде бөгет жасайтын болады.

Табиғатты құтқара отырып, сонымен бірге селолар мен қалаларды көркейту, олардың санитарлық жағдайын жақсарту жұмысын қоса жүргізу керек. Лас, салақсытып жіберілген, бүкіл қала шаруашылығын жаңғыртуды шұғыл түрде қажет етіп отырған қала — Алматыға қараңыздаршы!

Жолдастар!

Біздің сессиямыз саяси реформаның екінші кезеңі шеңберінде республика Халық депутаттары кеңестерінің жаңа, сындарлы құрылымын жасауды аяқтауда. Өкілетті органдарды қайта құру, олардың құқықтары мен өкілеттіктерін ұлғайту, аппаратты оларға сөзсіз бағындыру — Кеңестерге билік пен басқарудың нақты тұтқаларын қайтарып берудің бірінші шарты. Біз мұндай қадамды жасадық. Өздеріңіз білесіздер, облыстарда Кеңестердің қызметін бағыттап, үйлестіріп отыратын төралқалар құрылды.

Бірақ бәрі мұнымен бітпейді. Кеңестер толық құнды заң өкілеттіктерін ғана емес, сондай-ақ биліктің нақты тұтқаларын алуға тиіс. «КСРО-да жергілікті өзін-өзі басқарудың және жергілікті шаруашылықтың жалпы негіздері туралы» жаңа Заң жаңарған Кеңестерге өз бағытын белгілеу үшін сенімді бағдар береді. Бірақ сонымен бірге Жоғарғы Кеңес республикада жергілікті өзін-өзі басқаруды реттеп отыратын заң актілерін, меншік туралы, жер туралы республикалық заңдарды да мүмкіндігінше тезірек әзірлеп, қабылдауы, ал Министрлер Кеңесі жергілікті шаруашылықты, материалдық-қаржы базасын өзін-өзі басқару, жаңа экономикалық және құқықтық қатынастар жағдайында жұмыс істеуге әзірлеу жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыруы қажет.

Депутаттық комиссиялар мен комитеттердің жұмысын бұл маңызды документтер республика Жоғарғы Кеңесінің екінші сессиясында-ақ талқылау мен қабылдауға ұсынылатындай етіп құру керек шығар. Жергілікті кеңестермен бірлесіп әртүрлі территориялық деңгейлердегі коммуналдық меншіктің құрамына тегін берілетін мүліктің тізімі анықталуға, бір тұрғынға шаққанда бюджеттен қамтамасыз етілу нормативі белгіленуге тиіс.

Сонымен бір мезгілде, Кеңестерге партия комитеттері тарапынан ұсақ-түйек қамқоршылық жасауын, соңғыларының нақты мемлекеттік және шаруашылық мәселелерін шешуге тікелей араласуын түпкілікті қою қажет. Ал бұл жағдайда мен Президент ретінде Кеңестердің халықтың өзін-өзі басқаруының толық билікті органдары ретінде өз өкілеттіктерін тиісінше пайдалануды үйренуін, толық күш-қуатымен

жұмыс істеуін өз міндетім деп білемін. Оның үстіне, Президент өзіне жүктелген міндеттерді атқару кезінде сүйене алатын тап сол механизмді Кеңестердің нақ осы жаңа жүйесінен көремін. Жақсы даярланған кадрлар туралы мәселе өз-өзінен пайда болады. Кеңестердің міндеті — ұйымдастырушылық қабілеті бар талант-тарды табу, жоғарылату және ынталандыру, олардан басқарудың нағыз профес-сионалдарын қалыптастыру. Рас, бүгінгі таңда бізде аппаратты көп сынайды, көп ұрсады. Бірақ барлық уақытта, кез келген өркениетті елде өзін сыйлайтын өкімет органы аппараттың беделін әрдайым қолдап келді, оның жұмыс жағдайларына қамқорлық жасап келді. Өйткені, мемлекетте ешбір іс басқарудың сауатты және білікті қызметкерлерсіз орындала алмайды ғой. Сондықтан қазір мәселе былай-ша қойылуда: бұл буын қайта құрудың қиын міндеттеріне барынша жақсы сай келуі керек. Бүгін таңда бізге өз функцияларын білікті атқара алатын, Кеңестерге, кәсіпорындарға, ұйымдарға жан-жақты көмек көрсете отырып, территориялардың тұрақты да тиімді дамуын қамтамасыз ететін шешімдерді жүзеге асыра алатын ап-парат керек. Бұра тартпайтын кез келген адам республикада да, елімізде де бо-лып жатқан өзгерістерді көрмей тұра алмайды. Бүгінгі күні біз кеше және тіпті бұрнағы күнгідей емеспіз: 5 жылдың ішінде біздің бәрімізге көп тағылым берген жолдан жүріп өттік. Олардың бірі мынау, біз ақыр аяғында, демократияны бетімен кетушілік және қоғамға қарсы жүгенсіздікпен шатастыруды қойған сияқтымыз. Өйткені, экстремизмнің, тіпті тура антисоветизмнің дәні осы алқапта өсіп жетіледі, сенімсіздік, үрей, сарыуайым осы жерде белең алады.

Мұқият қарасаңыздар, сіздер біреулердің жұмыс істеп, басқа біреулердің күн сайын кезіп, митингілер ұйымдастыратынын, өтірік ақпарат таратынын, төзімсіздіктің отын жағатынын, қайта құруға сенімді кез келген әдіспен бұзуға ты-рысатынын көресіздер. Мемлекеттік және қоғамдық органдарға неше түрлі үзілді-кесілді талаптар қою әдісімен қысым көрсетілуде.

Митингілер, шерулер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қатаң сақтау, кез келген экстремистік көріністерге дер кезінде соққы беру, міне, сондықтан да өте маңызды. Демократияның тәртіп пен ұйымшылдықтан, заңды қатаң сақтаудан ажырағысыз екенін ешкім де ұмытпауы керек. Құқық қорғау органдары Конституцияға қарсы әрекеттерді батыл тыюға, қылмысқа жігерлі түрде қарсы тұруға, азаматтардың өмірін, қадір-қасиеті мен мүлкін сенімді қорғау қажеттігін басшылыққа ала оты-рып, қоғамдық тәртіп пен заңдылықты нығайтудың тиімді шараларын қолдануға тиіс. Алып-сатарлық пен сауда ережесінің бұзылуын тыю жөнінде шаралар кешенін дереу жүзеге асыру керек.

Егемендігін нығайта және дербестік ала отырып, республика кеңестік және халықаралық заңдарға сәйкес өз территориясында барлық ұлт адамдарының азаматтық құқықтарын қамтамасыз ету үшін жауапкершілікті де өз мойнына алуға тиіс.

Ұлттық дүрдараздықты насихаттау, ұлтшылдық, шовинистік, жікшілдік ұрандар тарату немесе алауыздыққа шақырулар, діни негіздегі төзбестік аяусыз тыйылуға тиіс, біздің еліміз заңдарының бүкіл күшін осыған бағыттау қажет.

Жоғарғы Кеңес республиканың заңдарын «Азаматтардың ұлттық тең құқықтығына қол сұққаны және КСР Одағы территориясының біртұтастығын күшпен бұзғаны үшін жауапкершілікті күшейту туралы» КСРО Заңымен сәйкес келтіруі керек.

Сонымен бірге, дұрыс түсінгендеріңізді қалаймын: біз қайта құру позициясында тұрғанжәнегуманистікқазыналардыуағыздайтынбарлыққоғамдыққозғалыстармен, тіпті, олардың болып жатқан процестерге көзқарасы біздің көзқарасымыздан бөлек болса да, ынтымақтастық жасауға, күштерді топтастыруға тырысатын боламыз. Тұрақсыздандырушы, дүмпу қаупі бар процестер — адамдардың моральдық жай-күйіне зор салмақ болып түседі, бұл салмақты азайту әртүрлі қоғамдық күштердің сан алуан мүдделерін топтастыра алатын, республиканың дамуын тұрақтандыра алатын берік, табанды, сенімді және тиімді өкіметті қажет етеді. Қол жететін барлық әдістермен, батыл практикалық іс-қимылдармен азаматтық татулықты және ұлттық келісімді қолдау қажет. Өйткені, Қазақстанның тағдыры көп ретте осыған байланысты. Егер республика халықтарының: қазақтар мен орыстардың, немістер мен украиндардың, ұйғырлар мен татарлардың, корейлер мен дүнгендердің — туып-өскен мекенді қымбат санайтын баршаның күш-жігері біріктірілсе, кез келген «тауды» орнынан қозғауға болады.

Республика басшысы ретінде мен кез келген адамның, қандай ұлт екеніне қарамастан, өзін Қазақстанда тыныш сезінуі, ертеңгі күнге сеніммен өмір сүріп, жұмыс істеуі үшін ұлтаралық қатынастарды бұдан былай да үйлестіре беруге қажымай-талмай күш саламын. Құрылатын Президенттік Кеңестің де ең басты міндеттерінің бірі осында деп білемін. Бұл орган өзіндік бір ақыл-ой орталығы сияқты, оның міндеті — республика өмірінің тағдырлы мәселелері бойынша ақыл-кеңестер, неғұрлым күрделі жағдайда қажетті шұғыл шешімдер қабылдау үшін ұсыныстар әзірлеу.

Президенттің қызметі — өзінің мәні жөнінен бүкіл халықтың мүдделерінің шоғырланған көрінісі деуге болады. Ал халықтың жасампаздық жұмысы — тиімді президенттік өкімет билігі іздерінің негізі. Сонымен бірге, жолдастар, адамгершілік негіздерді ешқандай өкімет ауыстыра алмайды, ал осындай негіздер болмайынша адамның қалыпты ортақ тұрмысы мүмкін емес екеніне сіздер келісерсіздер деп ойлаймын. Біз мәдениеттен ұзақ үнемдедік, руханилықты елемедік, ал қазір бұл үшін қымбат құн төлеуге тура келіп тұр. Ақырында, осы тарихи ащы тәжірибені ұғыну, басқа сындарлы шешімдер, ғылымға, білімге, өнерге — яғни осы сөздің ең кең мағынасында алғандағы мәдениетке ұқыпты қарау керек екенін түсіну қажет. Өзіміздің барлық әлеуметтік, экономикалық және саяси жоспарларымызда қоғамдық өмірдің осы саласына ең басты мән беру және сол арқылы адам қатынастарының ахуалын барынша жарасымды ету қажет.

Халықтың интеллектуалдық және рухани потенциалын еселеуде, В.И. Лениннің белгілі сөзімен айтқанда, қандай да болсын қоғамдық өзгерістерге ерекше күшті әлеуметтік сергектік көрсететін біздің интеллигенцияға көп үміт артылып отыр.

Шығармашылық және ғылыми интеллигенцияның өкілдерімен кездесулер кезінде мен қоғамдағы топтасу үшін оның ерекше жауапкершілігін әдейілеп атап көрсеттім, адамдар өздерінің рухани ұстаздары деп білетіндердің борышы туралы әдейілеп еске салдым.

Бүгінде соған тағы да қайтып оралғым, сонымен бірге ғылым мен мәдениеттің материалдық-техникалық базасы жөнінде, шығармашылық және ғылыми кадрлар жөнінде, олар үшін жемісті еңбек етуге қажетті барлық жағдайды жасау жөнінде республиканың кеңесі және шаруашылық органдары көрсетуге тиісті қамқорлық жайында айтқым келеді.

Әрбір халыққа тән төл болмысын, оның мәдени өзіндік ерекшелігінің негізін бала жастан, мектеп жасына дейінгі кезден қалау керек. Мектептің мәдени-шығармашылық міндетін қалпына келтіру туралы, білім берудің мәдени-білім беруші жүйесіне көшу туралы мәселе бекерден-бекер осылайша өткір қойылып отырған жоқ. Мектеп пен мәдениет бір-бірінен оқшау тұрған ұғымдар емес, тұтастың ажырамас бөлшектері. Сондықтан педагогиканың қоғамнан, ұлттық дәстүрлер мен ерекшеліктерден, белгілі бір аймақтардағы нақты өмір жағдайларынан алшақтауын тезірек жою, тұрмыстың, қарым-қатынастың және еңбектің нақты болмысымен, оның етене ұштасуына қол жеткізу қажет. Менің кәміл сенімім бойынша, мектеп өзін қоршаған мәдени ортадан жалпы міндетті түрде асқақ тұруға, оның дамуына түрткі болуға тиіс. Ұлттық-мәдени дербестікті жалпы адамзаттық мәдениетпен үйлесімді ұштастыра білу — біздің мектептің жүретін жолы, міне, осындай. Өйткені, нағыз мәдениет бар жерде ұлттық қырқыстың болуы, бір халықтың екінші бір халыққа қарсы тұруы мүмкін емес.

Мен Кеңестік Қазақстанның еліміздің туысқан халықтарымен, әсіресе біздің ең жақын көршілерімізбен — бізді терең мәдени және рухани дәстүрлер ғана емес, сонымен қатар тарихи тағдырлардың ортақтығы байланыстырып отырған Ресей Федерациясының, Орталық Азия республикаларының еңбекшілерімен достық, ғылыми және мәдени қатынастарын одан әрі нығайтып, дамыту үшін Президенттің өкілеттігін толық дәрежесінде пайдаланатын боламын.

Жолдастар!

Президенттік міндеттерді орындауға байланысты нәрсенің бәрін мен Қазақстан Коммунистік партиясына, оның Орталық комитетіне, жергілікті жерлердегі партия комитеттері мен партия ұйымдарына арқа сүйемей атқара алмаймын деп ойлаймын.

Қазақ КСР Конституциясының 6-шы және 7-ші баптарының редакциясына енгізілген түзетулер біздің қоғамның демократиясын дамытуда бетбұрыс кезеңге айналуда. Қазақстан Компартиясы басқа саяси ұйымдармен терезесі тең жағдайда сайлауға қатысатын болады, республика үкіметін және жергілікті жерлерде Кеңестерді қалыптастыру құқығына ие болуға демократиялық жолмен күш салатын болады.

Бұл ұсынысты заң шығару бастамасы ретінде Жоғарғы Кеңеске Қазақстан Компартиясының Орталық комитеті енгізгенін ерекше атап көрсету керек. Біз бұдан былай да партия бұқарасының билігін іс жүзінде қамтамасыз етуге, бастауыш партия ұйымдарының құқықтарын кеңейтуге, сайланбалы органдардың рөлі мен беделін арттыруға, көзқарастарды емін-еркін салыстыру, шешімдерді коллегиялы түрде талқылап, қабылдау, азшылықтың және әрбір коммунистің пікірін құрметтеу үшін жағдайлар жасауға ұмтылатын боламыз.

Алайда, партияны қоғамдағы басшылық рольден аластату туралы әңгімелермен қазіргі әлеуметтік демагогтар, биязылап айтқанда, адамдарды адастырып отырғанын да айту қажет. Әңгіме енді жекелеген адамдардың жай ғана көздеген мақсаты жөнінде емес, өкімет билігі кімнің қолына түсетіні, демек, саяси процестің одан әрі қалай дамитыны жайында болып отырғаны бүгінде әркімге айқын болуға тиіс. Ашығын айтайын, социалистік құрылыстың өмір сүруінің өзіне, біздің халқымыздың болашағына бәс тігіліп отыр. Осындай жағдайда барған сайын көптеген адамдардың санасында қазір тек партия ғана қайта құру процестерін әрі

басқара алатын, әрі ол осыдан тұп-тура 5 жыл бұрын тарихи сәуір пленумында паш еткен ізгі мұраттарға қол жеткізуді қамтамасыз ете алатын бірден-бір топтастырушы және ұйымдастырушы күш болып табылатынын түсіну қалыптасуда. Басқаның бәрі қазір — саяси бос сөзділік.

Өкілдері қаншалықты өңешін созып, тілін беземесін, ешқандай басқа топтар мысқалдай болса да бірде-бір сындарлы іс-қимыл бағдарламасын ұсынбағанын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Бұл жөнінде КОКП Орталық комитетінің еліміздің коммунистеріне арналған «Принципті негізде топтасу үшін» хатында өте орынды айтылған.

Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы ретінде Жоғарғы Кеңесті және барлық еңбекшілерді республиканың партия ұйымдары өткен кезеңнің қателіктері мен бұрмалаушылықтарынан батыл арыла отырып, өзінің қызметін түбегейлі түрде қайта құратынына сендіргім келеді. Бұл жұмыс қазір, съезд қарсаңындағы кезеңде ерекше жандана түсті. Партия комитеттері мен ұйымдарынан келіп түсіп жатқан ұсыныстарды ескере отырып Орталық комитеттің қызметін демократияландырылу, оның жұмыс құрылымы, стилі, формалары мен әдістері жетілдірілуде.

КОКП Орталық комитетінің XXVIII съезге арналған тұғырнамасының, партияның жаңа Жарғысының, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің өзінің XVII съезіне арналған тұғырнамасының жобаларын талқылау және партия съезіне делегаттар сайлау барысында біздің өміріміздің ең көкейтесті мәселелері бойынша кеңінен пікірсайыс өткізілуде, өз тарихының принципті жаңа кезеңіне аяқ басып отырған партия қызметінің түбегейлі жаңартылған нормалары практика жүзінде електен өтуде. Өзіне нәрлі бұлақ көзін — кең көлемді ішкі партиялық демократияны, тұйықталып қалған ақсүйектер тобы емес, шын мәніндегі авангардтық қоғамдық-саяси ұйымның қасиеттерін оралтуға тырысып, мұндай жұмысты оның өзі бастап кетті.

Сөзімнің соңында қоғамның ең белсенді, ең ширақ және қайта құруды бәрінен бұрын шын жүректен құптаушы бөлігі — жастарға сөз арнағым келеді. Бүгінде негізі қаланып жатқан демократиялық іргетастарды биіктетіп, нығайта түсетін сіздер, қымбатты достар. Қазіргі қиын, барынша қауырт бүкілхалықтық жұмыстың жемісін жинайтын да сіздер. Сіздерде қоғамдық жаңарудың тамаша мектебінен өту, өздеріңізбен бірге ертеңгі күнге баға жетпес саяси және әлеуметтік тәжірибені ала жүру мүмкіндігі бар, ал оның болашақ ұрпақтардың өмірін күрт өзгертетініне, шын мәнінде құқылық, осы сөздің толық мағынасында социалистік мемлекет орнатудың іргетасы болатынына күмәнданбаймын. Бұл мектепті қолдан шығарып алмаңыздар, оның сабақтарын барынша толық пайдалануға тырысыңыздар. Алдағы барлық істерде жастардың қолдауына қатты үміт артамын, олардың қайта құру мен өзара түсіністікке белсене қатысатынына кәміл сенемін.

Сіздерді және сіздер арқылы бүкіл қазақ халқын, республиканы мекендейтін барлық ұлттар мен ұлыстарды өзімнің жоғары мәртебемді ешқашан да республика мүддесіне, демократия жеңістеріне қарама-қайшы пайдаланбайтындығыма, өзімнің бар күш-жігерімді, тәжірибем мен білгенімді туған Қазақстанымның одан әрі гүлденіп, өркендеуіне, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы халықтарының туысқандық семьясында ұлттық және әлеуметтік түлету жолымен алға баса беруіне арнайтындығыма сендіруге рұқсат етіңіздер.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының I сессиясында «Арал өңірі аймағындағы экологиялық проблемаларды шешу жөніндегі шұғыл шаралар туралы» сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1990 жылдың 14 мамыры

Құрметті жолдастар!

Бүгінде біздер Арал теңізіне жақын жатқан орасан зор аймақты қамтыған ғаламдық экологиялық апатпен бетпе-бет келіп отырмыз Осыған байланысты Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне «Арал өңірі аймағындағы экологиялық проблемаларды шешу жөніндегі шұғыл шаралар туралы» мәселені бірінші сессияның күн тәртібіне енгізіп, қарауды ұсынамын.

Мұндай мәселені дереу талқылауға Арал қасіретінің миллиондаған адамдардың денсаулығы мен тағдырына қайғылы әсер етіп отырғаны, экологиялық тепе-теңдіктің күрт бұзылуына жеткізгені, оран зор экономикалық шығындарға ұшыратқаны себеп болып отыр.

Арал теңізінің Қазақстан өңіріндегі тез арада тартылуының салдарынан Қызылорда және Ақтөбе облыстарының негізінен байырғы халық тұратын оның жағалауындағы селолары, ауылдары мен балық аулайтын ұжымшарлары орасан зор зиянға ұшырап отыр. Жыл өткен сайын бұл жерден өмірі мен тұрмысы теңізбен тығыз байланыста болған балықшылар мен басқа да кәсіп өкілдері көптеп кетіп жатыр. Адамдарды ата-бабаларының мекенімен байланыстыратын тамыр үзілуде. Соңғы жылдардың ішінде ғана туған жерлерін мыңдаған адамдар, әсіресе жастар тастап кетті.

Арал өңірінде санитарлық режимнің толық бұзылуы салдарынан халықтың ішектің қауіпті жұқпалы ауруларымен, іш сүзегімен, вирусты гепатитпен ауруы көбейе түсті.

Космостан жүргізген зерттеулер жыл сайын теңіздің жалаңаштанған табанынан 75–80 млн. тонна улы тұз көтеріліп, желмен таралатынын көрсетіп отыр. Бұл мөлшер жыл өткен сайын көбейетін болады, сөйтіп, атмосфераның улануына, Арал өңірінен тысқары жатқан алыстағы ұланғайыр территориялардың шөлейтке айналуына әкеліп соғуда. Міне, сондықтан да Арал аймағындағы экологиялық апат республиканың және еліміздің шеңберінен шығып, ғаламдық сипат алып отыр. Жағдайдың нашарлауы табиғаттағы тепе-теңдікті бұзып, бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың өмірлік мүдделеріне апатты әсерін тигізуі мүмкін.

Қазақ КСР мен Орталық Азия республикаларының табанды, талап етуі бойынша, Арал өңіріндегі экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық аса ауыр жағдайды ескере отырып, КОКП Орталық комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесі Арал теңізі аймағында экологиялық және санитарлық жағдайды жақсартуға, оның бассейнінде су және жер ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру мен қорғауды күшейтуге бағытталған қаулы қабылдады. Алайда, осы қаулы мен одақтық және республикалық органдардың басқа да шешімдерінде көзделген шаралар баяу және жартылай іске асырылуда, елеулі нәтижелер бермей отыр.

Жұмсалып отырған күш-жігер тіпті теңіздің деңгейін қазіргі күйінде де сақтап тұра алмайды, мұның өзі Арал өңіріндегі жағдайды одан да қиындата түспек. Сондықтан, біздің елімізде шет елдердің ірі-ірі ғалымдары мен мамандарының қатысуымен жүргізіліп жатқан Арал теңізін қалпына келтіру концепциясын әзірлеумен қатар, Біріккен Ұлттар Ұйымы, ЮНЕСКО, Бүкіл дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы сияқты беделді халықаралық ұйымдардың назарын жұрттың бәріне ортақ осы проблемаға аударуды аса қажет дер едім. Арал проблемасы Біріккен Ұлттар Ұйымының 1992 жылы өткізілмекші болып отырған айналадағы орта жөніндегі Бүкіл дүниежүзілік конференциясынан толық көрініс табуына қол жеткізу керек. Планетаның ең байырғы теңізін құтқару жөнінде халықаралық қор құру экологиялық қасіретті жою жолындағы нақты қадам болар еді.

Бүгінгі таңда кешігудің еш жөні жоқ. Адамзат тарихы бір ғана ұрпақтың көз алдында планетаның бетінен тұтас бір теңіздің жоғалып кеткенін бұрын-соңды білген емес. Республикада да аса қиын экологиялық проблеманы шешудің тиімді шараларын табу және оларды тиісті заңдық актілермен бекіте отырып, бұл шешімдерді жүзеге асырудың нақты механизмін жасау қажет деп ойлаймын.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі қалыптасқан жағдайды дереу талқылауы, Орталық Азия Республикаларының Жоғарғы Кеңестеріне халық депутаттары мен үкіметтердің күш-жігерін біріктіріп, мұны Арал теңізін құтқару мен аймақ халқын әлеуметтік қорғаудың кешенді бағдарламасын әзірлеу ісіне бағыттауға шақырып, үндеу қабылдауы керек деп ойлаймын.

Бұл проблеманың өткірлігі орталық мемлекеттік органдарды толық түсіністік, ал оны түбегейлі шешудің ұсынылып отырған әдістері КСРО Президенті, КСРО Жоғарғы Кеңесі және КСРО Министрлер Кеңесі тарапынан қолдау тапқаны маңызды.

Біз Аралды құтқару жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны еліміздің ауқымында қабылдануына қол жеткізуге тиіспіз.

Қазақстан Компартиясының Алматы облыстық конференциясында сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1990 жылдың 21 мамыры

Жолдастар!

Бүгінгі конференция партияда қазыналарды, көптеген саяси, әлеуметтік-экономикалық құбылыстарды қайта бағалаудың азапты да текті емес процесі болып жатқан, жұмыс стилі мен істерін ой елегінен қайта өткізу орын алып отырған кезде өтіп жатыр. Мәселе көп жағынан алғанда былай қойылып отыр: демократиялық, ізгіліктілік принциптері негізінде жаңарған социализм бола ма, әлде мүлде болмай ма? Ал мұның өзі КОКП қоғамдағы авангардтық рөлін сақтай ала ма, жоқ па — осыған байланысты болмақ. Бүгінде коммунистерді, қайта құрудың мұраттарын қымбат санайтындардың бәрін толғандырып отырған басты мәселе, міне, осы.

Қазіргі кезде съезд алдындағы пікірсайыс өтіп жатыр, сонда талқыланып жатқан мәселелердің ауқымы, тереңдігі және маңыздылығы жағынан теңдесі жоқ. Біз КОКП Орталық комитеті тұғырнамасының негізгі қағидаларын коммунистер мен партияда жоқтардың көпшілігінің шын ниетімен қолдап отығанын қанағат сезіммен атап көрсетеміз. Алайда съезге неғұрлым жақын қалған сайын партияға, оның идеялық және ұйымдық негіздеріне байбалам салудың соғұрлым белсенді сипат алып келе жатқанына көз жұмып қарауға болмайды. Біздің саяси оппоненттеріміз марксизм-ленинизм ғылымы емес, қайта өз атына түсірген сенім, жүзеге аспаған әлеуметтік утопия болып табылатынын, сондықтан да оның болашағы жоқ екенін дәлелдеуге тырысуда. Алуан түрлі өсек-жалалар, бұрмалаулар, ашықтан-ашық сапырылыстырулар, өкімет билігін басып алды деп партияны беталды айыптаулар қолданылуда.

Социализмнің бұрмалануы үшін, белгілі бір саяси қайраткерлердің қателіктері, олардың өктемдік іс-әрекеттері үшін марксизмнің негізін қалаушылар мен олар жасаған теорияның жауапты бола алмайтынын өмір көрсетіп отыр. Сталиншілдіктен батыл түрде қол үзе отырып, біз лениндік ілімнің бұрмалануы мен өңі айналдырылуына үзілді-кесілді қарсы шығудамыз. Оның үстіне, жүзеге асырылып жатқан өзгерістердің ауқымдылығы мен күрделілігі бізден партия жұмысының стратегиясы мен тактикасын лениндік теориямен үнемі салыстырып отыруды талап етеді, өйткені, қайта құру ленинизмді жаңарту мен дамытудың қисынды процесі ретінде пайда болды. Оны біз өзіміздің идеялық, саяси және адамгершілік жаңаруымыздың басты көздерінің бірі деп білеміз. Нақ сондықтан да идеологиялық ауыр кезеңнен туындаған, барған сайын күштірек сезіліп отырған қауіпті кемітуге, партия мен лениндік ілімге жасалып жатқан байбаламды жай ғана пікірсайыс формасы деп санауға болмайды.

Бүгінде «демократиялық тұғырнама» дейтіннің көшбасшылары орын алып отырған қайшылықтар мен алауыздықтарды қасақана өршітіп, істі партияны жікке бөлуге қарай ашықтан-ашық бұрып отырғанын жай көзбен де көруге болады. Олар біздің тарихымызды, В.И. Лениннің және, жалпы алғанда, Ұлы Октябрьдің рөлін жоққа шығаруда, қоғамның жетекші саяси күші ретіндегі КОКП-ның болашағын теріске шығаруда. Және де мұның өзі қарақан бастың қамы үшін, өкімет билігін

басып алу үшін істелуде. Біздің позициямыз айқын: партиямыздың коммунистік сипатымен келіспейтіндер өздерінің саяси болашағын одан тыс жерден айқындайтын болсын. Бұл жерде идеялық мәмілеге келу мүмкін емес.

Мынаны атап көрсеткім келеді: әңгіме бөгде ойды басып-жаншудың бұрынғы әдістеріне қайта оралу туралы болып отырған жоқ. Плюрализм мен жариялылық — қайта құрудың нақты жемісі, оларды біз қастерлемей отыра алмаймыз. Бірақ пікір плюрализмі мен іс-қимыл плюрализмі — әртүрлі нәрселер. Жікшілдікке жол беріп, партияны, радикалды көңіл күйдегі «әсіре демократтардың» қалағанындай, кім болса сол кіріп шығатын аулаға, жауапсыз көкезу саясатшысы сымақтардың клубына айналдырып, біз КОКП-ны сөзсіз әлсіретеміз, оның саяси және ұйымдастырушылық мәнін жоямыз. Демек, қоғамды социалистік тұрғыдан жаңарту процестерін тежейміз, жоққа шығарамыз.

Екінші жағынан, қайта құрудың теориясы мен практикасына қарсы әрекет жасаушы күштер бұрынғы әміршілдік-бюрократтық позицияларынан айырылар емес.

«Оңшылдардың» көнетоз консерватизмі де, «солшылдардың» саяси авантюризмі де біз үшін жарамсыз екені мүлдем айқын болып отыр. Өйткені, ұшқарылық, мәлім болып отырғанындай, — қандай да болсын демократияның, соның ішінде саяси демократияның дерті.

Ішкі партиялық өмірді бояма емес, шын мәнінде демократияландыруға деген біздің ұмтылысымызға, партияның қоғамдағы жаңа роліне келетін болсақ, — ол айқын қуатталды. КОКП Орталық комитетінің биліктің бұрынғы, партиялық-мемлекеттік, әміршілдік-әкімшілдік жүйесінен батыл түрде қол үзгені, саяси дара биліктен және КОКП-ның қоғамдағы ерекше жағдайын Конституцияда баянды етуден бас тартқаны мәлім. Біз бұл бағытқа толық қосыламыз. Жаңадан сайланған республика Жоғарғы Кеңесінің бірінші сессиясы Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің заң шығару бастамасы мен ұсынуы бойынша Қазақ КСР Конституциясының 6-шы, 7-ші және 49-шы баптарының мазмұнын өзгертті. Енді партия билік жүргізуші жағдайын демократиялық сайлау шеңберінде, саяси плюрализм жағдайында сақтап қалу жолында күресетін болады.

Бұл қиын сынақ. Өйткені, халық сенімінің мандатына ие болу үшін оның өзі дағдарысты жағдайдан шығуы қажет. Көптеген партия ұйымдары қайта құруды дұрыстап басқара алмады, қоғамды жаңарту қарқынынан бұрынғысынша кейін қалып отыр — ащы шындық осындай. Ал, кейбір жерлерде олар тіпті саяси бастама мен беделден айырылған. Осының бәрі партия комитеттері мен ұйымдарының қызмет стилі мен әдістерін, ең алдымен — басты, идеология саласында қайта құрудың аса қажеттігін туғызып отыр. Негізгі күш идеологиялық жұмыстың өмірмен барынша үндесуіне, адамдармен сындарлы диалогқа, оларға идеялық және адамгершілік тәрбие беруге жұмсалуға тиіс деп ойлаймыз. Идеологиялық жұмыс бүгінде өзінің мәні жағынан — ленинизмнің қайта түлеуі, оның өзіне жат қыртыстардан тазаруы. Бұл адамдардың революциялық өзгерістердің аса қажеттігіне сендіру үшін барлық идеялық-саяси құралдарды жұмылдыру. Бұл еңбекшілердің қалың бұқарасы партияның бағдарламалық мақсаттарын шын жүректен қабылдайтын саяси және адамгершілік ахуал жасау. Егер біз халықпен тіке байланысқа бармайтын болсақ, қайта құру бағытының дұрыстығына адамдардың көзін жеткізе алмайтын болсақ, оларды соңымыздан ертпесек — ештеңе шықпайды. Өйткені, қайта құрудың идеялары материалдық күшке айналу үшін олар бұқараның санасын билеуге тиіс.

Партия ұйымдарының тұрғылықты орны бойынша саяси жұмыс жүргізуге ұмтылысын барынша қолдау керек. Қазір бейресми ұйымдар мен қозғалыстардың қызметі нақ сонда жандана түсіп, партиялық ықпалдың мүлдем жеткіліксіздігі нақ сонда сезіліп отыр. Екінші жағынан, қайта құрудың нақты міндеттерін шын мәнінде шешкісі келетін және шеше алатын бейресми топтарға барынша көмек көрсету өте маңызды. Қоғамды қайта құру процестеріне бұқараны практикалық тұрғыдан тарту, іс-әрекет үстіндегі кең демократияландыру дегеніміз осы.

Соңғы кезде облыста және әсіресе Алматы қаласында бірқатар талапкер құрылымдар, соның ішінде саяси құрылымдар да пайда болды.

Бұл жердегі біздің позициямыз қандай?

Біз — жаңа күштердің қайта құрудың жалпы ағынына қосылуын жақтаймыз. Бірақ кейбір дербес топтардың, күштердің, бірлестіктердің ниеттері мен әрекеттерінде біз келісе алмайтын нәрселер де бар. Кез-келген жолдармен, соның ішінде демократиялық емес жолдармен де қоғамның басты назарында болуға тырыса отырып, кейбір бейресми көшбасшылар саяси жағынан кемелденбеген адамдарды асығыс, ойластырылмаған және жөнсіз шараларға, халық депутаттарына, ресми өкімет орындарына психологиялық қысым жасау тактикасына арандатады. Оның үстіне олар ресми өкімет орындарымен сындарлы диалогтан ашықтан-ашық бас тартады.

Мұндай әдепсіз, қауым жұртқа есептелген наразылық білдіру формаларын ұйымдастырушылар мен орындаушылар сол арқылы объективті түрде күшпен жаппай өктемдік жасап отырғанына есеп бермейді. Тіпті, жағдайды тұрақсыздандыруға арандатады, біз көпұлтты республикада тұратынымызды естен шығарып, қалыпты ұлтаралық қатынастарға қауіп төндіреді.

Басқасын былай қойғанда, бұл жерде мынадай заңды сұрақ туады: ал біздің сенімді идеологтарымыз қайда, бүкпесіз де адал диалогта, дүниетанымдық көзқараста айқын жеңіске жетуге оларға не кедергі болып отыр? Біздің білімдарлар, демократтар, гуманистер, ұйымдастырушылар қайда? Немесе олар «идеологиялық тікенекті сыммен» бұрынғысынша өмірден бөлініп қалды ма? Бірақ бұл өте қарабайыр және қорғаныстық құрал. Енді, аршынды саяси процестер кезеңінде шабуылдаушы құрал: дәл жария диагноз, ешбір қатесіз кәсіби болжам және озыңқы нәтижелі іс қимыл керек. Идеолог өзінің міндеттерін орындау үшін адамдарға өмірдің өткір мәселелеріне жауап табуда көмектесуге міндетті.

Партия мүддесін көздейтін жұмысшы табы одан тиісті дәрежеде идеологиялық қолдау алмай отыр. Қатардағы еңбеккерлер де Кеңестерде, басқа да сайланбалы органдарда азшылық болып отыр. Әйтсе де олардың арасында жарқын, даярлығы мол, партия ісіне терең берілген адамдар аз емес. Болашақта партия комитеттері де, бастауыш партия ұйымдары да осындай елеулі олқылықтарды ескеруі керек.

Біз қоғамдық қызметтің кез-келген саласына партиялық басшылық — бұл саяси басшылық, бүгінгі күні партияның функциялары тек қана саяси-идеологиялық; сипатта болу керек екенін терең ұғынуға тиіспіз. Осы қағиданы аксиома ретінде қабылдағанда ғана біз партияны жаңарту туралы, оның беделін қалпына келтіру туралы, лениндік принциптер мен партия тұрмысы нормаларының салтанат құруы туралы шын мәнінде айта аламыз.

Келесі жәйт — ұлтаралық қатынастар саласы. Қазақстан Компартиясының Орталық комитеті соншама шетін және қиын істе алдағы уақытта да партия

ұйымдарының белсенділігіне, дербестігі мен шығармашылығына үміт артады. Біздің республиканы мекендеуші халықтардың достығын біздің ата-бабаларымыздың бір ғана ұрпағы орнатқан жоқ. Ал біздің қасиетті борышымыз — оны сақтау, нығайту, адамдардың бірін қалдырмай бәрінің нақты теңдігіне қол жеткізу, оларға тілдерін дамыту үшін де, кәсіби жағынан өсуі үшін де, оқу үшін, қызмет бабында жоғарылау үшін де — өмірдің барлық салаларында бірдей мүмкіндіктер туғызу.

Қазіргі кезеңде ұлттық дамудың мүдделерін барынша толық дәрежеде ескеру, бүкіл әлеуметтік-экономикалық және мәдени саясатқа тиісінше түзету енгізу өте маңызды. Жергілікті жерлерде бұл жөніндегі көзқарастар неғұрлым алуан түрлі, неғұрлым тосын болған сайын, ұлттық проблемаларды теориялық және практикалық тұрғыдан ой елегінен өткізу үшін соғұрлым жақсы болмақ. Партия комитеттері бастаманы өз қолына алуға. толғағы жеткен мәселелерді талқылауға басқалардан бұрынырақ беруге, оларды шешудің пәрменді әдістерін ұсынуға тиіс.

Республиканың егеменділігін нығайту, оның құқықтарын кеңейту, мәдениет, тіл проблемаларын қанағаттандыру жөнінде қолданылған шаралардың нәтижесінде ең өткір, толғағы жеткен мәселелерді сейілту мүмкін болды. Шығармашылық және ғылыми интеллигенцияның күштерін біріктіруге, ұлттық мәдениеттерді дамытуға, ғылымның, мәдениеттің, білім беру саласының ақталған ондаған қайраткерлерінің мұрасын қайтаруға қарай маңызды қадамдар жасалды. Соңғы жылдарда қазақ тілінде оқытатын мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінің, мектептердің, кластардың жүйесі ұлғайды. Орыс тілін, Қазақстанда тұратын басқа да ұлттардың тілдерін дамыту үшін жағдайлар жасалуда. Ұлт тілдерінде әдебиет көптеп шығарыла бастады. Біз жылдар бойы айтылмай келген проблемаларға қарай бет бұрдық.

Бірақ басқа бір ұшқарылықтан сақтандырғым келеді. Кейбір жерлерде тіл саясатының мәселелері абсолютке айналдырылуда, біздің күн сайынғы кем кетіктеріміздің дәруі деп қабылдануда, қоғамдық бас араздық үшін себепке айналуда. Мұндай жағдайларда қанағат сезімі, парасатты мән-мағына жойылады деп ойлаймын. Бізде тіл туралы Заң бар, сондықтан біз сол құқықтық актіге құрметпен қарауға тиіспіз. Бұл жерде қандай да болсын асыра сілтеулерге жол беру жөнсіз. Сонымен қатар, тіл — оның иесі болып табылатын халықтың игілігі. Өзінің ана тілінсіз халық та жоқ, өйткені, оның тамыры, дәстүрлері, мәдениеті үзіледі. Міне, сондықтан да қазақ халқы, басқа да халықтар сияқты, тілін құрып кетуден құтқарып қалуға жан-тәнімен құштар. Ол үшін қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту қажет, бірақ ең алдымен қазақ тілін қазақтардың өздері шындап білуі тиіс. Заң, міне, осыған бағытталған. Басқа ұлттарға қысым жасаудың қандайы болсын, тілді оқып үйренуге мәжбүр ету мақсатында Заңды пайдаланудың құқыққа қарсы екені былай тұрсын, ол сонымен қатар адамгершілікке де жатпайды. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту арқылы оның бірте-бірте барлық қазақстандықтар үшін қажеттілікке айналуы басқа мәселе.

Маңызды да көптен күткен жаңалықты сіздермен бөліскім келеді. Осыдан 2-ақ күн бұрын КОКП Орталық комитетінің Саяси бюросы Қазақ республикалық партия ұйымы жөніндегі өзінің белгілі қаулысы бойынша біздің өтінішімізді қарады. Біздің барлық талаптарымыз орынды деп танылып, құжатқа тиісті өзгерістер енгізілді. Ең бастысы — қазақ халқын ұлтшыл дейтін айып алып тасталды, парасатты ақыл-ой мен әділеттілік салтанат құрды.

Сіздердің қанағат сезімге бөленіп отырғандарыңызды түсінемін, жолдастар. Ол сезімге қазақстандықтардың бәрі ортақ екеніне сенімдімін. Алайда, тек қайта құру жағдайында мүмкін болған, теңдесі жоқ деп айтуға болатын осы актінің бізге орасан зор жауапкершілік жүктейтінін атап көрсеткім келеді. Біздің интернационалистік сенімімізге ешкімнің зәредей де күмәні болмауы үшін қолдан келген нәрсенің бәрін істеуге тиіспіз.

Біз көпұлтты республикада тату-тәтті өмір сүріп келеміз. Бірақ ол достық алдағы уақытта да өзінен-өзі, біздің белсенді ықпалымыссыз нығая береді деп ойлау түбірінен дұрыс болмас еді.

Орталық комитет коммунистердің теориялық қызметте де, саяси қызметте де кейбір «әсіре демократтардың», «халықтың ойын билеушілердің» тарих айыптаған көзқарастарды жаңарту арқылы өзіне популистік бедел жинау жөніндегі әрекеттеріне енжар қарай алмайды деп санайды. Плюрализм мен ұлттық дәуірлеу жалауын жамылған кейбір ессіз «философтар» бізге пантюркистік идеялық жүктен, реакцияшыл алашордалық көзқарастардан кейбір нәрселерді тықпалауға ұмтылуда. Жалпы түріктік бірліктің, мұсылман ынтымағы мұраттарын уағыздай отырып, олар біздің қоғамдық және мемлекеттік құрылысымызға дұшпандық көзқараста болып отыр, интернационализмді атымен теріске шығаруда. Мұның бәрінен біз, былайша айтқанда, өткенбіз, «ұлттық мүдделердің» қамқоршылары дейтіндердің құнын да, жүзге, руға бөлінуді қайтадан жандандырушылардың құнын да жақсы білеміз. Ең құнды нәрсені — халықтар достығын сақтай, барлық қазақстандықтар үшін, олар қай ұлттың адамы болса да, тыныш, сенімді өмір орната отырып, біз республиканың және қазақ халқының өзінің қордаланып қалған барлық проблемаларын шеше аламыз. Басқа жол бізді тұйыққа апарып тіремек.

Көптеген философиялық концепцияларды, әлеуметтік теорияларды, саяси доктриналарды өзіне сыйғызған біздің уақытымыз сонда да, қайта құру процестерін жүйелі түрде соңына дейін жеткізуге қабілетті нақты теориялық, идеологиялық және саяси формулалар іздеуге құштар болып отыр. Өкінішке орай, жұрттың бәріне айқын болып отырған социализм мен демократияландыру тақырыбы біздің көптеген қоғамтанушы ғалымдардың, идеология қызметкерлерінің назарынан тыс қалуда. Турасын айтайық, әзірше республика астанасының ғылыми және шығармашылық интеллигенциясының қоғамдық сана деңгейін арттыруға қосып отырған үлесі аса көп емес. Облыстың елеулі ғылыми, шығармашылық, интеллектуалдық потенциалы әлі де толық ашылмай, қайта құру мақсаттарына толық пайдаланылмай отыр.

Істің шыны жөнінде біз академиялық институттардан, Партия тарихы институтынан, Жоғары партия мектебінен көп көмек алып отырмыз ба? Ал мысалы, республиканың экономикалық дербестігі, арендалық қатынастарды дамыту концепциясын біздің өтінішіміз бойынша Мәскеу институттарының ғалымдары әзірлегені сондықтан емес пе екен?

Жоғары оқу орындарының жұмысы туралы ерекше айту керек. Өкінішке орай, олардың біліктілігі жоғары мамандар даярлау жөніндегі қызметінде түбегейлі жақсы өзгерістер болған жоқ. Ректораттар мен партия комитеттері әлі де студенттердің ұлттық және әлеуметтік құрамын «реттеумен», аты шулы «пайыздарды» қиыстырып келтірумен әуре. Ал оқу-тәрбие беру процесі студент жастардың идеялық-адамгершілік, азаматтық қасиетін қалыптастыруға әрдайым бағдарлама

бермейді, қоғамдық ғылымдарды оқыту, дүниетанымдық проблемалар, ұлтаралық қатынастар мәселелері талдамаларының деңгейі төмен.

С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде, Қыздар педагогика институтында және басқа бірқатарында моральдық, психологиялық ахуал баяу түзелуде, ол жерлерде лауазымды адамдардың бұрыс әрекеттеріне, партия ұйымдары белсенділігінің жоқтығына арыздар мен шағымдар саны азаймай отыр. Сынағаны үшін қысым көрсету мен құдалау әрекеттері, топшылдық, өзара кек алысу, жариялылық пен демократияны қарақан бастың мақсатына пайдалану аз емес. Алайда партия комитеттері келеңсіз құбылыстарды тыюға батыл шаралар қолданбайды. Білім берудегі көптеген қателіктер мен қырсықтар ең алдымен оқу орындарындағы іске партиялық ықпалдың жеткіліксіздігінен болып отыр.

Бүгін мәдениет саясатын жүргізуде, эстетикалық тәрбие беру, халықты көркем қазыналарға тарту жұмысында қандай да бір ерекше алға басулар туралы да айту ерте. Барынша оғаш жағдай қалыптасты: шығармашылық одақтар, мәдениет және өнер мекемелері ұзақ уақыт күткен дербестік пен үлкен өкілеттіктер ала отырып, оларды тиімді пайдалана алмауда.

Нәтижелер мен қолда бар потенциалдың арасындағы көпе-көрнеу сәйкессіздік толыққанды көркем шығармалардың тапшылығынан көрінуде. Оның үстіне «кооперативтік шу» да біздің бәріміз үшін күтпеген жағдай болды. Кезбе гастрольшілер бақылаусыз әрекет етуде, видеосалондар мен видео қондырғылар көбеюде, оларда көрсетілетін фильмдер адамдарға адамгершілік жағынан көп зиян келтіріп отыр. Облыстық партия комитеті, Алматы қалалық партия комитеті, аудандық партия комитеттері сырттай бақылаушылар болмауға тиіс, олар шығармашылық одақтардың, мәдени және өнер мекемелерінің өміріне белсенді түрде араласуы керек.

Республикадағы саяси жағдайды жалпы алғанда тұрақты деп бағалай отырып, Қазақстан Компартиясының Орталық комитеті сонымен бірге, партия комитеттерінің әрекетсіздік пен жайбарақаттыққа салынуына негіз жоқ деп санайды. Сіздер мен біздің өмірімізге елімізде және оның жекелеген аймақтарында Балтық маңы, Кавказда, Молдовада, Украинада, Мәскеу мен Ленинградта болып жатқан оқиғалар ізін қалдыратыны құпия емес. Оларды ескере отырып, біз өз іс-әрекетімізге түзету енгізуге және жағдайды болжауға мәжбүрміз.

Қазақстан Компартиясының Орталық комитеті жалпы одақтық федерацияны одан әрі нығайтуды, КСРО халықтарының бірлігін, туысқандығы мен өзара көмегін күшейтуді жақтайды, республиканың барынша экономикалық дербестігін елімізді нығайтумен ұштастыруды жақтайды. Біз әрбір республиканың экономикалық дербестігі мен сыртқы экономикалық байланыстарының дербестігі — біздің федерацияның болашағы екеніне сенімдіміз. Біз ақыр аяғында бір нүктеден — ұлан байтақ Одақтың орталығынан сан салалы халық шаруашылығын тиімді басқару мүмкін емес екенін түсіндік. Істі бұдан әрі бұлайша жүргізуге болмайды. Міне, біз сондықтан да республиканың өзін-өзі басқару мен өзін-өзі қаржыландыруға көшу процесін жеделдету, табиғи, еңбек және қаржы ресурстарын пайдаланудағы дербестікті кеңейту, ведомстволық, озбырлықты жою қажеттігі туралы мәселелерді табанды түрде қойдық және қойып келеміз.

Одақтық бағыныстағы аса ірі кәсіпорындар жергілікті. Кеңестерге өз пайдасының 1%-нан 4%-на дейінін ғана аударуда. Осындай болмашы материалдық негізде Кеңестердің билігін орнатуға әрекеттенуге бола ма? Бірақ іс мұнымен бітпейді.

Республиканың территориясында орталық ведомстволар ашықтан-ашық тонап отыр, жер қойнауы, басқа, сөз таба алмай тұрмын, жыртқыштықпен пайдаланылуда, жер, су, атмосфера ластанып, адамдар ауруға шалдығуда, ал жауап беретін ешкім жоқ.

КСР Одағының Конституциясы бойынша Қазақстан дербес мемлекеттік құрылым болып табылады. Алайда еліміздің Негізгі заңында жарияланған ережелердің іс жүзінде нақты күші жоқ. Өздеріңіз ойлап көріңіздер: өз территориясының және жер қойнауының шексіз иесі болмай отырған мемлекетті егеменді деп атауға бола ма? Нақ сондай құқықтың жоқтығы, соның салдарынан адамның меншіктен, өз еңбегінің нәтижелерінен шеттетілуі республикада экологиялық және әлеуметтік проблемалардың апатты түрде шиеленісуіне, инабатсыз ішкі өктемдік сипатында болып отырған ведомстволық озбырлықтың гүлденуіне әкеліп соқтырды.

Қазақстанда бүгінгі таңда өнеркәсіп орындарының 53% жалпы одақтық министрліктерге, 40% — одақтық-республикалық министрліктерге қарайды. Соның салдарынан одақтық, басқарма Қазақстан индустриясының 93%-ын қамтып отыр. Мұндай жағдайда Қазақстанды егеменді социалистік мемлекет деп айтуға бірде-бір парасатты адамның аузы бармайды. Егер экономикаға бақылау болмаса, онда дербестік те жоқ.

Сонымен қатар, шикізат аймағы жағдайында қазақстандықтардың үлесіне жалпы одақтық еңбек бөлісінің ең ауыр, өмір мен денсаулық үшін ең қауіпті бөлігі тиіп отыр. Басқа аймақтарда біздің шахталарда, рудниктерде, карьерлерде ендірілетін жартылай фабрикаттарымыздан адамдар, былайша айтқанда, «ақ жағалы киіммен» дайын өнім шығарып, технологиялық тізбектің түпкі буыны жағына қарай бағаны әдейілеп ауыстырудың есебінен алынатын пайдаға қарық болуда.

Қысқасы, егер базалық салалардың кәсіпорындары республикаға және Жергілікті кеңестерге бағындырылмайтын болса, күрт экономикалық табысқа, адамдарымыз тұрмысының елеулі түрде жақсаруына қол жеткізе алмаймыз. Біз ол үшін қазірдің өзінде күресіп жатырмыз, бірақ өте табысты күресіп жатырмыз деп айта алмас едім. Одақтық кәсіпорындардың негізінде одақтық-республикалық концерндер құру үшін біздің меншігімізге 92 одақтық кәсіпорынды беру туралы мәселе қойған едік, бірақ жаппай теріс жауап алдық. Бізден тіпті іс жүзінде өз қажеттерімізді қанағаттандыруға жұмыс істейтін цемент заводтарының бәрін алып қойған.

Біз сыртқы экономикалық қызметте де нақ сондай қатаң шектеулерге тап болып отырмыз. Қазақстан 1,3–1,5 млрд. доллардың шикізатын экспорттап отырғанымен, ол валюта қатынастарынан іс жүзінде шеттетілген — бәрі де сыртқы экономикалық қатынастар министрлігі мен одақтық министрліктердегі делдалдарда қалып қояды.

Сондықтан, біз жаңарған федерация туралы айтқан кезімізде, ең алдымен барлық осы әділетсіздіктерді жоюды, біздің өміріміздің федералдық құрылымы шеңберінде республикалардың шынайы егеменділігін орнатуды көздейміз. Федерацияға қатысушылардың бәрі өздеріне не нәрсе тиесілі екенін дәл білуге тиіс.

Басқаша айтқанда, егер біз Мәскеудің кабинеттерін аралап «алақан жайып» жүрмейтін болсақ, өзіміз» тапқан табысты алдағы уақытта қазақстандықтарды қорлайтын дотация таңбасымен алмайтын болсақ, егер де өз өнімімізді сыртқы нарықта өзіміз сата алатын болсақ, өзімізді сенімдірек сезініп, әлдеқайда жақсырақ өмір сүре алатын боламыз.

Республиканың Президенті ретінде Қазақстанның мүдделерін табанды түрде қорғайтын боламын. Бұл үшін халық маған жеткілікті дәрежеде жоғары өкілдіктер

берді. Алайда мынаны атап көрсеткім келеді: бұл идеяны жалпы жұрттың қолдауы қажет. Біз ведомстволық өктемдіктің ондаған жылдар бойы қалыптасып келген жүйесін тек бүкілхалықтық күш-жігермен өзгерте аламыз. Тікелей сіздерден де қолдау күтемін, жолдастар. Бұл позицияда облыс партия ұйымының коммунистері бізді қолдайды деп ойлаймын.

Алайда жаңадан сайланған депутаттық корпустың, Жергілікті кеңестер басшыларының қожайын ретіндегі өз құқығын пайдалануға асықпауы алаңдатады. Өздері үшін «жоғарыдан» әл де біреу ведомстволарға талап қояды деп күтуде.

Түгелдей бәрін ведомстволық өктемдік басқаратын жүйе кезінде республика халқының жағдайын елеулі жақсарту тіптен мүмкін емес. Бірқатар оң өзгерістерге және байқалған тенденцияларға қарамастан, халық шаруашылығында қол жеткен нәтижелер күткендегідей бетбұрысты әзірше қамтамасыз еткен жоқ. Экономикаға жұмсалған қаржы аз қайтарым беруде. Мәселен, негізгі өнеркәсіптік-өндірістік қордың құны 4 жылдың ішінде 27%-ға дерлік, ал өнім шығару 17% артты. Еңбек өнімділігінің өсу қарқыны қормен қамтамасыз етілуде артта алып отыр, өндірілген ұлттық табыстың өсімі бесжылдық жоспарда белгіленгендегіден 1,5 есе төмен.

Экономика құрылымының біржақтылығын жоюдың әзірше сәті түспей отыр. Мысалы, өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлеміндегі жеңіл өнеркәсіптің үлесі 3%-дан аспайды. Республикадағы барлық кәсіпорындар біздің алдымен керек тауарларға деген қажеттілігімізді 60% ғана қанағаттандырады. Біз киім, аяқ киім, тұрмыстық және шаруашылық мақсаттағы бұйымдар шығаратын қуаттардың орасан зор тапшылығын да сезінудеміз. Ал бұл бір тұрғынның тауарлармен қамтамасыз етілуі жалпы одақтық деңгейден 2 есе және Прибалтикамен салыстырғанда 4 есе төмен болып отырған кезде орын алып келеді.

Біз құрылысты нашар саламыз, бұл мақсаттарға бөлінген қаржыны ұдайы кем игеріп келеміз. Бесжылдықтың басынан бері 12 кәсіпорынды іске қосу мерзімдері бірнеше мәрте кейінге қалдырылды. Соның салдарынан 250 млн. сомның аяқ киімі, киім-кешегі, шұлық-үйық киімдері кем алынды. Тұтыну рыногының үйлесімсіздігі өсе түсуде, ақша айналымы қиын күйінде қалып отыр. Жергілікті кеңестер өздерін осы істе және дереу көрсетуге тиіс.

Бүгінде біздің экономикамызға тауарлар мен қызметтерді нақты, дереу өсіру керек. Жергілікті және ағаш өңдеу саласының бірқатар кәсіпорындарын салу, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды техникалық жағынан қайта жарақтандыру, шетелдік компаниялармен бірлескен өндірістер құру керек.

Істің жайына баға бере келіп, аппарат санын қысқарту, оның құрылымын бұзу жөніндегі жүргізілген шаралар басқарудың функцияларын негізінен өзгертпегенін айту қажет. Біз әкімшілдік-әміршілдік жарлық берушілікті экономикалық реттеу қатынастарымен алмастыра алмадық. Мұны нарықтық механизмге көшу шеңберінде жасау керек.

Ашығын айтайық: әңгіме нарықтық қатынастарға келген кезде біздің бәріміз белгілі бір қолайсыздықты сезінеміз. Иә, белгілі бір жағынан нарық бастапқы кезде кінәратсыз болмайды. Ол теңгермешілікке төзбейді, және, сірә, халықтың бір бөлігінің тұрмыс деңгейін уақытша төмендетуді талап ететін болар. Бірақ бұл халықты қажытудың шегіне әбден жеткізген экономикалық тұралаудың ұзақ уақыт сақталып қоймауы үшін қажет.

Біз нарықтық экономиканы енгізудің мүмкін зардаптарын алдын-ала болжай білуге, есеп жасауға, адамдардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету үшін бәрін де істеуге, экономиканы жылдам оңалту үшін реформаның мәні мен мазмұнын өзіміз түсінуге, оны халыққа түсіндіре білуге тиіспіз. Жалпы нарықтық экономикаға көшу халықпен кеңескеннен кейін ғана, халықтың тұрмыс деңгейі төмендеуі мүмкін жіктерінің әлеуметтік қорғалуына кепілдік берілген кезде ғана іс жүзеге асырыла алатындығын атап көрсеткім келеді. Оған көшу кезең-кезеңмен жүргізілуге тиіс. Осынау маңызды шараға әзірлік қажет.

Қазір астаналық, облыстық комитеттен талап ерекше болып отыр — шын мәнінде оның қайта құру кезіндегі есебі тыңдалуда. Белгілі бір дәрежеде алға басулар бар. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 120 млн. сомнан аса ұлғайды, халыққа арналған тауарлар шығару өсті. Халықтың жан басына шаққанда ет және ет өнімдерін, сүт тұтыну көрсеткіштері артты.

Артта қалушы кәсіпорындардың саны, кем берілген өнім көлемі едәуір қысқарды. Алынған пайда — бір млрд. жуық сом — әлеуметтік саланы дамытуға өткен бесжылдықтағыға қарағанда 2 есеге жуық көп қаржы жұмсауға мүмкіндік берді.

Облыстық комитет, партия ұйымдары қоғамдық-саяси жағдайды тұрақтандыру, еңбек коллективтеріндегі интернационалдық жағдайды нығайту үшін көп нәрсе істеуде. Осыған байланысты қайта құру Алматы облысында қажетті қарқын алды деп бір мәнді айтуға бола ма? Бұған есепті баяндама мен делегаттардың сөздерінде жауап қайтарылды. Облыстық комитет кейбір оң алға басуларға қарамастан, әзірше ұйымдық-саяси және экономикалық шаралардың бүкіл жүйесін толық іске қоса алған жоқ, партия ұйымдарының күш-жігерін өткен облыстық партия конференциясы белгілеген міндеттерді сөзсіз орындауға жұмылдыра алған жоқ. Бірқатар бағыттар бойынша сөз бен істің арасында алшақтық болып, белгіленген шептерден артта қалу байқалды.

Мысалы, облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына партиялық басшылық жасау мәселелерін алайық. Мұнда шешілмеген проблемалар әлі де көп. Және де біз Кеңестерде, шаруашылық органдарында жұмыс істейтін коммунистерге кінә қоюға хақылымыз.

Өнеркәсіпте негізгі өндірістік қорлар барлық жерде бірдей тиімді пайдаланылмайды.

Шаруашылық механизмін жетілдіру, жаңа экономикалық әдістерді игеру жөнінде кадрларға талап қою нашар. Өнеркәсіпте — 9 коллектив қана, құрылыста — 11 және қызмет көрсету саласында 238 коллектив арендаға көшті.

Шаруашылықты жүргізудің жаңа жағдайында жұмыс істегенде, ғылыми-техникалық прогресті жеделдетпейінше, экономиканың тиімділігін шешуші дәрежеде арттыруға қол жеткізуге болмайды. Алайда, кәсіпорындардың тиісті бағдарламалар бойынша тапсырмаларды орындауы уақыт талабынан артта қалуда, орта есеппен тек 80% қана болып отыр.

Партия комитеттерінің тұрғын үйдің өткір проблемасын іске асыруға белсене қатысуы партия комитеттері жұмысының аса маңызды учаскелерінің бірі. Үстіміздегі бесжылдықта қыруар іс тындырылғанымен, 1988 жылмен салыстырғанда 1989 жылы Алматыда тұрғын үйді пайдалануға беру дәрежесінің төмендеуіне жол берілгені алаңдатады. Халықтың қаржысы есебінен тұрғын үй құрылысын барынша

дамыту үшін жағдай жасалған жоқ. Құрылыс бөлімшелерінің қуаттарын, құрылыс материалдарын, оның ішінде жергілікті ресурстардан жасалған құрылыс материалдарын өндіру көлемін еселей түсу керек, оларды ең алдымен халықтың қажеттерін қанағаттандыруға бағыттау керек. Мұның өзі экономиканы әлеуметтік мұқтаждарға нақты қайта бағдарлау да болмақ.

Коммуналдық қызмет көрсетуді жақсартумен неғұрлым нақты айналысу керек. Бұдан былайғы жерде осынау жүйені дамытудың қалдықты принцип бойынша жүзеге асырылатынына, ал коммуналдық мақсаттағы объектілерді салуда күрделі қаржының, әдетте, игерілмейтініне төзуге болмайды.

Алматы облыстық партия конференциясының алдында аграрлық өнеркәсіптік кешенді дамыту жөнінде зор міндеттер тұр. Алматы облысы Қазақстандағы ірі облыстардың бірі екені мәлім. Сондықтан осындағы табыстар да, кез-келген іркілістер де бүкіл республиканың көрсеткіштеріне едәуір салқынын тигізеді.

Облыстық және аудандық партия комитеттерінің, аграрлық-өнеркәсіптік кәсіпорындардың бастауыш партия ұйымдарының ұйымдастыру және саяси жұмысының деңгейі әзірге қайта құрудың өзекті міндеттеріне сай келмей отыр. Алматы тұрғындарынан көкөніспен және жеміспен қамтамасыз етудің мардымсыздығы жөнінде көптеген өкпе-реніштер естуге тура келеді. Жыл сайын оларды өндіру жоспары орындалмайды, олардың қажетті түр-түрі жоқ. Астананың ет пен сүт жөніндегі қажеттері едәуір көлемде дотация есебінен, яғни республиканың басқа облыстарынан әкелу есебінен өтеледі. Біздіңше, азық-түлік ресурстарын молықтырудың маңызды резервін неғұрлым тиімді пайдалану керек, кәсіпорындар мен ұйымдардың қосалқы шаруашылықтары, азаматтардың меншікті шаруашылықтары осындай маңызды резерв болып табылады.

Саудада едәуір жақсартуға қол жеткізілген жоқ. Көптеген ауруханалар мен поликлиникалардың материалдық базасы мүшкіл халде. Медициналық мекемелерді жабдықпен, тамақ өнімдерімен, дәрі-дәрмекпен жабдықтау едәуір нашарлап кетті. Міне, осындай жағдайда да емдеу мекемелерін салуға жұмсалатын онсыз да болмашы қаржы пайдаланылған жоқ. Тек Алматы қаласы бойынша 4 млн. сом күрделі қаржы игерілмей қалды.

Қысқасы, төзгісіз жағдай қалыптасты. Кемшіліктерге бұдан былайғы жерде төзуге болмайтынын әрбір партия ұйымы, әрбір коммунист түсінуге тиіс. Өндірістік және еңбек тәртібін барынша нығайту, технологиялық процестер мен өндірістердің бүкіл тізбегінде тиісті тәртіпті жолға қою керек.

Осыған байланысты министрліктер мен ведомстволардың аппараттарында жұмыс істейтін коммунистердің рөлі туралы айтпай тұра алмаймын. Қалай болып отыр осы? Республика астанасында тауды қопарып тастауға күші жететін, қиындықпен тауып жүрген нанын аппараттың босқа жемейтінін дәлелдей алатын неғұрлым даярлығы мол, неғұрлым білікті басқару қызметшілері бар. Іс жүзінде осынау аса қуатты интеллектуалдық; потенциалдың ықпалы байқалмай отыр. Тегінде, облыстық партия комитеті астаналық облыстың орасан зор басымдығын әлі шындап пайдалана алмай, күрделі басқару проблемаларын егжей-тегжейлі байыптай алатын тәжірибелі қызметкерлерді іске қоса алмай отырған сияқты. Міне, сондықтан халық арасында аппаратты масыл дейтін сыңаржақ, менің пікірімше, мүлдем әділ емес пікір таралуда. Министрліктер мен ведомстволар коммунистерінің облыс өміріне неғұрлым белсенді араласуы күрделі экономикалық, басқару, ал

сайып келгенде, әлеуметтік проблемаларды да әлдеқайда табыстырақ шешуге мүмкіндік беретініне сенімдімін.

Ағымдағы кезеңнің міндеті — халық өкіметінің шын органдары ретінде жаңарған Кеңестерді қалыптастыруға жәрдемдесу. Партия комитеттері жергілікті өкімет органдарының жұмыс істеу сеніп тапсырылған коммунистерден барынша аянбай тер төгуді талап етуі керек. Олар тапсырылған іс үшін, өз территориясындағы халықшаруашылық кешенін дамыту үшін жоғары жауапкершіліктің өнегесін көрсетуге тиіс. Ең алдымен бұл Жергілікті кеңестерді басқаруды қоса атқарып жүрген партия комитеттерінің бірінші хатшыларына қатысты. Олар өз жұмысын жаңа, қайта құру мазмұнымен толықтыруы керек.

Тек халыққа арқа сүйей отырып, онымен бірлесіп іс-қимыл жасай отырып, оны көкейкесті проблемаларды шешуге жұмылдыра отырып қана қазіргі жағдайды өзгертуге, партияның беделін, оған деген сенімді қалпына келтіруге болады.

Конференцияның барысын бағалай отырып, оның іскерлікпен, талғампаздықпен, демократиялық түрде өтіп жатқанын қанағаттанғандықпен атап өтуге болады. Сіздерге үлестірілген баяндамада, бірқатар делегаттардың сөйлеген сөздерінде саяси және экономикалық реформаларды жеделдету, ішкі партиялық тұрмысты демократияландыру. партиялық жұмыстың жаңа сапасын қамтамасыз ету жөнінде көптеген сындарлы ұсыныстар айтылды.

Облыстық партия ұйымындағы істің жай-күйіне жасалған талдау, адамдармен, партия активімен кездесулер облыстық комитеттің, оның бюросының, хатшыларының жұмыс істеуі мен әдістерінде кейбір оңғарылу болып жатқаны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Біздің пікірімізше, облыста күрделі міндеттерді шешуге шамасы жететін, жұмыс істеуге қабілетті кадрлар корпусы қалыптасқан.

Сонымен бірге облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттерінің кадрлармен жұмысты бүгінгі күннің міндеттерімен сәйкестендірудің әзірге сәті түсе қоймағанын атап өту қажет. Олардың кепілдемелерінде бастауыш партия ұйымдарының, еңбек коллективтерінің пікірі әрқашан да бірдей терең зерттеліп, ескеріле бермейді, конкурстық жолмен сайлау жеткілікті дәрежеде пайдаланылмайды. Резервті жасақтап, оқытуға жүйелі көзқарас жетіспейді. Сондықтан басшылық қызметтерді әлі де көбінесе кәсіптік жағынан жеткілікті дәрежеде даярланбаған, өз қызметінің түйінді бағыттарын бөліп ала алмайтын, түпкі нәтижені қамтамасыз ете алмайтын адамдар атқаруда.

Басшылық қызметтерге әйелдердің ұсынылуына жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбейді. Олар селолық, аудандық партия комитеттерінің бірінші хатшылары мен аудандық атқару комитеттерінің төрағалары арасында мүлдем жоқ.

Бүгін таңда мемлекеттік және қоғамдық басқару органдарының басшыларын тағайындаудың негізінен сайлау нәтижелері, оның үстіне, әдетте, баламалы сайлау нәтижелері бойынша айқындалатыны ережеге айналуда. Сондықтан номенклатуралық көзқарас, кадрларды міндетті түрде партия комитеттерінде бекіту бюрократтық формальдылыққа айналуда. Алайда формальдық-номенклатуралық көзқарастан бас тарту, істе партия комитеттері басшы кадрларды орналастыру үшін жауапкершілікті өзінен алады деген сөз емес. Өз кандидатураларын қорғай білу, демократиялық принциптердің нешетүрлі бұрмалануына және топшылдыққа қарсы күрес жүргізе білу қажет.

Партия қатарлары бірлігінің қажеттігін ұдайы есте сақтау, оларды жасақтау процестеріне белсенді түрде ықпал ету қажет. Облыстық партия ұйымында жаңа мүшелерді қабылдауға байланысты істің жай-күйі жаман емес. Мұнда облыстық партия ұйымының көзқарасын қолдау керек. Партияға іріктеу жөніндегі жұмыс сан мен әлеуметтік жағдай бойынша шектеулердің қатал шеңберіне қойылмайды. Бұл мәселелерді партия ұйымдарының өздері шешеді.

Алайда мүшелікке қабылдау мәселесіндегі асығыстық, талғаусыздық партияның беделіне едәуір нұқсан келтіреді. Бұл жұмыста әкімшілдік жасауды, формализмді айыптай отырып, біз партия қатарларының аса сапалы дәрежеде толықтырылуын қамтамасыз ету жөніндегі принципті, бағдарламалық талаптардан бас тарта алмаймыз.

КОКП-дан шығудың көбеюі елеулі алаңдаушылық туғызуда. Бұл құбылыстан партияның түйінді буындарын — оның бастауыш партия ұйымдарын кеулеген дерт айқын көрініп отыр. Бастауыш партия ұйымдарының өмір салтын, олардың партия комитеттерімен өзара қатынасын өзгертетін кез әлдеқашан-ақ жетті. Өйткені, жоғарыда тұрған партия комитеттерінің бастауыш партия ұйымдарын әлі де қатал әмір жүргізумен басқарып отырғаны, шешімдердің көбінесе қатардағы коммунистермен алдын ала ақылдасып кеңеспестен қабылданатыны құпия емес. Қазіргі жағдайда жұмыстың мұндай стиліне төзуге болмайды.

Өткен есеп беру мен сайлау қайта құрудың бастауыш партия ұйымдарының бір бөлігіне әлі жетпегенін, олардың бұрынғысынша енжар, аңысын аңдау позициясын ұстап отырғанын, жалтақтап жұмыс істейтінін кез-келген мәселе бойынша жоғарыдан нұсқаулар күтетінін көрсетті. Облыста есеп беру мен сайлау барысында бастауыш партия ұйымдары хатшыларының 1/3 бөлігінен астамы қайта сайланғаны, ал олардың 12-сінің қызметі қанағаттанғысыз деп табылғаны осының айғағы.

Көптеген есеп-беру сайлау жиналыстары сыншыл тұрғыда өтпеді, сайланбалы партия активінің қызметіндегі кемшіліктерге, партия ұйымдарының коллективтегі роліне терең талдау жасалмастан өтті, негізінен шаруашылық қызметтегі олқылықтарды атап өтуге сайды.

Балқаш, Жамбыл, Кеген, Үйғыр аудандық партия конференцияларының қорытындыларына түрліше қарауға болады. Бірақ ең бастысы, осы аудандар коммунистерінің аудандық партия комитеттері басшылары қызметінің ескірген әдістерімен өздерінің келіспейтіндігін білдіруінде болып отыр. Сондықтан өткен конференцияларда олардың сайланбауы кездейсоқ емес. Бұдан облыстық партия комитеті тиісті қорытындылар жасауға тиіс деп ойлаймын.

Өзімнің сөзімді аяқтай келе, облыстық партия ұйымындағы істің жай-күйіне бүгін конференцияның делегаттары мен оған қатысушылар көрсеткен сыншыл көзқарас Алматы облысының коммунистері қол жеткен нәрселерді дұрыс бағалайды, өздерінің кемшіліктерін көре біледі және қайта құрудың күрделі проблемаларын шешуге бекемдік білдіреді деп ойлауға негіз беретінін айтқым келеді.

Қазақстан Компартиясы XVII съезінде «Партияның бірлігі мен социалистік таңдау жолында, жаңарған КСР Одағындағы Қазақстанның нақты егемендігі жолында» атты сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1990 жылдың 7 маусымы

Жолдастар!

Менің алдымда, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы ретінде, күрделі де жауапты міндет тұр. Есепті баяндама XVI съезден кейінгі жылдарда болып өткен сан мағыналы оқиғаларға партиялық баға беру, Компартияны, біздің көпұлтты республикамыз өмірінің барлық жақтарын жаңартудың түбірлі проблемаларын қозғайтын өзекті теориялық және практикалық мәселелердің бірқатарына Орталық комитеттің көзқарасын білдіру қажет, саяси, идеологиялық, мәдени, әлеуметтік және экономикалық салалардағы қайта құру қызметінің принципті стратегиялық бағыттары сіздердің қарауларыңызға ұсынылуға тиіс.

Осы сәттің жоғары жауапкершілігі елде болып жатқан саяси процестердің шапшаңдығымен тереңдей түсуде. Қоғамды жаңартуды жеделдетуге деген адамдардың құштар тілегімен сабақтас оң құбылыстармен қатар, халықтың, Коммунистік партияның тағдыры үшін, біздің Одағымыз бен социализмнің болашағы үшін терең алаңдау мен мазасыздану тудырып келе жатқан құбылыстар да бар. Нақ сондықтан да КОКП XXVIII съезі мерзімінен бұрын шақырылып отыр, коммунистердің республикалық форумы да өз жұмысын Жарғыда көзделгендігіден едәуір ерте бастады.

Партияның жай-күйі қиын таңдаудың қажеттілігін біздің алдымызға қойып отыр. КОКП-ның ішінде түрлі тұғырнамалардың пайда болуы, орталықтан тепкіш тенденциялардың күшеюі, билік үшін саяси күрестің ашық формалары — мұның бәрі партияны сілкіндіріп, оның идеялық және саяси позицияларының әлсіреуіне әкеліп соғуда.

Біз, Қазақстан коммунистері, әңгіме КОКП-ның бірлігін сақтау туралы, ленинизмнің негіз қалаушы идеяларына адалдық туралы болып отырған кезде сырттай бақылаушылар рөлінде болып қана қала алмаймыз. Біз таразының басына партияның беделі мен абыройы қойылып отырған кезде «бұта түбінде» бой тасалап отыра алмаймыз. Партия қолдауға ділгер және жалдаптық айыптаулардан қорғауға, біздің ізашарларымыз — миллиондаған коммунистер күрескен мұраттарды аяққа таптаудан қорғауға осыншалықты мұқтаж болып отырған кезде үнсіз қала алмаймыз және үнсіз қалуға тиіс емеспіз. КОКП XXVIII съезінің қарсаңында біз өз сөзімізді айтуға міндеттіміз, бұл сөз, мен бұған сенімдімін, партияның бұдан арғы тағдырын анықтау кезінде үлкен салмаққа ие болмақ.

Сөз жоқ, өткен 5 жыл ішінде ілгері қарай зор қадам жасалды, ол қадам дүние туралы және өзіміз туралы, жалпы адамзаттық игіліктердің шын өлшемі туралы түсінігімізді түбірімізбен өзгертті. Өткеннің қателіктерін ерлікпен мойындаған біздің партияның Орталық комитеті, оның басшылығы 1985 жылғы сәуірінде партиялық саясат бағытын күрт өзгертті, кеңес қоғамын демократияландыру жағына қарай батыл қадам жасады. партия қайта құруды жүзеге асыру үшін халық алдында

жауапкершілікті өз мойынына алды. Соның нәтижесінде біз саяси системаның терең өзгерістерінің куәлары болдық, бұл өзгерістердің барысында шын мәнінде жаңа Кеңестер құрылды, заң шығарушылық және атқарушылық өкімет билігі ажыратылды. Сталинизм мен тоқырау кезеңінің қылмыстары әшкереленді. Түбегейлі экономикалық реформаны жүзеге асыру үшін заң шығарушылық негіздер әзірленді. Біздің еліміз халықаралық аренада сапалық жаңа келбетімен танылды, мұның өзі қазіргі дүниенің ең күрделі проблемаларын ойдағыдай шешуге мүмкіндік береді. Мұны әсіресе еліміздің Президенті М.С. Горбачевтің Америка Құрама Штаттарында жаңа ғана аяқталған сапары жарқын паш етті. Қысқасы, жаңаша ойлау жүйесі принциптері негізінде қоғамның дамуы туралы сипат алып отыр. Ал, мұның бәрі — тарихи өлшем бойынша қысқа мерзім ішінде жүзеге асты.

Алайда біз сәуір кезеңінен кейін жіберген ағаттықтар да, қайта құрумен қатар жүріп отырған, бүгінгі күні біздің саяси оппоненттеріміз шебер пайдаланып отырған барлық келеңсіз құбылыстар да даусыз. Партия өз қызметінің мазмұны мен әдістерінде әлі де оза отырып жаңартуға қол жеткізбегенін, ішкі партиялық қатынастарды кеңінен демократияландыру үшін жағдайлар жасай алмағанын біз жұрттың бәрінен де жақсырақ көріп отырмыз.

Бірі қайта құрудың даусыз табыстарын дәлелдейтін, екіншісі қайта өзгерістердің барысына алаңдаушылық туғызып, партияны және оның көшбасшыларын да «оңынан», сондай-ақ «солдан» да қатты сынға алуды тудырып отырған біздің өміріміздің екі кереғар қарама-қарсы полюсін қалай сыйыстыруға болады? Бұл сұраққа жауап беру үшін өткен жолды егжей-тегжейлі, байыпты талдау қажет.

Қазақстан Компартиясының XXVI съезін біз қандай көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алғанымыз естеріңізде болар. Коммунистердің бірнеше ұрпағының біздің қоғамымызды демократияландыруға және түбірінен қайта құруға деген ең көкейкесті, азаптан өткен ұмтылысын білдіретін кінәратсыз, өмірлік идеяларды орнықтыруға енді ештеңе де кедергі жасай алмайтын сияқты көрінген еді. Бұл шын мәнінде үміт пен батыл жоспарлар съезі болды. Тұңғыш рет осы мінберден бұрын әдет бойынша өмірдің сыннан тыс болып келген жақтарын қозғаған, ашық, ішкі есепті көздейтін ойлардан ада сөздер естілді.

Бұл сөйленген сөздерде көбірек болған не — жаңа бағытқа көзсіз сену ме, әлде сол кезде бар күштердің ара салмағын талдауға негізделген байсалды есеп пе? Қалай болғанда да сенім басым болды деп ойлаймын. Біз қайта құрудың алғашқы өскіндерін көп күш жұмсамай-ақ тұншықтырып тастауға, істі бұрынғы тығырыққа тірейтін арнасына бұруға қабілетті әміршілдік-әкімшілдік жүйенің қуаты мен «көлеңкелі» мүмкіндіктерін әлі де шамалап қана ұғынған болатынбыз.

Тегінде солай болады да. XXVI съезде сайланған Орталық комитеттің басшылығы өз қызметін сын тұрғысынан бағалауға қабілетсіз болып шықты. Шешуші қызметтерде бұрынғы жұмыс стилі мен әдістерін ұстанған адамдар отырды, олар республиканың саяси аренасынан басқаша ойлаушыларды, сындарлы идеяларды таратушыларды қандай жолмен болса да кетіру үшін, былайша айтқанда, қолдан келгеннің бәрін тырысып бақты. Өсек-аяң тарату мен тікелей қоқан-лоқы жасау іске қосылды. Іргесі шайқалған билікті сақтап қалу үшін жанталасқан күрес жүріп жатты. 1986 жылы салиқалы, прогрессіл көңіл-күйдегі күштер үшін құғындау іс жүзінде қандай да бір қорғалудан ада жыл болды. Мұның бәрі демократиялық өзгерістерге зиянын тигізбей, республикадағы жаңару процестеріне кедергі жасамай қалған жоқ.

Алайда бәрін де бұрынғыша қалдыруға, КОКП Орталық комитетінің 1985 жылғы сәуір пленумында белгіленгендерді кезекті қысқа мерзімді науқанға айналдыруға

жанталасқан әрекеттер сәтсіз болды. Бірақ, басшылықты ауыстыру туралы мәселе пісіп-жетілген кезде тоқыраудың дәріптеушілері өздері үшін пайдасыз зардаптарды барынша азайту басшылыққа жергілікті жағдайлармен таныс емес «сырт адамды» әкелу үшін қолдарынан келген нәрсенің бәрін істеп бақты. Мұның бәрін немен тынғанын сіздер жақсы білесіздер. Орталық комитеттің дәл 18 минутқа созылған бесінші пленумы коммунистердің және Қазақстанның бүкіл халқының арасындағы жағымсыз аса кең толқу тағы бір антидемократиялық актімен аяқталды.

Біз бүгін бұл жайында өткенді тағы да қопарыстыру үшін айтып тұрғанымыз жоқ. Қазақстан Компартиясының Орталық комитеті болған оқиға өктемшілдіктің, республикадағы саяси басшылықтың сабақтастығының табиғи процесін бұрмалаған неше түрлі табыну мен табынушылықтың етек алуының тікелей салдары еді деп есептейді. Билік басында тұрған адамдар өздерінің санасында мықтап тамыр жайған «көсемшілдікке» байланысты лайықты ізбасарлар даярлау туралы бәрінен де аз ойлайды, керісінше қарымды бәсекелестердің, өзімнің жеке-дара басқаруыма қатер төндіреді деп білген адамдардың беделінің артуы бойынша бөгет жасады. Бұл біз үшін болашаққа деген елеулі сабақ болуға тиіс.

V пленумнан кейінгі кезеңде біз кез-келген бөгде ойлылықты, бірінші басшының пікірінен кез-келген өзгеше пайымдауды қатал тежеп отырған әкімшілдік-әміршілдік жүйенің жандана түскен формасына тап болдық. Өктемшіл өкіметтің алдында бас иіп, тағзым етудің жылдар бойы тәрбиеленген әдеті де салқынын тигізді, КОКП Орталық комитеті аппаратының бұрынғы құрамы бойынша осындай әдеттің желеп-жебеушісі болып қалды. Мұндай жағдайда біздің кейбір «идеологиялық бастықтарымыз» өздері жақсы игерген казармалық басшылық әдістерін рухани салаға көшіруге болатын сәт келді деп есептеді. Нақ солардың желеп-жебеуімен, мысалы, студенттердің, жұмысшы табының, т.б. ұлттық құрамын айқындаудағы пайыз қуушылық етек алды. Республикада жаңа қоғамдық-саяси ұйымдардың туу мүмкіндігінің өзі қалай еленбегені, баспасөзде оларға қарсы қандай өршеленген науқан жүргізілгені, ұлттық интеллигенция өкілдерінің қазақ тілінің мемлекеттігі туралы мәселені көтеру жөніндегі әрекеттерінің қандай қарсылыққа тап болғаны бәріміздің есімізде. Бұл адамдар кадрларды құдалаудан да, адал қызметкерлерге күйе жағудан да, шын мәнінде — жазалау саясатынан да айылын жиған жоқ. Ал мұның бәрі өз басының пайдасы үшін істелді. Істі ақсатқан көптеген облыстық партия комитеттері хатшыларының атқарып отырған қызметтерден құрметпен, барынша жоғары дербес пенсиямен кеткені кездейсоқ емес, олар тіпті қандай да болсын моральдық жауапкершіліктен де құтқарылды.

Экономикалық салада да қайта құру процестері аз байқалды. Қазір кейбіреулер тоқырау кезеңі өсірген ащы «жемістерді» нақ қазір жинауымызға тура келіп отырғанын ескерместен, экономикалық сәтсіздіктер үшін қайта құруды кінәлауға бейім. Жалаң сөз болмас үшін нақты фактілер келтірейін. 1985 жылы республикада өндірілген және пайдаланылған ұлттық табыстың арасындағы айырмашылық өзінің шыңына — 7,2 млрд. сомға жетті. Қазақстанның өнеркәсіп өнімін беру жөніндегі берешегі 591 млн. сом болды, кәсіпорындар мен ұйымдардың 30%-на жуығы залалмен жұмыс істейтін болып шықты. Мәселе мынаған дейін барды, халық тұтынатын бұйымдардың 60%-ын біз республикадан тыс жерлерден әкелдік, ал әлеуметтік проблемалар тек қана қалдықтық принцип бойынша шешіліп келді.

Әсіресе ауыл шаруашылығы тым құлдырап кетті. Сый-сыйпат көру мен көбінесе бір ғана астық жинау маусымы үшін берілген «Еңбек Ері» атағын алуға бола мемлекетке атышулы 1 млрд. пұт астық тапсыруға ұмтылу, мал шаруашылығының

жемшөп базасын, былайша айтқанда, әбден қу тақырға отырғызды. 1980 жылмен салыстырғанда республикада бір сиырдан сауылатын сүттің орташа көрсеткіші — 100 кг, ірі қараның орташа салмағы — 54, қойдың салмағы 3 кг кеміп кетті. Соның салдарынан 1975 жылдан 1985 жылға дейінгі 10 жылдың ішінде халықтың жан басына шаққанда ет тұтыну іс жүзінде өскен жоқ. Оның үстіне, біздің қолымызда болған қоғамдық ірі қараның 10% туберкулез бен бруцеллезге шалдыққан болып шықты.

Күрделі құрылыстағы істің жайы да мәз болмады. Егер 10-шы бесжылдықта 1,6 млрд. сом игерілмей қалған болса, 11-ші бесжылдықта 2,6 млрд. сом игерілмей қалды. Тұрғын үйді іске қосу қарқыны іс жүзінде тоқтап қалды. Балалар мекемелері, ауруханалар, емханалар, мектептер туралы да осыны айтуға болады.

Біз қайта құруды, міне, осындай жағдайда бастадық. Әділдік үшін мынаны айту керек: 1987 жылдың алғашқы айларынан бастап Орталық комитет, жергілікті жерлердегі партия ұйымдары халық шаруашылығы салаларындағы тоқырау құбылыстарын жоюға назар аударуын күшейтті. Атап айтқанда, тұрғын үй құрылысында, азық-түлікпен қамтамасыз етуде ілгерілеушілік басталды. Бірақ тағы да әлдеқашан күні өткен көзқарастар есебінен ілгеріледі. Партия комитеттері бұрынғысынша кеңес және шаруашылық органдарын алмастыра берді, күшпен қысым жасау экономикалық әдістерден басым түсіп жатты. Сонымен бірге адамдармен қызу жұмыс жүргізу, олардың мұқтаждарына деген қамқорлық бәсеңдеді, мұның өзі дереу салқынын тигізбей қойған жоқ. Қарағанды шахтерлерінің ереуілдері, Жаңаөзендегі тоқулар, Өскемендегі, Павлодардағы жаппай наразылық оқиғалары партия комитеттерінің қатардағы коммунистердің, еңбекшілердің мүдделерінен қол үзгендігін көрсетті.

Еліміздегі сияқты, республикада қайта құру процестерінің малтығуы көп ретте орталықтан тасқын болып түсіп жатқан волюнтаристік сарындағы ойластырылмаған, асығыс шешімдерге және көбінесе жергілікті жерлерде бұлардың ойланбастан орындалуына байланысты болды. Алкогольге қарсы сәтсіздікке ұшыраған заңды немесе сол бойында кәсіпорын туралы іске асырылмаған Заңды, аренадан үн-түнсіз кеткен мемлекеттік қабылдауды, табыстардың бақылаусыз өсуін туғызған заң актілерін және тағы басқаларды еске алсақ та жеткілікті. Өткен 5 жыл ішінде Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитет қанша рет қайта құрылды десеңізші. Мұның бәрі күш-қуатты, уақытта алды, бірақ ойдағыдай нәтиже берген жоқ, тек адамдардың жүйкесін жұқартып, қайта құрудың жайлы барысына деген олардың үміт-сенімін одан әрі кейінге шегеріп тастады.

Бәлкім, тұрмыстың аса күрделі проблемаларын қолды бір сермеп шешеміз деуден, оларды өз санамызда жасанды түрде жеңілдету дағдысынан әлі ұзақ уақыт бойы арыла алмаспыз. 1985 жылғы сәуірде осыған ұқсас әлденелер болды, «қайта құру» және «жеделдету» сөздері синоним сөздерге айналуға аз-ақ қалып, 1–2 жылдың ішінде, ең көп дегенде — 3 жылдың ішінде елімізді тоқырау дағдарысынан алып шығуға болады деп ойладық. Ақиқат шындық әлдеқайда қаталырақ, ал жарияланған міндеттер — әлдеқайда мәнділеу және күрделірек болып шықты. Бірақ мұның өзі жол дұрыс таңдап алынды ма және алға қойылған міндеттер орындалатын міндеттер ме дегенді білдіре ме? Әрине, білдірмейді. Егер біз жол берілген қателіктер мен ағаттықтар туралы ашық айтатын болсақ, онда олардың кейбіреулерінің белгілі бір мағынада объективті түрде орын алуға тиісті болғанын ашық мойындауымыз керек. Тек нақты жұмысқа кіріскенде ғана, тиісінше «сүрініп, жығылып барып» қана қажетті тәжірибе жинақтау, басталған істің бүкіл ауқымы мен қиындығын түсіну мүмкін еді.

Біз мұндай тәжірибені жинап, неғұрлым ақылды, сақ, ұқыпты бола түстік деп ойлаймын. Сөйтіп, сөз жоқ, қазір біздің қорымызда тек теріс нәтиже ғана жинақталып отырған жоқ, оның өз құндылығы бар екені де белгілі. Өткен жылдар ішінде саяси дамуда да, экономикалық дамуда да елеулі түрде ілгері қадам жасады. Қазақстан Компартиясының жаңарған федерацияда республиканың егемендігіне қол жеткізуге және КОКП шеңберінде республикалық партия ұйымының дербестігін орнықтыруға бағытталған бастамалары бүкіл халықтың кең қолдауына ие болды. Республиканың біз ұсынған өзін-өзі басқару мен өзін-өзі қаржыландыруға көшу концепциялары кеңінен танымал болды. Сайлау қорытындылары осының айғағы. Қазақстаннан сайланған КСРО халық депутаттарының, Қазақ КСР халық депутаттары мен Жергілікті кеңестердің арасында коммунистер басым көпшілік болып отыр.

Айтқандайын, сайлау науқасының өзі де демократияны дамыту ісінде және саяси реформаны жүзеге асыруда шешуші кезеңге айналып, қоғамдық өмірді саясаттандыру процестерінің қуатты жеделдетушісі болды. Көп дәрежеде бұлай болған себебі: партия өктем биліктен және сайлауды әзірлеп, ұйымдастырудағы пайыз қуушылықтан бас тартты, бәйгелестік пен баламалылық рухын батыл қолдады. Сайлау науқаны бұқараның қайта құру саясатына деген сенімін қуаттаған өзінше бір халықтық референдумға айналды. Соның нәтижесінде республикадағы істің жағдайына пәрменді түрде ықпал ете алатын, жұмыс істей білетін, талапшыл депутаттық корпусқа ие болдық. Мұны Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің үкіметті құрған бірінші сессияның өзі көрсетіп берді, ал үкімет нашар жұмыс істеген жағдайда өзінің ықпалы мен беделін сақтауға үміт артуы екіталай.

Партия ұйымдарына КОКП Орталық комитетінің 1990 жылғы ақпан айындағы пленумы ұсынған ізгілікті, демократиялық социализмнің жаңа концепциясы төңірегінде кең көлемді пікірсайыс өткізілді. Орталық комитеттің КОКП XXVIII тұғырнамасының жобасын қазақстандықтар жалпы алғанда мақұлдады. «Қазақстан Компартиясын жаңартуға, жаңа федерацияда республика егемендігіне қол жеткізейік» деген Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің тұғырнама жобасы да коммунистердің, еңбек коллективтердің қолдауына ие болды. Бүгінде бізде қоғамдық-саяси жағдай жалпы алғанда тұрақты, республика Компартиясы нақты саяси салмаққа, халықтың қолдауына ие болып отыр.

Сөйтіп, есепті кезеңнің басты саяси қорытындысын шығарып келіп, біз былай деп айтуға хақылымыз: КОКП XXVII съезінің, Қазақстан Компартиясы XVI съезінің, Бүкілодақтық XIX партия конференциясының шешімдерін жүзеге асыра отырып, республика партия ұйымы күрделі жағдайда топтастырушы қоғамдық күш ретіндегі өзінің позицияларын сақтап қалды.

Жаңарған партия — жаңарған идеология

Қазақстан Компартиясы алдында тұрған міндеттерді талқылай отырып, біз оны жаңартудың, партия қызметінің формалары мен әдістерін жетілдірудің түбегейлі проблемаларына баса көңіл бөлуге тиіспіз. Өзіміздің «партиялық үйімізде» не болып жатқанын, біздің одан әрі қандай жолмен, қандай жалау астында ілгері басатынымызды егжей-тегжейлі анықтап алатын мезгіл жетті. Адамдар бізден айқын саяси баға берілуін күтіп отыр.

Төрешілдік-бюрократтық бұрмалаулардан, қазыналық біртекті ой-пікірден қол үзе отырып, Қазақстан коммунистері КОКП-ның өз саясатын К. Маркстің, Ф. Энгельстің, В.И. Лениннің мұрасына қазіргі заманға лайықты талдау жасаудың және оны шығармашылықпен дамытудың негізінде құрып отырған социалистік

таңдау мен коммунистік болашақтың партиясы ретінде жаңаруын батыл түрде жақтайды. Біз үшін бүгінгі таңда марксизм-ленинизм несімен құнды?

Ол бізге социализмге жаңаша қарау үшін сенімді теориялық негіз береді, меншік формаларының сан алуан болуын, тауар-ақша қатынастарын, кооперацияны, жұмысшылардың өзін-өзі басқаруын дамытуды көздейтін социалистік экономикалық мәніне терең үңілуімізге мүмкіндік туғызады. Яғни жалға алған қожайын сезімін іс жүзінде қалпына келтіріп, оны адамның бойында орнықтыруға, оның өндіріс құралдарынан және өз қызметінің нәтижелерінен шеттетілуін тыюға мүмкіндік береді.

Демократия мен жариялылықты дамыту, бюрократизмге қарсы күресу, ұлтаралық қатынастарды үйлесімді ету жолдарын іздестіру жөніндегі лениндік көзқарастар біз үшін бүгін де актуальды.

Біз халықтың саяси авангарды болуға қабілетті партия туралы лениндік ілімге, жалпыадамзаттық игіліктердің басымдылығы туралы, қоғамдық құрылысы әртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі туралы және басқа да көптеген лениндік идеяларға сүйеніп отырмыз.

Батыстың саясат зерттеушілері, сондай-ақ ленинизмнің тұрпайы сыншылдары да қоғамның дағдарысты жағдайын: коммунистік идеяның жеткізген жері міне осы! — деп социализмнің атына кір келтіру үшін үсті-үстіне пайдалануда. Сапырылыстыру ап-айқын. Өйткені, біз социализм орнатқандықтан емес, қайта оны орната алмағандықтан нашар өмір сүріп отырмыз. КОКП Орталық комитеті тұғырнамасының жобасын талқылау барысында да кейбіреулер әміршілдік-әкімшілдік жүйе марксизм-ленинизм классиктерінен бастау алды, социалистік ауқым қайта құру үшін тарлық етеді десіп, осыған біздің көзімізді жеткізуге тырысып бағуда. Кейбір «идеологтар» партияның атынан «коммунистік» деген сөзді алып тастау қажет деген ой тастауда. Ал бұл сөз коммунистердің барлық ұрпақтары күресінің ең жоғары стратегиялық мақсатын айқындап келді және, сөз жоқ, айқындай беретін болады.

Осының бәрі не үшін жасалып жатыр? Ал В.И. Ленин мен ленинизмге күшейе түскен шабуылды саяси тұрғыдан алғанда зияны жоқ ғылыми-теориялық пікірсайыс деп бағалауға бола ма? Бұған берілетін жауап әзір: біздің қарсыластарымыз әсте де шындықты іздегісі келіп отырған жоқ, олардың міндеті — партияның идеялық негіздеріне соққы беру, оны іштен ыдырату, саяси аренадан тайдыру.

В.И. Ленинның ілімі қорғауды қажет етпейді, деседі. Жалпы алғанда бұл, тегі, осылай шығар. Өйткені, бұл ғылым бүкіл жер шарындағы миллиондаған адамдардың ақыл-ойын билеп алып, олардың жан дүниесін адамгершілік жағынан байытты. Социализм орнату идеясын әлі күнге дейін ешкім теріске шығара алмады, оның үстіне, бұл идеядан асып түсе алған жоқ. Бірақ қазіргі нақты саяси жағдайда ленинизмге өшіккен адамдардың белсенді қызметіне көз жұма қарау қате болар еді. Олар қара басының қамын ойлап, жікшілдік мақсатты көздеп, «Демократиялық тұғырнама» дейтіннің төңірегіне бірікті және қазірдің өзінде саяси билікті қолға алу мерзімдерін белгілеуге дейін барып, КОКП-мен күрес стратегиясы мен тактикасын әзірлеуді мықтап қолға алуда. В.И. Лениннің сөзімен айтқанда, олармен «сөзсіз шайқасу» керек.

Осыған байланысты біз КОКП Орталық комитетінің еліміздің коммунистеріне ашық хатын толық қолдаймыз, онда әңгіме қазір біздің саяси қарсыластарымыз көрсеткісі келетіндей, әсте де дербес көзқарасы бар адамдардан арылу туралы болып отырған жоқ. Белгілі бір проблемалар, оларды шешу жолдары жөніндегі

пікірлер әртүрлі болуы мүмкін, бірақ біздің бәрімізді — бір партияның мүшелерін — социалистік таңдау біріктіруге тиіс. Міне бүгінгі таңдағы бірліктің мәні осында.

Қазақстан Компартиясының Орталық комитеті былай деп есептейді: егер коммунистер КОКП Орталық комитеті мен республика Компартиясы Орталық комитетінің тұғырнамаларында нық және дәйекті тұратын болса, онда біздің қатарымызда ешқандай жікке бөлінушілікке, фракцияшылдыққа, екіжүзділікке орын болмауға тиіс. Біз бюрократизмге қарсы күрес атын жамылып партиялық тәртіпті әлсіретуге үзілді-кесілді қарсымыз.

Еліміздің кейбір ірі-ірі қалаларында, балтық маңы республикаларында, Кавказда, Молдовада шексіз-шетсіз саяси плюрализм мен Конституцияға жатпайтын күрес формалары қаншалықты елеулі ушыққан процестерге бастап отырғаны белгілі. Мұндай күйінішті тағылымның тәжірибесі кей ретте Қазақстанда да бар. Міне, сондықтан да біз қайта құру мақсаттарын, партия мен еліміздің тағдырын, ізгілікті, демократиялық социализм мұраттарын қымбат тұтатын барлық күштерді берік топтастыруды жақтаймыз.

КОКП-ға оң жақтан төніп тұрған қауіпті де айтпауға болмайды. Бізде әлі де кертартпа пиғылдағы коммунистердің аз емес екені құпия емес, олар «күшті қол», яғни партия батыл айыптаған бұрынғы, әкімшілдік-әміршілдік әдістерге қайта оралу керек деген пікір айтады. Бұл жол да жарамсыз, ол бізді тағы да сол тұйыққа, біз жаңа ғана шыға бастаған тұйыққа әкеліп тіремек.

Қысқасы, біз радикал көңіл-күйдегі «демократтар» да, нағыз демократия мен ішкі партиялық тұрмысты сауықтыру ұнамайтындар да қандай мақсат көздейтінін жақсы білуіміз керек. Біздің республикалық партиялық форум, белгілі мақалға сай, шалшық судан балық аулап қалудан, КОКП XXVIII съезі қарсаңында жікшілдікке арандатудан әрі кет емес адамдардың шамшыл, ашықтан-ашық пайдакүнемдік ойниеттеріне айқын әрі анық пікірін білдіреді деп үміттенемін. Қазір жағдай мынадай: қайта құрудың жетекші күші — партиядағы ауа жайылушылық пен бұлталақтау қоғамды жаңарту процестерін тоқтатуды білдірер еді. Бұған жол беруге болмайды.

Сонымен бірге енді тыйым салу әдістерімен жұмыс істеуге, басқадай пайымдаулардан идеологиялық тосқауыл арқылы оқшаулануға болмайтынын да айқын түсіну керек. Бұл жерде басқадай әдістер, саяси пікірталастағы өз көзқарасыңды дәлелді түрде қорғай білу керек. Бізге әзірше мұндай шеберлік жетіспей жатыр. Бұрынғы қатып-семген қағидалар мен таптаурын болған жайларды уағыздайтын кейбір идеология қызметкерлерінің саяси, экономикалық, экологиялық және әдеттен тыс және көбіне болжап білу қиын басқа плюрализмнің кең қанат жаюымен бетпе-бет келіп, қатты сасып қалғаны осыдан емес пе екен?

Сірә, бүгінгі таңда мынаған зер салуымыз керек болар: өзіміздің саяси-тәрбие арсеналымызда партиялық идеялар мен ұрандарды орнықты сенімге көшіре алатын нанымды әдістер бар ма, жоқ па, жалпы біздің идеологтарымыз жаңа жағдайдағы жұмысқа әзір ме, жоқ па? Бұл сұрақтардың, сөз жоқ, түсініспестік туғызуы мүмкін: таяуда ғана насихатшылардың, үгітшілердің, саяси хабаршылардың, идеологиялық қызметкерлердің бейне бір саяси ағарту мен білім жүйесінде белсенді әрекет етіп жүрген басқа да категорияларының қисапсыз сандарын оңды-солды келтірген жоқ па едік. Егер осылай деуге болатын болса, осынау «идеологиялық сарбаздардың» бәрі қазір қайда жүр?

Олар ешқайда кеткен жоқ. Барлық кадрлар орнында. Бірақ олардың қазір елеулі қайтарым бермей отырғаны олардың кінәсінен гөрі, біздің ортақ қырсығымыз. Жалпы партия сияқты идеологиялық корпус ұзақ жылдар бойына, ашығын айтсақ,

саялы саяси жағдайда жұмыс істеп келді. Лениндік идеяларды қорғау, партияның саясатын бұқара арасында қорғау, ол үшін митингілерде, жиналыстарда, демонстрацияларда шайқасу қажеттігі болды ма? Митингілер де, демонстрациялар да, көрінеу саяси оппоненттер де мүлдем болған жоқ.

Идеологиялық жұмыстың бүкіл рөлі кітаптық-ағартушылық және қызмет көрсету функцияларына сайды. Тіпті таяудағы өткенде «идеологиялық жағынан қамтамасыз ету» деген термин де болды. Партия қызметкерлері астық жинауды, егіс науқанын, мал төлдетуді, басқа да шаруашылық науқандарын дүркін-дүркін «қамтамасыз етті». Егер бұл жұмыс адамдарды дағдылы іс-қимылдарға, өткір мәселелерден орағытып өтуге ұмтылушылықты, есептерде тиімді жағдайда көрінуді сөз етпеген болса, бәлкім, ол пайдалы болар ма еді.

Кадрлар да нақты функцияларды басшылыққа ала отырып іріктелді. Бүгін таңда республиканың партия комитеттерінде идеологиялық жұмысты негізінен әйелдер жүргізуде. Олар аудандық, қалалық және облыстық партия комитеттері хатшыларының арасында 80%-ға жуық. Олардың көбісі — білімі жағынан педагогтар және мүлдем болмашы бөлігі ғана юристтер, социологтар, философтар, экономистер. Оның есесіне әйел адамды және бұған қоса гуманитарлық білімі бар әйелді партия комитетінің жетекшісі ретінде тым сирек кездестіресің. Әдетте қалаларда өнеркәсіп мамандығының өкілдері, ал селода агрономдар, зоотехниктер бірінші хатшылар болып табылады.

Әлбетте, әңгіме идеологиялық кадрларды әлдебір тазалау немесе өмірін ізгі іске арнаған адамдарға сенімсіздік көрсету туралы болып отырған жоқ. Мұндай көзқарас партияны жаңартудың түбегейлі идеяларына қайшы келер еді. Әңгіме басқа мәселе жайында — идеологиялық жұмыстың мәні мен мақсатына көзқарасымызды өзгертудің көкейкесті қажеттігі жайында, адамның ойы мен сезімін бұрынғыдай қалыпқа салудан бас тарту жайында, идеологиялық қызметкерлердің диалог жүргізуге, адамдардың көзін жеткізуге әзірлігі мен іскерлігі жайында болып отыр.

Қазіргі кезеңдегі партиялық жұмыстың қисынының өзі әрбір коммунистің және ең алдымен — партия комитеттері басшыларының идеологиялық жауынгер болуын талап етеді. Идеологиялық-саяси тәрбиенің негізгі бағыттарын айқындай отырып, идеологиялық масылдық дағдысынан табанды түрде арылуымыз қажет. Бұл тұрғыдан алғанда Орталық комитеттің Идеологиялық комиссиясының ең алдымен тіл саясаты мен тіл құрылысы, жастарға адамгершілік-эстетикалық тәрбие беру, мәдениеттің, бұқаралық хабарлама құралдарының жұмыс істеу саласындағы бірінші кезектегі міндеттеріне байланысты идеологиялық қызметтің өз концепциясын әзірлеу әрекеті үміттендіріп отыр.

Белгіленген міндетті жүзеге асыру үшін қоғамдық ғылымдарға соны күштердің келіп қосылуы қажет, өйткені, іргелі теориялық талдамаларсыз жаңару жолымен қараңғыда қармалап жүргендей боламыз. Социология мен политология сияқты бағыттарды дамытуға ерекше назар аудару керек. Қоғамдық ғылымдар практиктерге негізделген ұсыныстар беруге, әлеуметтік-саяси зерттеулер жүргізуге, қоғамдық процестердің дамуына болжам жасауға тиіс.

Бүгінде идеялық-тәрбие жұмысының әмбебап формаларын іздеу мағынасыз. Кезкелген қадамды жасай отырып, нақ экономикалық және әлеуметтік жағдайларды, моральдық-психологиялық ахуалды, басқа да объективті фактілерді негізге алу керек. Мұның өзі ұлтаралық қатынастар сияқты нәзік те шетін саладағы идеологиялық қызметті ұйымдастыру кезінде ерекше маңызды. Жоғары мәдениет, баға берудегі салмақтылық пен парасаттылық нақ ұлт саясатында айрықша болуға тиіс.

Осы проблема тұрғысынан 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына тоқталып өтпеу мүмкін емес. Ұлтаралық мәселелерге мүлдем байланысты емес нәзік саяси жағдайда бұрынғы партиялық басшылар адамдардың пікіріне құлақ асуға ешқандай құлқы жоқ екенін көрсетті. Керісінше, олар адамның сезімдерін идеологиялық жүгенмен ауыздықтауға барлық күшімен ұмтылды, мұның өзі қызбалық сезімдердің өршуіне, құқық тәртібінің бұзылуына, жүгенсіздіктерге сөзсіз душар етті. Соның ізінше идеологиялық бүркеме үшін «қазақ ұлтшылдығының» картасын ойынға ебедейсіз қосты да жіберді.

Республика басшылығы мен әуел баста тек бейбіт сипатта болған демонстрацияға қатысушылар арасында бір-біріне сенім диалогы туады деп үміттенуге болатын ба еді? Бір жағынан демократияландыру мен қайта құруға шақырған үндеулерді естіген, ал екінші жағынан — тоқырау заманының ең нашар дәстүріндегі үзілді-кесілді өктемдікке тап болған жастардың барлық жағынан бірдей орынды болмаса да, шын ықыласты ашу-ызасын орасан зор өкілеттіктерді әрқалай келген «орталықтың адамдары» түсінуге ұмтылады деп үміттенуге болатын ба еді? Әлбетте, болмайтын еді.

КОКП Орталық комитетінің Қазақ республикалық партия ұйымы бойынша қабылданған қаулысының әрбір жолын ақтау үшін қандай идеологиялық дүрбелең көтерілгені бәріміздің есімізде. Алматыда қазақ тілінде тәрбие беретін бала-бақшаның ашылуы төңірегінде қаншама дау-дамай болды десеңізші. Әбден қалыпты, тіпті қазіргі өлшемдер бойынша қатардағы оқиға интернационализмді бүлдіру деп көрсетілді. Ұлтаралық қатынастар жөніндегі әртүрлі комиссиялар, бөлімдер мен секторлар шұғыл түрде құрыла бастады, олар ыдыс-аяқ дүкеніндегі піл сияқты ұлтаралық өмірдің шетін саласына өрескел түрде кимелей кірісті.

Қолдан жасалған дүрлігу мүлдем кері нәтиже берді. Ұзақ жылдар бойына қалыпты, тату көршілік жағдайда тұрып келген адамдар бір-біріне мұның өзі ұлтшыл емес пе екен, шовинист емес пе екен? — деп қауіптене әрі күдіктене қарайтын болды. Балалар төбелесіп қалса да, қай ұлтқа жататынын бірден анықтай бастайтын болды. Бейне бір Балқаш пен Қазақстан Магниткасы, Жезқазған мен Түрксіб, Тың мен Байқоңыр — біздің шынайы достығымыздың басқа да ондаған және жүздеген материалдық және рухани дәлелдері мүлде болмағандай.

Сөз жоқ, қазақтардың орыс халқына, сондай-ақ орыстардың қазақтарға деген ғасырлар бойына қалыптасып келген сенім негіздерін осы тәрізді ойластырылмаған, таза бақай есепке құрылған әрекеттер де шайқалта алған жоқ. Адамдардың басым көпшілігі ол әрекеттердің науқаншылдық мәнін түсінді, кейбір функционерлер қоздырып отырған желікке берілген емес.

Олар сол әрекеттің шын құнын партиядағы чиновниктерге қарағанда әлдеқайда тезірек ұқты. Барлық осы жылдарда Қазақстан Компартиясының Орталық комитетіне, сондай-ақ КОКП Орталық комитетіне қазақ халқын ұлтшыл, тәкәппар, ал республиканы масыл деп айыптаумен келіспеушілігін білдірген еңбекшілерден, жастардан, мәдениет және ғылым қайраткерлерінен хаттар ұдайы келіп жатты. Мынадай бір мысал. Шымкент облысындағы Ленгір ұйық-трикотаж фабрикасының слесары Алексей Степанович Шачнев былай деп жазған: «Тұтас бір халықтың атына әділетсіздікпен тағылған айыпты заңсыз және тіпті ұлты орыс адам, мен үшін өкінішті деп санаймын... Қазақтардың арасында міне 30 жылдан астам уақыт бойы тұрып келе жатып, және олардың достық қатынасын күн сайын дерлік сезіне жүріп, тұтас бір халықтың астынан ұлтшыл атанып шыға келгенін таңданыспен естіп-білдім. Қазақты ұлтшыл деп атайтын адам сонымен бірге орыс адамы — менің де жанымды терең жаралайды». Және де мұндай мәлімдемелер бірен-саран емес.

Қазақстан Компартиясының Орталық комитеті, республиканың Жоғарғы Кеңесі КОКП Орталық комитетінің белгілі қаулысына өз көзқарасын айқын білдірді. Қорытындысында әділет салтанат құрып, қазақ халқынан масқара айдар алып тасталды. Бұл фактіні қазақстандықтардың бәрі орасан зор қанағат сезімімен қабыл алды. Оқиғаларға қатысқаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке заңсыз тартылған адамдарды ақтау жөнінде де соңғы кезде үлкен жұмыс жүргізілді.

Біз Қазақстан территориясының тұтастығына күмән келтіру әрекеттеріне де селқос қарай алмаймыз, соңғы кезде пайда болған ондай ой-пікірлер республиканың бүкіл халқының ерекше теріс көзқарасын туғызып отыр. Біліксіз деп күдік келтірудің өзі қиындау соғатын, ғылыми атағы бар ғалымдардың осындай арандатушылық тақырыптағы жарияланымдары ерекше ашу-ыза сезімімен қабылдануда. Мәселен, салиқалы да құрметті «История СКСР» журналы тарих ғылымының докторы, академиялық институт қызметкерінің республика территориясының бір бөлігі, соның ішінде Жетісу да... Сібір казактарының иелігінде болды, деп шімірікпестен мәлімдеген мақаласын басты. Бұл жерде ғасырлар бойы тұрып келе жатқан халықтар бұған не дейді, тарихшы үшін тарихты білу дегенмен қажет нәрсе болса да бұл, сірә, оны онша ойландырмайтын сияқты. Бүгін біз съезд мінберінен бүгінгі шекаралармен белгіленген республиканың бүкіл территориясы көпұлтты Кеңестік Қазақстанның тарихи меншігі болып табылады және оның келісімінсіз өзгертіле алмайды деп тағы да мәлімдейміз.

Республика коммунистері, партия комитеттері, халық депутаттарының кеңестері, КОКП Орталық комитетінің «Партияның қазіргі жағдайдағы ұлт саясаты» тұғырнамасын қолдай отырып, республикада тұратын барлық ұлттар өкілдерінің бір-біріне құрметпен және қамқорлықпен қарауына күш салатын болады. Біз барлық ұлттар мен ұлыстар өкілдерінің мүдделері толық ескерілуі, олардың мәдениетін, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын дамытуға көмектесу үшін бәрін де істеп келдік және істей беретін боламыз.

Ұлтаралық қатынастардағы ең маңызды мәселе — тіл құрылысы, мұнда есеп беріліп отырған кезең ішінде зор жұмыс атқарылды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Тіл туралы заңға сәйкес қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілді. Орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі деп танылып, оның республиканың бүкіл территориясында мемлекеттік тілмен бірдей еркін қолданылуы қамтамасыз етілді. Заң сондай-ақ әрбір халық өкілдерінің тіл саласындағы олардың мүдделерін қорғау принциптерін де көздейді.

Өздерінің мемлекеттік құрылымдарынан тыс жерде тұратын немесе КСРО территориясында ондай құрылымдары жоқ азаматтардың құқықтары туралы заң, сондай-ақ тіл туралы одақтық Заң және басқа құқықтық актілер, сөз жоқ, ұлтаралық жағдайды жақсартуға ықпал етеді. Осыған байланысты құқықтық мемлекет құруға кірісе отырып, біз өз бойымызда заңның әрпі мен рухын құрметтеу және мүлтіксіз сақтау сөзімен тәрбиелеуге тиіс екенімізді атап айтқым келеді. Оны орындау ісінде қолпаштауға да, қандай да болсын асыра сілтеуге де жол беруге болмайды. Өкінішке орай, кейбір лауазымды адамдар осындай айқын шекті ажырата алмай, құқықтық актілерді өзіне қолайлы болатындай етіп бұра тартып түсіндіруге тырысады. Атап айтқанда, бізді жергілікті ұлттың тілін үйренуге мәжбүр ету фактілері алаңдатпай тұра алмайды, мұның өзі мүлдем жол беруге болмайтын іс және тіл туралы қабылданған заңға қайшы келеді.

Мұнда өткен ғасырда-ақ қоныстанған Ресейдің орталық аудандарынан келген қоныс аударушыларды қазақ тілін үйренуге мәжбүр еткен біреу болды ма?

Бірақ аға ұрпақ Қазақстанда ежелден тұратын орыстар да, украиндар да, басқа ұлттардың өкілдері де тілді тамаша меңгергенін жақсы біледі. Тың және тыңайған жерлер жедел қарқынмен игеріле бастаған кезде, осыдан 30–35 жыл бұрын осыған кері процесс басталды. Республика экономикасын күрт алға бастырған ұлы істің ең алдымен қазақ халқының тілін дамытуға теріс ықпал еткен салқындары болмай қойған жоқ. Жас тың игерушілерге олар қандай өлкеге бара жатқанын, онда қандай адамдар тұратынын, бұл халықтың мәдениеті мен тұрмысының ерекшеліктері неде екенін түсіндірген адам болды ма? Керісінше, олар — алғашқы іс-шаралар, адам қоныстанбаған, жабайы деуге болар лық жерлерді алғаш ашушылар деген сөз баса айтылды. Жергілікті халықтың тілін үйреніп әуре болудың керегі жоқ дейтін психологиялық қағида осыдан келіп шықты. Мәселе, әрине, шамшылдықта, әсіресе Қазақстанның астыққа аса бай өңірін түлеткен адамдарға қандай да болсын реніште немесе кінә қоюда емес. Қазақстан Компартиясының Орталық комитеті біздің көпұлтты ортақ үйімізге айналған республиканың дамуы мен гүлденіп-көркеюіне аз еңбек үлесін қосқан қазақстандықтардың барлық ұрпақтарына үлкен алғыс білдіруді, орыс халқымен, барлық туысқан халықтармен достықтың бағасы жоғары екенін тағы да атап көрсетуді өзінің борышы деп санайды. Нақ осы достықты сақтау мен нығайту мақсатында, біздің бірлескен өміріміздің жүздеген жылдары ішінде қалыптасқан бай рухани байланыстарын тереңдету үшін біз бүгінгі таңда өткенде жіберілген қатені түзеуге тиіспіз. Қазақстан Компартиясының Орталық комитеті республиканың мемлекеттік тілін оқып-үйреніп, толығырақ меңгеруге тырысқан басқа ұлттың өкілдеріне ізгі тілекпен, мен айтар едім, мейірімділікпен қарауға барлық күш-жігерін жұмсау барша қазақтың борышы деп санайды. Сондықтан, әрине, бұл үшін барлық қажетті жағдайды жасау керек.

Қабылданған Заң, сөз жоқ, тілдерге қоғамдық көзқарасты өзгертуге мүмкіндік береді, олардың еркін дамуының кепіліне айналады. Алайда ана тіліне қамқорлық ең алдымен осы тілде сөйлейтін халыққа жүктеледі. Демек, біздің ең басты мақсатымыз әрбір халықтың өз тілін әрі сақтау, әрине, көрші халықтың тілі мен мәдениетін құрметтеуді ұмытпау жөніндегі аса қиын жұмыстың адамгершілік мәнін терең түсінуде болып отыр.

Біз ерекше көңіл бөлуге тиіс болып отырған тағы бір мәселе. Республика жұртшылығы көптеген жігіттер мен қыздарда саяси мәдениет деңгейінің төмендігіне, дүниетанымдық позициялардың тұрақсыздығына, өнегелік бағытының жоқтығына алаңдауда. Осыған байланысты Орталық комитет жастар туралы Заң қабылдауды, олардың жарқын рухани өмірі үшін жағдай жасауға бағытталған бағдарламаларды әзірлеген жөн деп есептейді. Комсомол бұған белсене қатысуы керек, ол жас ұрпақтың мүдделерін неғұрлым толық білдіретін серпінді саяси ұйымға айналуы тиіс.

Партия комсомол ұйымдарына жұмыстың формалары мен әдістерін таңудан біржолата бас тартты. Алайда идеялық-саяси салада бірлесіп шешетін проблемаларымыз баршылық. Олардың көбісі социалистік игіліктер мен мұраттарға деген көзқарастарға байланысты. Атап айтқанда, бізді Қарулы Күштердің, мемлекет қауіпсіздігі органдарының рөлі мен мәнін кемсітушілік әрекеттері алаңдатуда. Біз халық пен армияның қаһармандық дәстүрлерін қастерлеп аялауды, әскери қызметтің беделін көтеруді, ардагерлердің, интернационалист-жауынгерлердің, әскери қызметшілердің тұрғын үй-тұрмыстық жағдайына нақтырақ қамқорлық көрсетуді өзіміздің борышымыз деп есептейміз. Сондай-ақ жігіттер мен қыздардың бойында мемлекеттік символика атрибуттарына республиканың Гимніне, жалауына, Гербіне құрметпен қараушылықты тәрбиелеу қажеттігі де туып отыр.

Соңғы уақытта Орталық комитеттің атына ардагерлерден, интернационалист-жауынгерлерден көптеген хаттар келіп түсуде, оларда Отанымыздың тарихи өткенін кемсітіп көрсеткен, кезінде жол берілген саяси және экономикалық қателіктер үшін кінәні барлық аға ұрпақтың коммунистеріне аударған жарияланымдардың қатты алаңдататыны айтылған. Ал, мұның өзі әдейі, нақты тарихи тұрғыдан талдау жасалмастан істелуде, шын мәнінде кеңес халқының мақтанышы болып табылатын нәрселердің бәрін есептен шығарылып тастамақшы. Біз мұндай көзқарастарға ортақ бола алмайтынымызды, қайта керісінше, аға ұрпақтардан лениндік партияның мұраттарына адалдық, тапсырылған іске берілгендік, коллективизм және жолдастық сияқты қасиеттерді қабылдауымыз қажет деп есептейтінімізді бірауыздан мәлімдеуге тиіспіз. Олардың аса бай тәжірибесі қайта құру практикасында, еңбекшілерге, әсіресе жастарға патриоттық және интернационалдық тәрбие беру, идеялық және адамгершілік жағынан шыңдау ісінде толық пайдаланылуы үшін қажет нәрсенің бәрін істеу керек.

Жастарға білім беру мәселелері партияда ерекше орында тұр. Мұнда орта және жоғары мектептің педагогикалық практикасының мазмұнын жаңартуға, оның материалдық-техникалық базасын нығайтуға жаңа көзқарастар байқалды. Соңғы 4 жылдың ішінде 667 мектеп іске қосылды, осы мақсаттарға бөлінген 776 млн.-нан астам сом игерілді, мұның өзі одан бұрынғы бесжылдықтағыдан 1,4 есе көп. Алайда бұрынғы жылдарда осы салада жол берілген сәтсіздіктердің терең болғаны соншалық, қолданылып жатқан шараларға қарамастан, проблеманың түбегейлі шешімі әлі де болса алыс жатыр. Мысалы, мектептерде оқушы орындарының тапшылығы 1,3 млн. болып отыр. Республикада бір студентке шаққанда 1,4 мың сомның жабдығы келіп отыр, ал жалпы еліміз бойынша бұл көрсеткіш — 2,4 мың сом. Оның үстіне жас мамандардың бір бөлігі жұмысқа орналаса алмай жүр. Өткен жылы Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитет, Сауда министрлігі, Автомобиль транспорты министрлігі және басқа бірқатар министрліктер мен ведомстволар жоғары оқу орындарының 400-ден астам түлегін жұмысқа қабылдаған жоқ. Ал бізде кәсіпорындармен және ведомстволармен тікелей шарттар бойынша мамандар даярлаудың тамаша тәжірибесі бар ғой, мұның өзі олардың «артық даярлануына» жол бермейді. Егер сол тәжірибе кеңінен таратылмай отырған болса, бұл тек қана лауазымды адамдардың, былайша айтқанда, артық жұмыспен басын қатырғысы, жұмыстың үйреншікті, ескірген схемасынан қол үлгісі келмеуінен болып отыр.

Қоғам өмірін жаңартуда адамды изгілендірудің ең пәрменді құралы — мәдениет зор рөл атқарады. Қазақстан Компартиясы қазақ халқы мен республикадағы басқа да халықтар мәдениетінің өзіндік ерекшелігін сақтау, өнер мен әдебиетті дамыту бағытын дәйекті түрде жүргізуге тиіс, рухани салаға деген коммерциялық көзқарастарға, ұлттық мәдени мұраға деген нигилизм көріністеріне қарсы шығатын болады. Бұл іште біз өз интеллигенциямызға ұдайы сүйеніп, оның пікірі мен кеңестерін ескеріп отырамыз. Және де шығармашылық еркіндігін ала отырып, интеллигенция өкілдері халықты лайықты шығармалармен, ғылыми жаңалықтармен байытып қана қоймай, қайта құрудың жарқын мұраттарын жүзеге асыруда, туған жердің гүлденуін мақсат тұтқан жұмыста әрқашанда бізбен бірге болатынына сенеміз.

Халыққа Ш. Құдайбердиевтің, М. Жұмабаевтың, А. Байтұрсыновтың, Ж. Аймауытовтың, М. Дулатовтың шығармашылығы қайтарылды. Қазақ ауыз әдебиетінің ірі өкілдерінің мұрасын зерттеп-үйрену басталды. Драматургия мен кинематографияда сондай шығармалар пайда болды. Ақындар айтысы кеңінен таралып, көркем кәсіпшіліктер, ежелгі халық мерекелері қалпына келтірілуде.

Алайда біз рухани жұтаңдықтың қоғамдық өмірімізде қандай қатерлі өркен жая бастағанын көріп отырмыз. Парықсыздық, әдепсіздік және жадағайлық тым айқын көріне бастады.

Қазақ КСР Мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитетіндегі коммунистердің мәдениет саясатын мемлекеттік тұрғыдан жүргізуге, республиканың шығарымпаздық күштерін топтастыруға үйренетін мезгілі жетті.

Партияның топтастырушы рөлін нығайтуда партиялық баспасөзге маңызды орын беріліп отыр, ол демократияландыру мен жариялылық процестерін дамытуға орасан зор ықпал етуде. Алайда баспасөздің өз даусына ие болуы оп-оңай өтіп жатқан жоқ. Көптеген редакциялардың жұмысындағы белгілі бір жариялап қана қою да, маңызды экономикалық проблемалардың үстірт қойылуы да айқын. Баспасөздің, теледидар мен радионың қызметінде топтық мүдделерді қорғау фактілері, дүрлікпе оқиғалардың соңына түсу әлі де жойылмаған.

Партиялық баспасөзді нығайту жөніндегі шұғыл шараларды әзірлеуге ерекше қамқорлық жасалуға тиіс. Бұл жерде не жайында айтылып отыр? Ең алдымен — біздің партиялық басылымдарымыздың және ең алдымен, «Социалистік Қазақстан» мен «Казахстанская правда» газеттерінің жұмысын батыл түрде қайта құру керек. Олардың қызметінің бағдарлары КОКП Орталық комитетінің «Правда» газеті туралы қаулысында белгіленген.

Партия органдары адамдарға, еңбек коллективтеріне, партия ұйымдарына бәрінен де жақын тұрған баспасөзді ұдайы нығайтуға тиіс. Әңгіме, ең алдымен, сол басылымдардың кәсіптік деңгейін едәуір арттыру, олардың құрылымын жетілдіру жайында болып отыр. Бізде жергілікті баспасөз залалмен жұмыс істейді. Ендеше, мысалы, облыстық газеттер мен баспалар негізінде облыстық газеттердің аудандық партия ұйымдарына арналған ауыспалы беттерін шығаратын, кітап басу қызметімен айналысатын шаруашылық есептегі аймақтық партиялық баспасөз концерндерін неге құрмасқа? Бұл жергілікті баспасөздің тиімділігін арттыру жолдарының бірі ғана.

Біз партиялық сөздің беделін ұдайы арттыруға, бұқаралық хабарлама құралдарын партияны даттау үшін, экстремистік, Конституцияға қарсы мақсатта пайдалану әрекеттерін батыл тыюға тиіспіз.

Соңғы кезде бұқараның күрт саясатшылдануының нәтижесінде дербес қоғамдық ұйымдардың белсенділігі едәуір өсті. Біздің көз алдымызда бейрәсім қозғалыстардың жаңа құрылымдары ғана емес, сондай-ақ олардың идеологиясы да қалыптасуда деп ашық айтуға болады. Осыған байланысты партия ұйымдарының алдында бейрәсім ұйымдарға неғұрлым сындарлы көзқарастар табу, қазақстандықтардың көпшілігінің мүдделеріне сай келетін мақсаттар жолында өзара түсіністік пен бірлескен іс-қимылдарды жолға қою міндеті тұр. Өйткені, бейрәсім қозғалыстардың негізінен алғанда қайта құру позицияларында тұрғаны айқын ғой.

Даму үстіндегі жұмысшы қозғалысына да ықпал ету керек. Біз оның күші — әлеуметтік әділеттілікке ұмтылуда, еңбек адамының қорғалуы үшін күресте деп білеміз. Ал бұл жерде ол, өкінішке орай, бүгінгі күні еңбекшілердің көкейкесті мүдделерін қорғаудағы нақ сол енжарлықтың салдарынан елеулі сенім дағдарысын бастан кешіріп отырған кәсіподақтардың мақсаттарымен тығыз бірігеді. Партия комитеттері кәсіподақтарға қиын жағдайда өз орнын табуға көмектесуге, олардың жұмысшы қозғалысымен топтасуына күш салуға және осының негізінде республикада қайта құру процестерін тереңдетуге көмектесуі тиіс.

Партия соңғы сөзді айтушы бір өзі ғана болудан бас тартатынын анық мәлімдеді. Ол қайта құруды тереңдетуге ұмтылатын, адамдардың тұрмысын жақсартуды

мақсат ететін кез келген саяси ағымдардың өкілдерімен диалог жүргізуге әзір. Алайда бірлескен жұмысқа шақыра отырып, біз өз саясатымыздың принципті мәселелерінде шегініс жасай алмаймыз. Бүгінгі таңда, мысалы, көппартиялылық туралы көп айтылады, оның үстіне көбінесе бұл ұғым терең ой елегінен өткізілмей, кейде тіпті ынталы қоғамдық қозғалыстардың барлығына бірдей талғамай телінеді.

Қарапайым санаға есептелген данагөйлық сөздерде «көппартиялылық» терминінің өзі сан-саққа жүгіртілуде және оның сыртында озбырлық режим де, қоғам мен нағыз халық билігі мүдделерінен алшақ жатқан халыққа жат кез келген саясат болуы мүмкін екені әдейі еске алынбайды. Ұлттық қозғалыстарға арналған демократиялық және марксистік бағдарламалардың тым болмағанда бір ғана жалпы фрагментін алайықшы. Олардың екеуі де халықтардың өзінің ұлттық-мәдени жаңаруына қатысты заңды талаптары мен конфедерацияны ғана және тіпті террор мен қантөгіс жолымен болса да билікке қол жеткізуді мақсат ететін барып тұрған ұлтшыл және шовинистік топтар қызметінің арасында айырым қоюға әрекет жасамайды. Ал бұлайша ара жігін ажыратпайынша, мейлі ол Одақ немесе нақты аймақ деңгейінде болсын, бәрібір, қоғамда ұлттық проблемаларды шешуге кірісуге болмайды ғой.

Көппартиялылықты қазір біз күресіп келе жатқан барлық әлеуметтік кеселдердің емі ретінде қабылдауға ешбір болмайды ғой. «Партия» деген түсініктің өзінің тасасында бүгінде кейбіреулер ойлайтындай, ұрандар мен декларациялар ғана емес, қоғамның әртүрлі жіктерінің мүдделері, оларды қорғай білу және қорғауға әзірлік, оларды саяси және экономикалық әдістермен жүзеге асыру тұр. Партияның рөліне үміткер көптеген қозғалыстар бұл жұмыстың қиын екендігін біле берер ме екен?

Қалай болғанда да, біз әртүрлі саяси бағдарламалар мен қозғалыстардың мақсаттары мен міндеттерін жақсы білуге, олардың көшбасшыларымен дәлелді түрде айтыса білуге тиіспіз. Бірақ олармен өзара қатынасты құрғанда және көппартиялылыққа көзқарас жөніндегі өз позициямызды белгілегенде, бізге басқа аймақтарға қадала жалтақтаудың немесе өмірдің барлық жағдайында молынан пайда болған ақыл-кеңес бергіш «мамандарға» құлақ асу бізге жарай қояр ма екен. Сайып келгенде, республикадағы оқиғалар бір сценарий бойынша дамымайды, бізде өзімізге тән ерекшеліктер бар, сондықтан бөтен, оның үстіне әрқашанда бірдей сәтті бола бермейтін тәжірибені көшіріп алудың жөні жоқ.

Біз қазақстандықтардың бойында КОКП-дағы кінәратсыз күштерге деген терең үміттің, партиямызға деген сенімнің сақталғанын ескеруге тиіспіз. Осыны басшылыққа ала отырып, өз саясатымыз бен іс-қимыл бағдарламамызды белгілеуіміз керек. Атап айтқанда, коммунистер саяси плюрализмді әлеуметтік шиеленісті ушықтыру және жағдайды тұрақсыздандыру мақсатында пайдалану әрекеттеріне көз жұмып қарай алмайды. Осыған байланысты республиканың Жоғарғы Кеңесіне заң шығарушылық бастамамен шығу және Қазақ КСР Конституциясында жаңа саяси құрылымдарды құру ережелерін және республикамыздың ақиқат шындықтарын ескере отырып, олардың жұмыс істеуі тәртібін бейнелеу тиіс болып отыр. Бұл құқықтық мемлекетке барар жолда қажет.

Еліміз бен республика бастан кешіріп отырған жағдайда саяси-тәрбие жұмысы көп ретте құқық тәртібін, заңдылықты, қоғамдық және еңбек тәртібін нығайту жөніндегі іс-қимылдармен ұштастырылуда. Құқық қорғау органдарының беделін барынша көтеру, бұқаралық хабарлама құралдарымен белсенді ынтымақтастық арқылы олардың жұмысындағы жариялылықты кеңейту маңызды. Партия органдары тәрбие жұмысын күшейтуге, адамдардың бойына құқық тәртібін құрметтеушілікті дарытуға міндетті. Егер қаласаңыздар, баршаның бойында заңды құрметтеу

сезімін тәрбиелеу — біздің тікелей борышымыз. Демократияны шектен шыққан жүгенсіздікпен шатастырмау керек.

Заң шығарушылықты дамытып әрі жетілдіре отырып, біз әрбір құқық актінің белсенді жұмыс істеуіне күш салуға тиіспіз. Бізде жақсы заңдар болғанымен, олардың іске асырылуы, әсіресе еңбек және тұрғын үй заңдарының, сауда мен тұрмыстық қызмет көрсетуді реттейтін актілердің орындалуына байланысты әлеуметтік сала да прокурорлық қадағалаумен қамтамасыз етілген жоқ. Азаматтардың құқық тұрғыдан қорғалуы да жеткілікті дәрежеде қадағаланбай отыр.

Республика өмірінің барлық салаларында заңның сөзсіз үстем болуына қол жеткізу, заңдық нормалардан шегіну фактілерінің, сот процестеріндегі сыңаржақтық көріністерінің, еңбекшілердің арыздарына немқұрайлы қараудың жолын батыл кесу — құқық қорғау органдарында жұмыс істейтін коммунистердің борышы.

Идеялық-саяси арсеналды жаңарта отырып, рухани-адамгершілік саладағы шығарымпаздық пен бастамаға кең өріс аша отырып, Қазақстан Компартиясы адамдардың өз болашағына сенімді болуына, қазір бізге соншалықты қажет болып отырған ұмтылыстар мен мұраттардың бірлігін сақтауға мүмкіндік беретін жағдай жасауға ұмтылады. Біз еркін еңбекке, мәдени және ғылыми-техникалық прогреске, әлеуметтік әділеттілікке негізделген ізгілікті, демократиялық социализмді жақтаймыз. Бүгін таңда ең басты өзек болып отырған нәрсе, міне осы, сөйтіп, көп қырлы идеологиялық жұмыс осының төңірегінде жүргізілуге тиіс.

Экономикалық егемендік — республика берекелілігінің негізі

Лениндік социалистік идеяны практика жүзінде іске асыру көп ретте экономикалық реформаның қаншалықты тез де тиімді жүзеге асырыла бастайтынына байланысты. Бұл салада қоғам өмірінің тереңде жатқан қателерін қозғайтын ең қажырлы жұмыс өрістетілуде. Нақ сондықтан да бұл проблема Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің съезге арналған тұғырнамасының жобасында соншалықты айқын белгіленді.

Экономикада қалыптасып келе жатқан жағдай қазір адамдарды жай ғана толғандырып отырған жоқ, қайта қатты мазасыздандыруда. Өндіріс серпінділігінің төмендеуіне және тиімділігінің кемуіне шаруашылық саясатындағы қиғаштықтар душар етті — инвестициялардың негізгі бөлігі ондаған жылдар бойы «А» тобының қайтарымы баяу және төмен, қаржы мен қорды қажет ететін салаларына жұмсалып келді. Республикаға еліміздің шикізат дауының рөлі, осыдан туындайтын барлық зардаптарымен қоса, мақсатты түрде берілді. Біз жекелеген салаларға ғана назар аударып, көпшілік қолды бұйымдар мен әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық сияқты «ұсақ-түйектерді» ойламауды талап еткен орталықтың «өзімшілдік бағыты» үшін тым қымбат құн төледік. Әлдебіреулер одан әлдебір игілік алған болса, олар тіпті де қазақстандықтар емес, қайта тек одақтық ведомстволардың бапшылығына жағымпазданған республиканың бұрынғы басшылары ғана. Ал енді, республикааралық «өнім беру тәртібі» бұзылған кезде, орталық атқарушы билік бізге көмектесуге дәрменсіз болып шықты. Мұның өзі біздің экономикамызды және тұтыну сапасын өте ауыр жағдайға душар етті.

Әлбетте, республикалық органдар іс үстінде түзетулер енгізуге тырысты. Тіпті халық шаруашылығында кейбір оң тенденцияларға жете алдық. Олардың арасындағы бастысы — экономиканы әлеуметтік қажеттерге қарай бұру. Бесжылдықтың өткен 4 жылы ішінде тұтыну заттарын өндіретін өнеркәсіп 23,7% өсім берген болса, «А» тобы 14,2%-ға ғана өсім берді. Бұйымдар шығару 35,7%

дерлік артты. Инвестициялық саясатта да әлеуметтік саланың пайдасына қарай елеулі өзгерістер болды. Халық шаруашылығына бөлінген мемлекеттік күрделі қаржы, жалпы алғанда, үштің біріндей өскен жағдайда тұрғын үй құрылысындағы оның көлемі 1,5 есе дерлік артты. Үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында тұрғын үйлерді іске қосудың бесжылдық жоспары орындалды. Мектептер, емханалар, ауруханалар салудың қарқыны едәуір артты.

Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді ұлғайтудың байқалған тенденциясы арқасында азық-түлікпен жабдықтау жақсара түсті. Өткен бесжылдықтың орташа жылдық деңгейімен салыстырғанда ет өндіру 285 мың тоннадан астам, сүт — 649 мың тонна ұлғайды. Соның өзінде қосымшаның 1/3 бөлігі жеке секторды озық қарқынмен дамыту есебімен алынды. Республика бұл саладағы шектеулерді елімізде алғашқылардың бірі болып алып тастады, соның нәтижесінде халықта ірі қараның саны 500 мыңға, қой мен ешкі — 1,5 млн., шошқа — 100 мыңға көбейді. Халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуде белсенді түрде дамып келе жатқан бау-бақша шаруашылығы жақсы қолғабыс болып отыр: баулы саяжай учаскелері бар семьялардың саны 4 жылдың ішінде 302 мыңға, бақша учаскелері барлар — 82 мыңға көбейді. Кооперативтік қозғалыс нығайып келеді: қазір осы саланың кәсіпорындары 1 жыл ішінде 1,5 млрд. сомнан астам бұйымдар өндірді, түрлі қызметтер көрсетуде.

Алайда бұл нәтижелер бізді ешқандай жайбарақаттыққа сала алмайды, өйткені, ол орын алып отырған қажеттерге тіпті де сай келмейді. Және де оларға әміршілдік-әкімшілдік және экономикалық әдістердің болашағы жоқ, жасанды түрде ұштастыру тәртібімен қол жетті. Тұрақты да теңдестірілген экономикадан біз әлі де болса алыстамыз. Еліміздегі және республикадағы қазіргі экономикалық және әлеуметтік-саяси жағдай жоғары өнімді еңбек, бастама мен тапқырлық стимулдарын жасайтын, қажетті құрылымдық өзгерістерді жүзеге асыруға бағыттайтын шаруашылық ортасын қалыптастыру жөніндегі батыл шараларды қажет етуде.

Оны қалай жүзеге асыруға болады? Қазақстан Компартиясының Орталық комитеті дағдарысты жағдайдан шығудың жолын республиканың экономикалық егемендігі принциптерін орнықтырудан көріп отыр. Бірақ экономикада жаңа бағыттармен шұғылдану мүмкіндігіне ие болу үшін саяси және заңдық нормалардың кешенін жүзеге асыру қажет. Олардың арасында КСР Одағымен және басқа республикалармен өз қатынастарын шарттар негізінде құратын егеменді мемлекет ретінде Қазақстанның мәртебесін заңды түрде баянды ету өзекті орын алады. Біз федерациялық одақты жақтаймыз, бірақ республика орталыққа өз құқықтарының бір бөлігін ғана, оның үстіне өзінің қалауы бойынша беру керек деп санаймыз. Мәселенің мәні осында. В.И. Лениннің сөзімен айтқанда, «біз ұлттардың ерікті одағы болуын... мейлінше толық сенімге, туысқандық бірлікті айқын түсінушілікке, толық ерікті ынтымаққа негізделген одақ болуды тілейміз...».

Ал әзірше Қазақстан үшін сенім де, келісім де, сондай-ақ, айтпақшы, әрбір одақтас республика дербес мемлекеттік құрылым болып табылады деп, еліміздің негізгі заңында жазылған декларация да — бос сөз. Шынында да, өз территориясы мен жер қойнауының толық иесі емес мемлекетті егеменді деп атауға бола ма? Ал бізде одақтық басқару Қазақстан индустриясының 93%-ын қамтып отыр. Экономикаға бақылау болмаса — егемендіктің де болмайтыны кез келген парасатты адамға түсінікті.

Тоқырау кезеңінде Қазақстанның ұшан-теңіз байлықтары туралы лепірме сөздер кітаптан кітапқа, мақаладан мақалаға көшіп жүрді. Бірақ осыншалық орасан зор потенциалы бола тұрып, қыруар қазыналар өндіре отырып, республика

неліктен нашар дамыған мемлекет жағдайында қалып қойғанын талдауға бірде-бір рет те әрекет жасалған емес. Ал оған жауапты алыстан іздеудің керегі жоқ, өйткені, еңбек коллективтері өз еңбегінің нәтижелерін өз еркімен жұмсай алмады, қолдағы байлықтан республикаға, оның халқына ең мықтағанда болар-болмас бірдеңе ғана қалды. Бәрі де көзге көрінбейтін ведомстволық ұраларға тасып әкетілді.

Қазақстаннан жыл сайын 1,3–1,5 млрд. доллардың әртүрлі шикізат түрлері экспортқа шығарылады, жалпыодақтық қорға 10–12 млн. тонна астық, 300 мың тоннадан астам ет, 270 мың тонна сүт беріледі. Бірақ тамақ өнімдерін тұтыну жөнінен біз елімізде 9-шы орын, тұрғын үймен қамтамасыз етілу деңгейі жөнінен 10-шы орын аламыз. Ал аса кедей жіктердің болуын біздің құрылыстың табиғатымен қалайша үйлестірерсіз? Бізде 2,5 млн. астам адам, яғни әрбір 6-шы тұрғын айына 75 сомнан төмен табыс табады. Балтық маңы республикаларында, мысалы, халықтың 4% ғана осындай болымсыз табысы бар.

Міне, бізге қалған мұра осындай. Ал біз өзіміздің күшіміз бен мүмкіндіктерімізді біле отырып, бұдан әрі бұлайша өмір сүрмек емеспіз. Республикада президенттік билік идеясының соншалық қуатты қолдауға ие болғаны тегін емес. Халықтың барлық жіктері дерлік президенттік билікті тағайындауды жақтап шықты. Өмір қисынының өзі бізден бұл қадамды жасауды талап етті, өйткені, басқарудың бұрынғы құрылымдарымен ұлттық-мемлекеттік құрылыс саласындағы авторитарлық әдістерге, экономикадағы ведомстволық өктемдікке қарсы тұру мүмкін болмады. Атқарушылық және заң шығарушылық негіздерді ұштастыратын президенттік билік қана бүкіл мемлекеттік механизмінің тиімді қызметін қамтамасыз ете алады, экономиканы қатаң орталықтандыруды жойып, республика мен оның азаматтарының мүдделерін қорғай алады.

КОКП Орталық комитеті мен одақтық үкіметтің кейбір басшылары ведомстволардың ықпалынан шыға алмай, біздің осы принципті позициямызды ешбір түсінгісі келмейді. Байыпты дәлелдерге қарамастан, республикаға егемендік беру ұзаққа созылуда. Ол ол ма, соңғы кездері орталық органдар сыртқы экономикалық байланыстар еркіндігіне тыйым сала отырып, өз «айбарын» көрсететін болып жүр. Ал Одақты ыдыратуды көздейтін сепаратистік күштер мұндай шолақ ойлылықты тура өз мүдделеріне пайдаланады да. Егемендік туралы мәселені шешудің нақ ұзаққа созылуы жекелеген республикалардың орталықтан безуге ұмтылу себептерінің бірі болды.

Қазір, экономика реформасы өзінің шешуші кезеңіне аяқ басып отырған кезде, біздің Одақтың барлық республикаларының тығыз бірлесуі, берік те тұрақты ұлттық келісімі ерекше қажет, онсыз ең ғылыми, ең сенімді экономикалық концепция қағаз үй сияқты жалп ете түседі. Барлық деңгей адамдарының РКФСР халық депутаттарының I съезінің барысын соншалықты үмітпен және алаңдаушылықпен қадағалап отырғаны кездейсоқ емес. Өйткені, бүкіл еліміздің болашағы Ресейдің — біздің федерациямыздың тұлғалы жотасының қай жаққа бет бұруына байланысты. Қазақстан коммунистері атынан, біздің съездің атынан ресейліктердің өз егемендігі жолындағы бізге таныс та жақын күресі сепаратизмге, ұлы орыс халқы басын қосып, топтастырған халықтар жөніндегі жауапсыздыққа апарып соқтырмайды деген қызу сенім білдіремін. Қазақстан — кеңес халықтарының семьясындағы «кедей туысқан» болмаса да, оның жалпыодақтық еңбек бөлісіндегі орны мен мәні жалпы жұртқа мәлім болса да, біз республикалардың коммуналдық ас үйде ұрысқан көрші әйелдер сияқты бірге тұратын кезінде кім кімге және қанша қарыз екенін есептей бастауға жол берілмейді деп есептейміз.

Экономикалық дербестік — әлдебір сәндік жаңа леп емес, қоғамдық дамудың сөзсіз қажеттілігі, шын мемлекеттік егемендіктің құрамдас бөлігі. Сондықтан біз де өзіміз тапқан нәрсені қазақстандықтар үшін дотация деген жәбірлеушілік таңбамен алу үшін Мәскеу кабинеттерін «алақан жайып» аралағымыз келмейді. Бірақ мұның мәнісі әсте оқшаулану мен томаға-тұйықтыққа ұмтылу деген сөз емес. Экономикалық дербестікті біз еліміздің ішінде де, шетелде де алуан түрлі шаруашылық байланыстарды жолға қою үшін құрал деп білеміз. Қазақстанда ұзақ мерзімді өзара тиімді сыртқы экономикалық байланыстарды орнату, шетелдік компаниялармен бірлескен кәсіпорындар ашу, еркін экономикалық аймақтар құру үшін шын ғаламат мүмкіндіктер бар. Мұның бәрі өмірлік қажеттілік, өйткені, шетелдік капиталды тартпайынша республиканың экономикасын тез көтере алмайсың. Мәселе мұнда тек жаңа прагматизмде ғана емес. Бүкпесіздік, халықаралық байланыстарды кеңейту кезінде дүниежүзілік тәжірибеден үйренуге болады және солай ету қажет.

Бұл бағытта едәуір нәрселер қазірдің өзінде тындырылды. Республика территориясында сыртқы экономикалық 3 қауымдастық және 9 бірлескен кәсіпорын, «Казахинторг» сыртқы сауда бірлестігі жұмыс істейді. Өздеріңіз білесіздер, осы таяуда ғана Вашингтонда Батыс Қазақстан қойнауын бірлесіп игеру жөнінде американдық сауда консорциумымен келісімге қол қойылды. Мұның өзі республиканың басым және тікелей қатысуымен жүзеге асырылып, ең алдымен, қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға қызмет ететін болады. Қазір өндіріс қалдықтарын ұқсату жөніндегі байланыстарды нығайтып, кеңейту маңызды: біздің кәсіпорындарда жиналып қалған қайталама ресурстар миллиардтаған тонналармен есептеледі. Егер шетелдік технологияны жөнімен пайдалансақ, табиғи байлықты үнемдеп ғана қоймай, қомақты валюта қаржысын да аламыз. Сондай-ақ электроника, күрделі тұрмыстық техника, құрылыс материалдарын шығаратын бірлескен кәсіпорындар құру, құрылысты басымдық негізде салып, толық бітіруге күш салу керек. Шекара өңірінде Қытаймен, Азия құрлығының басқа да елдерімен сауда-экономикалық қатынастарды кеңейту үшін қолайлы мүмкіндіктерді барынша пайдалану керек. Болашақта республиканың халық шаруашылығының барлық салалары түгелдей сыртқы экономикалық-техникалық байланыстарға тартылатындай жағдайға қол жеткізу керек.

Бірақ біздің сыртқы экономикалық байланыстарды іске асыруымыз тағы да орталық ведомстволар тарапынан тыйым салудың, үлестер мен лицензиялардың бітеу қорғанына тірелуде. Олар қойып отырған бюрократтық кедергілер тек біздің ғана емес, сонымен бірге Батыстың көптеген іскер адамдарының да төзімін тоздыруда, олар одақтық министрліктермен істес болғысы келмейді, қайта республикалармен тікелей экономикалық және сауда қатынастарын жолға қойғысы келеді. Сыртқы байланыстарды қатал орталықтандыру, әсіресе экономикалық егемендік туралы, айтқандай, нақ сол орталық айналымға қосқан қызыл сөзбен бүркемеленген қатал орталықтандыру күлкілі архаизмге айналуда. Қазақстанның еңбек коллективтері мұндай жағдайға бұдан әрі төзгісі келмейді.

Нарықтық қатынастарға көшуге келетін болсақ, онда осынау түбегейлі экономикалық актінің актуалдығын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Алайда соңғы уақытта «нарық» деген кәдімгі сөз мазасыздану мазмұнымен толығып, адамдардың бойында көптеген қауіптенушілік туғызуда. Қазақстан Компартиясының Орталық комитеті осы көкейтесті мәселе бойынша өз позициясын айтуды қажет деп санайды.

Біріншіден, кеңес мемлекетінің бүкіл тарихы ішінде өндіріске және айналым саласына ықпал етудің нарықтық қатынастарға тән бәсекелестік пен кәсіпкерлік бастамаға тең келерлік стимулдарын табу мүмкін болмағаны айқын.

Екіншіден, экономиканы дамытудың идеологияға бағынбайтын объективті заңдылықтары бар. Тауар-ақша қатынастарымен қоса, нарық солардың қатарына жатады. В.И. Ленин нақ осындай түсінікке келген еді. Бірақ мемлекеттік билік басында оның ісін жалғастырушылар елді басқа, әміршілдік-әкімшілдік жолмен бастап әкетті. Демек, нарыққа белгіленген көшу экономиканың қазіргі дағдарысты жағдайынан ғана емес, сондай-ақ оны дамытудың бүкіл объективті барысынан туындап отыр. Ерте ме, кеш пе, қандай жағдайда болсын біз сондай қадам жасауға мәжбүр болған болар едік. Қазіргі кезең жағдайды тек қиындатып, қоғамнан шұғыл таңдау жасауды талап етуде.

Нарықтың басты заңы — сұраным мен ұсыныс заңы. Қай жерде сұраным бар болса, күрделі қаржы, іскер адамдардың күш-жігері, басшылардың назары сонда жұмылдырылады. Әміршілдік экономика ондай бетбұрыс жасауға дәрменсіз. Халықта орасан көп бос ақша жиналды, әміршілдік экономиканың ауыр, аз икемді, бюрократтанған құрамы қанағаттандырылмаған сұранымға қарай ешбір бұрыла алмай отыр, ал ол нарықтық қатынас кезінде өндірісте және қызмет көрсету саласында орасан зор дүрбелең туғызуға қабілетті. Бұдан әрі бұлай болуы мүмкін емес. Сондықтан біз қазір не нарықтық жүйеге бел буамыз, не ұзақ жылдар бойы оған азапты қадамдар жасап жететін боламыз. Еліміз әрбір адамнан таяу болашағы игілік үшін уақытша шығындарға баруға азаматты ерлік қажет етіліп отырған шепке жетті.

Елімізді және республиканы нарықтық экономика арнасына көшіру зор әлеуметтік-экономикалық қана емес, сондай-ақ идеологиялық қиыншылықтармен ұштасуда. Тауарлы-ақша қатынастарының, көп сатылы экономиканың зиянды екені туралы ой ондаған жылдар бойы біздің санамызға құйылып келді. Біз меншік плюрализмінің қажет екенін түсінгенімізбен, казармалық социализм идеологиясы бізді қолымыздан мықтап ұстап, артқа тартқылап отыр. Ал нарық өзінің аса маңызды компоненті — тіпті ұсақ жеке меншіксіз толыққанды бола ала ма? деген сұраққа жауап қайтарудан біздің осы кезге дейін түрлі желеулермен жалтарып келгеніміз, сірә, сондықтан болар. Іс жүзінде біз оған дара меншік түрінде қазірдің өзінде жол бердік, бірақ әр затты өз атымен атаудан қорқамыз. Өкінішке қарай, мұндай «кеш түсіну» елімізде идеологиялық, сондай-ақ басқару органдарының айықпас ауруына айналса керек.

Шаруашылық есеп идеяларының қалай арсыздықпен бұрмаланып жатқанын, аренданың, шаруашылық есептің, басқа да прогресті әдістерінің енгізілуі қалай тежеліп жүргенін біз көріп отырмыз. Аренда деген сөз жұрттың бәрінің ауызына іліксе де, онымен өнеркәсіпте кәсіпорындардың 3,9%, құрылыста — 9,7%, саудада және тұрмыс қажетін өтеу саласында — 1%-дан азы қамтылып отыр. Республикада небәрі бір концерн, бұйым өндірушілердің 6 ерікті қауымдастығы құрылған. Орталық ведомстволардан оқта-текте ескертулер жасалады: қандай да болсын дербестік туралы ойларыңа кіріп те шықпасын. Осының бәрі қайта құруға елеулі тосқауыл болуға қабілетті өткен кездің белгілерінен басқа ешнәрсе де емес. Міне, сондықтан да тоқтауға, оның үстіне белгіленген жолдан тіпті де шығуға болмайды. Нарықтық экономика толық күшімен жұмыс істеп, қоғамда жаппай мүдделілік ахуалын орнықтыруға, жоғары өнімді еңбек, бастама мен іскерлік үшін стимулдер жасауға тиіс. Өйтпеген жағдайда біз өркениеттің дамуынан тысқары қалып қоюымыз мүмкін.

Бағаның қымбаттатуға да, сонымен байланысты тұрмыс дәрежесінің уақытша кемуіне де, жұмыссыздыққа да әзір болу керек. Бұл құбылыстардың пайда болу

мүмкіндігін айтпай өту қылмыс болар еді. Бірақ біз экономиканы жаңарту кезеңінде адамдардың, әсіресе халықтың табысы аз топтарының әлеуметтік қорғалуы жөнінде елеулі жұмыс жүргізілетінін атап көрсеткіміз келеді. Осы мақсатта кең көлемді шаралардың тұтас кешені әзірленді, олар нарық деген келеңсіз көзқарасты жоюға көмектеседі. Олардың арасында бірқатар маңызды заңдар — монополияға қарсы, кәсіпкерлік туралы, жұмыссыздық туралы, халыққа бағаның өсуінің өтемін қайтару туралы заңдар бар. Акция аяғында, біз осы түбегейлі қадамға бармай тұрып халықтың келісімі мен қолдауына ие болуға тиіспіз. Осыған байланысты экономиканы өрге бастырудың нарықтық қатынастарды дамытудан басқа тиімді жолы жоқ екенін адамдарға табанды түрде түсіндіру қажет.

Еңбекшілерді нарық жағдайындағы өмірге материалдық және психологиялық жағынан дайындау жөніндегі шаралар кешенінде еңбек тәртібін нығайту әсте де соңғы орында болмауға тиіс. Жұмысты өзіміз қазіргідей істей отырып және экономикалық механизмнен жоғары қайтарым алудан дәмелену — бос қиял. Айтпақшы, бұл механизмнің өзі жалқауларды, қыдырымпаздарды, алыпсатарларды, басқа да әлеуметтік арамтамақтарды қатаң жазалайтын болады. Сондықтан қазірдің өзінде қатардағы қызметкерлердің де, басшылардың да еңбек және өндірістік тәртіптің деңгейі үшін жауапкершілігін едәуір күшейтуге бағытталған бірқатар құқық актілер әзірленуде.

Съезд экономикалық реформаны түбегейлі етуге бағытталған шараларды қолдады, ал республика коммунистері осы қауырт кезеңде барынша іскерлік, жинақылық, байыпты әрекеттер мен іс-қимыл көрсетеді деп үміттенеміз.

Нарықтық қатынастар жағдайында республиканың өзін-өзі басқару принципін берік қолдай отырып, біз өзімізге аса зор жауапкершілік алып отырғанымызды есте ұстау керек. Өйткені, жоғарыдан қандай да болсын нұсқау күтпестен, біздің индустриямыздың шикізат беруге бағдарлануын батыл өзгертуіміз, ғылымды көп қажет ететін жоғары технологиялы өндірістерді жедел қарқынмен дамытуымыз, жеңіл және тамақ өнеркәсібінің деңгейін қажеттілікке сай келтіруіміз керек. Аса маңызды әлеуметтік бағдарламалар — тұрғын үй, азық-түлік, халық тұтынатын бұйымдар өндіру, экологиялық және басқа бағдарламаларды шешу басым маңызы бар іс болып қала береді.

Егер нақты айтатын болсақ, үстіміздегі жылдың өзінде 9 млн. шаршы метрге таяу тұрғын үйді іске қосуымыз керек, оның үстіне бұл шеп тұрғын үй құрылысының бұдан да әрі қарқынды кезеңіне өту сәті болуға тиіс. Кооперативтік және жеке құрылыстың көлемін кем дегенде 40%-ға жеткізу үшін оларды дәйекті түрде дамыту қажет.

Экономиканы дамыту концепциясында елеулі құрылымдық ілгерілеу белгіленіп отыр. Халық тұтынатын бұйымдар өндіру күрт ұлғаяды. Биылғы жылдың өзінде оларды әдеттегі орташа жылдық көрсеткіштен 1,5 есеге жуық көп шығаруымыз, яғни, тұтыну рыногына жұмыс істейтін салалардың материалдық-техникалық базасын қайта құруда елеулі секіріс жасауымыз керек.

Кооперативтік және кәсіпкерлік қызметке кеңінен сүйену, шағын кәсіпорындар, жұмыс қолы асып жатқан аудандарда ірі өндірістердің филиалдарын, сондай-ақ шетелдік компаниялармен бірлескен өндірістер құруға ерекше көңіл бөлу керек. Конверсия мен қорғаныс өнеркәсібін қайта мамандандыру есебінен қысқа мерзім ішінде күрделі тұрмыстық техника шығаруды жолға қою керек.

Қаржы жағдайын сауықтыру бүгін таңдағы кезек күттірмейтін міндет болып отыр. Ақша басатын станоктың қызу жұмысы әзірше өндіріс ауқымдарының

тиісінше өсуімен баянды етілмей отыр. Мәселен, өткен жылы орташа айлық жалақы — 8,9%-ға, ел жалпы қоғамдық өнім небәрі 1,2%-ға өсті. Кәсіпорындар үшін республикалық мақсатты заемдар шығару, облигациялар, акциялар және басқа бағалы қағаздар сату — қаржы дағдарысынан шығу жөніндегі шұғыл шаралардың қатарына жатады. Сомды нығайту үшін күрделі қаржының көлемін күрт қысқарту қажет. Бізде аяқталмаған құрылыста ғана 11 млрд. сомға жуық қаржы игерілмей жатыр. Шаруашылықты бұдан былайғы жерде бұлай жүргізуге болмайды.

Халыққа ақылы қызмет көрсетуге байланысты жағдай да түбегейлі өзгерістерді талап етуде. Өсімнің қол жеткен қарқыны ешкімді де адастырмауға тиіс, өйткені, осы кезге дейін біз бұл салада тұрпайы жайлылық деңгейімен қанағаттанып келдік. Оның бер жағында республиканың қарамағында туризм мен экскурсиялық істі дамыту, мәдениет мекемелерінің, тұрмыс қажетін өтеу кәсіпорындарының қызметтер көрсетуі үшін іске асырылмаған орасан зор мүмкіндіктері бар. Мұнда сондай-ақ кәсіпкерлік қызметтің әртүрлі формаларын дамыту үшін де ұлан-ғайыр өріс бар.

Нарықтық қатынастарға жеткізетін жол қаншалықты күрделі болса да, саудада және жалпы тұрмыстық, коммуналдық, транспорт қызметі саласында тәртіпті жолға қоюды батыл қолға алу қажет. Өйткені, нақ осында адамдардың қайта құру мен социализмге көзқарасы қалыптасады. Бүгін таңда осы салаларда кінәратсыз күштерді барынша қолдаудың, жоғары сапалы еңбектің, қызмет көрсетудің шынайы мәдениетінің сенімді стимулдарын жасауға жан-жақты көмектесудің қажеттігі сондықтан.

Адамдардың денсаулығын сақтауға көзқарас пен тәсілді түбірімен өзгерту, аурулардың әлеуметтік себептерін жоюға — теңдестірілген тамақты, қалыпты ауыз суды, жайластырылған тұрмысты қамтамсыз етуге баса назар аудару қажет. Республикада туберкулезбен және бруцеллезбен сырқаттану деңгейі жоғары, аналар мен балаларды қорғауда шешілмеген мәселелер көп. Аурухана және емхана мекемелерінің 65%-дан астамы бейімделген не ескірген үйлерде орналасқан, олардың үштен біріне жуығында қажетті жағдай жоқ. Соңғы уақытта медициналық қызмет көрсетуді жақсарту жөніндегі қолданылған шаралар денешынықтырумен, спортпен айналысу мүмкіндіктерін кеңейтумен ұштастырылуға тиіс.

Қоғамды ізгілендіру идеялары қартайған және еңбекке жарамсыз адамдарға назар аудармайынша мүмкін емес. Республикада олардың тұрмыс жағдайын жақсарту жөнінде маңызды қадамдар жасалады. Сондай-ақ кәсіпорындардың пенсияға үстеме белгілеу жөнідегі мүмкіндіктерін толығырақ пайдалану, мүгедектер мен пенсионерлерді қолынан келетін еңбек және қоғамдық қызметке белсендірек тарту қажет.

Экологиялық проблемалардың ерекше актуалдық сипаты бар. Бұл проблемалар бүгін таңда тек адамдардың көңіл күйін ғана айқындап қоймайды, мұның маңыздылығы өзінен-өзі белгілі, сонымен бірге болашақ жөніндегі, бізге де, болашақ ұрпаққа да тұрмыс жағдайын қамтамасыз ету жөніндегі қамқорлықты да айқындайды. Бүгін таңда Аралдың, Балқаштың, Семей аймағының, Шымкент, Жамбыл, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Орал облыстарының бірқатар аудандарының қасіреті шын халықтық қайғыға айналды. Біз қазақстандықтардың ядролық сынауды дереу тоқтату жөніндегі талаптарын толық қолдаймыз және Орталық Азия халықтарын Арал теңізін құтқару жөніндегі игі іске қатысуға шақырамыз.

Бүгін таңда республика жұртшылығы Қазақстан жерінің миллиондаған гектарларының әртүрлі полигондар мен әскери объектілерге берілуінің заңдылығы туралы мәселені өте әділетті түрде көтеруде. Біздің державаның қорғанысты

нығайтудағы көкейкесті қажеттеріне ешқандай күмән келтірместен, біз КСРО Үкіметінен, әскери ведомстволардан алынған территорияларды бізбен бірге сара жолмен тексеруден өткізуді, олардың бір бөлігін халық шаруашылық айналымына қайтаруды және ең бастысы, жердің қорғаныс мұқтаждарына пайдаланылуына байланысты ол келтірген барлық материалдық, экологиялық және моральдық шығынның республика халқына өтелуін талап етеміз.

Өндіріс мүдделерін бірінші орынға қойған кеселді практика, табиғат ресурстарын жыртқыштықпен пайдаланған орталық ведомстволардың өресіз саясаты республиканы ауыр экологиялық зардаптарға апарып соқтырды. Қазіргі міндет кеңес органдарының, қалың жұртшылықтың күш-жігерлерін партия ұйымдарының үйлестіре білуінде, айналадағы ортаға жөнсіз ықпал етілуіне қарсы біртұтас күрес майданын құруында, адамды табиғатқа ұқыпты қарау рухында тәрбиелеу мақсатын қоя білуінде болып отыр.

Ағымдағы істерді шешу кезінде біз экономикада стратегиялық сипаттағы шараларды жүргізу жайын ешбір жағдайда ұмытпауға тиіспіз. Халық шаруашылығын әлеуметтік басым бағыттарға барынша бағдарлай отырып, өндірісті интенсивтендірудің және оның тиімділігін арттырудың, ең алдымен ғылыми-техникалық прогрестің жеделдетілуімен байланысты аса маңызды мәселелерін назардан тыс қалдыруға болмайды. Өнім сапасының төмен болуы, қор мен материалдың барған сайын көп қажет етілуі бұрынғысынша шешілмеген түйін күйінде қалып отыр.

Өзін-өзі қаржыландыру интенсивті факторлардың есімін өздігінен қамтамасыз етуге қабілетті деп санап, біз жаңа шаруашылық есеп қатынастарына нұқсан келтіруіміз мүмкін. Алынатын пайданың өсімі қазіргі кезде шаруашылық қызметінің қорытындылаушы көрсеткіші болып отырғандықтан, республика Министрлер Кеңесінің, Мемлекеттік жоспарлау комитетінің, өнеркәсіп орындарының коммунистері бұл көрсеткіштің жаңа техниканың енгізілуімен және өндіріс тиімділігінің артуымен тығыз өзара байланыста қол жеткізуі керек. Экономикада бірыңғай ғылыми-техникалық саясаттың, жаңалықтарды өндіріске енгізу саласын басқарудың, интеллектілік меншікті құқық тұрғыдан қорғаудың, ғылыми-техникалық жетістіктерді пайдалану үшін жауапкершілікті арттырудың формалары мен әдістері айқын белгіленіп, заңдандыруға тиіс.

Басқару құрылымдары үнемі жаңару үстінде болуға тиіс. Егер одақтық, сондай-ақ республикалық министрліктер мен ведомстволар тек жарнамаларды ауыстырып, жұмыс сапасын өзгертпейтін болса, онда жаңа жағдайда олардың болашағы айтарлықтай күмәнді болмақшы, өйткені, нарықтық экономика әлдебір «саусақпен түртіп көрсетуді» қажет етпейді. Ведомстволық бағыныстан тыс көп салалы, экономикалық жағынан күшті концерндерді, қауымдастықтар мен консорциумдарды құруға батылырақ бару керек. Өндірісті шоғырландыру дәрежесі жоғары жерлерде оның монополиялық және мемлекеттік сипатынан айыру, ғылыми-техникалық жаңалықтарға бейім шағын кәсіпорындар жүйесінің жасалуы ерекше актуалды бола түсуде.

Шаруашылықты нарық заңдары негізінде жүргізу қалыптасқан басқару органдарының жүйесін бұзады, «тігінен» жасалатын байланыстарды әлсіретеді және көлбеу байланыстарды күшейтеді. Сондықтан республиканың халықшаруашылық кешенінің ұйымдық-экономикалық және технологиялық құрылымдарының қайта құрылуы сөзсіз. Бірақ бұл процесті бетімен жіберіп, ол экономиканың принципті жаңа моделіне өзінен-өзі жеткізеді деп енжар күтіп отыра алмаймыз. Озық экономикалық ақыл-ой мен дүниежүзілік практика негізінде және құрылымдарды

күні бұрын болжап отыру және олардың қалыптасуын жеделдету керек. Орталық комитеттің және республика үкіметінің бастамасы бойынша құрылған, құрамына Мәскеудің де жетекші ғалымдары енген арнаулы комиссия қазір осы іспен шұғылдануда.

«Базалық» деп аталатын салалардың (айтпақшы термин ведомстволардың өктемдігін мәңгілік ету үшін ойлап табылған) кәсіпорындарында жұмыс істейтін коммунистер де осы процеске белсенді түрде қатысуға, өз кәсіпорындарының шынайы дербестігіне қол жеткізуге тиіс. Өйткені, министрліктер бүгінде материал ресурстары мен жабдықты білу ісін өз қолында ұстап отырғандықтан ғана соларға билік жүргізіп келеді. Ал егер тұрақты көлбеу байланыстар жолға қойылғанға дейін сол міндеттерді республиканың Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитеті өзіне алатын болса, онда министрліктер жөніндегі қажеттілік өзінен-өзі болмай қалады да, олар құрылған күнде де тек кәсіпорындар қоятын шарттар негізінде құрылатын болады. Атап айтқанда, бүкіл пайда, нақты салықтан басқалары, еңбек коллективтерінің қарамағында қалуға тиіс. Ал мұның өзі адамдар өз еңбегінің саны мен сапасының және тұрмыс жағдайының жақсаруы арасындағы байланысты нақты сезінеді деген сөз.

Экономикада тілемсектік психологиядан, жұмыс нәтижелерін өмір шындықтары бойынша емес, әміршілдік-әкімшілдік система бекіткен «қол жеткен деңгей» өлшемдерімен бағалау әдетінен батыл арылу қажет. Мұның әсіресе ауылшаруашылық өндірісі саласына қатысы бар. Азық-түлік проблемаларының түйіні барған сайын ширыға түсуде, ал жұрт күнделікті өмірде бізде қазірдің өзінде әдет бойынша епте мақтан тұта бастаған ілгерілеулерді нашар сезінуде. Дүкен серелері молықпайынша, біз ауылшаруашылық өндірісінің өсуі туралы ешқандай, тіпті, ең көз жеткізер статистикалық деректердің өзімен халықты табысқа жеттік деп сендіре алмаймыз.

Алайда, бізде селода жаңаның нышандары қазірдің өзінде аз емес екенін байқамау мүмкін емес. Адамдардың мүдделерін экономикалық өзгерістердің өзегі ете отырып, біз көрнекі нәтижелерге қол жеткізе алдық. Аренданың өзін де елімізде алғашқылардың бірі болып қазақстандықтар игере бастады. Сөйтіп, ол өзінің тиімділігін жылдам дәлелдеді. Мәселен, 1987 жылдан бері аренданы игере бастаған елуден астам кеңшар мен ұжымшарда өндіріс рентабельділігі 19%-дан 41%-ға дейін өсті.

Бірақ біздің кемшілігіміз жекелеген табыстар барлық ауылшаруашылық кәсіпорындарының игілігіне айналмай отырғанында болса керек. Азық-түлік проблемасын түбегейлі түрде шешуге, КОКП Орталық комитетінің 1989 жылғы наурыз пленумы белгілеген міндеттерді жүзеге асыруға не кедергі болып отыр? — деген сұраққа партиялық принциптілікпен анық жауап қайтаруымыз керек.

Ең алдымен, селода жаңа шаруашылық механизмі, біздің пікірімізше, әлі де тиісінше жұмыс істемей отыр. Көптеген партия комитеттері шаруашылықты жүргізудің ескі әдістерінің шырмауында қалуда, күні өткен экономикалық қатынастарды өзгерте алмай отыр, ал кейде тіпті өзгерткісі келмеуде. Шаруашылық басшылары арендаға, кооперацияға, интеграцияға кедергі жасауда, ал кейбір жерде ойындағы нәрсені шындыққа балауда. Тіпті арендалық мердігерлікке кешкен селолық коллективтердің соншалық көп те емес мөлшері — 35% — істің шын жайына сай келмейді. Кейбір басшылар жеке адамдардың кәдімгі кесімді ақы алып істейтін жұмысын құлықпен аренда етіп көрсеткісі келеді немесе ескі мазмұнды жаңа формаға салуға тырысады. Бұл орайда бәз біреу шаруашылықты жүргізудің

дәстүрлі жүйесіне тыйым салғандай-ақ, соған сілтеме жасайтыны, кеңшар-ұжымшар жүйесінің жасақтары мен қарсыластарының таусылып бітпейтін таластары таңғалдырады. Керісінше, ауыл шаруашылығында меншіктің барлық формалары тең құқықты жағдайда дамуға тиіс екені талай рет атап көрсетілді. Кеңшарлар мен ұжымшарлар, сөз жоқ, бұл орайда агроөнеркәсіптік өндірістің негізі болып қалады. Бірақ реттелетін нарықтық экономика жағдайында шаруа қожалықтарсыз болмайды. Еңбекшілерді кәсіпорындарды иеленуге қатысуға белсенді тартуға мүмкіндік беретін акционерлік меншік реформалары да ерекше назар аударуға тұрарлық.

Нарықтық экономика жағдайында мемлекеттік заказ іс жүзінде болмайды. Көлемі қажетті материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етілетін және мемлекеттік бағалар бойынша, ал қалған өнім нарықтық бағалар бойынша сатып алынатын азық-түлік салығын енгізу шаруашылықтарға да, арендаторларға да, кооператорлар одақтарына да іс-қимылдың оңтайлы нұсқаларын іздестіруге мүмкіндік береді. Қайтарылмайтын қарыздар алу, сондай-ақ зиянмен жұмыс істейтін шаруашылықтарды рентабельді жұмыс істейтіндердің есебінен қолдау практикасын доғару қажет.

Бұл мәселелердің бәрі агроөнеркәсіптік кешен қызметкерлерінің республикалық кеңесінде егжей-тегжейлі қаралды. Село еңбеккерлері 13-ші бесжылдықтың аяғына қарай шығуға тиіс бірінші кезектегі шептер де сонда белгіленді. Оларды съезд мінбелерінен қайталап айтқым келеді. Біз халықтың жан басына шаққанда ет өнімдерін тұтынуды жылына — 85–90 кг, сүтті — 358 кг, ал көкөніс пен бақша дақылдарын 130 кг жеткізуге тиіспіз.

Дегенмен біз азық-түлік проблемасын шешудің қандай жолын таңдап алсақ та Қазақстан тауарлық астық өндіретін аса ірі өңір болғанын және болып қала беретінін ұмытуға болмайды. Республиканың жер байлығын ұтымды пайдалануын осы міндеттердің шешіміне бағындыру, интенсивті технологияларды игеруге жұмсалатын ірі қаржының қайтарымын көбейту қажет.

Ұқсатушы кәсіпорындардың қуаттарын еселей түсу жөніндегі тұрақты жұмысты жалғастыру қажет. Бұл проблеманың шиеленісті жайы баяу тарқатылып келеді, оның ысырабы орасан зор күйінде қалып отыр. Ұқсату сапаларының артта қалуының салдарынан қолайлы табиғат-климат жағдайы бола тұрып, республика жемісті, картопты, өсімдік майын, кондитер және макарон тағамдарын, маргаринді және басқа өнімдерді сырттан әкелуді жалғастыруда. Ал ысырапты барынша азайтудың өзі ет тұтынуды жылына 6 кг, сүт тұтынуды 26 кг, көкөніс және бақша дақылдарын тұтынуды 29 кг арттыруға мүмкіндік берер еді.

Іс жүзінде ауылшаруашылық ғылымы көмегінің сезілмеуі елеулі кемшілік болып отыр. Мұнда «зерттеу — өндіріс — енгізу» циклі тым ұзаққа созылған, қаржыландыру ғылыми ізденіс бағыттары бойынша емес, институттар бойынша жүргізіледі. Аграрлық-өнеркәсіптік кешен қызметкерлеріне азық-түлік өндіру көлемін баяу ұлғайтқаны үшін әділ талап қоя отырып, селоның алдында біздің бүкіл қоғамымыз, әсіресе әлеуметтік мәселелерді шешуде орасан зор қарыздар екенін ұмытуға болмайды. Бұл жөнінде не істелінбекші? 13-ші бесжылдықта қазіргі бесжылдықпен салыстырғанда селоның өндірістік емес саласына инвестицияны 1,5 есе көбейту, жол құрылысына — 2,3 есе, газдандыру және сумен жабдықтауға — 2,2 есе көбейту көзделді. Құрылыс индустриясының базасы едәуір нығайтылып, жергілікті құрылыс материалдарын өндіру көлемі ұлғая түседі.

Әлеуметтік жағынан артта қалған аудандарды, әсіресе негізінен жергілікті халық тұратын шалғайдағы селоларды дамыту проблемалары бірінші кезектегі проблемалар болып отыр.

Айтылған жәйттерді қорытындылай келіп, біз елеулі өзгерістер табалдырығында тұрғанымызды атап айтқым келеді. Реттелетін нарықтық экономикаға көшу материалдық-қаржылық теңдестірілуге қол жеткізуге объективті түрде алып келеді. Алайда мұның өзі орасан зор ұйымдастыру-практикалық жұмысты, күн сайынғы практикалық міндеттерді іске асыруға деген батыл көзқарастарды іздестіруді қажет етеді. Бұл кезеңде партияға, коммунистерге қиын жауапкершілік жүктеледі. Абыржуға жол бермей, реформаның әрбір кезеңінде айқын бағдарламаның болуы, өзіңе, өзіңнің әрбір іс-қимылына талап қоя білу маңызды.

Партияның ішкі өмірін қайта құру — уақыт талабы

Бүкіл ішкі партиялық тұрмысты түбірімен қайта құру — бүгінгі күннің шұғыл міндеті. Оны шешуге біз қазірдің өзінде кірістік. Қазақ КСР Конституциясына тиісті түзетулер енгіздік және съезд алдындағы тұғырнамада тек нақты істермен, адамдардың өмірін жақсарту жөніндегі күнделікті жұмыспен ғана саяси көшбастаушылық құқығын жеңіп алып, орнықтыру ниетін ұсындық.

Қазақстан Компартиясының Орталық комитеті өзінің назарын есепті кезеңде партия комитеттері мен ұйымдарының қызметіне басшылық жасауды қайта құруға аударды. Партиялық және мемлекеттік, шаруашылық органдарының функцияларын ажырату, нақты өкімет билігін Кеңестерге беру, ішкі партиялық тұрмысты демократияландыру, өктемшілдік әдістердің түп-тамырына балта шабу, республикалық партия ұйымының дербестігін арттыру жөнінде батыл бағыт ұсталды. Партиялық жұмыстың басым бағыттары бойынша бірқатар концепциялық документтер, нақты бағдарламалар мен ұсыныстар қабылданды. Осының арқасында республикалық партия ұйымы қоғамдық-саяси ахуалға орасан зор ықпал ететін көптеген аса маңызды мәселелерде бастаманы уыстан шығарған жоқ. Коммунистер іс жүзінде өздерінің ұйымдарында иегерге айналып, партиялық саясатты әзірлеп, жүзеге асыруға нақты ықпал жасауда.

Орталық комитеттің есеп беру-сайлау науқанын съезд қарсаңында және оған қоса партия комитеттерінің мүшелері мен хатшыларың, конференциялар мен съездердің делегаттарын сайлау балама негізде, төте және жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылатын принципті жаңа негізде өткізу туралы ұсынысына алғашқы кезде көптеген партия комитеттері тіксініп қарағанын жасырмаймын. Алайда қатардағы коммунистердің арасында бұл идея толық қолдау тауып, биылғы науқан бұдан бұрынғыға қарағанда өзінің бүкпесіздігімен, кең көлемді жариялылығымен, партия мүшелерінің жоғары белсенділігімен елеулі түрде ерекшеленді. Қалалық және аудандық комитеттердің 141 хатшысы, оның ішінде 59 бірінші хатшы 2 және одан көп кандидатурадан сайланды. Гурьев, Қарағанды, Көкшетау және Шымкент облыстық партия комитеттерінің бірінші хатшылары да балама негізде сайланды.

Сонымен бірге сайлаудағы баламалылық біз бірден тура жолға шыға қоятындай әлдебір керемет әдіс болып табылмайтынын да атап көрсету керек. Егер коммунистер өзінің басшысына сенсе, оның іс-қимыл бағдарламасын қолдаса, жұмыс әдістерін жарамды деп санаса, онда оның жолына жасанды кедергілер қою, қызбалық сезімдерін қоздыру орынды бола қояр ма екен?

Есеп беру мен сайлаудың қорытындыларына талдау жасай келіп, біз өзімізге мынадай сұрақ қоюға тиіспіз: көп жылдық стажы бар, тәжірибелі деп саналып келген партиялық басшылар неліктен көп ауыстырылды? Сірә, олардың көбі үшін қайта құрудың 5 жылынан кейін де партиялық басшылық — саяси басшылық екені жөніндегі сөзсіз ақиқат қиынға соқса керек. Әміршілдік стиль, әкімшілдік ету,

тыйым салу, сынға дұрыс құлақ аспау әдістерінен тістей қатып айырылмау деген, міне, содан. Яғни адамдар бүгінгі таңда төзгісі келмей отырған нәрселерге елең етпеу дегеніміз осы.

Жалпы алғанда осыған ұқсас жағдай Көкшетау, Шымкент және Талдықорған облыстық партия ұйымдарында да қалыптасты. Адамдар өздері шынында сенетін — демократиялық көңіл күйдегі, партия бұқарасының пікіріне құлақ асатын, жоғары беделі мен саяси тәжірибесі бар қайта құрудың жақтаушыларын қалады. Бүгін таңда облыстық партия комитеттері 70%, қалалық және аудандық партия комитеттері 80% жаңарды. Бұл табиғи әрі заңды да. Компартияның Орталық комитеті коммунистердің демократиялық таңдауын қолдайды. Айтқандайын, оның өз құрамының да 3/4 бөлігінен астамы жаңарды.

Партия комитеттерінде салалық бөлімдерді жою, пленумдар мен бюролардың күн тәртібінен олардың компетенциясына жатпайтын мәселелерді алып тастау да партияға тән емес міндеттерді Кеңестерге берудің нақты қадамы болмақ. Мұның өзі, әлбетте, әлеуметтік және экономикалық бағдарламалардың жүзеге асырылуынан партияның шет қалатынын білдірмейді. Тәжірибе мынаны көрсетіп отыр: олардың жүзеге асырылуына партиялық ықпал әлсіресе болғаны, іркілістер сөзсіз шыға келеді. Бірақ ол ықпалдың формалары мен әдістері саяси болуға тиіс.

Өзінің XVI съезінен кейінгі жылдарда Қазақстан Компартиясы 31,6 мың адамға көбейіп, қазіргі кезде 842,4 мың КОКП мүшесі мен мүшелігіне кандидат бар. Жаңадан қабылданған 104 мың партия мүшелігіне кандидаттың 3/4 бөлігі дерлік материалдық өндіріс саласында еңбек етуде. Республика Компартиясының құрамында 91 ұлттың өкілдері бар.

Осы оңды деректерге қарамастан, Орталық комитет партия қатарын қалыптастыру практикасы жетілдіруді қажет етеді деп санайды. Бізді әсіресе Алматы, Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан облыстық партия ұйымдарында КОКП жұмысшыларды қабылдаудың азайғаны алаңдатпай тұра алмайды. Көптеген лайықты еңбеккерлер, әсіресе жастар партия ұйымдарының назарынан тыс қалуда және көбінесе саяси белсенділігін неше түрлі бейресми бірлестіктерде көрсетіп жүр.

КОКП мүшелерінің бір бөлігінің арасында күйреушілік көңіл күй, басталған өзгерістердің қажеттілігіне сенімсіздік пайда болғанын көріп отырмыз. Олардың қатарында еңсесі түскендер, асып-сасқандар да бар. Партияның жолы олардан бөлек болып шықты. Ал бұл жағдайды, сірә, тым торығып көрсетудің керегі жоқ болар. Партиядан шығу тәртібі — басқа мәселе. Бізде КОКП Жарғысы жобасының партиядан коммунистің еркін қол үзуі туралы ережесі елеулі қарсылық туғызды. Коммунистердің көптеген ұсыныстарына қарағанда, кез-келген жағдайда шығу туралы арыз бастауыш партия ұйымдарында қаралуға, ал шығудың өзі партиядан шығару ретінде хатталуға тиіс. Бұл орайда әңгіме адамдарды жазалауға, қудалау практикасына қайтып оралу туралы емес, мұндай жағдайда қажет принципті шешім туралы болып отыр. Партияны біреу келіп, біреу кетіп жататын орынға айналдыруға, ал қабылдауды формальды актіге апарып саюға жол беруге болмайды.

Партиядағы қайта құру туралы айтқанда, оның бастауыш буындарының қызметі туралы мәселені де қозғамауға болмайды. Олардың дербестігін арттыру, бастауыш ұйымдардың бастамасын тежеуді тоқтату міндеті алда тұр. Біз Бастауыш партия ұйымдары хатшыларының республикалық кеңесін құрып, мұның қажеттігіне көз жеткіздік. Оның мүшелерінің пленумдардың отырыстарына материалдар дайындауға, Орталық комитеттің қызметіне қатысуы бастауыш және орталық пар-

тия органдарының арасындағы тікелей байланысты жолға қоюға көмектеседі. Ал бұл бағытты біз жалғастыра бермекпіз.

Партия комитеттеріне бастауыш ұйымдарды, әсіресе олардың хатшыларын толық қолдауды табанды түрде ұсынамыз. Бұл моральдық көмек, ал керек болған кезде материалдық сипаттағы да көмек болуға тиіс. Бастауыш ұйымның хатшысы — біздің жұмысымыздағы негізгі тұлға. Тұтас алғанда, партия комитеттерінің аппараты өз қызметтерін ең алдымен бастауыш ұйымдар көшбасшыларының, барлық деңгейдегі хатшылар кеңестерінің талап-тілектерін басшылыққа ала отырып құруы керек.

Кадрлармен жұмыс қайта құру процестерінің қарқыны мен тереңдігіне тура ықпал етеді. Соңғы кезде партия комитеттерінің номенклатурасына көзқарас елеулі түрде өзгерді. 1985 жылмен салыстырғанда Қазақстан Компартиясы Орталық комитетіндегі қызметтер номенклатурасы үштің екісіндей, облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттері қызметтерінің номенклатурасы тең жартысына қысқарды. Өкілеттіктерді жергілікті жерлерге, сондай-ақ «көлбеу бойынша» — тиісті мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарға беру кадр саясатын қайта құрудың сара бағытына айналуда.

Номенклатуралық механизмді бұзу жөніндегі жұмыс, сөз жоқ, жалғастырылуға тиіс. Оның мәні Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті тұғырнамасының жобасында баяндалған. Бұл — қандай да болсын өктемдікті, кандидатураларды күштеп таңуды, кадрларды орналастырудағы әкімшілікті болдырмау, бұл — кадр мәселелерін шешудегі өкілеттіктерді жоғарыдан төменге — жоғары тұрған партия комитеттерінен төменгі партия комитеттеріне беру, сондай-ақ бұл мәселелерді мемлекеттік өкімет және басқару органдарының, қоғамдық ұйымдардың өз өкілеттіктерін дәйекті түрде жүзеге асыруын қамтамасыз ету. Оның үстіне партия комитеттері өздерінің кадр жөніндегі позицияларын негізінен ұсыныстар түрінде білдіреді.

Кадрлармен жұмысты жаңарта отырып, партиялық жолдастық ұғымын қайтадан өмірге әкелу, принципті биікке көтеру қажет. Оның мәнісі — іске, коммунистік мұраттарға деген адалдықта, бір-біріне деген терең сенімде жатыр, бұл сенімнің өзі сонымен бірге құқықтар мен міндеттердің толық теңдігін де білдіреді. Тек партиялық жолдастықты тереңдету бағытын жүргізе отырып, партия мүшелеріне қойылатын талапты арттыра түсіп қана біз коммунистерді топтастыра аламыз, оларды қайта құру алға қойған орасан зор міндеттерді шешуге біріктіре аламыз.

Партиялық жолдастық ардагер-коммунистер жөнінде де өзінің нақты көрінісін табуға тиіс. Өйткені, бізде былай болып жүр: ондаған жылдарын партияға және партиялық жұмысқа арнаған адам пенсияға шыққаннан кейін өз коллективінің өмірінен мүлдем қол үзеді, былайша айтқанда, «екінші сортты» КОКП мүшесіне айналады. Туған партия ұйымынан жырақ қалу, тұрғын үй пайдалану кеңесінде немесе басқа бір «пенсионерлер» мекемесінде есепке тұру оның бойында күйініш пен түсінбеушіліктен басқа қандай сезім туғызуы мүмкін? Ардагерлерге мұндай безбүйректік-бюрократтық көзқарас тек жәбірлеушілік қана емес, сонымен бірге өресіздік деп ойлаймын. Біз орасан зор өмір мектебінен өтіп, өзінің партияға, оның коммунистік мұраттарына адалдығын дәлелдеген адамдардың қолдауы мен тәжірибесінен айрылып, өзімізді өзіміз тонап жүрміз. Қазақстан Компартиясының 70 жылдығы қарсаңында біз барлық аға жолдастарымызды еске алуға, біздің қатарымыздан олардың лайықты орын алуына көмектесуге тиіспіз.

Партиялық аппарат туралы бірер сөз айтқым келеді. Бұл тақырып бүгін таңда баспасөз беттерінен түспейді, телехабарлар мен радиохабарларда да көтерілуде.

Бүгін таңда аппаратқа және аппаратшыларға кім тиіспей жүр дейсіз... Бірақ, кәнеки, өзімізге мынадай сұрақты ашық қоялық: қоғамдық негіздерде, штаттағы басқару апаратынсыз өндірісті, мемлекетті, саяси ұйымды басқару мүмкін бе? Жауап бір мәнді деп ойлаймын: аппарат керек, бірақ жаңарған, өз функцияларын шеберлікпен атқара алатын аппарат керек. Біз партиялық аппаратты қысқартып, оның құрылымын өзгертуге бардық. Сонымен бірге оны едәуір жаңартып, күшейттік те.

Қазақстан Компартиясы XVII съезінің және КОКП-ның XXIII съезінің қарсаңындағы жалпыпартиялық пікірсайыс ең басты оқиғаға айналды. Бұл пікірсайыс кезінде КОКП-ның жаңа Жарғысының сипаты, партияның бағдарламалық ережелері туралы барынша әртүрлі пікірлер айтылып, қызу қорғалды. Іскер, мүдделі әңгіме қозғалып, оған Қазақстан коммунистерінің басым көпшілігі қатысты. Оның қорытындыларына сүйене отырып, Қазақстан Компартиясының Орталық комитеті республикалық партия ұйымының, біздің пікірімізше, партияның бұдан былайғы тағдырын айқындайтын бірқатар принципті мәселелер бойынша позициясын білдіруді қажет деп есептейді.

Біріншіден, партия ұйымдарының құрылымы мен функцияларындағы түбегейлі өзгерістер социализм принциптеріне адал партияның идеялық бағытына ешбір жағдайда қарама-қайшы келуге тиіс емес. Сондықтан коммунистердің негізгі міндеттерінен туындайтын — біздің мақсатымызды Жарғыда айқын бейнелеуіміз керек. Оның үстіне — біз XXVIII съезд Орталық комитеттің Саяси бюросын, бас хатшысын және хатшыларын сайлауға тиіс деп санаймыз.

Екіншіден, Қазақстан Компартиясының Орталық комитеті демократиялық централизм принципін, партияның идеялық және ұйымдық бірлігінің негіздерін баянды етудің шынайы лениндік дәлелдемесін дамыту туралы көптеген ұсыныстарды қолдайды. Біздің бұл позициямыз неғұрлым егжей-тегжейлі түсіндіруді талап етеді деп ойлаймын.

Жұртқа мәлім, В.И. Ленин демократиялық централизмнің мәні пікірсайыстың барынша кең бостандығын, пікірлердің күресін, мәселелерді талқылау сатысында кез-келген баламалы ұсыныстарды енгізу мүмкіндігін, бірақ шешім көпшілік дауыспен қабылданғаннан кейін іс-қимылдардың бірлігін қамтамасыз етуде деп білді. Біз осы принципті, оның демократиялық мәнін жұрдай етіп, даңғаза бірауыздылыққа салынып, зор шығынға ұшырадық, соның салдарынан толып жатқан асығыс, ойластырылмаған, кейде өзінің зардаптары жағынан қайғылы болған шешімдер қабылданды. Алайда тек олардың іскерлікпен пайдаланылмағандығы салдарынан ғана принциптің өзін теріске шығаруға және баланы кір сумен бірге лықсыта салуға бола ма? Жаңарған партия демократиялық централизмге оның бастапқы лениндік түсінігін қайтаруға тиіс. Әйтпеген күнде біз өзіміздің ең басты ұйымдық негізімізден айрылу қаупіне ұшыраймыз.

Үшіншіден, ішкі партиялық тұрмысты демократияландыру одақтас республикалар Компартияларының мәртебесін өзгертпейінше мүмкін емес. Осыған байланысты біз Қазақстан Компартиясын КОКП-дан тыс деп көз алдымызға елестете алмайтынымызды, бірақ республикалық Компартиялар мен КОКП арасындағы қатынастардың ой елегінен байсалды түрде қайта өткізілуі талап етіп отырғанын тағы да атап көрсеткім келеді.

Өздеріңіз білесіздер, Қазақстан Компартиясының КОКП тұғырнамасы мен Жарғысы шеңберінде жеке бағдарламалық документтерін қабылдауына, ұйымдық, кадрлар және қаржы мәселелерін өзінің шешуіне, баспагерлік жаңа, басқа

кәсіпкерлік қызметті жүргізуіне мүмкіндігі болады. Осы съезде Қазақстан Компартиясы тұғырнамасының қабылдануы — бұл бағыттағы елеулі қадам.

Республика Компартиясының жаңартылған мәртебесі, ішкі және сыртқы саясат мәселелерін шешуде оның дербестілігінің ұлғайтылуы Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің жаңа органын — Саяси бюроны сайлауды қажет етеді. Біз бұл қадамды партиялық және мемлекеттік органдар функцияларының ара жігін нақты ажыратудың және басшылықтың саяси әдістеріне көшудің факторы деп санаймыз.

Партиялық бюджетті қалыптастыру мен жұмсаудың, атап айтқанда, қаржының қай бөлігін бастауыш партия ұйымдарының қажеттеріне қалдыру, қай бөлігін — жалпыпартиялық кассаға бөлу қажет екені тұралы мәселелер конференцияларда қызу талқыланды. Айтыстың себебі жариялылықтың жетіспеуінде деп білеміз: партиялық ақшаның қайда, қандай мақсаттарға жұмсалып жатқаны жайында әдетте қатардағы коммунистердің ұғымы жоқ. Содан барып партиялық ақшаның көп бөлігі бейне бір орталық аппаратты ұстауға пайдаланылады деген негізсіз пайымдаулар айтылуда. Теріс түсініктердің болмауы үшін мынаны айтайын: Орталық комитеттің және Партия тарихы институты қызметкерлерінің жалақысына бюджеттің 4% ғана жұмсалады, қалғаны төменгі партия ұйымдарына, соның ішінде бастауыш партия ұйымдарына беріледі. Әрине, партиялық жарналардың қандай бөлігі бастауыш ұйымдардың қарамағында қалуға тиіс екенін съезд шешеді, алайда Орталық комитеттің осы проблема жөніндегі көзқарасын айтпауыма болмайды.

Алғаш қарағанда, Жарғы жобасында көрсетілгеніндей, жарнаның 50%-ын бөлу әділ сияқты. Бірақ ойластырып көрелік, республиканың барлық бастауыш ұйымдары бірдей жағдайларда бола ма? Коммунистердің сан құрамы жағынан да, жалақысының деңгейі жағынан да олардың көбі, былайша айтқанда, түрлі «салмақ категорияларында». Мысалы, Қарағанды металлургия комбинаты мен кеңшардың, мекеменің, мектептің... бастауыш ұйымдарының бюджетін салыстыруға бола ма? Партияның көкейкесті қажеттері тұрғысынан, партиялық жолдастық тұрғысынан да қаржыны орталықтан қайта бөлу қажет. Мұнсыз партияның құрылымын да, оның іскерлік қабілетін де сақтауға болмайды.

Бүгінде жұрттың бәрін — коммунистерді де, партияда жоқтарды да, социалистік жаңару ісін қымбат тұтатындарды да партияның, оның ұйымдарының беделін нығайтудың жайы ойландыруда. Мұның өзі түсінікті, өйткені, ел жүріп өткен жол, оның оңай емес барлық кезеңдері коммунистердің жасампаздық қызметімен байланысты. Адамдар зор үмітін партиямен байланыстыруда және оны әрбір партия ұйымында мазмұнды, толыққанды ішкі партиялық тұрмыс, іскерлік шығармпаздық ахуал қамтамасыз етілген, бұқарамен байланыс барынша нығайтылып, идеялық ықпал ұлғайтылған жағдайда ғана ақтауға болады.

Жолдастар!

Айтылғанның бәрін қорытындылай келіп, былай деп атап көрсеткім келеді: біз қазір бастан кешіп отырған тарихи даму кезеңінің ерекшелігі — қайта құру қарқын ала бастай ма, өзін нақты нәтижелермен баянды ете ме, социализмді дамыту үшін жаңа перспективалар аша ала ма, әлде миллиондаған адамдардың үмітін ақтамай, доғарылатын бола ма деген сауал саяси күн тәртібінен іс жүзінде әлі де алып тасталған жоқ. Біздің съезімізде республикалық партия ұйымының тұғырнамасын қабылдай отырып және КОКП Орталық комитеті тұғырнамасының жобасын жалпы қолдай отырып, біз өзімізге ешнәрсемен салыстыруға болмайтын жауапкершілік алып отырмыз. Сондықтан әрбір коммунист, әрбір партия ұйымы қоғамдағы өзінің

рөлі мен орнына талапшылдықпен қарауға тиіс. Әркімнің өзіне мынадай қарапайым сұрақ қоюы керек: біз кімбіз — В.И. Лениннің сөзімен айтқанда, «бұқара бар жерде жұмыс істеуге», қайта құрудың алдыңғы сапында болуға тиісті шын мәніндегі күрескерлерміз бе, әлде оның қатарында жай ғана саналып жүрміз бе? Жауап — нақты істерде, адамдар өмірінің нақты жақсаруында.

Алда КОКП XXVIII съезі күтіп тұр. Үстіміздегі жылы біз Қазақ КСР мен Қазақстан Компартиясы құрылуының 70 жылдығын да атап өтеміз. Бұл оқиғалар қайта құрудың барысына, қоғамдық-саяси жағдайға игілікті, ынталандырушы, игі ықпал ететіні сезсіз. Оларға әзірлікті қоғамның барлық салауатты күштерін топтастыру, халықтың партияға деген сенімін нығайту жөніндегі белсенді іс-қимылдармен барынша ұштастыру қажет.

Адамдардың алдына олардың ақыл-ойы мен жан-жүрегін баурай алып, рухтандыра білетін асқақ мақсаттарды қойғанымызда ғана қоғамдық бірлікке қол жеткізуге болатынын жақсы түсінеміз. Мұндай мақсаттар бізде бар, олар Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті тұғырнамасының ең басты өзегін құрайды.

Ең алдымен біз халықтың тұрмысын жақсарту үшін Қазақ КСР-нің саяси және экономикалық егемендігін орнықтыру жолында күресеміз. Республиканың аса бай ресурстары, қуатты шаруашылық потенциалы қазақстандықтардың қазіргі және болашақтағы ұрпақтарының қажетіне жаратылуға тиіс, әрбір адамның еркін шығармпаздық еңбегі мен әл-ауқатының негізі болуға тиіс.

Біз Одағымыздың бірлігін қорғаймыз, өйткені біздің федерация нығайған сайын, кеңес халқы топтаса түскен сайын еліміздің, оның үстіне әрбір республиканың беделі дүниежүзілік қоғамдастықтың көз алдында биіктей түсетініне кәміл сенемін.

Интернационализм, халықтардың туысқандық достығы бұрынғысынша біздің туымыз болып қала береді. Өзінің бүкіл беделімен Қазақстан Компартиясы республика азаматтарының қай ұлтқа жататынына қарамастан тең құқықтарын қорғайды, заңдылық пен құқық тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Біз қайта құрудың ең басты топтастырушы күші, халықтың қам-қарекетімен және арман-тілегімен тыныстаушы, ізгілікті демократиялық социализмнің мүдделерін орнықтырушы — КОКП-ның бірлігін жақтаймыз.

Республикалық партия ұйымының абдырап және дағдарып қалмауы үшін, біздің ұрпағымыздың үлесіне тиген ауыр сындардан зор абыроймен шығу үшін, лениндік жолға және біздер, коммунистер үшін жалғыз ғана мүмкін социалистік таңдауға адалдықты дәлелдеу үшін жеткілікті шығармпаздық және идеялық потенциалы бар екенін съезд мінберінен мәлімдеп, жалпы жұрттың пікірін білдіремін деген үміттемін!

«Бәріміз — бір бауырмыз» атты Қазақ теледидары арқылы Қазақстан халқына үндеуі

Алматы қаласы, 1990 жылдың 10 қыркүйегі

Қымбатты жолдастар, жерлестер!

Мен сіздермен республика өзінің жауапты даму кезеңіне аяқ басуына байланысты сұхбаттасқалы отырмын. Біз саяси және экономикалық егемендікке жетуге және оны жүзеге асыруға таяумыз. Қазақстанның барлық тұрғындары үшін осы идеяның қаншалықты тартымды екенін біле отырып, әзірленіп жатқан жаңа Одақтық шарттың жобасына біз енгізген кейбір тұжырымдардың мәнісін сіздерге түсіндіріп бергім келеді. Сонымен бірге нарық қатынастарына көшу сияқты аса маңызды мәселеге және осыған байланысты әрбір еңбек коллективінің, әрбір қазақстандықтың өз еңбегінің нәтижелеріне деген, моральдық-психологиялық және қоғамдық-саяси оң ахуалды сақтау жөніндегі өскелең жауапкершілігіне тоқталып өткім келеді.

Қайта құру барысында біз ұлттық-мемлекеттік құрылым принциптерін қайта қарауға, аса терең экономикалық реформаларды жүзеге асыру қажеттігіне ден қойдық. Орталық пен ведомстволардың қатыгез өктемдігіне, түрлі идеологиялық бүркемеге, іс-әрекеттер кен ақыл-ойды өлшеп-пішуге, ұлттық мәдениеттерді бір ізге салуға сүйеніп келген әміршіл-әкімшіл системаның кісенінен құтылу қам-қарекетін жасаудамыз.

Біз өмірді мүлдем жаңа негізде — егеменді мемлекеттер одағы негізінде жолға қоя бастадық. Осы келісімнің кейбір тұжырымдары әлі де пысықталу үстінде, алайда оның мәнісі барынша айқын — республикалар өздерінің территориясында орналасқан барлық ұлттық байлыққа ие болудың, пайдаланудың және жұмсаудың толық құқығына ие болады. Бұған жер, оның қойнауы, су, әуе кеңістігі және басқа да табиғи ресурстар, мемлекеттік егемендіктің материалдық негізі болып табылатын бүкіл экономикалық және ғылыми-техникалық потенциал енеді. Одақтың өзі республикалармен өзара мүдделі, терезесі тең әріптестікке сүйенеді. Әлбетте, республикалар өкілеттіктердің бір бөлігін өздерінің қалауы бойынша жаңа, өздері құрған одақтың басқару органдарына жүктейді. Бұл орайда өзінің сипаты бойынша ел көлемінде біртұтас басшылықты қажет ететін қызмет салалары: іргелі зерттеулер, қорғаныс бағдарламалары, біртұтас энергетикалық жүйе, атом энергетикасы, космос жүйелері және тағы да басқа салалар ескеріліп отыр.

Жаңа Одақтық шартқа негіз болатын экономикалық одақ құру туралы келісімге ұйытқы болған идеялар қысқаша осындай. Қазақстандықтар республика басшылығы бұл проблемаларды барлық деңгейде, барлық мінберлерден дәйекті және табанды түрде көтергенін біледі. Олардың шешілуі ұзаққа созылып кетуіне біз кінәлі емеспіз. Біздің одақтың негіздерін түбегейлі түрде қайта қарау қажеттігі ертелеу түсінілген болса, ел көптеген өткір жанжалдарға, экономикалық шығындарға, республикааралық шаруашылық байланыстарының ыдырауына, орталықтан бойды аулақ салу әрекеттерінің күшеюіне жол берілмес еді.

Қазіргі кезде саясатта, экономикада, рухани салада дұрыс іс-қимыл бірте-бірте белең алып келе жатыр.

Бірқатар аса маңызды көрсеткіштер бойынша біздің республикамызда экономика еліміздің бірқатар басқа аймақтарына қарағанда неғұрлым тәуір болып отырғанын біз

қанағат сезімімен атап көрсетеміз. Бұған ең алдымен тыныш, жасампаздық жағдайды сақтаудың есебінен жету мүмкін болды. Азаматтық татулықты алдағы уақытта да қымбат тұтқан абзал, онсыз нарықтық экономикаға ойдағыдай көшу мүмкін емес. Біз нарыққа әлдебір эксперименттер үшін емес, қайта әркімге лайықты өмір жағдайларын туғызу, жеке адамды асқақтату, өркениетті қоғамда, жалпы адамзаттық қазыналар әлемінде тең құқықты өмір сүру үшін бара жатырмыз. Халықтың сана-сезімін нарықтық экономика алдындағы үрейден арылту, жоғары білікті, іскер, жұмыс істей білетін адам жаппай теңестіру жағдайына қарағанда әлдеқайда жақсы өмір сүре алатынын түсінуіне күш салу қажет. Мұның өзі саяси маңызы зор міндет. Бірақ, орын алып отырған қиыншылықтарға қоғамдағы жағдайдың тұрақсыздығына байланысты жаңа қиыншылықтар да қосылатын болса, ол міндетті біз ешқашан орындай алмаймыз. Соңғы кезде мен еңбек коллективтерінен, жекелеген азаматтардан ашықтан-ашық алаңдаушылық білдірілген көптеген хат алып отырмын. Олардың авторлары: еліміздің басқа аймақтарында орын алған қайғылы ұлтаралық сілкіністер қатері бізге де төніп отырған жоқ па? деген сауал қоюда.

Ашығын айту керек, біздің республикамызда да қайта құру, демократияландыру және жариялылық идеяларын үстірт және тым қате түсіндіретін адамдар пайда болды. Өздерінің біліксіздігі немесе, одан да бетер, саяси өресіздігі салдарынан олардың мәлімдемелері мен талаптары өмірлік ақиқаттан және біздің алдымызда тұрған күрделі міндеттерді шешуден алшақ жатыр. Мен республика шекарасын қайта кесіп-пішуге ұмтылуды, оның территориялық тұтастығына қастандық жасаушылықты, екінші жағынан, бірқатар бейресми қозғалыстардың ұлтшылдық мақсаттарын айтып отырмын. Бұл орайда олар бейбіт жағдайда өмір сүруге, балаларын өсіруге, жақсы табыс табуға ұмтылған адамдардан сендерге осындай ұрандар мен іс-қимылдар қажет пе деп сұрамайды да.

Қазақстан көпұлтты, оның бірегейлігі де осында. Тек тізе қосқанда ғана, тек тығыз бірлік пен достықта ғана біз өзіміздің барлық проблемаларымызды шеше аламыз. Басқа жол жоқ. Өшпенділіктің және дүрдараздықтың бұралаң соқпақтары тек тығырыққа ғана апарып соқтырады, одан ауыр құрбандыққа және адамдардың зор қайғы-қасіретіне ұшырамай шығудың өзі екіталай.

Кейбір арзан абыройға дәмелілердің өздерінің арам ниетті мақсаттарын демократия, плюрализм туралы сөздермен бүркемелеп отырғаны қауіпті. Бірақ, ойланып көрейікші: 100, мейлі тіпті 1 мың адамның кеудемсоқтығын қанағаттандыру үшін миллиондаған қазақстандықтардың мүдделерін аяққа басуға біздің құқығымыз бар ма? Жоқ, мұндай «демократияға» да тосқауыл қою керек. Төрелігін өздеріңіз айтыңдаршы, мұндайлар республиканың егемендігі туралы айтуын айтады да, оның бер жағында біз қазірдің өзінде таяп келіп қалған нақты өзгерістерді жүзеге асыруға бөгет жасайды. Адам құқығын қорғау туралы көлгірсиді де, дереу бір ұлттың мүдделерін екінші ұлттың мүдделерінен жоғары қойып, бір кезде онсыз да жапа шеккен халықты көшіруді талап етіп шыға келеді. Әлеуметтік әділеттілік туралы даңғаза көтереді де, жерді ұлттық белгісі бойынша бөлуге ұмтылады. Жекелеген осындай пікірлердің жол беруге болмайтын, қорлау сарыны туралы айтпай-ақ қояйын.

Сөйтіп, қорытындысында біз неге жетпекпіз? Ешкімді қызықтыра қоймайтын мұндай өмірге болжам жасау үшін көреген болудың керегі жоқ шығар. Оның үстіне, ұлтаралық егесулердің ащы мысалдары жетіп жатыр. Республикада қазірдің өзінде ұлттық белгісі бойынша бір-біріне қарсы тұратын қоғамдық қозғалыстар құру ниетінің ойластырылып жатқаны құпия емес. Егер солай болса біз қоғамның

жікке бөлінуінің нақты қаупіне тап боламыз, көрсоқыр ұлттық шамшылдықтың аманаткерлеріне айналамыз.

Республика Президенті ретінде конституциялық нормаларға қайшы келетін барлық талаптарды, үндеулер мен іс-қимылдарды құқық қорғау органдарының тыйып тастайтынын мәлімдеймін. Ұлтаралық араздықты ұйымдастырушылар, олар кім болса да, заң бойынша жауапкершілікке тартылады.

Мен адамдардың ақыл-парасатына жүгінемін: біздің алдымызда орасан зор істер тұр, тұрмыс дәрежесін күрт арттырудың, жеке адамның жан-жақты дамуы үшін толыққанды жағдайлар жасаудың кең перспективалары ашылуда. Ендеше ұсақ саяси даңғойлықты және өзімшілдік мүдделерді қанағаттандыру үшін осының бәрін тәуекелге тігуге бола ма?

Осыған байланысты тағы да бір маңызды мәселе бар. Өздеріңіз білесіздер, күрделі экономикалық проблемаларды шешу үшін біз шетел капиталын белсенді түрде тарта бастадық. Бұл шараның қажеттілігін жұрттың бәрі түсініп отыр. Алғашқы қадамдар жасалды, атап айтқанда, қазірдің өзінде бірлескен кәсіпорындар жұмыс істеп, жеңіл өнеркәсіп орындарында тауар өндіретін шетелдік желілер орнатылып жатыр. Батыс елдерінің іскер топтарымен ынтымақтастық үшін кең мүмкіндіктер ашылуда.

Біз Азияға есік ашып отырмыз. Таяу күнде Кеңес Одағы мен Қытай Халық Республикасының темір жолдары түйіседі. Бұл халықаралық ауқымдағы зор оқиға, өйткені, жаңа, неғұрлым қысқа «Еуропа-Азия» көпірі ашылады. Қысқасы, Қазақстанға, бүгінгі таңда көптеген елдердің іскер топтарының назары аударылып отыр. Оның үстіне әңгіме өзара тиімді ынтымақтастық туралы болып отыр, мұның өзі біздің көптеген әлеуметтік, экологиялық қырсықтарымызды жоюға жәрдемдеседі.

Ал, Қазақстан Батыс пен Шығыс бизнесмендерін несімен қызықтырып отыр? Сөз жоқ, зор экономикалық мүмкіндіктерімен, ұлан-ғайыр ұлттық байлығымен, кешелі ғылыми, интеллектілік потенциалымен қызықтырып отыр. Тек осылармен ғана емес. Ең алдымен — тыныш жағдайымен қызықтырып отыр. Егер республикада қоғамдық-саяси жағдай тұрақсыз болса, бірде-бір фирма, бірде-бір компания іске бір цент те, бір иен де жұмсамақ емес.

Бейбіт жасампаздық еңбекке жәрдемдесетін тұрақтылықты сақтау жолындағы күресте бұл шынымен-ақ дәлелді уәж емес пе?

Әлеуметтік салада да, адамгершілік саласында да мықты тәртіп болмайынша, нарықтық жағдайда, оның үстіне, нарыққа көшудің ең жауапты кезеңінде мықты тәртіп болмайынша бірде-бір қоғам төтеп бере алмайды. Біздің жоғары заң шығарушы органымыз — республиканың Жоғарғы Кеңесі де саяси және қоғамдық тұрақтылықты қорғау жөніңде өзінің салиқалы сөзін айтуға тиіс деп ойлаймын. Ол халықты қоғамдық тыныштықты ұнатпайтындардың кеудемсоқтық ниеттерінен, ұлттық сезімді қоздыруға неше түрлі әуесқойлардан сенімді түрде қорғайтын қаулылар қабылдауға хақы бар.

Ашығын айтсам: азаматтық татулық жолында кесе-көлденең тұрғандар — республиканың болашағына қол сұғады, Қазақстанды гүлденген, ерікті, жемісті халықаралық ынтымақтастық үшін ашық ел ету жөніндегі ұрпақтар алдындағы біздің ортақ борышымызды орындауға бөгет жасайды.

Мен нақ осындай болашаққа сенемін, республиканың барлық тұрғындарын проблемалардың бәрін — саяси проблемаларды да, экономикалық проблемаларды да, ұлтаралық проблемаларды да өркениетті, демократиялық жолмен шешудің үлгісін көрсетуге шақырамын.

«Республиканың болашағы жолында» атты Қазақ теледидары арқылы сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1990 жылдың 6 қазаны

Қадірлі достар, бауырлар!

Қазір мен де, өздеріңіз сияқты, өзгеше қуаныш үстіндемін. Өйткені, бүгін біз тарихымызда түңғыш рет Республика күнін атап өтіп отырмыз.

Бұл саяси және экономикалық өміріміздегі, Кеңестік федерацияны қайта құру жөніндегі зор өзгерістер алдында болашақ есігін ашып, жаңа жолға шығумен бірдей. Мақсатқа жету үшін сонау бастауларымызды жете танып-біліп, өрі де, ылдиы да мол өткен кезеңдер сабағын есте ұстағанымыз жөн. Қазақ КСР мен Қазақстан Компартиясының 70 жылдық тойына тұспа-тұс келген Республика күні мейрамы өткенге көз жіберіп, болашағымыз қандай болмақ деген сауал төңірегінде ой өрбітуге мүмкіндік береді.

Өздеріңізге белгілі, осыдан тура 70 жыл бұрын — 1920 жылғы 6 қазанда Қазақстан Кеңестерінің I құрылтай съезі Қазақ АКСР-ының құрылғанын жариялады, ол кейін 1936 жылы одақтас республикаға айналды. Бұл күн, сөз жоқ, қазақ халқының көпғасырлық тарихындағы аса ірі белес еді. Социалистік мемлекеттікке қол жеткізу халықтың әділетті әлеуметтік құрылыс жайлы арманының орындалуы болатын. Бірақ басқа халықтармен терезесі тең жағдайға жету құқы әлдебіреудің жоғарыдан ұсынған сыйы емес-тін, ол күрделі саяси және әлеуметтік күресте жеңіп алынды.

Бүгін біз республика өміріндегі елеулі өзгерістердің барлығы да бірнеше ұрпақтың, әртүрлі ұлт өкілдерінің ынтымақты іс-қимылының жемісі екенін атап айтамыз. Біз бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара отырып, Түрксіб пен Қазақстан магниткасын, Балқаш пен Жезқазғанды, тың шаруашылықтарын қаз тұрғыздық. Республика тарихы көптеген халықтардың ортақ тағдырына айналды. Уақыт сынынан мүдірмей өткен достық дәнекерлерін той күндері ғана емес, күнделікті қатқабат қарбалас тіршілігімізде де ұмытпағанымыз жөн.

Кеңес өкіметі жылдары қазақстандықтар өздерінің ұйымшылдығын, достыққа адалдығын талай танытты. Елімізде қалыптасқан экономикалық, мәдени және рухани байланыстарға қатер төне бастаған қазіргі күрделі жағдайдың өзінде республикадағы қоғамдық-саяси ахуал біршама орнықты күйде қалып отыр. Мұның өзі бар күш-жігерімізді адамдардың әл-ауқатын жақсартуға, олардың жемісті еңбек етуіне жағдай жасауға жұмылдыруға мүмкіндік беруде. Былтыр ұлттық табыстың 80% әлеуметтік мәселелерді шешуге жұмсалды. Халық тұтынатын тауарлар өндіру көлемі 1,6 есе өсті.

Биылғы жылдың бірінші тоқсанында тұрғын үй салу жөніндегі бесжылдық жоспарды ойдағыдай орындап шықтық. Республикамыздың әртүрлі аймақтарында экологиялық сауықтыру жұмыстары кең қанат жайып келеді. Қазақстанда тұратын халықтардың рухани өміріне қатысты проблемаларды шешумен дәйектірек айналысатын болдық.

Қазір де еңбек коллективтеріндегі жұмыс ахуалы жақсы. Биыл республика диқандары бітік егін өсірді. Көптеген қиыншылықтарға қарамастан астық, көкөніс, картоп жинау аяқталып қалды. Өнімнің негізгі бөлігі қоймаға құйылып алынды. Мал

шаруашылығындағы жағдай да біршама түзеліп келеді. Сүт өндіру былтырғыдан тәуір. Ет дайындау да межелі мөлшерде.

Әрине, мұның бәрі республиканың нарық экономикасына көшіп, жаңа тұрпатты егеменді социалистік мемлекетке айналуына қолайлы жағдай туғызып отыр.

Біз республиканың болашағы туралы не ойлаймыз, мемлекеттік құрылысты, экономикалық, қоғамдық өмірді жақсарту бағытында нені көксейміз?

Бір қарағанда, бұл сауалдарға жауап беру онша қиын емес. Біз Қазақстан әр адамның, әрбір ұлттың және әлеуметтік топтың рухани дамуына, жеке адам құқын жүзеге асыруға мүмкіндік бере алатын ерікті республикаға айналса екен дейміз. Бірақ бұл мақсатқа жету оңай емес. Ол үшін басқару жүйелерін өзгертіп қана қоймай, адамдардың жанын жегідей жеп, еркін тежей беретін идеологиялық догмалар мен аңыздардан арылу қажет.

Біз адамдардың еркін дамуын қамтамасыз ету үшін оларды жерге, жұмыс орнына, бүкіл қоршаған ортаға жатбауыр ететін мемлекеттік езгіден бас тартамыз. Жасалып жатқан жаңа Одақтық шартты қолдай отырып, бар байлық пен игілікке халықтың өзі иелік етуін талап етеміз. Біз ешқашан да Қазақстанды Одақтан тыс санаған емеспіз. Бірақ ол әртүрлі ведомстволардың жиынтығы емес, өзара экономикалық және рухани мүдделер ортақтастығы арқылы топтасқан тең құқықты егеменді республикалар одағы болуға тиіс.

Біз осы уақытқа шейін шімірікпестей «бүкілхалықтық» деп аталып келген, ал шын мәнінде ешқашан да халықтікі болып көрмеген меншік түрінен де бас тартамыз. Экономикалық жағынан тиімді нарықтық қатынастарға көшу арқылы адамдарға өздерінің іскерлік қабілеттерін барынша жарқырата танытып, өз жерлеріне өздері қожа болу құқын қайтарғымыз келеді.

Біз адамдардың дара қасиеттерін басып-жаншуды, оларды жаттанды ойлауға итермелеуді, жасанды бірауыздылықты батыл айыптаймыз. Адамды ойыншық етіп, халықтың мәдениетін, дәстүрін, тілі мен жадын біркелкі етуге ұмтылушылыққа батыл тосқауыл қоямыз. Өйткені, ол адамдар бойында сенімсіздік туғызып, оларды бір-бірінен ажырата түседі. Біз өркениет тарихында жасалған жалпы адамзаттық игіліктерге, ар-ождан еркіндігіне, қоғамдық өмірді демократияландыруға баса көңіл бөліп отырмыз. Алдағы уақытта да солай жасаймыз.

Біз өзара тиімді экономикалық байланыстар, озық идеялар мен технологиялар, жоғары мәдениет салтанат құратын қоғамды жақтаймыз.

Бірақ біз әлі бұл үлкен жолдың басында ғана тұрмыз. Ол социалистік жол екендігіне де шүбәміз жоқ. Өйткені, бұған дейін социализмнің шынайы мұраттары казармалық, бөліп таратушылық қатынастармен шатастырылып келді ғой. Біз алдағы уақытта заң шығару жөнінде де, орындаушылық тәртіпті нығайту жөнінде де, ағартушылық бағытында да қыруар жұмыс тындыруымыз керек. Адамдарға жаңа экономикалық қатынастарға көшу кезінде кездесетін қиындықтарды жеңуге көмектесу, олардың әрқайсысының бойындағы өзін-өзі биік ұстау, тапсырылған іске және жасаған қадамына деген жауапкершілік сезімін ояту біздің парызымыз болып табылады.

Біз күрделі де қиын демократия мектебінен өтуіміз керек. Өйткені, бұрыннан бойға сіңген әдет бойынша кейде шынайы еркіндік пен демократияны ойға не келсе соны істеу деп қабылдаймыз, өз пікірімізді ғана әспеттейміз, ал заң тәртібін қолдануды өктемдікке саямыз.

Ойға алғанның бәрін жүзеге асыру үшін қазір бізге ұлтаралық татулық, азаматтық келісім мен жайлы саяси ахуал қажет. Таяуда республикадағы барлық қоғамдық-саяси күштер өкілдері осындай байламға келді. Біз республиканың күрделі тарихи кезеңдерде қалыптасқан территориялық тұтастығына — егемендігіміздің негізіне қол сұғушылардың қай-қайсысына да батыл тойтарыс береміз.

Мен республиканың жарқын болашағына, жұмсалмаған күшіміз бен іске қосылмаған мүмкіндіктеріміз әлі мол екеніне кәміл сенемін. Қазақстандықтардың отаншылдығы мен жасампаздық қуатына сенемін.

Қадірлі отандастарым!

Сіздердің барлығыңызды ізгі мейрам — Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын. Қазақстандықтар уақыт талабы биігінен көрініп, республиканың гүлденуі мен жалпыұлттық татулық үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды деп үміттенемін.

Бейбітшілік пен бақыт тілеймін, қадірлі достар! Әр ошақта, әр шаңырақта қызық пен қуаныш мол болсын.

Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің II пленумында сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1990 жылдың 11 қазаны

Жолдастар!

Экономикалық реформаны жүргізу мен нарықты экономикаға көшудегі КОКП-ның саясаты туралы қарар партияның XXVIII съезінің жұмысын қорытындылаған құжаттардың бірі болғаны белгілі. Бірақ біз осы мәселенің мәнісі мен нақты сипатына терең көз жүгірткен сайын көптеген күрделі проблемалар туындап, олар жұртшылықты барған сайын қатты алаңдатуда, алуан түрлі пікірлер, кейде тіпті өткір айтыстар туғызуда. Және бүгінгі таңда ең бастысы, сірә, нарық бола ма, әлде болмай ма деген мәселеде емес: бұл жөнінде алауыздық, меніңше жоқ. Өзекті проблема біздің нарық қатынастарына қандай жолдармен баратынымызда, жаңа экономикалық принциптерді қандай тәсілдермен жүзеге асыратынымызда болып отыр.

Бұрнағы күні КОКП Орталық комитетінің қазан пленумы өзінің жұмысын аяқтап, оған қатысушылар «естен тану терапиясы» деген өте тауып қойылған түбегейлі әдісті аулақ серпіп тастап, партияның бекем айқындамасын білдірді.

Біздер, коммунистер, айқын экономикалық тиімділіктер мен реформаны жеделдету үшін халықтың едәуір бөлігін соққы астында қалдыра алмаймыз, өтпелі кезеңнің сөзсіз болмай қоймайтын барлық қиыншылықтарын оның мойнына аудара салмақ емеспіз. Пленумның шешімі дұрыс деп ойлаймын. Ол қазақстандықтардың да ой-арманына сай. Қалай болған күнде де, жуырда Қазақстан Компартиясының Орталық комитетінде болған кездесуде өнеркәсіп, құрылыс, транспорт, байланыс, аграрлық-өнеркәсіптік кешеннің ұқсатушы салалары кәсіпорындарының жұмысшылар коллективтерінің өкілдері адамдар тағдырына, социализм тағдырына нақ осындай алаңдаушылық білдірді. Сондықтан да бүгін республика үкіметінің нарыққа көшу жөніндегі бағдарламасына қарай отырып, біз ұсынылған тұжырымдамаға өзіміздің көзқарасымызды білдіріп қана қоймай, сонымен қатар қандай да болсын өтпелі кезеңге тән іркілістерді барынша азайтуға мүмкіндік беретіндей, адамдардың мұң-мұқтажы мен ой-арманына барынша сай келетіндей айқындама жасауға міндеттіміз.

Бұл жол — бос қиял емес екеніне кәміл сенімдімін. Қазақстан өмір сүріп отырған нақты саяси және экономикалық жағдай реформаны айтарлықтай бірқалыпты және қиналмай жүргізуге деген үміт отын тұтатып отыр. Мұндай сенімділік коммунистердің, барлық еңбекшілердің күш-жігерімен республикада тұрақты қоғамдық-саяси жағдайдың сақталып отырғанына орай жалпы жұрт таныған фактіге негізделген. Ал бұл, өз кезегінде, экономиканы адамға, оның талап-тілегіне қарай бұруды жеңілдетеді. Сөйтіп, саяси тұрақтылық — өте маңызды, мен айтар едім, тағдырлы маңызы бар фактор.

Тек өткен жылы ғана әлеуметтік міндеттерді шешуге республикада тұтыну мен қор жинауға жұмсалатын ұлттық табыстың 80%-ға жуығы пайдаланылды. Тұтыну заттарын өндіру өндіріс құрал-жабдықтарын өндірумен салыстырғанда озық қарқынмен дамыды. Тұтыну заттарын («Б» тобы) шығару 4 жыл ішінде 25%-ға

артса, өндіріс құрал жабдықтарын («А» тобы) өндіру 15%-ға өсті. Халық тұтынатын тауарлар шығару 1,6 есе және халыққа көрсетілетін ақылы қызметтер көлемі 1,7 есе ұлғайды. Біз ет өндіруді 1/4 арттырдық.

Қазақстан тұрғындары инвестициялық саясаттағы әлеуметтік қайта бағдарланудың нәтижелерін де айқын сезінді. Өткен 4 жылда тұрғын үй құрылысы мен әлеуметтік салада күрделі қаржы 11-ші бесжылдықпен салыстырғанда жыл сайын 1,2 есе көп игеріліп отырды. Үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанында республика тұрғын үйлерді пайдалануға берудің бесжылдық жоспарын орындап шықты. Ол бұл көрсеткіш бойынша елімізде Беларусьтан кейінгі екінші орынға шықты. 4,5 жыл ішінде мектептер, мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері, ауруханалар, емханалар, клубтар өткен бесжылдықты түгелдей алғандағыдан көп салынды.

Конверсия, өндірістік бөлімшелерді қайта бағдарлау, «А» тобының кәсіпорындарында жаңа цехтер мен учаскелер салу, шетелдік компаниялармен бірлескен өндірістер ұйымдастыру, тоңазытқыштар, электр шаңсорғыштар, компьютерлер, бейне жазу магнитофондарын, тұрмыстық, жылыту агрегаттарын және басқа өнімдер шығару үшін қуаттар жасауға мүмкіндік береді.

Өткен 4 жыл ішінде ауылшаруашылық өндірісінде де жақсылық, жағына қарай елеулі ілгерілеу болды. Мәселен, жылына орта есеппен 25 930 мың тонна астық жиналды — бұл 1981–1985 жылдарда жинағанымыздан 22% көп. Меншікті қосалқы шаруашылықтар қомақты үлес қосуда. Оның үстіне, олардың ортақ қазынаға қосатын үлесінің жылдан-жылға өсіп келе жатқаны да қуанышты. Мысалы, үстіміздегі бесжылдықта мұнда орташа жылдық ет өндірісі сойыс салмағымен алғанда 441,6 мың тонна, сүт 2 281,8 мың тонна болды, бұл осының алдындағы жылдардағыдан едәуір көп.

Алайда қол жеткенге объективті әрі сын тұрғысынан жасалған талдау толғағы жеткен көптеген әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуде өзіміз күткендей бетбұрысқа біздің қол жеткізе алмағандығымызды дәлелдейді. Бұл жерде, әрине, біздің көптеген кемшіліктеріміз келеңсіз роль атқарғаны рас. Жалпы алғанда еліміздің экономикасындағы елеулі іркілістер де республика халық шаруашылығы кешенінің ойдағыдай жұмыс істеуіне әсер етпей қойған жоқ. Бұл кешеннің әртүрлі салаларында республикалар арасындағы өнім беруге қатысты көлбеу байланыстардың үзілуі салдарынан оқтын-оқтын қиын жағдайлар қалыптасуда. Мұның өзі халық тұтынатын тауарлар шығарудан ерекше көрініп отыр. Мәселен, төртінші тоқсанда бізде тоқыма, аяқ киім, тігін және трикотаж кәсіпорындарының тоқтап қалмауына толық кепілдік жоқ. Республика жеңіл өнеркәсібінің әрбір екінші кәсіпорны қазірдің өзінде осы себептер бойынша өнім шығару көлемін қысқартты. Импорт бойынша иірілген жіп, жүн мата, бояулар, мақта, картон, синтетикалық талшық, жасанды мех беру де тоқтатылды. Латвия, Эстония, Украина, Беларусь, Грузия, РКФСР міндеттемелерін орындамай отыр. Бұл өз кезегінде республика ішіндегі салааралық байланыстарға да әсер етеді — бізде де шарттық өнім беруін бұзып отырған кәсіпорындар саны өсе түсуде.

КСР Одағы үкіметі қабылдап жатқан шешімдердің ойластырылмағандығы мен дәйексіздігінің, экономикалық процестерге бақылауды жоғалтуының, ақша және қаржы-кредит саясатын жүргізудегі елеулі жаңсақтықтардың салдарынан болып жатқан кемшіліктер де аз емес. Қазақстан бойынша ақша эмиссиясы үстіміздегі жыл ішінде 1,3 есе ұлғайып, 1,2 млрд. сомға жетті, бұл шамамен 1986-1987 жыл-

дарды қоса алғандағы эмиссия көлемімен бірдей. Үстіміздегі жылдың 9 айы ішінде жалақы өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 10%-ға ұлғайды, ал өндірілген ұлттық, табыс 0,7%-ға қана өсті.

Қалыптасқан жағдайдан тек әлеуметтік бағдарланған нарық экономикасын қалыптастыру жөніндегі өзара үйлестірілген шаралар кешенін жедел жүзеге асырғанда ғана шығуға болады. Өзгерістерді бірте-бірте жасау уақыты сарқылып бітті.

Әңгіме соңғы жылдарда аз болмаған экономикадағы кезекті үстіртін реформа туралы емес, қайта, В.И. Лениннің сөзімен айтқанда, «Социализмге деген біздің бүкіл көзқарасымызды» түбегейлі өзгерту жөнінде болып отырғанын бәріміздің айқын түсінуіміз керек. Сондықтан нарыққа көшудің бағдарламасына жан-жақты мұқият талдау жасау, оның барлық тиімді және тиімсіз жақтарын салмақтау маңызды. Біздің айқындамамыз анық, принципті және дәйекті болуға тиіс. Нарыққа көшудің болжап болмайтын саяси және әлеуметтік-экономикалық дүрбелеңдерге, дағдарысты құбылыстардың тереңдеуіне әкеліп соғуына жол беруге болмайды.

Нарықтың тек бағалар ғана емес екенін адамдарға түсіндіру біздің міндетіміз. Нарық — ең алдымен адамға бағдарланған, тиімді экономика, бұл өз еңбегінің нәтижелеріне адамдардың аса зор мүдделілігі, демек — еңбекшілердің қалың бұқарасының шынайы шығармашылығы.

Еңбекті еркін етіп, адамның ертеңгі күніне, өз балаларының болашағына деген сенімін күшейтетін де нақ сол нарық. Күшпен жұмыс істетуден, монополизмнен, теңгермешіліктен тек нарық экономикасы жолында ғана біржолата қол үзе алатынымыз біз үшін енді айқын болып отыр.

Және, сайып келгенде, көлеңке экономиканың алымсақтық, парақорлық, алыпсатарлық сияқты көріністерін тыюға тек нарық қана мүмкіндік береді.

Үкімет ұсынып отырған іс-қимылдардың дербес, орталықтан, басқа одақтас республикалардан оқшау бола алмайтыны түсінікті. Біз Одақтық бағдарламадағы негізгі принциптерді мойындаймыз. Сонымен бірге Қазақстан Компартиясының Орталық комитеті, Министрлер Кеңесінің коммунистері республиканың өндіріс құрылымына, қаржы жағдайына, азық-түлік пен жабдықтауға, халық тұтынатын тауарлардың берілуіне, сыртқы экономикалық қызметтің потенциалына және басқа факторларға байланысты өзіндік ерекшеліктерінің ескерілуіне қол жеткізуге тиіс.

Келісілген ортақ, принциптер арнасымен нарыққа қарай қадам баса отырып, өз артықшылықтарымызды: қолда бар ірі танаптарды, минералдық және қайталама шикізат қорларын, шетелдік капитал мен технологияларды қатыстыру үшін қолайлы мүмкіндіктерді, саяси тұрақтылықты барынша пайдалануымыз керек.

Нарық қатынастарына көшу инвестициялық белсенділікті күрт төмендетуі, ауыр өнеркәсіптің жекелеген салаларында және жүк транспортында өндірісті доғаруы мүмкін. Республика экономикасының құрылымын, шағын және орташа қалалардың көпшілігінің көп салалы сипатын ескере отырып, келеңсіз зардаптарды бейтараптандыру немесе жұмсарту, пәрменді әлеуметтік жұмсартқыштар мен реттегіштер жүйесін жасау жөнінде шаралар қолдану қажет.

Көпұлтты Қазақстанның еңбекшілері өмір сүріп, еңбек етіп жатқан тарихи, психологиялық және тұрмыстық, қалыптасқан жағдайлары да сараланған аймақтық көзқарасты қажет етеді. Оның үстіне қазірдің өзінде ширек миллионға жуық адам қоғамдық өндіріске қатыспай отыр.

Республика үкіметінің тұжырымдамасында «мемлекет жұмыспен қамтамасыз ету саласында өз азаматтарының әлеуметтік қорғалуының кепілі болып табылады» делінген. Бұл арада мемлекеттік қолдауды айтып қою жеткіліксіз деп ойлаймын. Артық жұмыс күшін іске қоса алатын техникамен жарақтану деңгейі жоғары өндірістерді көтермелеу шараларының бағдарламасын ескеру керек.

Алда тұрған нарық қатынастарына көшуге байланысты жерге, табиғи ресурстарға, сондай-ақ өзінің территориясында орналасқан мүлікке меншік туралы мәселе республика үшін принципті маңызы бар мәселе болып табылады. Қазақстан Компартиясы бұл жөнінде өз пікірін бұдан бұрын айтқан болатын және республиканы өз территориясында орналасқан бүкіл ұлттық байлықтың иесі ету бағытын батыл жүргізетін болады. Біз базалық салалардың кәсіпорындары өтемсіз тегін негізде республикалық меншікке жатқызылуға тиіс деп есептейміз. Сонда ғана дербес әлеуметтік-экономикалық саясат жайында айтуға болады. Экономикада мынадай қарапайым ереже бар: кімде-кім негізгі өндірістік қорларға ие болса, ресурстарды пайдаланса, сол басқаратын болады.

Біздің республикамызда едәуір орын алатын экономиканың аграрлық секторының нарық қатынастарына көшуіне байланысты мәселелерді өте байыпты түрде ойластыруға тиіспіз. Үстіміздегі жылы болып өткен аграрлық-өнеркәсіптік кешен қызметкерлерінің кеңесінде, Қазақстан Компартиясының XVII съезінде біз ауылшаруашылығының экономикалық, өзгерістерге аса сезімтал сала екенін ескере отырып, оны өркендетудің негізгі бағыттарын белгіледік. Шаруа нарыққа әрқашан жақын. Сонымен бірге нарыққа көшудің одақтық балама бағдарламаларында «Жер реформасы және аграрлық саясат» тараулары өте нашар талдап жасалған.

Біз қаржы бөлуді дереу тоқтату қоғамға өте қажет өнімдерді өндірудің төмендеп кетуіне, тәуекелді егіншілік аймағында орналасқан астық кеңшарларының көпшілігін банкрот етуге апарып соғады деп есептейміз.

Біздіңше, республикалық қордан бөлінетін қаржыны республикадан тысқары жерлердегі тұтынушылар шарттық бағалар арқылы өтесе, дұрыс болар еді. Бұл күрделі табиғат-климат жағдайында шаруашылықтарға мемлекеттік қолдауды қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар республика неғұрлым көп өнім өндіретін болса, соғұрлым көп залал шегетін қазіргі ақылға қонымсыз жағдайды жоюға мүмкіндік берер еді.

Жер реформасын жүргізу туралы қамқорлықты халық депутаттарының Жергілікті кеңестері мен олардың арнаулы комиссиялары өз мойнына алуға тиіс. Жерді жалдауға беруші ретінде төтенше құқық алған олар жерді беру мен алудың, оның құнарлылығына, ренталық, және жалдау төлемдерінің мөлшеріне бақылау жасаудың нақты механизмін пысықтауды жеделдетуге тиіс.

Республика жерді жеке меншіктеу жөнінен де өз жолымен жүру керек деп ойлаймыз. Біздің көзқарасымыздың мән мағынасы — жер ешқашанда саудасаттық құралы болып көрмеген Қазақстанның тарихи қалыптасқан дәстүрлерін сақтау. Жердің бірден-бір иесі республика болуға тиіс, ол бұл құқықты халық депутаттарының Жергілікті кеңестеріне береді.

Одақтық меншікке берілгендерін қоспағанда, қалған өндіріс құралдарын жекеменшіктеуде қандай да болмасын шектеу қою дұрыс емес. Осындай айқындама ұстана отырып, біз экономиканы мемлекетсіздендіру процесін, шаруашылықты жүргізудің сан түрлі формаларын дамытуды жеделдетеміз. Ал республикада

мұндай тәжірибе жинақталуда. Мысалы, Жамбыл облысының Қордай ауданында мемлекеттік меншікпен бірге коллективтік, кооперативтік және жекеменшік формалары кең таралған кеңшарлар мен ұжымшарлар, ірі-ірі агрокооперативтер, шаруа қожалықтары мен меншікті қосалқы шаруашылықтар бірдей жағдайда жұмыс істейді. Осының бәрі экономикадағы және әлеуметтік дамудағы өрлеуге негіз жасап отыр.

Аграрлық секторда салық салудағы фермерлік жеңілдіктердің, кредиттерді, мемлекеттік өтем төлемдері мен жәрдем ақшаларын еркін алудың айқын жүйесі жасалуға тиіс.

Бізге ұқсатушы кәсіпорындарды қайта құру мен салуға тікелей жәрдем ақша және жеңілдікті кредит бермей болмайды. Салық, қаржы-кредит саясаты ұқсатушы өнеркәсіпті дамытудың барлық экономикалық реттегіштерін ұтымды іске қосуға, мұнда озық технологиялардың енгізілуін жеңілдетуге тиіс.

Село еңбеккерлері үстіміздегі жылы астықтан жақсы өнім өсірді, қазірдің өзінде 31 млн. тонна астық жиналды. Қол жеткен уағдаластықтарға сәйкес бізге Ресей Федерациясы, Украина, Молдова, Орталық Азия республикалары астық жинауға көмек көрсетіп жатыр.

Халықтың картоп және көкөніс жөніндегі қажеттері толық қанағаттандырылды. Әзірше 2,4 млн. тонна картоп, 1,4 млн. тонна көкөніс дайындалды. Олардың түпкілікті жиыны жоспарланғаннан көп болады деп күтіліп отыр.

Алайда қырмандарда қалған астық әлі де көп. Қоғамдық малды қыстатуға әзірлікті аяқтау мәселелері ақыр аяғына дейін шешілген жоқ. Өткен егін жинау науқаны көптеген әлсіз буындарды, әсіресе халықты көкөніспен және картоппен қамтамасыз етудегі әлсіз буындарды көрсетіп берді: алқаптар мол өнім бергенімен сөредегі баға жоғары күйінде қалды, плантацияларда өнімнің едәуір ысырабына жол берілді.

Партия комитеттері село коммунистері арқылы дайындау мал қыстатуды ұйымдастыру барысына белсенді ықпал етуі, жиын-терін сабақтарынан болашақта қорытындылар шығарылуына көмектесуі керек. Бұл нарық қатынастарына көшуге жақсы әзірленуге көмектесер де еді.

Реттелетін нарықтық экономикаға көшу партия ұйымдарын еңбекшілердің өмірлік маңызы бар әлеуметтік мүдделерін қорғау экономикалық қана емес, сондай-ақ саяси сипат алып отырған жағдайларға қоюда. Мұның өзі бастауыш партия ұйымдарының жаңа өндірістік қатынастарды қалыптастыру процестерінен шет қала алмайтынының тағы да бір айғағы. Өйткені, әңгіме меншік қатынастары туралы, өндіріс құралдары мен еңбек нәтижелерін иемдену мен оларға билік жүргізудің сол еңбек коллективі мүшелерінің мүдделеріне де, сондай-ақ басқа еңбекшілердің мүдделеріне де қатысты формаларын таңдап алу жайында болып отыр. Сондықтан еңбекке ақы төлеу, табысты бөлу, теңгермешілік тенденцияларын жою, әлеуметтік экономикалық тәртіп, ғылыми-техникалық прогресс еңбекті ұйымдастыру, халықтың әлеуметтік жағынан қорғалуын, экономикалық білім алуын қамтамасыз ету проблемаларын шешу мәселелері міндетті түрде партия ұйымдарының ықпалында болуға тиіс.

Мұның өзі бастауыш партия ұйымдарының өндірістік өмірдегі рөлі ұдайы арта түсуге тиіс екенін көрсетеді. Өздеріңіз білесіздер, КОКП XXVIII съезі партия құрылымының өндірістік принциптерінің сақталуын айқын жақтады. Партия

ұйымдарын еңбек коллективтерінен аластаудың кез-келген әрекеттерін, басқа да жойымпаздық көріністерін демократияны бұзу, адамның саяси құқықтарына, оның жеке бостандықтарына қысым жасау деп қабылдау керек. Кәсіпорындарда, мекемелерде және оқу орындарында коммунистердің өз ұяларының болуына ешкім де тыйым сала алмайды.

Олардың өз құқықтары жолында белсенділікпен күресе білуге үйренуі қажет.

Сонымен бірге халыққа тұрғылықты жерінде саяси тәрбие беру, оның қоғамдық, мүдделерін қалыптастыру барған сайын зор маңызға ие болып келеді. Сонымен қатар партия ұйымдарының жаңа құрылымын жасау, олардың қызметінің территориялық принципін қорғау осыдан туындап отыр. Осыған байланысты коммунистердің кез-келген ұйымда немесе бірден 2 территориялық және өндірістік ұйымда есепте тұру құқығын неғұрлым толық пайдалану керек. Территориялық бастауыш партия ұйымдарының құрылымдық негізі етіп, сірә, сайлау округтерін алған жөн болар. Мұны мөлтекаудандар, көшелер, кварталдар деңгейіндегі өзін-өзі басқару органдарының дамуы да, сондай-ақ шешілмеген әлеуметтік, экологиялық проблемалардың көп бөлігінің территориялық сипат алып отырғаны да талап етіп отыр. Территориялық партия ұйымдары депутаттық мандаттар үшін күресу өнерін сайлау науқаны мен басқа да науқандарға пәрменді түрде қатысу тактикасын табанды түрде игеруге тиіс.

Партия ұйымдарының хатшылары кеңестерінің ірі саяси мәселелер, акциялар, іс-қимылдар жөніндегі бірыңғай принципті айқындама әзірлеп, жүзеге асыруға арналған жұмысын партия комитеттерінің барынша қолдауы мен көтермелеуі керек.

Өмір біздің идеялық оппоненттерімізбен, ықтимал саяси әріптестерімізбен пікір сайыстыру мәдениетіне үйренуімізді талап етуде. Ол үшін біздің ойымызша партиялық клубтар жүйесін дамыту керек. Оларда қалыптасқан әлеуметтік-саяси күштердің мүдделерімен жанасатын немесе қиылысатын проблемаларды бейресми жағдайда талқылауға болады және солай істеу қажет те. Осыған байланысты КОКП-ның жаңа Жарғысы әрбір коммунистке өзінің қызметі Конституция мен Кеңес заңдарына толық сәйкес келетін қоғамдық күштердің жұмысына қатысуға құқық беріп отырғанын атап көрсеткім келеді. Блоктарда, одақтарда, бірлестіктерде партияда жоқтармен жұмыс істеп, мәмілеге келе білу дағдылары бізге ауадай қажет.

Сонымен бірге қоғамдық құрамаларды өздерінің пасықтық мақсаттары үшін пайдаланатын, қоғамда шиеленісті қоздыратын, жағдайға іріткі салуға, әртүрлі ұлт адамдарының арасындағы сенімді шайқалтуға, біздің экономикамыздағы онсыз да қиын жағдайды асқындыра түсуге ұмтылатын күштер жайында коммунистердің, бүкіл халықтың барынша кеңінен хабардар болып отыруын партиялық айқындама тұрғысынан қамтамасыз ету маңызды.

Қысқасы, облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттеріне қозғалыстар мен бірлестіктерге саяси баға беретін, олармен ынтымақтастық жасау перспективаларына өздерінің көзқарасын айқындайтын, мүдделердің түйісу нүктелерін белгілейтін принципті алшақтықтарды анықтайтын мезгіл жетті.

Әңгіме жұмыс істеп жатқан қоғамдық күштермен келісімге келу жолдарына сапалық жаңа көзқарас туралы партияның сайлауда жеңіске жетуінің өзі едәуір дәрежеде байланысты болатын саяси күрестің әдістері мен тәсілдерін игеру жайында болып отыр. Бұл арада, да біз басқа бір мәселеге айқын азаматтық партиялық айқындама ұстанып оны қорғай білетін әдеттен тыс ойлайтын батыл

саяси көшбасшылардың қатты тапшылығына кездесіп отырмыз. Беделді, ықпалды, іскер адамдар кез-келген коллективте әрқашан құрметке бөленген. Олар қоғамдық-саяси қызметте, еңбек коллективтерінің Кеңестерінде, кәсіподақ, комсомол, ардагерлер, әйелдер ұйымдарында, басқа қоғамдық құрамаларда да керек. Оларды дер кезінде байқап, қолдау оларға өз бойында жаңа өмірдің белсенді сәулетшілері мен жаршыларының асыл қасиеттерін қалыптастыруына көмектесу маңызды.

КОКП-ны жаңарту партия қатарларын қалыптастырудан және де олардың санын бұрынғыдай таптық-пайыздық тұрғыдан реттеу негізінде емес, саяси тұрғыдан өзін-өзі айқындап алудың қалыпты процесі арқылы қалыптастырудан басталады. Сондықтан КОКП-дан өз еркімен шығу себептеріне неғұрлым мұқият талдау жасауымыз, республика партия ұйымының, жұмысшы табының, шаруалардың, интеллигенцияның таңдаулы өкілдерімен толығуына бағытталған түбегейлі шараларды белгілеп алуымыз керек.

Экономикалық кәсіпкерлік қызмет партия ұйымдары мен комитеттері үшін ауадай қажет іске айналып келеді. Бұл мәселені Орталық комитеттің екінші хатшысы В.Г. Ануфриев өзінің хабарламасында неғұрлым толық ашып көрсетеді. Мұны партия органдары өздері үшін жаңа осы қызметті ешбір жағдайда да партиялық қаржыны толықтырудың құралы деп қана білмеуге тиіс екенін айтпақпын. Ең алдымен ол халықтың мұң-мұқтажы мен талап-тілегін қанағаттандыруға бағытталуға, яғни қоғамдық маңызы бар және адамдарға пайдалы іс болуға тиіс.

Партия ұйымдарына кең құқықтар берілуі жағдайында облыстық, қалалық және аудандық комитеттердің функциялары өзгеруде. Олардың аппараттары талдау-болжам жасау, консультация функцияларын орындауға, партия ұйымдарының қызметін үйлестіруге, өзара байланыс жасауға, қоғамдық құрамалармен және қозғалыстармен бірлесіп жұмыс істеуге, оларға методикалық көмек көрсетуге жұмылдырылған.

Партия аппаратының жаңа рөлі — партия бұқарасының көңіл күйін дөп басу, бір арнаға тоғыстыра білу, оның ұсыныстарын қорытып, оларды шешімдері міндетті болып табылатын пленумдардың, конференциялардың қарауына енгізу. Аппараттың қалған барлық шешімдері негізінен ұсыныс сипатында болуға тиіс.

Жаңа Жарғыда көзделген атқарушы органдардың сайланбалы органдарға сөзсіз бағынуы және осы 2 орган мен аппараттың функцияларының ара-жігін ажырату сайланбалы активті, партия комитеттерінің комиссияларын тікелей саяси және ұйымдастырушылық міндеттерді орындауға белсенді түрде тартуды, сондай-ақ ғылыми-зерттеу коллективтерін бірлескен жұмысқа қосуды талап етеді.

Нарықтық экономикаға көшу, меншіктің барлық формаларының тең құқықтығы жалпы алғанда идеологияға және жекелеп алғанда идеологиялық жұмысқа жаңа көзқарастың болуын көздейді.

Бүгінде қоғамда қатаң идеологиялық күрес жүріп жатыр. Оның ұшқары формаға ие болатын кезі де аз емес. Біреулер тоқтаусыз инфляция, қанау, мафияның өктемдігі, әлеуметтік жағдайда күрт саралану және тағы басқалар болатынына сәуегейлік жасай отырып халықты капитализммен қорқытады. Екінші біреулер социализмді тоталитарлық системамен теңестіріп, басқан қадамыңды қатаң тәптіштеп, экономиканың ойсырауына және ақыр аяғында «жұрттың бәрінің қайыршылануына» жеткізген социализммен қорқытады. Билікті басып алуға, КСРО мен партияны бүлдіруге тырысып отырған социализмге қарсы күштер пайда болды.

Бұл күресте біз коммунистер «өзіміздің саяси бағытымызды берік жүргізуіміз, идеялық бағдарларды жоғалтпауымыз өте маңызды.

Ия, біз нарықты жақтаймыз, өйткені, адамзат әзірше экономиканы ретке келтірудің одан жақсы механизмін жасаған жоқ. Бірақ біз басқа ешкімнің де емес, еңбек адамының мүдделеріне қызмет ететін экономикалық қатынастарды жақтаймыз.

Иә, біз меншік формаларының сан алуандығын, соның ішінде жеке меншікті де жақтаймыз бірақ нақ соның басым болуына үзілді-кесілді қарсымыз және өзіміздің осы принципті айқындамамызды барынша насихаттауға міндеттіміз де.

Идеологиялардың бәсекелестігі бақталастығы жағдайында бастауыш партия ұйымдарының міндеті — коллектив мүшелеріне партияның көзқарастарын адал да ұғынықты жеткізе білу. Оларды соңына ерте білу, еңбек коллективінің мүдделерін нақ өздерінің анағұрлым толық білдіретінін дәлелдеу. Саяси идеологиялық ықпал етудің, білім берудің мәдени-шығармашылық қызметтің бүкіл құралдары адамдардың бойында нарыққа көшу, экономиканы серпінді дамытудың шарты, тұрмыстың жоғары деңгейіне қол жеткізудің құралы болып табылады деген терең түсінікті қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Қазан-қараша айларында жер-жерде партия қызметкерлерінің барлық категорияларымен экономикалық реформа жөнінде белгілі экономист ғалымдарды, республиканың партия және кеңес органдарының, мекемелері мен ұйымдарының басшыларын шақыра отырып оқу өткізу, жоғары партия мектебі негізінде кадрлардың еліміз бен республиканың нарық қатынастарына көшу бағдарламаларының негізгі ережелерін тереңдете оқып-үйренуін ұйымдастырған дұрыс болар.

Бұқаралық хабарлама және насихат құралдарына зор да жауапты міндеттер жүктеледі. Бүгінде олардың жұмысындағы басты нәрсе — нарыққа ілесе келетін қиыншылықтар туралы, бастапқы кезеңде сөзсіз кездесетін, экономиканы жаңарту және, сайып келгенде, адамдарға лайықты өмір жағдайларын жасау үшін саналы түрде баруға тура келетін келеңсіз құбылыстар туралы ашық та тура айту. Осы мәселелердің бәрін баспасөзде партия қызметкерлерінің белсенді түрде қозғауы да маңызды.

Біздің идеологиялық қызметіміз икемділік пен айқындықты, ұлтаралық қатынастарға қатысты нәрселерге шұғыл құлақ, асып отыруды талап етеді. Бүгінде, мысалы, Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияның жарияланған жобасы жөнінде Орталық комитеттің айқындамасын айтудың қажеттігі бар. Оның кейбір ережелерінің халық арасында әртүрлі пікір туғызғаны құпия емес. Біз бүгін осы өткір мәселелер жөнінде де, сондай-ақ жалпы Декларация жөнінде де өзіміздің саяси айқындамамызды анықтауға тиіспіз. Біздің міндетіміз — республиканың бүкіл көпұлтты халқының мүдделерін қанағаттандыратындай көзқарастар табу.

Бізде әзірше декларацияның барлық көзқарастарды салмақтау, халықтың барлық топтарының пікірін ескеру және мүмкіндігінше келісіммен мәмілеге келу үшін халықтың талқылауына берілген жобасы ғана бар екенін бірден атап айтқым келеді. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаттары бұған түсіністікпен қарайды деп үміттенемін.

Біз халықтар арасында сенімді нығайту, Қазақстанның түпкір-түпкірінде азаматтық татулық пен тыныштыққа жету саясатын батыл жүргізіп келеміз. Ұзаққа созылған дағдарыстан шығуымызға халық үшін жақсы, неғұрлым лайықты өмірге жету бағытында іс-қимыл жасауымызға осындай жағдай ғана мүмкіндік береді.

Алматыдағы 40 жуық қоғамдық құрамалардың өкілдерімен менің кездесуімнің өткізілгені де нақ сондықтан. Әңгіме өткір, бірақ сындарлы сипатта болды. Қорытындысында бірлескен мәлімдеме қабылданды. Кездесудің нәтижелері қоғамдағы шиеленістің бәсеңдеуіне, азаматтық татулық жолында саяси өмірден экстремизмді аластауға жәрдемдесетін болады деп үміттенемін.

Бүгінде тұрақтылықтан айырылу — бәрінен де айырылу деген сөз, ал бұған жол беруге біздің хақымыз жоқ. Сондықтан, партия және кеңес органдарының атына белгілі бір топтардың талаптарын қолдамай отыр деген жазғырулар айтылып жатқанына қарамастан, біздің айқындамамыз өзгеріссіз күйінде қалып келеді — ол Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен ұлыстардың мүдделерін бірдей дәрежеде қорғау, ұлтшылдық, сондай-ақ жікшілдік көңіл күйлерге тойтарыс беру.

Орталық комитеттің мұндай айқындамасын республиканың барлық коммунистері оң тұрғыдан қабыл алады деп ойлаймын. Ол біздің партиямыздың интернационалистік сипатынан туындап отыр.

Сіздердің қолыңызда Орталық комитет комиссияларының жаңа құрамының тізімі бар. Тәжірибе көрсетіп отырғанындай, олар қаулылар әзірлеуге, жұмысты жоспарлауға және перспективалы ұсыныстар әзірлеуге белсенді түрде қатысқан Орталық комитеттің мүшелері үшін жақсы мектеп болды.

Комиссиялардың құрамын жаңарту, біздің ойымызша, олардың қызметін жандандыруға мүмкіндік бермек. Мәселен, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің идеологиялық комиссиясы 6 проблемалық топ құруды және іске қосуды жоспарлап отыр. Олар идеологиялық жұмыстың тұжырымдамасы мен бағдарламасын жасау; ұлтаралық қатынастар проблемалары мәдениет адамгершілік және эстетикалық тәрбие беру мәселелері; саяси процестерді талдау және оларға болжам жасау, қоғамдық қозғалыстармен және құрамалармен өзара іс-қимыл жасау, жеткіншек ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу мәселелері, республика тарихындағы «ақтаңдақтарды» зерттеу проблемалары жөніндегі топтар.

Тиісті тиімді саясатты талдау жасап жүзеге асыру, жастар істері жөніндегі комиссия комитетінің басты бағыты болуы тиіс. Барлық мемлекетте және қоғамдық құрамаларда жастар өкілдерінің кеңінен болуына партия комитеттерінің шын мәнінде қамқорлық жасауын уақыттың өзі талап етіп отыр.

КОКП XXVIII съезінің бағдарламалық мәлімдемесінде атап көрсетілгеніндей, қазір жастардың жаңа ұйымдарының пайда болуына үлкен түсіністікпен қарап, олардың социалистік, адамгершілік бағытын қалыптастыруға тұрақты көмектесіп отыру керек. Коммунистер жігіттер мен қыздардың бойында өздерінің халық тағдырына қатысты екенін сезіне білуін тәрбиелеуге міндетті.

Комиссиялардың тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін облыстық партия комитеттері жанындағы және Алматы Жоғары партия мектебі негізіндегі курстарда сайланбалы органдардың мүшелерін оқытуды жеделдету комиссиялардың, жұмыс топтарының қызметіне ең күрделі саяси жағдайда әдеттен тыс қимылдай алатын зерек ойлайтын, батыл адамдарды тарту қажет.

XXVIII съездің бағдарламалық мәлімдемесінде, КОКП-ның жаңа Жарғысында кадр мәселелері бойынша принципті айқындамалар бекітілген, ал мұның өзі формальды-номенклатуралық көзқарастардан батыл бас тартудан байқалып отыр.

Коммунистер мен партияда жоқтарды мемлекеттік, шаруашылық, қоғамдық қызметтің нақты учаскелеріне ұсына отырып, партия комитеттері мен бастауыш

ұйымдар жоғарылатылып отырған адамдар мен олардың іс-қимыл нәтижелері үшін барлық жауапкершілікті өздерінің мойнына алуға тиіс. Осыған байланысты кадрлармен жұмысты формальды тосқауылдардан қағазбастылықтан арылту кадрлық өзгерістерді шын мәнінде демократиялық, табиғи сипат алып, барлық коммунистерге түсінікті болатындай істеу керек.

Жаңаша жұмыс істей алмайтындар мен істегісі келмейтіндер бұрынғысынша әмір жүргізуді аңсайтындар, ескі уақытты көксейтіндер төңірегінде адам төзгісіз қоғамдық пікір туғызу керек.

КОКП XXVIII съезі партиялық бақылаудың рөлі мен орнын түбірінен өзгертті. Оның негізгі функциялары КОКП Жарғысында бекітілген Есеп беру-сайлау науқаны кезеңінде республикада партиялық бақылау органдары бұрынғы күйінде сақталғаны белгілі. Мұндай жағдайды былай түсіндіруге болады. КОКП Жарғысына сәйкес Қазақстан Компартиясы дербес саяси ұйым бола отырып, КОКП-ның негізгі бағдарламалық және Жарғылық принциптерінің негізінде өзінің бағдарламалық және нормативтік құжаттарын жасауға, ұйымдық және басқа да мәселелерді шешуге хақы бар.

Осыны басшылыққа ала отырып, осы кезеңде республикалық партия ұйымының бақылау комиссиясын құрмау жөнінде ұсыныс енгізіледі. Сонымен бірге Қазақстан Компартиясының Орталық комитеті жанындағы қазіргі партиялық бақылау комиссиясын Орталық комитеттің партиялық бақылау комиссиясы деп атап, оның өкілеттігін кеңейту ұсынылады. Бұл комиссияға шағымдар бойынша шешімді өзі қабылдау құқығын және тиісті партия ұйымдары мен комитеттеріне КОКП Жарғысының талаптарын және қоғамдық мораль нормаларын бұзған коммунистерді жауапкершілікке тарту жөнінде ұсыныс енгізу құқығын беру керек. Осыған байланысты партиялық бақылау комиссиясының құрамын Орталық комитет мүшелерінен, комиссияның кейбір штаттағы қызметкерлерінен және басқа коммунистерден құрған дұрыс болар еді. Егер Орталық комитеттің пленумы бұл ұсынысты қолдаса, онымен Қазақстан Компартиясы XVII съезі жұмысының екінші кезеңіне баруға мүмкіндік болар еді.

Съездің одақтас республикалар компартияларының дербестігін кеңейтуге бағытталған шешімдері партияны жаңартудағы маңызды қадам болды.

Осыған байланысты Қазақстан Компартиясының Жарғысын әзірлеу қажеттігі туады. Онда партияның орталық органдарымен өзара қатынас принциптері және біздің дербес құзырымызға, Компартияның тіршілік-тынысын нормативтік тұрғыдан қамтамасыз етуге жататын мәселелер бекітілуге тиіс. Осыған байланысты бүгінгі пленумда оны әзірлейтін комиссияны бекіту қажет.

Қазақстан Компартиясының XVII съезінде съезд делегаттарының өкілеттіктерін ұзарту және оның екінші кезеңін КОКП XXVIII съезінен кейін өткізу мүмкіндігі туралы ұсыныс енгізілгені белгілі. Осыған байланысты бұл мәселені бүгінгі пленумда талқылап, тиісті шешім қабылдау қажет деп санаймыз. Бүгін біз съездің осы кезеңнің күн тәртібін де анықтап алуымыз керек. Орталық комитеттің Саяси бюросы «Ағымдағы кезең және республика партия ұйымының міндеттері туралы» мәселені талқылауға болар еді деп санайды.

Бүгін таңда республикада қалыптасып отырған саяси жүйедегі Қазақстан Коммунистік партиясының рөлі мен функциясын белгілеу аса маңызды мәселе болып табылады.

Билік функцияларын тікелей орындаудан бас тарта отырып, коммунистер, партия ұйымдары билікті Халық депутаттары кеңестеріне беру процесіне белсенді түрде қатысуда. Компартия алдағы уақытта да Кеңестерде өзінің неғұрлым кең өкілеттігін қамтамасыз етпекші, барлық заңды құралдарды пайдалана отырып депутаттық орын үшін күреспекші, өзінің бағдарламалық мақсаттарын өкімет органдарына демократиялық жолмен сайланған коммунистер арқылы жүзеге асыруға ұмтылмақшы. Сонымен бірге барлық деңгейдегі Кеңестерде коммунистердің қатарынан партия топтарын, фракцияларын құрған дұрыс деп санаймыз.

Бұл орайда коммунистер өз сайлаушыларының еркін, КОКП-ның бағдарламалық мақсаттарын басшылыққа алуға және көптеген бағыттарда жұмыс істеуге, атап айтқанда; заң шығарушылық бастамалар жасауға, Кеңестердің құзырына жататын әртүрлі мәселелер бойынша тұжырымдамалар мен шешімдердің жобаларын әзірлеуге, талқылауға ұсынылатын балама жобалар мен бағдарламаларды сараптауға және бағалауға; қоғамдық мүдделерді кемсітетін және тар өрісті топтық мақсаттарды білдіретін шешімдердің қабылдануына қарсы парламенттік әдістермен күресуге тиіс. Бүгінге дейін коммунистердің мұндай топтары, фракциялары әзірге 600-ге жуық Кеңесте құрылмай отыр, ал барлары өз жұмысын дәстүр бойынша құрып, көбінесе алдағы сессияның күн тәртібін қараумен, сондай-ақ кейбір процедуралық мәселелермен ғана шектелуде.

Коммунист-депутаттар тиісті партия комитеттерімен өзара тығыз іс-қимыл жасай отырып, олардың шешімдері мен ұсыныстарын ескере отырып, топтардың жұмысына жаңа мазмұн беруі керек.

Сонымен бірге Орталық комитет республиканың партия органдары Қазақстан Компартиясының айқындамасына қайшы келетін мемлекеттік және шаруашылық шешімдер үшін жауап бере алмайды, сондықтан оларды сындарлы түрде сынау құқығын, әлбетте, өзінде қалдырады деп санайды.

Жаңа саяси жүйенің қалыптасуы кезеңінде біз өз ықпалын Кеңестердің өкілеттіктеріне қарсы қою идеясы партияға жат екенін айқын мәлімдеуге тиіспіз. Аймақтық экономика барған сайын нашарлап, билік құрылымы ретінде Кеңестердің орнықтырылуы әлі де баяу болып отырған жағдайда партия комитеттерінің міндеті оларға сындарлы көмек көрсету.

Бұқара арасындағы ықпал үшін күресуші саяси партия жағдайына біз, сірә, көптеген жылдардың ішінде тұңғыш рет тап болып отырған шығармыз. Партия комитеттері еңбек коллективтерінде кәсіптік одақтармен өзара іс-қимыл жасай отырып, атқаратын қызмет бүгінде сондай ықпалдың аса маңызды учаскелерінің біріне айналуға тиіс. Кәсіподақтармен әміршілдік тұрғыдан сөйлесуге болатын, олар іс жүзінде кәсіпорындарда әкімшіліктің шылауына айналған кез келмеске кетті. Бұл көзқарас съездер шешімдерін жүзеге асыру жөніндегі біздің жобасында да айтылған.

Қазақстан кәсіподақтарының XIV съезінде республикадағы ең бұқаралық ұйымның іс-қимылының жаңа тактикасы мен стратегиясы талдап жасалды. Оның жаңа мақсаттары жұмысшы қозғалысының туындап жатқан міндеттерімен үйлесіп, күш алып келеді. Осы қозғалыстың дамуының бірнеше айы оның сындарлы да, сондай-ақ өресіз де потенциалын көрсетіп берді. Бұл жерде орасан зор мүмкіндіктер бар, сондықтан оларды жете бағаламау өрескел қателік болар еді.

Сонымен бірге ереуіл процестерінің стихиялығы онсыз да ауыр шаруашылық-саяси жағдайды қиындата түсуде. Қазақстан Компартиясының Орталық комитетінде

жұмысшылардың өкілдерімен бұған дейін айтылып өткен кездесуде осы жайында егжей-тегжейлі әңгіме қозғалды. Онда, атап айтқанда, жұмысшы қатары бірлігінің өткір проблемалары көтерілді. Бірқатар коллективтерде жұмысшылардың мүдделерін қорғау туралы мәлімдейтін бірнеше органның болуы, біздің ойымызша, берекені қашырады, бірліктің нығайтылуына жәрдемдеспейді. Жұмысшылардың біртұтас органдарын төменнен құру мақсатымен олардың қазіргі кезде бар құрылымдарының белсенді диалогының басталуын қалаған болар едік, ал мұның өзі кәсіподақтарды төменнен түбегейлі жаңарту, олардың қазіргі көпсатылығын жою түрінде көрініп отыр. Бұл процеске партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары толық қолдау көрсетуге тиіс. Біз еңбек адамдарының мүдделерін барлық деңгейлерде қорғауға, жұмысшы табы мен шаруалардың өкілдерін сайлауларда және басқа саяси қызметте қолдауға тиіспіз.

Соғыс және еңбек ардагерлері туралы ұмытуға болмайды. Бұл жерде біздің партиямыздың дәстүрлі күшті айқындамалары бар. Ардагерлер ұйымдарының потенциалын толық дәрежеде іске қосу, ардагерлерді партия жұмысына кеңінен қатыстыру, оларға тиісті әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасау туралы мен шығарған жарлыққа сәйкес қамқорлық жасау өте маңызды. Мұның өзі нарыққа көшу кезінде ерекше актуалды. Компартияның Орталық комитеті партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының, Жергілікті кеңестердің белсенді түрде қатысуымен ардагерлер мен табысы аз адамдарға әлеуметтік көмек қорларын жасау қажет деп санайды.

Үстіміздегі жылғы тамызда Орталық комитеттің Саяси бюросы КОКП XXVIII съезі мен Қазақстан Компартиясы XVII съезінің шешімдерін орындау жөніндегі республика Компартиясы іс-қимылының бағдарламасын Орталық комитет пен Тексеру комиссиясы мүшелерінің қарауына ұсынған болатын. Елеулі түрде толықтырылып, қорытылған сол құжат енді осы пленумның қарауына енгізіліп отыр.

Бағдарлама, біздің ойымызша, жақсы пысықталған, оның ережелері қайта құруды тереңдету және кеңейту жөніндегі жалпыпартиялық бағытқа сай келеді. Оны тағы да талқылап, қабылдау керек деп ойлаймын. Барлық деңгейдегі партия ұйымдарының, комитеттердің жергілікті жағдайларға сәйкес өздерінің іс-қимыл бағдарламаларын әзірлеуі, нарық қатынастарына көшу, КОКП XXVIII съезінің шешімдерін орындау жөніндегі жұмысқа жігерлі түрде қосылуы өте маңызды.

Қазақ КСР мен Қазақстан Компартиясының 70 жылдығына арналған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі, Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің бірлескен отырысында «Тарих тағылымы. Болашақ бастауы» атты сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1990 жылдың 12 қазаны

Жолдастар!

Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы мен Қазақстан Коммунистік партиясына 70 жыл толып отыр.

Әдеттегі өлшем бойынша бір ұрпақтың өміріне тең келер уақыттың осы бір бөлігі қазақ халқының сан ғасырлық тарихынан ерекше орын алады. Бұл жылдарда атқарылған істер баға жеткізгісіз. Республика мешеу отарлық өлкеден экономикалық, ғылыми және мәдени потенциалы дамыған аймаққа айналды. Бірақ халықтың осы аршынды қадамы үшін төлеген құны да шектеусіз қымбат болып шықты.

Бұл мерейтойды атап өте отырып, біз өткен жолғыдай В.И. Лениннің сөздерімен айтқанда, «Теориялық шындық тұрғысынан ғана емес, сондай-ақ практикалық жағынан да» бағалауға тиіспіз. Оны салмақтап және объективті түрде ой елегінен өткізуіміз керек.

70 жылдыққа әзірлік барысында кейбір жолдастардың қазіргі қиын кезеңде мерекелі даталарды атап өтудің қажеті бола қояр ма екен деген күдік білдіргенін жасырмаймын. Баз біреулер мерекені біздің зердемізден мүлдем шығарып тастауымыз керек, өйткені, әкімшіл-әміршіл жүйенің, тоталитарлық мемлекеттің салтанат құруын бейнелейді және халыққа мүлдем жат дейтін сөздер де айтты. Әрине, пікір алуандығы мен жариялылық жағдайында кез келген ой айтылуға тиіс. Алайда, мынаны ескерткім келіп еді: тарих бұл — халықтың өмірі; ол қандай болса да, оны біз енді қайтадан жаза алмаймыз. Оның жақсылығын да, кемшілігін де шынайы бағалау керек. Сондықтан бір сәттік, көбінесе бақай есептік оймен «тегін білмейтін құлға» ұқсап, өзіңнің өткеніңді ұмытуға, халық зердесінің қайнар бұлағын таптап тастаудың ешбір жөні жоқ. Оның үстіне біздің алдымыздағы ұрпақтардың өмірін жаппай қателікке саю, біздің бүгініміз бен болашағымыз жолында тындырған олардың ұлы еңбегі үшін перзенттік алғыс айтудан бас тартуымыз мүлдем әділетсіздік болар еді.

Бұл күндері біз барлық одақтас республикалардан, Кеңес Одағының түпкір-түкпіріндегі еңбек коллективтері мен тұрғындарынан көптеген құттықтаулар алудамыз. Интернационалдық туысқандықтың ыстық сезіміне, шынайы адамзаттық туыстыққа толы бұл құттықтаулар бізге өте қымбат. Жаңа, жаңарған қоғам зор еңбекпен және азаппен келіп жатқан біздің үлесімізге тиіп отырған осынау қиын уақытта біз партия, соғыс және еңбек ардагерлеріне, барлық қазақстандықтарға жолданған игі тілектерді ерекше алғыс сезіммен қабылдаймыз.

Еліміздің Президенті М.С. Горбачевтің Қазақстан коммунистері мен еңбекшілерін құттықтауы және республикамызда Кеңес өкіметін орнату мен нығайтуға белсене

қатысушылардың бір тобын КСРО ордендерімен наградтау туралы Жарлығы зор үндестік туғызды.

Бірақ қазіргі мерейтой қаншалық ауқымды және маңызды болғанымен, біз оны бұрынғы сән-салтанатсыз атап өтіп отырмыз. Мұндай көзқарас дұрыс деп ойлаймын. Республика ірі-ірі саяси және экономикалық өзгерістер табалдырығында тұр. Бізде шешімін таппаған проблемалар, әлсіз буындар көп. Мұндай жағдайда ең дұрысы — алдағы жұмысқа ден қою, өткеннің тағылымдары негізінде республиканың болашағына көз жүгірту, оның перспективаларын, біздің бұдан былайғы дамуымыздың саяси бағытын анықтау.

1920 жылғы қазанда Қазақстан Кеңестерінің құрылтай съезі Қазақ КСР еңбекшілері құқықтарының декларациясын қабылдады. Бұл оқиға біздің мемлекеттігіміздің негізін қалап берді, ол революциялық процестермен, Кеңес өкіметінің орнауымен ажырағысыз байланыста орнықты. Қазақ халқы терезесі тең халық атанудың тарихи құқығына ие болып, оны қиын саяси және әлеуметтік күресте жеңіп алды.

Арада 70 жыл өткеннен кейін біздің былай деп айтуға толық хақымыз бар: халықтың таңдап алған жолы, дүниежүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекет шеңберінде Қазақ Республикасының құрылуы Қазақстанды саяси, экономикалық және әлеуметтік жағынан қайта құрудың сара бағытын белгілеп берді. Бүкіл еліміз сияқты, республика халықтарының үлесіне тиген барлық тар жол, тайғақ кешуге қарамастан, біз өлкемізді өркендетудің іргетасын қалаған, өз тағдырын Қазан идеяларын жүзеге асырумен байланыстырған адамдарға бүгін ризашылық сезімімізді білдіреміз. Бірақ социализмнің алғаш жол салушыларына, олардың әділеттілікке, жарқын болашаққа деген қасиетті сеніміне құрмет білдіре отырып, біз кеңес адамдарының барлық ұрпақтарының мойнына ауыр жүк болған, коммунистік идеяның адамгершілік, ізгілікті мән-мағынасын бұрмалаған, бізді терең экономикалық және идеологиялық тұйыққа тіреген қайғылы қателіктерге, теріс шешімдерге көз жұмып қарай алмаймыз. Ал бұл арада қайшылықтар жоқ, өйткені, диалектикалық көзқарас қана қоғамдық даму процестерін объективті түрде ой елегінен өткізуді қамтамасыз ете алады.

Дәуірлік датаға — жұмысшылардың, шаруалардың, жас қазақ интеллигенциясының өкілдері, өлкенің қоғамдық ұйымдары мен барлық ұлттарының өкілдері «қоғамның социалистік ұйымын орнатуға» бір кісідей дауыс берген 1920 жылғы қазанның 6-сына ойша оралып, сол күні біздің республикамыз үшін капитализм немесе социализм деген басты әлеуметтік таңдаудың іс жүзінде шешілгенін мойындамасқа болмайды. Және де қазақ халқының ұлттық мемлекеттілігін құру әуел бастан өлкенің барлық ұлттары еңбекшілерінің тығыз бірлікте болуын көздеді. Қазақ халқы өзінің екі бірдей езгіден — патша самодержавиесі мен өз феодалдары мен байларының езгісінен азат етілуін Қазан революциясымен байланыстырды.

Кеңес өкіметінің алғашқы қадамдарынан бұқараны революцияға алып келген ұрандар жүзеге асырыла бастады — жер шаруаларға, фабрикалар мен заводтар — жұмысшылардың бақылауына берілді, сословиелік және ұлттық артықшылықтар жойылды, халықтардың өзін-өзі билеу принципі негізінде жаңа мемлекеттік құрылыс жүргізіле бастады.

Бүгінде 1920 жылы негізі қаланған мемлекеттік принциптерге күмән келтіру әрекеттері жасалуда. Осыған байланысты мынаны айтқым келеді: қай заманда болсын қоғам әрқашан кері шегінбей, ілгері жылжу жағына қарай таңдау жасап келді. Біз есімдерін бүгін ризашылықпен еске алып отырған Қазақстандағы

революциялық өзгерістерді ұйымдастырушылардың істері мен ой-армандары нақ әлеуметтік прогреске бағытталған болатын. Олар Т. Рысқұлов, П. Кобозев, Ә. Жангелдин, Ә. Әйтиев, С. Сейфуллин, М. Фрунзе, Ә. Майкөтов, В. Куйбышев, Т. Бокин, И. Ружейников, Н. Ералин, П. Виноградов, Л. Кочаровская, жүздеген және мыңдаған басқа да қайраткерлер.

Кеңестік құрылыстың жеңісі, барлық қазақ жерлерін біріктірген ұлттық социалистік мемлекеттіліктің нығаюы бұқараның бұрын-соңды болып көрмеген шығармашылық белсенділігін туғызды. Жаңа экономикалық саясат меншіктің әртүрлі формаларына өріс ашты, кінәратсыз шаруашылық бәсекесін туғызды, қиын азық-түлік проблемасын ойдағыдай шешуге мүмкіндік берді, нарықты қажетті бұйымдармен толтырды. Өлкені жаңартуға қазақ интеллигенциясы атсалысып, жаңа кадрлар өсіп, қалыптасты. Мектептер, техникумдар, жоғары оқу орындары, клубтар, театрлар ашылды. Кооперацияның дамуына серпін берген жер реформасы жүргізілді. Шаруалар кооперативтерге кіріп, қосшы және жарлы одақтарына бірікті. Шаруашылықтардың бір бөлігінің коллективтік шаруашылықтар қатарына, мойынсеріктерге, артельдерге, коммуналарға, ұжымшарларға көшуі тенденциясы да байқалды. Сөйтіп, қала мен селоны түбірімен қайта құрудың әлеуметтік базасы бірте-бірте нығайтыла бастады. Сол кезеңде тауар-ақша қатынастары көтермеленді, меншіктің сан алуан түрі орнықты, әлеуметтік-саяси институттар демократияландырылды, социалистік нарық қалыптасты. Басқаша айтқанда, сол кезеңдегі қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық жағдайына неғұрлым толық сай келетін социализм үлгісі құрылды.

Алайда, 1920-шы жылдардың екінші жартысынан бастап социалистік дамудың табиғи және жарасымды барысы үзілді. Волюнтаристік шешімдер, саясаттағы, қоғамдық және партиялық өмірдегі өрескел ағаттықтар, басқарудың әкімшіл-әміршіл әдістерінің, жеке адамға табынушылықтың халыққа қарсы ауыр қылмысқа ұласқан аса келеңсіз, сыйықсыз көріністерінің кезеңі басталды.

В.И. Лениннің қайтыс болуына байланысты қабырғаны қайыстырған қайғы-қасірет сейілмей жатып-ақ, партияда И.В. Сталиннің, Л.Д. Троцкийдің, Зиновьевтің жеке бақталастығымен ушыққан идеялық-саяси күрес күрт шиеленісіп кетті. Партия ұйымдарында тазарту, лениндік шыңдалудан өткен коммунистерді қудалау басталды. Іс жүзінде партия бұқарасының билігін нысаналы түрде жою жүзеге асырылып, ішкі партиялық демократияны дорару процесі толық қарқынмен жүріп жатты. БК(б) қатарында партиялық конформист-функционерлер жігі пайда болды, олардың бүкіл «бағалы қасиеті» «халықтар көсеміне» жеке басының адалдығында еді. 1925 жылы қыркүйектен 1933 жылғы қаңтарға дейін БК(б)П Қазақ өлкелік комитетін басқарған Ф.И. Голощекин осындай функционерлердің бірі еді.

«Қазан дауылын қазақ ауылына жеткізуге» шақырған адам баласына өшпенді ұранының авторы әрі оны орындаушысы да нақ сол болды. Ал мұның өзі, қазақ халқы үшін нағыз қайғы-қасіретке айналды. Егер 1926 жылғы бүкілодақтық санақтың деректері бойынша республикада қазақ халқының саны тіпті шамалап алынған деректер бойынша 3 млн. 628 мың адам болған болса, 1939 жылғы санақ бойынша ол 2 млн. әзер жететін еді. Тек аштықтың өзі талай жүздеген мың адамның өмірін қиып кетті. Қазақстаннан сырт жерлерге 1,5 млн. адам көшіп кетті, оның ішінде 400 мыңға жуығы қайтып оралған жоқ.

Республикада коллективтендіруді жедел жүргізу үшін теориялық негіз де, экономикалық жағдай да болған жоқ. Дөрекі әкімшілдік, жергілікті кадрлардың бір бөлігінің жеке бастың пайдасы үшін таптық күресті ушықтыруға, онсыз да

нақты емес «халықты жедел отырықшыландыру» қарқынын ширықтыруға тырысуы жағдайды шиеленістіре түсті. Ал, В.И. Ленин РК(б)П VIII съезінде сөйлеген сөзінде, шығыс халықтарына таптық тайталасты Ресей орталығының үлгісі бойынша таңуға ешбір болмайтынын кейбір тағатсыз солшылдарға түсіндірген болатын. Біз осы халықтарға барып: «Біз сіздердің қанаушыларыңызды лақтырып тастаймыз!» — деп айта аламыз ба? Біз мұны істей алмаймыз... Бұл арада осы ұлттың дамып-жетілуін күтуіміз керек...». Алайда, әсіре революционерлер күткісі келмеді.

Қоғамдық дамудың әлеуметтік аспектілерін бұлайша елемеу индустрияландыру майданында да болды. Сөз жоқ, біз нақ сол кезеңде Қазақстанда үшінші көмір-металлургия базасы — Қарағандының құрылғанын, Балқаш комбинатының корпустары бой көтергенін, Қазақстандық Алтайдың кеніштері мен заводтары қуат ала бастағанын есептен шығарып тастай алмаймыз. Бірақ өнеркәсіптің дамуы негізінен орталық мұқтаж болып отырған бағытта жүрді. Республиканың индустриялық инфрақұрылымында бүгінгі күнге дейін өндіруші салалар басым. Соның нәтижесінде өлкеде индустрия ошақтары дейтіндерді жасау мен әлеуметтік инфрақұрылымның, дамуы арасында орасан үлкен сәйкессіздік қалыптасты, мұның өзі қазір де барынша теріс ықпал етіп келеді. Өйткені, орталық ведомстволардың республика халқының әлеуметтік қажеттеріне деген немқұрайлы көзқарасы бүгінгі күні де сақталып отыр.

1930–1940-шы жылдары мектеп жасындағы барлық балалар партаға отырғанын, ересек халықтың арасында сауатсыздық жойылғанын әділдік үшін айту керек болса да, мәдени революция барысында көптеген жөнсіздіктерге жол берілді. Кеше ғана қоғамдық-мәдени өмірдің ең төменгі сатысында тұрған миллиондаған адамдар әлеуметтікке шығармашылық аясына тартылды. Бірақ мәселенің екінші жағы да болды, оны айту қажет. Мәдени революцияның идеологиялық бағыты материалдық мәдениет саласын бір ізге салуға, адамдардың өмір салтын, психологиясы мен ойлау жүйесін, шығармашылық қызметінің барынша әртүрлі бағыттарының бастау алар принциптерін бір қалыпқа салуға ықпал етті. Қатал қолмен жүргізілген ол халықтың тарихи зердесіздігіне, ғасырлар бойы жасалған тарихи-мәдени мұраның жойылуына апарып соқтырды.

Қазақ халқы соғыстың алдындағы 12 жыл ішінде жазба мәдениетінің 2 реформасын бастан кешірді. Алдымен 1928–1930 жылдары латын алфавиті енгізіліп, ол сан ғасырлық дәстүрі бар араб графикасы негізінде аса көрнекті тілші-ғалым А. Байтұрсынов жасаған алфавитті ауыстырды, одан кейін 1940 жылы жазу кириллицаға көшірілді. Әртүрлі деңгейдегі партия және кеңес органдарының көптеген қаулылары мен шешімдері шығармашылық одақтардың, мектептердің, оқу орындарының, ғылыми мекемелердің қызметін қатаң тәптіштеп отырды. БК(б)П Орталық комитетінің «Әдеби-көркем ұйымдарды қайта құру туралы» өзек өртерлік белгілі қаулысы (1932 жылғы сәуір), Қазақстан Компартиясы I съезінің республикадағы діни көріністерге қарсы күрес туралы қаулысы (1937 жыл) және тағы басқалар осылай пайда болды. Олар қоғамның мәдени және саяси өмірінің әртүрлі салаларында, ғылым мен мәдениеттің жекелеген қайраткерлерінің тағдырында қасіретті роль атқарды.

Еш жазығы жоқ көптеген адамдардың өмірі нақ осы кезде қайғылы жағдайда үзілді. Олардың арасында қазақ мәдениетінің дамуындағы ірі табыстар өздерінің есімдеріне байланысты Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Павел Васильев, Бейімбет Майлин, Ахмет Байтұрсынов, Шәкәрім Құдайбердиев, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов сияқты Қазақстан ғылымы мен мәдениетінің аса көрнекті қайраткерлері болды.

1930-шы жылдары республиканың қоғамдық өмірі мен экономикалық дамуының барлық жақтарын қамтыған бұрмалау процестері Қазақстан Компартиясына да барынша жайсыз ықпал етті.

И.В. Сталин мен оның жандайшаптарының партияны айтқанды екі етпейтін «атқосшылар тобырына» айналдыру ниеті оның сталиндік әкімшіл-әміршіл системаға байланып қана қоймай, оның негізгі буын ретінде тастай бекіп орнығып қалуына апарып соқтырды.

1936–1937 жылдары ғана Қазақстан коммунистерінің тең жартысы партиядан шығарылды, және де «халық жаулары» ретінде — 9 мыңдай адам, яки барлық коммунистердің, әртүрлі ұлттар өкілдерінің 17% шығарылды. 1938 жылы 11 облыстық партия комитетінің 10-ы талқандауға ұшырады. Бұл деректерді біз сталиншілдіктің қылмыстары үшін бүкіл партияны айыптап, оны жаппай өкінуге шақырушылар үшін де келтіріп отырмыз. Бүгінде біз 1930-шы жылдардағы және 1940-шы жылдардың бас кезіндегі жаппай жазалаулар кезеңінде 40 мыңға жуық адам — республиканың көрнекті партия және мемлекет қайраткерлері, интеллигенция өкілдері, коммунистер мен партияда жоқтар зардап шеккенін білеміз.

Сталиндік зұлмат социализм ісіне қисапсыз нұқсан келтірді, еңбекшілердің партияға деген сенімін қатты шайқалтты. Қызыл армияның қуаты әбден әлсіреді, экономикада терең құлдырау байқалды», адамдар арасында ақылға сыймайтын үрей мен күдікшілдік ахуалы қалыптасты.

Қазір Қазақстанда заңсыздық пен зорлық-зомбылық құрбандарын ақтау жөнінде шаралар қолданылды. Республика тарихындағы «ақтаңдақтарды» жою, жеке басқа табыну құрбандарын мәңгі есте қалдыру жөніндегі жұмыс одан әрі жүргізілуде. Сол өткенді еске алу бізді тарихымыздың басқа кезеңдерін де, атап айтқанда, қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысы кезіндегі сұрапыл сыннан өткен жылдарын басқаша бағалауға мәжбүр етеді. 1 млн. 870 мың адам, яки республиканың әрбір төртінші тұрғыны Кеңес Қарулы Күштері мен еңбек армиясының қатарында болды. Қазақстанның партия және комсомол ұйымдары құрамының үштен екісі майдандарда шайқасты, жүздеген мың адам ерлікпен қаза тапты.

Соғыс жылдарында республикаға еліміздің еуропалық бөлігінен көптеген кәсіпорындар, жабдықтар, материалдық және мәдени игіліктер көшірілді. Ол жүздеген мың эвакуацияланған адамдарды, сталиншілдік жылдары заңсыз қоныс аударылған тұтас халықтарды: кеңес немістерін, қарашайларды, қалмақтарды, чечендерді, ингуштерді, балқарларды, месхеттік түріктерді — жалпы саны 2 млн.-дай адамды қабылдады. Тылда да адамдардың титығына жеткен майдандағыдай шайқас жүріп жатты. Ақыр соңында, жеңістің шын құны бізге енді ғана белгілі болып отыр. Арада бейбіт жыл өткеннен кейін де соғыстың ауыр жаралары әлі жазылмай келеді. Сол бір жантүршігерлік уақыттың қайғы-қасіретін біз бүгінге дейін сезіп келеміз, қазақ жері өзінің аясына алған халықтар жоғалтқан Отанын әлі тапқан жоқ. Бірақ Ұлы Отан соғысы біздің есімізде қайғысымен және қатыгездігімен ғана қалған емес. Кеңес адамдарын жауға қарсылық көрсетуге топтастырған ұйытқы күш нақ лениндік партия болғанын, фашизммен бүкілхалықтық күрестің алдыңғы шебінде нақ коммунистер жүргенін ұмытуға біздің хақымыз жоқ. Сол қиын-қыстау кезең біздің интернационалдық бірлігімізді, кеңестік ынтымақтың құрыштай берік күшін көз жеткізе паш етті. Ал бұл шындықты бізден ешкім тартып ала алмайды.

1950-ші жылдар біздің, қазақстандықтардың жадында тың жерлерді игеру жылдары ретінде қалды, ол республиканы сапалық жағынан жаңа экономикалық және әлеуметтік деңгейге шығарды. Еліміздің астық, азық-түлік балансындағы

Қазақстанның рөлі өлшеусіз артты. Алайда, тың игерудің нәтижелері тіпті де бір мәнде емес. Барлық оң нәтижелеріне қарамастан бұл акцияның жеткілікті дәрежеде әзірленбегенін, көбінесе волюнтаристік сипатта болғанын, республиканың ұлттық ерекшелігін ескермегенін мойындау керек. Ол ма, дәстүрлі мал шаруашылығына зиян келтіре отырып, ұлан-байтақ жерді жыртқанда астық проблемасын шешудің экстенсивті жолы үстем болды, тек қазір ғана біз жерлердің бір бөлігін жайылымдық мақсат үшін қайтара алдық. Қисапсыз көп адамдарды Қазақстанға көшіру жөніндегі ұлан-ғайыр науқан бастапқыда рухани, адамгершілік тұрғыдан алғанда нұқсанды болатын. Тұңғыш тың игерушілерге көп ретте сендер жабайы және құлазыған аудандарға бара жатырсыңдар деген бағдар берілді. Мұндай көзқарас кезінде қазақ халқының дәстүріне, әдет-ғұрпына, мәдениетіне, тарих ескерткіштеріне аялап қарау, күту қиын еді. Жергілікті жерлерде оқу қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің саны күрт қысқарып, ұлттық әдебиет пен мерзімді баспасөздің басылымы азайып кетті. Нақ сол кезде тіл және демографиялық проблемалар шиеленісе бастады.

Әкімшіл-әміршіл жүйе біздің қоғамды 1960-шы жылдардың аяғында өмірдің барлық салаларында дерлік қатал тоқырауға жеткізді. Еліміздің және республиканың партия және кеңес ұйымдарының практикалық қызметінде формализм, сөз бен істің алшақтығы үстем болып, бюрократизм, билікті теріс пайдалану, принципсіздік пен шенге бас июшілік күшейіп кетті. Қартайып, қаусаған «көсемдердің» өз қызметтерінде өмір бойына отыруы ұлан-байтақ еліміздің тұрғындары арасында қорлану сезімін туғызды. Социализмге жат осынау құбылыстардың экономика, мәдениет, қоғамның даму перспективалары үшін өте-мөте теріс зардаптары болды. Рухани-адамгершілік қасиеттің аяққа басылуы әлеуметтік әділетсіздік принципіне нұқсан келтірді, ал мұның өзі өз кезегінде адамдардың бойында бұрынғы мұраттардан түңілуді, өмірде немқұрайдылық пен енжарлықты туғызғаны ең үлкен қырсыққа айналды.

Халық шаруашылығындағы тоқырау құбылыстары өндіргіш күштерді жоспарлау мен орналастырудағы әміршіл-бюрократтық жүйенің қарама-қайшылығы мен кемшіліктерін ашып берді. Қазақстан еліміздің шикізат шылауына айналды, мұнда табиғат ресурстарын жыртқыштықпен пайдалану барған сайын күшті сезілді, баяу әрекет ететін экологиялық «миналар» қойылды. Соның салдарынан бір кездегі жүздеген мың гектар құнарлы жер құлазып, сортаңданды, оның үстіне Қазақстан егінжайы топырағының құнарлы қабаты 15–20%-ға кеми түсті. Арал теңізі қасіретке тап болды. Республиканың ұлан-байтақ территориясы халықтың келісімінсіз полигондарға бөліп берілді.

Халық шаруашылығының салалық құрылымы сыйымсыз формаларға ие болды. Мысалы, Орта машина жасау министрлігі, Қара металлургия министрлігі, Түсті металлургия министрлігі, Энергетика және электрлендіру министрлігі, Мелиорация және су шаруашылығы министрлігі сияқты экономиканың шын алпауыттары пайда болды. Мемлекеттік жоспарлау комитетімен, Материалдық-техникалық жабдықтау жөніндегі Мемлекеттік комитетімен және басқа монополисттермен бірге жүзден астам министрлік қай жерде және қашан тұқым себу, жер жырту, егін жинау, нені тасып, нені балқыту керек екенін және т.б. белгілеп отырды. Барлық қаржының 1/3 бөлігінен астамы өндіруші салаларға жұмсалды. «А» тобы өнімінің үлесі индустриялық өндірістің бүкіл көлемінің 3/4 бөлігіне жетті. Ал халыққа қажет бұйымдардың 60% республикадан тыс жерлерден тасып әкелінді. Дамыған елдердің бірде-біреуінде экономиканың мұншалық бұрмаланған, отарлық құрылымы жоқ.

Идеологиялық тоталитаризм мен қаржыландырудың аты шулы «қалдықтық» принципі ғылым мен мәдениеттің дамуына қатерлі ықпал етті. Қоғамдық ғылымдар,

соның ішінде тарих, ресми саясаттың «құлақкесті құлына» айналды, ал мәдениет ұлттық тамыр мен байланысынан айрылып, кескінсіз әрі сүреңсіз бола түсті. Марксизм-ленинизм классиктерінің идеяларын догмалық тұрғыдан түсіндіру тұтас халықтардың ассимиляцияға ұшырауына, тіл мен дәстүрлердің жоғалуына апарып соқты. Бұл Қазақстанды да шарпыды.

Сол кезде барлық билік құрылымдарын, соның ішінде партиялық құрылымдарды да тұп-тура езіп-жаныштаған орталық ведомстволардың ерекше күшейген өктемдігі туралы айтпасақ, тоқырау кезеңінің сипаттамасы толық болмай шығады. Іс жүзінде КОКП өзі өмірге әкелген әміршіл-бюрократиялық жүйенің аманатына айналды, бұл жүйе өз кезегінде елдің, республиканың бірінші басшыларын және тағы басқаларды өлшеусіз асқақтатуға мүдделі болды. Сөйтіп, барлық жерде жоғарыдан тағайындалатын, жұрт табынатын үлкенді-кішілі жергілікті көсемдер осылай пайда болды, ал орталық өктемдік өзінің шеңгелін «Мәскеуден бастап шалғай аймақтарға дейін» батыра берді.

Бұл жүйе бүкіл елде қалыптасты, ол орталықтың өзін Қазақстанда да толық билік жүргізетін қожайын ретінде сезінуіне мүмкіндік берді, сын үшін жабық аймақтар, орталық «өзімдікі» деп санаған жергілікті басшылардың кез-келген әрекеті мен қылығы күнәсіз саналып, жазаланбайтын жағдай туғызды. Халық іс жүзінде басшыларды таңдауға ықпал ете алмады, ал өкіметтің өкілетті органдарының заты емес, аты ғана болатын. Іс жүзінде өмірдің барлық салаларына басшылық жасап отырған республика Компартиясының Орталық комитеті Мәскеудің бұйрықтарын екі етпей және сөзсіз орындаумен болды, сөйтіп, ол жергілікті жерлердегі партия ұйымдарынан да соны талап етті. Миллиондаған гектар жайылымдарды жырту керек — құлдық, астықты бір дәнін қалдырмай сыпырып алу керек — құп болады! Орындалған әрбір «тапсырмаға» жеңілдіктер мен наградалар жұлдыздай жауып, ал халықтың тұрмыс деңгейі үздіксіз төмендей берсе, осының бәрі халықтың қажеті үшін жасалды деуге бола ма?

Қазіргі дағдарысты жағдайдың негіздері нақ сол жылдары қаланған болатын. 2,6 млн. адам немесе Қазақстан тұрғындарының іс жүзінде әрбір 6-шысы ресми түрде белгіленген өмір сүруге қажетті ең төменгі дәрежеден де нашар тұратынын айтсақ та жеткілікті. Бізді басқа республикалармен салыстыруға әсте де болмайды. Мысалы, мұндай аз табыс табатындар Прибалтикада халықтың 4% ғана, ал Беларусьта, РҚФСР-де, Украинада 5%-дан 8%-на дейін-ақ. Республикамыздың селоларында, әсіресе негізінен жергілікті халық тұратын шалғайдағы және халық аз қоныстанған мекендерде өмір сүру жағдайы ешқандай салыстыруға келмейді. Бірақ демократия мен жариялылық келмей тұрып бұл туралы тіпті ауыз ашуға да болмайтын.

Адамгершілік және саяси азғындау процесі бізді ғана қозғап қойған жоқ, ол барлық одақтас республикаларға және ең алдымен Ресейге қатты тиді. Мәскеу ведомстволары өктемдігінің Ресейге және тоқыраудан басқалардан көп болмаса аз зардап шекпеген орыс халқына еш қатысы жоқ екенін тағы да атап көрсету керек. Әкімшіл-әміршіл жүйенің мадақтаушылары мен жоғын жоқтаушыларға бүкіл еліміздің қарсы көтерілгені тегін емес.

Бүгін біз социализм жөніндегі өз көзқарасымызды түбірімен өзгертуге шақырған лениндік үндеудің бүкіл терең мәнін түсіндік. Еліміз өз дамуының жаңа кезеңіне қадам басты. Оған күні өткен саяси және экономикалық құрылымдарды, идеологиялық жорамалдарды үзілді-кесілді теріске шығару, бұқараның жанды шығармашылығына еркіндік беру, халықтың рухани өмірін қалпына келтіру тән.

Оның тарихи, практикалық және болжамдық контекстері әдеттен тыс терең және ауқымды. Қайта құру Ұлы Қазан революциясының тікелей жалғасы екенін мәлімдеп, біз сол арқылы қоғамдық дамуымыздың сабақтастығын, жаңа құрылыстың негіз қалаушы мұраттарына — ізгілікке, халықтардың теңдігіне, достығы мен туысқандығына адалдықты қуаттап отырмыз.

Алайда, күрт тарихи бетбұрыстар оңайға түсіп отырған жоқ. Қайта құру процесі Қазақстанда, еліміздің басқа да аймақтарындағыдай, объективті, сондай-ақ субъективті сипаттағы көптеген қиыншылықтар мен бөгеттерге тап болды. Жаңару өздеріне ұнамай отырғандар өте қуатты қарсылық көрсетті және одан әрі көрсетуде.

Ескіше және жаңаша ойлау жүйесі қақтығысының, өткір күресінің жарқын мысалына Алматыдағы 1986 жылғы желтоқсандағы белгілі оқиғалар жатады. Алаңға шыққан жастар әміршіл-әкімшіл жүйенің сыннан өткен әдістеріне деген жалпыхалықтық наразылықты білдірді, ол жүйе бұрынғы кездегідей, республика халқы мен қалың партия бұқарасының пікірін толық елемей отырғанын көрсетті.

Бүкіл қазақ халқына тағылған ұлтшыл деген асығыс әрі беталды айыптаулардың жөнсіз екенін өмірдің өзі дәлелдеді. КОКП Орталық комитеті Саяси бюросының бұрынғы қате бағалардың күшін жою туралы шешімін біз әділетті қалпына келтіру, қайта құру күштерінің ауыр, бірақ әбден қисынды жеңісі деп қабылдап отырмыз. Қазіргі саяси жағдай біздің өмірімізді қайта құру бағытының дұрыс таңдап алынғанын тағы да қуаттай түсуде.

Кездескен барлық қиыншылықтарға, жол берілген қателіктерге қарамастан, қайта құру жылдарында біз өткен кездің үйінділерін тазарту жөнінде орасан зор жұмыс жүргізгенімізді ескеруіміз керек. Қоғамда демократияландыру мен жариялылық жағдайы орнықты, адамдар өз қадір-қасиетін сезіне бастады. Халықтық билік идеялары барған сайын мол мазмұнмен толыға түсуде, халық депутаттарды, басшыларды өз ой-ниетін емін-еркін білдіре отырып сайлауда. Экономикада көп жағынан алғанда әлі де жеткіліксіз болғанымен, бірақ нақты өзгерістер болып жатыр. Республика дербестілікке бірте-бірте қадам басып, өзінің сыртқы экономикалық байланыстарын нығайтып келеді. КОКП-да ішкі партиялық өмірді демократияландыру, партия бұқарасы билігінің басымдығын орнату жағына қарай үлкен өзгерістер болып жатыр. Осының бәрі — қайта құрудың нақты жемістері.

Қоғам мен партиядағы түбегейлі өзгерістердің қажет екені түсініліп, ол республика коммунистерінің XVII съезі мақұлдаған «Қазақстан Компартиясын жаңартуға және жаңа федерацияда республика егемендігіне қол жеткізейік» деген Тұғырнамасында нақты бейнесін тапты. Оның қағидалары мен мақсаттары қазақстандықтарға аян. Сондықтан ең бастысына тоқталып өтейік.

Халық шаруашылығын құрылымдық жағынан қайта құру, ғылыми-техникалық прогресті жеделдете, жалпыодақтық және халықаралық еңбек бөлісі мен кооперациясына кеңінен қатыса отырып, нарық қатынастарына көшу әлеуметтік-экономикалық даму проблемаларын шешудің негізі болуға тиіс деп есептейміз. Мұның өзі республика тап болып отырған бейшаралық экономикалық жағдайдан арылуға, жоғары дамыған сан-салалы халық шаруашылығын қалыптастыруға көмектеседі.

Үстіміздегі бесжылдықта экономикалық тұрғыдан кейбір оң тенденциялар байқалғанын, экономиканың адамдардың мұң-мұқтажына әлі баяу болса да батыл бет бұра бастағанын айту керек.

Инвестициялық саясатта да әлеуметтік саланы дамыту жағына қарай өзгерістер болып жатыр. Республиканың халық шаруашылығына бөлінетін мемлекеттік

күрделі қаржы жалпы алғанда шамамен үштің біріндей ұлғайса, олардың тұрғын үйлер салуға жұмсалған көлемі 1,5 есе, мәдени-ағарту мекемелеріне жұмсалған көлемі 2 есе ұлғайды. Сіздер биыл бірінші тоқсанда тұрғын үй жөніндегі бесжылдық жоспар орындалғанын білесіздер.

Селода да елеулі өзгерістер болып жатыр. Жеке аулаларды дамытуға бағыт алып, біз еңбекшілер дастарқанына түсетін елеулі үстемеге қол жеткіздік.

Өткен бесжылдықтың орташа жылдық деңгейімен салыстырғанда ет өндіру 285 мың тоннадан астам, сүт 650 мың тонна артқанын еске салып өтейін. Сонымен бірге үстеменің үштен бірі жеке секторды жедел дамыту есебінен ғана алынды. Кеңінен дамып келе жатқан бау-бақша өсіру ісі адамдарды азық-түлікпен қамтамасыз етуде үлкен қолғабысқа айналды.

Биылғы ауылшаруашылық жылының қорытындылары жайында ерекше айтқым келеді. Масақты дақылдарды ору әлі жүріп жатыр, бірақ қазірдің өзінде 31 млн. тонна астық жиналды, бұл Қазақстан үшін болып көрмеген көрсеткіш. Сонымен бірге 2,4 млн. тонна картоп, 1,4 млн. тонна көкөніс дайындалды, мұның өзі республика халқының қажеттерін толық қанағаттандырады. Және де бүкіл осы аса мол өнім айтарлықтай тыныш жағдайда, асып-саспай және бір кездегі күйгелектікке салынатын ахуалсыз, «жоғары жақтың» тиісті нұсқауларынсыз жинап алынды.

Қиын міндетті ойдағыдай орындап шығуға бізге көмектескен не?

Біріншіден, біздің егіншілеріміздің асқан жауапкершілігі, олар ғажап өнімді сақтап қалу үшін күш-жігерін аяп қалған жоқ. Оларға барлық қазақстандықтардың атынан тағзым етіп, шын жүректен алғыс айтамыз!

Республикада шаруашылықты жүргізу формаларының барған сайын алуан түрлі сипат алып отыруы да өнім жинауды нәтижелі өткізуде маңызды роль атқарды. Кооперативтік, жалгерлік, фермерлік шаруашылықтар, яғни шаруа өзінің іс-әрекетінде еркіндік алған, өз еңбегі нәтижелерінің қожайыны болатын шаруашылықтар дамуда. Әлбетте, Ресей Федерациясының, Украинаның, Молдованың, Орталық Азия республикаларының механизаторларына Қазақстанда өсірілген Отан астығын жинап алу үшін бізге қол ұшын берген жұрттың бәріне зор алғысымызды айтамыз. Өйткені, біздің республика — бидайды өзінен тысқары жерлерге шығаратын еліміздегі бірден-бір республика. Біз қазір соншалық табандылықпен жолға қойып жатқан республикааралық көлбеу байланыстар нақты жемісін беруде. Егін орағы — осының айқын дәлелі.

Біз тоқырау жылдары осындай рекордты өнім жинасақ, Қазақстан төңірегінде, жолдастар, қандай жеңіс кернейлері ойналып, қандай насихаттық даурықпа көтерілер еді. Сол бір даңғаза уақыты келмеске кетті. Қазір біз үшін басты награда сол — біздің астығымыз бар. Демек, қайта құру жоспарларын ойдағыдай жүзеге асыру үшін, адамдарға нарықты экономикаға көшудің неғұрлым тыныш жағдайын қамтамасыз ету үшін жақсы негіз бар.

Біздің диқандарымыздың еңбегіне лайықты баға бере отырып, біз сонымен бірге қол жеткізілген деңгейдің көкейкесті қажеттерді әлі де қанағаттандырмайтынын айтуға міндеттіміз. Бұл республиканың бүкіл халық шаруашылығына қатысты. Ол қазіргі экономикалық жағдайда қажетті қайтарым бере алмай отыр. Республиканың экономикалық егемендігі принциптерін нақты іске асырып, экономикалық және әлеуметтік дамудың барлық мәселелерін дербес шешу ғана бірден-бір айқын жол болмақ.

Бұл өзінің ауқымы жағынан зор процесс. Ал оның бүкіл күрделі сипаты, қарама-қайшылығы соңғы уақытта еліміздегі өткір жанжалдардан, әлеуметтік

күйзелістерден айқын байқала бастады. Біз ұлттық-мемлекеттік құрылыс саласындағы өктемшіл әдістердің кеңестік федерализмнің лениндік принциптерін қалай өрескел бұрмалауға апарып соқтырғанын көрдік. Көптеген халықтардың мүдделері, республикалардың мүдделері мүлдем еленбей, бәріне де орталық ведомстволардың өктемдігі жүріп келді.

Адал әрі ашығын айтайық. Бұл өктемдік аймақтардың дамуын жай ғана тежеп қойған жоқ, оларды, бүкіл елімізді тығырыққа әкеліп тіреді. Ал тығырықтан шығар жол біреу — кері қарай жүру. Сондықтан бәрін өз орнына қою үшін біз ұзақ ондаған жылдар бойы жүріп келген ақиқатты кері қарай оқыған жөн: республикалардың қалай өмір сүретінін орталық айқындамайды, қайта орталықтың қандай болу керек екенін, оның қандай өкілеттіктері болуға тиіс екенін республикалар айқындайды.

Әңгіме Кеңестік Социалистік Федерацияны принципті түрде жаңарту, КСР Одағы мен республикалар өкілеттіктерінің ара-жігін жіті ажырату туралы болып отыр. Біздің бұл арадағы көзқарасымыз қандай? Одаққа кіретін және егеменді, тең құқықты социалистік мемлекеттер болып табылатын басқа республикалар сияқты, Қазақстан да өзі ерікті түрде, шарт негізінде еліміздің орталық мемлекеттік өкімет және басқару органдарына беретін өкілеттіктерінен басқа, өз территориясындағы бүкіл мемлекеттік өкімет билігін толық иемденуге тиіс. Егеменді республикалардың жаңа Шартына үстіміздегі жылы қол қойылады деген үміттеміз.

Біз РКФСР-мен, Украинамен, Беларусьпен және әсіресе біздің Орталық Азия аймағындағы жақын көршілерімізбен интенсивті түрде көлбеу байланыстарды кеңейтуге ерекше көңіл бөлеміз. Сыртқы экономикалық қызметте дербестікке қол жеткізу де біз үшін басым бағыт болып табылады. Қорытып айтқанда, біз мұның бәрін біздің пікірімізше, республикалар мүдделерінің басымдығын баянды ету-ге, Одақ пен республикалар функцияларының ара-жігін жіті ажыратуға тиіс жаңа Одақтық шартқа көзқарас деп білеміз.

Бірақ Одақтық шарт — жалаң мақсат емес, ол ең маңызды мәселені — халықтың тұрмысын едәуір жақсартуды қамтамасыз етуге бағытталған. Осыны басшылыққа ала отырып, азық-түлік, жайлы тұрғын үй құрылысы, халық тұтынатын бұйымдар өндіру және халыққа ақылы қызмет көрсету, экологиялық, сондай-ақ транспорт пен байланысты дамыту, денсаулық сақтаудың, халыққа білім берудің, ғылым мен мәдениеттің материалдық базасының, қала мен село инфрақұрылымының артта қалуын жою бағдарламаларын әлеуметтік-экономикалық саясаттың басым бағыттары деп қараймыз.

Осыншама ірі шараларды іске асыру қыруар қаржы мен материалдық ре-сурстарды қажет етеді. Ал оларды тиімді жұмыс істейтін халық шаруашылығы, еңбек коллективтерінің дербестілігі негізінде, яғни нарық қатынастарына көшу кезінде ғана алуға болады. Орталықтың ешқандай әрекеттері шаруашылық өміріне қатысушыларды экономикалық жағынан ақталған іс-қимылға нарық, нарықтық мәжбүр ету сияқты ынталандыруға қабілетті емес. Бұл күрделі іс. Алғашында өндірістің құлдырауы да, тұрмыс дәрежесінің уақытша төмендеуі де, жұмыссыздық та сөзсіз болады. Осының бәрі нарық қатынастарының объективті жақтары, оған саналы түрде бару керек.

Нарыққа көшудің мәселелерін біз ойластыра, барынша салмақтай отырып шешетін боламыз. Қажетті заң актілері, монополияға қарсы шаралар, халықты, әсіресе табы-сы аз топтарды әлеуметтік жағынан қорғау жүйесі іске қосылатын болады.

Республиканың экономикалық егемендігін және реттелетін нарыққа көшуді біз жаңа өндірістік қатынастардың қалыптасуымен, экономиканың басты буыны —

кәсіпорынның ролін арттыру мен байланыстырып отырмыз. Өйткені, одақтық орталықтың функцияларын республикалық және аймақтық орталықтарға жай бере салсақ, одан басқа ешнәрсені өзгертпейтін болсақ, онда одақтық өктемдікті республикалық және жергілікті өктемдік ауыстырып, бюрократияның біреуінің орнына екінші бір басқасы пайда болады.

Сондықтан біз кәсіпорындардың экономикалық дербестілігі мен жауапкершілігін арттырудан, орынды болған жерлерде оларды мемлекет меншігінен алудан, орталықсыздандырудан, ықшамдаудан терең мән-мағына көріп отырмыз. Министрліктік байланыстардан көлбеу байланыстарға көшу, өзара тиімді негізде жаңа формалар — қауымдастықтар, концерндер құру керек. Ұсақ кәсіпорындар құруға батылырақ бару керек, оларды әсіресе ауылшаруашылық өнімі өндірісінде және ғылыми-техникалық прогресс саласында көбейткен жөн.

Шаруашылық есеп кез-келген өндірісте қажеттілікке айналатындай, ол оның барлық буындарын жалғастыратындай әрі оларға өзек болатындай, адамды тиімділігі жоғары және сапалы жұмыс істеуге ынталандыратындай етуіміз өте маңызды. Мердігерлікті, жалгерлікті, шаруашылықты жүргізудің басқа да прогресті формаларын сөз бен қағаз жүзінде ғана емес, іс жүзінде дамыту, барынша көтермелеп отыру керек. Тек осы жолмен ғана адамдардың қожалық сезімін қайта оятып, өз еңбегінің нәтижелеріне деген олардың мүдделілігін арттыра аламыз.

Біз нарыққа қарай адам өмірінің лайықты жағдайларына жету үшін, жеке адамды асқақтату, шын мәнінде өркениетті қоғам орнату үшін бара жатырмыз. Еркін нарық қатынастары алдындағы үрейден арылуымыз, қалыпты, дүниежүзілік практикада жалпы жұрт қабылдаған экономика жағдайында біздің әрқайсымыз бәрін бірдей бөліп беретін сыйықсыз принциптер үстем болып отырған қоғамдағыдан әлдеқайда ауқатты әрі толымды өмір сүретін болатынымызды жұрттың дұрыс түсінуіне қол жеткізуіміз керек.

Нашар экономика адамдардың арасына от жағады деген сөз де бар. Шынында да солай. Біздің тұрмысымыздағы жұпынылық пен жоқшылық, дүкендердің бос сөрелері, ең қажет нәрсенің үнемі жетіспеуі әлеуметтік шиеленістер туғызып, оның өзі қылмыс жасаудың көбеюінен, моральдық азғындаудан, еңбек тәртібі мен қоғамдық тәртіптің төмендеуінен өз көрінісін тауып отыр. Және ең қорқынышты сы мұның ұлтаралық қатынастардың шиеленісуіне әкеліп соғуында жатыр. Кейбіреулер өздерінің қазіргі барлық қырсықтарына көршілер ғана кінәлі, сөйтіп, ұлттық дуал қойылса, немесе керісінше, басқа жердегі шаңырақ астына қуылса болғаны, проблемалардың бәрі өзінен-өзі шешіледі деп ойлайды. Бұл қауіпті түрде қателесу. Еліміздің басқа аймақтарындағы ұлттардың жанжалдарының адамдарды қандай қайғы-қасіретке душар еткенін бәріміз білеміз. Әйтсе де, ұлтаралық алауыздықтар негізінде болатын күйзелістерден құтқаратын кепілдік жоқ екенін дәлелдейтін мазасыз нышандар бізде де пайда болып отыр. Өзінікі дұрыс екенін қызыл өңештене дәлелдеп, өзара талаптар қойып отырған тайталасушы жақтар адам қырсықтары мен бақытсыздықтарының тізбектері сөзсіз басталатын қауіпті шепке таяп қалғанын тіпті байқар да емес. Егер ақылға келмесек, арнасынан асқан қызбалықты дер кезінде басып тастамасақ, көкейкесті әлеуметтік проблемаларды шешетіндей жағдайда бола алармыз ба?

Бізде сақтайтын нәрселер баршылық. Қазақстанда тұрып жатқан халықтардың достығы тіпті де бос сөз емес. Бүгін атап өтіліп отырған 70 жылдық мерейтой шеңберінен асып кетіп отырған біздің бүкіл тарихымыз ғасырлар бойы қоян-қолтық өмір сүріп, ауыр сәттерде өзара көмек пен қолдау тауып келген ұлттардың

шынайы достық одағының мысалдарына бай. Интернационализм қазақ халқының қанында, ол өз үйі деп санайтын барлық халықтардың ажырамас ерекшелігіне айналды. Бәлкім, ол нақ қазір, ауыр да мазасыз уақытта барлық қиыншылықтарды жеңуімізге, өз алдымызда тұрған проблемаларды шешуімізге көмектесетін игілігіміз болар.

Мұны айтып отырған себебім: ұлттық пәтерлерге бытырап, ол проблемаларды жеке-дара шеше алмайтынымызға кәміл сенемін. Ішкі ғана емес, сондай-ақ халықаралық орасан зор маңызы бар саяси тұрақтылықты егер біз сақтай алмайтын болсақ, оған үміт артуға тіпті де болмайды. Қазіргі кезде республика Батыс пен Шығыстың жоғары дамыған елдерімен сыртқы экономикалық байланыстарын елеулі түрде ұлғайтып өзара тиімді ынтымақтастығына тереңдетуде. Бұл жағдайларда қоғамдық тыныштық халықаралық байланыстарды нығайтудың, демек, экономиканы өрге бастырудың және сайып келгенде біздің тұрмыс дәрежемізді арттырудың аса маңызды кепілі болып отыр. Сөйтіп, жағдайдан шығудың жалғыз жолы ғана болуы мүмкін — азаматтық татулыққа бізде балама жоқ. Мұны түрлі қоғамдық-саяси және ұлттық қозғалыстардың өкілдері де түсіне бастаған сияқты.

Республика Президенті ретінде мен соңғы кезде осындай әртүрлі құрамалардың басшыларымен кездесіп келемін. Жалпы алғанда бұл кездесулердің сындарлы және пайдалы екенін атап өткен жөн. Республиканың Жоғарғы Кеңесі де, халық депутаттары да азаматтық татулықты қорғап, салмақты сөзін айтып, жалпыұлттық келісімді қамтамасыз ететін заң актілерін қабылдайды деп ойлаймын. Ашығын айтайын: бүгінде кемені шайқалтып жатқандар халықтың игілігін бәрінен де аз ойлайтындар, олар тек жеке басының пайдасын, билікке ие болуды басшылыққа алатындар. Алғаш қарағанда қаншалықты тартымды болғанымен, даңғойлық ұрандарды айқын түсініп, оларға еліктемеу керек.

Жолдастар!

Республикадағы қалыптасқан жағдайға Орталық комитеттің мүшелері, депутаттар, барлық қазақстандықтар дұрыс баға береді деп үміттенемін. Өз мақсаттарымыз және өз алдымызда тұрған проблемалар бізге айқын. Олардың шешімі тек бізге барлық қоғамдық күштердің іс-қимыл бірлігі мен топтасуына байланысты.

Социализм — «адамзатты жарылқайтын» дайын система емес екені туралы В.И. Ленинніңойын біз терең түсінуге тиіспіз. Жоқ, оның өзі күрделі, өте ауыр процесс болды және болып отыр. Онда «бірден-бір дұрыс» тәсілдер мен заң үлгілерінің болуы мүмкін емес және тиіс те емес. Керісінше, социализм — бұқараның үздіксіз әлеуметтік шығармашылығы.

Біз сол ізденістің күрделі кезеңінде тұрмыз. Бірақ, өткен ондаған жылдардың тәжірибесіне сүйене отырып, халықтың өмірін жақсартудың дұрыс шешімдерін, дұрыс жолдарын табуға қабілеттіміз және міндеттіміз.

Ортақ мақсаттар, интернационализм мен туысқандық достық дәстүрлері, болашақ ұрпақтар алдындағы жауапкершілік топтастырған республика еңбекшілері, коммунистері, барлық қазақстандықтар тарих биігінен табылып, республиканың болашағы, оның экономикалық қуатының нығайтылуы және гүлденуі үшін барлық күш-жігерін, қажыр-қайратын, тәжірибесін жұмсайды деп сенім білдіремін.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының II сессиясында «Жаңа Одақтық шарттың жобасы туралы» тақырыбында сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1990 жылдың 16 қазаны

Құрметті депутаттар, жолдастар!

Бүгін сіздер мен біздер қарап жатқан мәселе жалпы алғанда бүкіл қайта құру үшін өзекті болып табылады десем, шындыққа қиянат жасамаспын деп ойлаймын. Оның үстіне ол кеңес адамдарының қазіргі және болашақ ұрпақтарының тағдырын көп жағынан айқындайды, өйткені, қоғам өмірінің аса маңызды саласына — біздің көпұлтты мемлекетіміздің құрылысына қатысты.

Біздің көз алдымызда дәуірлер ауысып жатыр. Бір жағынан осы қос бірдей процеске әміршіл-әкімшіл системаның күйреуі мен саяси аренадан кетуі, екінші жағынан адам ең жоғары қазынаға, ал әрбір азаматтың, әрбір жеке адамның мүдделерін қорғау басты мақсатқа айналып келе жатқан жаңа азаматтық қоғамның дүниеге келуі тән.

Әлбетте, біз тыныстап отырған проблемалар шеңбері әдеттен тыс сан алуан. Алайда барлық уақытта адамдардың ең күшті талпынысы бостандыққа деген талпыныс болды. Ол тіпті ондаған жылдар бойы ең қатал унитаризмнің езгісі астында болып келсе де, ешқашан семіп қалмайды. Бүгін біз қазақстандықтардың республикалық егемендікті орнықтыруға бағытталған өзінің азаматтық еркін қуатты түрде білдіруін барынша толық сезініп отырмыз. Республиканың экономикалық және әлеуметтік қарыштап қадам басуы ол шынайы бостандық алмайынша, орталық ведомстволардың көп жылғы өктемдігін жоймайынша мүмкін емес екені жөніндегі ақиқат шындыққа ешкім де дау атпайды.

Бірақ мынадай сұрақ пайда болып отыр, халықтар егемендігінің ұлттық дәуірлеуінің олардың дербестілігі мен өзін-өзі басқаруының сөз жоқ кінәратсыз идеяларын еліміз өмірінің нақты жағдайында қалай жүзеге асыруға болады? Бір-бірін теріске шығаратын, бір-біріне қарсы сияқты ағымдарды бір арнаға қалай тоғыстыруға болады? Ұлты әртүрлі кеңес адамдары бірлесе өмір сүрген жылдар ішінде олардың арасында қалыптасқан экономикалық, мәдени, демографиялық және басқа байланыстарды зиянды түрде үзуден бізді сақтандыратын, алаңдаған үндерді біздің барған сайын жиі естіп отырғанымыз кездейсоқ емес. Бұл жөнінде не айтуға болады?

Иә, біз орталықтың күшті «құшағын» жазғымыз, адамды қорлайтын республиканың бағыныштылығын, тәуелділігін жойғымыз келеді. Бірақ мұның өзі Қазақстанның «есікті тарс жауып», сонымен бірге ауыр сындарға төтеп беруімізге көмектескен, біздің одағымызды нығайтатын негізге айналған туысқандық төл дәнекерлерден арылғысы келіп отырғанын тіпті де білдірмейді.

Егемендікке өмір сүріп отырған мемлекеттік құрылымды түбірінен реформалау жолдарында жетуге, сонымен бірге өшпес қазыналарды — бірлік пен топтасқандықты сақтауға болады деп санаймыз. Сайып келгенде, кез-келген халықтың, кез-келген мемлекеттің прогресі олардың оқшауланuы жағдайында

мүмкін емес. Мұның өзі дүниежүзілік тарихтың бәріне де қатысты азын-аулақ ережелерінің бірі. Міне, сондықтан, да біз республикалар Одағының сенімі, нық жақтаушылары болып келдік және бола береміз. Бұл принципті айқындаманы біз бірқатар құжаттарда және сөздерде білдірген болатынбыз.

Атап айтқанда, мемлекеттік егемендік туралы Декларацияның талқыланып жатқан жобасында Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы өз халқының емін-еркін өзін-өзі билеуі негізінде «басқа республикалармен егеменді республикалардың жаңарған Одағына бірігетіні» атап көрсетілген. Басқаша айтқанда, Қазақстан Федерациясының, бірақ сапалық жағынан жаңарған, осы заманғы және нақты шындықтарға сай келетін Одақтық шартқа негізделген, Федерацияның мүшесі болып келді және бола береді.

Республика Президенті бекіткен, жетекші юрист-ғалымдар, республика халық депутаттары, практик-мамандар құрамындағы Қазақ КСР-нің арнаулы комиссиясы осы айқындаманы негізге ала отырып, Одақтық шарт жобасының қазақстандық нұсқасын әзірледі. Оның негізгі ережелерін қысқаша баяндап, беруіме рұқсат етіңіздер.

Біз одақтас республикалар деп аталатын кеңестік егеменді мемлекеттер, сондай-ақ барлық ұлттық — мемлекеттік, соның ішінде автономиялы құрылымдар Одақтық шартқа қатысушылар болып табылады деп санаймыз. Қазақ КСР-де ондай құрылымдар жоқ, сондықтан барлық ұлттық –мемлекеттік құрылымдардың Одақтық шартқа тең құқықты қатысуын нақты қалай қамтамасыз ету керек екені жөнінде қандай да болсын кеңес беру біз үшін қиын әрі әдепке жатпайды. Алайда, барлық ұлттар мен ұлыстардың теңдігі принципі мемлекеттіліктің көлемі мен формаларына қарамастан сақталуға тиіс екені біз үшін әбден айқын.

Бұрын, әкімшіл-әміршіл басқару жүйесінің қалыптасуы мен орнықтырылуына және социализмнің демократиялық, адамгершілік табиғатын лениндік түсіну мен жүзеге асырудан ауытқуға тікелей байланысты бізде орынсыз қатаң, көп жағынан бюрократтық, одақтас республикалардың егемендігін шектейтін, олардың бастамасы мен белсенділігіне тұсау болатын орталықтандыру қалыптасты. Одақтық мемлекетті нығайту жолының негізінен орталықтандырылу барған сайын күшейту, одақтық органдардың өкілеттіктерін ұлғайту арқылы өтетіні туралы жаңсақ ұғымдар теория мен практикада барған сайын терең тамыр жая бастады. Нәтижесінде 1980-ші жылдардың орта тұсында бізде республикалардың өлшеусіз арта түскен экономикалық, мәдени, кадр потенциялы, олардың өз проблемаларын дербес шешуінің нақты қабілеті мен тамыр жайған шамадан тыс орталықтандыру арасында күшті сәйкессіздік, өткір қайшылық қалыптасты.

Сондықтан да әңгіме қоғам өмірінің барлық салаларында республикалардың рөлін едәуір арттыру мен құқықтарын ұлғайту туралы ғана болуға тиіс. Тек одақтық органдар «маңызды» немесе «жалпыодақтық» маңызы бар деп санайтын «кез-келген мәселені» өзінің қалауынша қарайтыны жөніндегі олардың құқықтарын заң жүзінде қамтамасыз ету арқылы ғана Одақты нығайтуға болатыны туралы талай ондаған жылдар ішінде қалыптасқан пікірді жою маңызды. Нақты жұмыс істейтін федерациялық мемлекетте басқа принцип қолданылуға тиіс. «Республика КСР Одағының қарамағына жатқызылмаған нәрсенің бәрін істеуге хақы бар».

Құқықтық көзқарас тұрғысынан Одақтық шарт одақтық Конституция мен одақтас республикалардың конституцияларына өз ережелерін негіз етіп алынатын заң жүйесіндегі бірегей заң актісіне айналуға тиіс. Бірігу тең құқықты, еріктілік,

және одақтан еркін шығу принциптерінде, одақ пен одақтас республикалар сондай-ақ олардың әрқайсысы өкілеттіктерінің ара-жігінің нақты ажыратылуы негізінде жүзеге асатын болады.

Сонымен қатар, жаңарған Одақ жалпы алғанда мемлекеттік институттар мен қоғамның терең демократияландыруын, шартқа қатысушылардың экономикалық, саяси және құқық егемендігін, конституциялық нормаларға және халықаралық құқық деңгейіндегі нормаларға сәйкес адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге, КСР Одағында тұратын барлық халықтардың әл-ауқатын арттырудың, ұлттық мәдениеттер мен жалпы адамзаттық қазыналарды дамыту мен байытудың мүдделеріне сай экономикалық интеграцияның жаңа жағдайларын қамтамасыз етуге міндетті.

Одақтық шарттың мазмұнын айқындайтын негізгі бастапқы принциптерді біз қандай деп білеміз?

Біріншіден, барлық ұлттар мен халықтар өзара қатынастарда, заң мен билік алдында тең болуға тиіс; олардың бостандығы мен еркін дамуын, мүдделері мен тілін, мәдениетін, дәстүрлерін заңдар сақтауға, республикалар одағы шеңберінде де, сондай-ақ әрбір одақтас республика шеңберінде де, мемлекет пен оның барлық органдары, қоғамдық ұйымдары қорғап, қамтамасыз етуге тиіс.

Екіншіден, билік халықтан басталып, халықта болуға тиіс, ол мұны тікелей және өкілетті органдары арқылы жүзеге асырады.

Үшіншіден, одақтас республика осы сөздің толық мағынасында егеменді болуға және өз территориясында бүкіл билікке толық ие болуға тиіс.

Төртіншіден, одақтас республикалар егеменді мемлекеттер Одағына бірігуі ерiктілік негізінде болуға тиіс, мемлекеттік құрылыс мәселелерін шешуде одақтас республикалардың, сондай-ақ жалпы Одақтың құзыры осы принцип негізінде айқындалады. Сонымен бірге республиканың егемендік құқықтарын шектеудің кез келген түрі заңсыз болып табылатынын және Одақтық шарт пен халықаралық заңдық нормаларына сәйкес тоқтатылып, келтірілген нұқсан туралы мәселелер қаралуға тиіс екенін ескеру керек.

Шарт жобасының кіріспесінде барлық әлеуметтік қазыналардың өлшемі — адам басты орын алған. Оған экономикалық және саяси бостандық, лайықты өмір сүру қамтамасыз етілетін болады. Сонда егеменді мемлекеттердің құрылып жатқан Одағының жалпыадамзаттық қазыналарға, халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған принциптеріне адалдығы, оның барлық елдермен және халықтармен тату және келісімде тұруға, халықаралық республикааралық және ұлтаралық қатынастарда егесуге жол бермеу үшін барлық шаралар қолдануға әзірлігі ерекше атап көрсетілген.

Біз ұсынып отырған жобаның 7-ші және 17-ші баптарында егеменді мемлекеттер Одағына берілетін құқықтар нақты аталған. Бұл барлығы 14. Сіздер, сірә, олармен өздеріңізге берілген мәтін бойынша танысқан болармысыздар. Тек сіздердің назарларыңызды Одақтың кейбір құқықтарына аударғым ғана келеді.

Олар — одақтас республикалардың ұсыныстары негізінде елдің экономикалық және әлеуметтік дамуының перспективаларын әзірлеу, одақтас республикалармен бірге жалпыодақтық бағдарламалар әзірлеу мен жүзеге асыру, жалпыодақтық нарықтың ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуінің принциптерін белгілеу; одақтық бюджетті жасау, бекіту және атқару, еліміздің қорғанысын, космостық зерттеулерді,

сондай-ақ жалпыодақтық мемлекеттік меншікке жататын объектілерді басқару немесе басқалармен шарт бойынша бірлесе басқару; елдің сыртқы саясатын белгілеу, халықаралық шарттар жасасу; одақтас республикалармен келісім бойынша одақтық бюджеттің қаражатынан шетелдік мемлекеттерге мемлекеттік қарыздар мен несиелер туралы келісімдер жасасу, Одақтың егемендігі мен территориялық тұтастығын қорғау, ел қорғанысын ұйымдастыру, Одақтың Қарулы Күштеріне басшылық жасау және басқалары.

Сөйтіп, егеменді мемлекеттер Одағына жалпы мемлекеттік міндеттерді шешу үшін қажетті өкілеттіктер беріліп отыр. Осы құқықтардың жиынтығы мен олардың тиімді пайдаланылуы оған ел ішінде жоғары билікті жүзеге асырушы егеменді мемлекет статусын және шетелдік мемлекеттермен арадағы қатынастарда тәуелсіздікті қамтамасыз етеді. Одақ аталған құқықтар мен өкілеттіктер шеңберінде мемлекеттік толық билік жүргізетін федерациялық мемлекет күйінде қалып отыр.

Біз барлық құқықтардың бастапқы көзі одақтас республикалар екенін негізге алып, олар бүкіл одақ үшін мүдделі болып табылатын міндеттерді пәрменді түрде шешу үшін одақтық мемлекетке өз өкілеттіктерінің бір бөлігін ерікті түрде берді. Сондықтан біздің ойымызша, одақтас республикалардың өкілеттіктерін анықтау жөніндегі республикалардың құқықтары бейне бір КСРО құзырына жатпайтын одақтық мемлекет құқықтарының қалдықтарынан қалыптасқаны туралы зиянды көзқарастан бас тарту керек.

Біз республикалардың өзара және жалпы Одақпен байланыстарының саяси және құқықтық көп нұсқалығының КОКП XXVIII съезінің «Ізгілікті демократиялық социализмге жетейік» деген бағдарламалық мәлімдемесінде баянды етілген идеясын мақұлдаймыз. Осыны негізге ала отырып, Одақтың қарамағындағы мәселелерді анықтаудың ұсынылып отырған нұсқасын біз өзіміздің қазақстандық нұсқамыз деп санаймыз. Егер басқа одақтас республикалар онымен келісетін болса, біз Шартқа тұтастай қол қоямыз, ал егер біздің нұсқамыздың белгілі бір тұстары жалпы түсіністік таппайтын болса, біз оларды Одақтық шартқа қосымша ерекше протоколдарда тіркеуге әзірміз.

Өзіміз одақтық мемлекетке беріп отырған құқықтардың біздің республикамыз үшін өмірлік маңызы бар. Сондықтан жалпы одақтық және республикалық мүдделердің үйлесімді ұштастырылуын қамтамасыз ететін кепілдіктердің бірі сол құқықтарды жүзеге асыру механизміне республиканың қатысуы болып табылады. Кең тұрғыдан алғанда, бұған одақтас республикалар депутаттары қатысатын мемлекеттік биліктің ең жоғары органдарының жүйесі арқылы қол жетеді.

Мәселен, қорғаныс объектілерін, космостық зерттеулерді, жалпыодақтық мемлекеттік меншік объектілерін басқару біздің өкілдеріміздің қатысуымен жүзеге асырылуы тиіс, ал ыдырайтын материалдарды өндіруге, сақтауға және пайдалануға одақтас республикалардың келісімінсіз рұқсат етуге болмайды. Сондай-ақ олардың келісімі одақтық бюджет қаражатынан шетелдік мемлекеттерге мемлекеттік қарыз бен экономикалық көмек көрсету және шетелдік мемлекеттерден сондай қарыз бен көмек алу кезінде де қажет.

Бірнеше одақтас республикалар мен жалпы Одақ үшін маңызы бар таможнялық қызмет мәселелерін, транспорт, энергетика жүйелерін, байланыс құралдары мен коммуникацияларды басқаруды, сондай-ақ ішкі және темір жол әскерлеріне басшылық етуді Одақ одақтас республикалармен бірлесе және келісе отырып

жүзеге асыруға тиіс. Белгілі бір одақтас республика азаматтарының әскери қызметін өтеуінің тәртібін де дәл осылай, келісе отырып белгілеу керек. Біріңғай жалпы мемлекеттік көзқарасты қамтамасыз ету үшін мемлекеттік статистика мен стандарттау мәселелерін осы ретпен шешкен жөн.

Біздің жобамыздың барлық осы ережелері жүзеге асырудың белгілі бір механизмін қажет етеді. Біздің пікіріміз бойынша Одақ үкіметі одақтас республикалардың өкілдерінен құрылуға тиіс, олар ерекше көкейкесті жергілікті экономикалық, әлеуметтік-мәдени проблемаларды одақтық органдарға жеткізіп, оларды шешудің тиімді жолдарын ұсына алар еді.

Одақтық мемлекетке берілген құқықтарды жүзеге асыруға одақтас республикалардың қатысуы — ұлттық мемлекеттік құрылысты демократияландыру процесінің формальды шылауына айналдыруға болмайтын жаңа принцип. Оны одақтық шартқа қатысушылардың бәрінің мүдделерін келісіп алудың нақты, пәрменді тұтқасы ретінде пайдалану өте маңызды.

Ұсынылған жобада біз Одақтық мемлекетке берілетін нақты құқықтардың жабық тізімін бердік және Одақ Конституциясының 73-ші бабында баянды етілген ашық тізімнің пайдаланылуына жол беруге болмайды деп санаймыз, онда Одақтың қарамағына жатқызылған 11 құқықтан кейін «жалпыодақтық маңызы бар басқа да мәселелерді шешу» туралы айтылған, өйткені, қалаған жағдайда бәрін бірдей сондай мәселелер қатарына жатқызуға болады. Практика жүзінде мұның өзі орталықтың жаппай өктемдігіне апарып соқты. Сонымен бірге құқықтардың жабық тізімі оның өзгермейтінін білдірмейді, өйткені, өмір өз түзетулерін енгізуі мүмкін. Оның әлбетте жеке топтың немесе барлық республикалардың Одақтық мемлекетпен келісімі негізінде ұлғайтылуы әбден мүмкін.

Шарт жобасында Одақтың жекелеген өкілеттіктерін одақтас республикаға кері беру мүмкіндігі көзделіп отырғанын атап айтқым келеді. Сол арқылы біз одақтың өкілеттіктерін дәл орнықтыруды ғана емес, сондай-ақ объективті қажеттіліктен туындауы мүмкін икемді өзгерістердің мүмкіндігін де көздеп отырмыз.

Шарт жобасында Одақ басқаруының барлық салалық және орталық органдарының түрлері айқындалмаған. Оларды еліміздің ең жоғарғы өкімет органдары, атап айтқанда, КСРО Министрлер Кеңесі туралы Заң белгілейді. Алайда Одақтық шартта одақтық министрлер мен ведомстволардың, соның ішіде одақтас республикалардың территорияларында, құрылуы мен жұмыс істеуінің принциптері мен шептері белгіленген.

Мәселен, Одақтық мемлекет өз өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін қажетті министрліктер мен ведомстволарды ғана құра алады, және шартта Одақтың қарамағына жатқызылмаған салаларды басқару ісіне қатысуға құқығы жоқ. Сонымен бірге біз нарық экономикасына көшкеннен кейін халық шаруашылығын басқарудың салалық министрліктер мен ведомстволар сияқты органдары мүлдем қажет болмай қалатынын ескеріп отырмыз. Сондықтан, одақтас республикаларда Шаруашылықты реттеу ісін жүзеге асырып отырған одақтық министрліктер мен ведомстволар таратылғаннан кейін болашақта тиісті республикалық министрліктер мен ведомстволар да таратылады.

Одақ жүйесінде сақталатын министрліктердің ішінде одақтас республикалар территориясында өз міндеттерін тек Одақтық Қорғаныс министрлігі, Мемлекет қауіпсіздігі комитеті, Атом энергетикасы мен өнеркәсібі министрлігі ғана жүзеге асыратын болады.

Енді Одақтың ең жоғарғы мемлекеттік билік пен басқару органдарының түрлері мен статусы туралы.

Біз жаңа жүйеде КСРО халық депутаттарының съезін сақтаудың қажеті жоқ деп санаймыз. Біздің ойымызша, ол заң шығару қызметінде өзінің тиімділігін дәлелдеген жоқ. Одақтың бір палаталы және саны жағынан ықшам Жоғарғы Кеңесі мемлекеттің заң шығарушы ең жоғарғы органы, оның парламенті бола алады. Болашақта біздің де тұрақты жұмыс істейтін кәсіби ықшам парламентке көшуіміз керек деп ойлаймын. Жоғарғы Кеңестегі халық депутаттары өкілдігінің қазіргі жүйесін де өзгерту керек деп санаймыз. Ол барлық одақтас республикаларда бірдей болуға тиіс.

Шарт жобасында егеменді мемлекеттер Одағының Президентін сайлаудың тәртібі белгіленіп, оның негізгі міндеттері көрсетілген. Президенттің жоғарыда аталған мәселелерден басқа басты қам-қарекеті сыртқы саяси істермен қатар, Одақтық шарттың сақталуын қамтамасыз ету және одақтас республикалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін қажетті шаралар қолдану деп санаймыз.

Сіздер, сірә, байқаған боларсыздар, біз Одақтық шарт ережелерінің сақталуына бақылау жасау туралы мәселені бөліп көрсеттік. Бұл функциялар үшін Одақтық мемлекет жүйесіне кірмейтін ерекше тәуелсіз орган қажет деп ойлаймыз. Ондай орган құрамында одақтас республикалардың президенттері, Министрлер Кеңестерінің төрағалары немесе Жоғарғы Кеңестерінің төрағалары болатын одақтас республикалар өкілдерінің кеңесі бола алады.

Шартта, ал содан соң Конституцияларда, Одақтық және республикалық заңдарда одақтас республикалардың жерге, қойнауларға және басқа табиғи байлықтарға ерекше меншік құқығы баянды етілуге тиіс деп санаймыз. Сірә, мұны аймақтық, жершілдік, көзқарас деп санауға болмайды, өйткені, меншіктің басқаша түсінігін республика халқы қабылдамайды. Жер, қойнау және басқа да табиғи байлықтар жөніндегі құқық әрқашанда және барлық жерде халықтың әуелгі құқығы болып табылады, оны одан алуға да, сондай-ақ басқаға беруге де болмайды. Сонымен бірге бұл құқықтың орнатылуы оның Жергілікті кеңестерге берілуін көздейді, олар өз территориясында табиғат байлығына иелік етеді. Мұның өзі бұл жалпыодақтық ведомстволар мен ұйымдардың ортақ жалпыхалықтық мүдделер үшін, бірақ сөз жоқ, шарттар негізінде пайдалануын жоққа шығармайды.

Біздің жобамызда республиканың территориясын оның келісімінсіз өзгертуге болмайтыны атап көрсетілген. Ондай келісімдер Одақтық мемлекет тарапынан бекітуді талап етпейді деп санаймыз, өйткені, республикалар арасындағы шекараларды өзгертудің орынды екенін ешкім олардың өздерінен жақсы білмейді. Сонымен қатар, олардың бұл саладағы құқықтарына шек қоюға болмайды, олардың шешімін басқа республикалардың және Одақтың ұйғарымына тәуелді етуге болмайды.

Республикалардың өздері келісімге жете алмаған территориялық дауларды шешу — басқа мәселе. Бұл мәселелерді Одақтың Жоғарғы Кеңесінің қарауына беруге болады, бірақ бұл міндетті емес.

Одақтық және республикалық заңдардың қалыпты өзара қатынасын қамтамасыз ететін басты принцип — олардың өз құзыры шеңберінде өзара егеменді құқықтарды ескере отырып және сақтай отырып, заңдар шығаруы.

Егер Одақ Министрлер Кеңесінің актілері Одақтың және одақтас республиканың Заңын бұзатын болса, одақтас республикаларға олардың күшін тоқтату, бірақ ол туралы тиісті одақтық органдарды міндетті түрде хабардар ете отырып, тоқтату

құқығы беріледі. Сол арқылы ведомстволық өктемдік әрекеттеріне құқықтық тосқауыл қойылады, одақтас республикалардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделері қамтамасыз етіледі.

Біз Одақ пен одақтас республикалардың органдары арасында акт заңдылықтарының мәселелері бойынша болатын алауыздықтарды шешу механизімінің пәрменді жұмыс істейтініне үлкен үміт артып отырмыз.

Көзделіп отырғанындай, республикалардың құқықтары мен дербестігінің ұлғайтылуы олардың шетелдік мемлекеттермен қатынастарының, соның ішінде халықаралық шарттар жасасу және бұрын жасалған шарттарға қосылу жолымен жеделдетуге тиіс.

Егер қолданылып отырған КСРО Конституциясына зер салар болсақ (73-ші бап, 10-шы тармақ), онда жалпы тәртіп орнатудың және одақтас республикалардың шетелдік мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен қатынастарын үйлестірудің Одақ қарамағына жататыны айтылған. Біздің пікірімізше, бұл тұжырым, сыртқы саяси қызмет саласында одақтас республикалардың өкілеттіктерін күрт шектейді. Жаңарған Одақ шеңберінде, одақтас республикалар егеменді мемлекеттер ретінде халықаралық қатынастардың дербес объектісі болуға, шетелдік мемлекеттермен кең көлемді дипломатиялық және консулдық байланыстар орнатуға, олармен Одақтың халықаралық міндеттеріне қайшы келмейтін шарттар жасасуға, дипломатиялық және консулдық өкілеттіктер алмасуға, сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруға, Бірікккен Ұлттар Ұйымында, мамандандырылған мекемелерде және басқа халықаралық ұйымдарда өкілеттік ету құқығы болуға тиіс.

Одақтың қарамағына біз сыртқы қызметтің мынадай өкілеттерін жатқызуды ұсынамыз: Одақтың сыртқы саясатын белгілеу, Одақтың халықаралық шарттарын жасасу, халықаралық қатынастарда Одақтың өкілі болу, Одақ жасасатын одақтас республикалардың мүдделеріне қатысты болатын халықаралық шарттар мен міндеттемелерді бекіту.

Сөз жоқ, егеменді мемлекеттердің жаңарған Одағының өмір сүруінің аса маңызды шарты, өзара мүдделерді құрметтеудің басты кепілі Одақтық шарттың ережелерін Шартқа қатысушы жақтардың бұлжытпай сақтауы болуға тиіс. Сондықтан жобада Кеңестік егеменді мемлекеттер Одағының құрылтайшылары ретінде одақтас республикалар Одақтық мемлекеттің қалыпты жұмыс істеуі үшін жауапкершілік алуға міндеттенетіні, ал Одақ жалпыодақтық органдар атынан осы Шарт ережелерінің бұлжытпай сақталуы үшін жауапты екені ерекше атап көрсетілген.

Сіздердің қарауыңызға беріліп отырған Одақтық шарт жобасының негізгі ережелері міне осындай. Оның басты мақсаты — біздің көпұлтты мемлекетімізді осы заманғы интеграция, кеңес халықтарының бірлігін, саяси, әлеуметтік-экономикалық және рухани тұтастығын сақтау жолдарында батыл түрде жаңарту екенін тағы да атап көрсеткім келеді. Халық депутаттары ұсынылған құжат жөнінде өз көзқарастарын білдіреді, онымен жемісті жұмыс істейді және республиканың, сондай-ақ еліміздің одан әрі дамуының басты перспективасын белгілейтін негіз етіп қабылдайды деп ойлаймын.

Жолдастар!

Енді басқа аса маңызды құжатқа — Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның жобасына тоқтала кеткім келеді.

Оның балама нұсқасының пайда болуын оң сипатты дерек деп есептеу керек. Ол болмағанда, қашандағыдай, бір жобаны талқылауға тура келетін еді. Бұл нұсқаны әзірлеуге қатысқан түрлі ұлттардың депутаттары ең алдымен біздің көпұлтты қоғамымыздағы тұрақтылық пен топтасқандықты сақтап қалудың қамын ойлағанына сенемін. Біздің бәріміз де парламенттік жұмыстағы пікір алуандығына үйренуге тиіспіз — бұл оны тек байыта түседі.

Сіздер менің Қазақстанның барлық көпұлтты халқының құқықтарына бірдей қарайтын көзқарасымды білесіздер. Мұны өзім үшін қағидатты іс деп есептеймін. Халықтар достығын нығайту қажеттігі туралы әрдайым есте ұстауымыз керек. Жалпы, біз «ұлтаралық қатынастар» қансыз-сөлсіз сөздерімен бұл өзіміз үшін қасиетті ұғымды алмастырып алып жүрген жоқпыз ба?

Біздің кеңестік еліміз ұлттық-мемлекеттік құрылымдардың қауымдастығы ретінде құрылды және құрыла береді. Айтқандай, әлемнің өзге мемлекеттерімен салыстырғанда КСРО-ның ғажайыптығы тап осында. Оның барлық республикаларында болып жатқан процестер осы шындықты нанымды дәлелдей түседі.

Сондықтан ұлтын көрсетпей азаматтық қоғам құру міндет бізде халықтың мәдениеті мен әл-ауқатының деңгейі қазіргіге қарағанда едәуір жоғары деңгейге жеткен кезде болашақтың міндеті ретінде қойылуы мүмкін. Кез келген саяси іс-әрекет игі тілектерге емес, нақты өмірде бар шындыққа сүйенуі тиіс. Осыған байланысты, Декларациядан республикадағы ұлттық мемлекеттілік туралы мәселені ғана емес, жалпы қазақ халқы туралы сөздерді де мүлде алып тастағысы келетіндермен келісуге болмайды.

Біз қазақ халқының дұрыс түсінбеуі тәуекеліне тап болуымыз мүмкін, ол бұл мәселеде КСРО-ның өзге халықтарымен тең емес жағдайға қойылады. Одақтас республикалардың кез келгенінің осындай декларацияларын алып қараңыздаршы — бәрінде де ұлттық мемлекеттілік туралы ереже бар.

Республика аумағында қазақ халқының саны басым болып табылмайды деген ғана негізбен бұл тезисті біздің құжатымыздан алып тастау саяси дұрыс болмайды. Өзінің бүкіл тарихының өн бойында интернационализм идеяларына берілгендігін дәлелдеп келе жатқан қазақ халқы өзіне мұндай қарым-қатынастар жасауға себепкер бола қойған жоқ. Дегенмен, кез келген өзге халықтар да солай.

Біз орынсыз көңіл ауанына беріліп кетпеуіміз керек. Осы мінберден сөйлеушілердің қайсыбіреулері оппоненттің көзқарасын мүлде тыңдағысы келмей, тек өзін ғана естиді. Ал медальдің әрдайым екі жағы бар ғой. Егер біз саясатта қателеспей, республиканың барлық халықтары құқықтарының теңдігіне толық кепілдік бергіміз келсе, мұны әрдайым есте ұстауымыз керек.

Жасырмаймын, мәселен, балама Декларацияның: «Қазақ КСР республиканың аумағында тұратын барлық азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарға, олардың этникалық, ұлттық және партиялық қатыстылығына, шығу тегіне, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, жынысына, діни наным-сеніміне, айналысатын кәсібіне, тұрғын мекен-жайына қарамастан Адам құқығының жалпыға ортақ декларациясында, Қазақ КСР-нің Конституциясында және КСРО Конституциясында көзделген барлық құқықтары мен бостандықтарына кепілдік береді. Азаматтық және ұлттық теңдікке қолсұғушылық заңмен жазаланады» делінетін 4-ші тармағы менің жаныма жағады. Егер Декларация жобасын жетілдіру жөніндегі комиссия осы тармақты қосса, халық мұны оң қабылдайды деп ойлаймын. Қабылданып, қолданылып

жатқан тілдер туралы заңды ревизиялауды дұрыс емес деп есептеймін, алайда одақтық заңнамаға байланысты түзетулер енгізу керек. Орыстілді халықтың оның ана тілін қолданудағы құқығына залал келтіріледі-міс дегенге қатысты барлық күдіктерін алып тастау керек. Қанеки, тіл табысып, мәселені дұрыс түсінуге қол жеткізейік.

Енді Одақта бір мемлекеттік тіл болуы тиіс дегенге қатысты. Бұл сіздер мен біздердің құзіретіміз емес. Бұл мәселемен одақтық деңгейде айналыса қойсын. Мен КСРО Жоғарғы Кеңесіндегі тиісті талқылауда болдым. Онда көпкүндік даудан кейін орыс тілін ресми тіл деп тану туралы шешім қабылданды. Және осылайша ол мемлекеттікке қарағанда да жоғары.

Қанеки, барлығында да заңды негізге алайық. Сіздерге тағы да өз сөздеріңізден бір-біріңізге деген күдікпен қарау элементін алып тастау және әрдайым есте ұстау өтінішімен қайырылғым келеді: бұл залдың сыртында республиканың халқы тұр. Ол осы мінберден айтылған әрбір сөзді, әрбір сөз сөйлеушіні мұқият қадағалап отыр. Сіздер ахуалды білесіздер, сондықтан оны одан әрмен асқындырудың қажеті жоқ.

Біздің Декларациямызда прокуратура туралы тармақ бар. Тиісті комиссия оны тағы бір рет қарауы керек. Әскер, кеден, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, прокуратура туралы айтқанда, қанеки, ашық мәлімдейікші: біз федерацияның сақталуын жақтаймыз, бірақ жаңартылған федерацияның сақталуын жақтаймыз. Біз экономикада, саясатта толық егемендікті жақтаймыз. Алайда біз ел қорғанысының құқығын өз еркімізбен орталыққа береміз. Біздерге экономикалық және басқа да істер жетеді. Қанеки, ең алдымен солармен айналысайық.

Осында кеден туралы мәселе көтерілді. Егер біз нарыққа көшетін болсақ, бізге бүкілодақтық кеден кеңістігі қажет болады, онсыз батыс бизнесмендері бізге жұмыс істеуге келмейді. Ал өз кеденіміз деген не? Ондай жағдайда біз, айталық, Өзбекстанмен шекарада бақылау орнатып, пошлиналар жинап, квоталар мен лицензиялар енгізуіміз керек. Егер кіргізу мен тасып шығаруда Қазақстан теріс сальдоға ие болса, мұндайда кім жоғалтады?

Енді сыртқы экономикалық аспектіні қарайық. Халықаралық нарыққа шығар алдында бізді Халықаралық валюта қорына, Халықаралық банк қауымдастығына жіберу үшін көп миллиондаған долларлар төлеуіміз керек. Әр республика жекелей алғанда мұны жасай алмайды. Және әр республика, әр кәсіпорын орталықтандырылған көмексіз шетелдік нарыққа шыққанда өздеріне өздері бәсеке туғызады. Ендеше, осындай жағдайларда бізге кеден керек пе?

Біз егемендік, демократия жайлы айтқанда, абсолютті егемендік, абсолютті бостандық пен демократияның жоқ екендігін есте ұстауымыз керек. Әлемнің барлық мемлекеттері де бір-бірлеріне тәуелді, ақша қарыз алады, сауда жасайды және сондықтан реттеу тұтқаларын қолданады. Қанеки, сондықтан желікке беріліп кетпейік. Барлығының да өзара байланысы бар. Бұл туралы ұмытпау маңызды.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының II сессиясында «Республикадағы мемлекеттік өкімет және халық шаруашылығын басқару органдарының құрылымы туралы» тақырыбында сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1990 жылдың 25 қазаны

Құрметті депутат жолдастар!

Бүкіл еліміз сияқты, республика өз дамуының аса күрделі кезеңіне аяқ басты. Қазақ КСР үкіметі нарыққа көшу бағдарламасының жобасын республика Жоғарғы Кеңесі сессиясының қарауына ұсынды, бұл жобада Қазақстанның халық шаруашылығының өзіндік ерекшеліктері, жаңарған Одақ жағдайында республиканың мемлекеттік егемендігі принциптерін жүзеге асыру мүмкіндігі, сондай-ақ КСРО Жоғарғы Кеңесі мақұлдаған Халық шаруашылығын тұрақтандырудың және нарық экономикасына көшудің негізгі бағыттарының ережелері де ескерілген.

Сөйтіп, біз әлеуметтік жағынан бағдарланған тиімді экономика жасауға, азаматтардың құқықтары мен бостандығының сенімді қорғалуын қамтамасыз ететін демократиялық процестерді одан әрі дамытуға бағытталған революциялық шешімдер қабылдаудың табалдырығында тұрмыз. Өзін одақтық және республикалық деңгейде қасарыса сақтап отырған, нарық катынастарға көшу жұмысына бөгет жасап отырған, кәсіпорындарға еркіндік бермей отырған әміршіл-әкімшіл жүйенің ескі шеңберінде экономикада реформаны жүргізуге болмайтынын өткен жылдар көрсетіп берді. Экономиканың тапшылығы, инфляциялық процестердің үдей түсуі, қаржы мен ақша айналысының теңдестірілмеуі айдан анық.

Өкімет билігі мен басқарудың қазіргі құрылымы қоғамды дағдарысты жағдайдан шығаруды, қолда бар өндірістік, экономикалық және интеллектілік потенциалды тиімді пайдалануды, халықтың тұрмыс дәрежесін көтеруді қамтамасыз ете алмайды. Олар болып жатқан процестерге ықпал ету тұтқасынан айрылған, істің одан әрі нашарлауын тоқтатуға дәрменсіз және нарық қатынастарды енгізіп, дамыту үшін жағдай жасауға, жоғары өнімді еңбекті уәждеудің жаңа механизмін енгізуге, кәсіпкерлік пен бәсекені ынталандыруға қабілетсіз. Ол былай тұрсын, ғылыми-техникалық прогрестің, өндірісті интенсивтендірудің, ресурстарды үнемдеудің, еңбек және әлеуметтік белсенділіктің жолындағы кедергіге айналды.

Басқару органдары жұмысының формалары мен әдістері кертартпа және әлеуметтік-психологиялық факторларды ескермейді.

Мемлекеттік басқару және шаруашылықты тікелей жүргізу принциптерінің тоғысуы орын алып отыр. Министрліктер мен ведомстволардың жұмысында бөлу функциялары, кәсіпорындардың жұмысын тәптіштеу және олардың қызметіне араласу, олардың экономикалық дербестігіне қысым жасау үстем болып отыр, қабылданатын басқармалық шешімдер үшін жауапкершілік жоқ.

Республикалық басқару органдары ескірген ережелер мен нормативтік құжаттарды басшылыққа алуда, ал еңбек коллективтері — Мемлекеттік кәсіпорын туралы Заңға сүйенуде. Ақиқат мынадай: экономикалық тұтқаларды пайдалану тиімділігінің төмендігі жағдайында әңгіме бүгін таңда басқару тізгінінен нақты айырылып қалу, жалақының негізсіз көбеюін және ақша эмиссиясын тоқтату, бюджет

тапшылығын қысқарту мүмкіндіктерінің жоқтығы туралы болуға тиіс. Өз кезегінде ақша мөлшерінің бақылаусыз өсуі, қаржы бақылауының әлсіреуі жағдайында баға белгілеу жүйесінің реттелмеуі өнім беру тәртібінің құлдырауына, алыпсатарлықтың, заттай айырбастың етек алуына, бұйым-ақша қатынастарының жалпы қожырауына апарып соқтырды.

Басқарудағы салалық көзқарастың басым болуы Жергілікті кеңестер құқықтарының шектелуіне әкеліп соқты. Олар территорияларды кешенді экономикалық және әлеуметтік дамыту, ұтымды аймақаралық және республикалық көлбеу экономикалық байланыстарды қалыптастыру жөніндегі толыққанды қызметті жүзеге асыру мүмкіндігінен іс жүзінде айырылған, ол байланыстар біржақты дамытылуда, ведомстволық және салалық мамандандырудың мүдделеріне ғана бағындырылған.

Қазіргі кезде жергілікті өзін-өзі басқарудың, сондай-ақ Жергілікті кеңестердің жаңа органдарының қызмет саласының нақты правалық негізі жоқ. Түрлі деңгейдегі Кеңестер арасындағы тік байланыстардың бұзылуы, аймақтық өзімшілдік, жекелеген Жергілікті кеңестердің өз билік өкілеттіктерін абсолюттендіруі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың тұрақсыздануына, жөн-жосықсыз саяси процестердің үдеуіне әкеліп соғуы мүмкін. Облысаралық азық-түлік, бұйымдар беру орындалмай, одан адамдар зардап шегуде. Мұның өзі көпұлтты республика жағдайында болжап болмайтын зардаптарға душар етуі мүмкін.

Жергілікті кеңестерде билікті төралқаларға шоғырландыруға, атқарушы органдардың қызметіне ұсақ-түйек қамқорлық жасауға, олардың басқару және шаруашылық міндеттерін тікелей жүзеге асыруға ұмтылушылығы үдеп келеді. Соның нәтижесінде атқару комитеттерінің белсенділігі айтарлықтай төмендеді, олар өздерінің тікелей құзырына жататын мәселелер бойынша шешімдер қабылдаудан жиі жалтаруда. Мұның өзі жанжалды, қолдау таппай отырған проблемаларды шешу кезінде ерекше байқалуда.

Жергілікті кеңестердің төралқалары мен атқару комитеттерінің қызметінде үйлесімсіздік, қайталаушылық пен қосарланушылық фактілері ғана емес, сондай-ақ істің мүдделері емес, қайта жеке бастың шамшылдығы мен субъективизм басым түсетін олардың егесу фактілері де мәлім.

Поселкелік, селолық, ауылдық және қалалық (ауданға бағынатын) Кеңестер деңгейінде одан да бетер қарама-қайшы жағдай қалыптасқан. Оларда, әдетте, қоғамдық негіздегі төраға басқаратын аппаратсыз Кеңес және штатты төраға мен хатшы бастаған, депутаттық корпустың қызметіне бағыт беруге хұқысыз шағын аппараты бар атқару комитеті жұмыс істейді. Көптеген жағдайларда Кеңестердің төрағалары болып шаруашылық басшылары немесе басқа басшылар сайланған, бұл Кеңестердің бас болу идеясының өзіне толық көлеңке түсіреді және кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың өкімет органына есеп беретін және соның бақылауында болатыны туралы конституциялық негіздерге қайшы келеді.

Бірқатар жерлерде өкімет және басқару органдарын қайта құруды өмірдің өзі қажет еткен стихиялық процесі жүріп жатыр. Соның өзінде құрылған құрылымдардың жұмыс формалары мен әдістері қолданылып отырған заңға жиі қайшы келеді. Осының бәрі жергілікті жерлерде өкімет органдары беделінің құлдырауына, мемлекеттік тәртіп пен атқарушылық тәртіптің төмендеуіне әкеліп соқты.

Экономиканың тұрақтандырылуын қамтамасыз ету және нарықты қалыптастыру жөніндегі мақсатты, үйлестірілген шараларды жүзеге асыру міндеттері мемлекеттік

өкімет пен халық шаруашылығын басқару органдарының құрылымын түбегейлі қайта құруды объективті түрде қажет етіп отыр.

Бұл күшті, беделді және тиімді іс-қимыл жасайтын барлық деңгейдегі Жергілікті кеңестердің және азаматтық келісімге, барлық қоғамдық күштерді топтастыруға негізделген мемлекет басшысының билігін талап етеді.

Мемлекеттік өкімет пен басқару органдарын түбегейлі қайта құруға бару қажет, бұл орайда формализмге, ескі құрылымдарды атүсті өзгертуге жол беруге болмайды.

Нарық пен басқару құрылымдарының өзара іс-қимылы дамуының диалектикасы нарық қатынастарын қалыптастыруға белсенді түрде ықпал етуге тиіс қажетті басқару органдарын дер кезінде құруды талап етеді. Өзгерістер тактикасы нарықтық жұмыс істеуінің жағдайлары мен факторларының пайда болуын енжар күтуге емес, керісінше — жаңадан құрылған басқару органдарының, оның жұмыс істеу механизмін қалыптастыруына бағдарлануға тиіс.

Нарық экономикасына көшу жағдайында басқару құрылымын ұсынылып отырған қайта құру мынадай негізгі принциптерге негізделеді:

- заң шығарушы, атқарушы билік пен сот билігін бөлу;

- республика мемлекеттік және шаруашылықты басқару органдарының құрылымын жасақтауда егеменді;

- одақтық органдар мен және басқа республикалармен өзара іс-қимыл шарттық қатынастар негізінде және жаңа Одақтық шарт ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады;

- деңгейлер бойынша мемлекеттік меншіктің, республикалық пен жергілікті органдар арасындағы функциялар мен басқарудың ара-жігін жіті ажырату. Бұл орайда мүлікті Жергілікті кеңестердің экономикалық негізін нығайту үшін олардың қарамағына барынша беру көзделеді;

- экономиканы мемлекеттік басқару және шаруашылықты тікелей жүргізу функцияларының ара-жігін ажырату;

- шаруашылық қызметті демократияландыру және орталықсыздандыру, кәсіпкерлік еркіндігі және меншік формаларының қандай екеніне қарамастан шаруашылық айналымға қатысушылардың экономикалық дербестігі мен жауапкершілігін кеңейту, кәсіпорындардың ведомстволық бағыныштылығын кең ауқымда жою.

Жоғарыда аталған принциптерді жүзеге асыру және барлық деңгейде күшті атқарушы өкімет билігінің құқықтық негізін жасау, ең алдымен, жергілікті өкімет пен басқару органдарын қайта құрудың жеделдетілуін талап етеді. Бұл орайда аймақтардың және жалпы республиканың мүдделерін ұштастыру жоғары тұрған органдар шешімдерінің төменгі органдар үшін міндеттілігі принципін енгізуді талап ететінін атап айтқан жөн. Бұл нарық механизмдерін және халықтың әлеуметтік жағынан қорғалу жүйесін енгізуді үйлестіру үшін өте-мөте қажет.

Жергілікті мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының құрылымын жетілдіру жөніндегі ұсынылып отырған шаралар Кеңестердің толық билігі принципін нақты қамтамасыз етуге, олардың органдарының (төралқалары мен атқару комитеттерінің) құқықтық жағдайының екі ұштылығын жоюға, атқарушы өкіметті нығайтуға, қабылданатын шешімдер үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған.

Облыс, қала, аудан, поселке, село, ауыл деңгейінде халық депутаттарының тиісті Кеңесі жоғары мемлекеттік өкімет органы болуға тиіс, ол жергілікті заң шығарушылық (құқық қолданушылық) және атқарушы қызмет функциясын етене ұштастырады.

Кеңестің сессиясы төралқасы, Кеңес төрағасы мен оның Кеңес жұмысы мен әлеуметтік-экономикалық мәселелер жөніндегі орынбасарларын сайлайды. Кеңестердің атқару комитеттері таратылады.

Кеңес төралқасы коллегиялық орган бола отырып, Кеңестің төрағасына аймақтың өкілетті және атқарушы өкімет билігі органдарының басшысы міндеті жүктеліп отырған жағдайда басшылықтың демократиялық принциптерінің сақталуын қамтамасыз етуге тиіс. Оның құрамына Кеңестің төрағасы, оның орынбасарлары, тұрақты комиссиялардың төрағалары, сондай-ақ Кеңестің шешімі бойынша басқа да депутаттар кіреді. Сессиялар аралығындағы кезеңде төралқа Кеңестің қарамағына жатқызылған кез келген мәселелерді, тек қана сессияларда шешілетіндерінен басқаларын шешуге хақы бар. Кеңес сессияларының шешімдерін, КСРО Жоғарғы Кеңесі мен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің заңдары мен қаулыларын, КСРО Президенті мен Қазақ КСР Президентінің жарлықтарын жүзеге асыру жөнінде және оперативті мәселелер жөнінде қаулылар шығарады.

Облыстық Кеңес төрағасының қызметіне кандидатураны Қазақ КСР IIрезиденті сол Кеңестің депутаттары қатарынан ұсынады. Кандидат Кеңес депутаттарының көпшілігі өзін сайлағаннан кейін қызметіне кіріседі. Аудандық, қалалық, қаладағы аудандық, поселкелік, селолық, ауылдық Кеңестер төрағаларының қызметіне кандидатураларды халық депутаттарының жоғары тұрған Кеңесінің төрағасы ұсынады. Мұндай тәртіп өтпелі кезеңде қажет. Болашақта оның өзгертілуі мүмкін.

Атқарушылық биліктің барлық буындарының қызметін үйлестіру, кеңес және аймақтың халық шаруашылығы салаларын мемлекеттік басқару органдарына басшылық ету және олардың арасындағы өзара байланыстарды ұйымдастыру жөніндегі жалпы функциялық міндеттерді жүзеге асыру үшін Кеңестің бірыңғай аппараты құрылады. Құрылымды, аппарат штаттарын, оның міндеттерін Кеңес белгілейді. Нарықтық үлгідегі экономикаға көшу және оның тиімді түрде жұмыс істеуі тек жергілікті және республикалық органдар арасындағы өзара іс-қимыл мінсіз ұйымдастырылған жағдайда ғана мүмкін. Түрлі деңгейдегі атқару органдарының бір-біріне бағынуының жоғалып кеткен тік байланыстарын қалпына келтіру, сондай-ақ мемлекет басшысы мен Жергілікті кеңестердің жаңа өзара қарым-қатынастарын орнату керек. Қазір республика Президентінің өте шектеулі құқықтары бар, күшті атқарушылық билікті қалыптастыру үшін қажетті жеткілікті құқықтық негіз жоқ. Егеменді мемлекет басшысының құзыры болып табылатын өкілеттіктерді жүзеге асыру қиын, Президенттің халық депутаттары облыстық Кеңестерімен байланыстары реттелмеген.

Президенттің іс жүзінде үкімет құзырының мәселелерімен, күнделікті мәселелермен, оперативті міндеттермен шұғылдануына тура келіп отыр. Үкімет, өз тарапынан, жоғары органдарға жалтақтай жұмыс істеуде.

Осыған байланысты республиканың жоғары лауазымды адамына қосымша өкілеттіктер беру объективті түрде қажет. Ол өкілеттіктердің құрамы «Қазақ КСР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақ КСР Заңының сіздерге ұсынылып отырған жобасында келтірілген.

Республика Президентінің мемлекет және ең жоғары атқарушылық билік басшысы міндеттерін ұштастыруы ұсынылып отыр. Жаңа жағдайларда ол экономиканы тікелей реттеу және нарыққа тән жаңа атқарушы-жарлықшы органдар құру мүмкіндігіне ие болады.

Жоғары мемлекеттік өкімет пен басқару органдарын қайта құру қажет.

Президенттің орынбасары лауазымы Вице-президент лауазымы етіп өзгертілуге тиіс.

Қазақ КСР Министрлер кеңесін Президенттің ұсынуымен республиканың Жоғарғы Кеңесі бекітетін Премьер-министр басқаратын Министрлер кабинеті етіп қайта құрған жөн.

Министрлер кеңесі төрағасының орынбасарлары лауазымдары жойылады.

Министрлер кабинетінде жаңа нарықтық құрылымдарды ескере отырып, 31 министрлік қалады, 16 министрлік пен ведомство таратылады, ал қалғандары концерндер, қауымдастықтар және басқа қызмет формалары етіліп қайта құрылады. Олардың аппараттарын мекемелердің өздері ұстайды.

Осындай жағдайда Қазақ КСР Президентінің аппараты мен республика Министрлер кеңесінің Іс басқармасын қосып, IIрезидент Кеңсесін құрған ұтымды сияқты. Бұл орайда аталған орган жұмысты функциялық принцип бойынша құруға тиіс.

Қазақ КСР Конституциясына сәйкес, республика Президентінің жанынан Президенттік кеңес жұмыс істейді, ішкі және сыртқы саясат қызметінің негізгі бағыттарын іске асыру шараларын әзірлеу оның міндеті болып табылады. Негізгі заңға сәйкес, Президенттік кеңестің қызметі кеңес беруші сипатта болады және оның тікелей мемлекеттік басшылыққа қатысуы көзделмейді. Өмір бұл орган жұмысының тиімсіздігін көрсетті.

Республика Президенті өкілеттілігінің кеңейтілуіне, сондай-ақ саяси плюрализм мен көппартиялылықтың дамуына байланысты Президенттік кеңестің құрамын жасақтау принциптерін өзгертудің объективті қажеттілігі туады. Халық депутаттары облыстық кеңестерінің төрағалары қазір неғұрлым маңызды мемлекеттік шешімдерді әзірлеп, қабылдауға тікелей қатыспайтынын да атап өту қажет. Олардың саяси бағыттың жүргізілуіне және республиканың жоғары лауазымды адамының шешімдерінің орындалуына ықпал етуінің қолда бар мүмкіндіктері де жеткілікті дәрежеде пайдаланылмайды.

Республиканың алдында тұрған міндеттер, барлық қоғамдық күштерді топтастыру және басқарудың аймақтық аспектісін күшейту қажеттігі Президенттік кеңестің құрамына Халық депутаттары облыстық кеңестері төрағаларының енгізілуін талап етеді. Вице-президент пен Премьер-министр аталған кеңеске лауазымы бойынша кіреді. Президент кеңестің құрамына өзінің қалауы бойынша басқа адамдарды да енгізуге хақылы.

Нарық механизмдерін әзірлеу және халық шаруашылығының салаларын жаңа жағдайға жан-жақты дайындау жеткілікті дәрежеде белсенді түрде жүргізілмей отырғанын атап өту керек. Республикалық органдарда бұл жұмыстың кейбір бытыраңқылығы мен қосарлануы орын алып отыр.

Нарық қатынастарына көшу саясатын әзірлеп, жүзеге асыру Қазақ КСР Президенті үйлестіретін мемлекеттік басқарудың арнаулы функциясы болуға тиіс.

Бірыңғай экономикалық саясатты іске асыру, барлық мемлекеттік басқару органдарының нарыққа көшу жөніндегі қызметін үйлестіру, жарлықтар мен басқа да нормативтік сипаттағы құжаттардың жобаларын әзірлеу мақсатымен Қазақ КСР Президентінің жанынан арнаулы орган — нарық қатынастарын енгізу жөніндегі Жоғары экономикалық кеңес құру қажет. Ол меншік қатынастары, бюджет-қаржы жүйесі, баға белгілеу, әлеуметтік жағынан қорғау проблемалары мен басқа да мәселелерді шешудегі көзқарастардың бірлігін қамтамасыз етуге тиіс. Кеңеске іс-қимылдарды үйлестіру үшін облыстардың өкілдері кіруі мүмкін.

Нарық механизмдерінің енгізілуі барысын талдап, ұдайы бақылап отыру оның аса маңызды функциялары болуға тиіс.

Жоғары экономикалық кеңес Қазақ КСР Президентінің КСРО Федерация кеңесінің жанындағы Республикааралық экономикалық комитетпен, сондай-ақ экономиканы мемлекеттік басқарудың республикалық және облыстық органдарымен байланысын жүзеге асырады.

Министрліктер мен ведомстволардың, озін-өзі басқаратын құрылымдардың қызметін үйлестіру үшін, сондай-ақ нарық қатынастарын дамытудың әзірленген стратегиясын жүзеге асыру үшін мемлекеттік кеңесшілер институты құрылады.

Белгіленіп отырған түбегейлі өзгерістердің басты мақсаты — әрбір бұйым өндірушіге, меншік формаларына қарамастан, заң кепілдік еткен шаруашылық қызметінің бостандығын, толық экономикалық дербестілік беру. Мұның өзі шаруашылықты жүргізуін қазіргі кезде министрліктер мен ведомстволар атқаратын міндеттердің көпшілігін тікелей негізгі өндірістік буынға беруді талап етеді.

Сонымен қатар, кәсіпорындар мен ұйымдарды министрліктер мен ведомстволардың тікелей бағыныштылығынан барынша шығарып, оларды коммуналдық меншікке тапсыру және оларға ведомстводан тыс статус беру керек. Сонымен бірге өндірісті ұйымдастырудың принципті жаңа прогресті формаларын: концерндерді, қауымдастықтарды, консорциумдарды, компанияларды, салааралық және территориялық бірлестіктерді ерікті негізде құру үшін қажетті жағдайлар жасалуда.

Газ шаруашылығы, құрылыс материалдары өнеркәсібі, мұнай өткізетін ұйымдар сияқты және басқа да кейбір салалардың әлеуметтік мәнділігін, оларды қаржыландырудың ерекше тәртібі мен дамуын территориялық тұрғыдан үйлестіру қажеттігін ескере отырып, тиісті министрліктер мен ведомстволар негізінде мемлекеттік концерндер құру белгіленіп отыр.

Республикада бірқатар салаларда өндірістің шоғырландырылу дәрежесі біршама жоғары болып отырған жағдайда жаңа ұйымдық формалар, сондай-ақ шағын кәсіпкерлік пен кооперативтік қозғалысты мемлекеттің қолдауы өндірісті монополиясыздандыру жөніндегі маңызды шараға айналуға тиіс.

Нарыққа көшу жағдайында республикалық министрліктер мен ведомстволардың рөлі принципті түрде өзгеруде. Олар әміршіл-бөлу міндеттерден қол үзіп, өз қызметін өндірісті реттеудің экономикалық әдістерін әзірлеуге, оған ғылыми-техникалық, ақпараттық, коммерциялық және құқықтық қызмет көрсетуге, кадрлармен қамтамасыз етуге, нарық сыйымдылығына және бағаның өсуіне талдау жасауға, әділетті бәсекелестік үшін жағдайлар жасауға жұмылдырып отыр.

Басқару органдарын түбегейлі қайта құру жөніндегі ұсыныстар министрліктерден, ведомстволардан, облыстардан келіп түскен пікірлер мен ұсыныстарды ескере отырып жүзеге асырылды. Бұл мәселелер Президенттік кеңесте, республика Жоғарғы Кеңесі комитеттерінің, Министрлер кеңесінің, Мемлекеттік жоспарлау комитетінің, Материалдық-техникалық жабдықтау бас басқармасының басшылары қатысқан жұмыс тобының кеңестерінде талқыланды.

Қазақ КСР Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен Баға жөніндегі мемлекеттік комитеті негізінде Экономика жөніндегі мемлекеттік комитет құру көзделуде. Оның негізгі міндеті республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуын жалпы болжау мен кеңінен жоспарлау, перспективалар мен халық шаруашылық басым бағыттарды, ұлғаймалы ұдайы өндірістің қарқыны мен тепе-теңдігін, жинақтау қоры мен тұтыну

қорының ара қатынасын, ғылыми-техникалық, инвестициялық саясаттың, халық шаруашылығын құрылымдық жағынан қайта құрудың басты бағыттарын анықтау болмақ.

Комитет республикалық бағдарламалар, экономикалық нормативтер, баға белгілеу мен бағаны реттеудің бірыңғай принциптерінің әзірленуін, қоғамды хабардар ету бағдарламасының енгізілуін жүзеге асыруға тиіс болады.

Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі республикалық комитет құру көзделіп отыр, мемлекетсіздендіру және меншікті жекешелендіру, мемлекеттік кәсіпорындарды меншіктің өзге формаларына негізделген акционерлік қоғамдар мен кәсіпорындарға айналдыру, оларды жалға беру бағдарламасын әзірлеп, іске асыру оның негізгі міндеттері болмақ. Комитетке республиканың мүліктік құқықтары мен мүдделерін қорғау, мемлекеттік мүліктің құнын бағалау және оның пайдаланылу тиімділігін бақылау, сондай-ақ мемлекетке тиесілі акциялармен және басқа бағалы қағаздармен жасалатын барлық операцияларды орындау функциялары жүктеледі.

Монополияға қарсы саясат жөніндегі комитет — мемлекеттік басқарудың жаңа органдарының бірі. Монополистік қызметке жол бермеу, оны жою, шектеу және арам ниетті бәсекені тыю жөніндегі шараларды әзірлеу оның негізгі міндеттеріне жатады. Ол сондай-ақ монополияға қарсы заңдардың сақталуын және бұйым нарықтарына үстем жағдайда болатын немесе сондай жағдайда болуы мүмкін қожалық етуші субъектілердің құрылуына, таратылуына және қайта құрылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

Комитет тиісті өкімет пен басқару органдарына бұйым нарықтарын, кәсіпкерлік пен бәсекені дамытуға жәрдемдесу жөніндегі ұсыныстар, сондай-ақ монополияға қарсы заңдардың бұзылуын жою туралы орындалуы міндетті өкімдер енгізеді. Ол нарықтардың құрылымына, жай-күйіне және олардағы бәсекеге талдау жасаумен айналысуға, өндіріс пен айналысты монополиясыздандыру, жоғары дәрежеде монополияландырылған қожалық етуші субъектілерді бөлу, қосарлас құрылымдар мен шағын кәсіпорындарды құрып, қолдау жөніндегі шараларды әзірлеуге тиіс. Бұйым нарықтарына қожалық етуші субъектілердің үстем жағдайына жол бермеу мақсатымен акцияларды сатуды және сатып алуды бақылау комитеті қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Оған заң шығарушылық бастама және қожайындық етілу субьектілерден монополиялық қызмет немесе арам ниетті бәсеке нәтижесінде негізсіз алынған кірісті алу туралы шешімдер қабылдау құқығы беріледі. Комитет монополияға қарсы заңдардың бұзылғаны үшін айып сала алады.

Жаңа жағдайда Қаржы министрлігі: республикалық бюджеттің құралу және атқарылу; бюджеттік реттеудің бірыңғай принциптерін айқындау; одақтық және жергілікті бюджеттердегі өзара іс-қимыл жасау функцияларын орындайды. Бірыңғай бақылау-тексеру және аудиторлық қызмет одан әрі дамытылуға тиіс. Министрлік салық инспекциясының жұмысын ұйымдастырады, сондай-ақ Қазақ КСР Мемлекеттік банкісімен бірлесіп құнды қағаздар парқын қалыптастырады.

Шарттар, аймақаралық және республикааралық байланыстар жөніндегі комитет Қазақ КСР Материалдық-техникалық жабдықтау бас басқармасының, Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің, оның Материалдық-техникалық жабдықтау бас басқармасының және Жеңіл өнеркәсіп министрлігінің Қазақ жеңіл өнеркәсіп жабдықтау-өткізу бас басқармасының негізінде өндіріс пен шаруашылық байла-

ныстарды қолдау, мемлекеттік тапсырыстарды шарттық негізде орналастыру, олар бойынша берілетін өнімді бөлу және оның бағасын реттеу үшін құрылады.

Комитет мемлекеттік мұқтаждар үшін өнімге тапсырыстарды қалыптастыруда мемлекеттік делдал рөлін атқаруға, орындаушыларды тағы қарауға, мемлекеттік шарттарды әзірлеп, жасасуға, сондай-ақ олардың орындалуын және нақты шарттар орындалмағанда санкциялар қолданылуын бақылауға тиіс. Оған республика атынан Одақтың және одақтас республикалардың осындай органдарымен, Қазақ КСР-де орналасқан кәсіпорындармен республиканың мемлекеттік мұқтаждары үшін өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдер, жабдықтар мен машиналар, ауылшаруашылық өнімін беру және алу жөнінде бас шарттар жасасу құқығы беріледі.

Мұндай басты шарттардың (келісімдердің) мемлекеттік тапсырысты белгілеудің орын алып отырған әкімшіл-әміршіл жүйесінен түбегейлі айырмашылығы мынада: ондай шарттарды, әдетте, конкурстық негізде, ашық немесе жабық (шектелген номенклатура бойынша) сауда өткізу, бағаның барлық түрлерін кеңінен қолдану жолымен жасасу көзделген.

Қазіргі кезде де жұмыс істеп тұрған Қазақ КСР Сыртқы экономикалық байланыстар жөніндегі мемлекеттік комитеті оларды дамытудың стратегиясын әзірлеуге, дүниежүзілік нарықта республика мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз етуге, сыртқы экономикалық байланыстарға қатысушылардың тіркелуін жүзеге асыруға тиіс. Өтпелі кезеңде оған лицензиялар беру және бұйымдар экспорты мен импортына квота орнату жөніндегі ұсыныстар әзірлеу жүктеледі. Ол республика территориясында жұмыс істейтін сыртқы экономикалық байланыстарға қатысушылардың бәрінің қызметінің үйлестірілуін күшейтуге, сондай-ақ шетелдік әріптестермен сауда, валюта-қаржы, ғылыми-техникалық ынтымақтастық орнату ісінде оларға көмек көрсетуге, қажет болған жағдайларда дүниежүзілік нарықтағы конъюнктура мен бағалар туралы хабар беруге тиіс.

Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеттің қызметі нарық талаптарын ескере отырып, одақтық және дүниежүзілік статистиканың бірыңғай методологиясы негізіне құрылуға тиіс. Сонымен бірге республика халық шаруашылығы жұмысының жалпы нәтижелерін есепке алудың және атап көрсетудің жалпылама формасынан арылу, арнаулы тексерулер жүргізуді, қоғамдық пікірді зерттеуді, әлеуметтік-экономикалық салада болып жатқан құбылыстар мен процестерді талдау мен бағалауды едәуір ұлғайту қажет. Берілетін хабардың объективтілігі, бүкпесіздігі және түсініктілігі комитет қызметінің негізін қалаушы принципі болуға тиіс.

Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрлігін таратылатын Қазақ КСР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті мен Астық өнімдері министрлігінің негізінде ұйымдастыру ұсынылып отыр. Министрліктің міндеттері ауылшаруашылық және ұқсату кәсіпорындарының едәуір бөлігінің коммуналдық меншікке берілуін ескере отырып анықталуда. Республика меншік құрамында өз өнімімен облысаралық және республикааралық қажеттерді қамтамасыз ететін кәсіпорындардың шектеулі тобын (жүнді алғашқы өңдеу фабрикаларын, қант заводтарын, жекелеген ет комбинаттарын құрама-жем өнеркәсібі орындарын және басқаларын) қалдыру орынды деп саналуда.

Бұл министрлікке жер пайдалану мен жерге орналастыру жөніндегі заңның сақталуына бақылау мен қадағалау жасау; жер кадастрын әзірлеу; малдәрігерлік, карантин қызметтері жұмысының қажетті деңгейін қамтамасыз ету; ауылшаруашылық өнімінің сапасын бақылау міндеттерін жүктеу қажет. Министрліктің негізгі міндеттері

ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін болжау және оны аграрлық-өнеркәсіптік салаларға енгізу; ауылшаруашылық өніміне баға белгілеудің икемді механизмін әзірлеу; ауылшаруашылық дақылдарының, мал мен құстың селекциясын жақсарту жөніндегі жұмысты үйлестіру; азық-түлік ресурстарының құрама баланстарын әзірлеу; ауылшаруашылық өнімін өткізудің сыртқы және ішкі нарықтарын зерттеу болып табылады.

Министрлік азық-түліктік астықтың мемлекеттік резервтерін қалыптастыруды, орналастыруды және сақтауды жүзеге асырады. Оның қызметінің маңызды бағыты — селоның өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымының дамуын реттеу.

Өнеркәсіп министрлігі өнеркәсіптің барлық салаларын, соның ішінде базалық салаларды, мемлекеттік концерндерді және басқа да құрылымдық ұйымдарды дамыту саясатын жүзеге асырушы, приципті тұрғыдан жаңа мемлекеттік басқару органы ретінде құрылады.

Оның негізгі міндеттеріне республиканың «шикізат шылауы» ретіндегі жағдайын өзгертуді ескере отырып, облыстардың индустриялық дамуын реттеу және соған жәрдемдесу, жаңа кәсіпорындар мен өндірістердің орналасуын үйлестіру, өнеркәсіп өндірісінің құрылымын жетілдіру жатады. Шикізатты кешенді пайдалану, айналадағы ортаны қорғау, қорғаныс кәсіпорындарын конверсиялау бағдарламаларын әзірлеу мен жүзеге асыру министрлік қызметінің басты бағыты болады.

Осы орган қызметінің жаңа бағыты бәсекелестік пен іскерлік жағдайларын ынталандыру міндеттерін орындау, жұмыс күші мол аймақтарда қосымша жұмыс орындарының ашылуын, сондай-ақ баға белгіленуі мен сыртқы экономикалық байланыстардың дамытылуын ескере отырып, кәсіпорындарды қаржыландыруды, несиелеуді, оларға салық салуды жетілдіру жөніндегі шараларды үйлестіру болады.

Транспорт министрлігі республиканың теміржол, авиация, өзен және автомобиль транспортының дамытылуын мемлекеттік үйлестіру; тиісті одақтық органдармен бірге бірыңғай нормалар мен ережелерді бірлесіп әзірлеу; жүк, жолаушылар тасымалдары мен транспорттың барлық түрлерінің жұмысын үйлестіру; ғылыми-техникалық прогресс бағыттарының дамуын болжау; хабарлармен қамтамасыз ету, салалық заңды талдау, саланың тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті құқықтық және экономикалық режимдер жасау міндеттерін орындауға тиіс.

Сонымен бірге темір жолдар мен Қазақ азаматтық авиация басқармасы республикалық меншікке беріліп, дербес шаруашылық кешендері статусын сақтайды деп көзделуде, мұның өзі оларды одақтық органдармен бірлесіп басқаруды жоққа шығармайды. Автомобиль және қалалық электр транспорты, оларға күтім жасайтын кәсіпорындар коммуналдық меншікке беріледі.

Архитектура және құрылыстағы техникалық саясат жөніндегі мемлекеттік комитет архитектура мен қала құрылысында, құрылыс индустриясында бірыңғай ғылыми-техникалық саясатты жүзеге асыруға, салынуы белгіленген кәсіпорындар жобаларының сарапталуына қатысуға, барлық құрылыс ұйымдары үшін міндетті ортақ нормалар мен ережелер әзірлеуге тиіс. Қалалар мен елді мекендерді дамытудың басты схемаларын әзірлеу соның құзырында болады. Сонымен қатар комитетке құрылыс өндірісіндегі инвестициялардың тиімді бағыттарын үйлестіру мен анықтау міндеттері жүктеледі.

Жаңадан құрылатын Геология және жер қойнауын қорғау жөніндегі мемлекеттік комитет саланы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыруға және жер қойнауын жаңжақты зерттеуді, оны ұтымды пайдалануды және қорғауды; пайдалы қазындылар

кеніштерін, бұған гидроминералдық ресурстарды қоса техникалық жағынан негізделген түрде қазып алуды, жерлерді баптау және қалпына келтіру жөніндегі жұмыстың жүргізілуін бақылауды қамтамасыз етуге тиіс. Комитетке пайдалы қазындылардың мемлекеттік қорларын есепке алу, оларды тиімді пайдалану жүктеледі. Оған республика территориясында орналасқан барлық геологиялық кәсіпорындар мен ұйымдар беріледі.

Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитетті құру ұсынылады. Республиканың көптеген аймақтарында халық шаруашылығын одан әрі дамыту қазірдің өзінде судың тапшылығынан тежелуде. Жер бетіндегі ағын суды пайдалануды молайту мүмкіндігі іс жүзінде сарқылды. Комитеттің негізгі функцияларына мемлекеттік су қорын тиімді басқару; суды сарқылу мен ластанудан қорғауды жүзеге асыру; су шаруашылығын дамытудың бірыңғай стратегиясы мен ұзақ мерзімді бағдарламаларын әзірлеу, экономика салалары мен халықтың мүдделері үшін ресурстарды нормалаудың, пайдаланудың және суды бөлудің жіті тәртібін белгілеу жатады.

Таратылатын Еңбек және әлеуметтік мәселелер жөніндегі мемлекеттік комитеттің негізінде Еңбек министрлігін құру қажет. Жұмыс күші жарқын қалыптастыру және реттеу, халықтың көшіп-қонуы процестерін мемлекеттік басқару, кадрларды даярлауды және қайта даярлауды ұйымдастыру оның негізгі функциялары болмақ.

Министрлікке жұмыспен қамтылудың мемлекеттік қызметін қалыптастыру және басқару, жұмысқа орналастыру, әсіресе жастарды, әйелдерді, мүгедектерді жұмысқа орналастыру проблемаларын шешу; қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру; еңбекке төленетін ақының ең төмен деңгейін айқындау; халықтың әлеуметтік қорғалуы жөніндегі шараларды әзірлеу міндеттері жүктеледі.

Әділет министрлігіне жаңа функциялар жүктеледі. Республика Жоғарғы Кеңесінің, Қазақ КСР Президентінің тапсыруы бойынша заң жобаларын әзірлеу, әлеуметтік-құқықтық жағдайға талдау жасау және оны болжау, ведомстволық нормативтік актілерді сараптау, заң жобаларын жүйелеу және кодификациялау, сот-сарап мекемелерін басқару оның басты міндеттері болмақ. Министрлікті сот қызметін ұйымдық жағынан басқарудан босату көзделіп отыр.

Министрлер кабинеті құрамында Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитет құрылады.

Халықтық бақылау комитеті қазіргі түрінде өзінің жұмысын тоқтатады, Қазақ КСР Мемлекеттік бақылауы құрылады. Қазақ КСР заңдарының, Жоғарғы Кеңес қаулыларының және республика Президенті жарлықтарының орындалуын тексеру; бюджет қаржысының жұмсалуын, сондай-ақ басқару органдары қызметінің тиімділігін бақылау жаңа органның негізгі функциялары болуға тиіс. Мемлекеттік бақылауға заңды тәртіппен тиісті өкілеттіктер мен құқықтар беру қажет. Ол Қазақ КСР Президенті мен Жоғарғы Кеңесіне жүргізілген тексерулер мен зерттеулердің нәтижелері бойынша өз қорытындылары мен ұсыныстарын, сондай-ақ жарты жылдық есептерін табыс етеді.

Жұмыс істеп тұрған Әлеуметтік қамсыздандыру, Халыққа білім беру, Денсаулық сақтау, Сыртқы істер, Автомобиль жолдары, Сауда, Ішкі істер министрліктерін, Жастар істері, дене тәрбиесі және спорт жөніндегі мемлекеттік комитетті, Мемлекеттік кауіпсіздік комитетін сақтау; Мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитеті нарық экономикасы жағдайында мемлекеттік басқару мен реттеу жөніндегі міндеттерді тиісінше қайта қарай отырып, Мәдениет министрлігі етіп қайта құру ұсынылуда. Сонымен бірге Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті мен Ішкі істер министрлігін біріктіріп,

республиканың Мемлекеттік және қоғамдық қауіпсіздік комитетін құру жөнінде ұсыныс бар.

Сонымен қатар, Министрлер кабинетіне кірмейтін бірқатар республикалық мемлекеттік басқару органдарын сақтау ұсынылып отыр. Бұл органдардың функциялары да өзгертілуге тиіс.

«Ұждан мен діни ұғымдардың бостандығы туралы» КСРО Заңының қабылдануына сәйкес мемлекет пен діннің өзара қатынастарын қайта қарауымыз керек. Бұрын жол берілген қателіктер жалпы жұртқа мәлім. Сондықтан КСРО Министрлер кеңесі жанындағы Дін істері жөніндегі кеңестің Қазақ КСР-дегі уәкілі ретінде жұмыс істеп тұрған мемлекеттік органның статусын арттыру мақсатымен республика Президентінің аппаратында тиісті құрылымдық бөлімше құру ұсынылады. Адамды құлықтық жағынан жаңарту, халықты өзінің сан ғасырлық мәдениеті мен тарихына баулу ісінде атқарып отырған діннің ролімен біз санаспай отыра алмаймыз. Діннің бейбітшілік сүйгіш потенциалын, оның қоғамдық келісім мен топтасуға жетудегі мүмкіндіктерін ескеру керек.

Осы ұсыныстарда министрліктер мен ведомстволардың құрылымы мен функцияларындағы ең елеулі деген өзгерістер бейнеленген, халық шаруашылығының нарық қатынастарына кіруіне қарай, олардың анықтала түсуі де мүмкін. Олардың функцияларына белгілі бір түзету одақтық, республикалық және коммуналдық меншікті бөлу мәселесінің шешілуімен, республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастырудың ретін анықтаумен тығыз байланыста жүзеге асырылатын болады.

Мемлекеттік билік пен халық шаруашылығын басқару органдарын қайта құру, тіпті басқарудың жаңа ерекше нарықтық органдарының құрылуын ескергеннің өзінде, оларды ұстауға жұмсалатын республикалық және жергілікті шығындарды шамамен 1/4 қысқартуға мүмкіндік береді.

Кадрлармен қамтамасыз ету проблемасын шешпейінше, қызметкерлердің психологиясы мен сана-сезімін түбірінен өзгертпейінше халық шаруашылығын тұрақтандыру және нарық экономикасына көшу жөнінде республика алдында тұрған міндеттерді орындау мүмкін емес. Басшының беделін, мемлекеттік қызметшілердің статусы мен жауапкершілігін қалпына келтіру, ең бастысы — билік пен басқару органдар аппаратын нарық экономикасы жағдайында шығармашылықпен және бастамалы жұмыс істеуге қабілетті жоғары білікті, құзырлы кадрлармен толықтыру қажет. Оларға баға берудің негізгі өлшемі түпкі практикалы нәтижелер болмақ.

Депутат жолдастар!

Осыншалық ауқымды өзгерістерді жүзеге асыру үшін Қазақ КСР-нің Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет, өйткені біз республикадағы билік пен басқару органдарын қазіргі өкілеттіктерін түбірінен қайта қарап жатырмыз.

Сіздерде бұл мәселе бойынша Заң жобасымен танысу мүмкіндігі бар. Мен оның түйінді жақтарына тоқтала кетейін.

Қазақ КСР Президенті мемлекет басшысы ғана емес, сондай-ақ оның ең жоғары атқарушы билігі болып табылады деп көзделген. Мұның өзі оның Министрлер кабинетінің қызметіне тікелей басшылық етіп, оны бақылайтынын білдіреді. Президент өкілеттіктеріне премьер-министр мен кабинет мүшелерін тағайындау мен босату, министрліктерді, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволарды құру мен тарату құқығы енгізілген.

Әрине, барлық осы мәселелердің шешімі бақылаусыз болмауға тиіс. Заң жобасында былай деп көзделген: Президенттің маңызды мәселелер бойынша жарлықтарын республика Жоғарғы Кеңесі бекітуге тиіс.

Президенттің қосымша өкілеттіктері арасында Заң басында Жоғарғы Кеңестің сессиялары аралығындағы кезеңде Қазақ КСР-нің заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы жарлықтар шығарып, оларды Жоғарғы Кеңестің бекітуіне беру құқығы көзделген.

Бұл құқық меншік қатынастарын, халық шаруашылығын басқаруды ұйымдастыру, еңбекке ақы төлеу мен бағаны белгілеу, құқық тәртібін нығайту мәселелері бойынша нормативті актілерді шұғыл түрде шығаруға байланысты қажет болып отыр.

Өтпелі кезеңде республикалық және жергілікті өкіметтің өзара байланыстарын күшейту мақсатымен, бұл жайында бұрын да айтылған болатын. Заң жобасында Президентке облыстық Кеңестік төрағаның қызметіне кандидатураны ұсыну құқығы, сондай-ақ оған төраға өзінің қызмет бабындағы міндеттерін тиісінше орындамаған немесе беделін түсіретін теріс қылықтар жасаған жағдайда оны атқарып отырған қызметінен мерзімінен бұрын босату туралы ұсыныс жасау құқығы беріледі. Әрине, мәселенің түпкілікті шешімі Кеңестің өзінде болып келді және солай болып қала береді.

Бүгінгі таңда Кеңестердің басшылығына жаңаша ойлайтын, өзіне жауапкерлік алудан қорықпайтын, бірақ бұл орайда тек өз территориясының ғана емес, сонымен бірге бүкіл республиканың игілігі үшін іс-қимыл жасайтын адамдар келуге тиіс десем, халық депутаттары менімен келіседі ғой деп ойлаймын. Орталық органдар шешімдерінің, оның ішінде Жоғарғы Кеңес қабылдайтын заңдардың орындалмауына бұдан былайғы жерде төзуге болмайды.

Министрлер кабинетінің құзыры, оның ұйымдастырылуы мен қызметінің тәртібі «Қазақ КСР Министрлер кабинеті туралы» Заңда айқындалуға тиіс, оны әзірлеуге дереу кірісу қажет.

Мемлекеттік өкімет басқару органдарын түбегейлі түрде қайта құру жөніндегі Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне ұсынылып отырған шараларды жүзеге асыру республика экономикасының бұдан былайғы жерде тұрақсыз саяси ахуал, құқықтық нигилизм және митингілі демократия жағдайында қалыпты жұмыс істеп, дами алмайтынына тікелей байланысты. Экономиканың жітілік пен тәртіпті, өкімет пен басқа органдарының іс-қимылдарындағы жауапкершілік жүйелілікті талап ететін заңдары мен ережелері бар.

Қалыптасқан жағдай қайта құру процестерін кешеуілдетуге мүмкіндік бермейді, жауапты шешімдер қабылдауды талап етеді. Қазіргі кез қиын, серпінді кезең, ол ырғалып жырғалуды көтермейді. Осыған байланысты Жоғарғы Кеңестен Президенттің Жарлығымен қараша айының басында-ақ жекелеген жаңа ведомстволардың басшыларын тағайындауға өкілеттік берілуін сұраймын. Әңгіме Монополияға қарсы, Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі, Шарттар жөніндегі комитеттер, Өнеркәсіп министрлігі туралы болып отыр.

Біз Қазақстанда өкімет пен басқарудың соншалықты түбегейлі реформасын тұңғыш рет жүргізбек болып отырмыз. Алда жан баспаған жолдар, біздің баршамыз үшін көп ретте таныс емес жұмыс күтіп тұр. Бірақ біз республика халқының тұрмысын жақсарту үшін оған кірісуге белді бекем будық. Сөйтіп, біз халық алдында зор жауапкершілікті мойнымызға аламыз. Сіздердің қолдауыңыз бен көмегіңізге үміт артамын, құрметті депутат жолдастар.

КСРО халық депутаттарының IV съезінде сөйлеген сөзі

Мәскеу қаласы, 1990 жылдың 20 желтоқсаны

Құрметті халық депутаттары!
Құрметті Президент!

Көптеген парламент тілшілеріне соншалықты ұнап қалған астарлы сөзді тағы да бір қолданып қалмақпын. Иә, біздер айтарлықтай кең, бәлкім, сондықтан да болар, тым шабан әрі икемсіз кемемізде осымен төртінші рет жиналып отырмыз. Егер бұрын саяси теңіз сәл ғана толқып жатқан болса, қазір өте қатты буырқанып тұр. Жол бастаушының сенімсіздігін көрген команданың бір бөлігі басқару тізгінін қолына алып, бағытты өзгертуге тырысып отырғанына таңдануға бола қояр ма екен? Екінші, бір бөлігі жүзу сапарын дербес жалғастыруға үміттеніп, құтқару қайықтарына мінуге асығып жатыр. Ал үшінші бөлігі біз әлі де болса оншалықты ұзай қоймаған ескі жағалауға қайтып оралуға көп үміт артып отыр.

Бұған Л.И. Брежневтің бұрынғы серіктері арасындағы жандану дәлел бола алады. Біз 6 жылдан бері табан тіресе күресіп келе жатқан әміршіл-әкімшіл жүйенің қанаты қайырылғаны тек елес қана. Ол әлі де сынған емес. Орталық аппараттың қатаң уысы босаңсып, республикалардың жария етілген егемендігі ведомстволардың тас түйін айқындамаларын шайқалта алды ма? Ашығын айтайын, біздің егемендігімізді олар мүлдем елер емес. Сыртқы экономикалық қызмет бұрынғысынша солардың қолында, біздің валюта табу әрекетімізге Президенттің үкімет әзірлеген, әділ экономикалық заңдарды төпелеп, күштейтін жарлықтары бұрынғысынша тосқауыл болуда. Мынаны айтыңыздаршы: заңды етілген тонауға көніп, өзі тапқан валютаның 95%-ын мемлекетке беретін аңғал әрі қамқор жанды қайдан таба алар едіңіздер? Нарыққа көшудің жалпы ешқандай бағдарламасын қабылдамай, нақты жоспарды ешқандай міндет жүктемейтін негізгі бағыттармен ауыстырып, біз жеңіліске ұшыраған жоқпыз ба?

КСРО Министрлер Кеңесінің соңғы әрекеттерін жалпы алғанда еліміздің бірыңғай экономикалық кеңістігін бүлдіруге бағытталған ашықтан-ашық диверсиямен ғана салыстыруға болады. Мен шикізат ресурстарына нақты көтерме сауда бағаларын енгізу, ауылшаруашылық өнімін сатып алу бағасын арттыру және салық салудың жаңа тәртібі туралы айтып тұрмын, сол бойынша кәсіпорындар (бәлкім, кейбіреулер білмейтін шығар) келесі жылы пайдадан 98% салық төлеуге тиіс болады. Гәп тіпті барлық осы актілердің республикаларға елеулі экономикалық нұқсан келтіріп отырғанында да емес. Басқа бір нәрсе — үкіметтің бөлшек сауда бағаларын аймақтардың қарауына беруі әлдеқайда қауіпті. Мұның неліктен істеліп отырғаны түсінікті: бағамен қақпақыл ойнаудың қандайы болсын халық арасында абырой әпермейді. Міне, сондықтан да үкімет жауапкершілікті республикаларға, жүктеуге тырысуда. Бірақ, айталық, Өзбекстанда бір баға, Қазақстанда басқа баға, ал Ресейде үшінші баға болса, елде қандай алыпсатарлықтың басталатынын, халықтың иығына қандай қосымша ауыртпалық түсетінін көз алдыңа елестету оңай!

Мүлдем ашық айтатын мезгіл жетті: экономикалық реформаны жүзеге асырудағы қателіктер елді оның тарихында болып көрмеген, келесі жылы басталатын дағдарыс шебіне жеткізді. Біз өз Президентіміздің дипломатиялық дарынын бағалаймыз, бірақ сол дарынды батыл іс-қимылдарға нұқсан келтіре отырып үсті-үстіне пайдалану ащы жемісін бере бастағанға ұқсайды. Үкіметтің нарыққа көшу жөніндегі өлі

туған бағдарламасына үкіметтің беделін сақтау үшін жасанды түрде жан бітіру — тіпті де мәз боларлық мәміле емес. Жабы ат пен сұлу құралайды бір арбаға жегуге болмайтыны белгілі ғой. Ал біз болсақ бүкіл болмысы бір-біріне қарама-қайшы екі жақты «құдаластырып», енді табиғатқа қайшы некенің нәтижесінде, былайша айтқанда, қандай құбыжықтың пайда болатынын күтіп отырмыз.

Саяси ептілік біздің нарық экономикасына қарай алға басуымызды құр елеске айналдырып отыр. Еліміз миллиардтаған несие алып жатыр, ал олардың орынды пайдаланылатынына ешқандай кепіл жоқ. Біз нарыққа даярлығы мол, нарық қатынастарын бүге-шігесіне дейін білетін адамдарсыз қадам басып отырмыз. Экономикадағы мұндай жауапсыздыққа тіпті тоталитарлық жүйе де бара алмас еді. Естеріңізге түсіріңіздерші, индустрияландыру қарсаңында жүздеген кеңес инженерлері тағылым алу үшін батыс елдеріне жіберіліп, біздің өнеркәсіп орындарымызда соншама шетелдік мамандар жұмыс істеген еді ғой. Ұзақ мерзімді іскер перспективаға емес, қайта әп-сәттік экономикалық сұғанақтыққа бағдарланған отандық кәсіпкерліктің тым тұрпайылануына таңдану қажет пе?

Мен М.С. Горбачевтің бағытына қосыламын. Бұл жөнінде өзімді оның серігі деп санаймын және осы айқындамада нық тұрмын. Алайда қайта құру саясаты, менің ойымша, ел ішінде тактиканы өзгертуді, аса маңызды бағыттарда батыл іс-қимылдар жасауды талап етеді. Демократияландыру туралы әсем сөздердің сірнесіне шашалған еліміздің ырзық іздеп, Еуропаның бай «дастарқандарына» телміре бастаған саясатпен келісе алмаймын.

Жәбір шегіп, қорлық көрген халық мынаны сұрауға хақылы: біздің машина жасау саламызды жаңғырту жөніндегі уәденің және соншалықты кеңінен жарнамалаған конверсияның жемісі қайда? Ғылыми-техникалық прогрестің өз кезінде белгіленген бағдарламасының нақты нәтижелері қайда? Қаулы арқылы бөлінген және ұқсату өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығын дамытуға жұмсалады дейтін 77 млрд. сом қайда? Біз қайта құруды бастаған осы практикалық қадамдар әбден дұрыс болатын. Алайда ізгі ниеттер, құмға сіңгендей, саяси көпірме сөздің астында қалды.

Бүгінгі таңда қорғаныс кәсіпорындарының таңдаулы инженерлері, ең білікті жұмысшылары қарапайым кастрюльдерді қалай шығарамыз деп бас қатыруда. КСРО Мемлекет қауіпсіздігі комитеті Батыста шығарылатын қарапайым халық тұтынатын бұйымдар көрмесін әзірлегенін айтсам, мемлекеттің үлкен құпиясын ашпаспын деп ойлаймын! Көрме шынында да көз тартады. Мемлекет қауіпсіздігі органдары осындай істермен шұғылдана бастаған болса, бізге Министрлер Кеңесінің аппараты не үшін керек? Бұл туралы айту ұят әрі жанға батады.

Осыған байланысты мынаны сұрағым келеді: жіберілген қателерді нәтижесіз сынаумен және өзімізді-өзіміз кінәлаумен біз әлі де ұзақ айналыса береміз бе? Мына Съезде біздің осы сұрақтарға жауап алуымыз керек. Егер қымбаттайтын болса, өтем бола ма? 1991 жылға Одақ пен республикалардың бюджеті қандай болмақ? Біз нарық экономикасына жалпы алғанда көшеміз бе? Әзірше жауаптар жоқ.

Нарыққа көшуді қазіргі үкіметке сеніп тапсыру істі күні бұрын «көрге тығу» деген сөз. Нарық қатынастарын жасау — оған мүлдем жат міндет.

Сондықтан батыл қадам жасауға — парасатқа және Шаталин-Явлинский бағдарламасының тұжырымдамасына қайтып оралып, оны қабылдауға шақырамын. Әлбетте, пысықтау арқылы ғана: жағдай қыркүйектен желтоқсанға дейін өзгерді. Айтпақшы, Явлинский жолдастың орнынан түсу жөніндегі өтінішін біздің үкіметімізге мүлдем сөз өтпейтініне жұртшылықтың назарын ақыр соңында аударудың жанкешті әрекеті деп бағалау керек.

Соңғы кезде «егемендіктер шеруі» дейтіндер жөнінде көптеген мысқылдар айтылып жүр. Иә, шеру болып өтті, бірақ одан тек жершілдіктің, тек қана шамшылдық мүдделер белгісін көріп, сол процесті туғызған терең себептерді байқамай отырғандар қатты қателеседі. Ал себептер орталық биліктің дәрменсіздігінде, өздерінің өктемшіл құқықтарынан айрылғысы келмей отырған ведомстволардың менмендігінде жатыр. Экономиканың қожырауы да, қылмыстың өсуі де, ұлтаралық жанжалдар да, қан төгілуі де содан. Өздерін орталықтың тұрақсыздандырушы саясатынан аздап болса да шектеуге тырысып отырған республикаларға тас лақтыруға бола ма? Төніп келе жатқан аласапыран кезінде өзін-өзі сақтаудың қалыпты сезімдерін көрсетіп отырғаны үшін ғана оларды жікшілдер деп айыптауға бола ма?

Одан да зорын айтайын: өткен ондаған жылдардың ішінде орталықтың ұйымдастырушылық рөліне үйренген біздер егемендік туралы декларациялар барынша тиімді бола алатын, көлбеу байланыстар бұзылуының қар көшкініндей екпінді процесін тоқтата алатын сәтті өткізіп алдық. Республикалар ендігі жерде одан әрі күте алмайды, олар дербес іс-қимыл жасап, Одақ үшін жауапкершілікті өзіне алып отыр. Олардың саяси және экономикалық дербестігі — әрбір республиканың жеке-жеке және барлық республикалардың бірге қалыпты дамуының бірден-бір ықтимал жолы.

Мен, мысалы, біздің Одақ ыдырай бастады дегенді естіген кезімде үрейге берілуге бейім емеспін. Бұл үшін орталықты тым қатты кінәлауға да бейім емеспін. Неліктен? Өйткені ерте ме, кеш пе, мұндай нәрсе болуға тиіс еді. Іргетасы дұрыс қаланбаған ғимарат ұзақ тұра алмайды және 1985 жылғы сәуірдегі салауатты ойдың алғашқы самалы бізге осыны көрсетіп берді.

Біздің ортақ үйіміздің іс жүзіндегі дұрыс лениндік жобасын қолынан ештеңе келмейтін прорабтар жүзеге асырып келді. Өйткені орталықтың төңірегіне біріккен республикалар емес, қайта орталық республикаларды өзіне байлаған болатын. Міне, сондықтан да қазір ыдыраудың объективті процесі өтіп жатыр. Және сонымен бірге жаңа Одақ пайда болып келеді, бұл, сірә, біздің күйкі күнделікті өміріміздегі ең жарқын оқиға болар. Мен бір-бірінің егемендігі танылған, қалыптасқан шекаралар қуатталған, ең тиімді тікелей экономикалық байланыстар орнатылып, әрбір жақтың мүдделері үйлестіріліп жатқан республикалар арасындағы шарттарға қол қойылуын айтып тұрмын. Жаңа Одақтық шарттың негізі, біздің жаңарған Федерациямыздың іргетасы, негізгі конструкциялары нақ сол құжаттар екеніне кәміл сенемін, Қазақстан осындай Федерацияны жақтайды.

Республикалар екіжақты, көпжақты шарттармен өздерін орталыққа қарсы қойып отыр деген сөздер бар. Ал біз дау айтпаймыз: шынында да қарсы қойып отыр. Бірақ нақ, тоталитарлық, бәрін де, барлығын да басып-жаныштайтын, әміршіл-әкімшіл жүйенің бейнесі болып табылатын, елді терең тұйыққа тіреген орталыққа қарсы қойып отыр. Ал тұйықтан шығатын жол біреу — ол артқа қарай жүру. Сондықтан біз талай ондаған жылдар бойы көз жұмып сеніп келген, соңғы уақытқа дейін мызғымай тұрған шындықты кері қарай оқу керек. Сонда бәрі де орын-орнына келеді: республикалардың қалай тұруы керек екенін орталық айқындамайды, қайта орталықтың қандай болатынын, оған қандай өкілеттіктер беру керек екенін республикалар шешеді.

Одақтық шарттың нақты мазмұнын біздің бірлесіп анықтауымыз керек. Бірақ жарыссөздің қай кезінде болсын, түпкілікті шешім әзірлеудің қай сәтінде болсын оның басты мақсатын ұмытпайық. Ол, меніңше, былай тұжырымдалуға тиіс: біздің көпұлтты елімізді, егеменді мемлекеттер одағын интеграция, рухани бірлік, біздің барлық халықтарымыздың саяси, әлеуметтік-экономикалық топтасуы жолында батыл түрде жаңарту керек.

Жаңажылдық құттықтауы

Алматы қаласы, 1990 жылдың 31 желтоқсаны

Құрметті қазақстандықтар!
Қадірменді азаматтар!

Әдетте жаңа жылды қарсы алу үй-ішінің, ошақ басының мерекесі деп есептеледі. Жаңа жыл бәріміз үшін ең бір ізгілікті, ең бір сүйікті мереке, той. Біздің Қазақстан деп аталатын көпұлтты үй-орманымызға жаңа 1991 жыл зор қуаныш, мол бақыт әкелсін, әр үйде ынтымақ, сыйластық болсын, жүрегімізде болашаққа деген сенім мен үміт ұшқыны ешқашан жоғалмасын деп шын көңілден тілектестігімді білдірсем деймін.

Өткен жыл өздеріңізге белгілі, оңай жыл болмады. Еліміздің экономикасындағы, саяси және әлеуметтік өміріндегі қиындықтар жұмысшылар мен шаруаларға да, жастар мен ардагерлерімізге де, үйдің құты аналар мен қадірменді саясаткерлерімізге де соқпай өткен жоқ. Бүгінгі таңда өткен жылы өндіріс пен тіршілік-тұрмыста елжұрттың басынан кешірген қиыншылықтарына көз жұма қарасақ, мүлде дұрыс болмас еді әрі мұның өзі біздің бүгінгі рухымызға да сай келмес еді. Өкінішке орай, Қазақстанды тілсіз жау зардаптары да айналып өткен жоқ.

Әйткенмен, республикамыздың басынан кешірген жақсылық жайттарды айтпасақ, ол да дұрыс болмас еді. Диқан қауымының өткен жылғы еңбегі айтарлықтай. Халық шаруашылығының көптеген салаларында жоспар негізінен орындалды. Ең бастысы, азаматтық түсінушілікке, келісімге қол жетіп отыр. Ең кереметі — біздің республикамыз экономикалық және рухани өрлеудің өзіміз үшін негізгі, ең қиын жолын таңдап алды. Меніңше, өткен жылдың ең басты оқиғасы да осы деп білемін. Және мұның өзі әбден қол жеткізер мақсат. Мен бұл жерде қазан айында қабылданған Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация жөнінде айтып отырмын. Ия, бұл әзірше алғашқы қадамдар ғана. Ол өзінің елеулі жемістерін кейін әкелмек. Бірақ та біз үшін ілгері өрлеудің бағыт-бағдарларын анықтап алу қажет болды.

Жаңғырған егеменді республикамызды құра отырып, мен жаңа КСР Одағының қалыптасып, одан әрі нығаюын баршамыздың шын қолдайтынымызға кәміл сенемін. Өтіп бара жатқан жылда ыдырау күштеріне қарамастан, жаңғырар Одақтың дүниеге келуіне көп күш жұмсалды. Одақтас республикалармен екіжақты, көпжақты келісім-шарттарға қол қойғанда Қазақстан ерекше айқын позиция ұстанып отыр. Аталмыш құжаттарда егемендігіміз бен дәстүрлі шекаралардың бұлжымастығы, кәсіпорындар арасындағы тікелей берік байланыстарды орнықтыру көзделіп отыр. Біз бұл құжаттарды болашақ одақтық келісім-шарттың негізі деп біледі. Оның принциптері жақында ғана аяқталған КСРО халық депутаттарының съезінде талқыланғаны өздеріңізге мәлім.

Біздер республикамыздың нарыққа көшу жолына да дербес, терезесі тең мемлекет есебінде көз тігіп отырмыз. Сайып келгенде, халық шаруашылығында құдіреті күшті ведомстволар мен мемлекеттік инстанциялар емес, парасат пен парыққа жүгінетін, адам еркінен тыс экономикалық заңдар салтанат құруға тиіс. Тек сол үшін республикамызда меншіктің түр-түрі өзара теңдік алып отыр. Олардың әрқайсысы

бір-бірімен тай жарысында бәйге алсын. Ал, мұның бәрін дәлелдеудің бір ғана жолы бар: ол — баршамыз болып, жұмыла көтеріліп, қайткенде де халықтың ең қажетін қамтамасыз ету жолы. Іскерлік, кәсіпкерлік ниет үшін қазір жолдың бәрі айқара ашық.

Алайда, біздер бәрімізге ортақ тіршілігімізде ортақ мақсатқа тек бір ғана жағдайда — бәріміз тәртіпке жүгіне, тапсырылған іске үлкен жауапкершілікпен қарағанда ғана жете аламыз.

Сондықтан ортақ үйімізде жанжалға, ырың-жырыңға қайтсек те жол бермеуіміз керек. Өйткені, уақыт алтыннан да қымбат. Біз бүгінге дейін ырғалып-жырғалып есемізді жіберіп алдық. Аталарымыз бен бабаларымыз жасаған рухани игіліктен айырылып қалуымыз да ғажап емес. Иә, еліміздің басқа аймақтарымен салыстырғанда Қазақстанның қазіргі жағдайына шүкіршілік. Барлық парасатты қазақстандықтардың бұған қосқан үлесі зор.

Осы орайда қазақтың: «Қол жұмылмай — жылынбайды» деген мақалын қайтіп еске алмауға болады?! Шіркін: «Халық айтса — қалт айтпайды» деген осы ғой! Тарих пен тағдырдың бізге жазғаны да осы шығар. Тарих пен тағдырдың бүйтіп жазғанындай, біздер — Қазақстан халықтары, бәріміз суыққа тоңған бір қолдың саусақтарындай алдағы уақытта жұбымызды жазбай, бір-бірімізге сүйене ілгері өрлеуіміз қажет. Тек жұбымыз жазылмағанда ғана біздер бәріміз бұлтсыз болашаққа, балаларымыз бен немерелеріміз алаңсыз өмір сүретін күнге қиын да абзал жолмен жете аламыз.

Қадірменді азаматтар!

Бұл жолда бәріңізге, сіздердің үй-іштеріңізге, туған-туысқандарыңызға бақыт пен қуаныш тілеуге рұқсат етіңіздер! Бұл жылда біздің өмірімізге көлеңке түсіретін, адамдардың арасын ашатын қайғы мен мұң болмайтын болсын!

Келе жатқан жаңа жыл бейбітшілік әрі табыс жылы болсын! Бұл жылы бәріңіз ойлаған ойларыңызға жетіңіздер!

Жаңа жыл құт, бақыт, ырыс жылы болсын, бауырлар, ағайындар, туғандар!

Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің III пленумында сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1991 жылдың 9 ақпаны

Жолдастар!

Бүгінгі таңда әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандырудан асқан маңызды міндет жоқ. Жағдайға нақты баға бере отырып, еліміздің бірқатар аймақтарында қоғамдық-саяси жағдайдың ушығуынан экономикадағы дағдарысты құбылыстардың күшейе түскенін және осы келеңсіз процестің табиғи салдары ретінде еңбек және өндірістік тәртіптің құлдырағанын атап көрсетуге тура келеді.

Экономикалық өзара байланыстардың бұзылуы, шарттық міндеттемелердің ұдайы орындалмауы республиканың халықшаруашылық кешенін елеулі шығынға ұшыратты. Өткен жылы бізде ұлттық табыстың, өнеркәсіп өндірісі көлемінің, қоғамдық еңбек өнімділігінің, алынған пайданың көптеген жылдар ішінде тұңғыш рет кемуіне жол берілді. Күрделі қаржының көлемі, негізгі қорлардың, оның ішінде тұрғын үйлердің, жалпы білім беретін мектептердің, ауруханалардың іске қосылуы қысқарды. 1989 жылғымен салыстырғанда ет пен жұмыртқа аз өндіріліп, мал мен құс кем сатып алынды.

Қабылданып жатқан басқару шешімдерінің жартыкештігі, көрінеу дәйексіздігі де жағдайды ушықтырып отыр. Олар жағдайды жақсартудың орнына, халық шаруашылығындағы үйлесімсіздіктің одан әрі күшеюіне, нарық пен ақша айналысының теңдестірілмеуіне, жаппай жайлаған тапшылыққа апарып соқтыруда. Мұның бәрін республиканың әрбір облысы, қаласы мен ауданы, әрбір тұрғыны қатты сезініп отыр. Билік құрылымдары, әсіресе атқарушы өкімет қызметінің деңгейі осы кезге дейін төмен деңгейде қалып отырғаны да адамдардың назарынан тыс қалмайды. Республикада да, жалпы елімізде де экономиканың теңдестірілмеуінің ең басты себебін мен нақ соның әлсіреуінен деп білемін.

Жергілікшілдік, жауапсыздық біздің өміріміздің сипатты құбылыстарына айналды. Бәрі де тек өздеріне өнімді, тауарларды, материалдарды және басқаларды дер кезінде және толық көлемде берілуін ғана талап етеді. Ал олар өз өнімін өндіруге, өз өнімін беруді қатаң орындауға мүлдем қамқорлық жасайтын емес. Турасын айтсам, бүгінгі таңда шаруашылық кешені аласапыран жағдайға душар болып отырған кезде өзінің қарекетсіздігін ақтау өте оңай. Өзінің жақсы жұмыс істеуіне бөгет жасап отырған «объективті проблемалар» дейтіннің толып жатқан дәлелдерін «тоғыту» кез келген басшыға түкке тұрмайды. Проблемалардың, оның үстіне аса өткір проблемалардың бар екеніне дау жоқ. Бірақ билік берілген басшылардың міндеті осы проблемаларды жеңе білуінде емес пе? Әйтпесе олардың тіпті қажеті не?

Бұл жөнінде жақсы мақал бар: «Тауығың болса, тамағың да болады!». Бізде проблемалар болмаса, бұл жайында әңгіме де қозғамас едік қой. Барлық мәселе кейбір адамдардың өз күш-жігерін, өзінің қанағаттанғысыз қызметін ақтайтын себептерді іздестіруінде, ал басқа біреулердің қиындықтарды жою жолдарын тауып, табысқа қол жеткізуінде болып отыр. Жұмыстың осындай нағыз сындарлы стилін ұстайтын адамдар бүгінгі таңда бізге жетіспей жатыр.

Айтпақшы, республика Жоғарғы Кеңесінің кешегі отырысында осы жайында шымбайға бататын әңгіме қозғалды. Біз жергілікті жерлерде атқарушы өкімет

билігін батыл күшейтуіміз, сонымен бірге жергілікті коммунист басшылардың жауапкершілігін де арттыруымыз керек. Осыған байланысты Жоғарғы Кеңестің алдағы сессиясының күн тәртібінде жергілікті өзін-өзі басқару туралы мәселе тұр. Егер біз осы салада тиісті тәртіпті жолға қоймасақ, онда өзіміздің азық-түлік рыногымызды да біржолата қожыратамыз, қазақстандықтардың тамақтануын нашарлатамыз. Оның неге әкеліп соғатынын сіздер жақсы түсінесіздер. Сондықтан республика Президентінің мемлекеттік тапсырысты әрбір шаруашылыққа жеткізу және азық-түлік беру жоспарын орындамайтындарға қатаң айып санкцияларын қолдану туралы арнаулы қаулысы әзірленді. Бүгінде көкейкесті қажеттілік болып табылатын бұл шараларды партия органдары қолдауға тиіс деп ойлаймын.

Сонымен қатар, бүкіл билікті халық депутаттарының Кеңестеріне беру процесінің қаншалықты қиыншылықпен өтіп жатқанын көрмеуге болмайды. Бұл жағдайда барлық деңгейдегі партия комитеттерінің экономиканың көкейкесті проблемаларын шешуден шет қалуға ешқандай да хақысы жоқ. Орталық комитеттің, облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттерінің, бастауыш партия ұйымдарының басты назарында:

- халық шаруашылығы салаларының құрылымын жетілдіру;
- шикізаттық бағытты түпкі өнім шығаруға қайта бағдарлау есебінен сенімді экономикалық база жасауға байланысты мәселелер;
- еңбек өнімділігін түбегейлі арттыру мен өнім сапасын жақсарту;
- ғылыми-техникалық прогресті енгізу;
- шарттарды дер кезінде жасасу мен орындау болуға тиіс.

Әлбетте, біз мұны әміршілдік-әкімшілдік жүйеге қайтып оралу немесе партия комитеттерін әкімші-шаруашылық міндеттеріне «тартудың» кері процесінің басталуы деп түсінбеуге тиіспіз. Әңгіме экономикалық қатынастарды кешенді тұрғыдан жаңартудың және оларды жергілікті нақты жағдайды негізге ала отырып жетілдірудің пәрменді жолдарын іздестіру жайында болып отыр. Меншіктің сан алуан және тең құқықты формаларын қалыптастыру, адамдардың тапқырлығы мен іскерлік белсенділігін дамыту үшін барлық жағдайларды жасап, түпкілікті нәтижелер үшін олардың жауапкершілігі мен материалдық мүдделілігін арттыру қажет.

Әрбір партия комитетінің, барлық коммунистер мен бүкіл активтің партияның экономикалық саясатын нақты жүзеге асырумен тікелей шұғылдануы керек, дағдарыстан шығудың бірден-бір дұрыс жолы — нарық қатынастарына адамдарды әзірлеу мақсатымен кең көлемді түсіндіру жұмысын жүргізуі керек. Мұның өзі КОКП XXVIII съезі мен Қазақстан Компартиясы XVII съезінің шешімдерінен туындайтын біздің тікелей міндетіміз. Сол шешімдерде нарық экономикасына көшу жөніндегі басты бағыттың айқын қолдау тапқаны, елімізде және республикада нарыққа көшудің бағдарламасы бекітілгені мәлім. Бұл бағыттағы алғашқы қадамдар қазірдің өзінде жасалды. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі түбегейлі экономикалық реформаға жол ашқан бірқатар аса маңызды заңдар қабылдады. Демек, коммунистердің, барлық еңбекшілердің белсенді қызмет етуі үшін негіз қаланған. Түпқазық бар, соған сүйене отырып, өнімді жұмыс істеуге, адамның бойында өз тағдыры мен әлауқатының қожайыны сезімін тәрбиелеуге, экономикадағы монополизмге және біркелкілікке қарсы белсенді түрде күресуге болады.

Бастапқы жақсы жағдайлар жасалғанына қарамастан, біз бір орында бұрынғысынша неліктен тапжылмай тұрмыз? Тұрғын үйлерді, ұсақ кәсіпорындарды жеке меншікке беру туралы айтпағанның өзінде, нағыз жалгерлік, кооперативтік,

шаруа қозғалысы және басқалары неліктен тежеліп отыр? Кейбір партия, шаруашылық басшыларын тыңдап көрсең, оларды тіпті «қайта құру бұлбұлдары» деп қаласың, реформаларды сөз жүзінде бәрі де жақтап, оларға бірде-біреуі қарсы шығып отырған жоқ. Адамдар оларға сеніп жақсы өзгерістер болатынына үміттенеді. Іс жүзінде ешқандай нақты қадамдар жасамастан, сол сенім қашанғы сынала бермек! Ұлтарақтай жерді, шаштаразды, дүкенді, кәсіпорынды жалға алғысы келген қатардағы еңбеккер толып жатқан бюрократтық сергелдеңнен және кемсітуден неліктен өтуге тиіс? Егер партия органдары, коммунистер нарықты жақтап отырған болса, олардың нақты қолдауы қане?

Соңғы жылдары бізге көп нәрсені, әсіресе келеңсіз оқиғалардың алдын алу тұрғысынан көп нәрсені үйретуге тиіс сияқты еді. Партия нақ айқын шешімдерді қабылдауға байланысты жиі кешеуілдеп, қоғамды демократияландыру процестерінің соңынан еріп отырудың салдарынан адамдардың көз алдында көп нәрседен айырылды. Және біз тағы да артта қалып отырмыз, өз атымызға әділ сын айтылуы үшін тағы да өз қолымызбен негіз әзірлеп, аты шулы «партиялық аппараттың» және «партократияның» ту сыртынан тағы бір зіл батпан тас лақтырудан кет әрі емес адамдардың қолына барлық мүмкіндіктерді беріп отырмыз. Дербестік пен іс-қимылдар бостандығын жақтаған облыстардың, қалалар мен аудандардың басшылары бүгінгі таңда нақ соның өзін еңбек коллективтеріне бергісі келмей отыр.

Кеңшарлар мен ұжымшарлардың басшылары, естеріңізде болар, жоғары тұрған ведомстволардан бостандықты бәрінен де қатты талап еткен еді ғой. Олардың айтқаны дұрыс болатын, өйткені, село объективті түрде, онда қалыптасқан өндірістік қатынастардың сипатына байланысты нарық экономикасына жақсы бейімделген еді. Мұны дүниежүзілік практика да, атап айтқанда, Қытайдың, Вьетнамның мысалдары да көз жеткізе дәлелдеуде. Бірақ таңғаларлық оғаш жайт мынада болып отыр: төрағалар мен директорлардың қолына еркіндік тізгіні тиген бойда-ақ, олар жалгерлердің, фермерлер мен кооператорлардың жолындағы берік тосқауылға айналды. Кез келген адамнан сұрап керсеңіз, мал шаруашылығында, егіншілікте шаруашылықты жүргізудің бұл формаларының тиімділігіне еш күмәнсіз келіседі. Бірақ, былайша айтқанда, өз дегенім болсын дейтіндер енді, міне, осы процестің одан әрі қалыпты дамуына мүмкіндік бермей отыр. Қазір енді олардың көбі тың жағдайында, оның ұлан-байтақ алқабына байланысты фермерлік жұмыс тәсілінің болашағы жоқ дегенді дәлелдеуде. Тіпті де олай емес! Тыңда да 5–8 гектардан егістік жерді жалға ойдағыдай алуға болатынына ондаған мысалдар дәлелдеуде.

Қысқасы, партия және шаруашылық басшылары сөз жүзінде бір нәрсені қорғайтын, ал іс жүзінде мүлде қарама-қарсы нәрсені қорғайтын, экономиканы басқарудың ескі әдістерінен айырылмай отырғанын көрсететін көптен белгілі құбылыстарға қайта-қайта тап болып отырмыз. Мұндай екіге жарылушылықтан арылатын көз жетті. Және де, ең алдымен, партия ұйымдастырушылары уақыт талабынан қалғысы келмесе, осылай етуге тиіс.

Мені дұрыс түсінулеріңізді өтінемін: біз жұмыс онсыз да жеткілікті дәрежеде тиімді жүргізіліп жатқан, коллективтері көп пайда алып отырған кәсіпорындар мен шаруашылықтарда шаруашылықты жүргізудің жаңа үрдістерін күштеп енгізуді жақтаушылар емеспіз. Бірақ банкротқа алдымен ұшырайтын дотациялы, рентабельділігі төмен шаруашылықтар бізде толып жатыр ғой. Олар жайында ойлану керек! Ал бүгінгі таңда нарық жағдайында жападан-жалғыз өз қотырын өзі қаситын еңбеккерлердің болашағына партия қалай қамқорлық жасап отыр? Міне,

жолдастар, әңгіме не жайында болып отыр. Біз үшін ең бастысы — экономикаға деген атүсті көзқарас емес, адамдардың болашағы.

Кейбір өресіз басшылардың нарыққа қарсы көңіл-күйінің себептері олардың тек қарапайым еңбеккерлердің мүдделерімен ғана тыныстамауында емес, оларға жүргізетін өз билігін кез келген тәсілмен сақтап қалуға тырысып отырғанында екеніне кәміл сенемін. Кейбіреулер «пәлсапалық жасауға», өз айқындамасын қорғау үшін уәждеме келтіруге, біз шынымен-ақ нашар тұрамыз ба, шынымен-ақ қайырымдылықтан қайырымдылық іздей ме екен деуге әлі де тырысуда! Бұл — адам тұрмысының дәрежесі туралы дәстүрлі, дүниежүзілік өлшем бойынша тым төмен түсініктерге негізделген шірік пайымдаулар. Біздің идеологиямыз ең ізгілікті және озық идеология, біздің өмір салтымыз ең жақсы салт деп ондаған жылдар бойы адамдардың миына құйып келдік. Және де сонымен бірге еңбекшілердің өздерінің жеке тұрмысын, қазір айтылып жүргеніндей, «қыр астында» орнатылған тұрмыспен салыстыру мүмкіндігіне жол бермедік. Адамдар онда не болып жатқанын білген жоқ және біздің сөзімізге сенді. Нарық экономикасының нәтижелерін сол жылдарда-ақ өз көзімен көрген болса, олардың не айтатынын елестетіп көріңіздерші! Жалаң насихаттың бұрынғы әдістері ендігі жерде жарамайтынын олар енді жұқалап болса да біледі. Сондықтан, егер өз атымызға біржолата кір кептіруді қаламайтын болсақ, мүк басқан окоптардан батыл түрде шығуымыз керек. Бірақ нарық қатынастарына ескі дәлелдермен шабуылдау үшін емес, қайта, керісінше, оларды қорғау үшін шығаруымыз керек. Кеңес халқының мүлдем басым көпшілігінің ең көкейкесті ой-мақсаттары мен арман-тілектерін қорғау үшін шығуымыз керек.

Мемлекеттік және шаруашылық органдарында жұмыс істейтін коммунистерден халықтың табысы ең аз топтарын, нарық экономикасы жағдайында оның ауыртпалықтарының қыспағында қалатындарды әлеуметтік жағынан қорғау шараларын барынша тез әзірлеуді талап ету қажет.

Қазақстанның экономикалық тұйықтан өз бетінше шыға алмайтынын айқын түсіну керек. Бізге одақтас республикалармен, шетелдік компаниялармен жолға қойып жатқан көлбеу байланыстарды күшейту керек. Бірақ бұл жерде де дәл есеп қажет. Партия комитеттерінің міндеті — бір сәттік пайда табуды ұнататындарға бекем қарсы тұру, тұрақты және ұзақ мерзімді экономикалық байланыстардың қалыптасуына жәрдемдесу.

Ағымдағы кезең КОКП қатарын ұйымдық-саяси жағынан нығайтуды қажет етеді. Қазақстан Компартиясы Жарғысының, КОКП-ның бірқатар нормативтік-методикалық құжаттарының бекітілуімен партия ұйымдарында республикадағы істің жайына олардың ықпалын күшейту үшін жақсы жағдайлар жасалған. Алайда саяси және әлеуметтік тұрақсыздықтың күрделі жағдайында, сарыуайымның, кейбір бұқаралық хабарлама құралдары жомарттық жасап отырған болашақ жөніндегі көңілсіз болжамдардың үнемі үдетілуінің ықпалымен жекелеген коммунистер абыржып және турасын айтайын, сақтықта қорлық жоқ дегендей, партиядан шыққанын, «демократтар» шекпенін кигенін, алайда сонымен бірге іс-қимылдың реакцияшыл формаларын қолданудан тайынбай отырғанын мойындамауға болмайды. Ал шынайы коммунистер саяси бұлталақтың мұндай тактикасын ашық қабылдамайды. Олар өз ар-ожданын аяқасты ету ешқашан және ешкімді жақсылыққа жеткізбегенін айқын түсіне отырып, моральдық және саяси азғындауды ашықтан-ашық айыптауда.

Біз саяси өзін-өзі билеудің бүгінде болып жатқан процестеріне жайбарақат және селқос қарай алмаймыз. Олардың бәрі бірдей дұрыс болып отырған жоқ. Партия-

сыз, коммунистердің сол процестерге белсенді түрде қатысуынсыз Одақтың бүліну қаупінің өлшеусіз арта түсетіні айқын. Бұл жөнінде ешқандай елес пен қарабайырлық болмауға тиіс. КОКП Орталық комитеті мен Орталық бақылау комиссиясының біріккен пленумының Саяси мәлімдемесінде саяси аренада социалистік таңдауды жақтаушыларды биліктен шеттетуге, болып жатқан өзгерістерге социализмге жат, халыққа жат сипат беруге тырысушы күштер пайда болып, іс-әрекет жасап жатқаны ашық айтылған.

Қазақстан Компартиясы XVII съезде өзінің саяси бағытын белгілеп, ол республика тұрғындарының кең келемді қолдауын тапты. Сондықтан бүгін Орталық комитеттің пленумы елде шиеленісіп келе жатқан жағдайды ескере отырып, егемендік туралы қабылданған Декларация негізінде Одақты жаңарту идеясына біздің берік адалдығымызды тағы да мәлімдеуге, коммунистерді біздің одақтық мемлекетіміздің ыдырауына жол бермеуге бағытталған батыл іс-қимылдарға шақыруға хақы бар.

Өздеріңіз білесіздер, КОКП Орталық комитеті мен Орталық бақылау комиссиясының біріккен пленумы өзінің Саяси мәлімдемесінде одақтас республикалардың егемендігін орнықтыру процесін қолдады. Оны біздің мемлекетімізді шынайы дербес республикалар мен халықтардың одағы етіп өзгертудің шарты деп санайды. Иә, басқаша бола алмайды да! Өйткені, партия жалпыодақтық қоғамдық бірлестік болып табылады, ал оның ұйымдары КСРО-ның бүкіл территориясында өмір сүріп отыр. Оның үстіне, олардың бәрі бірыңғай іргелі бағдарламалық және жарғылық принциптер негізінде жұмыс істеуде. Осынау идеялық қуатты потенциал конституциялық құрылысқа дұшпандықпен қарайтындарға, социалистік таңдау мен КСРО халықтары достығының мүмкіндіктерін жіті бағаламайтындарға қарсы пәрменді түрде пайдаланылуға тиіс. Біздің Одақтың болашағы туралы референдумға әзірлік кезеңінде коммунистер КСР Одағының болу-болмауы нақ өзінің айқындамасына байланысты екені туралы пікірді республиканың әрбір тұрғынына жеткізу үшін өзіне байланысты нәрсенің бәрін істеуге міндетті. Осы кезеңдегі бүкіл партиялық-саяси жұмыс Қазақстан халқының өз ықтиярын еркін білдірудің қалыптасуына, шын демократизмнің орнығуына және тең құқықты егеменді республикалардың жаңарған федерациясы ретіндегі Одақты нығайтуға бағытталуға тиіс. Әрбір коммунистің аса мәртебелі патриоттық борышы осында. Мен бүгінгі пленумда Қазақстан территориясында өткізілетін референдум туралы арнайы қаулы қабылдаған дұрыс болар еді деп ойлаймын.

Республиканың партия комитеттері «қоршауға алынған қамал» дүрбелеңінен, қоғамда ішкі қожырауды туғызып отырған күштердің қыспағынан туындап отырған белгілі бір абыржу мен қожыраудан тезірек арылуы керек. Партияны сатып кеткен адамдар бағыттап отырған коммунизмге және партияға қарсы қызметтің күшейтілген тасқыны шын коммунистердің рухын жасыта алмайды. Олар осы шүйілігудің қайнар көздерін де, олардың шын мақсатын да танып-білуді үйренуге тиіс. Жаңа демократтардың плюрализм ұранымен тек өз бағытын ғана, мәселелерді өздерінің қоюын ғана танытуға деген ұмтылысын бүркемелеп жүргенін түсіну керек. Ал мұның өзі саясаттағы бұрынғы монополизмге қайтып оралудан, кез келген бөгде пікірді басып-жаныштаудан басқа ештеңе емес. Біз идеялардың өркениетті, демократияланған жарысын, оның үстіне тек сөз жүзінде ғана емес, сонымен бірге нақты іс-қимылдар бағдарламасы деңгейіндегі жарысын жақтаймыз.

Орталық комитет коммунистердің тікелей міндеті — партияның беделіне қол сұғып отырған, қиындықтарды пайдаланып, саяси бедел жинауға тырысып

отырған, партия комитеттері мен ұйымдарының ынтымақты практикалық жұмысын тежеп отырған демагогтар мен мылжыңдарға дереу және батыл тойтарыс беру деп есептейді. Ал егер коммунистерге партияның алдында міндет жүктелетін болса, онда олардың өздерінің қоғамдық-саяси қызметін кемсітушіліктен, күйе жағудан, әділетсіз айыптаудан және қуғындаудан партия ұйымдары тарапынан қорғаудан бастап, КОКП мүшелерінің заңды құқықтары мен мүдделерін заң жүзінде, сот арқылы қорғауға дейін құқығы да болуға тиіс.

Шешіліп қойған мәселелер бойынша, шексіз, титықтататын және жеміссіз пікірсайысқа уақытты зая жібермей, коммунистердің толғағы жеткен проблемаларды озық тәртіппен көтеріп, шешу қабілетін қайта түлету керек және әлеуметтік қорғау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, шын интернационализмнің, Кеңестік Қазақстан халықтарының ұлттық өзіндік ерекшеліктерін өзара құрметтеудің жақсы дәстүрлері жолындағы күрестегі басымдықты ешкімге бермеу керек. Республика Компартиясы өзінің осынау принципті айқындамасымен сөзсіз күшті болып келді және азаматтық татулық пен жалпыұлттық келісімді қамтамасыз етуді алдағы уақытта да өзінің ең бірінші міндеті деп есептеуге міндетті.

Сындарлы тұрғыда іс-қимыл жасап жүрген күштерге сүйене отырып, қоғамдық ұйымдармен және қозғалыстармен ынтымақтастықты кеңейтіп, тереңдету, кәсіподақтармен, комсомолмен, жұмысшылар, әйелдер, ардагерлер қозғалыстарының өкілдерімен қатынасты уақыт рухына сай құру керек.

Қазіргі жағдайда парламенттік қызмет, коммунистердің Кеңестердегі және олардың атқарушы органдарындағы жұмысы Компартияның аса маңызды саяси міндеттерінің біріне айналып келеді. Оны саяси күштердің нақты орналасуына орай, қоғамдық мүдделер мен нақты әлеуметтік-экономикалық міндеттердің сан алуандығын ескере отырып қарау керек. Бүгінде барлық деңгейдегі Кеңестерде депутаттардың көпшілігі — коммунистер. Көптеген Кеңестерде фракциялар, дербес бастауыш партия ұйымдары құрылған. Кеңестер, тұрақты комиссиялар төрағаларының көпшілігі де — КОКП мүшелері. Олай болса мынадай сұрақ туады: олардың парламенттік мінберді бастамалы түрде пайдалануына, партияның бағытын бұлжытпай жүргізуіне кім бөгет болып отыр? Әрине, бізде парламентаризм тәжірибесі әлі де болса жоқ, бірақ партия органдарын ұйымдық-функциялық жағынан қайта құру барысында жұмыстың парламенттік әдістерін тезірек игеру, Кеңестердегі партия қызметінің практикасын қорыту соғұрлым маңызды.

Біздің қызметімізде бастауыш партия ұйымдарының проблемаларын шешу басты орын алуға тиіс. Турасын айтайық, соңғы жылдарда біз сынмен, «өзімізді жегідей жеумен» тым әуестеніп кетіп, партиялық жұмыстың озық тәжірибесі бар екенін, оның күннен-күнге жинақталып жатқанын мүлдем ескермейтін болдық. Коммунистердің экономикалық, әлеуметтік, саяси мәселелерді шешудегі, коллективтерде тұрақты моральдық-психологиялық ахуал орнатудағы табанды да дәйекті күш-жігерлері әрқашан да өз жемісін беріп, партия беделінің артуына қызмет етіп келеді.

Әлбетте, бастауыш партия ұйымдары өзінің әлеуметтік елеулі істерімен, өмірлік маңызы бар проблемаларды шешу жөніндегі жаңа көзқарастарымен, коллективтегі жағдайға, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді жүзеге асыруға, кадрларды орналастыруға, партиялық-жолдастық, қолдау мен өзара көмек рухын қалпына келтіруге саяси әдістермен ықпал ету шеберлігімен өзін неғұрлым нақты көрсетуі тиіс. Коммунистерді орналастыруда, партияға қабылдау практикасын

жетілдіруде оң өзгерістер болғанын дәлелдейтін мысалдар бізде жеткілікті. Ондай мысалдар Гурьев, Жамбыл, Қызылорда, Талдықорған және Шымкент облыстық партия ұйымдарында бар. Солардың үлгісі бойынша біздің бәріміздің партияға өз мүдделерін қоғам мүдделеріне бағындыруға әзір жұмысшылардың, шаруалардың, интеллигенцияның, халықтың басқа да әлеуметтік категориялары өкілдерінің, қайта құруды белсенді жақтаушылардың қабылдануына қамқорлық жасауымыз керек. Және оны партияға қабылдауға байланысты істің жайы партия ұйымдарының пәрменді жұмысы мен беделінің негізгі белгілерінің бірі болатындай етіп істеу керек.

Қазір партияға қабылдау мәселелерінде, сондай-ақ партиядан шығу мәселелерінде жеке жұмыс формалары мен әдістерін қайта қарауымыз қажет. Ол қатаң түрде сараланған сипатта болуға, терең ойластырылған және байсалды болуға тиіс. Ол жөнінде жеңіл-желпі көзқарас болмауға тиіс. Біздің ойымызша, коммунистермен алдын-ала әңгімелесу практикасын қалпына келтіру артық болмас еді. Бұл ішкі партиялық тәртіпті нығайтуда баға жетпес көмек көрсетері айқын. КОКП ардагерлері де өздеріне назар аударуды талап етіп отыр. Олардың партия ұйымының өміріндегі рөлі баға жеткісіз.

Ақыр соңында, бастауыш партия ұйымы хатшысының жеке тұлғасы туралы мәселе ішкі партиялық өмір үшін бұрынғысынша көкейкесті және өте елеулі күйінде қалып отыр. Бүгінгі таңда бұл адамдар, партиялық жетекшілер аса қиын жағдайда қалып отыр, көбінесе көбейе түскен проблемалармен жападан жалғыз қалуда. КОКП Орталық комитеті мен Орталық бақылау комиссиясының жуырдағы бірлескен пленумында қабылданған құжаттардың арасында хатшының статусы туралы ереже бар. Мұндай статус, өздеріңіз білесіздер, Қазақстан Компартиясында қазірдің өзінде бар. Әрине, біздің съезімізден кейін бастауыш партия ұйымдары өзіне деген ықыластың күшейтілгенін сезінді. Бірақ бұл аз. Жағдай жігерлі іс-қимылдарды талап етіп отыр. Мұнда көп нәрсе партия комитеттеріне де байланысты. Сондықтан, осы пленумға қатысушылардың бәрі бастауыш партия ұйымдарында жиі болуы, олардың хатшыларына практикалық көмек көрсетуі қажет Ішкі партиялық жұмыстың мазмұнына мұқият талдау жасау, партия жиналыстарында абырой, арождан, борыш, партиялық жолдастық туралы әңгімелесу, коллективтерде бар ізгі дәстүрлерді барынша пайдалану керек.

Сөзімді аяқтай келе, адамдардың бізден белсенді іс-қимылдарды күтіп отырғанын тағы да атап көрсетуді қажет деп есептеймін. Дағдарыстың барынша тереңдігіне және өткірлігіне, кейде болып жатқан оқиғалардың шиеленісті сипатына қарамастан, еліміздегі жағдай, оның үстіне біздің республикадағы жағдай үмітсіз емес. Біз партия ұйымдарының жұмылдырушы қуатын қайта түлетуіміз, қазір сөз бен істің арасындағы алшақтыққа, басталған істі нақты аяқтау талап етіліп отырған кезде орта жолда тоқтап қалуға қаншалықты жол беруге болмайтынын түсінуіміз қажет. Келеңсіз фактілердің төңірегінде шексіз «өкінуден» оларды батыл жоюға көшетін кез жетті.

Қазіргі жағдайда тек ұйымдасқан және идеялық жағынан топтасып, жаңарған Коммунистік партия демократиялану жолына түсе және өз жұмысында адамға қарай бет бұра отырып, халықтың көз алдында өзінің беделін сақтай алады. Оның қолында сенім атты қуатты қаруы бар. Тек оны толық тиімділікпен пайдалана білу керек.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының кезектен тыс III сессиясында сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1991 жылдың 11 ақпаны

Депутат жолдастар!

Бүгінгі сөйленетін сөзге күні бұрын әзірлене отырып, мен оны республиканың нарық экономикасына көшуге байланысты экономикалық сипаттағы проблемаларына арнау керек екенін ескердім. Алайда саяси оқиғалардың өрбуі өзінің түзетулерін енгізіп, назарды басқа, қазір өмірлік зор маңызы бар неғұрлым көкейкесті мәселеге шоғырландыруға мәжбүр етті. Әңгіме елдің тағдыры, біздің одақтық мемлекетіміздің болашағы туралы болып отыр, ол кеңес адамдарының көпшілігінің өткір алаңдаушылық сезімін туғызуда.

Бояуды қалыңдатпай-ақ, қиын жағдайдың қалыптасқанын айтпақпын. Біз соңғы шекте тұрмыз, оның ар жағында КСР Одағының толық күйреуі мүмкін.

Осынау жарға жығар шекке жеткізген себептерге егжей-тегжейлі талдау жасамай-ақ қояйын, оларды сіздер жақсы білесіздер. Шектен тыс экономикалық құлдырау, тұтыну рыногындағы, қаржы және ақша айналысы саласындағы дағдарысты құбылыстар елді дүрліктірген саяси және ұлтаралық жанжалдарға, қылмыстың жүгенсіз кетуіне байланысты ушыға түсті. Мұндай жағдайда, жай-күйді тұрақтандыру үшін, келеңсіз құбылыстардың үсті-үстіне түйдектелуін тежеу үшін төтенше шаралар қажет болып отырған кезде, орталық басқарушы органдар жол беруге болмайтын сылбырлық көрсетуде, бастаманы уыстан шығаруда, біздің Одағымыздың онсыз да шайқатылған іргетасының астына өресіз күштердің барған сайын жаңа «қопарғыштар» қоюына мүмкіндік беруде.

Негізгі проблеманың — жаңа Одақтық шартқа қол қоюдың тым баяу шешілуі ерекше алаңдатушылық туғызып отыр. Мұның өзі жай ғана акт емес, қайта біздің бүкіл болашақ өміріміздің негізгі іргетасын, егер қаласаңыздар — қайта құрудың табысты болуын немесе жеңіліске ұшырауын айқындайтын құжат екенін түсіндірудің қажеті жоқ. Сондықтан шартқа жеткізетін жолдағы әрбір кешеуілдеген күн кеңес халықтарының ұлтаралық достығының баяндылығын ауыр сынақтан өткізіп қана қоймай, сонымен бірге республикалар арасындағы сындарлы диалог жүргізу мүмкіндігінің өзіне де күдік туғызады. Өйткені, мәселе біздің бір-бірімізге сенуден қалуымызға, көршілердің мүдделерін елемей, тек өз пайдамызды күйттей бастауымызға дейін асқынды.

Мұның өзі республикааралық шаруашылық байланыстардың апатты дәрежеде күйреуінің, шарттық тәртіптің күрт нашарлауының мысалдарынан айқын көрініп отыр. Егер бұдан былай да осылай жүре беретін болса, біздің өзара алакөздігіміз үшін себептер тек қана көбейе түспек.

Тек саясат пен экономиканы үстірт түсінетіндер ғана мұның ақыры немен тынатынын түсінбеуі мүмкін. Одақтың күйреуі республикалардың шаруашылық потенциалының қожырауына апарып соқтырады, бізді экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуда көптеген жылдарға кейін серпіп тастайды, шетелдік әріптестердің бізге деген сеніміне, дүниежүзілік қоғамдастық елдерімен байқалып отырған ынтымақтастыққа біржолата селкеу түсіреді. Және де, таяудағы болашақта

біздің адамдарымыздың лайықты өркениетті, дәулетті өмірі үшін жағдай жасалады деген үміт-сенімді мүлдем үзеді.

Қазір әрбір күн, әрбір сағат қымбат. Еліміздің бірлігін сақтап, қорғаудың уыстан шығып бара жатқан мүмкіндігінен айырылуға болмайды. Біздің балаларымыз мұны кешірмейді. Орталық ұсынып отырған референдум — қалай дегенмен, Одақтық шартқа жеткізетін орағытпа жол екеніне сенемін. Барлық республикалардың бәрі бірдей Одаққа деген өзінің көзқарасын белгілеп, өзі үшін қолайлы айқындама таңдайтынын күтіп отыруға болмайды. Өз таңдауын қазірдің өзінде жасап, жаңарған одақтық мемлекет идеясын ашық қолдап отырғандармен дереу келіссөз жүргізу керек. Бұл жөнінде бізбен Беларусь, Ресей, Украина, Орталық Азия республикаларының бәрі келісіп отыр. Басқаша айтқанда, еліміздің өнеркәсіп потенциалының 90%-дан астамы болып табылатын федерация субъектілері Одақтық шартқа қол қоюға әзір. Бұл аз ба екен?! Сайып келгенде, Одаққа кірер есік келешекте бізге қосылғысы келгендер үшін ешқашан да жабық болмайды.

Тағы да атап көрсетемін: бүгінде уақыт факторы маңызды. Жаңарған Одақты қалыптастыру процесін жеделдету үшін бізді батыл шаралар қолдануға мәжбүр етіп отырған басқа еш нәрсе де емес, нақ соның өзі. Бұл қадам М.С. Горбачевтің де, КСРО Жоғарғы Кеңесінің де, орталық Үкіметтің де тарапынан түсіністік табады деп шын жүректен үміттенемін. Бірлікті сақтауға төл мүдделі егеменді республикалар өз мүдделерін қорғау үшін өздеріне байланысты нәрсенің бәрін істеуге хақылы. Сондықтан мұның өзін ешбір жағдайда да қазіргі бар мемлекеттік билікті елемеу немесе өзінің «қосарланған орталығын» құру әрекеті деп бағалауға болмайды. Керісінше, біз «заңдар соғысын» біржолата және мәңгілік тыйғымыз, ақыр соңында тыныш саяси жағдайда ауыр экономикалық және әлеуметтік проблемаларды шешу ісімен шұғылдану үшін федерация субъектілері мен орталық өкімет билігі арасында толық келісімге қол жеткізгіміз келеді.

Осыған байланысты сіздердің қарауыңызға Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің барлық басқа республикалардың Жоғарғы Кеңестеріне арналған Үндеуінің мәтінін ұсынамын. Ел үшін қазіргі бетбұрысты, шын мәніндегі ауыр кезеңде бұл құжат кеңес халқының шын ықыласты мақұлдауына ие болып, маңызды топтастырушы роль атқарады, республикамыздың парламентін құрметке бөлейді деп ойлаймын. Ол қазақстандықтардың басым көпшілігінің ең көкейкесті тілегі мен көңіл-күйіне сай келеді. Сонымен қатар, Үндеудің мәтінінен көрініп отырғандай, онда Қазақстан Беларусьпен, Ресеймен және Украинамен бірге орталықты орағыта отырып, жікшілдік келіссөз жүргізіп жатыр-мыс деген тәрізді елімізде және шетелдерде таралып кеткен қауесеттерге нақты да айқын жауап қайтарылған. Барынша ашық айтайын: мен де, басқа республикалардың басшылары да ешқандай жасырын іс-әрекеттер жасаған жоқпыз және жасамақ емеспіз де. Одақтық шартқа қарай баяу ілгерілеуімізге мазасызданған және алаңдаған сезімімізді біз КСРО Президентіне ашық айттық. Сонымен қатар қандай да болсын мемлекетаралық келісімдердің және оның үстіне біздің еліміз болашағының мәселесіне қатысты келісімдердің тек республикалық парламенттердің мақұлдауымен ғана талқылана алатынын ерекше атап көрсеткім келеді.

КСР Одағындағы республикалардың Жоғарғы Кеңестеріне Үндеу егер ол сіздердің тарапыңыздан мақұлдау табатын болса, жаңарған одақтық мемлекетті қалыптастыру процесін жеделдетуге көмектеседі деп үміттенемін. Сіздердің қолдауыңызға сүйене отырып, мен, республика Президенті ретінде, елде қалыптасқан жағдайға біз берген бағаға қосылатын республикалардың басшыларымен сындарлы диалог ұйымдастыру жөнінде нақты қадамдар жасайтын боламын.

КОКП Орталық комитетінің XXIV пленумында сөйлеген сөзі

Мәскеу қаласы, 1991 жылдың 25 сәуірі

Жолдастар!

Ашығын айтайын: меніңше, елдегі қазіргі саяси, экономикалық жағдай мынадай деуге болады, біз өте таяу арада ұзаққа созылатын көпжылдық стагнацияның жаңа иіріміне, гиперинфляцияға еніп, соңғы 6 жылда өсірудің сәті түскен қайта құрудың әлсіз жас өскіндерінің өзін өз қолымызбен жоямыз. Бұл пессимизм емес. Меніңше, бұл мақсаты халықтың шынайы мұң-мұқтажы мен уайымынан мүлде алыс өріс алған саяси күрестің бағдарларын нақты талдау. КОКП үшін сындарлы сәт келді. Қазір өмірдің өзі коммунистерден біздің Жарғымыздағы: Кеңес Одағының Коммунистік партиясы авангард, еңбекшілердің мүдделерін білдіруші болып табылады ма деген басты пункті бойынша емтихан алуда. Оның үстіне, есеп тіпті айларға ғана емес, осында дұрыс айтылып жатқанындай, апталарға, күндерге жүріп жатыр. Егер бұдан әрі алдын алатын маңызды ештеңе қабылданбаса, оқиғалар жойқын сипат алады. Ереуілдердің, стачкалар мен митингілердің қуатты толқыны арқылы бұл қазірдің өзінде көрініп отыр. Алда біздің бұдан да қиын кезеңдер күтіп тұр және бұл туралы ашық айтуымыз керек.

Мұндай жағдайда саяси текетіресті жалғастыра беру — елдің күл талқанын шығару деген сөз. «Оңшылдар» мен «солшылдардың» күресін қазірдің өзінде саяси деп айтуға болмайды, себебі, оған еңбекшілердің үлкен бөлігі тартылған, жұмысшылар өздері қаламаса да саясаткерлердің, ал егер дәлірек айтсақ — саясаткер-сымақтардың, өйткені, саясаткер деп өзінің ісіне жауап беретін, өз әрекетінің болашағын болжай алатын адамды айтады, қиян-кескі төбелесінің кепілдері болып қалды. Бұдан шығатын қорытынды біреу. Түрлі пиғылдағы саяси ұйымдардың, қоғамдар мен қозғалыстардың түпке жететін қарсы тұруларын тез арада тоқтату керек. Өкінішке қарай, бұған біздің партиямыз да тартылды. Құтылудың бір ғана жолы — бәтуаға келу, өзара шегіністерге бару, келісімдер мен уағдаласулар жолы. Коммунистер бұған дайын ба? Жақында болған оқиғалар, сондай-ақ бүгінгі пленум, тіпті, ымыраға көнбейді деп саналатындардың өздері де бәтуаға бара алатындықтарын көрсетті. Бұл бірден-ақ түрлі сенім мен нанымдардағы миллиондаған отандас азаматтарымыздың оң көңіл-күйін шақырады деп ойлаймын.

Өз принциптерін ұстанушыларға қарағанда, келісімдердің бізге 100 есе қиынға түсетінін барған сайын көбірек түсініп жүрмін. Бірақ біз қандай принциптерді табандылықпен жақтаймыз? Елді тұйыққа тіреп, өркениеттің шетіне шығарып тастайтын принциптерді ме? Президентті шақырып алуды жақтап және жаңа Одақтық шартқа қарсы шығатын халық депутаттарының «Одақ» тобының (ондағылардың басым көпшілігі коммунистер) көзқарасын мен, мәселен, елдегі қазіргі жағдай үшін жауапкершілікті КСРО Жоғарғы Кеңесінен алып, барлық кінәні бір адамға арту әрекеті ретінде бағалаймын. Жоғарғы Кеңестегі барлық экономикалық қайта құру заңдарын кім тежеп тастады?

Өкінішке қарай, өзін шетқақпай қалдырып, істің өнін айналдырып, өздерін сүттен-ақ етіп көрсету әрекетінде «Одақ» тобының өкілдері жалғыз емес. Бірқатар

бұрынғы, тіпті, қазіргі де партиялық функционерлер орын алған кемшіліктерге, соның ішінде бағаның құралуына, партияның қатысы жоқ деп бар дауыспен мәлімдеп жүр. Бұл қалай? Президент, үкімет басшылары — коммунистер емес пе? Бізде биліктің жоғары эшелондарында КОКП-ға мүше еместер болғаны ма? Немесе біздің партия оппозицияға ойысып барады ма? Бас хатшыны отставкаға шақырулардың тасасында не жасырынып тұрғанын көру үшін көріпкел болудың қажеті жоқ.

Біз қоғам мен мемлекетті жаңарту идеясын жерлеу әрекеті арқылы бізді тағы да командалық жүйеге, тоталитарлық құрылысқа қайтарғысы келетін кәдуілгі ревизионизммен істес болып отырмыз. Сөз жоқ, өте елеулі қателіктер бар, бұл жөнінде біз ұдайы айтып жүрміз, солардың ішінде мен де бармын, бірақ солар үшін біз мақсаттарымызды күмән астында қалдыруымызға бола ма? Біз тап осы жолда адамзаттық құндылықтардың басым екендігіне көз жеткізіп, идеологияландырылған командалық экономиканың тұйыққа тірейтінін, нарыққа баламаның жоқ екендігін түсіндік қой.Халықтың әлеуметтік жағдайы үшін күресу — бұл сіздер мен біздердің борышымыз. Алайда, нарықтық экономикаға көшудің барлық бағыттарына қарсы шығып отырған коммунистерді қалай түсінуге болады? Әлде біз XXVIII съездің шешімдерінен бас тартып отырмыз ба? Қанеки, онда басқа бағдарлама ұсынайық, менің білуімше, ол бізде жоқ. Бұл жерде, жолдастар, партияның өзінің дімкәстігі жөнінде сөз етуіміз керек. КОКП көбіне-көп қоғамның авагардында емес, барлығының соңында қалып қойып жүр. Конституцияның 6-бабын алып тастауды талап етушілерді қалай масқаралап, айдарлар таққанымызды еске түсірейікші, содан кейін өзіміз де осы идеяның жақтаушылары болып шыға келдік. Ал партияның нарыққа қатысты күрт құбылуы ше? Мұндай мысалдарға сан жоқ. Алайда, көріп отырғанымыздай, сабақтардың тағлымы болатын емес.

Мәселе мынада, мен айтар едім, біздің арамызда белгілі «ұлттық құтқару комитеті» тәріздес билік нысандары көңілдеріне қона кететін жауынгер коммунистер тым аз емес. Сонда не болғаны, жолдастар? Егер уәждеріміз, идеялық ізбасарларымыз жетіспесе, демек, конституцияға қарсы іс-әрекеттер жолына түсіміз керек пе? Біз қайсыбір демократтарды осы үшін масқараладық емес пе? Бұл парламент, оның басшысы сағаң ұнай ма, әлде ұнамай ма, бірақ ол халық сайлаған заңды билік әрі оған қарсы шығу — демек, өзіңнің халқыңа қарсы шығу. Осыған орай, партияның беделі неге түсіп барады деген сұрақ, жұмсартып айтқанда, аңғалдық болып естіледі. Біз «окоптардан» не үшін шығамыз деп сұрағым келеді? Біз не — гуманистік қоғамның ғимаратын жалпақ күрекпен емес, сапер күрекшесінің көмегімен тұрғызбақпыз ба? Тұрғыза алмаймыз!

Егер біз шынында да халықтың мүдделерін білдіргіміз келсе, онда қоғамды экономикалық дағдарыстың ұйығынан алып шығуға әрекет жасауымыз керек. Біздің қазіргі басты міндетіміз — халыққа түсіндіру, жаппай қолдау көрсету, нарықтық қатынастарға көшуді тікелей ұйымдастыру. Қанеки, бүкіл қайта құру уақытында ең болмаса бір рет авангардтықта тұрайықшы, әйтпесе көбіне кешігіп жүрміз ғой. Адамдар нәтижесіз айтыс-тартыстардан шаршады, қиындықтан шығуды іздестіруді «оңшыл» немесе «солшыл» демократтар мен консерваторлардың арасынан жарамсыздарды іздестірумен алмастыру арқылы олардың шыдамын сынға салудың қажеті жоқ. Біз одан осыған дейін де өткенбіз, көп құн төлегенбіз.

Бұдан да көбірек айтайын. Егер біз бүгін экономикалық тұралауды тоқтатпасақ, ертең барлық саяси қондырғыны: оңды да, солды да, орталықты да түп-тамырымен

қопарып әкететін әлеуметтік дауыл басталады. Алайда, өкінішке қарай, үйіндінің астында тек қана саясаткерсымақтар ғана емес, халықтың адами қалыпты өмірге деген соңғы үміттері де қалып қояды.

Жаңа Министрлер кабинеті ұсынған дағдарысқа қарсы бағдарламаның әрқилы қабылданғанын білеміз. Егер оларды шындап жетілдірмесе, ондағы ұсынылған іс-шаралар ағымдағы оқиғаларға бір мезеттік назар аударудан әрі аспай қалады. Нақты, халыққа түсінікті бағдарлама қажет. Бізде негізгі бағыттар түріндегі декларация қазірдің өзінде бар. Айқын іс-әрекеттер жоспары қажет. Министрлер кабинеті жетілдіріп, елге тап осындай бағдарлама ұсынады деп үміттенемін.

Экономикалық өзгерістерді кешеуілдетудің кезкелгені біздің қиындықтарымыздың тереңдей түсуіне алып келеді. Егер біз шұғыл нақты, халықтың көпшілігі қолдаған тұжырымдаманы жүзеге асыруды бастамасақ, нарықтық қатынастарға қарай батыл қадамдар жасамасақ, бірнеше айдан кейін біздің бастаған демократиялық өзгерістер жолымыз үзіліп қалуы әбден мүмкін. Тарихи заңдылық осындай, ел бәрібір нарыққа барады, бірақ, сірә, енді басқа, едәуір қатқыл схема бойынша баратын шығар. Әлемдік тәжірибеде оған мысалдар толып жатыр.

Бәсекесіз нарықтың жансыз екенін және ол уға қарсы емнен удың өзіне айналып кетуі мүмкін екенін өзіміз мейлінше ұғынуымыз керек. Тек ішкі шаралар арқылы бәсеке жүйесін тез құруға үміт арту — бұл маниловшылдық. Шетел тауарлары үшін экономиканы ашу керек. Бағаларды босату керек. Соның негізінде ең болмағанда валютаның ішкі конверттелуіне көшу керек. Шетел капиталын тартпайынша, нарықты шетелдік және өз тауарларымызбен толтырмайынша, тұйық экономикамен елдің терең дағдарыстан шығуы қиын, бұл жөнінде әлемдік тәжірибе осылай дейді.

Меніңше, бәріміздің де жеке бір өңірде немесе республикада жұмақ орнатудың мүмкін емес екенін түсінетін уақыт жетті. Бұл тұйықтан біз тек бірлесіп қана шыға аламыз.

КСРО Президенті М.С. Горбачевтің қатысуымен өткен республикалық актив жиналысында сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1991 жылдың 30 мамыры

Құрметті Михаил Сергеевич!
Жолдастар!

КСРО Президенті мен оның зайыбына біздің республикамызға сапармен келгені үшін шын жүректен алғыс айтсам, осы залда қатысып отырғандардың, сондай-ақ көпұлтты Қазақстанның барлық халықтарының ортақ пікірін білдірермін деп ойлаймын. Шұғыл мемлекеттік істер Сіздің, Михаил Сергеевич, қазақстандықтардың өмірімен, қам-қарекеттерімен және проблемаларымен неғұрлым толығырақ та тереңірек танысуыңызға мүмкіндік бермегеніне біз қатты өкінеміз. Алайда, Сіз осы қысқа уақыттың өзінде-ақ біздің адамдарымыздың дәстүрлі меймандостығы мен шын ықыластылығын сезіндіңіз деп үміттенемін. Олар қазіргі бетбұрысты, қарама-қайшы уақыттың көптеген қиыншылықтары мен ауыртпалықтарына қарамастан, қайта құруға шын ниетімен сенеді, қоғамымызды түбегейлі жаңартудың Сіз жүргізіп жатқан саяси бағытын қолдайды.

Қазақ халқының өз тарихы, ұлттық дәуірлеуі, мемлекеттік егемендігі, ана тілін аман сақтап қалу туралы, қазақтарды құрып кету немесе толық ассимиляциялану шегіне қойған көптеген қырсықтар туралы тек 1985 жылғы сәуірде басталған қайта құру процестерінің арқасында ғана бар даусымен айта алғанын біз түсінеміз. Өткеннің қайғылы қателерін түзей отырып, көпұлтты Қазақстанның біз барлық дерлік азаматтарының құқықтары мен бостандықтары туралы олардың ұлтына, тіліне, дініне, партиялар мен қоғамдық қозғалыстарға қатыстылығына қарамастан, бірдей дәрежеде қамқорлық жасап келеміз.

Мұндай саясат қазақстандықтарға түсінікті. Олар оған сенеді, және бүгінде жүргізіліп жатқан саяси және экономикалық реформалар сайып келгенде өз жемісін беріп, еліміздің барлық халықтарымен бірге өздері мен өз балалары үшін адамға лайық өмір орнатуына мүмкіндік туғызады деп үміттенеді. Бұл сенім елеулі әлеуметтік және экономикалық қиыншылықтарға қарсы тұруға, республикада тұрақтылық пен ұлтаралық татулықты сақтауға көмектесіп отыр. Социологиялық пікір анықтаудың деректері бойынша, республика халқының басым көпшілігі — 85%-ға жуығы — қазірдің өзінде жасалған нақты қадамдарды, сондай-ақ Қазақстан басшылығының нарыққа көшу дүниежүзілік экономикаға кіру жөніндегі жалпы бағытын қолдап отыр. Ол бағытты әзірлеуге еліміздің белгілі экономистері, шетелдердің көрнекті ғалымдары қатыстырылды.

Саяси тұрақтылықты сақтай отырып, біз бұрынғы экономикалық құрылымдарды, оның үстіне — бұрынғы экономикалық және саяси ойлау жүйесін сақтап қалуға тіпті де ұмтылып отырған жоқпыз. Егер республикада болып жатқан экономикалық өзгерістер процестеріне мұқият зер салатын болсақ, серпінді қақтығыстардан және шұғыл дамудан толып жатқан күрделі де қарама-қайшы құбылыстарды байқауға болады. Біз ескі схемалардың, басқару құрылымдарының, өзара байланыстардың ыдырап жатқанын көреміз. Мұның өзі өтпелі кезеңнің сөзсіз және біршама шетін объективті сәті. Бұл кейбіреулердің бойында — республикада ғана емес, сондай-ақ елімізде де — аласапыран сезімін, ал оның ізінше ескі тәртіптерге қайта оралу ниетін

туғызады. Бұған орай не айтуға болады? «Жоспарлы экономика» дейтінді аңсап, көз жасын көлдетіп жүргендер ол жоспардың іс жүзінде қандай болғанын еске түсіріп көрсін! Олар қағаз жүзінде ғана болды. Ал іс жүзінде — жаппай алу, теңдестіру деген атымен жоқ, алуан түрлі түзетулерден, қайталама есептерден және орасан зор, күйзелтерлік шығындардан аяқ алып жүргісіз алдамшы нәрселер болатын.

Ескіге қайта оралу жоқ қой деп ойлаймын. Мұны республиканың экономикалық, әлеуметтік және саяси өмірі жаңа формасының елеулі өсуі, мен тіпті айтар едім, қызу шымырлана түсуі қуаттайды. Жауыннан кейінгі саңырауқұлақтардай акционерлік қоғамдар мен коммерциялық фирмалар, тауар және қор биржалары, бірлескен банктер мен кәсіпорындар пайда болуда. Әрине, «шіріген жұмыртқалар да» жоқ емес, бірақ соған қарамастан, басым көпшілігінде әсіресе, аграрлық секторда жаңа құрылымдар ескілерінен сан есе тиімді екендігін практика көрсетіп отыр.

Жаңалық әлеуметтік, саяси салаға да белсенді енуде. Халықтың әртүрлі топтары мен жіктерінің мүдделерін білдіретін қоғамдық қозғалыстар, ұлттық мәдени орталықтар, діни ұйымдар, экологиялық қоғамдар, шығармашылық одақтар пайда болып, жұмыс істеуде. Рас, бұл жерде де іркілістер бар.

Бірақ біз: пайда болып және нығайып келе жатқан полицентризм, өмірдің сан алуан қырлары, жанасу, мен айтар едім — әртүрлі ұлт адамдары мүдделерінің, көзқарастарының, сенімдерінің, экономикалық ынта-ықыластарының бірін-бірі толықтыруы бәріне және барлығына партиялық-мемлекеттік монополия жүргізуден гөрі қоғамды 100 есе күштірек орнықтырады деген объективті тұжырымнан бас тарта алмаймыз. Біз Қазақстанда жаңаның жасампаз толысуы, жаңа экономикалық және қоғамдық құрылымдардың өздігінен құрылуының сан қырлы және көп күрделі процесі жүріп жатыр деп айта аламыз. Сондықтан республикалық мемлекеттік басқару органдарының міндеті — өзінің қызметінде осының барлығын неғұрлым жете ескеру. Әрине. жаңа ғана етек жайып келе жатқан құрылымның құқықтық іргетасы қаланса қуанышты, мысалы, республикада шетел инвестициясы мен капиталын қатыстыру және қорғау, еркін экономикалық аймақтар туралы, көптеген басқа заң актілері осының негізі. Ал таяуда біздің басты нарықтық құжатымыз — мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы заң қаралмақ. Оны орындауға біз бірден кірісуге дайындалып жатырмыз.

Алайда, оңтайлы өзгерістердің жолында көптеген бөгеттер бар. Еліміздегі жағдай күрделі бола бастаған сайын, ол да республикада көбейе түсуде. Бұл түсінікті де; Қазақстан ерекше кеңістікте өмір сүріп, дамып отырған жоқ, ал экономикалық және әлеуметтік кінәраттар шекараны білмейді. Біз қазір экономикадағы тоталитаризм мен әкімшілдіктің «жемісін» айқын көріп отырмыз. Орталық жергілікті жерлердегі көнгіш «көсемдердің» көмегімен республиканы еліміздің шикізат шылауына табан аудартпай айналдырып отырған өндірістің салаларын ғана күшті дамытып келді. Қалпына келтірілмейтін табиғат ресурстарын парықсыз әрі арзанға тонап келді. Ал бізге: көмір қазыңдар, кен шығарыңдар, металл балқытыңдар, ал қалғанына қам жемеңдер, қазақстандықтарға қажеттің барлығын басқа жерден жеткізіп береміз деді. Мен мұндай саясатпен ілесіп жататын экологиялық апаттар туралы айтып отырған жоқпын. Аралдың тақсіреті, Семей полигоны ауданындағы табиғатқа жасалған ядролық зорлық біздің ата-бабаларымыздың жеріне деген тағылық қатынастың түгесілмейтін үлгілерінің ең көрнектілері ғана.

Міне, енді, бұрынғы экономикалық байланыстар үзілісімен, жеткізілімдер бұзылысымен-ақ Қазақстан мен барлық Орталық Азия республикалары ке-

дей жамағайын кейпінде қалып отыр. Халық тұтынатын тауарлардан бастап, технологиялық жабдықтар мен бюджет қаржысына дейін — осының бәрін бізге енді жалынып сұрауға тура келіп отыр. Егер біз де өз тұтынушыларымызды — ал бұл азды-кемді Кеңес Одағының барлық аймағын — бізден шикізат жеткізілімін сұрауға мәжбүр ете бастасақ не болмақ? Онда елімізді толық күйреу күтіп тұр. Бұған жол бермеу үшін біздің экономикамызды топтастыруға қабілетті шаралар керек. Бетімен кетуге және шалқақтауға бұдан әрі шыдаудың ешқандай реті жоқ.

Қазақстан өткен бесжылдықтың міндеттемелерін табысты орындап шықты. Бірақ 1990 жылдың ортасынан бастап республикада қоғамдық өндірістің өсу қарқыны құлдырай бастады. Бұл тенденция оның алдындағы жылмен салыстырғандағы абсолютті төмендеуіне ұласты. Сірә, біз дағдарыстың экстремальды нүктесінен әлі өтпеген болармыз, ал оның көлемі туралы біз тек қана жобалай аламыз. Өкінішке қарай, ол экономиканың барлық өрісі мен саласында ұзаққа созылған сипат алды.

Осының барлығы әлеуметтік-саяси жағдайға өте теріс әсер етіп, халықтың, әсіресе өмірлік деңгейі күрт төмендеген металлургтердің, шахтерлердің дәлелді наразылығын тудырып отыр. Қарағанды шахтерлері парасаттылық пен ұстамдылық көрсетті, өздерінің проблемаларының шешілетініне сеніп, ереуілден бас тартты. Бірақ КСРО және республика үкіметтері уәделерін орындауы керек. Және ең бастысы, сайып келгенде, шахтерлер коллективтеріне өндірілген өнімге иелік етуіне шынайы дербестік беру керек.

Біз өндірілген өнімнің бір бөлігін республика кәсіпорындарының қарамағына беру туралы, оның кәсіпорындарға экспорттық жеткізілімдерге лицензия беруге деген құқығы туралы мәселені бірнеше дүркін қойдық. Алайда ол осы уақытқа дейін шешімін таппай отыр.

Базалық салалардағы ауыр жағдай кәсіпорындар арасындағы шаруашылық байланыстардың үзілуінен, кооперациялық жеткізілімдердің іркілісінен, шикізаттың жоқтығынан, негізгі қорлардың белсенді бөлігінің күшті тозуынан, еңбек тәртібінің нашарлауынан туған. Мысалы, Ақтөбе хром қосындылары заводының кальцийленген сода жеткізіліміндегі олқылық еліміздегі тапшы өнімді шығаруды төмендетуге әкеліп соқты. «Казстройполимер» бірлестігі жұмысының толығымен берекесі кетті, ал оның қуаты тек Қазақстанның ғана емес, сондай-ақ бүкіл Орталық Азияның қажетін қамтамасыз ете алар еді. Алайда импорт бойынша шикізаттың кем жеткізілімінің салдарынан бірлестік 1,6 млн. шаршы метр линолеум берген жоқ. Осы себептен, сондай-ақ Ресейден ағаштың кем жеткізілімнен мыңдаған қоныстанушылар іс жүзінде дайын тұрған үйлерге кіре алмай отыр.

Сізге, Михаил Сергеевич, Шымкенттің бірқатар кәсіпорындарының басшылары мәлімдегеніндей, ызылған жіптің жоқтығынан «Шымкентшина» өндірістік бірлестігі шарттық міндеттемелерді тек 79%-ға орындап отырғандығын жеткізгім келеді. «Карбид», «Фосфор», «Химпром» сияқты ірі өндірістік бірлестіктер тоқтап қалды немесе толығымен тоқтау шегіне жетті. Бұларға Ресей Федерациясының заводтары кокс жеткізілімін орындамай отыр. Сондай-ақ шикізаттың кем жеткізілімінен халыққа тауар шығаратын кәсіпорындар да ауыр жағдайда қалды.

Біз аграрлық секторда күшті қиыншылықтарға тап болдық. Байқап қарасақ, биылғы ауылшаруашылық жылы күрделі болғалы отыр. Көктем ылғалсыз болды, жемшөптің қажетті көлемін жинай алмайтындай қауіп бар. Мамырдағы үсік қант қызылшасы мен көкөніс бақша дақылдарының 1/4 бөлігін жойып, баулар және жүзімдіктер зиян шекті.

Күрделі құрылыстағы жағдай алаңдатып отыр. Құрылыс көлемі азайып, тұрғын үй және әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық объектілер салу қарқыны төмендеп кетті, өндірістік қуаттарды енгізу толығымен дерлік тоқтады. Тұрғын үйлер, мысалы, 4 айдың ішінде өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда біршама аз тапсырылды. Басты себебі құрылыс-монтаж жұмыстары бағдарламасының материалдық ресурстармен теңдестірілмеуінде, оларды жүзеге асырудағы ұдайы олқылықтарда, сондай-ақ технологиялық жабдықтардың біршама кем жеткізілімінде болып отыр. Жеткізілім берушілер тапшы материалдар үшін автомашина, азық-түлік және тағы басқаларын талап етеді. Қазір бірде-бір күрделі объектіні толық жабдықтау мүмкін емес.

Әрине, біз қолды қусырып қарап отырған жоқпыз. Проблемалардың біршама бөлігін республикааралық байланыстарды пайдалана отырып, өнім және басқаларын айырбастау негізінде, басқаша айтқанда «жаңа» жолдармен шешудеміз. Негізінде, бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша, тұрғын үй салудың кем дегенде 50%-ын жүзеге асыра аламыз деген сенімдеміз. Басқа объектілер бойынша да, әсіресе, тауар шығару, ауылшаруашылығы өнімін қайта өңдеу және сақтау қуаттары бойынша да белгілі бір айқындық бар.

Инвестициялық саясатты өзгерту туралы айта отырып, Қазақстанға тән проблема, минералдық шикізатты шығару проблемасына тоқталғым келеді. Бұл салалардың көлемді қорды қажет ететін өндірістері зор әрі күрделі тау-кен жұмыстарын талап етіп отыр. Қажетті қаражаттың жоқтығынан олар жүргізіліп жатқан жоқ немесе шағын көлемде жүргізілуде. Ал ол таяудағы болашақтың өзінде-ақ өнім шығарудың төмендеу қаупін тудырып отыр, олай болса бүкіл еліміздің экономикасына да теріс әсер етпек. Базалық салалардағы дағдарыстан шығу, ал бұл экономиканың негізі ғой, едәуір көп күш жұмсауды және белгілі бір уақытты қажет етеді.

Жекелеген республикалардың тайталасты қаржы саясаты мен баға белгілеу реформасы бізді қаржы жөніндегі қиыншылықтың шегіне жеткізуде. Экономикалық келісімге сәйкес республика 1991 жылы одақтық бюджеттен 6 млрд. сом мөлшерінде субвенция және бөлшек сауда бағасының қымбаттауына байланысты бірыңғай одақтық-республикалық әлеуметтік қолдау қорынан халыққа өтем төлеу үшін 2,8 млрд. сом алуға тиіс екені мәлім. Алайда дотациялардың осы жалпы сомасынан қазіргі кезге дейін бірде-бір сом алынған жоқ. Бізге жыл басында несие тәртібімен берілген 815 млн. сом көрінеу жеткіліксіз. Оның үстіне оны қайтару керек. Өнеркәсіп өнімінің көтерме сауда бағасының және ауылшаруашылығы өнімінің сатып алу бағасының тең емес қымбаттауына байланысты өтелмейтін шығын 8,4 млрд. сом болып отыр. Сонымен бірге бөлшек сауда бағасының қымбаттауына байланысты шығынды өтеу үшін ауылшаруашылығы қызметкерлеріне тағы да қосымша 2 млрд. сом қажет болып отыр. Осының нәтижесінде республика бюджетінің тапшылығы 14,4 млрд. сомға жетті, бұл орайда шығынының 47% өз табысымен өтелмейді.

Бұл жағдайдан шығатын екі жол бар. Тұтынушыларға еліміздің ішінде шикізат берудің тұрақтылығын сақтау үшін біз не есептік көлемде субвенция алуымыз керек, не саудаға еркін немесе халықаралық баға бойынша көшуіміз керек. Екінші нұсқа бойынша біз республиканың тауарлар, материалдар және жабдық жөніндегі қажеттерін импорт есебінен қанағаттандыра аламыз. Мұны да шешу керек.

Біз қаржы ресурстарын іздестіру жөніндегі барлық шараларды қолданып жатырмыз. Қаржының түсуі кәсіпорындар мен ұйымдардың пайдасы, бағалы қағаздарды сату, халықтың жинақ банкідегі салым ақшасының артуы және басқалар есебінен

көбейді. Бірақ әлеуметтік және өндірістік бағдарламаларды қаржыландыру үшін бұл жеткіліксіз.

Қазақстанда КСРО Министрлер кабинеті мен егеменді республикалар үкіметтерінің нарыққа көшу жағдайында еліміздің экономикасын дағдарыстан шығару жөніндегі бірлескен іс-қимылдар бағдарламасын ескере отырып, тиісті республикалық бағдарлама, сондай-ақ мемлекет иелігінен алу және меншікті жекешелендіру бағдарламасы әзірленді. Олар республика Жоғарғы Кеңесінің сессиясына енгізіледі.

Біздің негізгі міндеттеріміздің бірі — халықты азық-түлікпен жабдықтаудың нашарлауына жол бермеу ғана емес, сонымен бірге тұтыну рыногындағы жағдайды дәйектілікпен жақсарта түсу. Бұл үшін кез келген мүмкіндік пайдаланылып келеді. Мысалы, барлық азаматтардың түгел бақша алуына рұқсат етілді. Осы мақсат үшін қазірдің өзінде 65 мың гектар жер бөлінді. Сонымен бірге біз мемлекеттік тапсырысты, негізгі азық-түлік дақылдарының талаптарын бұрынғы көлемде сақтай отырып, әдеттен тыс шараларға да бардық. Сонымен қатар ауыл еңбеккерлерінің майлы және жармалық дақылдарды өндіру көлемін ұлғайтуға мүдделілігі арттырылды.

Республиканың негізгі астықты өңірі — тың еңбеккерлерінің көңіл-күйі Сізге, Михаил Сергеевич, белгілі. Сіз Көкшетау облысында болып, күдік келтірушілердің болжамдарына қарамастан, Қазақстанның қазірдің өзінде дәнді дақылдар егісін аяқтап қалғанына көз жеткіздіңіз.

Селода меншік пен шаруашылықты жүргізудің алуан түрлі формаларын дамытып, нығайту жөнінде қыруар іс тындырылуда. Жалгерлік бағыттағы коллективтерде қазір 1 млн.нан астам адам еңбек етеді. Аграрлық-өнеркәсіптік кешен жүйесінде 2 мыңға жуық кооператив, 640-тан астам шаруалар қожалығы және 46 акционерлік қоғам жұмыс істеуде. Ал мұның өзі бір сән қуалау емес. Біз мынаны есептеп шығардық: жеке сектордың қарамағындағы жер көлемінің 1% ғана бізге өндірілетін ауылшаруашылық өнімінің 30%-на жуығын береді екен және мұның үстіне бұл өнімнің өзіндік құны кеңшардағылардан 2–3 есе төмен.

Бірақ та республиканың ауылшаруашылығына пәрменді көмек керек-ақ, әсіресе материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөнінен көмек көрсету аса қажет. Болашақтағы егінді жинау бізді қазірдің өзінде алаңдатып отыр. Қазақстан — еліміз валютаға сатып алынып жүрген азық-түлік астығын басқа республикаларға шығаратын және беретін жалғыз республика. Оны сомға сата отырып, біз өзімізден астық алатын республикалар мен облыстар тракторларды, комбайндарды, автомобильдерді, қосалқы бөлшектерді 100% беруді қамтамасыз етеді деп үміт артуға хақылымыз. Тракторлар мен көп жүк көтеретін автомобильдер үшін аккумуляторларды, пестицидтерді, азот тыңайтқыштарын беру мәселелерін дереу шешу керек. Жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз етуде айқындық жоқ. Оған арналып қор бөлінген емес. Сонымен бірге картоп пен көкөністі, жеміс пен жүзімді сақтап, ұқсататын жабдықты, технологияларды шетелден сатып алу мәселелерін шешу керек. Біз мал шаруашылығын материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлуді өтінеміз.

Жаппай тапшылық жағдайы шаруашылықтардың басшыларын ысырапшыл бартерлік мәміле жасауға мәжбүр етуде. Соның салдарынан республиканың ет ресурстары талан-таражға түсіп, одақтық қорға ет, сүт өнімін беру күрт қысқаруда.

Біз қалай дегенде де өткен жылғы егін жинау науқанынан қорытынды жасауға тиіспіз. Ауыл еңбеккерін оның проблемаларымен және қиындықтарымен бетпе-бет жападан жалғыз қалдыруға болмайды. Бұл проблемаларды шешуді одан әрі

кешеуілдету ысырапқа апарып соқтырады, сөйтіп, азық-түлікпен жабдықтаудың орнына еліміз аштық шегіне қойылары сөзсіз.

Ақыр соңында, тәртіпті жолға қою және ауылшаруашылық өнімінің және селоға берілген техникалық жабдықпен механизмдердің баламалы бағасына қол жеткізуі керек. Селоны тонауды тоқтататын кез келді. Бұл жөнінде бірнеше мысал. Ленинград трактор зауыты «К-701» тракторының 35 мың сом деп тіркелген көтерме сауда бағасының орнына шарттық баға — 48,4 мың сом деп белгіледі. Астық жинайтын бір «Дон-1200» комбайнын 38 мың сом бағамен сатып алу үшін 100 тоннадан астам астық немесе 60 тонна сүт не 9 тонна ет сату керек. Село тұрғындарының бұған шамасы келе ме? Тіпті өткен жылғы рекордты егін түсімі жағдайының өзінде республиканың көптеген шаруашылықтары өз еңбектеріне есептелген жалақыны төлей алмай отыр.

Жалпы алғанда өндіріс құрал-жабдығы мен қызметтердің жаңа сатып алу бағасында көзделмеген қымбаттау 11 жарым млрд. сомға жуық болып отыр! Сондықтан біз аграрлық-өнеркәсіптік кешенге берілетін өндіріс құрал-жабдығының және оған көрсетілген өндірістік қызметтердің тіркелген көтерме сауда бағасы мен тарифтерін белгілеуді табанды түрде талап етеміз. Әйтпесе біздің одақтық қорға берілетін ет пен астық бағасын арттыруымызға тура келеді.

«Халық шаруашылығы базалық салаларының тұрақты жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі шұғыл шаралар туралы» Президент Жарлығын республикада қанағаттанғандықпен қабылдады. Ол қазірдің өзінде нақты іске асырылуда. Халық депутаттары Жергілікті кеңестерінің, олардың атқарушы органдарының базалық сала кәсіпорындарының үздіксіз де сенімді жұмыс істеуі үшін жауапкершілігі де арта түсуде. Сонымен бірге біз одақ пен республика арасындағы меншіктің бөлінуін жеделдету маңдайшасындағы жазу өзгертілгенімен, ескі әдістермен іс-қимыл жасап отырған салалық одақтық басқару органдарының оны мемлекет иелігінен өздеріне алуын тоқтату қажет деп есептеймін. Халық депутаттары облыстық Кеңестері мұндай тонауға жол бермеуге тиіс. Базалық салалар объектілерінің Қазақ КСР юрисдикциясына көшірілуі кезінде біз барынша сарабдалдық көрсететінімізге және өндірістің үйлестірілуі мен басқарылуын сақтау тұрғысынан абай болатынымызға сендіргім келеді.

Ең маңызды мәселе — шамадан тыс қожырағаң қаржыны тұрақтандыру. Біз орталықтан халық шаруашылығының қаржы жағдайының қалыпқа келтірілуін, бюджет тапшылығының жойылуын, ақша массасы мен эмиссияға бақылау орнатылуын қамтамасыз ететін пәрменді де ойластырылған шараларды күтеміз. Бюджеттердің қаржы тепе-теңдігінің проблемасын шешпейінше нарық қатынастары жағына қарай басты қадам жасау — меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруге кірісу мүмкін емес.

Бұған батыл да табанды түрде бару, бір орында айналшықтамау керек екеніне біз кәміл сенеміз. Экономикалық дамудың стратегиясы мен тактикасындағы ірі олқылықтар мен қателіктердің себебі қайта құрудың маңызды шешімдерінің үнемі кешігіп қабылдануында екені, меніңше, қазір жұрттың бәріне айқын. Мұның өзі орталықтың, сондай-ақ республикалардың, жергілікті өкімет органдарының ортақ тақсыреті мен қырсығы. Іс жүзінде біз экономиканы басқарудың тиімділігі төмен, өзіне түпкілікті дақ түсірген әкімшіл-әміршіл жүйесіне жан бітіруге үнемі әрекет жасап келдік. Ендеше түңілушіліктің ащы дәмін алдағы уақытта татпау үшін таптаурын соқпаққа қайтадан түспейік.

Елімізде ұлтаралық қатынастардың барған сайын шиеленісуін біз басталған игі өзгерістерге төніп отырған басқа бір нақты қауіп деп білеміз. Республикада осы келеңсіз тенденциялардың алдын алуға, оларға қарсы әрекет жасауға қаншалықты уақыт, күш-жігер мен қайрат-қуат жұмсалып отырғанын қазақстандықтар біледі. Бірқатар аймақтарда аса шетін шиеленісті сақтау әлдебіреулерге өте тиімді, әлдебіреулер осы процестерді саналы түрде немесе, жұмсартып айтқанда, алысты болжай алмайтындығына байланысты қоздырып отыр деген сенім қалыптасуда.

Фактілерді көптеп келтіруге болады — Кавказдағы азамат соғысынан бастап, Ресейдің кейбір облыстарындағы шовинистік және тіпті монархистік көңіл-күйлердің күшейтілуіне дейін. Михаил Сергеевич, айтыңызшы, Сіздің орынбасарыңыз, ел Вице-президенті Г.И. Янаевтың казактар өкілдерін қабылдауын қалай бағалауға болады? Әңгіме не жайында болғаны бізге беймәлім, бірақ оның өзі Орал облысында жікшілдік қозғалыстардың жаңа толқыны үшін себеп болды. Ал оған жауап ретінде жергілікті халықтың тиісті қимылы өршіді. Халықтарды осылайша қақтығыстыру кімге тиімді екенін мен білмеймін, бірақ көпұлтты Қазақстанға, сондай-ақ бүкіл елімізге оның өзі зиян келтіретініне сенемін.

Казактардың жекелеген бөлімдерінің құрылуы туралы әңгімелердің де бізді алаңдататынын жасырмаймын. Олар кімнен қорғанбақшы? Бәлкім, бұрынғы патшалық империяның аз ұлттарының есіне қарусыз көшпенділерді отарлау кезеңін салғысы келетін болар? Сол кезеңдегі алдауды, кемсітуді және қаталдықты халық осы уақытқа дейін ұмытқан жоқ. Жалпы алғанда кейбіреулердің нақты уақыт пен кеңістік туралы ұғымы өзгерген-ау деген әсер қалыптасып отыр.

Мені дұрыс түсінсе екен деймін. Біз барлық халықтардың теңдігін, лайықсыз ұмыт қалдырылған ізгі дәстүрлердің, әдет-ғұрыптар мен мәдени қазыналардың қалпына келтірілуін, республикадағы барлық халықтар тілдерінің дамытылуын жақтаймыз. Біз еңбек сүйгіш казактардың ұрпақтары да қазақ жерінде өзін туған үйіндегідей сезінуін жақтаймыз. Ал проблемаларды туғызып отырған тіпті де олар емес, қайта тар өрісті жеке мүдделері мен шамшылдығын қанағаттандыру үшін адамдар арасында іріткі салуды аса қажет етіп отырғандар. Егер бізге өзіміздің бейбіт өміріміз, балаларымыз бен немерелеріміздің болашағы қымбат болса, осындай отпен ойнауды тоқтатуды ұсынамын. Шыдамдылық пен жүйкені әлсін-әлсін сынаудың керегі жоқ. Тұрлауы жоқ өткен кезді аңсап жүрген авантюристерді ашықтан-ашық ескертемін және сақтандырамын: республикааралық шарттарда және мемлекеттік егемендік туралы декларацияларда қол сұғылмайды деп танылған республикалар арасындағы шекаралардың өзгертілуіне ешқашанда жол бермейміз. Оның үстіне, Қазақстан территориясында казактардың патша режиміне қызмет етуінің жылдығын мерекелеудің қандайына болсын, казак бөлімдерінің құрылуына жол бермейміз. Республика Жоғарғы Кеңесінің мені қолдайтынына сенемін.

Ұлы державалық шовинизм өркендерін шет елдердегі «әулиелердің» инабатсыз кеңестерін шаттана қабылдап отырған кейбір интеллигенция өкілдері де әлпештеуде. Мысалы, өз Отанын көркейту жөніндегі қамқорлық басқа халықтардың қамқаракеті мен проблемаларын көлегейлеп отырса, осы сөздің толық және мәртебелі мағынасында алғанда өзін интеллигент деп қалай санауға болады! Ал елімізде кеңінен таратылған даңғаза трактаттың авторы белорустар мен украиндар орыс екенін ұмытты-мыс; қазақтардың жерлері олардың жерлері емес сияқты, деп жар сала жариялаудан қымсынған жоқ қой... Бірақ өмірді сталиндік лагерлердің тікенек сым темірінің ар жағынан ғана көрген адам Қазақстанның өмірі мен шынайы

тарихы жайында не білуші еді, тәйірі? Ең жаман сезімдерді қоздыру, бір халықты екіншісіне айдап салу — кем дегенде азғындық, ал осының бәрі түптеп келгенде, біздің біртұтас мемлекетіміздің негізін әлсіретеді.

Михаил Сергеевич, қазақстандықтардың жаңарған Одаққа адал екеніне Сіз көз жеткіздіңіз. Олар осы мақсатқа бағытталған қандай да болсын қадамды құптайды. Орталық пен республикалар айқындамаларының жақындасуы байқалған кезде, «9+1» келісіміне қол қойылған кезде келісімнің нәзік өркені жанында «окоптан шыққандардың» гранаталары бірінен соң бірі жарыла бастады. Егер олар өздерінің окоптық дертінен осындай әдіспен сауыққысы келіп отырса, онда мен білмеймін... Алайда шындықтың аты шындық: бірбеткей, желіккен коммунистер — КОКП-ның қатардағы мүшелері емес, қайта басым көпшілігі аппаратшылар — «Әміршіл социализмге кері қайтайық!» деген ұран тастап, ашықтан-ашық шабуылға шықты. Екінші жағынан, осы келісімге Ресейдің Жоғарғы Кеңесі басшысының қатысуы демократтарға ұнамады. Бұл жерде КСРО Жоғарғы Кеңесі де ел Президенті мен 9 республика басшыларының өз рұқсатынсыз кездескеніне... наразылық білдірді.

Бір-біріне жұлдызы қарсы саяси күштердің осындай «бірауыздылығы» ойлануға мәжбүр етеді. Бүгінгі басты мәселе — жаңа Одақ. Сондықтан халық оны жақтайтындардың да, қулық жасап отырғандардың фамилияларын да жеке-жеке білуге хақылы.

Сіз, Михаил Сергеевич, Орталық комитеттің соңғы пленумында КОКП-да байқалған жікке жол бермеу үшін мүмкін болған нәрсенің бәрін істегенімізді және оған формальды түрде қол жеткізгенімізді кімнен де болсын жақсы білесіз. Ал шын мәнінде ше? Қазір, ел тағдыры қартаға қойылған кезде, партия әлі де болса маңызды қоғамдық күш күйінде қалып отырған кезде біздер, реформалық процестерді кәміл жақтаушылар, біздің партиялық бірлігіміздің елесін сақтағанымыз жөн бе? Сол елес үшін бізбен бірге партия қатарында бола отырып, қайта құру процестеріне қарсы шығып отырғандардың саяси бағыты үшін жауапкершілікті өзімізге ала аламыз ба? Ала алмаймыз деп ойлаймын. Қалыптасқан жағдайда қандай да болсын ішкі партиялық істер бүкіл халықтың түбегейлі мүдделеріне қатысты. Сол мүдделерді лайықты түрде қорғай алуымыз үшін бізді өктемшілдіктің батпағына қасарыса тартқылап отырған «партиялас жолдастарымыздан» іргені аулақ салуымыз қажет.

Коммунист ретінде мен бостандықтың, демократияның, адамдардың теңдігі мен туысқандығының ұлы социалистік идеясынан, «Әркімге — еңбегіне қарай, әркімнен — қабілетіне қарай» деген принциптен бас тартпаймын. Біздің республикалық партия ұйымының жүздеген мың мүшелері де осыны мәлімдей алады және мәлімдеп отыр. Осы мәртебелі, ізгілікті идея ешқашан өшпейді. Ол халықтың бақыты үшін күрескендердің жаңа ұрпақтарын өзіне тартатын болады. Алайда біз «таза» социализмді қызғыштай жақтаушы кейбіреулердің халық өмірін жақсартуды тіпті де ойламайтынын бүгінде көріп отырмыз. Идеологиялық догмалармен қаруланған олар жеке билігі үшін, өз артықшылықтарын сақтау үшін күресуде.

Осыған байланысты қазір елдегі жағдайды саяси күштердің бірінің ғана дара басшылығын орнату арқылы тұрақтандыру мүмкін емес екенін айтқым келеді. Өйткені, олардың бірде-біреуі дағдарыстан шығу үшін жауапкершілікті әзірше түгелдей өзіне ала алмайды. Билікті, оның үстіне, армия мен құқық қорғау органдарын пайдалана отырып, басып алудың қандай да болсын әрекеттері зорлық-зомбылықтың жаңадан өршітілуіне түрткі болып, жағдайды тұрақтандыруға тіптен

де себептеспейді. Керісінше, бұл жағдайда бізді бұқаралық толқулардың қанат жаюы, халық тарапынан саяси күрестің әсіре формалары, саяси пікір алуандығы практикасының толық доғарылуы күтіп тұратын болады. Ал мұның өзі, сайып келгенде, мемлекетті басқарудың қазіргі кезде қолданылып отырған жүйесінің жойылуын, кең ауқымды жазалау шараларының басталуын, дүниежүзілік қоғамдастық санасындағы еліміздің оң бейнесінің түпкілікті өзгеруін білдіретін болады.

Мемлекет басшысы ретінде, Сіз, Михаил Сергеевич, мұны көрмеуіңіз мүмкін емес. Бүгін таңда, меніңше, түпкілікті таңдау жасайтын мезгіл жеткен сияқты. Қай жаққа қарай жүру керек екенін Сіз айқындап алдыңыз: Президент ретінде КСРО халық депутаттарының съезінде және КОКП Орталық комитетінің Бас хатшысы ретінде партияның XXVIII съезінде — өзгерістер жолымен ілгері басу керек, ал экономикада нарыққа қарай ілгерілеу керек, дедіңіз. Енді, тегінде, екінші қадамды жасау — осы ілгерілеуге бөгет болатын нәрседен ендігі жерде іргені ажырату керек.

Біз ымыраға келу жағындамыз. Алайда, адамдардың арасында белгілі бір ортақ мақсат болып, тек оларға қол жеткізудегі тактикада айырмашылық кездескенде ғана мәмілеге келу мүмкін. Оң қапталдан бізді артқа «жарқын тоталитарлық өткенге» шақырып отырғандармен, әсіре сол қанаттан қайдағы бір жалған елесті «мамыражай болашақ» үшін саяси террорға шақырып отырғандармен ымыраласу туралы қандай әңгіме болуы мүмкін! Мысалы, Таулы Қарабахтағы армян-әзірбайжан жанжалының отына май құйып отырғандармен қандай да болсын келісімге қол жеткізіледі деп шынымен-ақ үміттенуге бола ма? Олар мәселені нағыз азамат соғысына дейін ушықтырып отыр ғой.

Батыл іс-қимылдар жасайтын мезгіл жетті. Барлық нәрселерде — нарыққа кешуде де, қантөгісті жанжалдардың жолын кесуде де, басқа да көптеген істерде де батыл іс-қимылдар жасайтын кез келді. Оның бер жағында ымыраға қол жеткізуде де батылдық керек. Мұнда жақсы өнегелер қазірдің өзінде бар. Мен сәуірдің 23-інде қол жеткізілген «9+1» келісімін, сондай-ақ Одақтық шарттың жобасы жөніндегі әзірлік комитеті мүшелерінің жуырдағы кездесуін айтып отырмын. Мұны саяси қоғамдық келісімнің — қазіргі қиын жағдайда еліміз үшін бірден-бір дұрыс өркениетті де парасатты жолдың бастауы деп есептеуіміз керек.

Осыған байланысты біз осы саясатқа өзінің адалдығын көрсетіп отырған қазіргі саяси күштердің кез келгенін қолдайтынымызды атап көрсеткім келеді. Алайда қабылданған шешімдердің мәнге ие болуы және практикада жүзеге асырылуы үшін келіссөз процесін ұйымдастырудағы бастама өкіметтің ресми құрылымдарының, тікелей Сіздің, Михаил Сергеевич, қолыңызда міндетті түрде болуға тиіс деп есептейміз! Қазақстан еліміздің басшыларына топтастырушылық бағыттағы бастамаларын дамытуда барынша көмектесуге әзір.

Сонымен бірге бізді кейбір одақтық құрылымдардың, атап айтқанда, КСРО Жоғарғы Кеңесінің жекелеген депутаттарының болашақ Одақтық шартты қалыптастыру процесіне араласуы, оның субъектілеріне өз еркін тану жөніндегі жосықсыз талап-тілегі қатты алаңдатады. Бұл мәселедегі біздің айқындамамыз бір мәнді: басқа республикалар сияқты Қазақстан біреудің ақыл айтуына, сондай-ақ өз іс-қимылдарын мақұлдауына немесе мақұлдамауына ділгер емес. Одақтық шарттың мәні мен мазмұнын түзетуге, осы тұрғыда республикалардың және олардың парламенттерінің еркіне күш көрсетуге тырысқан кез келген әрекеттер мүлдем орынсыз. Олар тек соншалықты қиындықпен қол жеткізілген келісімді біржолата бүлдіруі ғана мүмкін.

Басқа да біріктіру сәтін пайдалану өте маңызды болып көрінеді. Бұл елімізді ауыр дағдарыстан шығаруға қарай жасалған тағы бір қадамға айналуы мүмкін. Мен дүниежүзілік экономикаға ұйымдасқан түрде қайтып оралу идеясын айтып отырмын. Сіздің, Михаил Сергеевич, тапсыруыңыз бойынша оны әзірлеумен қазір Г.А. Явлинский, Е.М. Примаков айналысуда. Оның «500 күн» бағдарламасының кебін кимеуін шын жүректен тілер едік. Әрине, оған да балама табуға болады. Айталық, біздің «тарихи талдау» және «бірегей» даму шеңберінде халықаралық экономикалық ынтымақтастық жөнінде қандай да болсын негізгі бағыттарды қабылдауға болады. Бірақ қателіктерді қайталауға, объективті экономикалық заңдарға, тіпті ақылпарасатқа апатты идеологиялық күштеуді қолдануды одан әрі жалғастыруға біздің хақымыз жоқ деп ойлаймын. Ақыр соңында, біз дүниежүзінің ажырағысыз бөлігі екенімізді, сондықтан бірігу болмай қоймайтынын түсінуге тиіспіз. Ал, осы жолмен неғұрлым ертерек жүретін болсақ, соғұрлым біз шығынға аз ұшыраймыз.

Бұған қоса айтайын. Біздің еліміз бен дүниежүзілік қоғамдастықтың бірлескен мақсатты іс-қимылы бізге дағдарыстан шығуға; қомақты техникалық және қаржы көмегін алуға, жалпыадамзаттық игіліктерді ұстанатын шын мәніндегі демократиялық мемлекет құруға көмектесіп қана қоймай, сондай-ақ бүкіл адамзаттың — көптеген болашақ ұрпағы үшін шын мәніндегі экономикалық және саяси қауіпсіздікті қамтамасыз етуге де көмектесе алар еді. Сондықтан біз өз еліміздің дүниежүзілік экономикалық қоғамдастыққа мүше болу идеясын құптаймыз және Кеңес Одағының батыс елдерімен келіссөзге баратын нақты ұсыныстарды талдап жасауға өз үлесімізді қосуға әзірміз.

Құрметті Михаил Сергеевич!

Қазақстандықтар халықтың өмірін жақсартуға бағытталған батыл және нақты іс-әрекеттерді қолдайды. Өйткені, қайта құруға сенеді. 1985 жылдың сәуірінен бері республикада көптеген өзгерістер болды. Әрине, ауыр күндер де кездесті. Бірақ та жаңарудың жемісті нәтижесі біздің көз алдымызда. Ең алдымен, бұл нақты қоғамдағы келісімдер, экономикада нақты және айқын бағдарлар таңдау, ақыр соңында, осындай буырқанған жылдарда көне қазақ жерінің тірегі — оның ежелгі дәстүрін сақтау. Отбасында үлкенді сыйлау, кішіпейілділік пен қонақжайлылық, көмекке мұқтаждардың барлығына риясыз қол ұшын беру біздің халқымыз үшін қасиетті болып қалып отыр.

Қазақстан жаңарған федерацияны жақтайды. Оның қалай аталатынын бірлесіп шешу керек. Бірақ бір нәрсе айқын: бұл ортақ экономикалық кеңістігі бар егеменді ұлттық мемлекеттердің одағы болуы тиіс. Шекараны ашып, таможняны алып тастап, бірыңғай ақша бірлігін енгізе отырып, өз мүшелері арасында кооперация деңгейін көтере түсу ниетімен Еуропа қоғамдастығы, міне, осыған ұмтылып отырған жоқ па! Егер де олай болса өз елімізде барлығын тиісті орнына қоюға шындығында бірегей мүмкіндік болып отырғанда, біз өзіміздің ұлттық шаңырақтарымызға бөлініп алып, халықтар арасына қолдан жасалған бөгет қоймақпыз ба? Ал, мұның өзі парасатқа қайшы келер еді.

Тек қоғамдық келісім саясатына бірлесіп қолдау көрсету, нарық қатынастарына, өмірдің барлық саласын одан әрі демократияландыруға дейін ортақ бағыт пен дүниежүзілік қоғамдастыққа ортақ интеграциялану ғана біздің барлық күрделі проблемаларымызды шешуге нақты мүмкіндік бере алады. Көпшіліктің мұндай таңдауды жақтайтынына мен сенімдімін. Ал біз бұл бағытта шындап қадам жасаған кезде, біздің серіктестеріміздің едәуір көбейе түсетіні сөзсіз.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының IV сессиясында сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1991 жылдың 27 маусымы

Құрметті жолдастар!

Жоғарғы Кеңестің осы сессиясының айқын көрінген сындарлы сипатта өтіп жатқанын қанағатпен атап көрсеткім келеді. Республиканың экономикалық, әлеуметтік және мәдени өмірінің салаларын қамтитын заңдар пакеті қабылданды. Мемлекеттік құрылыс проблемаларының кең көлемді шеңбері бойынша жемісті пікір алысылды. Мен нарықтық бағытты, басқа да маңызды бастамаларды батыл қолдағаны үшін депутаттарға рахмет айтамын. Түбірлі экономикалық және саяси мәселелерді талқылауда парламент прогресшіл көзқарасты паш етті. Депутаттар біздің тарихымызда тұңғыш рет заңдардың шынайы жасампаздары болды, бүгінгі таңда аса қиын проблемаларды шешуде соншалықты қажет өзара түсіністік пен келісушілікке қол жеткізе білді деп батыл айтуға болады. Бұл, сөз жоқ, парламентте де, жалпы қоғамда да топтастырушы негіздерді нығайтуға, республиканың болашағы үшін жоғары жауапкершілік ахуалын жасауға септігін тигізеді.

Қазақстанда өзінің мәні жағынан жаңа саяси өкімет институттарының жұмыс істей бастағанына небәрі бір жыл ғана өтті. Алайда осынау біршама қысқа кезеңде де республикада байсалды талдау жасап, барынша мұқият назар аударатын көптеген сапа тұрғысындағы өзгерістер болды. Сондықтан осы сөзімді мен республика Президенті ретінде Қазақ КСР Конституциясының 114-ші бабына сәйкес депутаттарға Қазақ КСР-нің ішкі және сыртқы саясатының неғұрлым маңызды мәселелері туралы хабарлау мақсатымен Жоғарғы Кеңестің алдында жасауға міндетті жыл сайынғы баяндама деп есептеулеріңізді өтінемін.

Өткен кезеңде қабылдаған толып жатқан өкімдер мен жарлықтарды санап шығуға тоқталып жатпаймын, олар сіздерге мәлім. Ең негізгісінен бастайын. Бізде Жоғарғы Кеңес демократиялық жолмен сайланды, Қазақ КСР Президентінің қызметі тағайындалды, Министрлер кабинеті құрылды. Бүгін таңда біз өмірдің өзі талап еткен бұл өзгерістер өзінің жемістерін беріп жатқанын көріп отырмыз. Республиканың экономикалық және саяси беделі ұдайы арта түсуде. Үкіметтің функцияларын сапа тұрғысынан өзгертудің оң процесі басталды. Республиканың халық шаруашылығын басқарудың барлық деңгейінде түгелдей түбегейлі өзгерістер болып жатыр. Соның нәтижесінде тіпті еліміз душар болған ауыр экономикалық және саяси жағдайға да Қазақстан қалай дегенмен төтеп берді. Өзінің тұрақтылығын сақтады.

Рас, бұл бізге оңайға түскен жоқ. Егер бүкпесіз айтатын болсақ, бүкіл еткен жыл республиканың егемендігін орнықтыру жолындағы әміршілдік-әкімшілдік жүйенің әлі де сақталып отырған құрылымдарына қарсы күрес белгісімен өтті. Сонымен бірге біз еліміздің әлеуметтік-экономикалық өмірінде де, қоғамдық-саяси өмірінде де мүлде болжап білуге болмайтын, стихиялық даму процестерінің ұдайы қыспағында болдық. Бірақ, саясатшылардың жанжалдарына, орталық тарапынан жасалып жатқан экономикада бір жақтан екінші жаққа ауытқуға, реформаларды

жүргізудегі дәйексіздікке қарамастан, республика әрқашанда принципті айқындама ұстауға тырысып келді.

Егер ішкі саясат туралы айтатын болсақ, біздің алдымызға азаматтық татулық пен ұлттық келісімді сақтау, халық шаруашылығының қалыпты ырғағын қолдау, нарық айқындамаларын құқықтық жағынан нығайту міндеті қойылды. Мұнда біз белгілі бір оң нәтижелерге қол жеткіздік деп ойлаймын. Ұ.Қ. Қараманов өзінің сөзінде біздің шаруашылық қызметіміздің қорытындылары туралы, нарыққа қарай жасалған алғашқы қадамдар туралы жеткілікті дәрежеде егжей-тегжейлі айтты. Қайталамас үшін ең басты нәрсені атап көрсетемін. Республикада қаржы саласында да, өнеркәсіптің, құрылыстың және әсіресе ауылшаруашылығының көптеген салаларында да бой көрсеткен экономиканың жаңа мемлекеттік емес секторы нақты өмір сүріп, әрекет етуде. Олар — акционерлік қоғамдар, кооперативтер, жалгерлік және коллективтік кәсіпорындар, шаруа қожалықтары, фермерлер, шетелдік әріптестермен бірлескен кәсіпорындар, әртүрлі қауымдастықтар мен бірлестіктер. Олар нарық қатынастарына кәсіптік және психологиялық жағынан әзір жүздеген мың адамдардың еңбек және интеллектілік күш-жігерін қазіргі кезде өздеріне шоғырландыруда. Оған мемлекет пен шаруашылық басқару құрылымының едәуір өзгергенін қосу керек. Қиындықпен болса да біз нарыққа жетер жолдағы көптеген әкімшілік кедергілерді жоя алдық, еңбекшілердің іскерлік бастамасына кеңістікті қамтамасыз ете алдық.

Одақтық деңгейде республика Одағының сақталуын, жаңарған негіздегі федерацияны құруды ұдайы жақтап келеді. Қазір, Одақтық шартқа қол қою ақиқат шындыққа айналып отырған кезде, еліміздің үкіметі ақыр соңында республикалармен бірлескен іс-қимылдардың бағдарламасын әзірлеген кезде, біз оң өзгерістер көп ретте Қазақ КСР-нің бекем бағытының нәтижесі, республика парламенті мен үкіметі тындырған ұлан-ғайыр топтастырушы жұмыстың қорытындысы болып табылады деп айтуға хақылымыз.

Көлбеу бағыттағы байланыстарды тереңдетіп, дамытуға қыруар күш-жігер жұмсалды. Біздің Орталық Азия республикаларымен, Ресеймен, Украинамен, Беларусьпен шарттар жасасқанымыз мәлім. Бұл шарттар өзара міндеттемелерді орындауға, аймақтық проблемаларды шешудегі дербестігімізді орнықтыруға игі ықпалын тигізді. Ал шарттарды іске асыру механизмі әлі де едәуір жетілдіруді қажет ететіні де даусыз. Біздің борышымыз — еліміздің барлық республикаларымен дәстүрлі достық қатынастарды сақтау. Бірақ турасын айтуға тиіспін, біздің ең жақын көршілерімізбен бізді ортақ тарихи тағдырлары біріктіретін Орталық Азия халықтарымен бірлікті нығайтуға біз барынша ерекше назар аударамыз.

Республикааралық ынтымақтастыққа деген жаңа көзқараста терең саяси мәні бар деп білемін. «9+1» келісіміне қол қою, Одақтық шартты әзірлеу жұмысын жеделдету көп ретте республикалар арасындағы байланыстарды нығайтудың, олардың өзара іс-қимылдардың нәтижесінде болғанына кәміл сенемін. Сонымен бірге, жаңа Одаққа кіруге әзір емес республикалар халықтарының ерік-тілегін құрметтей отырып, біз соған қарамастан оларды экономикаға, нарыққа көшуге байланысты проблемаларды бірлесіп шешуге шақырамыз. Бұл проблемаларды жеке-дара жүріп шешуге шамамыз жетпейді.

Қазақстан халықаралық аренада да өзін белсенді түрде көрсетті, мұнда біздің қызметіміз, ең алдымен, сыртқы экономикалық байланыстарды жақсартуға бағытталды. Бүгінгі таңда республиканың 876 кәсіпорны мен ұйымы сыртқы

экономикалық байланыстарға қатысуда. Бізде 35 бірлескен кәсіпорын тіркелді. 16 сыртқы экономикалық қауымдастық жұмыс істеуде. Бірлескен халықаралық коммерциялық «Альбарака-Қазақстан банк» ашылды. Республикада әртүрлі шетелдік компаниялардың өкілдіктері тіркелді. Олар шетелдік және республикалық ұйымдардың арасындағы іскерлік белсенділіктің артуына оң ықпалын тигізуде. Мысалы, шетелдік әріптестердің қатысуымен ғылымды көп қажет ететін өнімнің бірнеше түрін өндіру, былғары-мех және ауылшаруашылық шикізатының басқа да түрлерін ұқсату, құрылыс материалдары мен санитарлық-фаянс бұйымдарын шығару ұйымдастырылды, экологиялық апат аймақтарына азық-түлік өнімдері, балалар тамағы және дәрі-дәрмектік препараттар жеткізілуде.

Өнеркәсіп өндірісі, маркетинг және туризм салаларында Кореяның, Ұлыбританияның, Францияның, Италияның, Испанияның және басқа елдердің фирмаларымен ынтымақтастықтың кең көлемде перспективалары көзделіп отыр. Азия-Тынық мұхит аймағының елдерімен байланыстарды нығайтуға үміт артып отырмыз. Біз, сөз жоқ, Азия континентінде орналасқандықтан да мүдделіміз және Шығыспен бізді ғасырлар тереңіне тамыр тартқан тарихи және мәдени дәстүрлер байланыстырып отыр. «Дружба-Алашанькоу» учаскесінде темір жол магистралының пайдалануға берілуі «Жібек жолын» қайтадан қалпына келтірудегі нақты қадам болды. Жуырда Орталық Азия республикаларының үкіметтері мен Иран үкіметі арасында осы магистралды Анкараға дейін ұзарту туралы келіссөз жүргізілді. Таяудағы уақыттарға белгіленген менің Қытай мен Түркияға ресми сапарым Қазақстанның шығыс аймақ елдерімен ынтымақтастығының одан әрі дамытылуына жәрдемдеседі деп үміттенемін.

Сыртқы экономикалық байланыстарды мемлекеттік құқықтық тұрғыдан қамтамасыз ету, Жоғарғы Кеңестің «Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларацияны, «Қазақ КСР-нің сыртқы экономикалық қызметінің негізгі принциптері туралы», «Шетелдік инвестициялар туралы», «Еркін экономикалық аймақтар туралы» заңдарды қабылдауы өте маңызды рөл атқарды. Министрлер кабинеті әзірлеген тұжырымдама және сыртқы экономикалық қызметті дамытудың тиісті бағдарламасының, республикалық валюта комитеті құрылуының маңызы зор болды.

Алайда біздің табыстарымыз, егер бұрынғысынша орталықтың қарамағында болып отырған квоталау мен лицензиялау мәселелерінің шешімін өз қолымызға ала алған болсақ, едәуір сүбелірек болуы мүмкін екенін атап өтпей тұра алмаймын.

Республика басшылығы табиғи ресурстарға толық бақылау жасалуына табанды түрде күш салмақ. Қазақстан халқына тиесілі төл меншігімізді сұрап жалбарынғымыз келмейді, жаңа орталыққа қандай өкілеттіктер беру керектігін өзіміз шешуге хақылымыз. Біздің талаптарымыздың әділ екенін Мәскеудегілер түсіне бастаған сияқты. Одақтық министрліктердің көмір және металлургия өнеркәсіп орындарын Қазақстанның қарамағына беру туралы Теміртау қаласында шартқа қол қоюы — соның ізгі мысалы. Мұның өзі алғашқы қадам ғана деп ойлаймын. Әзірше өзімізге көмірді лицензиялауды алып отырмыз, оны сатудан түсетін валютаның 30% республика бюджетіне және 10% Жергілікті кеңестердің бюджетіне беріледі.

Шетелдік инвестицияларға байланысты мәселелерді шеше отырып, біз тең құқықты әріптестер болуға ұмтылдық, іскерлік ынтымақтастықтың республика үшін неғұрлым ұтымды, пайдалы нұсқаларын табанды түрде іздедік. Сонымен бірге бизнес дүниесіндегі жұмыстың өзімізге ең қажетті тәжірибесін жинақтадық. Америка

Құрама Штаттарына іскерлік сапар, Түркия Президенті Тұрғыт Өзалмен, Корея Республикасының Президенті Ро Де Умен кездесулер, Қазақстанға келген көрнекті шетелдік бизнесмендермен келіссөздер тікелей мен үшін үлкен мектеп болды.

Осыған байланысты мынаны атап көрсеткім келеді: шетелдік инвесторлар — өз капиталымен қалай болса солай тәуекел етуге әзір отырған ашық ауыздар емес. Оған қоса дағдарысқа ұшырап отырған олардың экономикасы емес, шұғыл көмекті қажет етіп отырған олар емес, қайта бәрі де керісінше. Сондықтан Батыс пен Шығыстағы іскер адамдардың бүгінде сақ, аңдысын аңдыған айқындама ұстап отырғанына таңданарлық ешнәрсе жоқ. Өйткені, оларды еліміздегі тұрақсыз жағдай қатты алаңдатуда. Олардың біртұтас, берік одақтық мемлекетпен істес болғысы келеді. Бір ғажабы, біздің қазіргі және ықтимал шетелдік әріптестеріміз Одақтық шартты кейбір саясатшысымақтарға қарағанда әлдеқайда көбірек жақтауда.

Жолдастар!

Мен республика басшылығы өткен кезеңде күш-жігерін жұмылдырған негізгі бағыттарды тізіп шықтым. Парламентке, сіздердің мүдделіліктеріңізге сүйенбесе, оның мұндай жұмыс көлемін атқаруы қиын болар еді. Әлбетте, біз, барлық істе бірдей табысқа кенеліп отырған жоқпыз. Алайда ілгері басу бар, және де аз емес. Экология, әскери ведомстволармен өзара қатынас сияқты күрделі мәселелерді мысалға алайық. Республиканың өскелең беделін мен көп жағынан алғанда осы мәселелерде біз ұстаған дәлелді, терең дәйекті және салмақты айқындамамен байланыстырамын. Кез келген ведомствоның қазақ жерінде жауапсыз, қалай болса солай қожалық етуін тоқтатуына шектен шыққан қызба сезімсіз қол жеткізіп отырмыз. Қазақстанда Арал теңізі тартылып бара жатқан, Семей полигоны түпкілікті жабылмаған, индустриялық алыптар айналадағы ортаны әзірше ластап отырған кезде біз тыныштамаймыз. Мұны орталық ведомстводағылар жеткілікті дәрежеде жақсы түсінеді. Экология проблемаларын шешуде бізді ессіз егес емес, тең құқықты өзара тиімді әріптестік біріктіруге тиіс екенін қосып айтқым келеді. Нақ осындай сындарлы, ізгі ниетті көзқарас республиканың атом энергетикасы және атом өнеркәсібі министрлігімен, космос саласында жұмыс істейтін ведомстволармен өзара тиімді ынтымақтастықта жемісін берді.

Әлбетте, кейбір мәселелерді біз орталықтың құзырына беретін боламыз. Алайда жергілікті өкімет орындарына енді ешкім де «әкелік ақыл-кеңес» беріп отырған жоқ және бермейтін болар деп үміттенемін. Біздің кадрларымыз үшін нағыз дербес жұмыс басталды. Мұның өзі бәрін бірдей қанағаттандырып отыр деп айта алмаймын. Кейде біз таратылған министрліктерді қалпына келтіруге және ескі әміршілдік экономиканы еске түсіруге шақырған үндеулер де естиміз. Бұл жерде қандай жауап қайтаруға болады? Ескі тәртіпке қайта оралу бұйрық беріп үйренгендерге орасан зор жеңілдік әкелетініне күмәнданбаймын. Бірақ экономикалық және рухани дағдарыстан шығуға ол көмектеспейді. Керісінше, ел тұйыққа түпкілікті тіреліп, одан енді қайтып шыға алмайтын болады.

Міне, сондықтан да біз жаңа экономикалық құрылымдардың концерндердің, қауымдастықтардың, консорциумдардың қалыптасуын соншалықты ықылас қоя қадағалап отырмыз. Олар бізге нарық қатынастарын қалыптастырудың алғашқы және, тегінде, ең бағалы практикалық тәжірибесін беріп отыр. Олардың жұмысы әзірше әрдайым бірдей тұрақты емес. Бірақ, осы икемді құрылымдардың мемлекет пен кәсіпорындардың өзара қатынастарының күрделі процесінде өз орнын

қазірдің өзінде тапқаны өте маңызды. Олардың болашағының зор екені күмәнсіз.

Жергілікті кеңестер де дербестік алды. Өзін-өзі басқару туралы жаңа заңға сәйкес олар сондай-ақ билікті шындап өз қолына ала, аймақтарда әлеуметтік процестерді басқара, нарық инфрақұрылымын дамыта алады және солай етуге тиіс. Жуырда сессия республикада алғашқы еркін экономикалық аймақтар құру туралы қаулы қабылдады. Бұл да Жергілікті кеңестер үшін орасан зор қызмет өрісін ашып отыр.

Әлбетте, нарыққа кіруіміздің қарқынына әсер ететін бірнеше сыртқы фактор бар. Бірінші — бұл Одақтық шарт. Бұл тақырып менің сөйлеген сөздерімде талай рет айтылды. Бірақ мынаны атап көрсетуді тағы да қажет деп санаймын: бірыңғай экономикалық кеңістікті жоғалту, республикалар арасындағы байланыстардың үзілу қаупі — қайткен күнде де Одақты сақтап қалу үшін таратылған насихаттық қауесет емес, біздің болмысымыздың қатал ақиқаты. Қазіргі жағдайдан жеке-дара шығу ете қиын. Орталық пен республикалар арасындағы билікті, әсіресе экономикалық саладағы билікті жіті бөлу негізінде Одақты сақтауды табандылықпен жақтап отырғанымыз да, міне, сондықтан.

Екінші — қазірдің өзінде шектен тыс инфляцияға ұласып отырған инфляцияны жою. Осы құбыжықты ауыздықтаудың барлық тұтқалары орталықтың қарамағында болып отыр. Бірыңғай ақша жүйесінде жеке алғанда, бір республикада жайлы экономикалық жағдай жасау мүмкін деп ойлау мүлдем аңғалдық болар еді.

Үшінші — белгіленген реформаларды ойдағыдай жүргізу, сомның ішкі өтімділігін жүзеге асыру, жеңіл, тамақ өнеркәсібін жаңғырту және экспортқа тауарлар шығаратын өндірістерді құру үшін шетелдік инвестициялар мен технологиялардың қажеттігі. Осыған байланысты біз дүниежүзілік қоғамдастықпен және, ең алдымен — Батыстың аса ірі елдерінің «жетілмеген» өзара іс-қимылдар жоспарын қолдамай тұра алмаймыз. Явлинский, Примаков және Щербаков тобының бастамасына менің әуел бастан-ақ барынша қолдау көрсеткенімді бүгін де айта аламын.

Күнделікті сана деңгейінде бұл бастаманың елімізде де, біздің республикада да қарсы әрекетке кездесіп отырғанын жасырмаймын. Батыстың алдында «тізе бүгуге» бейім, «капитализмді жаңғыртуға» ұмтылып отырған, былайша айтқанда, «Отанды арзан бағаға сатып жіберуге әзір белгілі бір топтарды Назарбаев қолдап отырмыс» деп кейбіреулер айта бастады. Мұндай пайымдаулардың барынша аңғалдық екеніне, мен айтар едім, бүкпесіз ақымақтық екеніне қарамастан, оларды қалай дегенмен назардан тыс қалдыруға болмайды. Мұның себебі мынада. Менің көзқарасымша, бұл идеясымақты адамдарға бүгінгі тәртіп жағдайында да жақсы тұратындар, еліміздің дүниежүзілік экономикалық процеске бірігуіне өте-мөте бөгет жасағысы, біздің нарыққа қарай қозғалысымызды жалпы тоқтатқысы келетіндер ғана тықпалай түсуде. Олар дүниежүзілік қоғамдастықпен тығыз өзара іс-қимыл болмайынша, дамыған елдермен өзара тиімді кең көлемді іскерлік байланыстар болмайынша, нарық қатынастарын орнату тіпті де мүмкін емес екенін жақсы түсінеді. Міне, сондықтан «қырғи-қабақ соғыстың» арсеналындағы жеткілікті дәрежеде жауыр болған, бірақ әлі күнге дейін пәрменді болып отырған құралдарды өздерінің мақсаттарына пайдалануда. Пәрменді болатын себебі жаудың бейнесін, кейбіреулер бізді жаулап алғысы, құлдыққа салып, тізе бүктіргісі келеді деген сөздерді кеңес адамдарының санасына тым ұзақ, ондаған жылдар бойына сіңіріп келеді және де бұл із-түзсіз кеткен жоқ. «Тасада» тұрып жасалған кез келген әрекеттерге күдікшілікпен, дұшпандықпен қарауға, идеологиялық үйлесімсіздікке

барынша негізделген желбуаз патриотизм сезімі біздің дүниежүзінде болып жатқан процестерді салиқалы түрде бағалауымызға, өзіміздің олардағы рөліміз бен орнымызды түсінуімізге әлі күнге дейін бөгет жасауда.

Нақты мысал мынадай. Біздің Теңіз мұнай кенішін бірлесіп игеру туралы АҚШтың «Chevron Corporation» компаниясымен келісіміміз төңірегіндегі күрес осы кезге дейін тоқталмай келеді. Ал оның астарында не жатыр? Біздің өтінішіміз бойынша КСРО үкіметі шарттың жобасын сараптан өткізіп, жалпы оны мақұлдады, пысықтай түсу қажет бірқатар кемшіліктерді де көрсетті. Тек сарапқа қатысуға бәріне және баршаға әмір жүргізуге дағдыланып алған бұрынғы КСРО Мемлекеттік жоспарлау комитетінің аппараты шақырылған жоқ. Мемлекеттік жоспарлау комитетіндегілер бұған, әрине, өкпеледі де, өздерінің әлі де күшінде екенін және еліміздің мүдделерін өте-мөте қорғайтынын дәлелдеуге тырысып бақты. Міне, сондықтан біз өткінші пайда үшін табиғат байлықтарын талан-таражға салып жатыр, шетелдік капиталдың жыртқыштық ниеттерін қолпаштауда деген қорытынды шығарған жарияланымдар пайда болды. Бірақ, қол қойылған ешқандай өзара шарт әлі жоқ.

Алайда, Ресей Президентіне кандидат, КСРО Үкіметінің бұрынғы басшысы Н.И. Рыжковтың беделін түсіру үшін кейбір редакциялардың кез келген фактіні пайдалануы керек болып, мәселенің мәні басқа жаққа аударылды. Бір-ақ нәрсені айтайын. Табиғат ресурстарын пайдалануда көп жыртқыштықты және қарапайым экологиялық нормаларды аяққа басуды біздің елден басқа елдерде бүгін таңда кездестірудің мүмкін екені екіталай. Ал адамдардың өмірі мен тұрмысына немқұрайлы қарау туралы айтпай-ақ қоялық. Басқаны қайдам, бізге, қазақстандықтарға бұл жақсы мәлім. Бізді «Chevron Corporation»-ның тәжірибесінде қызықтырып отырған нәрсе не десек, ол, тегінде, мұнай өндірудің дүниежүзіндегі осы заманғы озат технологиясы, өндірістің аса жоғары мәдениеті, айналадағы ортаның тазалығына керемет қамқорлық болса керек. Корпорация дүниежүзінің 67 елінде жұмыс істейді және өте сенімді әріптес ретінде даңқы шыққан. Ал енді біреудің түймедей мінін көріп өзіміздің түйедей мінімізді байқамайтынымыз ақиқат-ақ.

Бүгінгі таңда елімізде барлығы түгелімен өз экономикасына шетел капиталын тарту үшін белсенді түрде бәсекелесуде. Ал бұл орайда оны өзінің Отанын саудаға салып отыр деп ешкім де есептемейді. Керісінше, шетелдік инвестициялар неғұрлым көп тартылса, табиғат және басқа ресурстар соғұрлым тезірек қайтарым бере бастайды. Жаңа технологиялар дами бастайды, халықтың жұмыспен қамтылуы, тауармен молықтыру артады. Ал, сайып келгенде, халықтың тұрмыс деңгейі жақсарады. Бұл — экономикалық, ғылым мен практиканың әліппесі.

Біздің байланыстарымыздың өзара тиімді сипатта болуға, жіті мемлекеттік бақылауда болуға, дамыған елдермен тең құқықты әріптестік принциптеріне негізделген ұзақ мерзімді және ірі ауқымды экономикалық ынтымақтастығының бағдарламасы болуын өзінің негізіне алуға тиіс екені басқа бір мәселе. Бүгінгі таңда «үлкен жетілік» елдерімен уағдаластық шеңберінде нақ осы негіз қалануда.

Алайда дағдарыстан шығу мәселесі тек сыртқы факторлармен ғана тамамдалмайды. Проблеманы шешудің негізгі ауыртпалығы біздің өзіміздің мойнымызға түседі. Біздің қолымызда экономиканы тұрақтандыру үшін орасан зор дербес, әзірге іске асырылмаған мүмкіндіктер бар. Атап айтқанда, өндірістік қатынастардың негіздерін өзгерту және меншік формаларының нақты алуан түрлерін орнықтыру үшін құқықтық алғышарттар жасайтын заңдар қабылданды. Республикада нарық қатынастарын енгізудің әдістері пысықталуда. Қысқасы, қазірдің өзінде

біздің сүйенетін нәрсеміз бар. Енді механизмдердің өздерін іске қосу, нақты іс-қимылдарға көшу маңызды.

Біздің қазіргі міндеттерімізді былай деп айқындауға болады:

- ішкі және сыртқы саясаттың бағытын оңтайландыру;
- әзірленген экономикалық, әлеуметтік және мәдени бағдарламаларды толық іске асыру;
- құқықтық реформаны тереңдету;
- республиканың пәрменді халықаралық саясатын қалыптастыру.

Біз адамға бағдарланған тиімді экономиканы жасауға, адамдарды қорқытатын құбыжық болуын қоятын, қайта өз еңбегінің нәтижелерін жақсартуға ықыласты мүдделілікті туғызатын нақ сол нарықты жасауға тиіспіз.

Қазақ КСР Президенті ретінде, өзімнің өкілеттіктеріме сәйкес мен 1991–1992 жылдар кезеңіне арналған практикалық қызметімде басшылыққа алмақ ниетте болып отырған негізгі басым бағыттарды айқындау қажет деп есептеймін. Сіздермен бірге осы бағдарламаның нобайларын талқылағым, сіздердің пікірлеріңізді ескере отырып айқындаманы дәлдей түскім келеді. Оны әзірлеу тек республика парламентінің негізгі нарықтық заңды — Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы заңды қабылдауы арқасында ғана мүмкін болды.

Нарыққа көшу қоғам өмірінің ең терең қатпарларын, халықтың барлық әлеуметтік топтары мен жіктерін, әрбір адамды қозғайтынын бірден атап өту қажет. Бәлкім, қалыпты экономикалық жағдайда біз жекелеген учаскелерде эксперимент жасап, байқап көрулер мен қателіктер жолымен жүре алар едік. Бірақ қазіргі жағдай — өте ауыр, экономикада — аласапыран, адамдардың жүйкесі әбден тозған. Әлеуметтік факторды елемеу немесе жете бағаламау бізге қымбатқа түсуі мүмкін. Міне, сондықтан да біз алда тұрған проблемалардың шешімі жөнінде ғылыми негізделген көзқарастар табуға, біздің бастамаларымызға кең көлемді қоғамдық қолдау көрсетілуіне қол жеткізуге міндеттіміз.

Бағдарлама жобасын Республика кеңесі үстіміздегі жылғы мамырдың 31-інде негізінен мақұлдады және ол айтылған ескертпелерді ескере отырып пысықталды. Жоба сіздердің қолдарыңызда бар. Сондықтан сіздерге оның философиясын, экономикалық және әлеуметтік негізін құрайтын басты және түйінді мәселелер туралы ғана баяндауды қажет деп санаймын.

Ең алдымен — одақтық бағыныстағы кәсіпорындар мен ұйымдардың (жаңа Одақтық шарт бойынша орталықтың қарамағында болатындарынан басқаларының) республиканың қарамағына көшуі туралы. Бұл орайда республика кәсіпорындарды басқаруда орталықты бейне бір өзінен-өзі ауыстыруға тырысып отыр деп санау үлкен қателік болар еді. Әңгіме одақтық кәсіпорындарды өз қарамағымызға қабылдап, оларға өзіндік бір «ведомстводан тыс статус» беру жайында болып отыр. Сөйтіп, біз ұзақ сөзбұйдасыз, одақтық заңдарды күтпестен, республика территориясында нарыққа орасан зор өнеркәсіп потенциалын қосамыз. Оның үстіне бұрынғы және қазіргі одақтық министрліктер мен ведомстволардың кейбіреулері атын ғана өзгерте — іс жүзінде бұрынғы құрылымдары сақталатын бейне бір акционерлік қоғамдар мен қауымдастықтар болып құрыла отырып, республикада өзінің статус-квосын сақтауға тырысуда. Украина КСР бұл жөнінде қазірдің өзінде батыл іс-қимылдар жасады. Біз де қазақстандықтардың көптеген ұрпақтарының еңбегімен жасалған меншіктің республиканың ту сыртынан талан-таражға салынуына жол бере алмаймыз.

Кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған шаралар да маңызды. Қандай да болсын бизнес қалыптасу кезінде белгілі бір стимулдарды — тіркеу кезінде кедергілердің алынуын, еңбекті ұйымдастыруда, жұмыс уақытының режимін сақтауда дербестік берілуін және тағысын-тағыларын қажет етеді.

Біздің ойымызша, бағдарлама дағдарыстан шығудан гөрі нарыққа кешудің түбегейлі проблемаларын шешу ісіне жәрдемдесуге, оның инфрақұрылымының барлық элементтерін ұштастыру механизмдерін белгілеуге тиіс. Осыған байланысты біз алдымызға бірқатар принципті мәселелер қойдық.

Мемлекет иелігінен алусыз және жекешелендірусіз әлеуметтік нарықтық шаруашылық орнатуға бола ма, біз қазір олардан бас тарта немесе белгілі бір мерзімге кейінге қалдыра аламыз ба? Меншікті қайта құрмастан қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыруға бола ма? Байсалды экономикалық талдау бұған теріс жауап беріп отыр. Қазіргі кезде орын алып отырған жүйенің ішкі қозғаушы күштері жоқ, ол өндірістің түпкі жоғары нәтижелеріне адамдарды ынталандыра алмайды. Сондықтан жағдайдан шығудың жалғыз жолы — меншік қатынастарын түбегейлі өзгерту. Басқаша айтқанда, экономикада бізге нақты қожайын қажет. Бізге нарықтық тұрпаттағы ұйымдық-экономикалық құрамалар коллективтік (халықтық) кәсіпорындар, акционерлік және басқа шаруашылық қоғамдары, серіктестіктер және тағы басқалар қажет. Өндірістің тиімділігін арттырып, дамытуға, пайданы көбейтуге мүдделілік туғызу, адал еңбек етудің сенімді себептерін қамтамасыз ету маңызды. Жаппай мемлекеттік меншік бұл проблеманы шеше алмайды.

Біздің экономикамыздың құрылымы мынадай: өндірістік потенциалдың 10–15% ғана адамға, жалақының теңестірілуіне жұмыс істейді, ал жалаң жалақы еңбек етуге стимул болып табылмайды. Сөйтіп, мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру экономиканы құрылымдық жағынан қайта құруды жеделдетудің, оны адамға қайта бағдарлаудың факторы болуға тиіс және бола алады.

Сомның нарқын нығайту және оның ішкі конверсиялануына көшу проблемасы да мемлекет иелігінен алумен және жекешелендірумен бір арнада шешілуге тиіс. Әңгіме жекешелендірілетін мүлікті пайдалану, оны сомды тауармен толтыру факторы ету, демек — инфляцияны ауыздықтау, оны артық ақшаға жылжымайтын зат сатып алу арқылы басқару жайында болып отыр. Бағдарламада бұл жағдай да ескерілген.

Ішкі және шетелдік инвестицияларсыз экономиканы жандандыруға болмайтыны қазірдің өзінде айқын. Мәселені біздің бюджетіміздің жайы және республиканың ішкі қарызы қиындатып отыр, яғни бұл кездерді әзірше пайдалануға ешбір болмайды. Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру соммен, сондай-ақ валютамен инвестициялаудың көздеріне айнала алады деп ойлаймын. Мен мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру процестеріне шетел капиталының қатыстырылуын жақтаймын. Бірақ шетел капиталы меншікті сатып алуда емес, өндірістің техникалық деңгейін арттыруда, технология импортында инвестицияланатын болуға тиіс. Мамандардың бағалаулары осы бағыттарда 3–5 жыл ішінде сапалы секіріс жасауға болатынын көрсетеді.

Заң жобасын талқылау кезінде мемлекет иелігінен алудың және жекешелендірудің принциптері туралы, яғни мүлікті ақы төлеп немесе тегін жекешелендіру туралы мәселе өткір қойылды. Оны тегін беру кезінде жоғарыда айтылған факторлардың бірде-біреуінің жұмыс істемейтініне сенемін. Шынында да, меншікті тегін бөліп берудің өлшемдерін белгілеу қиын. Дегенмен даңғойлық көзқарас тұрғысынан

алғанда, бұл нұсқа, әлбетте, неғұрлым қызықтырарлық. Бірақ мұнда ішкі қарыз проблемасының шешімі жоқ, меншіктің шашылуы айқын. Ал ең бастысы — сайып келгенде, меншік иесі, нақты қожайын жоқ, оның орнына жыл сайын дивиденд-тер талап етуші көптеген акционерлер бар. Сонымен бірге жекешелендірудің таза ақылы нұсқасы экономиканы дағдарыстан шығаруды да, сондай-ақ оны нарық қатынастарына көшіруді де ұзақ уақытқа созып жібереді.

Экономистердің көпшілігі бөліп беру мен сатып алудың синтезін жақтауда, принципті әртүрлі осы екі көзқарасты, осы сессия қабылдаған Заңда көзделгеніндей ұштастыруды ұсынуда. Тұрғын үй, кәсіпорындар мен ұйымдардың негізгі қорларының белгілі бір үлесі, алыс аудандардың кеңшарларындағы шалғай мал жайылымындағы рентабельділігі төмен және залалды өндірістердегі мүліктің бір бөлігі және басқа да бірсыпыра мүліктер тегін берілетін болады. Түрлі факторлардың өзара байланысын ескеретін, уақыт жағынан үйлестірілген осы проблемалардың көпшілігі ұсынылған бағдарламада бейнеленген.

Бағдарламаның маңызды мақсаты — мемлекеттік меншікті оның басқа фор-маларына өзара байланысты және дәйекті түрде қайта өзгерту, мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкін немесе бағалы қағаздарын азаматтардың сатып алуы үшін әлеуметтік жарамды жағдайлар жасау.

Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің практикалық мәселелерін шешудің формалары мен әдістері негізгі өндірістік қорлардың жайына талдау жасауға негізделген, осы процестерді жүзеге асырудың әлеуметтік-экономикалық салдарын ескереді. Бағдарламаны әзірлеу кезінде біздің еліміздің басқа респу-бликаларында, Шығыс Еуропалық мемлекеттерде мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруді жүзеге асырудың қазір жинақталған тәжірибесі де жан-жақты ескерілді.

Бағдарламаның тағы да бір ерекшелігі: мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің принципті әртүрлі экономикалық мәні, оларды жүзеге асырудың шарттары мен принциптері бар екені қазірдің өзінде көптеген адамдарға айқын. Халық шаруашылығының түрлі салаларында осы процестерді дамытудың көлемі мен ауқымы сондықтан да әртүрлі болуға тиіс.

Егер мемлекет иелігінен алу — кәсіпорынды коммерциялық жұмыс режиміне көшіру екенін біршама жеңілдетіп айтар болсақ, оның қалыпты жұмыс істеуіне осының бір өзі ғана мәжбүр етеді. Әрі қарай бұл процесті акционерлеу және серіктестік немесе басқа шаруашылық қоғамы, коллективтік (халықтық) кәсіпорын етіп өзгерту арқылы тереңдетуге болады. Сондықтан мемлекет иелігінен алу қарқынының жеткілікті дәрежеде жоғары болуы мүмкін.

Жекешелендірудің жөні бөлек. «Шағын» жекешелендіру дейтіннің тез арада жүзеге асырылуы мүмкін. Орта және ірі кәсіпорындарды жекешелендіру неғұрлым абайлап және салмақталып жүзеге асырылуға тиіс. Сондықтан бағдарламада 1991–1992 жылдарда, негізінен алғанда «үлкен» жекешелендіруді бастау көзделген. Бірақ «шағын» және «үлкен» жекешелендіру қатар жүзеге асырылуға тиіс екенін ерекше атап көрсеткім келеді. Бұл жердегі басты нәрсе — «үлкен» жекешелендіру төменнен, кәсіпорындардың еңбек коллективтерінен басталатын болады.

Бағдарламада мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру қарқынының про-блемасы жеткілікті дәрежеде сарабдалдықпен қаралған. Осыған байланысты мен оларды әдейі жеделдетуге асықтырып, тездетуге, күрделі жұмысты кезекті науқанға айналдыруға жол беруге болмайтынын ескерткім келер еді. Әртүрлі салалар мен

аялар нарыққа әртүрлі шапшаңдықпен келеді. Базалық салаларды табан астында қиратуға жол беруге болмайды. Жекешелендірудің формалары мен әдістерін таңдаудағы асығыстық, оған еңбек коллективтерінің жеткілікті дәрежеде әзір емес екендігі адамдардың нарық идеясына деген сеніміне селкеу түсіретін елеулі қателіктерді сөзсіз тудырады.

Сонымен бірге жаңа қатынастар жұмыс істейтін экономикалық орта, барлық механизмдердің іске қосылуы үшін уақыт қажет. Осыған байланысты елімізде шаруашылықты жүргізудің жаңа принциптерін енгізудің бір заңдылығын сіздердің естеріңізге сала кеткім келеді. Біз әртүрлі экономикалық эксперименттерді көп жүргіздік және олардың кейбіреулерінің сәтті жүргізілгенін айту керек. Бірақ мәселе жаппай енгізуге жеткен кезде, нәтиженің көбінесе құрдымға кететін себебі тек еңбек коллективтерінің ұсынылып отырған өзгерістерге не әзір емес екенінде, не мүдделі емес екенінде ғана.

Батыс экономистері «үлкен жетіліктің» кеңесі алдында біздің еліміз экономикасының нарықтық қатынастарға кешуінің формалары мен әдістерін жеткілікті дәрежеде зерттеді. Олардың бағалауынша бүкіл мемлекеттік меншікті 25–30% көлемінде мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру экономиканың қазіргі үлгісін өзгерте алатын мемлекеттік емес меншіктің «шекті бөлігін» құру туралы айтуға мүмкіндік береді. Мемлекет иелігінен алудың нақ осы деңгейіне қол жеткізу бірінші кезеңнің міндетіне айналып отыр. Бұл кезеңде «шағын» жекешелендіру саласында мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру озық дамытылуға тиіс. Бұған сауда, қоғамдық тамақтандыру, тұрмыс қажетін өтеу және коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары, сондай-ақ өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығы, автомобиль транспорты саласындағы және басқа салалардағы шағын кәсіпорындар да жатқызылады.

Бағдарламада аталған кәсіпорындарды сатылау көзделеді, халық шаруашылығының әртүрлі салалары үшін нақты механизмдер тәптіштеледі және «шағын» жекешелендірудің купондық механизмді қолданбай жүзеге асырылатыны басшылыққа алынады. Еңбек коллективтері үшін жеңілдіктер бөлінді, республика азаматтарының мүдделерін қорғау тәртібі айқындалды. Аукциондар, конкурстар өткізу, мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекеттік акционерлік қоғамдар етіп қайта құру жөніндегі нормативтік құжаттарды таяудағы уақытта Қазақ КСР Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті бекітеді. Оларда республикамыздың әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және басқа ерекшеліктері ескерілуге тиіс.

Жекешелендірудің күрделілігіне және саяси, әлеуметтік мәнділігіне, сондай-ақ бұл жұмыстың практикалық тәжірибесінің жоқтығына байланысты мен республиканың Министрлер кабинетіне кейбір облыс орталықтарында және Алматы қаласында аукциондар мен конкурстар түрінде сауда, қоғамдық тамақтандыру, тұрмыс қажетін өтеу объектілерін жекешелендіру жөнінде эксперимент жүргізуді тапсырдым. Біз аталған объектілердің нарықтық құнын, ықтимал сатып алушылар тобын осы кәсіпорындардың еңбек коллективтерінің жекешелендіруді қабылдай алу қабілеті мен оған әзірлігін анықтауымыз керек. Демократиялықты, жариялылықты және эксперименттің жүргізілуіне, объектілердің құны мен бағасын анықтауға қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету міндетті шарт болып табылады.

Бағдарламаның арнаулы бөлімі аграрлық-өнеркәсіптік кешендегі мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің ерекшеліктеріне арналған. Оның жалгерлік,

өтем төлеп алу, акционерлеу, сондай-ақ мүліктің жекелеген түрлерін коллективтік меншікке тегін беру сияқты формалары көзделді. Сонымен бірге рентабельділігі төмен және залалды кеңшарлар еңбек ұжымының келісімімен кооперативтер қауымдастықтары, шаруалар мен отбасы қожалықтары, жалгерлер ұжымдары және нарықтық үлгідегі басқа да құрылымдар болып қайта құрылуы мүмкін.

Бағдарламада мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру кезінде әртүрлі жеңілдіктер беру механизмдері көзделеді. Тұрғын үйлерді және мемлекеттік кәсіпорындардың акцияларын сатуда қолданылатын купондық механизм ерекше орын алады. Купондар ішінара өтеу немесе халықтың ұлттық байлықты жасауға қосқан үлесін оған қайтару құралы ретінде енгізіледі.

Бірқатар республикаларда инвестициялық чектер мен шотесептер, бондар, сертификаттар сияқты механизмдер және мемлекет мүлкін халыққа тегін берудің басқа да формалары енгізілуде. Алайда біздің бағдарламада көзделген купондық механизмнің олармен салыстырғанда бірқатар артықшылықтары мен жақсылықтары бар.

Біздің халықтың жинақталған капиталы баршаға жақсы мәлім. Іс жүзінде халықтың көпшілігінде сүбелі жинақ ақша жоқ. Нақ купондар арқылы біз халықтың жинақ ақшасының тапшылығын жоятынымыз, азаматтардың мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру процестеріне қатысуы үшін қажетті бастапқы жағдайды жасайтынымыз өте бағалы болып көрінеді.

Тұрғын үй купондарына біраз егжей-тегжейлі тоқталуға рұқсат етіңіздер. Өйткені, олар халықтың неғұрлым маңызды мүдделерін қозғайды. Барлық азаматтарға мемлекеттік пәтерлері бар-жоғына қарамастан, купондар беру қажет деп табылды. Бұл орайда бөлінетін купондардың мөлшері республикада орташа жұмыс стажы 1 жыл болған 1 адамға шаққанда тұрудың санитарлық нормасы мөлшерінде пәтерді сатып алу үшін жеткілікті болуға тиіс. Республика халқының демографиялық құрылымын ескере отырып, купондарды бөлгенде еңбекке жарамды жасқа жетпеген балалардың және оқушылар мен студенттердің санын да ескеру қажет. Жетім балалар, бала жасынан мүгедектер, I және II топтағы еңбек мүгедектері үшін купондар берудің жеңілдік режимі көзделеді. Қазіргі кезде тұрғын үйі жоқ және оны алу үшін кезекте тұрған адамдарға да купондар берілетінін атап өту қажет. Меншікті қаражаты есебінен өзінің тұрғын үйін салған немесе кооперативтік үйлерде тұратын адамдардың мүдделері де ескеріледі.

Тұрғын үйлерді купондардың көмегімен сатып алу ерікті негізде жүзеге асырылады. Купондар жетпеген жағдайда азаматтар жетпеген соманы қолма-қол ақшамен бір жолы немесе мерзімін ұзартып төлейді. Бағдарламада тұрғын үйді сатып алғаннан кейін қалған бос купондарды тұрғын үй жағдайын жақсартуға, пәтер ақы төлеуге пайдалануға болады деп көзделді.

Халық депутаттары Жергілікті кеңестерінің жаңа құқықтарын ескере отырып, бағдарламада көп балалы отбасыларына және халықтың табыс деңгейі төмен басқа да категорияларына тұрғын үйді сату үшін жұмсалған қаржы есебінен жеңілдік беру мүмкіндігін көздеу қажет деп табылды.

Купондарды практикада пайдалану халық депутаттары Жергілікті кеңестері, Қазақ КСР Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті тарапынан зор ұйымдастырушылық жұмысты қажет етеді.

Сөйтіп, купондардың көмегімен тұрғын үйлерді жекешелендіру республикада жүргізілетін тұрғын үй реформасының құрамдас бөлігіне айналады. Ол тұрғын үй

қорын сақтау және пайдаланылу жөніндегі қамқорлық пен орасан зор шығынды мемлекеттің мойнынан алуға, ал кейіннен республикада тұрғын үй рыногын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай акциядан түскен қаржыны Жергілікті кеңестер жаңа пәтерлер салуға жұмсайды, бұл пәтерлер де халыққа сатылады.

Инвестициялық купондарды пайдалану механизмі де осындай принцип негізінде құрылады.

Жекешелендірілетін мүліктің құнын қалай дұрыс бағалау керек деген маңызды мәселеге тоқталмауға болмайды. Бағдарламада нарықтық құнның баланстағы құнға балама емес екені және өндіріс пен пайда көлемінің көрсеткіштері, өндірістің рентабельділігі, өнімнің бәсекелесу қабілеті және тағы басқалар ескерілуі тиіс екені басшылыққа алынады.

Кәсіпорындар мен ведомстволардың мемлекеттік мүлікті өз бетінше басып алуына депутаттардың назарын аударғым келеді. Мен басшылардың біліксіздігі немесе әлдебір даңғойлық ниеттері себепті механизмдерді өздері әзірлеп, мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруді жүргізуі факторын айтып отырмын. Бұл процестер стихиялы түрде, көбінесе қылмыстық сипатта жүріп жатыр. Соның салдарынан еңбек коллективінің және республиканың бүкіл халқының мүдделері қақтығысуда. Бірқатар жерлерде, әсіресе автотранспорт кәсіпорындарында мүлікті белсенді түрде символикалық құн бойынша регламенттемей сатуда. Кейбір жерлерде мұның өзі ашықтан ашық тонау сипатын алды. Сондықтан біз қазір экономикалық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі тәуелсіз орган құруды, бұл орайда оған барынша кең өкілеттіктер беруді ойластырып жатырмыз.

Министрлер кабинеті мен Мүлік жөніндегі комитет бұл мәселелерді реттеуі, Қазақстанның бүкіл халқы жөнінде әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруі керек.

Сондай-ақ бастапқы капиталы немесе жарғылық қорлары мемлекеттік қаржы мен мүлікті енгізу есебінен қалыптасқан шағын және бірлескен кәсіпорындарға, алуан түрлі қауымдастықтарға, коммерциялық банкілерге және басқа құрылымдарға көзқарасты да айқындап, белгілеу қажет. Айтпақшы, олардың көбісі өздерін қазірдің өзінде мемлекеттік емес коммерциялық құрылымдар деп есептейді. Оның бер жағында бұл мәселенің құны — мемлекеттен алынған жүздеген миллион сом.

Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру процестерін мемлекеттік қолдау мәселелерінің блогы бағдарламаның аса маңызды бөлімі болып табылады. Бұл блок нарық инфрақұрылымын құруға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асырудың негізгі бағыттарын айқындауға тиіс. Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру процестері жүйелі көзқарасты ескере отырып, үйлестірілген түрде, баға, банк саясатын, әлеуметтік саясатты жүргізе отырып, кәсіпорындарды материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жақсарта отырып, кәсіпкерлікті дамыта отырып, жүзеге асырылады.

Қазақ КСР Министрлер кабинеті Мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеттің, Жаңа экономикалық құрылымдарды қолдау және монополиялық қызметті шектеу жөніндегі комитеттің құрылуын аяқтауды жеделдетуге тиіс. Мемлекеттік салық қызметін тез құру қажет. Қазақ КСР Экономика жөніндегі комитетінің, Қаржы, Еңбек, Сыртқы экономикалық байланыстар министрліктерінің, Мемлекеттік банктің және экономиканы басқарудың басқа да органдарының қызметін қайта құруды қамтамасыз етудің маңызы зор. Олар жөнінде қазіргі кезде көптеген реніштер айтылуда. Олардың жұмысының қазіргі фирмалары мен әдістері бізді қанағаттандырмайды. Республиканың Материалдық-техникалық

жабдықтау жөніндегі мемлекеттік комитетінің өтпелі кезеңге арналған функциясын да, болашаққа арналған функциясын да кейінге қалдырмай, айқындау қажет. Оның жұмысында болу функцияларын тиісінше азайтып, делдалдық функцияларды күшейту маңызды.

Бағдарламада үстіміздегі жылдың үшінші тоқсанынан кешіктірілмей мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіруге байланысты методикалық және нормативтік материалдарды бекіту қажеттігі қарастырылған. Мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитет, халық депутаттарының Жергілікті кеңестері мемлекеттік мүлікті, ең алдымен, тұрғын үй қорын, халық шаруашылығының түрлі салаларының шағын кәсіпорындарын хаттау жөніндегі жұмыстарды басқаруға міндетті. Республикада мүлікті бағалауда оның бағасын орынсыз төмендетуді болдырмау мақсатында Одақпен үйлестірілген біртұтас принциптер мен көзқарастар жасалуға тиіс.

Бағдарлама халық шаруашылығының түрлі салаларындағы мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің жалпы механизмдері, формалары мен принциптерінен тұрады. Оның үстіне, онда «шағын» және «үлкен» жекешелендірудің өзара байланысы бейнеленген. Басқаша айтқанда, бағдарламада біздің жұмысымыздың алдағы біржарым жылдықтағы стратегиясы мен принциптері тұжырымдалған. Осыған байланысты төменгі жақтың бастамасын қамтамасыз ету және мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру процестерін Алматыдан директивалы және әкімшілік басқарылуына жол бермеу үшін оған жекешелендірілетін объектілердің нақты тізбегін қосу қажетсіз деп танылды. Сондықтан ұйымдық-экономикалық шараларды, олардың өткізілу мерзімін, орындауға жауапты адамдарды, осы процестерді бақылаудың формалары мен әдістерін анықтай отырып, жекешелендірілетін объектілердің нақты тізімін дайындауды Мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетке, экономиканы басқарудың басқа да органдарына, сондай-ақ халық депутаттарының Жергілікті кеңестеріне жүктеген орынды болар еді. Кеңестердегі біздің басшы кадрларымыздың экономиканы реформалауға қаншалықты қабілетті екендігін іс жүзінде тексеретін уақыт жетті.

Бірінші кезеңде қолданылатын бағдарлама жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншік объектілері туралы «Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру туралы» Қазақ КСР Заңының ережелерін нақтылайды. Оған қазір жұмыс істеп жатқан Денсаулық сақтау, Халыққа білім беру, Байланыс, Энергетика және басқа министрліктердің негізгі қызметтерінің объектілері жатады. Осы тізімге сондай-ақ мемлекеттік монополияны құрайтын (оқ-дәрілер, уландырғыш, есірткілік заттар өндірісі және т.б.) өнімдерді шығаратын объектілер қосылған.

Әрине, көптеген әлеуметтік объектілер, мысалы, медицина, білім беру, ғылым жекешелендірілмейтіні ақиқат. Оған мектептер, институттар, поликлиникалар, ауруханалар жатады. Меншік түрлерін шұғыл өзгерту азаматтардың мүдделеріне қол сұғушылыққа алып келген болар еді. Саяси процестердің социологиялық орталығы өткізген жедел-сұрау салудың қорытындыларына қарасақ, оған қатысқандардың 63,4% әлеуметтік сала объектілерін жекешелендіруге қарсылық білдіреді. Сонымен бірге, біздерге жапсарлас және бәсекелес құрылымдарды құруымыз қажетақ. Халықтың әлеуметтік және рухани қажеттіліктерді қанағаттандыру барысында таңдау құқығы болуға тиіс. Мұндай жағдайда мемлекеттік объектілерді жаппай-ақ, жеке бір объектілерді құруға мүмкіндік беруге болады.

Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру ісін жүргізу барысында біз тұрғылықты ұлттың, сондай-ақ Қазақстанды мекендейтін барлық халықтардың

мүдделерін ескеруді қамтамасыз етуге тиіспіз. Басқаша айтқанда, нақты саяси, экономикалық және әлеуметтік механизмдердің көмегімен жалпы республикалық және аймақтық, коллективтік және жеке мүдделерді келісу қажет. Осы арада өзекті элементтер ретінде мыналар есептеледі:

- республика территориясында өмір сүрудің құны. Мысалы, аукционға қатысуға республика территориясында кем дегенде 10 жыл тұратын Қазақ КСР-нің азаматтарын жіберу ғана ұсынылады. Жекешелендірудің бірінші кезеңінде аукциондарға басқа республикалар мен шетелдік мемлекеттердің азаматтары мен заңды ұйымдары, сондай-ақ олармен бірлескен кәсіпорындары қатыстырылмайды;

- мал шаруашылығының шалғайдағы аудандарында, қашыққа орналасқан аудандарда, сол секілді экологиялық апат аудандарында тұратын халыққа меншіктің сол немесе басқа формасын сұраусыз тегін беру;

- жекешелендіруден алынған қаражаттың бір бөлігін әлеуметтік-экономикалық дамуында артта қалған аудандарды қолдау қорына қайта бөлу;

- жұмыс істемейтін көп балалы аналарға балаларды тәрбиелеуге кеткен уақытын еңбек стажына ескере отырып купон үлестіру;

- халықтың арасында инвестициялық купондарды республиканың материалдық байлығына қосқан үлесін ескере отырып, Қазақ КСР-де жинаған еңбек стажына сәйкес бөлу.

Осындай барлық күрделі мәселелерді, менің ойымша, ғылымды, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстарды тарту арқылы әлі де мұқият зерттей түсуіміз керек. Бұл арада, қандай жағдай болмасын, барша халықтың пікірін сұрап, анықтай түсу қажет.

Жалпы алғанда, әлеуметтік теңдік принциптерін сақтай отырып, халықтың әлсіз бөлігін қорғай отырып, біз адамдарға әңгіменің әуел бастағы жағдайы туралы болып отырғанын ашық айтуға тиіспіз. Әлеуметтік масылдықтың заманы өтті. Әрбір адам өз тағдырының, отбасының, балаларының болашағының иесі екендігін ойланып, өзіне есеп беруі тиіс. Осы уақыттан бастап өздерінің жеке игілігін жасау үшін үлкен жол ашылатындығын, сөзден іске көшуіне мүмкіндік берілетіндігін білгені абзал. Қысқасы, осы сөздің толық мағынасын түсініп, жұмыс істеуіне тура келеді.

Және де айтқым келген ең соңғы мәселе — халықтың нарыққа дұрыс көзқарасын қалыптастыру туралы. Әртүрлі жарияланымдарда кереғар көзқарастар мен қарамақайшы айқындамалар ұсынылуда. Бұқаралық хабарлама құралдарының нарық экономикасына көшудің жағымды жақтарын да, жағымсыз жақтарын да объективті түрде көрсетуді қамтамасыз етуі маңызды. Дағдарыстан шығу және нарыққа көшу қажырлы, тиімді, жоғары өнімді еңбексіз мүмкін емес екенін адамдар біліп, айқын көз алдына келтіруге тиіс. Ол былай тұрсын, бастапқы кезеңде жұмыссыздықтың болуы, инфляцияның өсуі, адамдардың арасында табыстың тең мөлшерде бөлінбеуі әбден ақиқат. Нарық механизмдерінің әлеуметтік мәселелерді шешудегі мүмкіндіктері туралы артық оптимистік түсініктермен халықты адастыруға біздің құқығымыз жоқ. Сонымен бірге әркімнің болашақтағы игілігі — өзінің қолында екенін оның санасына жеткізу керек.

Қазір біздің саясатымыз көпұлтты Қазақстанда қоғамның әрбір әлеуметтік тобының қажеттері ескеріліп, практикада іске асырылуына бағытталған. Әлбетте, бейне бір әрбір адамға, әрбір отбасына орай біркелкілендірілген көзқарас жасауымыздың сәті түсе қоюы екіталай. Бірақ екіжүзділік пен арсыздықтан ада, еркіндікке, адамның мәртебелі міндет-мақсаты ахуалына толы жаңа қоғамдық қатынастардың тууына серпін беруге болады және солай ету керек.

Мен сіздерден, халықтың өкілетті өкілдерінен, біздің бастамаларымыздың мәнін өздеріңіздің сайлаушыларыңызға жеткізулеріңізді сұраймын. Мен біздің қоғамымызда болып жатқан процестерге немқұрайдылықтың болмауын, алдағы жұмыстың мәнін халықтың білгенін қалар едім.

Бұл, сөз жоқ, қауырт кезең болып, көп адамдар қиындықтарға тап болады. Бірақ бұл кезеңде ұлттық келісімді, топтасуды сақтау маңызды — бұл тұрмысты жақсартудың сөзсіз шарты. Ұсақ-түйек саяси әбігерге алаңдамай, іске кірісу маңызды. Республиканың гүлденуге, тұрмысымызды жаңартуға қарай қысқа мерзім ішінде ілгері адымдауы үшін бізде барлық мүмкіндіктер, орасан зор өндірістік және ғылыми-техникалық потенциал, тамаша еңбек дәстүрлері бар.

Мен сөзімді сондай-ақ республиканың партия органдарына, барлық коммунистеріне де арнағым келеді. Қазір сіздерде өздеріңізді экономиканы қайта құрудың алдыңғы шебінде шындап көрсетудің, партияның ең басты қамқорлығы — халықтың игілігі екенін іспен дәлелдеудің нақты мүмкіндігі бар. Мұны тек ескірген идеологиялық догмалардан арылғанда ғана, өздерінің «социалистік таңдауға» бейне бір қызу адалдығы туралы сұлу сөзді көпіртіп, іс жүзінде шексіз билікке, тоталитарлық мемлекеттілікке, әміршіл-әкімшіл жүйеге жан бітіруге тырысушылықты бүркемелеп отырған «партиялас жолдастардан» іргені батыл аулақ салғанда ғана істеуге болады.

Өздерін демократиялық қозғалыстар деп есептейтін әртүрлі қоғамдық қозғалыстарға қатысушыларға да осыны айтқым келеді. Олар өздері митингілерде соншалықты табанды түрде күресіп жүрген түбегейлі реформаларға адалдығын іс жүзінде дәлелдеуі керек. Күш-жігерді біріктірейік, ақыр соңында, қайта құруда нарық қатынастарын барынша дамытудан басқа жолдың, басқа перспективалардың жоқтығын анық түсінейік. Шынтуайтына келгенде, мұндай жол мен перспективаларды әзір ешкім ұсынған жоқ. Барлық өмір сүріп отырған және дүниеге келіп жатқан саяси партиялар, қоғамдық қозғалыстар өкімет билігі үшін демократиялық өркениетті тәсілмен, сайлаушылардың дауысын жеңіп ала отырып, күресуге хақылы деп есептеймін. Бірақ экономика қандай да болсын идеологиялық қысымды көтермейді, ол өз заңдарына бағынуға тиіс.

Қазір басшы кадрлардан ерекше батылдық пен ерлік талап етіледі. Өкінішке орай, өздерінің жеке көңіл-күйін басшылардың бәрі бірдей терең байыптап алған жоқ. Кейбіреулер өзеннің екі жағасында тұруға, екі жақты саясат жүргізуге, былайша айтқанда, «біздікін де, сіздікін де» қолпаштауға тырысады. Меніңше, мұндай екіге жарылушылық тіпті нарық қатынастарын ашықтан-ашық жек көруден де әлдеқайда жаман. Мен үшін сенімсіз серіктен гөрі адал қарсыластың болғаны артығырақ. Жан дүниең мен іс-қимылыңдағы екіге жарылудан іске кіріспегеннің өзі жақсы, оның үстіне біз құлаш ұрған іске кіріспегеннің өзі жақсы.

Бүгінгі таңда нарыққа ойдағыдай көшудің аса маңызды шарттарының бірі — еңбектегі, өндірістегі, экономикадағы берік тәртіп те басшылардың нақ батылдығына, бекемділігіне байланысты. Мені жоғарғы тұрған органның кез келген нұсқауы сөзсіз, былайша айтқанда, «құлдық ұрып» қабылданған ескі әміршілдік жүйеге қайтып оралуға тырысып отыр деп ешкім күдіктенбейді деп ойлаймын. Мен демократияны, заң шеңберіндегі плюрализмді, саналы тәртіпті жақтаймын — бұл менің таңдауым. Бірақ қазір, ескі үкімет құрылымдары өзінің өмір сүруін тоқтатқан, ал жаңа құрылымдардың буыны бекімеген кезде, экономикадағы былық пен шылық барған сайын кең ауқым алып отырған кезде, тиянақты, мен бұл сөзді айтудан

қорықпаймын, мәжбүрлі тәртіп болмайынша, әсіресе өндірісте мәжбүрлі тәртіп болмайынша біз күн көре алмаймыз. Қазіргі өтпелі кезеңде мұны шындық, біздің қоғамның демократиялық ниеттеріне ешқандай қарама-қайшы келмейтін толғағы жеткен қажеттілік деп қабылдау керек. Қоғамдық және экономикалық тәртіпті тиісті дәрежеде нығайтпайынша бірде-бір елдің нарық экономикасына кірмегенін дүниежүзілік тәжірибе көрсетіп берді.

Бұдан да сорақысын айтайын. Біз президенттік және сайланбалы өкімет арасында барған сайын ушыға түскен қарама-қайшылықты жоюымыз қажет. Қазақстанды нарыққа көшудің көшбастаушылардың бірі деп орынды атайды. Өйткені, республика осынау ірі ауқымды акцияны жоспарлы түрде жүзеге асыру үшін заңдық негізді, қажетті қоғамдық саяси және ұлтаралық тұрақтылықты басқалардан тезірек жасады. Бірақ әзірлік — бір мәселе де, нақты көшу — мүлде басқа мәселе. Мұнда біздің әзірге мақтанатын ештеңеміз жоқ. Бастама тізгінін уыстан шығарып алмау, халықтың үмітін ақтау, нарыққа жеткізетін жолда нақты қадамдар жасау үшін бізге барлық басқа шаралармен қатар, Президенттен бастап, оның облыстағы, аудандағы, қаладағы және селодағы өкілдеріне дейін бүкіл тік бағыт бойынша атқарушы өкіметтің жіті құрылымы қажет. Кімнен сұрау, кімге жауапкершілік жүктеу керек екенін білу үшін қажет. Бүгінгі таңда біздің көптеген ізгі бастамаларымыз жергілікті жерлерде қолдау таппай отыр, кейде тіпті ашықтан-ашық қысастық жасалуда. Сондықтан атқарушы өкімет белгілі бір кезеңге арналып тағайындалуға және Кеңестермен тығыз байланыста жұмыс істеуге тиіс деп есептеймін. Егер біз тәртіп пен реттілікті шын нығайтқымыз келсе, осыны ойластыру керек.

Мен алдағы жұмыс үшін жеке жауапкершілігімді де терең түсінемін. Соңғы уақытта республика Президентін бүкілхалықтық және төте сайлау туралы айтылып жүрген әңгімелерге қалай болған күнде де түсініспікпен қараймын. Меніңше, олардың басты себебі: халықтың толық және сөзсіз сеніміне бөленген үкімет пен Президент қана экономиканың күрт бет бұрысын табысты болады деген үмітпен жүзеге асыра алады деп есептеуінде. Бұл, тегінде, әділ. Бүкпесіз ашығын айтсам: егер Қазақстанның халық депутаттары бұл мәселе пісіп-жетіледі деп ойласа, егер бүкілхалықтық төте сайлау республиканың беделін арттыруға қызмет етсе, ал ең бастысы, экономика мен саясатта белгіленген революциялық шараларды ойдағыдай жүзеге асырудың кепіліне айналса, мен мұндай шешімді қолдауға әзірмін. Егер олай болмаса, онда алдағы уақытта бұл мәселені көтермейік. Қазақстанда конституциялық жолмен сайланған Президенттің бар екенін ескерейік. Қалай болған күнде де, мұны қазір сессияда міндетті түрде талқылау қажет. Жоғарғы Кеңестің өз айқындамасын бекем айтуын қалаймын.

Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің IV пленумында «Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің Одақтық шарттың жобасына ұстанымы туралы» тақырыбында сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1991 жылдың 20 шілдесі

Жолдастар!

Өздеріңіз білесіздер, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің IV сессиясында Одақтық шарттың жобасы қаралды. Республиканың парламентарийлері көптеген салиқалы ескертпелер мен ұсыныстар айтып, жалпы алғанда оның тұжырымдамалық негізін қолдады. Қазақ КСР делегациясы жасақталып, оның алдында егеменді мемлекеттердің Одағы туралы шартқа қол қою міндеті тұр.

Бұл саяси шешімді түптеп келгенде маңызды үш жағдай талап етті.

Біріншіден, біз Қазақстан халықтарының ерік-жігеріне сүйендік. Олар Бүкілодақтық референдум кезінде Шартқа өздерінің көзқарасын бір мәнде білдірді. Дауыс беруге қатысқан республика тұрғындарының 94,1% жаңарған Одақты жақтады.

Екіншіден, біздің мемлекетіміздің тоталитарлық режим туғызған барлық кемшіліктеріне қарамастан, миллиондаған адамдар үшін экономикалық, әлеуметтік және өмірлік кеңістік болып табылатын объективті фактіні басшылыққа алдық. Бұл кеңістікті жою, сөз жоқ, біздің баршамыз үшін орны толмас шығын болар еді.

Үшіншіден, жаңа Одақтық шарт — біз жариялаған мемлекеттік егемендік туралы Декларацияны нақты мазмұнмен толықтыруға, орталықпен республикалар арасында өкімет билігін жіті бөлуге жеткізетін тікелей жол. Тек соның негізінде ғана бүгінгі таңда экономикалық және ұлтаралық қатынастардың тұрақтылығы, дүниежүзілік нарық экономикасына өркениетті түрде ену мүмкін болмақ.

Сонымен, Одақтық шартқа қол қоюға біздің көзқарасымыз Қазақстанның, оның халқының мүдделеріне сай келеді. Республикалардың түкпір-түкпірге бытырап, біздің экономикамызды, рухани өмірімізді енді ештеңе байланыстырмайды деген сыңай таныта алмайтыны айдан анық. Алайда олардың арасындағы өзара іс-қимылдың сенімді экономикалық механизмінің жоқтығы салдарынан халық шаруашылығы басқару тұтқаларын едәуір дәрежеде жоғалтты. Бастан кешіріп отырған кезеңнің негізгі мәні мен шиеленісті сипаты да осында. Бүгінгі таңда елімізде экономикалық және әлеуметтік жағдай бұрынғы қай кездегіден де ушықты, дағдарысты құбылыстар күшейе түсуде. Шын мәнінде біз ақырғы шекке жақын келдік, оның ар жағында біздің мемлекетіміздің өмір сүруіне нақты қатер төніп тұр.

Осыған байланысты пленумның күн тәртібіне енгізілген мәселе әсте формальды сипатта емес, ашығын айту керек. Қазақстан Компартиясының Одақтық шарт жөніндегі нақ жіті айқындамасы республикадағы саяси көңіл ауанын көп ретте күні бұрын айқындады, барлық демократиялық күштердің осынау маңызды мәселедегі бірлігін қамтамасыз етті. Қазір де белгілі «9+1-дің» Мәлімдемесі арнасында принципті уағдаластыққа қол жеткізілген кезде, біз жаңарған Одақты іс жүзінде

құруға кіріскен кезде, республикалық партия ұйымы Одақтық шартты барынша қолдау үшін өзіне байланысты нәрсенің бәрін істейтініне сенемін.

Елімізде қалыптасқан жағдай Қазақстан коммунистері таңдаған бағыттың дұрыстығын көз жеткізе қуаттауда. Республикалардың дағдарыстан жеке-дара шыға алатыны жөніндегі жалған елесті сақтаған адамдардың табыла қоюы екіталай. Тек республикааралық және аймақаралық экономикалық байланыстарды нығайтып, дамыту ғана халық шаруашылығындағы жағдайды тұрақтандыруға, қаржы айналымын қалыпқа түсіруге, нарыққа көшу үшін қажетті жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Қазақстан еліміздің барлық аймақтарымен көзге көрінбейтін мыңдаған арқаулармен байланысқан. Біз республикада өндірілетін астықтың жартысына жуығын, еттің — 28%, өңделмеген мұнайдың 90%-дан астамын, көмір мен қара металдар рудаларының шамамен 3/4 бөлігін, түсті металдар мен балқымалардың 2/3 бөлігіне жуығын сыртқа шығарамыз. Өз кезегінде басқа республикалар бізге жеңіл өнеркәсіп және темір жол транспорты үшін жабдықтың 95%-ын, металл жонғыш станоктардың 2/3 бөлігін береді. Автомобиль, астық жинайтын комбайн, тұрмыстық тоңазытқыш, теледидар жөніндегі қажеттілікті толық қанағаттандырамыз. Трикотаж бен мақта-мата кездемелерінен жасалған бұйымдардың 45%-ға жуығын сырттан әкелеміз.

Бұл Қазақстан мен басқа республикалар алмасатын нәрселердің тек аз ғана бөлігі. Тіпті өзара жеткізілімдегі ең аз іркілістер де дереу өндірістік процестердің елеулі түрде бұзылуына апарып соқтыратыны, экономикаға салқынын тигізетіні де, міне, сондықтан. Қазақстан халық шаруашылығының баршаға мәлім шикізаттық бағдарлануы қазір, еліміздің көптеген кәсіпорындары үшін келісім-шарт тәртібі бос сөзге айналып отырған кезде ерекше сезілуде.

Осы себептен бізде жеңіл және жергілікті өнеркәсіптің, аграрлық-өнеркәсіптік кешеннің ұқсатушы салаларының өндірістік қуаттарының едәуір бөлігі толық, қуатымен жұмыс істемей отыр. Көп ретте бұл тұтыну рыногындағы жаппай тапшылыққа және күрделі құрылыстағы артта қалушылыққа байланысты.

Республика қаржы мәселелерінде елеулі қиындықтарды бастан кешіруде. Үстіміздегі жылы Қазақстан одақтық көздерден 6 млрд. сом субвенция алуға тиіс еді. Мұның өзі республика бюджеті кірісінің 1/4 бөлігінен астамын құрайды. Алайда Одақ ауқымында салық жүйесі мәселелерінің осы кезге дейін реттелмеуіне байланысты Қазақ КСР бюджетіне бірде-бір сом түскен жоқ.

Жаңа Одақтық шартты тезірек жасасу қажеттігінің пайдасына мұндай уәждемелерді көптеп келтіруге болады. Бірақ, қазіргі кезде қалыптасып жатқан нарықтың қандай да болсын территориялық шектеулерге өзінен-өзі төзбейтін, оның ойдағыдай жұмыс істеу үшін бірыңғай экономикалық кеңістіктің қажет екені — тегінде, олардың негізгісі болса керек.

Республикалар арасындағы қалыптасқан мәдени байланыстар сияқты күрделі аспектіні ескермеуге болмайды. Экономикалық проблемаларды шешкенде рухани негіздерді де ұмытпау керек. Біз өзіміздің мың жылдық көршілерімізбен Орталық Азия республикаларымен және Ресеймен көлбеу бағыттағы байланыстарды дамытқанда нақ осы мақсатты көздедік. Егеменді Украинамен, Беларусьпен, басқа да республикалармен екіжақты шарттар қатынастардың бұдан былайғы жерде игі байытылуына бағытталды. Меніңше, нақ көлбеу бағыттағы шарттар «9+1»

келісіміне және Одақтық шарттың соңғы саны жағынан үшінші жобасына жеткізген ұзақ та тар жол, тайғақ кешудегі алғашқы қадамдар болды десек, асыра айтқандық емес.

Ұлтаралық қатынастар проблемасын да есептен шығарып тастауға болмайды. Барлық өзге республикалар сияқты, Қазақ КСР өзінің құрамы жағынан көпұлтты. Әртүрлі ұлттардың миллиондаған адамдары Қазақстанды өзімнің отаным деп орынды есептейді. Бұған орасан көпұлтаралық некелерді қосыңыз. Одақтық шартты жасасу қазіргі кезде еліміздің басқа аймақтарында тұратын отандастарымыздың проблемаларын неғұрлым тиімді шешу үшін де заңды негіз жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен, егеменді мемлекеттердің Одағы туралы Шартты жасасу экономикалық, саяси және ұлтаралық проблемалардың шиеленіскен түйінін шешуге, орталық пен республикалар арасындағы принципті жаңа қатынастарға шығуға белгілі бір дәрежеде мүмкіндік береді. Республикалардың қалай өмір сүретінін орталық айқындамауға тиіс. Қайта республикалар орталықтың қандай болуы керек екенін, оған қандай өкілеттіктер беру керек екенін айқындайды.

Меніңше, әңгіме Одақтық шартқа көзқарас туралы болғанда, нақ осы іргелі сәттерді басшылыққа алу керек. Оның негізгі мақсатын былай деп тұжырымдауға болады: интеграция, біздің халықтарымыздың рухани бірлігі, саяси және әлеуметтік-экономикалық топтасуы жолдарында көпұлтты елімізді — егеменді мемлекеттердің Одағын батыл жаңарту.

Осыған байланысты Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің неғұрлым объективті айқындамасын бірлесіп талқылау және белгілеу үшін Одақтық шарттың кейбір принципті ережелеріне тоқталғым келер еді. Егер соңғы жоба туралы айтатын болсақ, ең алдымен, бұл құжаттың егеменді мемлекеттер Одағын құру принциптерінің нобайын жасайтынын, оның құрылымы мен органдарын айқындайтынын түсіндіре кеткім келер еді. Егемендік туралы одақтық республикалардың декларацияларында баяндалған идеялар құжаттың негізіне алынған. Кіріспеде республикалардың егемендігі туралы декларацияларды ұлттардың өзін-өзі билеу құқығын тану нақ алғашқы жолдарда қуатталады. Сөйтіп, Одақты құрайтын және оның өкілеттігі мен функцияларын айқындайтын мемлекеттердің саяси және құқықтық басымдығы құжат жүзінде хатталған.

Толғағы жеткен өзгерістерді бейнелей отырып, Шарт жобасы КСР Одағы мен республикалар қызметі аясының ара жігін қатал ажыратады. Осы құжатта негізі қаланған механизмдер республикалардың меншік формаларын жеке шаруашылықты жүргізу әдістерін таңдаудағы бостандығына кепілдік береді, жылдамдату үшін қажетті жағдай жасайды, онсыз біз, тегінде, өзіміздің ұлттық пәтерлерімізде пұшайман боламыз.

Шарт жобасының ұлтаралық қатынастарды үйлесімді етуге бағытталғанына сіздердің назарларыңызды ерекше аударғым келеді. Өйткені, ол республикалардың егемендігін және олардың федерациялық Одақтағы теңдігін орнықтырады. Республикалар өзінің дамуының барлық мәселелерінде дербес, ал мұның өзі кез келген ұлт азаматтарының саяси, құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының кепілі болып табылады.

Шарт субъектілері толық саяси билікке ие бола отырып, өзінің ұлттық-мемлекеттік және әкімшілік-территориялық құрылымын дербес айқындай отырып, ұлттық дәстүрлердің сақталып дамытылуын, білім берудің, денсаулық сақтаудың,

ғылым мен мәдениеттің дамытылуын қамтамасыз ететін құқықтық мемлекет құруға ұмтылады.

Республикалардың сыртқы саяси қатынастардағы құқықтарын елеулі түрде кеңейту де назар аударуға лайық. Олар Одақтың және оның субъектілерінің мүдделеріне нұқсан келтірместен, шет мемлекеттермен дипломатиялық, консулдық, сауда және басқа байланыстарға түсе алады, олармен өкілетті өкілдіктер алмаса алады, халықаралық шарттар жасаса алады, Одақтың халықаралық міндеттемелерін бұзбай, халықаралық ұйымдардың қызметіне қатыса алады.

Қысқасы, Шарттың жобасы принципті жаңа негізге сүйенеді. Біздің көзқарасымызша, бұл құжат өзінің мазмұны жөнінен демократиялық және мәні жөнінен реалистік құжат болып шықты. Әрине, көп нәрсе нақтылай түсуге, толықтыруға ділгер болып отыр. Орталық пен республикалар құқықтарының арасалмағына байланысты нақты наразылықтар көптеген сұрақтар туғызуда.

Шартқа қатысушылардың шеңберін жіті айқындау қажет. Біздің көзқарасымызша, Одақты тікелей құрайтын мемлекеттер Шартқа қатысушылар болуға тиіс.

Федералдық салықтың енгізілуі идеясын қолдай отырып, біз соған қарамастан, оны ендіріп алудың ұсынылған механизміне қарсы шығамыз. Бұл проблемаға кәсіпорындардың түрін, олардың орналасуын ескерместен қарауға болмайды. Меніңше, федералдық салықты өндіріп алуда, сондай-ақ кейбір одақтас республикалардың, оның ішінде Қазақстанның экономикасы құрылымының деформациялануын да ескеру қажет. Әйтпесе біз ресурстарды өндіретін салалар жағына қарай қалыптасқан қиғаштықты ешқашан да түзей алмаймыз.

Республикалардың территориясындағы «бірлескен меншік» ұғымына біздің өз көзқарасымыз бар. Бұл көзқарасты біз Шарттың түпкілікті редакциясында және оған қол қою кезінде қорғаймыз. Әйтпесе соңғы уақытта кейбір одақтық министрліктер неше түрлі концерндер мен қауымдастықтар құру есебінен шын мәнінде республика территориясында өздерінің иеліктерін сақтауда. Біз бұған төзбек ниетте емеспіз және одақтық бағыныстағы кәсіпорындар мен ұйымдардың Қазақстанның юрисдикциясына көшуі туралы шешімнің орындалуын талап етеміз. Өздеріңіз білесіздер, жуырда Теміртауда біз КСРО металлургия, көмір өнеркәсібі және радио өнеркәсібі министрлерімен бірге республикалық егемендікті нақты жүзеге асыру жағдайында қалай өмір сүру керек екені туралы тиісті құжатқа қол қойдық. Автомобиль өнеркәсібі министрлігімен, космостық зерттеулермен айналысатын ведомстволармен өзара тиімді ынтымақтастықтағы сындарлы, ізгі ниетті көзқарас та өзінің жемісін беруде.

Біздің көзқарасымызша, Одаққа аталған өкілеттіктерді үйлестіру құқығын бере отырып, республикалардың сыртқы экономикалық дербестігін шектейтін Шарттың кейбір ережелері даулы болып табылады. Болашақ мемлекеттік құрылымға қатысты да белгілі бір проблемалар пайда болып отыр. Бүгін пікірсайыстың барысында Орталық комитеттің мүшелері өз көзқарастарын ортаға салып, бұл мәселелерге өздерінің қалай қарайтынын білдіреді деп ойлаймын.

Тек Шарттың жобасын даярлау процесінде бірлескен күш жұмсаудың қорытындысы болып табылатын басты нәрсені ұмытпау маңызды. Ал оның мәні, ең алдымен, орталықтың өзінің саяси рөліне қатынасын түпкілікті өзгертуде болып табылады. Экономикалық былықты тездетіп жеңіп, тәртіпті нығайту, нарыққа табанды қадам жасау үшін егеменді республикаларды жедел біріктіруге алғышарт

жасалғанын нық сеніммен айтуға болады. Одақтық шарт қабылданғаннан кейін КСРО-ның жаңа Конституциясы мен Қазақ КСР-нің жаңа Конституциясын жасау қажет болады. Ал ол өзінен кейін мемлекеттік құрылыстың мүлдем жаңа деңгейіне өтуді әкеліп тудырады.

Осыған байланысты Қазақстан Конституциясының жобасын даярлауға ерекше назар аудару қажет. Мұндай жұмыс қазіргі уақытта Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінде жүргізіліп жатыр. Бұл жұмысқа коммунистер, халық депутаттары, Жоғарғы Кеңестің партиялық тобы белсенді қатысқаны қажет. Орталық комитет те біздің республикамыздың Негізгі заңын әзірлеуден шетте қалмауы керек деп ойлаймын.

Одақтық шартқа қол қойылғаннан кейін бізді күтіп тұрған нақты істер туралы айта отырып, аталған құжаттың негізгі ережелерін заңды түрде нығайту және дамыту үшін байсалды заң шығару жұмысы қажет болатындығын назарда ұстау қажет. Бұл сондай-ақ республикалық заңның қолданылу ауқымының біршама кеңейетіндігіне байланысты қажет болып көрінеді. Республика заңдары Одақтың қарауына берілген мәселелерден басқа жағдайда өз территориясында басымдыққа ие болады.

Одақтық шартты қабылдау әкімшілік-унитарлық жүйенің ұзақ жылғы билеп-төстеуі кезінде біздің қоғамдық өмірімізде қалыптасқан таптаурындарды түпкілікті қиратуды талап етеді. Біз өткеннің зиянды қатпарларынан неғұрлым тез құтылсақ, республикада саяси да, сондай-ақ экономикалық саладағы да қайта құру соғұрлым тез жүреді. Бұл жерде коммунистер өздерінің батыл сөзін айтуы тиіс. Қазірдің өзінде партия, кеңес және шаруашылық органдарына практикалық жұмыста шарт беріп отырған мүмкіндіктерді пайдалануы керек. Бұл бірінші кезекте одақтық кәсіпорындардың республика қарамағына өтуіне, сыртқы экономикалық қызметті кеңейтуге, жаңа экономикалық қатынастар құруға қатысты. Республикада мұнай корпорациясын ұйымдастырып, Гурьев мұнайшылары жақсы өнеге көрсетіп отыр.

Жергілікті жерлерде халықтың кең тобы арасында Шарттың жобасы төңірегінде саяси жұмысты ұйымдастыру маңызды болып саналады. Әңгіме идеологиялық және ұйымдастырушылық-саяси жұмысты жобаның әрбір тарауы мен әрбір бабын түсіндіруге, оның гуманистік құндылығын ашуға бағыттау туралы болып отыр. Республиканың әрбір азаматына Одақсыз біз дүниежүзілік нарыққа қосыла алмайтындығымыз туралы ойды жеткізу қажет. Егер біздер, коммунистер, Қазақстан халқына шындығында жақсылық тілесек, идеологиялық көрсоқырлықты табанды түрде серпіп тастап, нақты іспен айналысуды бастап, қоғамдық өмірдің барлық саласындағы қайта құруда өз орнымызды табуымыз керек. Және бірінші кезекте — экономикалық салада. Бұл — ең басты мәселе.

Осыны ескере отырып, біз 15 одақтас республиканың басшыларымен кездесу туралы бастама көтердік. Саяси дау-жанжалдарды қоятын және екі өткір проблеманы бірлесіп шешетін уақыт жетті. Біріншісі — экономикалық дағдарыстан шығар жолды бірлесе отырып табу. Екіншісі — еліміздің кез келген бөлігіндегі қантөгісті жедел тоқтату. Бізге қалай болғанда да бұдан кейін қалай өмір сүретіндігімізді келісіп алуымыз керек қой. Біз осындай кездесуді Алматыда өткізуді қамтамасыз етуге әзір екенімізді білдіреміз және республикалар басшыларының осы күрделі кезеңде сындарлы диалогқа дайын екендіктерін көрсететініне сенімдіміз.

Оның үстіне барлық республикалардағы экономикалық жағдай іс жүзінде бірдей. Мысалы, Қазақстанды алайық. Соңғы жылдары халық тұтынатын

тауарларды, әсіресе, ет өндіру, қаймағы алынбаған сүт алу, қант, сабын, мата, аяқ киім шығарудағы төмендеуге бірінші рет жол берілді. Өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда, ұлттық табыс көлемі 6,1%-ға, қоғамдық еңбектің өнімділігі 2,9%-ға төмендеді. Ал осылардың барлығының артында тек алынбаған жүздеген млн. сомдар ғана емес, сондай-ақ жүзеге асырылмаған әлеуметтік бағдарламалар, еңбек коллективтерінің шешілмеген проблемалары, біздің сөрелеріміздің сұрықсыз жағдайы, қоғамның моральдық-психологиялық көңіл-күйінің нашарлауы жатыр ғой.

Республикадан тыс жерлерде орналасқан экономикалық субъектілермен біздің кооперациялық байланыстарымыздың үлкен көлемін құрайтын өнеркәсіп салаларында ауыр жағдай қалыптасты. Өнім шығару мұнда 3,2%-ға төмендеді. Шарттық тәртіп нашарлауда, шарттық міндеттемелерді орындамайтын кәсіпорындар саны көбейді. Қазір бұл іс жүзінде әрбір 10-шы кәсіпорын болып отыр.

Табиғи-астық және ақша-қаражат үйлесімсіздігі күшейе түсуде, өнім шығару қысқартыла, жұмыстар мен қызметтердің көлемі кемітіле отырып, еңбекақы, пайда, тұтыну қоры бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде өсуде. Мәселен, бірінші жарты жылдықта өндіріс көлемі төмендеген кезде пайда 1,6 есе, еңбекақы 1,4 есе, халықтың барлық кірісі 1,6 есе өсті. Бірінші жарты жылдықта ақша шығару 2 млрд. сом болды, яғни өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 3,6 есе көп болды. Ал жылдың аяғына дейін ақша эмиссиясы 10 млрд. сомға жетуі мүмкін. Бұл көп жағдайда еліміздегі біртұтас келісілген қаржы-несие саясатының жоқтығынан туындап отыр.

Агроөнеркәсіп кешенінің кәсіпорындары да ауыр қаржылық жағдайды басынан кешуде. Қала мен селоның арасындағы баға теңдігін қолдау қажеттігі туралы шексіз әңгімелердің тасасын пайдаланған КСРО үкіметі іс жүзінде әрекетсіз отыр. Ал жарылқаған жағдайда тек жартыкеш шаралармен шектеледі. Осылайша, КСРО Министрлер кабинетінің 1991 жылғы 31 мамырда №313 қаулысы ұжымшарлар мен кеңшарларға сатып алу бағаларымен өтелмейтін қосымша шығындардың тек жартысын ғана өтеуді қамтамасыз етеді. Қалған 5,6 млрд. сом жабылмай қалуда. Осы мақсаттар үшін қаржы көздері республикада жоқ. Егер түбегейлі шараларды қабылдамаса, онда жылдың аяғына дейін шаруашылықтардың 50%-дан астамы банкротқа ұшырайды. Бүгіннің өзінде агроөнеркәсіп кешені кәсіпорындарының жеткізушілерге қарызы 2 млрд. сомнан асты. Айтыңыздаршы, осындай әріптестермен кімнің істес болғысы келеді?

Айтылғандарды қорытындылай келе, бүгіндері сұранымы мен ұсыныстың үйлесімділігіне қол жеткізудің, өндірістің төмендеуін тоқтатудың аса маңызды екендігін атап көрсеткім келеді. Оның үстіне, құндық қарқындардан гөрі, түпкі өнімнің тұтыну дәрежесіне тиісті назар аударғанымыз жөн. Біз қымбат тұратын үйіп-төгіп шығарудан, бұрынғы жөнсіз ширықтырудан және қайта есептеуден бас тартуға тиіспіз. Ақыр аяғында, адамдарға біздің қанша кен өндіргеніміз, металл қорытқанымыз және тағы басқалары, негізінде, мүлдем бәрібір, алайда түпкі өнімнің сапасы қандай екендігі және оны қанша алғандығымыз аса маңызды. Сондықтан кез келген кәсіпорын жұмысын бағалауда, ең алдымен, өндірістің түпкі нәтижелерін сипаттайтын көрсеткіштер ескерілуге тиіс. Оның одан әрі құлдырауын, тұтыну дәрежесінің төмендеуін осылайша ғана ұстап қалуға болады. Сонда ғана республиканың халқын сенімді әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз ете аламыз.

Біз тиімді, адамға бағдарланған экономиканы, соңғы уақыттарда көп әңгіме болып жүрген нағыз нарықты құруға тиіспіз.

Өздеріңіз білесіздер, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің IV сессиясы республика экономикасын тұйыққа тіреген жағдайдан шығару бағдарламасын бекітті. Оның пайда болуына негізінен басты нарық заңы — жекешелендіру және мемлекет иелігінен алу туралы заңды қабылдаудың арқасында мүмкін болды. Бұл заңның республикада әртүрлі қабылданып отырғандығы құпия емес. Бірақ, келіңіздер, мынадай сұраққа жауап берейік. Мемлекет иелігінен алу және жекешелендірусіз әлеуметтік нарықтық шаруашылық құрыла ма? Меншікті қайта құрмайынша, қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыруға бола ма? Сындарлы экономикалық талдау оған теріс жауап береді.

Осыған байланысты партия органдарының назарын жаңа заңды жүзеге асыру жөніндегі нақты қадамдарға шоғырландыру қажет. Партия бұл процестің алдыңғы қатарында болуға тиіс. Халықтың арасында мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру саясатының негізгі бағыттарын, осы жүргізілетін жолдарды түсіндіруге ерекше назар бөлу маңызды.

Аталған тақырып өте көкейкесті болғандықтан, мен кейбір принципті кезеңдеріне қысқаша тоқталғым келеді.

Біздің шындықтың ерекшелігі сондай, коммунистердің белсенді қолдауынсыз, ал олардың үлкен бөлігі мемлекеттік-басқару және шаруашылық құрылымдарында жетекші айқындама ұстайды, олардың тәжірибесі мен ұйымдастыруынсыз бүгінде біздің экономиканы табысты түрде реформалау туралы айту мүмкін емес. Нарықтың тиімділігі мен болашағының зор екендігіне коммунист басшылардың, партия бұқарасының көзін жеткізу қажет Бұл оңай нәрсе емес. Ең алдымен, бұл КОКП мүшелері арасындағы негізгі проблема — меншік проблемасы жөніндегі принципті идеялық-теориялық алшақтық мәселесі. Соңғы уақытта мен партия мүшелерінен көптеген хаттар алудамын. Олар маған: мен өз қызметімде марксизм-ленинизмді жетекші теория ретінде мойындаймын ба? Мен 1917 жылғы Қазанның мақсаттары мен идеяларына, социализмді құрудың лениндік саясатына қайта оралуды қалаймын ба? — деген қатаң сұрақтар қоюда.

Ашығын айтайын: менің көзқарасымша, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің идеологиялық айқындамасы шаруашылықты жүргізудің жекеменшіктік және коллективтік формалары өзінің бай мүмкіндіктерін тарихи тұрғыдан толығымен жүзеге асыруға тиіс екенін мойындауға негізделуі тиіс. Оның үстіне, экономиканы ұйымдастырудың қоғамдық формаларын орнықтырудың табиғи қажеттігі келіп жеткенге дейін жүзеге асыруы тиіс. Карл Маркстің өзінен адамның жеке қабілеттерін ашуға ықпал ететін өндірушінің өндіріс құралдарына жеке меншігі туралы сүйсінген сөздерін табуға болады. Олай болса, социализм жағдайында жеке меншікті жоюдың қоғамдық қажеттігі туралы белгілі тұжырымды қайтеміз деп менен сұрауы мүмкін ғой?

Біріншіден, біздің бәріміз тәрбиеленген социализм туралы қате түсінікке, біз құрған қоғамға шынайы социализмнің — социалистер мен коммунистердің көптеген ұрпақтарының асыл арманы болған социализмнің еш қатысы жоқ.

Екіншіден, адамзаттың бүкіл тәжірибесі жекешелендірілген меншіктің ұлы маңызын көрсетеді. Ал онсыз нарықта, тиімді өндіріс те мүмкін емес. Және де Карл Маркс пен Владимир Ильич Ленинге сілтеудің қажеті жоқ. Олар жеке меншікке

және оның үстіне өндірушілердің меншігіне қарсы емес, қайта өндірушіден өндіріс құралдарын оқшаулайтын және оның еңбегінің нәтижелерін иемденуге мүмкіндік беретін жеке меншікке қарсы шықты. «...Жеке меншік, — деп жазды Карл Маркс «1844 жылғы экономикалық-философиялық қолжазбаларында», — затқа айналдырылған еңбектен басқа ештеңе емес. Егер жеке меншікке соққы бергілері келсе, онда жеке меншікке заттық жай-күй ретінде емес, қайта қызметке деген, еңбекке деген шабуыл жүргізілуі керек». Бұл сөздер бүгін таңда ерекше көкейкесті мән-мағынаға ие болды деп ойлаймын. Біздің реформаларымызға, қайта құруға шабуыл жасайтындар, қоғамдық дамудың объективті экономикалық заңдарына байсалды жаңа көзқарастарды қабылдамайтындар — шын мәнінде, ең негіз қалаушы, ең құнды, ең мәнді нәрсеге — адам еңбегіне қол сұғатындар.

Сондықтан нарық қатынастарына көшу шегіну емес, қайта марксизм теориясына сай келеді деп есептеймін. Егер біз бір нәрсені мойындайтын болсақ, онда халықты тамақтандыра алмаған шамадан тыс орталықтандырылған, бюрократтанып біткен экономиканы мойындаймыз. Ленин коммунистік принциптілікке иек артатын көпірме сөз таласынан гөрі фактілерді көбірек білу керек деп шақырған болатын.

Міне, сондықтан коммунистерге экономикалық реформалаудың қазіргі жағдайы дүниетанымдағы шегінушілік немесе опасыздық болып көрінбеуге тиіс. Әйтпесе оның көп адамдарға осылай көрініп отырғаны құпия емес. Оның үстіне кейбір партия басшылары демократиялық өзгерістер процестерін болдырмауға ұмтылып, реформаға қарсы жұмыс жүргізіп, КОКП-ның төтенше съезін шақыруды табанды түрде жақтап отыр. Мұнда олар КОКП XXVIII съезінің шешімдерін ревизиялауға үміт артып, қайта құру авторларын жауапқа тартпақшы. Және де мұны олар ұйықтаса да, тұрса да әкімшіл-әміршіл системаның бұрынғы тәртіптеріне қайта оралуды аңсап жүр дейтін қатардағы коммунистердің атынан істеп отыр.

Өкінішке орай, біздің республикамызда да «партиялық фундаментализм» орын алып отыр. Жуырда «Казахстанская правда» газеті өзінің беттерінде «Ал бұл кезде...» деген тақырыппен, менің көзқарасымша, қызықты материал жариялады. Онда Алматыдағы республикалық актив жиналысына және Павлодар облыстық партия комитетінің пленумына қатысушы коммунистердің айқындамалары салыстырылған. Республикалық актив жиналысында мемлекет иелігінен алу, жекешелендіру, меншік формаларының сан алуан түрлерін дамыту қажеттігі туралы әңгіме қозғалды. Ал нақ осы кезде облыстық комитет бюросының есепті баяндамасында тура қарама-қарсы нәрселер туралы айтылды. Мысалы, партияның экономиканы басқару саласына билік функцияларын қайтаруға мүмкіндігінше тезірек қайтып оралуы қажет екені туралы айтылды. Бейне бір Конституцияның 6-шы бабының күші жойылмағандай-ақ, бейне бір КОКП XXVIII съезі мен Қазақстан Компартиясының XVII съезі коммунистерге нарық қатынастары бағытын айқындап бермегендей-ақ. Бұл коммунистерден: жолдастар, қай заманда өмір сүріп жатырсыздар? — деп сұрағың-ақ келеді.

Павлодар облыстық комитетіне байланысты мысал, өкінішке қарай, некенсаяқ емес. Жергілікті жерлерде нарық қатынастарын енгізуге қарсы әрекеттердің тағы да толып жатқан фактілерін келтіруге болады. Сондықтан біз нақ қазір халықтың еріктілегіне көрінеу немесе жасырын қарсы тұрғандардан іргені ажыратуымыз қажет Және бұл әсірелеу емес. Социологиялық сауалдардың деректеріне

қарағанда, қазақстандықтардың 80%-дан астамы нарыққа көшуді жақтайды. Мынадай қисынды сұрақ туады: нарыққа қарсы коммунистер кімдердің мүдделерін көздеуде? Жауап — халықтық мүдделерден басқа кез келген мүдделерді көздейді. Сондықтан нарыққа қарсы шығушылардан іргені ажырату керек. Олардың арасында, өкінішке қарай, басшы коммунистер де аз емес. Әйтпесе алдыңғы саптан артқы сапқа кеткен партия бүгін таңда қоғамда болып жатқан серпінді процестерден мәңгі артта қалады.

Мұның аса қажет болатын себебі, түбегейлі өзгерістерді қолдайтын көптеген коммунистер бүгін таңда партия мен оның органдарынан өзінің тәуелсіздігін атап көрсетіп жүрген жаугершіл фундаменталистерден ара жігін ажыратып алуға байланысты. Сонымен біз ең таңдаулы, ең парасатты және жұмысқа қабілетті КОКП мүшелерінен айырылып отырмыз. Ал партия оларға сүйеніп келеді.

Сондықтан бізді артқа тартатындардан ара жігімізді ажырату бұл жікке бөліну емес, қайта айқындамаларды айқындау, тіпті керек десеңіз, жоғары адамгершілік таңдау. Мұның өзі коммунистердің шынайы идеялық бірлігінің берік негізін құрайды.

Партия ұйымдарының күш-жігерін қоғамдық сананы нарық қатынастарына көшуге терең идеологиялық және адамгершілік-психологиялық жағынан әзірлеуге шоғырландыру қажет. Осы тұрғыдан алғанда алда өте қиын жұмыс күтіп тұр. Ұзақ жылдар бойына біздің үгіт-насихаттық машинамыз өндірістің капиталистік әдісі, жеке меншік, адамды адамның қанауы, нарықтың жыртқыштық табиғаты және басқалар туралы әбден белгілі бір түсініктерді адамдардың миына нысаналы түрде сіңірумен келді. Ал мұнда біздің өте-мөте асыра сілтеп, тура таңғажайып нәтижелерге қол жеткізгенімізді айту керек. Бүгін таңда еңбекшілердің көпшілігі үшін оларға «жеке меншіктік мүдделерін күйттеп», өмірдің материалдық игіліктеріне сұғанақтануда деп күдік келтіруден асқан үрейлі ештеңе жоқ. Олардың көп уқладты экономика туралы еш түсінігі жоқ, жалгерліктің, жеке отбасылық, коллективтік, қоғамдық меншіктің не екені жөніндегі түсінігі күңгірт. Ал мемлекет иелігінен алу, жекешелендіру және басқа категориялар туралы айтпай-ақ қояйық. Күнделікті санада біздің нарыққа қарай жасалған алғашқы қадамдарымыздың Батыстың алдында тізе бүгушілік, халық мүдделеріне сатқындық, ондаған жылдар бойына әспеттеліп келген мұраттардың күйреуі ретінде қабылданып отырғаны кездейсоқ емес. Көптеген адамдар төніп келе жатқан түсініксіз болашақтың абыржушылық сезімін бастан кешіруде.

Әрине, ешкім де алдағы нарық реформалары оңай және проблемасыз жүзеге асырылады деп отырған жоқ. Бізді мүліктік жағынан жікке бөліну де, жұмыссыздық та, тұрмыс дәрежесінің төмендеуі де, болмай қоймайтын басқа да келеңсіз құбылыстар да күтіп тұр. Біз көп ұзамай жұмақ орнайды деп уәде бермейміз. Бірақ төзімділік көрсетіп, мұның бәрін бастан кешіру керек екенін кәміл білеміз. Сондықтан адамдардың бойындағы нарық туралы бұрынғы сыңаржақ теріс түсініктерден арылу, оның потенциалдық мүмкіндіктерін көрсету жөнінде ұлғайыр жұмыс күтіп тұр. Біз нарықтың жалаң мақсат емес, адамға лайықты тұрмыс жағдайын әкелетін тиімді экономикаға қол жеткізу құралы екенін, нарықтың қалыптасуы, оның белгілерінің пайда болуы қоғамның социалистік бағдарына қарама-қайшы келмейтінін табандылықпен түсіндіруге тиіспіз. Мақсатқа қандай жолдармен қол жеткізу керек, қандай формалар мен әдістерді іске қосу керек —

Қазақстан Компартиясының нарық қатынастарына көшу кезеңіндегі идеологиялық жұмысының бағыттары нақ осы сұрақтар мен басқа да сұрақтарға жауап қайтаруға тиіс. Бұл бағыттарды біз бүгін бекітуіміз керек.

Сонымен бірге коммунистердің өздері өнеге көрсетіп, жекешелендірілетін объектілерді батыл басқаруға тиіс. Бұл өзін-өзі танытудың, партияның қазіргі кезеңдегі негізгі міндеттерін орындауға –халықтың әл-ауқатын көтеруге, елімізді аса ауыр дағдарыс жағдайынан шығаруға нақты іспен жәрдемдесудің нақты мүмкіндігі.

Дүниежүзілік тәжірибе мұндай дағдарыстарды экономикалық және саяси реформаларды батыл жүргізу арқылы ғана жоюға болатынын көрсетеді. Қазақстан делегациясы осы таяуда ғана Қытай Халық Республикасында болып қайтты. Ол осы бағытта, сөз жоқ, белгілі бір оң нәтижелерге қол жеткізген. Бәсекелестік, кәсіпкерлік тәуекел меншік формаларының сан алуандығы өмірге белсене еніп, ішкі нарықты молықтыру проблемасы шешілуде. Бірақ бүгін мен Қытай тәжірибесі туралы басқа бір қырынан айтқым келер еді. Қытай Халық Республикасында экономикалық реформаларды ойдағыдай жүргізу біздің идеологиялық таптаурындылықты қорғаушы кейбір партиялық қызметкерлерімізде бейне бір саяси салаға елеулі бір өзгерістерді енгізбей-ақ экономикадағы өзгерістерге қол жеткізуге болады деген бұлдыр елес туғызды. Бүгін таңда Қытай үлгісін біздің көшіріп алуымызға болады дегенді байсалды түрде айтушылар бар. Қытай Халық Республикасының басшылары мен экономикалық реформа бағдарламасын әзірлеуші сол экономистер өз елінің ерекшелігін, 1 млрд. астам халқының мәдениеті мен білім дәрежесін ескере отырып, олар өз жолымен, қытайлық жолмен жүріп келе жатқанын атап айтады.

Әлдекімдердің тәжірибесін, сырт көзге сондай тамаша болып көрінгенмен де, көзсіз көшіріп алуға принципті түрде қарсымын. Дүниежүзінде экономикалық дамудың баршаға ортақ заңдылықтары әрекет жасайды. Бірақ нарық туралы айтқанда, экономиканың құрылымын өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың даму деңгейін және де, ең бастысы, ұлттық ерекшеліктерді ескермеуге болмайды. Осыдан келіп экономика дамуының американдық, шведтік, оңтүстік кореялық, қытайлық немесе қандай да болсын басқа үлгілері туындайды.

Нақ сол Қытайда дәстүрлі тәртіптілікті, оның тұрғындарының ерекше еңбекқорлығын, олардың ешбір жағдай талғамайтындығын көргенінде, бұл бір мүлдем басқа дүние екенін, оны жай ғана ала салып, біздің отандық кеңістікке көшіруге болмайтынын әбден түсінесіз. Өндіріс көлемінің жыл сайынғы 6–8% өсімінің негізі, қытайлықтардың өздері есептейтіндей, аптасында 6 күн еңбек ету, ал Оңтүстік Кореяның гүлденуінің негізі біздегі 40 сағаттың орнына аптасына 54 сағат еңбек етуде жатыр. Ол жақта адамның табысы оның қалай еңбек ететініне, қанша өнім өндіретініне байланысты.

Бірақ. қалай дегенмен, өктемшілдіктің элементтерін сақтайтын, алғашқы кезеңде, әрине, белгілі бір нәтиже әкелетін экономикалық система толық еркін еңбекке, еркін нарыққа негізделген экономикалық жүйемен бәсекеге төтеп бере алмайды. Мұны айқын түсініп алуымыз керек. Саяси реформаны тоқтатып қойып, экономикалық реформаны ойдағыдай ілгері бастыруға немесе бұған керісінше істеуге болмайды.

Қытайға сапардан алған әсерлерге талдау жасай келіп, шын мәнінде олар мен біз бір медальдың екі жағы екенбіз ғой деген ойға барған сайын көбірек келесіз. Бізде саяси салада өзгерістер алда жүрсе, оларда экономикалық салада өзгерістер

алда келеді. Енді іс-қимылдардың бұл үйлеспеушілігі біздің елімізде де, менің пікірімше, Қытай Халық Республикасында да сезілуде. Қалай болғанда да, ҚХР-дің жетекші саясаттанушылары мен экономистері қазір: реформалардың тереңдеген жағдайында социалистік өндірістік қатынастарды нарық қатынастарымен іс жүзінде қалай ұштастыруға болады? — деген сұрақпен бастарын қатыруда. Турасын айтайын, бұл оңай міндет емес.

Дағдарысқа қарсы шараларға сыңаржақ көзқарасқа, бөтеннің тәжірибесін көз жұмып көшіріп алуға қарсы тағы бір уәждеме бар. Қайта құрудың 6 жылында біздің қоғамдық санамыз үлкен жолдан өтті. Біздің көбіміз тоталитарлық ойлау жүйесімен, орасан зор машинаның — мемлекеттің тегершігі психологиясымен қош айтыстық деуге болады. Сондықтан бұл кезеңді сызып тастауға, бұрынғы жағдайға қайтып оралуға енді ешқандай мүмкін емес. Даму диалектикасының өзі де экономикалық шаралардың саяси шаралармен үйлесімді келісімін қамтамасыз ете отырып, дәйектілікпен ілгері басу қажет екенін дәлелдей түсуде. Міне, біздің міндетіміз — адамзат жинаған тәжірибені ескере отырып, біздің республиканың көпұлтты халқының мүдделері мен ерекшеліктерін барынша ескеретін өз жолымызды іздеп табу.

Коммунистер қазір кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған шараларға ерекше көңіл бөлуге тиіс. Кез келген бизнес өзінің дүниеге келуі кезінде белгілі бір стимулдарды тіркеу кезінде кедергілерді жоюды, еңбекті ұйымдастырудағы, жұмыс уақыты режим міндеті дербестікті және тағы басқаларды талап етеді. Мемлекеттік өкімет пен басқару органдарында жұмыс істейтін коммунистер еңбек коллективтері мен азаматтарының нарықтық үлгідегі кәсіпорындарды құруына барынша көмек көрсетуі тиіс. Бұл орайда, осы мәселелерді қарау кезінде бюрократизм мен сөзбұйдалық көрсетуге жол берген қызметкерлерден батыл арылған абзал. Жалпы алғанда, осы сөздің жаман мағынасындағы бюрократизмге батыл күрес жариялау керек. Әйтпесе қағаз иірімінде малтығамыз және біздің идеяларымыздың бәрі ізгі ниеттер болып қалады. Оған ешқандай жол беруге болмайды.

Осы заманғы экономикалық кадрларды даярлауға ерекше көңіл аударғым келеді. Өздеріңіз білесіздер, республикада Президенттің «Кадрлар және қайта құру» бағдарламасы әзірленіп, жүзеге асырылуда. Онда мамандарға республикада және одан тыс жерлерде де халық шаруашылығын басқарудың осы заманғы әдістерін оқыту көзделген. Меніңше, бұл мәселеде Қазақстан Компартиясының Орталық комитеті, жергілікті жерлердегі партиялық органдар өз сөзін айтуға тиіс. Қазіргі кезде Алматы саясаттану және басқару институты құрылды. Оның қолында жақсы материалдық база болғандықтан, бізге соншалықты қажетті басқарушы-мамандарды даярлауды қамтамасыз ете алады. Бұл оқу орнын білікті оқытушылармен, оның ішінде шетелден келген мамандармен жасақтау маңызды.

Насихаттық түсіндіру жұмысын да ұмытуға болмайды. Нарықтық бағдарламаның мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы заңның мазмұнын республиканың әрбір азаматына жеткізу қажет. Бұған осы жаңа құжатты әзірлеушілердің өздерін де тікелей, экономист-ғалымдарды тарту, барлық деңгейдегі бұқаралық хабарлама құралдарын іске қосу қажет. Оның үстіне, меніңше, істі ғылыми негізде жүргізу керек. Мүмкін, нарық қатынастарына көшу бағдарламасын насихаттаудың біртұтас тұжырымдамасын әзірлеу керек болар.

Мұнда біздің ағымдағы істерімізді де қозғамай тұра алмаймын. Азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселелері қазіргі жағдайда бірінші кезектегі мәселе

болып табылады. Оның үстіне республиканың ауыл шаруашылығындағы жағдай елеулі түрде қиындай түсуде. Шілденің басындағы деректерге қарағанда, дәнді дақылдар егісінің 1/3 бөлігінен астамы мүшкіл халде, тек 125 млн. гектар егіс қана қанағаттанарлық жағдайда. Оңтүстік облыстардағы бастырылған алғашқы астықтың түсімі өткен жылғыдан төмен екенін көрсетуде. Орылған шөп алқабының едәуір көп екендігіне қарамастан, пішен өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 74%, пішендеме 80%, шөп ұны 83% деңгейінде ғана дайындалды. Мамандардың болжамдарына қарағанда, тек күріш, дәндік жүгері, қоза, темекі алу ғана өткен жылдардағы деңгей шегінде болады деп күтілуде. Қалған дақылдар бойынша дән кем жиналады деп болжануда.

Бұл мал шаруашылығы өнімін өндіруге де, республикада өндірілетін тамақ өнімдерінің аса маңызды түрлерін шығаруға да біршама әсерін тигізеді. Өндірістік базаның, әсіресе ұқсатушы өнеркәсіп базасының, сондай-ақ селоның әлеуметтік саласының құрылысы артта қалуда. Қысқасы, жыл оңайға соқпайды. Кеше бұл мәселе Республика кеңесінің отырысында қаралды. Бізді қиын азық-түлік жылы күтіп тұр. Халыққа күрделі жағдай туралы ашық айтып, танаптар мен жеке огородтарда өсірілгеннің бәрін жинап алуға адамдарды жұмылдыру керек.

Алда егін жинау науқаны тұр. Ол әрқашанда қиындықпен өткізіліп, тек республиканың ғана емес, сонымен бірге бүкіл Одақтың барлық күштері мен құралдарын барынша шоғырландыруды талап етіп келді. Қазіргі жағдайда бұған қол жеткізу төтенше қиын. Сондықтан баршаның — село тұрғындарының да, қала тұрғындарының да, партия комитеттері мен Халық депутаттары кеңестерінің ең бірінші міндеті — егіннің бір түйір дәніне дейін төкпей-шашпай жинау, оны сақтау, ауылшаруашылық өнімін ұқсататын барлық кәсіпорындарды іске қосу.

Тауармен қамтамасыз етуді жақсарту, инфляцияның қарқынын бәсеңдету үшін өнеркәсіп өнімін шығару көлемін ұлғайтудың мүмкіндіктерін пайдалану маңызды. Бұл әсіресе халық тұтынатын тауарларды, сондай-ақ металл, цемент отын және басқа да өнімдерді өндіруге қатысты. Онсыз экономиканы дамыту ешбір мүмкін емес. Бұл үшін қажетті жағдай жасау, тауар өндірушілердің еркіндігін кеңейтуге жәрдемдесу — коммунистердің борышы.

Тұрғын үй құрылысындағы қиын жағдай да алаңдатуда. Партия коммунистері жарты жыл ішінде тындырылған істі шұғыл байыптауға, жол берілген артта қалушылықтың орнын толтыруда бастама көтеруге тиіс.

Егер біз реттілікті жолға қоюмен және атқарушылық тәртіпті нығайтумен, кадрларымыздың экономикалық жауапкершілігін арттырумен шындап айналыспайтын болсақ, осынау барлық қиын міндеттерді іске асыру мүмкін емес екенін есте сақтауымыз қажет. Бұл істе партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары өз орнын табуға тиіс. Мұнда, меніңше, біз бұрынғы тәжірибеден көп нәрсені ұмыта бастадық. Қалай болған күнде де, партия комитеттерінің бюроларында басшы коммунистердің есептерін, партиялық сұраудың басқа да тиімді формаларын практикада едәуір сирек қолдана бастадық.

Таяудағы жылдар күмәнсіз шиеленісті болатынын, қиындықтардың көптеген адамдарды қамтитынын ескеру қажет. Сондықтан бұл кезеңді ұлтаралық келісім мен азаматтық татулықты сақтау бұрынғы қай кездегіден де маңызды бола түседі. Бұл тұрмысты жақсартудың, барлық өзгерістерді жүргізудің сөзсіз шарты. Мұнда да коммунистер демократиялық күштерді біріктіре алатын, оларды экономикалық

проблемаларды шешуге бағыттай алатын топтастырушы фактор болуға тиіс. Әртүрлі қоғамдық қозғалысқа қатысушылар Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің IV сессиясында сындарлы ынтымақтастық туралы менің жасаған ұсынысыма үн қосады деген үміттемін. Нарық қатынастарын барынша дамыту жолдарында күш-жігерді біріктіре түсу қажет. Бүгінгі таңда түбегейлі реформаларға өзіңнің адалдығыңды тек нақты істермен ғана дәлелдеуге болады.

Осы арада мемлекеттік өкімет органдары мен партия комитеттерінің өзара іс-қимылы сияқты мәселені қозғау қажет деп санаймын. Жақында біз Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі мен республика Министрлер кабинеті аппараттарының келісілген іс-қимылдарына қатысты барлық жәйтті арнайы талқыладық. Мұндай әңгімені партиялық және мемлекеттік аппараттардың кейбір қызметкерлерінің хабарламаларды белсенді алмасудың, бірлескен шараларды жоспарлаудың орнына олардың қайсібірінің «басты» екендігін анықтауға күш-жігер мен уақыт жұмсай бастағандықтан, дер кезінде өтті деп санаймын. Ал бұл жалпы іске залалын тигізеді. Осындай әңгімені өткізу облыстық, қалалық және аудандық дәрежелерде пісіп-жетілді ғой деп ойлаймын.

Сөзімнің соңында мына бір принципті мәселеге тоқтала кетуді өзімнің парызым деп санаймын. Мен Президент ретінде Жоғарғы Кеңесте алдағы кезеңнің іс-қимыл бағдарламасы туралы сөз сөйледім. Менің айқындамам анықталған, үкіметтің бағыты да сарапталған. Сондықтан маған нарыққа көшу жөніндегі өрістеген жұмыстарға байланысты коммунистердің пікірін білу өте маңызды. Бұл арада жасыратын ештеңе жоқ: белгіленген іс-қимылдарға байланысты кесімді «иә» немесе «жоқ» деген жауапты естігіміз келеді.

Бұл әншейін мәселе емес. Біз қоғам мен әрбір адам өмірінің терең қатпарларын қозғайтын іске кірісеміз. Бірқатар шаралар адамдар арасында жақтырмаушылықты тудырады. Және уақыт та бізден қатаң сұрайтын болады. Сондықтан мен жұмыстың қызған шағында коммунистердің арасында келіспеушіліктің пайда болуын қаламаймын. Әрине, әңгіме бұл арада пікірсайыс заңды болып табылатын жекелеген, ағымдағы істер туралы болса орынды. Стратегиялық бағытта: коммунистер біздің нарыққа көшу тұжырымдамамызды қолдай ма, жоқ па деген мәселе туралы болып отыр.

Бұл мәселені жағалауда тұрған кезімізде-ақ анықтап алуымыз керек. Әйтпесе кейін кеш болады. Егер кімде-кімнің «принциптен бас тартқысы келмесе», бұрынғы жүйені жақтайтын болса, бұл туралы ашық және адал айтуы керек қой деп ойлаймын. Мен заман ағысының қалай қарай бұрылатынын күтіп, түлкі бұлаңға салынғандардан гөрі ашық қарсыласты қатты сыйлайтындығымды жоғарыда айтып кеттім.

Мен біздің бағытымызға сенім туралы сессияда депутаттармен сұхбат өткіздім және парламентарийлердің менің айқындамамды толық қолдайтынына қанағаттандым. Осы мәселеге тікелей, бүкпесіз жауапты партияның Орталық комитетінің мүшелерінен де алғым келеді. Ал мен олардың сенімін ерекше құрметтеймін.

Қазақстан халқына үндеуі

Алматы қаласы, 1991 жылдың 19 тамызы

Қымбатты қазақстандықтар!

Республика Жоғарғы Кеңесі төралқасының және Министрлер кабинетінің мүшелерімен кеңесе келіп, мен сіздерге мынадай мәлімдеме жасамақпын.

Еліміз үшін осынау жауапты сәтте сіздерді байсалдылық пен ұстамдылық сақтауға шақырамын. Қазір бұл ерекше қажет. Өйткені біздің әрқайсымыздың тарапымыздан жасалған қандай да болсын қызбалық, ойластырылмаған іс-әрекет аса ауыр әлеуметтік сілкіністердің бастамасына айналуы мүмкін.

Мен сөзімді барлық азаматтарға, біздің көпұлтты республиканы мекендейтін барлық ұлттар мен ұлыстардың өкілдеріне арнаймын. Бұл күндері біз өзіміз үшін әрқашан да бірлік пен өзара түсіністіктің негізі болып келген халықтар арасындағы достықтың ғасырлар бойына жинақталған тәжірибесіне арқа сүйеуге тиіспіз.

Мен сөзімді Қазақстанның еңбек коллективтеріне арнаймын. Қазір жоғары саналылық пен ұйымшылдықты сақтау аса маңызды. Халық шаруашылығында аласапыранға жол беруге болмайды. Егіннің, азық-түлік ресурстарының тағдыры қолында тұрған село еңбеккерлеріне ерекше жауапкершілік жүктеледі.

Мен сөзімді республиканың барлық саяси күштері мен қозғалыстарының өкілдеріне арнаймын. Өткінші алауыздықтан бойды аулақ салу, ақыл-парасатты, халық алдындағы жауапкершілік сезімін басшылыққа алу, егеске жол бермеу өте маңызды.

Мен Қазақстан территориясында орналасқан КСРО Қарулы Күштері, Мемлекет қауіпсіздігі комитеті және Ішкі істер министрлігі бөлімдері мен бөлімшелерінің әскер құрамын конституциялық нормаларға адалдыққа, жеке адамның құқықтары мен жергілікті өкімет органдарын құрметтеуге шақырамын. Қазақстан территориясында төтенше жағдай енгізілмейтінін, бүкіл өкімет билігі Қазақ КСР-нің Мемлекеттік егемендігі туралы қабылданған Декларациясына және Конституциясына сәйкес толығымен кеңес органдарына тиесілі екенін ерекше атап көрсеткім келеді.

Мен республиканың егемендігін нығайту саясатына және демократия, Одағымыздың бірлігі принциптеріне адалдықты қуаттаймын, басталған реформаны жүзеге асыруға бекемдік білдіремін. Қазақстан халқы жоғары саналылық, қырағылық пен топтасқандық танытады деп кәміл сенемін.

Қазақ КСР Президентінің мәлімдемесі

Алматы қаласы, 1991 жылдың 20 тамызы

Кеше мен Қазақстан халқына арнап сөз сөйлеп, онда байсалдылық пен ұстамдылық сақтауға шақырдым. Республикадағы жағдайға қарағанда, еңбекшілер менің айқындамама ортақтасып отыр. Бұл үшін оларға шын ниетпен ризалық білдіремін.

Сонымен бірге бізге қазақстандықтардан, одақтас республикалардан, кеңестік және шетелдік бұқаралық хабарлама құралдарынан елде қалыптасып отырған жағдай жөнінде пікір білдіруді сұраған көптеген өтініштер келіп түсуде.

Мен екі түйінді мәселені бөліп көрсеткен болар едім. Біріншіден, мемлекеттің экономикалық, шаруашылық, сондай-ақ саяси өмірінің одан әрі қоғамның толық және түпкілікті күйреуі басталатын қатерлі шепке тақап келгеніне ешқандай күмән жоқ. КСРО халық депутаттарының IV съезінде М.С.Горбачевті саяси енжарлығы үшін, өзі инициаторы болған қайта құру бағытын бекем жүргізуге қабілетсіздігі үшін сынаған кезімде мен нақ осы жайында айтқан болатынмын.

Алайда, Президент пен оның үкіметі тиісті тұжырымдар жасай алмады. Ашығын айтқанда, елдегі жағдай дереу араласуды талап етуде еді. Бірақ, осы фактіні атап көрсете отырып, мынаны анық айта аламын: төтенше жағдайды тек конституциялық, құқықтық негізге сүйене отырып қана жариялауға болар еді. Оның үстіне біз құқықтық мемлекет орнатуға ұмтылып отырғанымызды бүкіл дүниежүзіне мәлімдедік. Ерекше бөліп көрсеткім келген екінші мәселе, міне, осы.

3 адам құрған, КСРО Жоғарғы Кеңесі мен республикалар қатыспаған комитет әуел бастан-ақ заңсыз құжаттарды дүниеге әкелуде, олар, басқаларына қоса, егемендік туралы республикалық декларацияларды аяқ асты етуде, нарық экономикасына көшудің таңдап алынған бағытын елеп-ескермеуде.

Біз халыққа жағдайдан шығудың қандай жолын ұсына аламыз? Оның тек конституциялық негізде ғана мүмкін болатынына сенемін. Егер біз заңсыздықтың қиралаң жолымен одан әрі жүре беретін болсақ, халық оны бізге кешірмейді. Ең алдымен, ел үшін осынау қиын-қыстау күндерде М.С.Горбачевтің өзінің пікірін естігіміз келеді. Ол өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыра алмайтын күйде екенін тікелей қуаттауға тиіс.

Сондай-ақ КСРО Жоғарғы Кеңесінің отырысында саяси жағдайды дереу қарауды ұсынамын. 10 күн мерзім ішінде КСРО халық депутаттарының төтенше съезін шақырып, онда КСРО Президентінің бүкілхалықтық сайлауын, және де барынша қысқа мерзім ішінде, өткізудің нақты уақытын белгілеу керек.

Кейінге қалдыруға төзбейтін тағы бір аса маңызды проблема — 8 республиканың парламенттері мақұлдаған Одақтық шартқа қол қою. Осы құжаттың бекітілген мәтініне қандай да болсын өзгерістерді тек сол республикалардың ең жоғары өкімет билігі органдарының келісімімен ғана енгізуге болады.

Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің төралқасы, үкіметі және халқы ортақтасып отырған менің айқындамам, жалпылама алғанда, міне, осындай.

Мен елдің барлық республикаларының парламенттері мен халықтарынан айтқан ұсыныстарыма қолдау жасауды өтінемін.

КОКП Саяси бюросы және Орталық комитетінің құрамынан шығатыны туралы КОКП Орталық комитетінің Саяси бюросына мәлімдемесі

Алматы қаласы, 1991 жылдың 20 тамызы

Тамыздың 19-20 күндері Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінен бірқатар құжаттар келіп түсті. Олар КОКП Орталық комитеті Хатшылығының Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитет дейтіннің әрекеттері мен қаулыларын қолдайтындығын бұлтартпай айғақтайды. Мәселен, құпия жазбахат алынды, онда, атап айтқанда, былай делінген: «...Төтенше жағдай енгізілуіне байланысты коммунистердің КСРО-дағы төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитетке жәрдемдесуге қатысу жөнінде шаралар қолданыңыздар». Осы арқылы КОКП Орталық комитеті Хатшылығы беделден жұрдай болды, өзін қатардағы коммунистерге қарсы қойды, халықтың шын мұқтаждары мен мүдделерінен қол үзгендігін, тоталитарлық ойлау жүйесіне адалдығын көрсетті.

Сонымен бірге КОКП Орталық комитеті Саяси бюросының мүшесі ретінде менің атыма КОКП Орталық комитеті мәлімдемесінің жобасы келіп түсті, онда шын мәнінде төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитетті қолдаушылық білдірілді, оның масқаралық әрекеттері ақталды. Бұл құжатқа қол қою деген ұсынысқа мен үзілді-кесілді бас тартамын деген жауап қайтардым.

20 тамызда КОКП Орталық комитетінің кезектен тыс пленумын шақыру әрекеті жасалды, Конституцияға жат комитет мүшелерінің оны өткізуге көрінеу мүдделілігі аңғарылды, мұның өзі тағы да КОКП Орталық комитеті Хатышылығының төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитетке қолдау көрсету жөніндегі ниетін айғақтайды. Мен бұл пленумға батыл қарсы шықтым.

Жоғарыда баяндалған жәйттерге байланысты КОКП-ның қазіргі Саяси бюросының және Орталық комитетінің құрамында бұдан былайғы жерде қалуым мүмкін емес деп есептеймін, бұл органдардан өзімнің шығатынымды мәлімдеймін.

Қазақстан партия ұйымының басшысы ретінде республика коммунистерінің алдына Қазақстан Компартиясының КОКП құрамынан шығуы және дербес партия құруы туралы мәселе қоймақпын.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының кезектен тыс V сессиясында сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1991 жылдың 24 тамызы

Құрметті депутат жолдастар!

Мен Мәскеуден жаңа ғана оралдым. Онда КСРО Президенті М.С.Горбачевтің төрағалық етуімен Федерация кеңесінің отырысы болды. Әңгіменің негізгі тақырыбы — ағымдағы кезеңге баға беру, әдеттен тыс ауыр, тіпті, мен айтар едім, қайғылы дағдарысты бастан кешірген елдегі істің жай-күйіне саяси және экономикалық талдау жасау әрекеті, сондай-ақ өздеріңіз білетін кейбір кадр мәселелері.

Мемлекеттегі бірнеше ай бойына ушыға түскен тұрақсыз жағдайға байланысты біздің барлық қауібіміз кенет ақиқатқа айналған сол бір шым-шытырық күндер мен түндердің аласапыран жағдайында философиялық пайымдаулар жайына қалды. Мен сіздерге оқиғалардың қалай өрбігенін, менің жеке өзім және республика басшылығы жағдайды анықтау және бүлікшілерге белсенді түрде қарсы іс-әрекет жасау үшін қандай шаралар қолданғанын дәл сағаттар мен минуттер бойынша баяндай аламын.

Төңкеріс туралы хабардың төбеден жай түскендей болғанын жасырмаймыз. Өйткені, сіздер сияқты, мен де болған жағдайды тек 19 тамыз күні таңертең ғана білдім. Шындығында, Г.И. Янаев тобы нақ тұтқиылдық факторына баса үміт артты, армия, Мемлекет қауіпсіздігі комитеті және Ішкі істер министрлігі қолдаған күш көрсету қысымы бүлікшілер өктемдігіне кез келген қарсылықты дәрменсіз етеді деп негізді түрде ойлады. Мәскеуден менің кабинетіме алғашқы телефон қоңырауын Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің бұрынғы төрағасы В.А. Крючковтың соққаны кездейсоқ емес. Ол тәкаппарлана, менменси сөйлеп, орталық өкімет билігінің төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитеттің қолына көшкенін хабарлады. Бұл комитет қылмыс пен мафияны жояды, деді. Оның үстіне комитеттің іс-әрекеттерінің заңдылығын қандай да болсын талқылау мүлде орынсыз дегенді сездірді. Менің М.С. Горбачев қайда, оның оқиғалардың бұлай өзгеруіне пікірі қандай деген сұрағыма В.А. Крючков КСРО Президенті Қырымда әл үстінде жатыр, мемлекетті мүлде басқара алмайды және қабылданған шешімдермен келіседі, деп жауап қайтарды. Бұл акт құжат жүзінде, барлық заңды рәсімдерді сақтай отырып таяудағы сағаттарда қуатталады.

Мен дереу КСРО Жоғарғы Кеңесінің төрағасы А.И. Лукьяновпен байланыс жасадым. Алайда ол демалыстан жаңа ғана оралғанын, жағдайдың тізгіні қолында емес екенін тілге тиек етіп, жөнді ештеңе түсіндіре алмады.

Келесі әңгіме — Премьер-министр В.С. Павловпен болды. В.А. Крючковтан өзгеше түрде, ол әңгімені сенім арнасына көшіруге, былайша айтқанда, жауырды жаба тоқуға тырысты. Еліміздің экономикасы құрдымға қарай сырғығанын, дағдарыстан шығу үшін төтенше соны шаралар қажет екенін, ал бұл үшін барлық құралдардың жақсы екенін айта бастады. Мұнда конституциялық іс-қимылдар жайына қалады, деді. Төтенше жағдай тек белгілі бір жерлерде қысқа мерзімге

енгізіледі, үкімет түбегейлі экономикалық реформаларды бұрынғысынша жүргізеді деп сендірді.

Бұл әңгімелермен жарты күн өтті. Сағат 14-те мен Жоғарғы Кеңес төралқасы мен Министрлер кабинетінің, Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті Саяси бюросы мүшелерінің, Алматы облысы мен қаласы басшыларының төтенше мәжілісін шақырдым. Алынған хабарламаны ортаға салдым. Қазақстан халқына үндеудің мәтінін дереу жариялауды ұсындым. Оны сол жерде оқып бердім. Бұл мәтін сіздерге мәлім. Егеменді республиканың Президенті ретінде, мен ең алдымен нақ біздің территориядағы тұрақтылықтың сақталуы жөнінде қам-қарекет жасадым. Өзімнің ең басты міндетім әскерлерді енгізу үшін сылтау беретін қандай да болсын жанжалдардың тууына жол бермеуде деп білдім. Ал мұндай қауіптің, өздеріңіз де түсініп отырсыздар, болуы мүмкін еді. Төтенше жағдай республикада енгізілмейтін және Қазақ КСР Конституциясына сәйкес, бүкіл өкімет билігі түгелімен жергілікті жерлердегі кеңес органдарына тиесілі екенін жариялладым. Мен демократия принциптеріне өзімнің адалдығымды және басталған реформаны жүргізуге бекемдігімді қуаттадым.

Оқиғалардың бұдан былайғы өрбуі біздің іс-қимылдарымыздың дұрыстығын, біз таңдаған барлық ықтимал мән-жайлар ескерілген сарабдал айқындаманың өтемөте дұрыстығын дәлелдеді.

Сол күні, яғни 19 тамызда Г.И. Янаев телефон соқты. Тегінде, РКФСР басшылығының белсенді қарсылығына, Мәскеудегі шиеленістің күшейе түсуіне байланысты алаңдаған ол біздің қолдауымызға үміт артуға тырысқан болса керек. Тіпті, мені басқа республикаларда өзі басқаратын комитетке адал қарайды дегенге сендіріп, тура теріс хабарлама беруге барды (айтпақшы, ол белгілі баспасөз конференциясында да осындай теріс хабарлама жасады). Мен Г.И.Янаевқа ол құрған төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитет және КСРО Президенті міндетін атқарушы міндетін өз мойнына алуы заңсыз екенін тура айттым. КСРО Конституциясын тікелей бұзып отырғаныңызды түсінесіз бе деп сұрадым. Жалған атақты малданған «Отанды құтқарушы» жағдай конституциялық нормаларға толық сай келетін іс-қимыл жасауға мүмкіндік бермейді. Кейін, былайша айтқанда, біраз күн өткен соң КСРО Жоғарғы Кеңесі мұның бәрін заңдастырады деген мағынада пікірін арсыздықпен ашық айтты. Мұндай жауаптан кейін бүлікшілердің шын ниеттері жөнінде менің жеке басымда ешқандай күдік қалған жоқ. Біз оқиғаларға өзіміздің принципті бағамызды бейнелейтін Мәлімдеме әзірлеуге шұғыл түрде кірістік. Өздеріңіз білесіздер, ол 20 тамызда жарияланды.

Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитет мүшелері дереу іс-қимылға басты. Республикаға телефон соғу тоқтатылды. Орталық теледидар мен газеттерге менің Мәлімдememді ешбір жағдайда жариялamау жөнінде әмір түсті. Алайда біздің аузымызға қақпақ қоюдың сәті түспеді. Біздің баспасөз қызметіміз мәтіні әртүрлі бұқаралық хабарлама құралдарына, оның ішінде шетелдік хабарлама құралдарына жедел түрде бере білді. Қазақстанның кесімді сөзін бүкіл дүниежүзі естіді.

Бірақ қауіп-қатер үдей берді. 20 тамызда кешке маған РКФСР Жоғарғы Кеңесінің ғимаратына әзірленіп жатқан шабуыл туралы дерек келіп түсті. Мен бірден В.А. Крючковпен байланыстым. Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің бұрынғы төрағасы ешқандай шабуыл болмайды деп ант берді. Оған сенуге болмайтынын түсініп, мен РКФСР Жоғарғы Кеңесінің ғимаратында жұмыс істеп тұрған жалғыз

аппарат арқылы бірнеше рет Б.Н. Ельцинмен байланыстым. Ол үрейлі хабарды растады. Борис Николаевичке өзімнің қолдау көрсететіндігімді айтып, бірден Г.И. Янаевтың нөмірін тердім де, оған үзілді-кесілді наразылық білдіріп, РКФСР Жоғарғы Кеңесіне қарсы кез келген күш қолдану әрекетінің ең ауыр зардабы болатындығын қатаң түрде ескерттім. Содан кейін Д.Т.Язовқа телефон соғып, өз Президентін қорғаушы жас адамдардың қанымен қолын былғау қылмыс екенін мәлімдедім. Сірә, осылар әсер еткен болу керек, өйткені, бірнеше минуттан кейін Б.Н. Ельциннің көмекшісі маған танкілердің үйге қарсы қозғалысы тоқтағанын хабарлады.

Басқа республикалардың басшыларымен де тұрақты байланысып отырдым. А.А. Ақаевты, Л.М. Кравчукты тауып алып, олардан «комитет» деп аталатынмен байланысып, олардың іс-қимылына қарсы наразылық білдіруді өтіндім.

Басқа да жайсыз минуттер болды. Төтенше жағдай жөніндегі комитет деп аталатынның жанталасты іс-қимылының алдын алу, немесе, ең болмаса бірдеңе жасап амалын табу үшін өзімнің барлық беделімді, және тек оны ғана емес, салуыма тура келді. Жоғарыда айтқандай комитеттің жанталасты іс-қимылына біздің жақын көршіміз — Қырғызстан Республикасына қысым көрсету әрекетін жатқызамын. Тамыздың 21-інде түнгі 1 сағат 30 минутта Президент А.А. Ақаев маған оның деректері бойынша Бішкекке әскер кіргізуге әзірленіп жатқанын хабарлады. Осындай жазалау акциясының ықтималдығы туралы ойдың өзін жоюға әрекет жасау үшін шұғыл араласуға тура келді.

Сол күндері Президенттің жанынан оқиғаға талдау жасайтын және ұсыныстар әзірлейтін жедел топ құрылды. Қысқасы, бүлікшілер жасаған авантюраның лағынеті ақырына дейін, Қырымнан М.С. Горбачев телефон соққанға дейін жұмыс қауырт, тәулік бойы жүріп жатты. Еліміз бен республиканың тағдыры үшін қауіпті осынау сағаттарда мен Президент ретінде өзімді жалғыз сезінбегенімді терең қанағатпен атап өтемін. Достар мен серіктер басына күн туғанда белгілі болады деп дұрыс айтылған. Мен біздің демократиялық жеңістерімізге қол сұққандарға, біздің қоғамның қиыншылықтарын пайдаланып, халыққа қамқорлық дегенді бүркеніп, елімізді тоталитарлық режимнің шырмауына қайтып оралтуға әрекет жасағандар жөнінде ымырасыз бір жақты айқындама ұстаған Қазақстанның депутаттық корпусына терең ризашылығымды білдіремін. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі төралқасының табанды және мәмілеге келмейтін Мәлімдемесі — оның бұлтартпас айғағы.

Жалпы алғанда республикада қол жеткізілген саяси тұрақтылық, ұлтаралық келісім осы қиын күндері өзін толығымен көрсеткенін айта кету керек. Қазақстанның халқы да, басшылығы да, әртүрлі қоғамдық қозғалыстары да, көптеген қатардағы коммунистері де өздерінің ұмтылыс-талабы мен баға беруде бірауызды болды. Адамдар маған келіп, ізгілікті қолдау сөздерін айтып, маған өзімнің табандылығымда бекем болуыма қол ұшын беруге тырысты. Бұл бізге, былайша айтқанда, өзіміздің тылымызға алаңдап қарамай, демократияны қорғауға, жүгенсіз кеткен саяси авантюристтерге «жоқ» деп табанды түрде айтуға мүмкіндік берді.

Болған оқиға қайта құру жылдары текке кетпегенін тағы да қуаттады. Халық демократия процестерін қабылдады. Реакцияны нақ демократия күйретті. Біз бүлікшілердің басты соққысын өздеріне қабылдаған мәскеуліктерге, Ресей басшылығы мен парламентіне, РКФСР Президенті Б.Н. Ельцинге өзіміздің терең ризашылығымызды білдіруге тиіспіз. Олар осы тегеурінге батылдықпен төтеп берді.

Біз, болып өткен оқиға республикалардың, біздің еліміздің барлық халықтарының бірлігін нығайтуға, қоғам мен экономикадағы реформаларды тереңдету жолымен жүруге, олардың табандылығын арттыруға ұйытқы болатынына сенімдіміз. Мұнда басты рөл РКФСР-ға тиесілі. Ресейліктер өздерінің игілікті миссиясында әрқашан да биіктен табылатынына сенеміз.

Бұл туралы айтып тұрғаным, бүгінде кейбіреулер, жеңістің қызуымен, оқиғаға баға беруде тиісті табандылық көрсетпеді-міс деп республикалармен «есеп айырысуға» әрекет жасауда. Бұл ретте не айтуға болады? Қазақстан осындай жазғыруды қабылдамайды. Және де, қиын күндері біздің айқындамамыз бір мәнді — демократия мен заңдылықты қолдау болғандықтан ғана емес. Бүгінде ұялмай кінә тағатындар республикалар жүргізген күрес туралы барлық толық дерекке ие емес екендігіне сенімдімін. Оларды парасатты ақыл емес, күйгелектік сезімі билеген. Егер республикалардың табанды бағыты болмаса, бүлікшілердің әлі де қанша тұратындығы және кеңес халқының қаншалықты құрбандыққа ұшырайтыны белгісіз болатын еді...

Бірақ бұл мәселенің бір жағы ғана. Басқасы, мүмкін неғұрлым маңыздысы, осындай кез келген кінә тағу республикалардың арасына жік қоюға әкеліп соғып, оларды «ақ» және «қараға» бөледі, жаңа ғана қанат жайып келе жатқан саяси және экономикалық ынтымақтастыққа соққы болып тиеді. Сондықтан мен: шамшылдыққа басып, қазір біздің бірлігімізге қауіп төндіруге бола ма? — деген сұрақ қойғым келеді. Әрине, жоқ! Кеше болып өткен Федерация кеңесінің отырысына қатысқан барлық республикалардың басшылары осындай пікір білдірді.

Халық өзінің батырларын құрмет тұтқан, бірақ қарапайым батырларын әрқашан да еселей құрметтегенін еске салып өткім келеді.

Бүгінде тағы да бір қауіп нақты байқалуда. Демократиялық өрлеу толқынында шовинизм мен ұлтшылдықтың лайсаң көпіршігі пайда болуы мүмкін екендігі туралы айтып тұрмын. Ал ол ұлт республикаларында сөзсіз қарсы әрекет туғызып, ұлтаралық жанжалды жаңадан ушықтырады. Бұған ешбір жағдайда жол беруге болмайды.

Біз оңшыл террордың солшыл террормен ауысуына жол бере алмаймыз. Біздің еліміздің тарихы мұндай оқиғаларды қазірдің өзінде біледі. Бұл қайғы мен азаптан, миллиондаған құрбандықтардан басқа ештеңе де әкелген жоқ. Біз Қазақстанда мұндай жолсыздыққа жол бермейтінімізді бекем түрде айта аламын. Біздің өзіміздің егеменді республикамыз, өзіміздің айқын саясатымыз бар — бұл біздің көпұлтты Қазақстанның барлық халықтарының мүдделеріне сай болу. Және де біз оны берік ұстанатын боламыз.

Демократиялық күштердің сөзсіз жеңісін, бүлікшілердің жолына тас қамал болып тұрған халықтың қайта құру жылдарында саяси және адамгершілік сана-сезімінің өлшеусіз өскенін лайықты атап өте отырып, бүкіл елімізді дүр сілкіндірген қайғылы оқиғалардың тағылымдарынан айналып өтуге болмайды. Біздің күні кешеге дейін үйреншікті тіркеске айналған: қайта құру тұрлаулы деген сөзді қандай сеніммен айтып келгенімізді еске түсіріңіздерші. Бүгінде бізде мұндай қалтқысыз сенім жоқ қой деп ойлаймын. Тек саяси салаға ғана бағытталып, экономикалық базиске қатысты болмаған демократиялық өзгерістердің құны көк тиын болып шықты. «Төтенше жағдай» инициаторларының басты соққысы нақ осы әлсіз тұсқа бағытталды. Олар экономиканың, еңбек, өндірістік және шарттық тәртіптердің

қожырауын және бағаның шексіз өсуін, халықтың тұрмыс деңгейінің құлдырауын, мафиялық құрылымдардың етек алуын, қылмыстың көбеюін, қанқұйлы ұлтаралық жанжалдардың өршуін ескерді. Барлық осы келеңсіз құбылыстар шынында да еңбекшілердің жаппай наразылығын туғызуда.

Бірақ біз мұны бұрын білген жоқ па едік? Әрине, білдік және де оларға ел Президентінің назарын аударуға, экономикада қатаң тәртіптің қажеттігіне, реформаларды тиімді жүргізу және дағдарыстан шығу үшін халық сеніміне бөленген үкіметтің қажеттігіне көзін жеткізуге талай рет әрекеттендік те.

Ең болмаса, КСРО халық депутаттарының IV съезіндегі менің сөзімді еске түсіріңіздерші. Мен онда М.С. Горбачевті саяси және экономикалық бағытты жүргізудегі енжарлығы, қабылданатын шешімдердің дәйексіздігі үшін жеткілікті дәрежеде қатты сынаған болатынмын. Оның өзі де, үкімет органдары да тиісті қорытындылар жасамады. Адамдардың өмірі жақсарған жоқ, экономика төмен қарай құлдырай түсті. Михаил Сергеевичке қайта құрудың инициаторы ретінде үлкен құрмет көрсете отырып және қазір өзіміз білетін төңкеріс күндері оның басынан өткізуге тура келген ауыр қиыншылықтарына ортақтастығымызды білдіре отырып, әрине, мұндай ащы сөздерді айтпай кете алмаймын.

Немесе, мысалы, ол жүргізген кадр саясатын алайық. Президенттің сатқын болып шыққан ең жақын серігі — Г.И. Янаевты сол съезде сайлады. Ал оны басқа біреу емес нақ М.С. Горбачевтің өзі ұсынды. Оның таңдауына таң қалған мен отырыстар арасындағы үзілісте, алғашқы дауыс берудің нәтижесінде кандидатура өтпеген уақытта, Михаил Сергеевичтен: «Неліктен нақ осы Янаев?» — деп ашық сұрағаным есімде. М.С. Горбачев сол жолы ештеңе де деп жауап қайтарған жоқ. Г.И. Янаевты табанды түрде ұсынуды жалғастыра берді және басқа кандидатура туралы естігісі де келмеді. Аяғы айтарлықтай қайғылы оқиғаға соқтырған «кадр іріктеу» ісі, міне, осындай.

Егер Одақтық шартқа қол қоюдың кешеуілдеуіне де ел басшылығы кінәлі десем, ақиқатты аттап өтпеген болар едім. Орталық бюрократиялық машинаның әскери-өнеркәсіптік кешеннің ықпалды өкілдерінің шылауында бола отырып, М.С. Горбачев алғашқыда өздерінің егемендігін, республикааралық көлбеу байланыстардың жолға қойылуын бекіткісі келген республикалардың заңды ұмтылысына жете мән бермеді, тіпті, сенімсіздікпен қарады. Әлбетте, ақыр аяғында, бәрі де өз орнына келді. Біз «9+1» келісіміне келдік, бірақ қымбат уақыт уысымыздан шығып кеткен еді. Ең болмаса, осы тарихи құжаттың КСРО Жоғарғы Кеңесінің оңшыл қанатының өршеленген қарсылығына тап болғанын еске түсіріңіздерші. Ал бұл Г.И. Янаевтың жақтастарына бүлікші топтың төңірегіне тығызырақ топтасуына, іс-қимыл жоспарын жасап, Шартқа қол қоюға тура бір тәулік қалған ең қиын-қыстау кезеңде соққы беруіне объективті мүмкіндік туғызды. Олар, біздің көзіміз жеткендегідей, уақытты босқа өткізген жоқ.

Істің бар мәні Одақтық шарт пен біздің нарық экономикасына қарай беттеген бағытымыз тоталитарлық жүйені түпкілікті талқандауында, орталықтың орасан зор аппаратын мүлдем қажетсіз етуінде болып отыр. Өктемдік етуге және бөлуге үйреніп кеткендер өздерінің билігінен біржола айырылды.

20 тамыздағы өз мәлімдемемде мен республика парламенттері мақұлдаған Одақтық шарттың мәтініне өзгеріс енгізудің қандай да бір әрекеттерін табанды түрде кері серпіп тастадым. Қазір де осы айқындамада нық тұрмын. Алайда, өзіміз

бастан кешкен төңкеріс қаупіне байланысты мұндай оқиғалардың қайталануына жол бермейтін кейбір нақты кепілдіктердің Шартта көзделгенін жөн деп санаймын. Республикалардың жоғары заң шығарушы органдары менің бұл ұсынысымды қолдайды деп ойлаймын.

Өткен жылдың өзінде де, республиканың Мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияны қабылдаудың алдында, мен Декларацияның — оның тек ниет болып табылатынын талай рет айтқан болатынмын. Біздің дербестігіміз нақты мазмұнмен толығуы үшін нақты нәтижелер қажет. Ал олар қазір әзірше өте аз. Мүмкін, біз экономикалық жобаларды талдап жасау саласында ілгерілеп кеткен шығармыз, алайда оларды жүзеге асыру үшін өлшеулі ештеңе істелген жоқ. Оған объективті себептердің болғаны да сөзсіз. Ең бастысы, бұл Одақтық шарттың, жергілікті жерлерде толық экономикалық дербестіктің, сондай-ақ республикалар мен орталықтың арасындағы функциялар мен меншіктің ара-жігін ажырату мәселесінде айқындықтың болмауы.

Мұның бәрі, қанша тілесек те, біздің ілгері басуымызға мүмкіндік бермейді. Адамдар біздің қызметіміздің нақты нәтижелерін көріп отырған жоқ. Бүлікшілердің авантюралық мәлімдемелерінің, әсіресе әрбір адамға өмірлік маңызды және түсінікті азық-түлік және материалдық жақтарға қатысты мәлімдемелерінің біздің республикамыздың да халқының бір бөлігінде құлақ асылуы сондықтан емес пе екен? Заңдық нормалар туралы тым күңгірт түсінігі бар, бірақ өмірдің ауыртпалығынан құтылуды тағатсыздана күтіп жүрген адамдардың басына осы үшін кінәні үйіп-төгуге сіздер мен біздің құқығымыз жоқ. Біз «құбыжық іздестірумен», дұшпандарды іздеумен айналыспауға тиіспіз. Мұның бәрі бұрын болған. Бұл жазғыруларды, ең алдымен, сылбырлық көрсетіп отырған өкімет құрылымдарына жолдау керек. Өйткені, істердегі нақ біздің сылбырлығымыз бен оралымсыздығымыз бүлікшілердің қолына ірі желеу берді, олардың қылмыстық акцияны өрістетуі үшін негіз жасауына мүмкіндік берді.

Жеңіске жеттік деген тәтті қиялға берілмей, жағдайға байсалды қарайық. Қазақстанда жеке алғанда саяси дағдарыс болуы мүмкін бе еді? — деген сұрақты өзімізге қояйық. Мемлекет, кеңес, партия құрылымдарының, облыс басшыларының осынау мемлекеттік төңкерістің қиын-қыстау күндері мен түндеріндегі іс-әрекеттеріне өзім үшін талдау жасай келе, мен ықтимал деген бір мәнді қорытынды жасадым. Мен осылай деймін. Өйткені, республикада тұрмысты түбегейлі жақсарту, экономиканы реформалау бағытын жүргізу бізде облыстар, министрліктер, ведомстволар басшыларының тым едәуір бөлігінің және олар басқаратын аппараттардың айқындамасы салдарынан едәуір дәрежеде қиындап отыр.

Ал бұл айқындама — қарапайым: осында Алматыда, Жоғарғы Кеңесте, Президент резиденциясында ойына келгенін айта берсін, біз үнсіз қаламыз, өз қалауымызша істейміз. Бірақ мен өзгерістер кеңірдектен ала бастаған кезде бұл адамдардың шабуыл жасауға да бейім екеніне сенемін.

Біз бұл тақырыпты әрқашан да әлдеқалай орағытып өтумен келдік, әйтсе де мен жасырын дұшпандармен істес болғаннан гөрі ашық дұшпандармен істес болғанды артық санаймын деп мәлімдеген болатынмын. Соңғы күндердің оқиғалары бізден бұл мәселеге нүкте қоюды талап етеді.

Егер кейбір қарапайым адамдар мемлекеттік төңкерісті бастапқыда тұрмысты жақсарту үміті деп қабылдаған болса, номенклатура мүлдем басқа көкжиекті көрді:

бұрынғы өмірге, қожайынның мығым қолына, аппараттың өктемдігі мен тежеусіз билігіне қайтып оралу деп білді. Бұл жоспарлардың орындалуына тағдыр жазбады. Алайда бүлікшілерге адал берілгендік сезімінің көрініс табуының өзі бізді болған оқиғаға баға беруге міндеттейді. Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитетті іс жүзінде мойындауға бағытталған іс-әрекеттер қолданған барлық басшылар, әрине, қызметтен кетуге өздері ұйғармаса, атқарып отырған қызметтерінен босатылады. Біздің алдымызда қыруар жұмыс күтіп тұр. Сондықтан олардың жолы бізбен бірге емес. Осыған байланысты мен комиссия құрамын, ол болған оқиғаны егжей-тегжейлі және объективті түрде байыптаймын.

Мен жоғары республикалық органдарда мұндай болған жоқ деп мәлімдеуге тиіспін. Бірақ уақыт ағысы алғашқы күні бейне бір тоқтап қалғандай болғанын айтпай тұра алмаймын. Бәрі де әлдененің аңдысын аңдап бақты. Тіпті, біздің оперативтік кеңестерімізде де бұта-бұтаның түбінде бұғып, бас сауғалауға шақырған үргедек дауыстар естілді. Көбінесе болып жатқан процестердің мәнін түсінбеу себептеріне емес, нақ осы себептерге байланысты менің шешімдер қабылдауым оңайға түскен жоқ. Жасыратын несі бар, мен баяндаған айқындама аталған құжаттарда — Қазақстан халқына үндеуде және еліміздегі саяси жағдай жөніндегі мәлімдемеде — баяндалған айқындама кейбір кеңесшілеріміз тарапынан қолдау таппады. Мен оларды тыңдадым, бірақ шешімдерді өзім қабылдадым.

Мұның бәрі байсалды ойлануға мәжбүр етеді. Ең алдымен, республикамыздың егемендігін нығайту жөніндегі бұдан былайғы қадамдар туралы ойлануға мәжбүр етеді. Өйткені, өткен оқиғалардың тағылымы осыны талап етуде.

«Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң осы сессияның негізгі қорытындысы болуға тиіс деп ойлаймын. Бұл құжаттың жобасы сіздердің қолдарыңызда. Оның практикалық және саяси мәні даусыз. Заң республиканың егемендігі мен қауіпсіздігін нығайтуға, өкімет пен басқару органдарының қалыпты қызметіне кепілдік беруге тиіс.

Осы құжаттың кейбір принципті ережелеріне тоқталамын. Заңда құқық қорғау органдарындағы саяси партиялардың, басқа да қоғамдық бірлестіктердің ұйымдық құрылымдарының қызметіне жол берілмейді деп танылған. Осы заңдық норма 22 тамызда шығарылған Жарлығымда баянды етілген ережелерді конституциялық жолмен реттеу деңгейіне шығарады. Бұл қоғамдық-саяси қозғалыстардың идеялық тұғырнамасына байланысты болуы мүмкін емес заңдылық пен әділ сотты қамтамасыз ету мемлекеттің аса маңызды функцияларының бірі болып табылатынына байланысты туды.

Мәскеуде болған соңғы күндердің қайғылы оқиғалары құқық қорғау органдарының қызметкерлерін басқа ештеңеге емес, тек заңға ғана бағындыру қажеттігі туралы объективті қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Мен ерекше атап өткім келген тағы бір мәселе. Саяси құрылымдардың қызметіне аталған тыйымды енгізгенде, Заң соған қарамастан азаматтардың конституциялық құқықтарын ешбір шектемейді. Әңгіме адамдардың партияға мүшелігін жою туралы болып отырған жоқ. Белгілі бір партияда бола ма немесе жоқ па — оны тек адамның өзі ғана шешсін.

Конституция жаңа құрылым — Қазақ КСР Қауіпсіздік кеңесін енгізеді. Бұл орган не үшін қажет? Бірінші кезекте Қазақстанның мемлекеттік егемендігін, қауіпсіздігін және территориялық тұтастығын сенімді қорғау үшін қажет. Біршама

дәрежеде орган республика ішінде заңдылық пен құқық тәртібін нығайтумен байланысты өмірлік маңызды мәселелерді де шешетін болуға тиіс.

Республикалар жариялаған егемендік республика арасындағы өзара қатынастардың белгілі бір экономикалық механизмдеріне және еліміздің бірыңғай экономикалық кеңістігіне сүйенуге тиіс. Қол қою үшін келісілген Одақтық шарт экономикалық өзара қатынастардың, ең алдымен, саяси негіздерін және тек басты принциптерін белгілейтін құжат болып табылады. Бұл тек біздің іс-қимылдарымыздың өзіндік бір пішіні. Олар нақты қандай болуы керектігімен, келісілген әлеуметтік-экономикалық саясатты қалай жүргізу керектігімен біз белсенді жұмыс істеуге тиіспіз. Бұл үшін негіз қазірдің өзінде бар. Ресей Президенті Б.Н. Ельциннің Қазақстанға сапары кезінде екі Президенттің «Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы» бірлескен мәлімдемесіне қол қойылған болатын. Ал ол барлық республикалардың экономикалық келісімі тұжырымдамасын жасауды көздейді. Мәлімдемеде мәселелердің осы тобын Одақтық шартқа қол қойылғаннан кейін шұғыл қарау қажеттігі ерекше атап көрсетілген.

Нақ осы экономикалық келісімде әлеуметтік-экономикалық саясатты жүзеге асырудағы егеменді республикалар мен одақтық органдардың құзырлығы айқын анықталуға тиіс.

Келісім:

- бірыңғай экономикалық кеңістік қағидаттарын қалыптастыру;
- ақша-несие саясатын құру;
- одақтық және республикалық бюджеттерді жасау, одақтық бюджет шығындары мөлшерінің де бағытын қоса алғанда;
- келісілген баға белгілеу саясатын, сыртқы саяси қызметті және басқаларын құру принциптерін жасау сияқты маңызды проблемаларды қамтуға тиіс сияқты.

Мен келісімнің жеке тарауы ретінде Одақтық шартқа қол қоймаған республикалармен сауда-экономикалық қатынастарының принциптері көрсетілуге тиіс деген көзқарасты ұстаймын.

Одақтық және республикалық меншік пен кәсіпорындарды мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру жөніндегі функцияларды бөлу қатынасында республикалар мен бұрынғы одақтық құрылымдар арасында үлкен алшақтық бар. Мұнда маңызды мәселе — Одақтың меншігіне берілетін объектілерді белгілеу. Осы мәселенің шешілуін күтпей-ақ орталықта қазірдің өзінде КСРО Мемлекеттік мүлкі қоры туралы ережені бекітіп те үлгерді. Онда, бекітілген мәтіні орап өтіп, бірлесіп басқарылатын кәсіпорын дейтін түсінік енгізілген. Ал мұнымен республика келісе алмайды. Одақтық шарттың жобасында Қазақстанның халқына қарайтын меншікті беру туралы емес, бірлесіп басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асыру туралы нақтылы айтылған.

Сондай-ақ, КСРО Жоғарғы Кеңесі қабылдаған «Кәсіпорындарды мемлекет иелігінен алудың және жекешелендірудің басты негіздері туралы» Заң және, әсіресе, оны күшіне енгізу туралы қаулы көпшілігінде Одақтық шарттың ережелеріне қарамақайшы келетінін атап өткім келеді. Мысалы, жалпы одақтың меншігіндегі және КСР Одағы мен республикалардың бірлесіп басқаруындағы кәсіпорындарды мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы республикалардың заң актілерінің заңдық күші жоқ деп мәлімденеді.

Осының барлығы республика Министрлер кабинеті экономикалық келісімді жасау процесінде экономика саласындағы республика егемендігінің берік кепілдігін қамтамасыз етуге тиіс екендігіне тағы да көз жеткізеді.

Республика мен кәсіпорындардың, одақтық меншіктің объектілері дейтінді қоса алғанда, принципті жаңа қатынастарын орнату Қазақстанның егемендігін біршама нығайтатын маңызды элемент болу керек. Әңгіме болашаққа есептелген және еліміздің бірыңғай экономикалық кеңістігінде және дүниежүзілік нарыққа өтуде жұмыс істеу жағдайын ескеретін үйлесімді іс-қимыл бағдарламасы туралы болып отыр.

Өкінішке қарай, бұл мәселеде Министрлер кабинеті салалық концерндер құрып және одақтық министрліктермен немесе оларды алмастырған құрылымдармен екіжақты келісімдер жасай отырып, әзірге ескі көзқарастар жолымен жүріп келеді. Осы уақытқа дейін кәсіпорындардың одақтық концернге және қауымдастыққа немесе басқа «модалы» салалық құрылымдарға енуіне қатысты анық айқындама жоқ. Ал оларды құру шын мәнінде өзін ақтамаған, дұрысырақ айтқанда, өзінің абыройынан айырылған ескі басқару жүйесін қайта жандандыру әрекеті болып табылады. Сонымен қатар, дүниежүзілік тәжірибе өндірістік және өткізу кәсіпорындарынан, ғылыми-зерттеу орталықтарынан, қаржы мекемелерінен тұратын және кей жағдайда еліміздің көп салалы акционерлік корпорациялар немесе өнеркәсіп топтарын құрудың жоғары тиімділігін қуаттады.

Ірі көлемділік пен көпсалалық сипат корпорацияларға бірқатар басымдық береді.

Біріншіден, жаппай өндірісті ұйымдастыруға және қызметінің көлемі есебінен үлкен үнем алуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге елеулі қаржы ресурстарын жұмылдыру олардың өндіріс пен басқаруды ұйымдастырудың басқа бірде-бір формасының шамасы жетпейтін сүбелі инвестициялық жобалар ғылыми зерттеу бағдарламаларын жүзеге асыруға қаржы жұмсауына мүмкіндік береді.

Екіншіден, ірі көп салалы корпорацияларды немесе өнеркәсіптік топтарды құру — монополиялық тенденцияларға қарсы күрестің және өркениетті бәсекені дамытудың икемді құралы.

Республика шеңберінде аталған құрылымдарды құру көп ретте халық үшін мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру процесін оңайлататынын, купонды механизмді пайдалану мүмкіндігін ашатынын атап көрсету керек. Акцияларды сату жолымен бұл процеске басқа республикалардың мүдделі кәсіпорындарын біріктіру мүмкіндігі жасалатыны да маңызды.

Қазақстан үкіметі аталған бағдарламаны тұжырымдауға кірісуі және оны ең қысқа мерзім ішінде нақты жүзеге асыруы қажет. Мұндай көзқарас республикалардың, КСРО министрліктерімен және ведомстволарымен өзара қатынастарының негізіне алынуға тиіс.

Республика халық шаруашылығының тұрақты экономикалық және қаржы жағдайын қамтамасыз ету мақсатымен және «Қазақ КСР-дегі банкілер мен банк қызметі туралы» Қазақ КСР Заңына сәйкес республиканың алтын қорын құру жөніндегі шараларды іске асыруға дереу кірісу қажет.

Көптеген жылдар бойына біз асыл металдар мен тастарды өндіру жөніндегі негізгі және ең ауыр жұмысты орындаумен келдік. Сонан соң шала өнімді басқа республикаларға тиеп жөнелттік. Бүкіл экономикалық пайда болмашы шығынмен

олардың қолында қалды. Сондықтан Қазақстан қойнауының қайтарымын арттыру мақсатымен асыл металдарды өзімізде өңдеуді ұйымдастыратын, асыл металдарды айыратын өндірістің қуаттарын іске қосатын және ұлттық байлықтардың іс жүзінде қожайындары болатын кез келді. Мысал үшін айта кетейін, өйткені, тегінде, Қазақстанның Одақ көлемінде өндірілген күмістің 65% және алтынның едәуір бөлігін қамтамасыз ететінін жұрттың бәрі бірдей біле бермейтін болса керек.

Ұлттық мемлекеттік банкінің құрамында арнаулы бөлімше — Қазақ КСР-нің мемлекеттік сақтау орнын құру және мемлекеттік банкіге алтынды, басқа да асыл металдар мен тастарды қабылдау, сатып алу және сақтау жөніндегі функцияларды жүктеу қажет. Асыл металдарды, оның ішінде зергерлік бұйымдарды дайындауға арналған асыл металдарды өткізуді Қазақ КСР Ұлттық мемлекеттік банкісі республика Президентінің өкімімен өткізуге тиіс.

Алтын қорын құру біздің шетелдік инвесторлар кредитінің кепілдіктерін қамтамасыз етуімізге мүмкіндік береді.

Және де айтқым келген ең соңғы мәселе. Бірде-бір жағдай, тіпті, республика егемендігінің түбегейлі жағдайы да өзінен-өзі оң нәтиже бере алмайды. Мұнда атқарушы өкімет органдарының белгіленген экономикалық саясатты нақты іске асыру жөніндегі қажырлы, күн сайынғы жұмысы қажет.

Естеріңізде болар, республика Жоғарғы Кеңесінің соңғы сессиясында Министрлер кабинетінің табанды түрде өтінуімен оның қарамағына нарық қатынастарын реттеу жөніндегі барлық жаңадан құрылған мемлекеттік органдар — мемлекеттік мүлік, жаңа экономикалық құрылымдарды қолдау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі мемлекеттік комитеттер берілді. Сөйтіп үкіметтің қолында барлық қажетті өкілеттіктер — парламент бекіткен заңдық негіз, іс-қимыл бағдарламасы, нарық қатынастарын жеделдету және экономикалық егемендікті іске асыру үшін ұйымдық құрылымдар бар.

Менің көзқарасымша, бүгінгі жағдай және республиканың егемендігін нығайту жөніндегі бірінші кезекті шаралар, міне, осындай.

КСРО Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс сессиясында сөйлеген сөзі

Мәскеу қаласы, 1991 жылдың 26 тамызы

Құрметті халық депутаттары!

Соңғы апта — жай күндер де, жай уақыт та емес. Ол бізді бүкіл өткен өміріміздің бөліп тұрған дәуір. Біз демократияшыл күштердің реакцияны тізе бүктірген жеңісін тойлау үстіндеміз. Біз өктемшіл режимнің қорасына тағы да айдап тығуға әзір болғандардың жолына кедергісін тосып қарсы тұрған мәскеуліктерге иіліп тағзым етеміз. Осынау қиын-қыстау жағдайда батыл ымырасыз айқындама ұстаған РКФСР Жоғарғы Кеңесіне, Ресей Президенті Б.Н. Ельцинге шын жүректен алғыс айтамыз. Біз Мәскеу көшелерінде қаза тапқандарды, жас демократияны өмірін құрбандыққа шалып қорғағандарды қатты қайғыра отырып еске аламыз. Осынау сәтте біз еліміздің барлық дерлік аймақтарында реакцияшыл күштерге қарсы күреске жанқиярлықпен қосылғандардың бәрін, 1986 жылдың өзінде әскери техникаға қарсы құр қол шыққан Алматы студенттерін, Тбилиси, Ереван, Баку, Вильнюс, Кишинев құрбандарын еске түсірмей тұра алмаймыз.

Алайда еліміздің болашағы үшін алаңдаушылықтың өткір сезімі біздің алдымызда тұрған, соңғы күндердің көрсеткеніндей, шешілуіне әлі де көп уақыт бар проблемаларды ой елегінен өткізуді талап етеді. Бүгінде біздің бәріміздің сана-сезіміміз басқа. Мұның өзі бізді Одақтың және Одақтық шарттың болашағына жаңаша қарауға міндеттейді. Жаңарған Одақтың ендігі жерде федерация бола алмайтыны мен үшін айқын. Өтіп кеткен уақыттың соңынан қууымыз жететін шығар. Украинаның өз тәуелсіздігін жариялауы, Белоруссияның осындай шешім әзірлеп жатқаны — өздерінен теріс айналуға немесе олар жоқ сияқты сыңай танытуға болмайтын жаңа тарихи ақиқат шындықтардың айғағы. Жағдай елеулі түрде өзгерді. Одақтық шартқа тез арада қол қоюдың белсенді жақтасы болғанымды сіздер білесіздер. Қазір де жақтап отырмын. Бірақ болып өткен оқиғалар ескі схеманың дүмпу қаупінің қаншалықты күшті екенін, қан төгілуіне әкеліп соғуы ықтимал екенін көрсетті. Одақты тең құқықты республикалардың достық одағы ретінде ұсынған Андрей Дмитриевич Сахаровтың айтқанына біз кезінде құлақ асқан жоқпыз. Бұл жайында ол бізден бұрын айтты. Енді оның айтқаны мүлдем дұрыс екенін біз түсінетін мезгіл жетті.

Осынау болашақ Одақ менің ойымша қандай болмақ? Өзара шарттық экономикалық келісімдер жасасу. Республикадағы біз бұған келісетіндердің бәрімен кең көлемді экономикалық қатынастарға ие болып отырмыз. Қазір 15 республиканың ешқайсысына да жан-жаққа тарау экономикалық жағынан тиімді емес. Сонымен бірге белгілі бір міндеттер жалпыодақтық органдарда қалып отыр. Менің ойымша, олар — ортақ шекараларды күзету, Қорғаныс министрлігі жанындағы ядролық қаруға ең жоғары бақылау кеңесі болуға тиіс. Оған Одақтың барлық мүшелерінің өкілдері қатысып, саусағын ракетаны іске қосатын тетікте ұстап тұрғандарды бақылайтын болады. Одақтың Қорғаныс министрлігі — біздің шекараларымызды қорғайтын нақ осы министрлік. Әрбір республикада армия болады. Ол қазірдің өзінде шешілген: РКФСР, Украина осыны ұйғарды, Белоруссия ұйғарымға

келгелі отыр. Біз Одақтың Қорғаныс министрлігі үшін әскери қызметшілердің қажетті санын жібереміз. Егер сырттан қатер төнетін болса, министрлік Одақты қорғау үшін барлық Қарулы Күштерімізді біріктіретін болады.

Бізде біріккен одақтық транспорт, республикалық транспорт жүйесі, соның ішінде — авиация транспорты жүйесі, республикааралық коммуникациялар, өзіміз бақылайтын меншікті коммуникацияларымыз, сондай-ақ республикааралық және өз байланысымыз болуға тиіс.

Халықаралық қатынастар — ортақ бағыттар белгілегенде, соның ішінде қарусыздану проблемаларын, жалпы дүниежүзілік проблемаларды және тағы басқаларын шешкенде ғана ортақ. Бірақ әрбір республиканың сыртқы саяси, экономикалық қызметін, басқа мемлекеттермен шарттық, сыртқы экономикалық, саяси өзара қатынастарын реттейтін толық құқықты Сыртқы істер министрлігі, сондай-ақ КСРО Сыртқы істер министрлігінің шетелдерге баруына немесе шетелдерден әлдебіреулерді қонаққа шақыруына рұқсат етуіне біздің азаматтардың тәуелді болмауы үшін толық дербес консулдық басқармасы болуға тиіс.

Біз КСРО аббревиатурасына үйренгенбіз. Оны қалдырып, Егеменді Республикалардың Ерікті Одағы деп оқуды ұсынамын. Республикалар деп мен барлық республикаларды, соның ішінде өзін егеменді деп жариялаған немесе жариялағысы келетін автономиялы республикаларды да айтып тұрмын. Біз кез келген ұлт өкілінің бүкілодақтық, республикалық форумдарда өз пікірін ана тілінде айтуына құқық беруге, әрбір адамның депутатты өз ана тілінде тыңдауына құқық пен мүмкіндік беруге тиіспіз.

Қысқасы, біз конфедерациялық шарт жасасуды ұсынамыз. Тек сонда ғана республикалардың шынайы тең құқықтығына жететінімізге, бәлкім, нағыз федерацияға тек сол арқылы жететінімізге сенемін. Оған мен кәміл сенемін. Ново-Огарево шартының іс жүзінде конфедерациялық дерлік екенін атап өткім келеді. Демек, адал мойындап, бәрін де ақыр соңында орын-орнына қояйық.

Экономикалық емес шартты тек тұрақты да тыныш жағдайда және адам құқықтарына толық кепілдік беретін және бір-біріне сенетін республикалармен ғана жасасуға болады. Хельсинки келісіміне сәйкес біздің территорияларымызда ұлты, діні, партиялылығы қандай да болсын адамның, әлбетте, фашистік пиғылдағыдан басқаларының, құқықтарына кепілдік берілуін сөзсіз қамтамасыз ету керек. Бұл үшін Қазақстан біздің көпұлтты республикамызда тұрақты жұмыс істеу үшін халықаралық комиссияны бірінші болып шақыруға әзір. Біз ескі жүйеден бізге мұра болып қалған адам құқықтарын бұзудың толық тоқтатылуын қалаймыз. Біз сондай-ақ, бәлкім, біздің республикамызда да психикалық ауруханаларда жатқан барлық сырқаттарды тексеру үшін сарапшылардың халықаралық комиссиясын шақыруға да әзірміз. Біз көп бөлігі әдеттегі кәсіпкерлік қызмет үшін жазалауға ұшыраған шаруашылық қылмыстар дейтіннің бәрін дереу қайта қарай бастаймыз. Осының бәрін біз сондай-ақ құқықтық мемлекет орнатудың және республикалық егемендіктің кепілі деп білеміз.

Мен Балтық маңы республикаларына, Молдоваға, Грузияға және заңды демократиялық жолмен тәуелсіздікке ұмтылыс білдіргендердің бәріне толық еркіндік беру мәселесін дереу шешуге шақырамын. Бәріне ешқандай есеп қоймастан және аты шулы миллиардтаған сом қарызды жүктеместен еркіндік беру керек. Өйткені, бір адам өмірінің өзі баға жеткісіз, ал біздің еліміздің халықтары

бостандық сүйгіштігін паш еткені үшін қаншама адам өмірін құрбан етті десеңізші. Және бұл соңғы құрбандықтар ма екен?

Сонымен, N+1 формуласы өткен шақта қалып отыр. Олай болса біздің жаңа Одақта ешқандай одақтық Министрлер кабинеті, ешқандай одақтық парламент, республикалар қадам басып отырған шарттық қатынастардан басқалары болмауға тиіс. Бүгінде ақиқат сәті келді. Сондықтан мен Қазақстаннан басқа республикалармен бірге Одаққа кіретін өзгеше негіздерді көріп тұрған жоқпын. Бұл, былайша айтқанда, стратегия. Ал таяу уақыттағы тактика — Министрлер кабинетін емес, қайта экономикалық қоғамдастыққа бірігетін барлық республикалардың өкілдері тең жағдайда жұмыс істейтін өтпелі республикааралық экономикалық кеңесті шұғыл түрде құру болуға тиіс. Кетуге ұйғарғандарға өз құқығын жүзеге асыру мүмкіндігін біз алдын-ала беруге тиіспіз. Бұл уақытша экономикалық кеңеске Одақтан шығуға ұйғарған, бірақ экономикалық ынтымақтастығын әзірше тоқтатпаған республикалар кіре алады. Өйткені, олар саяси тұрғыдан кеткенімен, қалған республикалармен экономикада одан әрі ынтымақтаса беретінін түсінеміз. Бізде заңды сайланған Президент пен парламент бар. Олар өз қызметін одан әрі жалғастыруда. Ол қызмет негізінен адамдардың осы қыстан аман шығуына және аштан өлмеуіне бағытталуға тиіс. Болашақ Одақ жөніндегі менің көзқарасым жалпы алғанда, міне, осындай.

Қорытындысында ешкімнің де қиялға берілмеуі керек екенін атап көрсеткім келеді. Қазақстан ешқашан да бірде-бір аймақтың «айыл-тартпасы» болмайды, ешқашан да оның «кіші інісі» болмайды. Біз Одаққа тең құқықтармен және тең мүмкіндіктермен кіреміз.

Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің кезектен тыс пленумына бірінші хатшы міндетін доғаратыны туралы мәлімдемесі

Алматы қаласы, 1991 жылдың 28 тамызы

Жолдастар!

Қастандық жасаушылардың қылмыстық тобын қолдаған КОКП Орталық комитеті басшылығының іс-әрекетін айыптай келіп, менің КОКП Орталық комитетінің Саяси бюросы мен Орталық комитеттің құрамынан шыққаным мәлім. Осыдан кейін іле-шала республикалық компартиялардың жекелеген басшыларының саяси мәлімдемелері жасалды. М.С. Горбачев Бас хатшы өкілеттігін доғарып, Орталық комитеті өзін-өзі таратуға шақырды және партия мүлкінің Халық депутаттары кеңестерінің бақылауына көшуі туралы Жарлық шығарды.

Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі принциптері мен оқиғалардың қисынын басшылыққа ала отырып мен, республика Президенті ретінде Қазақстан территориясындағы КОКП мүлкін оның меншігі ретінде жариялау туралы Жарлыққа қол қойдым.

Мен мемлекеттік төңкеріс кезіндегі КОКП басшылығының іс-қимылына өзімнің өткір теріс көзқарасымды тағы да қуаттаймын. Қиын-қыстау кезеңде — 19 тамыздағы республика халқына үндеуде, 20 тамыздағы саяси мәлімдемеде, КОКП Орталық комитетінің Саяси бюросы мен Орталық комитеттен шығу туралы мәлімдемеде айтылған айқындамамды сан мыңдаған қазақстандықтар қолдады. Мен еңбек коллективтерінен, еңбекшілерден, қатардағы коммунистерден қолдау көрсеткен жүздеген жеделхаттар алдым.

Қазіргі жағдайда мен қиын таңдау жасап тұрмын. Сөйтіп, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы міндетін доғарамын. Қазақстан Компартиясының Орталық комитеті өзінің қызметін тоқтату туралы жариялап, бірден-бір дұрыс шешім қабылдауға тиіс деп есептеймін. Бұл шешімді партияның қатардағы мүшелері қолдайды деп сенемін. Кезектен тыс съезд немесе конференция өткізу үшін ұйымдық комитет құру қажет. Компартияның бұдан былайғы тағдыры сонда айқындалуға тиіс. Облыстық комитеттерден бастап, қалған басқа партия комитеттері де осылай істеуге тиіс.

Қазақ КСР Президенті ретінде мен Қазақстан халқына берген антыма, жаңару, республиканың мемлекеттік егемендігін тереңдету, экономиканы түбегейлі реформалау саясатына, Қазақстанның территориясын мекендейтін барлық ұлттар мен ұлыстардың теңдігі, адам құқығын сақтау принципіне өзімнің адалдығым туралы бекем мәлімдеймін.

Мен біздің қоғамды қайта құру процесін қабылдаған және қолдаған еңбек коллективтерінің партия ұйымдары мен барлық ұрпақ коммунистерін ешбір жағдайда да кінәламайтынымды тағы да атап көрсеткім келеді. Осы адамдардың көпшілігі өз басшыларының принципсіздігі мен енжарлығының кепіліне айналған болып шықты. Оларды ешбір дәлелсіз қаралауға, және оның үстіне құдалауға жол берілмеуге тиіс. Бұл тоталитарлық режим уақытына қайтып оралу және барлық қазақстандықтарды топтастыру процесіне соққы болып тиер еді. Ал олардың

достығы мен келісімі талай сынақтан өткен. Қазақ КСР заңдарына сәйкес босатылған барлық партия қызметкерлері еңбекке орналастырылуға тиіс.

Мен сөзімді барлық қазақстандықтарға арнаймын. Бізде жалпы халықтың қолдауын тапқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер бағыты белгіленді; тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді сақтаудың төтенше жағдайларында талай рет сынақтан өткен жақсы дәстүрлері бар. Нақ осы жайт Қазақстанның беделін еліміз бен халықаралық деңгейде нығайтуға көмектесті. Сіздерден басталған істі қолдауды және жалғастыруды өтінемін.

Мен барлық еңбекшілерді, коммунистерді, саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстарды партияда болып жатқан істерге түсіністікпен қарауға, саяси өмірдегі өзгерістердің бүкіл тереңдігі мен қажеттігін түсінуге, ортақ демократиялық қозғалыста интернационалдық негізде бірігуге, заңдылықты сақтауға, ұйымшылдық пен тәртіпті нығайтуға, көпұлтты Қазақстанның болашағы үшін жоғары жауапкершілік сезіміне бөленуге шақырамын.

КСРО Президентінің өкілеттілігі бойынша КСРО Президенті мен одақтас республикалардың мәртебелі басшыларының КСРО халық депутаттарының төтенше съезінде мәлімдемесі

Мәскеу қаласы, 1991 жылдың 2 қыркүйегі

Құрметті халық депутаттары!

Үстіміздегі жылғы 19-21 тамызда жасалған мемлекеттік төңкеріс салдарынан егеменді мемлекеттер арасындағы жаңа одақтық қатынастардың қалыптасу процесі бұзылды, мұның өзі елімізді апат шегіне әкеліп қойды.

Бүліктен кейін елімізде қалыптасқан жағдай бақылаудан шығып кететін болса, ол еліміздің ішінде және шет мемлекеттермен қатынастарда болжап болмас зардаптарға апарып соқтыруы мүмкін.

Біз бүліктің сәтсіздікке ұшырауы, демократиялық күштердің жеңісі реакциялық күштерге және демократиялық өзгерістер процесін тежеген барлық нәрселерге елеулі соққы бергенін атап өтеміз, сөйтіп, елімізді жаңартудың түбірлі өзгерістерін жеделдету үшін тарихи мүмкіндік жасалды.

Мұндай жағдайда КСРО Президенті, республикалардың Президенттері және Жоғарғы Кеңестерінің төрағалары болып табылатын еліміздің заңды сайланған мәртебелі басшылары өкімет құрылымдарының бұдан былайғы қожырауына жол бермеу мақсатымен және республикалар арасындағы қатынастардың жаңа саяси, мемлекеттік жүйесі құрылғанға, өтпелі кезеңге арналған өкіметтің республикааралық (одақтық) құрылымдары құрылғанға дейін (жаңа Конституция қабылдағанға және соның негізінде жаңа өкімет органдарының сайлауын өткізгенге дейін) мынадай қажеттілікпен келісті:

1. Егеменді мемлекеттер Одағы туралы шартты әзірлеп, оған барлық тілек білдіруші республикалар қол қоюы керек, бұл Одақта олардың әрқайсысы Одаққа өзінің қатысу формасын дербес айқындай алады.

2. Барлық республикаларға, олардың декларацияланған статусына қарамастан, бірыңғай еркін экономикалық кеңістік шеңберінде өзара іс-қимылдар жасау мақсатымен және халық шаруашылығының қалыпты жұмыс істеуі, халықтың тіршілігін қамтамасыз ету, түбегейлі экономикалық реформаларды жедел жүргізу үшін шұғыл түрде экономикалық одақ жасасу жөнінде ұсыныс жасалсын.

3. Өтпелі кезең жағдайында:

- заң шығарушылық функцияларды орындау және егеменді мемлекеттер Одағының жаңа Конституциясын әзірлеу мақсатымен, одақтас республикалардан тең өкілеттік принципі бойынша, КСРО және республикалардың, Жоғарғы Кеңестері жіберген халық депутаттарының қатарынан 20 депутаттан халық депутаттары өкілдерінің кеңесі құрылсын;

- республикалардың ортақ мүдделерін қозғайтын ішкі және сыртқы саясат мәселелерін келісіп шешу үшін КСРО Президенті және одақтас республикалардың мәртебелі лауазымды адамдары құрамында мемлекеттік кеңес;

- халық шаруашылығын басқаруды үйлестіру және экономикалық реформаларды келісіп жүргізу үшін тең негізде барлық республикалардың өкілдерін қатыстыра отырып, уақытша республикааралық экономикалық комитет құрылсын;

Конституция әзірленгеннен кейін оның жобасын одақтас республикалардың парламенттері қабылдап, бекітуге, ал одақтас республикалардың өкілетті өкілдерінің съезінде түпкілікті қабылдануға тиіс.

КСРО халық депутаттары статусының барлық сайланған депутаттар үшін олар сайланған бүкіл мерзімге сақталуы қуатталсын.

Осыған байланысты біз съезге КСРО Конституциясының тиісті баптарының күшін уақытша тоқтату жөнінде өтініш жасаймыз.

4. Бірыңғай Қарулы Күштер мен әскери-стратегиялық кеңістікті сақтау, КСРО Қарулы Күштеріндегі, Мемлекет қауіпсіздігі комитетіндегі, Ішкі істер министрлігіндегі және Прокуратурасындағы түбегейлі реформаларды республикалардың егемендігін ескере отырып жүргізу мақсатымен қорғаныс саласындағы коллективтік қауіпсіздік принциптері негізінде келісім жасалсын.

5. КСРО өз мойнына алған барлық халықаралық келісімдер мен міндеттемелердің, бұған қоса қару-жарақты қысқарту және бақылау мәселелерінің, сыртқы экономикалық міндеттемелерінің қатаң сақталуы қуатталсын.

6. Азаматтардың ұлтына, тұрғылықты жеріне, партияға мүшелігіне және саяси көзқарастарына қарамастан, олардың құқықтары мен бостандықтарына, сондай-ақ саны аз ұлттардың құқықтарына кепілдік беретін декларация қабылдансын.

7. КСРО халық депутаттары съезі одақтас республикалардың Біріккен Ұлттар Ұйымына өздерін халықаралық құқық субъектілері деп тану және өздерінің осы ұйымға мүшелігі туралы мәселені қарау туралы үндеуін қолдауды өтінеді.

Қалыптасқан жағдайдың талап етуіне сай, аталған шараларды жүргізуді кешеуілдетуге болмайтындығына байланысты, біз съезге ұсынылған мәселелер бойынша шешімді шұғыл қабылдау жөнінде өтініш жасаймыз.

Қазақстан Компартиясының кезектен тыс төтенше съезінде сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1991 жылдың 7 қыркүйегі

Құрметті депутаттар!

Осыдан 10 күн бұрын, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің пленумы осы съезді шақыру туралы шешім қабылдаған кезде елдің де, республиканың да бұдан былайғы тағдырында көп нәрсе күңгірт болатын. Біздің әрқайсымыз, әрине, Одақтың болашағы туралы, қоғам өміріндегі саяси құрылымдардың рөлі туралы түсінігімізді түбірімен өзгерткен батыл оқиғалардың төніп келе жатқанын сезіндік. Нақ осылай болды да. Бүгін таңда біз тек стратегия мен тактиканы ғана емес, сонымен бірге қайта құру қозғалысының жалпы тұжырымдамасын да ой елегінен толық қайта өткізуді талап ететін мүлдем жаңа ақиқатпен бетпе-бет келдік. Бізге өмірдің өзі демократияның аса ұлы тағылымын алға тартты. Соның нәтижесінде Одақтық шарттың бұрынғы бүкіл құрылымы, өте әлсіз құрылымы күйреп, егеменді мемлекеттердің достық одағының принципті жаңа үлгісі дүниеге келді. Ол үйреншікті идеологиялық қағидалар мен саяси шегінулерге емес, қайта республикалардың бостандығы мен тәуелсіздігін сөзсіз танудың, олардың жалпы демократиялық кеңістіктегі өзара тиімді экономикалық ынтымақтастығының берік әрі бірден-бір ықтимал іргетасына негізделген.

Бұрынғы Одақ енді жоқ. Елдің тағдыры үшін бүкіл жауапкершілікті республикалар өз мойнына алды. Кейбіреулерге бұл бүгін таңда қасірет болып көрінуде. Бірақ бұл солай ма? Өздеріңіз білесіздер, мен Ново-Огарево келісімінің құлшынған жақтаушысы болдым, пленумдар мен съездердің мінберлерінен әрбір сөйлеген сөзімде дерлік, бұқаралық хабарлама құралдарында Одақтық шартқа тезірек қол қою қажеттігі туралы пікірді табандылықпен айтып келдім. Және мен өз сөздерімнен бас тартпаймын. Алайда біздің барлық күш-жігеріміз қасақана тежеліп қана қойған жоқ. Ең қорытынды кезеңде, былайша айтқанда, мәреге тікелей жақындағанда әміршіл-әкімшіл жүйені көксеген соңғы уәж — бүлік бұрқ ете түсті. Ол үшін одақтық келісімге қол қою өліммен бірдей болатын. Рас, бұл да оны құтқарған жоқ.

Қайта құрудың 6 жылы босқа өтпеген екен. Демократия жемісінің дәмін татқан халық оны тоталитарлық режимнің құрсаулы аясына қайтаруға тырысқан жанталасқан әрекетке батыл қарсылық көрсетті. Бұл жеңісте біз еліміздің барлық халықтарының қосқан үлесін әділ де айқын көріп отырмыз. Олар тек Мәскеуде, 1991 жылғы тамызда ғана емес, сонымен бірге одан әлдеқайда ерте Алматы мен Тбилисидің, Баку мен Кишиневтің, Вильнюс пен Ереванның алаңдарында қан төкті, демократияның салтанат құруы үшін өмірлерін құрбан етті.

Біз енді сапалық жағынан жаңа елде өмір сүріп отырмыз. Империялық дүние біржолата және оралмасқа кетті. Енді Шартқа жеткізетін алдағы жолды өркениетті негізде жүріп өту үшін тұрақтылықты сақтау өте маңызды. Мен оған қол қойылатынына кәміл сенемін. Біз сапалық жаңа принциптер негізінде, республикалардың тілегін ескере отырып бірігуге тиіспіз. Өзінің Одаққа қатысуының формасын республикалардың өздері айқындайды. Қатынастардың мұндай сан алуандылығы қандай да болсын саяси қысымнан және идеологиялық фетишизмнен ада, шынайы Одақтың басты кепілі.

Алайда, КСРО халық депутаттарының төтенше съезі қабылдаған шешімдердің едәуір кешеуілдегенін атап өтпей тұра алмаймын. Егер осыған ұқсас шешімдер

бұдан 1–2 жыл бұрын қабылданған болса, бәлкім, біз ерікті республикалардың ерік-жігері негізінде шынайы Одақты құра алар да едік, оның барлық субъектілерін сақтап, ұлтаралық жанжалдарға жол бермес едік. Әрине, басталған реформаларда әлдеқайда ілгері жылжи алатын едік. Сылбырлықтың, өмірлік ақиқатқа байсалды көзбен қарай білмеудің және осылай қарағысы келмеудің құны, міне, осындай. Осыған байланысты сіздерге тікелей сұрақ қойғым келеді: осынау кешігуде партия аппаратының консерваторлық бөлігі өзінің ең келеңсіз рөлін атқарған жоқ па?

Өзінің қазіргі жағдайына КОКП дәйекті әрі үздіксіз сырғып, дұрысын айтқанда, құлдырады. КОКП Орталық комитетінің 1985 жылғы көкек пленумында және Бүкілодақтық XIX партия конференциясында Коммунистік партияның жаңару жолынан өтуге тиіс екені туралы айқайлата жарияланған ұрандар кейінгі жылдарда жылы жауып қойылды.

Билікті халықтық үкіметтің заңды сайланған органдарына беру қажет екені туралы мәлімдемелер соның аяғын құшты. Ол органдар билікті партиядан күшпен тартып алғанға дейін іс орнынан тапжылған жоқ.

Ал басқадай болуы мүмкін бе еді? Бәлкім, болмас та. Гәп мынада. Партия шын мәнінде өз аппаратына бақылау жасаудан айырылды. Ал ол ондаған жылдар бойы партияға жат, арамтамақ организм ретінде дамып, конституциялық емес, бірақ құдіретті мемлекеттік жүйеге айналды. Партия құрылымдары жоғарыдан төменге дейін бүкіл қоғамды кеулеп, партия бұқарасының берекесін қашырып, оны кез келген бастамадан айырды, оның пікірін өзінің қалауынша пайдаланып келді.

Дүмпу мемлекеттік төңкеріс кезінде басталды. Оған КОКП-ның ең жоғары басшылығындағы кейбір адамдар қатысты болып шықты. Мұның өзі партияның және ең алдымен, партия органдарының онсыз да жоғары емес беделін енді біржолата түсірді.

Осы жағдайда менің аса оңай да әрі жеңіл де емес шешім қабылдауыма тура келді. Мен КОКП Орталық комитеті Саяси бюросының және Орталық комитетінің құрамынан шықтым. Ал содан соң Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы қызметін де тастадым. Жасырмаймын, кейбіреулер мені бұл қылығыңызбен партияның қатардағы мүшелерін өзіңізден алыстатып, олардың қолдауынан айырыласыз, деп ескертті. Мен оларға былай деп жауап қайтардым: бұл менің ар-ожданым мен намысымның ісі. Соңымнан ешкімді тартпаймын. Қалай қажет деп тапсам, солай істеп отырмын. Қазір республиканың түкпір-түкпірінен менің атыма қолдау білдірген хаттар мен жеделхаттар жіберген мыңдаған коммунистер мен партияда жоқтардың қолдауы жасалған қадамның дұрыс екеніне менің көзімді жеткізгенін айта аламын.

Кезектен тыс пленумда Қазақстан Компартиясының КОКП құрамынан шығуы және республикалық Орталық комитеттің қызметін тоқтату туралы мәселе қойып, мен өте дұрыс істедім деп ойлаймын. Жағдайға байыпты баға беріп, Орталық комитет өзін құрметке бөлейтін бірден-бір дұрыс шешімді дербес қабылдап, осы съезді шақырды. КОКП тұтас құрылым ретінде өмір сүруін тоқтатты. Енді оған қайтып оралу жоқ. Қазақстан Компартиясының тағдырын осында, осы съезде шешу керек.

Әділін айтуға тиіспін: Қазақстан коммунистері республикалық партия ұйымын көптеген жайсыздықтардан сақтай алды, әлдебір әсіре солшыл немесе әсіре оңшыл солқылдақтыққа салынған жоқ. Компартияның, оның қатардағы мүшелерінің арқасында республикада біршама тұрақты қоғамдық-саяси жағдай сақталды және сақталып отыр. Еңбек коллективтерінің партия ұйымдары жергілікті жерлерде өз борышын адал да ыждаһатты орындады.

Алайда КОКП-ның құрамдас бөлігі ретінде Қазақстан Компартиясы да, біздің партиялық құрылымдарымыз да талап биігінен көріне алмады. Олардың көбі уақыт жағынан үмітсіз артта қалып қойды. Партия бұқарасынан, оның үстіне халық бұқарасынан қол үзіп алды. Қандай түбегейлі заңдар қабылданса да, дағдарысты жоюдың, нарыққа көшудің қандай да болсын перспективалы бағдарламалары немесе қандай да болсын басқа бағдарламалар әзірленсе де, кейбір партия басшылары мен партия комитеттері, жақсы дегеннің өзінде, енжар күйінде қалды, көбінесе үнсіз қарсылық жасап, оң өзгерістерге тежеу болды. Мұның одан әрі жалғасуы мүмкін емес еді.

Мен осы айтылғандардың жаңару процестерін түсініп, республикада басталған демократияландыру процестерін қабылдаған, жаңа экономикалық қатынастарға, шаруашылықты жүргізудің прогресті формалары мен әдістеріне қарай ілгері басуды қолдаған бастауыш партия ұйымдарына, ең алдымен, еңбек коллективтеріне, қатардағы коммунистерге ешбір жағдайда қатысты емес екенін тағы да атап көрсеткім келеді.

Егер біз партияны боямалап жөндеу жолына түссек, бұрынғы партиялық құрылымдарды әлдеқалай сақтауға тырыссақ, бүгінгі күннің ақиқатына батыл қарау үшін өзімізден күш-жігер таппасақ, онда Қазақстанның сан миллиондаған еңбекші бұқарасының қолдауын көре алмайтындығымызға кәміл сенемін. Тек партияның ғана емес, сонымен бірге бүкіл егеменді республикамыздың, оның көпұлтты халқының да тағдыры біздің бүгін қандай шешім қабылдайтынымызға едәуір дәрежеде байланысты. Және де, ең алдымен, Қазақстанда экономиканы, әлеуметтік саланы реформалаудың, адамдардың әл-ауқатын арттыру, мәдениетті қайта түлету процестерінің қандай қарқынмен жүретіні де осыдан туындайды. Бүкілодақтық аренада да, дүниежүзілік аренада да республиканың беделі осыған байланысты.

Бүгін таңда біз партиямыздың атын ғана емес, сонымен бірге қызметінің сипатын, формалары мен әдістерін де өзгертетін түбегейлі шешім қабылдауымыз қажет деп ойлаймын. Біздің коммунистік қасаң қағидалардан бас тартуымызға тура келеді. Мен жаңылысып айтып отырған жоқпын. Мұраттардан емес, нақ қасаң қағидалардан. Төрелігін өздеріңіз айтыңыздаршы: коммунистік идеологияның капитал, нарық, меншік, оның үстіне жеке меншік ұғымдарымен үш қайнаса сорпасы қосылмайды деп ондаған жылдар бойына біздің санамызға құюмен келді ғой. Ал бүгін таңда біз басқа саяси бағдарды ұстанған, қоғамдық дамудың басқа тұжырымдамаларын уағыздаған елдермен тікелей байланысқа және әріптестік қатынастарға шығып отырмыз. Ал жуырға дейін, өз қолымызбен «темір перде» құрып, оларды тек таптық жаулар деп келдік.

Партияның төбе тобына ондаған жылдар бойы қызмет көрсеткен идеология бізді кеңес адамы дүние жүзіндегі ең азат адам деп сендірді. Бірақ сөз, ар-ождан және баспасөз бостандығын жариялай отырып, партиялық аппарат жаппай цензураны орнатты, партиялық ортада, оның үстіне партияда жоқтарының ортасында бастама мен демократияның кез келген өркендерін көктемей жатып түп-тамырымен жойып отырды.

Қысқасы, ықтасын ете отырып, тартымды коммунистік ұрандарды бүркемеленіп, партократия халықты арсыздықпен қанады, оның шынайы еңбек құлшынысына, ең асқақ патриоттық және интернационалдық сезіміне, жақсы, азат өмірге, теңдік пен әлеуметтік әділеттік мұраттарға деген ұмтылысына қиянат жасады. Іс жүзінде коммунистік идеология миллиондаған кеңес адамдары үшін бақытсыздық әкелді. Жалған қағидаларға негізделіп құрылған бұл идеология қоғамдық дамудың басқа жүйесімен тарихи таласта жеңіске объективті түрде жете алмады. Ал басқа жүйе болса жер шарының барлық қалған бөлігінде өзінің өміршеңдігін көз жеткізе дәлелдеді.

Бұл идеология: өзінің беделін түсірді деп танылған жөн. Ендеше біз болашақ жайында ойлағанда, қаусаған қасаң қағидаға бұрынғысынша жабыса береміз бе? Бұл, шынтуайтына келгенде, қисынсыз, тіпті, апатты болар еді.

Бізге принципті жаңа, басқаша аталатын партия қажет. Оның міндетіне «сәулетті болашақ» дейтіннің халыққа түсініксіз, схоластикалық мұраттарына қол жеткізу емес, нақты ізгі мақсаттарға қол жеткізу, ең алдымен, азаматтардың әлеуметтік қорғалуын, олардың құқықтары мен бостандықтарын, ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету кіретін болады. Сөз жоқ, бұл парламенттік үлгідегі, ұйымдық құрылыммен бұқара арасындағы жұмыстың бұрынғы принциптерін аулақ лақтырып тастаған партия болуға тиіс. Ол қоғамның саяси құрылымындағы орын үшін заңды, конституциялық әдістермен өз ықпалын тек еңбекшілердің игілігі үшін пайдалана отырып күресе алады. Және, әлбетте, барлық демократиялық партиялармен және қозғалыстармен сындарлы тең құқықты және құрметтеу диалогын сақтайтын болады.

Мұндай партия еңбекшілердің үміті мен арман-тілектерінің шынайы білдірушісі болады, өз қатарына көптеген адал ниетті адамдарды, өз республикасының патриоттарын, соның ішінде өз өмірін Қазақстан Коммунистік партиясымен мансапқорлық мақсатпен емес, қайта ар-ожданы мен жүрек қалауы бойынша байланыстыруға бағыт ұстағандарды тартады ғой деп ойлаймын.

Мұндай партия қазіргі республикалық партия ұйымының заңды ізбасары бола алады.

Партия мүлкінің белгілі бір бөлігі жалпыхалықтық пайдалануға, денсаулық сақтау, халыққа білім беру және әлеуметтік қамсыздандыру саласына бағытталуға тиіс екені туралы менің ойымды коммунистердің қолдайтынына сенемін. Бұл әділ болған болар еді. Нақты қадам ретінде мен партиялық демалыс үйлерінің немесе санаторийлерінің бірін ядролық сынаулар мен экологиялық апаттар құрбандарын сауықтыру орталығына айналдыруды ұсынамын.

Бәрін де орын-орнына қою үшін бүгінде байырғы партия қызметкерлерін ерекше толғандырып отырған нәрсе жайында да айтқым келеді. Олардың көбі абыржыған, белгілі бір психологиялық жайсыз жағдайда болып отырғаны құпия емес. Өйткені, қалыптасқан партиялық жүйенің кепіліне олар тіпті де өз кінәсінен айналып отырған жоқ. Ол адамдарға беталды өсек-жала жабылуына, олардың жөнсіз қудалануына ешбір жол бермейміз. Олардың істен тыс, өмірден қалыс қалуына да жол бермейміз. Оның өзі адамдық көзқарас тұрғысынан ашықтан-ашық әділетсіздік қана емес, сондай-ақ жол беруге болмайтын ысырапқорлық болар еді. Өйткені, партия жұмысына әдетте, халық шаруашылығының ең білікті мамандары, адамгершілік қасиеттері жоғары адамдар іріктелген болатын. Республикалық партия ұйымында жұмыс істеген жылдары мен бұған көз жеткіздім. Мен бұл мінберден кез келген, тіпті, ең тоқыраушылық және ең қолайсыз жылдарда қорқып-үркіп, әлдебір артықшылықтар үшін емес, қайта бар ар-ожданымен жұмыс істеген жанқияр партия мүшелеріне, менің жақын жолдастарыма шын жүректен алғыс айтпай кете алмаймын. Олар адамдардың көзіне әрқашан да тура әрі адал қарап келді және қарай беретін болады.

Бүгінде біз аса жақсы кезеңді бастан кешіріп отырған жоқпыз. Дегенмен де оның мәңгіге ұласпайтынына сенгіміз келеді. Ең бастысы — біздің белгілі бір мақсатымыз бар, республиканы бай да бақытты күйінде көруге деген ынтызар тілек баршылық. Бұл үшін нақты мүмкіндіктер мен ресурстар да жеткілікті. Бізде орасан зор игілік — Қазақстанды мекендейтін халықтардың достығы мен бірлігі бар. Сондықтан мен болашаққа сеніммен қараймын және басталған әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді демократияның жинақталған тәжірибесіне сүйене отырып, ортақ күш-жігермен қисынды түрде соңына дейін жеткізе аламыз деп үміттенемін.

Егемен мемлекеттер басшыларының кездесуінде сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1991 жылдың 1 қазаны

Құрметті әріптестер!

Кездесуімізді аша отырып, бүгінгі күннің айтулы күн екенін атап өткім келеді. Бұл жерде егемен мемлекеттердің басшылары бір ғана әрі өте маңызды мақсатпен — өткен жылдарда жасалған экономикалық байланыстардың бүлінуіне жол бермей және біріңғай экономикалық кеңістікті сақтай отырып, біздің республикаларымыздың арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты жаңа жағдайда берік қамтамасыз ету үшін жиналдық.

Меніңше, басты мақсат етіп саяси біржақтылықты емес, халықтардың мұң-мұқтажы мен мүдделерін қойып, жылдар және ондаған жылдар бойы қалыптасқан сан алуан экономикалық байланыстарды ақылмен пайдалана алсақ, іргені жаппай аулақ салу процесін тоқтатуға болады. Мұны қазір істемесек, біз оларды ақыр соңына дейін бүлдіріп алу тәуекеліне тап болып, іс жүзінде барлық республикалар экономикасының толық әрі ақтық рет күйреуінің болмай қоймайтын процестерімен бетпе-бет келеміз.

Біз республикалардың әрқайсысы өзінің экономикалық одаққа қатысу нысанын өзі айқындайтын қалауын ескере отырып, сапалық тұрғыдан жаңа принциптер негізінде бірігуге тиіспіз. Біреулер оған, мәселен, федерация мүшесі ретінде кірер, біреулер конфедерациялық бастаулар негізінде кірер, қауымдастықшылық атсалысу да әбден мүмкін. Осындай плюрализм — әлдебір саяси қысым көрсету мен идеологиялық фетишизмнен ада, нағыз қауымдастықтың басты кепілі.

Елде қалыптасқан ауыр ахуал бізден келісілген іс-әрекеттерді талап етеді, олар бірінші кезекте халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету, халық тұтынатын тауарлар өндіру, кәсіпорындардың тұрақты жұмысы көкейкесті міндеттерін шешуге бағытталуы тиіс.

Біздің кездесуіміз экономиканың одан әрі құлдырауын тоқтатуға және халықтың тұрмыс деңгейінің төмендеуін жоюға қабілетті ортақ экономикалық саясатты ойластыруға көмектеседі деп үміттенемін.

Бүгінгі кездесудің күн тәртібін сөз еткенде, құрметті әріптестер, мен Экономикалық қауымдастық туралы шарт жобасының соңғы нұсқасын қарауды, оның плюстері мен минустарын саралауды әрі қажет болса тиісті түзетулер енгізуді ұсынған болар едім.

Қалай болғанда да, біздің әңгімеміз жемісті әрі дұрыс болады деп үміттенемін. Біздің Қазақстан астанасының Достық үйіндегі осы үстелдің басында бас қосу дерегінің өзі де біздің халықтарымызды байланыстырып тұрған дәнекердің осыншама терең әрі берік екенін айқын дәлелдейді. Біздің бірлескен тарихымыздан көптеген даңқты әрі трагедиялық беттерді еске түсіруге болады. Бұл біздің ортақ тағдырымыз, ортақ өткеніміз болды. Біздің болашағымыздың қандай болатыны бүгін өзімізге байланысты.

Бостандыққа, ұлттың өзін өзі айқындауына, өзінің егемендігін бекітуге деген заңды ұмтылысы ешқандай жағдайда да адамзаттың татулық пен келісім,

өзара көмек пен тату көршілік, рухани туысқандық ауанында өмір сүру табиғи қалауына қарсы келе алмайды және қарсы келуге тиісті емес. Сіздердің бәріңіз осы көзқарасымды бөліседі деп сенемін.

Ертең «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ұшуға тиісті ғарыштық самғау қарсаңында республикалар бірінші басшыларының Қазақстан жеріндегі кездесуінің, меніңше, терең рәміздік мәні бар. Бүгін біздің демократиялық қоғам жолында бірлескен болашаққа табысты сөре беріп, нағыз тең құқықты және өзара тиімді экономикалық қарым-қатынастарға негізделген экономикалық қоғамдастықтың берік іргетасын қалау мүмкіндігіміз бар. Бізге бұл мүмкіндікті жіберіп алуға болмайды.

Назар салғандарыңыз үшін рахмет.

Республика күніне арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1991 жылдың 4 қазаны

Қадірлі достар!

Біз бүгін елеулі де ерекше мерекенің 1 жылдығын атап өтуге жиналып отырмыз. Халықтың еркі бойынша Қазақстанның тарихында жаңа бетті ашқан аса маңызды құжаттың қабылданғанына 1 жыл толды. Республиканың Мемлекеттік егемендігі туралы декларация Қазақ КСР-нің нақты тәуелсіздігі мен дербестігін орнықтыру процесін бастап берді.

«Нақты» деп атап айтып отырған себебім, қазір қолданып жүрген КСРО Конституциясына сәйкес, біздің республикамыз, одақтың басқа да республикалары сияқты, ондаған жылдар бойы егеменді мемлекет мәртебесін жай сөз жүзінде ғана алып келген еді. Конституцияның жылтырақ сөз саптауының арғы жағында унитарлық мемлекеттік жүйенің жаппай орталықтандыруға сүйеніп, қоғамның барлық салаларына бақылау жасап отыратын шын кейпі жасырынып жататын. Егер орталықтың тұтастай билеп-төстеуі экономиканың негізгі мәселелерін, сыртқы саясат пен қаржы бөлудің өзекті жайларын ғана емес, ұлттық табиғи ресурстардың пайдалануын да, тіпті, жергілікті өкімет орындарының істі ұйымдастыруы мен жұмыс жүргізуінің бастапқы арналарын белгілеуге де әсер етіп жатқан болса, республикалардың егемендігі туралы сөз болуы мүмкін бе?

Демократиялық процестердің қарқынды дамуына, ұлттық сана-сезімнің өсуіне негізделген қайта құрудың ой-қисынының өзі бізге егемендік жолындағы күрестің стратегиясы мен тактикасын айқын көрсетіп берді. Мұның бастау көзінде жергілікті көкірек керушілік те, орталықтың әмірін өзіміздің әмірімізбен алмастыру ниеті де жатқан жоқ еді, әміршіл-әкімшіл жүйенің сойылын соғушылар бізге осылай деп талай рет айып таққан болатын. Егемендік жолындағы күрестің жалғыз ғана мақсаты Қазақстан халқының саяси, әлеуметтік және рухани тұрғыдан толыққанды дамуын қамтамасыз ету, республиканың азаматтарына лайықты өмір сүретіндей жағдай жасау еді, қазір де онан басқа мақсатымыз жоқ.

Бұл мақсат еңбекшілердің қалың тобының тарапынан қолдау таппай қоймайтын еді. Жасы әртүрлі, ұлты әрқилы, мамандықтары мен әлеуметтік тегі өзгеше адамдардың Декларацияның жобасын қандайлық құштарлықпен, мүдделілікпен талқылағандары сіздердің естеріңізде болар. Республика егемендігі идеясын бүкіл халықтың қолдауы, тарихи актінің нақты мәтінін даярлауға бүкіл халықтың атсалысуы арқасында сол құжатты қабылдауға мүмкіндік ашылды. Демек, Қазақ КСР-нің Мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның жариялануы өзінің туып-өскен жеріне, ана тіліне, мәдениеті мен дәстүрлеріне, өз тағдырын өзі шешуіне толық құқы бар екенін айқын сезінген халықтың ерік-жігерінің жарқын көрінісі болды деп айтуға толық негіз бар. Қысқартып түйер болсақ, бұл дербес мемлекет құру құқы деуге болады.

Республикадағы демократиялық, құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістердің біртұтас тұжырымдамасы болып табылатын Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның маңызы өте зор. Ал, біздің Декларация

жобасының, сондай-ақ тілдер туралы заңның да орталық тарапынан қандай қарсылық туғызғаны есімізде. Сол кезде біздің атымызға небір айыптаулар, жазғырулар және ең қара түнек болжамдар айтылды ғой! Бұрынғы КСРО Жоғарғы Кеңесінің басшылығы осы құжаттарды қабылдауды барынша тежеп, республикаға қысым көрсету, ұлтаралық қатынастарды тұрақсыздандыру әрекетімен жағдайды әдейі ушықтырды да. Бірақ уақыт және өмірдің өзі біздің ісіміздің дұрыстығын дәлелдеді. Халықтың күнделікті қажеттері туралы емес, қайта өзінің тоталитарлық билігін сақтап қалу жайын күйттеген жаңа сәуегейлерден Қазақстанның көпұлтты халқы дана болып шықты. Адамдар Тіл туралы заң да, Мемлекеттік егемендік туралы Декларация да барлық қазақстандықтардың мүддесін қорғайтынын, шынайы тең құқықтыққа, бостандыққа және дербестікке жол ашатынын түсінді.

Сонымен бірге, ал мұның өзі әуел бастан-ақ атап көрсетілуде, Декларация жариялаған принциптерді жүзеге асыру ұзақ жылдарға созылатын табанды жұмысты талап етеді. Бүгін біздер Республика күнінің 1 жылдығын — біздің егемендігіміздің күнін атап отырғанда: оны нақты мазмұнымен толықтыру үшін не істелді? — деген сұрақ қоюға хақылымыз.

Егер басты нәрсе туралы айтатын болсақ, республика әкімшіл-әміршіл жүйеден түпкілікті қол үзіп, тіпті, еліміздің әлеуметтік-экономикалық та, сондай-ақ қоғамдық-саяси өмірінің де болжап болмайтын стихиялық даму процестерінің қысымында бола отырып, орталықтың еркіне сөзсіз бағынудан бас тартты. Саясатшылардың дүрдараздықтарына, реформаларды жүргізудегі дәйексіздікке қарамастан, Қазақстан өз халқының мүдделеріне сай келетін дербес бағытын табандылықпен жүргізді. Оның басты қырларының бірі — нарық экономикасына бастайтын батыл бағыты.

Рас, бұл бағытпен жүру кейде тым баяу әрі бойкүйездік сипатта болды. Біз ұзақ уақыт бойы өзіміздің миымызға сіңіп қалған идеологиялық қасаң қағидалар мен «адам келбетіндегі социализм» іспетті мәнсіз сөздердің шырмауына оратылумен келдік. Небір түбегейлі заңдар қабылданғанымен, нарыққа көшудің қандай да бір перспективалы бағдарламалары жасалғанымен, өзінің басты міндетін «идеялық тазалық» дейтінді сақтау деп білген партиялық құрылымдар үнсіз қарсылық көрсетіп, оң өзгерістердің тежегіші болып келді.

Мұның шексіз жалғаса беруі мүмкін бе еді? Әрине, жоқ. Қатып-семген қағидаларға құрылған коммунистік идеология өзінің өміршеңдігін айқын дәлелдеген қоғамдық дамудың басқа жүйесімен тарихи дауда объективті тұрғыдан жеңіп шыға алмады.

Біз бүкіл өркениетті дүние жүріп келе жатқан жолмен жүру үшін, көнеріп кеткен партиялық құрылымдарды жеңіл-желпі жөндеуден бас тартуға, идеологиялық қысымынан босанып шығуға өзіміздің бойымыздан күш таптық. Біздің алдымызда ашық экономиканы құру, республика байлығын халықтың қызметіне қою міндеті тұр. Мұны істеу оңай емес. Және біз нарыққа көшу жолының қиын боларын жасырмаймыз. Бастапқы өтпелі кезеңде біздің, сірә, жұмыссыздықтың белгілі бір үлесімен, инфляцияның өсуімен, табыстың тең бөлінбеуімен бетпе-бет кездесуге тура келетінімізді адамдардың білуі тиіс. Халықты нарық механизмдерінің әлеуметтік мәселелерді шешудегі мүмкіндіктері туралы тым артық оптимистік ойлармен жаңылыстыруға біздің хақымыз жоқ. Өйткені, біз күрделі экономикалық бетбұрыс жасап отырған жағдай онша қолайлы емес. Бізде нарық экономикасын ұйымдастыру үшін білгір кадрлар жетіспейді. Өтімді валюта қажетті мөлшерде жоқ. Бізде дүниежүзілік нарыққа шығу үшін бәсекеге түсе алатын тауарлар жоқ. Осының

барлығын іс жүзінде тақыр жерде құрып, сонымен бірге әбден тоз-тозы шыққан, дәстүрлі байланыстардың үзілуінен бүлінген халық шаруашылығын ми батпақтан сүйреп шығару керек.

Қысқасы, бізді қиын уақыт күтіп тұрғаны сөзсіз. Қиыншылықтар көпшіліктің басына түседі. Алайда, дағдарыстан шығу қарқынды, тиімді, жоғары өнімді еңбексіз, белгілі бір құрбандықсыз мүмкін емес. Ал оған саналы түрде барып, сонымен бірге, әркімнің игілігі өз қолында екенін жақсы түсіну керек. Осы кезеңде ұлттық келісімді сақтап, топтасу өте маңызды — бұл тұрмысты жақсартудың сөзсіз шарты. Ұсақтүйек саяси әбігерлікке алаңдамай, іске кірісу керек. Бізде қысқа мерзім ішінде алға, республиканың гүлденуіне қарай қадам басу үшін барлық мүмкіндіктер, зор өндірістік және ғылыми-техникалық потенциал, тамаша еңбек дәстүрлері бар. Біз аярлықтан және жәдігөйліктен арылған, бостандық ахуалына бөленген, адамның асқақ мақсатын жоғары қоятын қоғамдық қатынастардың өмірге келуіне серпін беруге міндеттіміз.

Біз қазірдің өзінде біршама нәтижелерге қол жеткізе алдық қой деп ойлаймын.

Бүгінде республикада қаржы саласында да, сондай-ақ өнеркәсіптің, құрылыстың және әсіресе ауыл шаруашылығының көптеген салаларында өзін көрсете білген жаңа, мемлекеттік емес сектор нақты жұмыс істеуде. Ол, нарық қатынастарына кәсіптік және психологиялық жағынан әзір жүздеген мың адамдардың еңбек және интеллектілік күш-жігерін өзіне шоғырландырып отыр. Бұған мемлекеттік және шаруашылық басқару құрылымы біршама өзгергенін қосып айту керек. Біршама қиыншылықпен болса да, біз нарық жолындағы көптеген әкімшіл бөгеттерді жойып, еңбекшілердің іскерлік бастамасына өрісті қамтамасыз ете білдік.

Мұның бәрінің негізі нарық экономикасының құқықтық базасы болды. Меншік мәселелерін, кәсіпкерлікті дамытуды, халықты жұмыспен қамтуды, салық салуды, шаруа қожалығын, тұтынушылар кооперациясын дамытуды реттейтін аса маңызды заңдар қабылданды. Экономиканың мемлекеттік секторын жекешелендіру және монополиясыздандыру процесіне, меншік түрлерінің плюрализміне негіз қаланды. Президенттің одақтық бағыныстағы мемлекеттік ұйымдар мен кәсіпорындарды республика үкіметінің қарамағына беру туралы жарлығы жүзеге асырылуда.

Егемендік тек жалаң мақсат еместігін біздің бәріміз де айқын сезінуге тиіспіз. Адамдардың тұрмысында жақсылыққа қарай батыл өзгеріс болғанда ғана егемендік нақты мазмұнмен толығатын болады. Әрине, әзірше республика халқының тұрмыс жағдайындағы елеулі бір өзгерістер туралы айтуға ерте. Дегенмен, өткен жылы кейбір оң өзгерістер байқалды.

Мәселен, қаржының тапшылығына қарамастан, ең төменгі еңбекақы және еңбекке ақы төлеу саласындағы әлеуметтік кепілдіктер туралы заңдар қабылданды. Азаматтардың ақшалай кірісін индекстеу тәртібі заң жүзінде айқындалды. Тауарлар мен қызмет түрлеріне бағалардың өсуіне, инфляциялық процестердің дамуына байланысты халықтың ақшалай шығынының орнын толтыру үшін оларды әлеуметтік қорғау шеңберінде толық және ішінара өтем көзделген. Биылғы жылғы сәуір айынан бастап халыққа білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет қызметкерлерінің еңбекақысы өсті. Аз қамтамасыз етілген азаматтарды әлеуметтік қорғау жүйесін жасауға бірінші кезекте назар аударылуда. Көп балалы отбасыларына, жеке басты аналарға, жетім балаларға және мүгедектерге жәрдем ақының жаңа мөлшері белгіленіп, қартайғандағы және мүгедектігіне байланысты зейнетақының, студенттер мен оқушыларға стипендияның мөлшері көбейтілді.

Менің Қазақ КСР Президенті ретінде қабылдаған алғашқы жарлықтарымның бірі республика жұртшылығы түсінушілікпен қолдаған Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына, жауынгер-интернационалистерге, қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасыларына қосымша жеңілдік беру туралы Жарлық болды.

Жалғызілікті қарттарға, соғыс және еңбек мүгедектеріне, басқа да аз қамтамасыз етілген адамдарға медициналық, әлеуметтік және материалдық көмек көрсету үшін республикалық Қайырымдылық қоры құрылды. Жұмыспен қамту туралы заңға сәйкес тиісті мемлекеттік қор жұмыс істеуде. Босаған қызметкерлерді және жұмыссыз адамдарды тегін кәсіптік даярлау және қайта даярлау жүзеге асырылуда. Жұмыссыздыққа байланысты жәрдем төлеу басталды. Азаматтардың жұмысынан айырылған кездеріне ерікті қамсыздандыру енгізілді.

Біз тұтыну қоржынын толтыру мәселелерімен де шұғылданудамыз. Халық тұтынатын азық-түлік емес тауарларды өндіру қарқыны өткен жылмен салыстырғанда 104%-ға өсті. Әсіресе, бұрын одақтық бағыныста болып келген жеңіл өнеркәсіп орындары ерекше табыстарға жетті. Жамбыл, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Целиноград облыстарында бұл көрсеткіш 112–126% мөлшерінде өсті. Мұның өзі биыл, былтырғыға қарағанда республика халқына 270 млн. сомның әртүрлі тауарларын артық беруге мүмкіндік туғызды. Мен мереке қарсаңында «Жетісу» аяқ киім бірлестігі, Талғар тігін фабрикасы, Қарағандының «Динамо» фабрикасы, Көкшетау тұрмыстық химия зауыты, Петропавлдағы С.М. Киров атындағы зауыт, Целиноград тау-кен химия комбинаты, «Шымкентшина» өндірістік бірлестігі сияқты кәсіпорындардың жұмысын атап өткім келеді.

Республикада күрделі тұрмыстық техника өндіру жолға қойылуда. Мәселен, шаңсорғыштар, тігін машиналарын шығару жолға қойылды, қазақ-корей бірлескен кәсіпорнының конвейерінен алғашқы теледидарлар шығарылды.

Азық-түлік тауарларына байланысты істің жайы анағұрлым күрделірек. Республика ішінде азық-түлік шығаруды арттыруға байланысты табандылықпен жұмыс жүргізудің арқасында және республикааралық көлбеу байланыстарды реттеу нәтижесінде астық өнімдеріне деген сұраныс толық қанағаттандырылды. Өткен жылғымен салыстырғанда ет, сүт, балық, мал және өсімдік майын, жеміс және көкөніс сату 90% деңгейінде сақталуда. Мен бұрын да айтқанмын, қазір тағы да қайталаймын. Біз астық өнімдерінің, ұнды және жарманы, ет өнімдерін және басқа да азық-түлік түрлерін тұтыну дәрежесінің қол жеткен деңгейін ешқандай жағдайда да төмендетпеуге тиіспіз. Көкөніс пен картоп сатуға тұрақты түрде түсетін болады.

Жаңа заңдарға сүйене отырып, азық-түлік проблемасын шешуге село халқы да, сондай-ақ қала халқы да барған сайын белсенді қосылуда. Мыңдаған фермерлік шаруашылықтар құрылып, меншікті аула қожалығы дамуда. Үстіміздегі жылдың өзінде-ақ 800 мыңнан астам отбасына бақша өсіруге арнап жер учаскелерін бөліп бере алдық. 900 мыңнан астам отбасының саяжайы бар. Бұл тек үстіміздегі жылы ғана қосымша 300 мың тонна картоп және көкөніс алуға мүмкіндік берді. Ал бақша өсіру және саяжай салу үшін жерге сұраныс өте көп. Таяуда болашақта біз бұл проблеманы да шешетін боламыз деп ойлаймын.

Бұрынғы кездердегі сияқты, қызмет көрсету саласына көптеген кінә тағылып отыр. Ал үстіміздегі жылы олардың көлемі біршама өсіп, қазір орта есеппен 1 тұрғынға 150 сом болды. Әңгіме, бірінші кезекте, қызмет көрсетудің сапасын арттыру туралы болып отыр. Ал мұның тек бір ғана жолы бар — ол мемлекет иелігінен

алу және жекешелендіру. Үстіміздегі жылы тұрмыстық қызмет көрсету саласының 7 мың шағын кәсіпорнын жекешелендіру белгіленген.

Республика бірінші кезектегі мән беріліп отырған проблемалардың арасында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жетілдіру де бар. Тұрғын үй салу, көркейту бізде тәп-тәуір қарқынмен жүргізілуде. Алайда сұраныс жоғары күйінде қалып отыр. Сондықтан тұрғын үй құрылысына және коммуналдық қызметтерді дамытуға бөлінген мемлекеттік күрделі қаржыны толығымен пайдалануға қол жеткізу өте маңызды. Жеке тұрғын үй құрылысына байланысты мәселелер бұрынғысынша көкейкесті күйінде қалып отыр. Біз тұрғын үйді жекешелендіруге үлкен үміт артамыз. Халыққа қазірдің өзінде 136 млн. сомға алаңы 3 млн. текше метрден астам 61 мың пәтер сатылды.

Егеменді мемлекет жағдайында халыққа білім беру, ғылым, денсаулық сақтау және мәдениет мәселелері ерекше қойылып отыр. Ұзақ жылдар бойы барлық осы салаларға күрделі қаржы бөлу атышулы қалдықтық принцип бойынша жүргізіліп келді. Нәтижесінде олар қиын жағдайға тап болып отыр. Ал оны түзетуге талай жыл керек. Бірақ соған қарамастан, тіпті қазір, республика бюджетіндегі шексіз жыртықты жамауға тура келіп отырғанның өзінде, үкімет жағдайды жақсарту үшін қолдан келген шаралардың бәрін қолдануда.

Халыққа медициналық және емдеу қызметін көрсету жаңаша өріс алып, бірқатар денсаулық сақтау объектілері іске қосылды. Көптеген босаған үйлер емдеу мекемелеріне берілді. Тек үстіміздегі жылы ғана Алматыда урология, Семейде радиациялық медицина және экология ғылыми-зерттеу институттары құрылды. Осы заманғы диагностикалық және денсаулықты қалпына келтіру орталықтары, мүгедектер мен балаларға білікті медициналық қызмет көрсету орталықтарының жүйелері өркен жаюда.

Аз уақыт ішінде халыққа білім беру саласында бірқатар жаңа оқу орындары, соның ішінде университеттер ашылды. «Қазақ КСР-дегі тілдер туралы» Заңын жүзеге асыру шеңберінде қазір жұмыс істеп жатқандарға қосымша қазақша тәрбиелеп, оқытатын 600-ден астам бала бақшасы мен жалпы білім беретін 200 мектеп ашылды. Ал республика бойынша барлығы 3 мыңға жуық осындай мектеп жұмыс істейді.

Мектеп жасына дейінгі және мектеп мекемелері жақсы дамуда. Ал оларда балалар ұйғыр, өзбек және тәжік тілдерінде сөйлеуге үйренеді. Мектептерде ана тілі ретінде 15 ұлт тілі — неміс, корей, дүнген, поляк, грек және басқа тілдерді оқыту енгізілді.

Мемлекеттік тілде оқу ісі жоғары оқу орындарында ұйымдастырылды.

Нарық жағдайында жұмыс істеу үшін кадрлар даярлау бағдарламасы белсенді түрде орындалуда. Нарық экономикасы саласындағы жұрт таныған бедел иесі, американдық ғалым В.В. Леонтьев: «Дарындарға жол ашпайынша, сіздер өздеріңіздің бірде-бір проблемаларыңызды шеше алмайсыздар» дегенін айта кету орынды. Шынында да, кадр саясаты бүгінде ең көкейкесті болып отыр. Сондықтан егер біз әміршіл жүйеден еркін нарықтық жүйеге шындап өтпек болсақ, онда мұны осы жолдан жүріп өткендерден үйренуге тиіспіз. Және де біздің дарынды жастарымызды оқыту керек. Осы мақсатпен республикада конкурс өтіп, 20 адамнан тұратын бірінші топ қараша айының басында АҚШ-қа тәжірибеден өтуге барады. Сондай-ақ қарашада Оңтүстік Корея мен Түркияға да осындай топ жібереміз. Германияда, Сингапурда, Қытайда кадрларды тәжірибеден өткізуге әзірлеу жөнінде байланыс орнатылды. Және бұл жұмыс жыл өткен сайын кеңейе түседі ғой деп ойлаймын.

Республиканың тікелей өзінде кадр даярлау жұмысы белсенді жүргізілуде. Тек биылдың өзінде ғана сыртқы және ішкі нарық проблемаларымен тікелей байланысты 14 жоғары оқу орнында 18 жаңа бағдарлама бойынша кадр даярлау ұйымдастырылды. Жуық арада біз АҚШ-тан және Батыс Еуропаның бірқатар мемлекеттерінен Қазақстандағы экономикалық және әлеуметтік реформалардан жасалған қор есебінен оқытушылар шақыру ниетіміз бар.

Байқап отырғандарыңыздай, бізге көптеген жаңа алуан түрлі мәселелерді шешуге тура келді. Күн сайын ол мәселелерге тап бола отырып, оларды өз бетімен жалғыз, басқа республикалармен интеграциясыз шешу өте қиын екеніне көзің жетеді. Қазақстан бұрын да тату көршілік байланыстарды барынша нығайтуға ұмтылып, Одақтық шарт жөнінде салиқалы берік айқындама ұстаған болатын. Сіздер ол шартқа қандай себеппен қол қойылмай қалғанын білесіздер. Соңғы айларда болған оқиғаларды қазір бағалай келіп, бұрынғы Одақтық шарт толық дерлік нақты емес екеніне, ең алдымен, әкімшіл-әміршіл жүйемен қандай да болмасын бір мәмілеге келудің мүмкін еместігінен, ол өзінің өмір сүруіне басты қатер деп танылған республикалардың егемендігін мүлде қабылдамағандықтан да мүлдем нақты емес екендігіне көз жетеді.

Тамыз төңкерісі ескі тоталитарлық режиммен, бұрынғы идеологиямен халықтардың жаңа демократиялық ұмтылыстарының арасындағы қарамақайшылықтың қаншама зор екенін айқын көрсетті. Сонымен бірге аты шулы ТЖМК-ның абыройсыз ақыры да заңды. Өйткені, ешкім де тарихты кері дөңгелете алмайды. Еркіндіктің таза ауасын жұтқан халықтың мойнына ешкім де тоталитарлық ноқтаны қайтадан кигізе алмайды. Алайда, абсолютті тәуелсіздік жоқ екенін ешқандай жағдайда да ұмытуға болмайды, өйткені, осы дүниеде өмір сүретіндердің бәрі де бір-бірімізге тәуелдіміз. Ол саяси, экономикалық, экологиялық немесе басқа да қоғамдық қарым-қатынастардың кез келген саласы болса да бір-біріне тәуелді. Еліміздегі барлық республикалармен, оның ішінде, әсіресе төңкерістің ауыр күндерінде демократия мұраттарына мызғымас адалдығын айқын танытқан Ресеймен дәстүрлі достық байланыстарды сақтау — біздің қасиетті борышымыз. Біз бұған әрқашан да жіті көңіл бөлдік және бұдан әрі де көңіл бөле беретін боламыз.

Сіздер білесіздер, біз биыл өзара міндеттемелердің орындалуына үлкен ықпал жасап отырған Ресеймен, Украинамен, Беларусьпен, Эстониямен, Өзбекстанмен, Қырғызстанмен, Тәжікстанмен, Түрікменстанмен және Әзірбайжанмен шарттар мен келісімдер жасадық. Аймақтық мәселелерді шешудегі тәуелсіздігімізді орнықтыруда, әсіресе экономикалық байланыстарды нығайтуда 13 егеменді республикалар басшыларының Алматыдағы кездесуі ерекше орын алады. Қауырт жұмыс істеу нәтижесінде РКФСР, Украина, Беларусь, Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түрікменстан секілді 8 республика Экономикалық қоғамдастық туралы шартқа 15 қазанға дейін қол қоюға әзірлігін білдірді. Ал Молдова, Грузия, Армения және Әзірбайжан бұл Шартқа кейінірек қосылу ниетінде.

Бұл оқиғаның бағасын асырудан қорықпай-ақ, оның зор оң перспективасы бар екенін айтуым керек. Алматы кездесуінің елімізде және бүкіл дүниежүзінде жақсылықтың нышаны, ортақ тағдыр байланыстырған халықтар достығын сақтау үміті деп қабылдануы тегін емес. Осы үміттің жүзеге асуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасау — біздің қолымызда.

Мемлекеттік егемендік туралы декларацияға сәйкес, Қазақстан бүгін халықаралық қарым-қатынастың дербес субъектісіне айналып отыр. Өткен кезеңде

біз өркениетті дүниеге тереземізді кеңінен аштық. Қазір олар біздің республикамызды, оның саяси және экономикалық картадағы орнын, іскерлік ынтымақтастықтағы шексіз мүмкіндіктерін танып-біле бастады. Қазақстанның Америка Құрама Штаттарымен, Франциямен, Австриямен, Ұлыбританиямен, Германиямен, Жапониямен, Сингапурмен, Италиямен үкіметаралық және іскерлік байланыстары кеңейе түсуде. Біз әсіресе Түркия Республикасымен, Қытай Халық Республикасындағы Шыңжан-Ұйғыр автономиялы ауданымен, Корея Республикасымен тығыз қарым-қатынас орната бастадық. Менің АҚШ Президенті Дж.Бушпен, АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Дж.Бейкермен, Корея Республикасының Президенті Ро Дэ Умен, Түркияның Президенті Т.Озалмен, Ұлыбританияның Премьер-министрі Дж.Мейджормен және бұрынғы Премьер-министрі М.Тэтчермен, Сингапурдың Аға министрі Ли Куан Юмен және басқа да көрнекті саяси қайраткерлермен кездесуім Қазақстанның халықаралық аренадағы рөлінің арта түсуінің айғағы болды.

Біз сыртқы экономикалық байланыстарды дамытуға зор назар аудардық. Бүгінде оған республиканың жүздеген кәсіпорындары мен ұйымдары қатысады. Бізде 35 бірлескен кәсіпорын тіркелді, 16 сыртқы экономикалық қауымдастық жұмыс істейді. Бірлескен халықаралық коммерциялық банк ашылды. Шетелдік серіктестердің қатысуымен ғылымды көп қажетсінетін өнімдердің бірнеше түрін, соның ішінде осы заманғы теледидарлар шығару, былғары-мех және ауылшаруашылық шикізатының басқа да түрлерін ұқсату, құрылыс материалдарын шығару ұйымдастырылды. «Дружба-Алашанькоу» теміржол магистралін пайдалануға беру «Жібек жолын» сауда қайта түлетудің нақты қадамы болып отыр. Ал мұның өзі Қазақстанның шығыс аймағы елдерімен ынтымақтастығын одан әрі дамытуға жәрдемдесетіні сөзсіз.

Біздің Шығысқа бағдар ұстауымыз республиканың географиялық жағдайымен, этникалық жақындығымен және мәдениетінің ортақтығымен ғана емес, ал бұлардың да маңызы кем емес, осы елдердің нарық тәжірибесі біз үшін неғұрлым қолайлы екендігімен түсіндіріледі. Біздің проблемаларымыз, айталық, Батыстың жоғары дамыған елдеріне қарағанда, оларға жақсы түсінікті. Қытаймен, Түркиямен, Корея Республикасымен, Сингапурмен байланыс қазірдің өзінде нақты жемісін беріп отыр. Мысалы, менің жуырдағы Түркияға сапарым кезінде бірқатар нақты құжаттарға қол қойылды. Олардың арасынан мен транспорт пен телекоммуникация саласындағы, сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы Қазақ КСР мен Түркия Республикасы арасындағы келісімді атап өтер едім. «Бейжің-Алматы-Ташкент-Ыстамбұл» азияаралық темір жол магистралімен байланысты мәселелердің кешені талқыланды. Оны іске қосу дүниежүзілік жүк ағымының схемасын едәуір өзгертіп, Қазақстан мен бүкіл Орталық Азияны Таяу Шығыс және Азия-Тынық мұхиты аймағы елдерімен сенімді байланысқа шығарады. Сонымен қатар, Алматы мен Ыстамбұл арасындағы тұрақты әуе байланысы туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Қазақстан мен Түркия арасында телекоммуникациялық тікелей байланыс орнату үшін 1992 жылы Алматыда жер үстіндегі 30 каналды станса салынады. Ол «Интенсат» космос спутнигі арқылы жұмыс істеп, тиянақты телефон байланысы мен теледидар хабарлары алмасылуын қамтамасыз етеді.

Анкара мен Ыстамбұлдағы Қазақстан мен Түркияның іскер топтары арасындағы келіссөздің нәтижесінде 28 млн. жуық американ доллары сомасында экономиканың әртүрлі саласындағы келісімдерге қол қойылды.

Қытай және Корея кәсіпкерлерімен де қызықты іскерлік шарттарға қол қойылды.

Шетел инвестицияларымен байланысты мәселелерді шеше отырып, біз тең құқықты серіктестер болуға тырысқанымызды атап өткім келеді. Іскерлік ынтымақтастықтың республика үшін мейлінше ұтымды, тиімді нұсқаларын табандылықпен іздестірдік. Бұл жұмыстың тәжірибесі бұл жерде іскерлік, таза шаруашылық тапқырлықтың мүлдем жеткіліксіз екендігіне біздің көзімізді жеткізді. Бұл міндетті іс жүзінде жүзеге асыру қоғамның саяси тұрақтылығын, ұлттық және ұлттан тыс құрылымдардың құқықтарын айқын ажыратуды, шетел бизнесінің жұмыс істеуі үшін құқықтық кепілдіктің тиісті жүйелерін құруды талап етеді. Батыс пен Шығыстың іскер топтары өздерінің капиталын жұмсау аясында Қазақстанның болғанына мүдделі екені сөзсіз. Бірақ олар бас-көз жоқ, тәуекелге бел буып, бар байлығынан айырылғылары келмейді. Олар біздің екіжақты және көпжақты қатынастарымыз құрылатын іргетастың беріктігіне көз жеткізгілері келеді.

Міне, сондықтан біз сыртқы экономикалық байланыстарды мемлекеттік-құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етуге осыншалық терең назар аударды қ. Республика Жоғарғы Кеңесі құжаттардың тұтас 1 пакетін қабылдады. Олардың арасынан мен «Қазақ КСР-дегі сыртқы экономикалық қызметтің негізгі принциптері туралы», «Шетел инвестициялары туралы», «Еркін экономикалық аймақтар туралы» заңдарды ерекше бөліп айтар едім. Министрлер кабинеті жасаған сыртқы экономикалық қызметті дамыту, республикалық валюта комитетін құру тұжырымдамасы мен тиісті бағдарламасының үлкен мәні бар. Сыртқы экономикалық салада дербестікті қамтамасыз ету үшін республиканың жеке валюта және алмас қорын, алтын қорын құру туралы шешім қабылдағанымызды сіздер білесіздер. Қазақстан валютасын енгізу мүмкіндігіне байланысты мәселелер зерттеліп жатыр.

Адамзаттық өлшем жөніндегі жуырда болып өткен Мәскеу конференциясы көрсеткеніндей, экономикалық ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесетін маңызды фактор КСРО-дағы адам құқығын қорғау проблемасын шешу болып табылады. Атап айтқанда, шетел саясатшылары мен бизнесмендері еліміздің әртүрлі аймақтарындағы ұлтаралық негіздегі жанжалдардың толастамай отырғанына алаңдауда. Ал мұның өзі алдымен біздің қайғымыз, біздің қасіретіміз ғой. Бүгінде құлдырап бара жатқан орталық оқиғалардың дамуына тиімді ықпал жасаудан және тиімді көмек көрсетуден толық айырылған жағдайда Ресей мен Қазақстан армян-әзірбайжан жанжалын реттеудің ауыр миссиясын өз мойындарына алды. Біздің егеменді республикалардың жоғары беделі қантөгісті тоқтатып, азап шеккен халықтарға татулық пен тыныштық әкелетіндігіне сенімдімін. Рас, бұл істің өзі адамның ақыл-ойы мен күш-жігерін көп қажет ететін аса қиын іс.

Мен Борис Ельцинмен бірге Таулы Қарабақта болғанымда ұлттар арасындағы қарым-қатынастың қандай шетін және осал болатынына, бір-біріне қаталдықпен қарсы тұрудың адамдарға қандай зор қайғы әкелетініне тағы да бір рет көзім жетті. Мен Қарабақтағы татулықты қорғай отырып, өз республикамдағы татулықты қорғадым, өйткені, ұлтаралық қырғи-қабақтың өртін ешқандай шекара да, ешқандай егемендік те тоқтата алмайды. Оны тек халықтардың парасатты еркі, олардың шынайы туысқандықты, тату көршілік қарым-қатынасты сақтауға деген жоғары жауапкершілігі ғана тоқтата алады. Қазақстандықтар мұны жақсы түсінеді және біздің берік достығымызға зәредей де болмасын жарықшақ түсуіне, тіпті, ұлтаралық жанжалға деген емеурін де білдірмейді деп сенемін. Қазақстан үкіметі өз тарапынан және мен Президент ретінде салиқалы ұлттық саясатты табанды түрде

жүзеге асырып, біздің интернационалдық бірлігімізге іріткі салуға бағытталған құйтұрқы іс-әрекеттің қандай түрінің болмасын жолын батыл кесетін боламыз.

Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңестің адамзаттық өлшем жөніндегі конференциясы төралқасының атына мен жеделхат жолдап, онда Қазақстан егеменді республика бола отырып, өзін КСРО-ның дүниежүзілік қоғамдастығы алдында осы проблема жөнінде қабылдаған міндеттемелерінің мұрагері деп есептейді және кез келген ұлт, діни сенім және партиялығына қарамастан, адам құқығын қамтамасыз етеді деп мәлімдедім. Сонымен бірге Қазақстанда кез келген уақытта адам құқығының сақталуын бақылайтын халықаралық комиссияны қабылдайтынымызға әзірлік білдірдім. Осы факт жайындағы хабар бүкіл дүниежүзіне тарап, біздің республиканың беделін көтере түсті. Мұның өзі бізді шынайы өркениетті мемлекеттер дәрежесіне жақындаттырған нақты дұрыс қадам деп ойлаймын.

Мен біздің республиканың өсіп келе жатқан беделін экология мәселелері, әскери ведомстволарға байланысты дәлелді, терең дәйекті және орнықты айқындама ұстауымызбен байланыстырамын. Біз қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстардың пәрменді қолдауы арқылы қазақ жерінде кез келген ведомствоның ойына келгенін істеп, иелік жасаған жауапсыздығын тоқтатуға ұмтылып отырмыз. Семей полигонының жабылуы оның нақты айғағы болып табылады. Біздің үкімет жуық арада республика территориясында орналасқан басқа да әскери полигондардың тағдыры туралы келіссөзді бастайды ғой деп сенемін.

Біз Аралды сақтау жөніндегі жұмысты бұрынғыдай табандылықпен жалғастыра береміз. Мұнда мен тек жалаң егес емес, экологиялық және әскери проблемаларды шешу негізінде орнықты, парасатты іс-қимыл қажет екенін атап көрсеткім келеді. Тек сындарлы келіссөз ғана біздің Атом өнеркәсібі министрлігімен, космоспен жұмыс істейтін ведомстволармен жемісті ынтымақтастықты жолға қоюға мүмкіндік берді.

Біздегі стратегиялық мақсаттағы ракеталарға сенімді бақылау орнату үшін қажетті шаралардың бәрін жасайтын боламыз. Ол Қазақстан өкілдерінің міндетті түрде қатысуымен еліміздің бірыңғай қорғаныс шеңберінде жүзеге асырылуға тиіс. Мұнымен бірге қол қойылған кеңес-американ шартына сәйкес стратегиялық шабуыл қаруын түбегейлі қысқартуға жан-жақты ықпал жасайтын боламыз.

Жалпы алғанда, республиканың әскери құрылысқа қатысуы жарияланған егемендікті жүзеге асырудың мәнді бағыттарының бірі болып табылады. Бірыңғай Қарулы Күштердің және шекара әскерлерінің бірлігін сақтау идеясын жоққа шығармай, біз Қазақстан территориясында орналасқан әскерлермен қарым-қатынасымызды қатаң құқықтық негізде, олардың республика Президентіне міндетті түрде қоса бағынуына ұмтылу ниетіндеміз. Осы мақсатпен қазір әскерлерді басқаратын мамандандырылған арнайы орган құру мәселесі ойластырылуда. Мүмкін ол Қазақ КСР-нің қорғаныс жөніндегі мемлекеттік комитеті болар.

Ұлттық ұлан құру республика қауіпсіздігін нығайтуда маңызды буын болуға тиіс. Бұл қадам толығымен заңды және егер қайғылы тамыз оқиғаларын ескерсек, қажет те.

Менің Жарлығыма сәйкес, үстіміздегі жылғы күзден бастап азаматтарды әскери қызметке шақыру республиканың мемлекеттік органдарының тікелей бақылауымен жүргізілетін болады. Бірінші кезекте біздің территориямызда орналасқан бөлімдер мен құрамаларды жасақтаймыз. Тек содан кейін ғана әскер қатарына шақырылған

қазақстандықтардың шамалы бөлігі әскери қызметін, флотта, әскери-әуе және десант әскерлерінде өтеу үшін Қазақ КСР-нен тыс жерге жіберіледі.

Өкімет пен басқарудың құрылымы және ұйымдастыру саласында қабылданған актілер туралы да айтпай кетпеуге болмайды. «Қазақ КСР-дегі жергілікті өзін-өзі басқару және халық депутаттарының Жергілікті кеңестері туралы», «Қазақ КСР Министрлер кабинеті туралы» заңдар қабылданып, республика Конституциясына тиісті өзгерістер енгізілді. Кезекте «Қазақ КСР-дегі мемлекеттік қызмет туралы» және «Қазақ КСР Прокуратурасы туралы» заңдар қаралмақ.

Таяу уақытта азаматтық және көшіп-қону туралы заң актілерін қабылдау керек. Бұл жерде біз Қазақстан халқы егемендіктің бірден-бір иесі және мемлекеттік өкіметтің қайнар көзі болып табылатындығын басшылыққа аламыз. Республика территориясында тұратын азаматтарға, — Декларацияда осылай жазылған — Конституцияда көзделген барлық құқықтар мен бостандықтарға кепілдік беріледі. Бұдан былай Қазақ КСР барлық көшіп-қону процестерін реттеуді өз қолына алады.

Қазір тиісті органдар Қазақстанның символикасы — оның гербіне, гимніне және жалауына, сондай-ақ біздің егеменді республикамыздың азаматтары награднталатын ордендеріне байланысты мәселені зерттеу үстінде.

Жүріп өткен жолына көз тастай тұрып, тегінде, біраз жұмыс тындырылғанына қанағатпен көз жеткізесің. Бірақ егеменділік, жаңа, барлық тұрғыдан алғанда осы заманғы мемлекет құру процесі енді ғана басталып отыр. Сондықтан оның негізгі нобайын, былайша айтқанда, бірден-бір дұрыс бас бағытын белгілеу бүгінде өте маңызды. Сол бағыттан таймай отырып, біз Қазақстанды дүниежүзілік өркениеттің даңғыл жолына шығара аламыз.

Осыған байланысты, біздің экономикалық егемендікке ұмтылуымыз ешбір жағдайда интеграция және біртұтас экономикалық кеңістік принциптерін теріске шығармайтынын ерекше атап өтемін. Ал олар, өз кезегінде, тиімді жұмыс істейтін республикааралық құрылымды қажет етеді. Қазіргі уақытта біз саяси және басқадай жағдайларға байланысты Экономикалық қоғамдастық туралы шартқа қол қоюға қиыншылықпен барып отырғаннан кейбір республикалардың белгілі бір қарсылығына ұшыраудамыз. Мұны, атап айтқанда, 13 егеменді республика басшыларының Алматыда жуырда болған кездесуі көрсетті. Оның нәтижесін жоғары бағалай отырып, әйтсе де әзірге кінәратсыз экономикалық кеңістік процесін тежеп отырған басты себеп туралы айтпай кете алмаймын. Менің көзқарасымша, ол республикалар арасында нағыз нарық байланыстарының әлі де болмауында. Мұндай жағдайда кез келген шаруашылық тәуелділігі үркітеді, бүкіл дүниежүзіндегі сияқты топтастырушы емес, қайта ажыратушы фактор болады.

Мезгілі жеткенде жағдай түпкілікті өзгереді ғой деп ойлаймын. Біз ортақ нарық идеясына сөзсіз барлығымыз бірге келеміз. Ал оны жүзеге асырмай қазіргі заманғы өркениеттің арнасына ену мүмкін емес. Оған қоса, объективті экономикалық қажеттілік бізді ашық түрдегі Ортақ нарық құруға, оған батыс кәсіпкерлігін кең, көп нұсқалы қатыстыруға мәжбүр ететінін айтқым келеді.

Мен ерте ме, кеш пе, біз тең құқықты саяси одаққа да міндетті түрде келіп жететінімізге сенімдімін. Қазірдің өзінде егеменді республикалар мен әртүрлі деңгейдегі олардың саяси органдары арасындағы өзара қатынастарды реттеудің ұтымды механизмінің қажеттігі өткір сезіліп отыр. Батыс Еуропаны, Ортақ нарыққа енетін елдерді алып қараңыздаршы. Олардың әрқайсысында егемендіктерінің кемшілігі жоқ. Алайда интеграция мемлекетаралық кеңістік құру жолын іздеуге

мәжбүр етуде. Экономикалық қажеттілігі мен парасатты ойды басшылыққа ала отырып, бұл елдер бірқатар ортақ саяси құрылымдар құрды. Өздерінің сыртқы саяси бағытының жекелеген элементтерін келістіруді тұрақты практикаға айналдырды. Оған қоса, Еуропалық парламент заңдарының мемлекеттер заңдарына қарағанда басымдылығы бар. Сондықтан егер белгілі бір елдің заңы жалпыеуропалық заңдарға қайшы келетін болса, өз заңдарыңды өзгерт немесе Ортақ нарықтан шық деп ақыл-кеңес береді.

Мұны шексіз егемендікке берілген кейбіреулерді асығыс шешімдерден сақтандыру үшін айтып тұрмын. Өткен жолға қайтып айналып соқпау үшін, бар нәрсеге күш пен уақыт жұмсап барлығын түп-тамырымен талқандаудың қажеті жоқ. Орталықсыздандыруды сандыраққа дейін жеткізуге, оны ақылға қонымды деңгейден төмендетуге болмайды.

Бұл күндері салиқалы саяси интеграцияға жету үшін республикаларда екіжақты, сондай-ақ көпжақты негіздегі мемлекетаралық қатынас жасау тәжірибесінің болмауы кедергі келтіруде деп ойлаймын. Екінші жағынан, тоталитарлық мемлекеттегі өмірдің өткен тәжірибесі, тағы да бағынышты жағдайда болудың қарапайым қорқынышы айтарлықтай кедергі болып табылады. «Одақ» деген сөздің өзі көптеген республикалар басшыларының буырқанған теріс көзқарасын туғызуы кездейсоқ емес. Демек, бәрі өз орнына келу үшін уақыт қажет.

Менің жеке өзіме біздің болашақ саяси коалициямыздың конфедерация формасын — егеменді мемлекеттер Одағын иемденетіні күмән туғызбайды. Оның құзырына мемлекеттік өмірдің соғыс жариялау мен бітім жасау, жалпы одақтар конфедерациясының субъектілерімен және шетел мемлекеттерімен шарттар жасау, қорғаныс, темір жолды, әуе және теңіз транспортын, атом энергетикасын пайдалану, банк, почта-телеграф ісін ұйымдастыру мәселелері, т.т. кіреді. Коалиция тұрпатының өзі бұрынғы КСРО-дан түбірімен ерекшеленетін салалы жаңа саяси құрылым болатынын айғақтайтынын атап көрсеткім келеді. Менің көзқарасымша, бұрынғы одақтас, сондай-ақ автономиялы республикалар конфедерацияның тең құқықты субъектілері болуға тиіс.

Егер Қазақстанда, көптеген басқа республикалардағы сияқты, мемлекеттік егемендік негізіндегі ұлттық өрлеу идеясы бұқараның санасын биледі, таптық мүдделерді де, партиялық мүдделерді де екінші қатарға ығыстырды десем, қателеспеспін деп ойлаймын. Мұндай құбылыстар тарихи заңдылық. Ол унитарлық одақтың ыдырауы, халықтардың тоталитаризм тұсауынан босануы процесін, олардың нұсқау бойынша емес, дербес, армандай күткен еркін кеңістікте өмір сүруді үйренсек деген тілегін бейнелейді.

Осы жағдайларда біршама жас қазақ ұлтына осы заманғы өркениеттің жетістіктерін пайдалана отырып, экономикалық қажеттілік және парасаттылық принциптерін басшылыққа ала отырып, барынша қысқа мерзімнің ішінде тоталитаризм мен шаруашылықтың бөлінуінен демократия мен дәулеттілікке қарай өтуі үшін тарихи мүмкіндік пайда болды.

Алайда, бұл туралы айта тұрып, мен соңғы уақыттарда пайда болған түбегейлі экономикалық және демократиялық өзгерістер бір ұлтты мемлекетте аса тиімді етуде-міс деген «сәнді» қағиданың жақтаушысы емес екендігімді ерекше атап көрсеткім келеді. Көпұлтты Қазақстан ерекшелігінің орасан зор артықшылығы бар екендігіне сенімдімін. Халықтар достығы — тек біздің басты және, тегінде, ең бірегей игілігіміз ғана емес, сондай-ақ біздің үмітіміз, біздің сеніміміз.

Қадірлі ағайын!

Қазақ КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның жариялануының 1 жылдығы біздің республикамыздың өміріндегі маңызды оқиғаларымен тұспа-тұс келгеніне қарап та талай ой түюге болады. Біз осы кеше ғана Байқоңырдан оралдық. Онда қазақ халқының тұңғыш космонавты Тоқтар Әубәкіровтың орбитаға шыққанын сіздер жақсы білесіздер. Бүгін мен космостық байланыс жүйесі арқылы Тоқтар мен және оның жанындағы жолдастарымен сөйлестім. Бәрінің де көңіл-күйі жақсы, ұшу сапары сәтті жасалып жатыр. Осындай орайы келгенін пайдаланып, сіздерге, сіздер арқылы көпұлтты Қазақстанның барлық халықтарына Тоқтардың республика күнімен құттықтауын, оның барлық жерлестеріне бақыт пен игілік тілеген ізгілік лебізін жеткізуді өзіме ғанибет санаймын.

Осындай маңызды оқиғаның тағы бірі — егеменді республикалар басшыларының Алматыдағы кездесуі. Бұл кездесудің нәтижесінде біздің ұзақ мерзімді және жемісті өзара ынтымақтастығымыздың негізі болып табылатын Экономикалық қоғамдастық туралы шарт жөнінде келісімге жетуге қарай үлкен қадам жасалды. Еліміз үшін осынау қиын-қыстау кезеңде біздің Қазақстан ішкі саясаттың оңды өзгерістерін айқындайтын республика болып отырғанын, біртұтас экономикалық кеңістікті сақтауға қоғамдағы тұрақтылықты нығайтуға бастайтын бастамалардың қозғаушысы болып отырғанын сезінудің өзі қуанышты жайт.

Республиканың абыройын арттыратын, беделін биікке көтеретін осынау оқиғалар сіздер мен біз өткен 1 жыл ішінде бірлесе атқарған қауырт та сан-салалы жұмыстың тікелей жемісі болып табылады. Мұның өзі шынында да сонарға із салғандай шаруа еді, осы шаруаның барысында Қазақстанның мемлекеттік егемендігінің іргетасы, оның ұлттық тәуелсіздігінің негізі қаланды.

Алдымызда мұнан да жауапты істер тұр. Бір жақсысы, енді біздің сүйенетін нәрселеріміз бар. Қайта құрудың қиындыққа толы күресі жолында қолымыз жеткен еркіндік — қоғамдық прогрестің басты кепілі. Өйткені, өзінің ең жүрек түкпіріндегі арман-мүдделерін жүзеге асыруға тек қана еркін мемлекеттің еркін адамдары ғана үміт арта алады. Бейнелеп айтар болсақ, республикамыздың ғарыш кемесі сөреден сәтімен аттанды. Мұның өзі біздің Қазақстан, алдан шығатын барлық қиындықтар мен қысталаңдарға қарамастан, сенімді тарихи орбитаға көтеріледі, сөйтіп, өркениетті әлемдік қоғамдастықта өзіне лайық орнын алады деген сенім ұялатады. Біздің бүгінгі еңбек етіп, өмір сүріп отырғандағы алға қояр асыл мақсатымыз да, міне, осы.

Қадірлі достар!

Сіздерді және барлық жерлестеріміз — қазақстандықтарды біздің ортақ мерекеміз — Республика күнімен шын жүректен құттықтауға, мықты денсаулық, игілік пен бақыт тілеуге рұқсат етіңіздер!

Алматы қаласы мен Алматы облысының сайлаушыларымен кездесуде сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1991 жылдың 15 қарашасы

Құрметті қауым!

Осы кездесуге келгендеріңіз үшін шынайы алғысымды қабыл алыңыздар. Мен сенім жүктелген адамдарға, менің атыма ізгі сөз айтқандардың бәріне өз алғысымды білдіремін. Ашығын айтсам, биылғы сайлау алдындағы науқанға қатысу маған оңайға түсіп отырған жоқ. Біздің онсыз да азап шеккен еліміз болжауға келмес, тіпті, мүлдем ойлап болмайтын тым көп проблемалардың астында қалды. Әсіресе, соңғы айларда олардың, тасқыны тым үдеп барады және оларды шешу барған сайын қиындай түсуде. Ал адамдар сенен нақты қайтарымды күтеді, уәде етілген тұрмыстың жақсаруын күтеді.

Менің өзім де келешекке үмітпен қараймын. Кейде тіпті көп кешікпей-ақ алдан жарық сәуле көрінетіндей болады. Бірақ ТЖМК мүшелері сияқты жаңадан пайда болған «Отанымыздың құтқарушылары» бас көтеріп, бірнеше сағаттың ішінде-ақ соншалықты зор еңбекпен қол қоюға әзірленген Одақтық шарттың ойран-топырын шығарды. Немесе, мысалы, Ресей бағаны ырықтандырады деген хабар ашық күнде жай түскендей әсер етті, ал олар бұл қадамның Қазақстанда және басқа республикаларда қандай үндестік табатынын ойлап бас қатырып жатқан жоқ. Ал біздің арамызда айқындамаларды келісіп алу туралы шарт бар. Ал мен ұлтаралық жанжалдар, республикалар арасындағы экономикалық байланыстардың қожырауы жайында айтып та тұрғаным жоқ. Міне, осының бәрі тұтастай алғанда, бізге қалыпты өмір сүріп, еңбек етуге мүмкіндік бермей отырған қуатты бүлдіргіш фактор болып табылады. Қазақстан ауасыз кеңістікте өмір сүріп отырған жоқ қой. Сондықтан еліміздегі кез келген келеңсіз құбылыс біз үшін ізсіз кетпейді.

Қысқасы, жағдай қиын. Президенттікке кім кандидат болмасын, қазір сайлау алдындағы науқан үшін ең лайықты уақыт емес екенін мен жақсы білемін. Оның үстіне, бір сәтте-ақ керемет болады, біздің қожырап тұрмысымыз тез түзеледі деп уәде беру мүмкін емес. Мен күні кеше ғана Батыс Қазақстанды аралаған сапардан оралдым. Ең түпкірдегі ұжымшарлар мен кеңшарларда, қарапайым адамдардың арасында болдым. Сол жерде тіпті ақсақалдар менен: «Бізге осы сайлаудың қажеті не? — деп сұрады. Бәрі де сені біледі, саған сенеді...». Мүмкін, мұндай сауалдар осы залдан қойылар және ол сауалды қазір өздерінің теледидарларының алдында отырған миллиондаған қазақстандықтар да қоятын болар.

Иә, мен саясатқа жаңа келген адам емеспін. Менің Жоғарғы Кеңеспен, республиканың басқа басшыларымен бірге жүргізіп келе жатқан жұмысым сіздерге белгілі. Мен жалған сыпайысымай-ақ былай деп айта аламын: мен қазақ халқының бүкіл дүниежүзіне белгілі бола түскенін мақтаныш етемін, өйткені, менің туған республикам әлемдік аренаға батыл шығып келеді.

Біздің республиканың бұрынғы Одақтың егеменді мемлекеттерін топтастырудағы, біртұтас экономикалық кеңістікті ұйымдастырудағы рөлін дүниежүзілік

қоғамдастықтың аса ірі елдерінің көшбасшылары жоғары бағалап отырғаны құпия емес. Мұның өзі объективті баға екенін сіздер білесіздер. Алайда мен бүкілхалықтық сенім мандатына ие болған Президенттің саяси салмағы дүниежүзілік аренада да, елде де бұрынғыдан да өлшеусіз арта түсетініне сенімдімін. Бүкілхалықтық сайлауды өткізу фактісінің өзі Қазақстанның демократиялық беделін анағұрлым көтереді, оның егемендігі мен тәуелсіздігін нақты практикалық мән-мазмұнмен батыл түрде толымды ете түседі. Менің сайлаудың от жалынынан тағы да бір рет өтуге келісім беруімнің бірінші себебі де осы.

Енді тамыз оқиғаларын еске түсіріңіздерші. Төңкеріске саяси тұрғыдан талдау жасау төтенше жағдайда өзінің өкілдігін халықтың қолынан алған Президент қана кертартпа, реакциялық күштерге қарсы ойдағыдай күресе алатынын көрсетті. Осы күштердің жанының қаншалықты сірі екендігі маған басқа кімнен болса да жақсы белгілі. Олар өздерінің ресурстарын әлі сарыққан жоқ. Ендеше осының бәрін біле тұрып, біз өзіміздің бұғанасы бекіп бітпеген жас демократиямызға қатер төндіруге хақымыз бар ма?

Үшінші себеп, Қазақстанның көпұлтты мемлекет екеніне байланысты. Бүкіл халықтың тануына қол жеткеннен кейін, Президент сол арқылы республикадағы барлық ұлттар мен ұлыстардың қолдауына сүйене алады. Мұның өзі бізде жүргізіліп жатқан ұлтаралық келісім саясаты бұрынғыдан да берік негізге ие болады деген сөз. Енді ешкім де Президентті, ол тек бір ғана ұлттың қамын ойлап, басқаларының мүддесін елемей отыр, деп кінәлай алмайды.

Ақыр соңында, ең бастысы. Төте сайлаудың қажеттігін бірқатар нақты іс-қимылды кідіріссіз жүзеге асыруды талап ететін күрделі экономикалық жағдайдың өзі алға қойып отыр. Бұл келе жатқан нарыққа қарай оңай қадам емес, ал олардың, турасын айтайын, халық арасында беделі бола қоймайды. Мен еркін баға, жекешелендіру, шығынмен жұмыс істейтін кәсіпорындарды жабу, ал мұның өзі жұмыссыздықты, басқа да әлеуметтік ауыртпалықтарды туғызатыны туралы айтып отырмын. Экономикалық ми батпақтан тезірек шығып, адамдардың жақсы өмір аңсау мерзімін барынша қысқарту үшін, тек бүкілхалықтық сенім мандатына ие болған Президент қана осы ауыр, бірақ мүлдем қажетті шараларға табанды түрде бара алады.

Қысқасы, қандай мәселені қолға алсаң да, әрқайсысы бүкілхалықтық сайлау проблемасымен қатаң байланысты. Көріп отырсыздар, ол қолдан жасалмай, өмірдің өзінен туындап отыр. Оның негізінде, кейбір алысты болжамайтын саясатшылар ойлап отырғандай, барлық толық билікті қолға алуға өзімшілдікпен ұмтылу емес, қайта объективті қажеттілік жатыр. Оның үстіне, биліктің толық болуы жауапкершіліктің де толық болуын қажет етеді. Ал оны өз мойнына алу, сеніңіздер, оңай іс емес.

Және тағы да. Негізінде қазірдің өзінде істелген және белгіленіп отырған саяси қадамдардың дұрыстығына менің еш шүбәм жоқ. Бірақ толық сенімді болу үшін, біз таңдаған мақсаттар туралы, сондай-ақ оларға қол жеткізу құралдары жөнінде бүкіл халықтың пікірін білгім келеді. Менің тарапымнан мұндай ниеттің болуы әбден орынды әрі түсінікті ғой деп ойлаймын. Мұны айқындап алу, сонымен бірге, біз терең дағдарыс қыспағында қалып отырғандығымызға орай маңызды. Ал ол миллиондаған адамдар өмірінің жайсыздығы мен әлеуметтік-саяси шиеленістен

ғана өз көрінісін тауып отырған жоқ. Бұл сондай-ақ қоғамдық сананың, бұрынғы көзқарастар мен ұғымдардың да дағдарысы.

Ол:

- қалай өмір сүру керек,
- неге және кімге сенуге болады,
- елімізді не күтіп тұр,
- біздің балаларымыз бен немерелеріміздің тағдыры қандай болады? –деген жан күйзелтетін сұрақтарды туғызады.

Мен бұл сұрақты өзіме де қойдым және қазір, республиканың өркендеуі мен гүлденуі мемлекеттік саясаттың негізіне — адам мемлекет үшін емес, қайта мемлекет адам үшін, деген тезис алынатын жағдайда ғана мүмкін екеніне терең сенімдімін. Іс жүзінде бұл Қазақстанда жеке тұлғаның барлық бостандықтары қамтамасыз етіліп, әркім өз мүмкіндігін жүзеге асыра алатын қоғам құруды білдіреді, ал онда адамның өзі ғана кез келген экономикалық және саяси құрылымдар қызметінің басты әлеуметтік басымдығына айналады.

Тұрмысымыздың құрылымын осындай деңгейге шығару үшін бірқатар түбегейлі проблемаларды шешу керек. Олардың ең бастысы, меніңше, еліміздің мемлекеттігінің тағдыры. Біз бұдан әрі де бірге жүреміз бе, әлде әрбір республика тәуекелге бел байлап дағдарыстан жалғыз шығудың жолын іздей ме? Егер бізді бұған мәжбүр етсе, әрине, жалғыз шығуға да болады. Бірақ бұл байланыстарды одан әрі үзу, экономиканың құлдырауы, тұрмыстың нашарлауы дегенді білдірер еді, ал мұндай келеңсіздіктерге жол бермеуге болады. Бұған қатысты менің көзқарасым сіздерге мәлім. Біз жоғары дамыған қоғамды тек өзара тиімді ынтымақтастықтың ортақ негізі ретінде біртұтас экономикалық кеңістікті сақтап, егеменді республикалардың қоғамдастығы арқылы ғана құра аламыз деп есептеймін. Нақ сондықтан мен Экономикалық қоғамдастық туралы шартқа қол қою үшін көп күш-жігер жұмсадым, ал ол болашақ саяси одақтың өзегі болуға да қабілетті.

Біздің болашақ саяси коалициямыз егеменді мемлекеттердің Одағы формасында болатыны мен үшін күмәнсіз. Ал оның құзырына байланыс, темір жол, әуе және теңіз транспортын, атом энергетикасын және басқаларды пайдалану сияқты мемлекеттік өмірдің осындай маңызды мәселелері жатқызылады. Коалиция үлгісінің өзі, КСРО деп аталатын және империяның барлық белгілерін өзіне жинап алған бұрынғы тоталитарлық мемлекеттен түпкілікті ерекшеленетін сапалы жаңа саяси құрылым болатынының айғағы.

Проблемалардың басқа бір ауқымы Қазақстанның нақты тәуелсіздігі мен дербестігіне қарай ілгерілеудің дұрыс стратегиясы мен тактикасын айқындауға байланысты. Мемлекеттік егемендік туралы декларацияны қабылдай отырып, біз ондағы айтылған принциптерді жүзеге асыру үшін көптеген жылдар бойы қажырлы еңбек ету қажет екенін атап көрсеттік. Алайда маңызды қадамдар қазірдің өзінде жасалды. Республика әміршіл-әкімшіл жүйемен біржола қол үзіп, орталықтың еркіне сөзсіз бағынудан бас тартты. Саясаткерлердің дау-дамайларына, реформаны жүргізудегі дәйексіздіктерге қарамастан Қазақстан өз халқының мүддесіне сай келетін өзінің жеке бағытын табандылықпен жүргізді. Мен үшін алдағы уақытта да республика мүддесін және ең алдымен, оның азаматтарының құқығын қорғау негізгі мақсатым болып қала береді. Бізге азаматтық пен көшіп-қону туралы заң актілерін

қабылдауымыз керек. Мен бұл тұста Қазақстан халқы бірден-бір егемендіктің иесі және мемлекеттік өкіметтің қайнар көзі екендігіне сүйеніп отырмын. Республика территориясында тұратын азаматтарға, деп жазылған Декларацияда, Конституцияда көзделген барлық құқықтар мен бостандықтар кепілдігі беріледі. Қазақ КСР барлық көшіп-қону процестерін реттеу мәселесін өз мойнына алады.

Біз ұлттық-мемлекеттік құрылымның, ұлттық саясаттың барлық проблемаларын адам құқығы мен бостандығын қамтамасыз ету астарынан қарауымыз керек. Мен үшін біздің республикамызда тұратын халықтар арасындағы ізгі ұлтаралық қатынастар мен достықты сақтаудан маңызды міндет ешуақытта болған емес. Ұлттық мемлекеттікті нығайтудағы, қазақ ұлтының тағдырына өзімнің жауапкершілігімді түсіне отырып, оның мәдениетін, тілі мен тарихын өркендетуге үнемі қамқорлық жасап отыратын боламын. Сонымен қатар Қазақ КСР-нің егемендігі туралы Декларацияны басшылыққа ала отырып барлық күш-жігерімді республикада оның барлық азаматтары үшін лайықты және тең өмір жағдайын туғызуға жұмсаймын.

Жалпы алғанда, ұлттық саясат пен оларды шешу проблемаларын менің қалай түсінетінім қазақстандықтарға белгілі. Ұлттық сана-сезімнің өсуіне келетін болсақ, мен бұл процесті қолдадым және барлық күш-қуатыммен қолдайтын боламын. Дегенмен ол асыра сілтеусіз, бүкіләлемдік прогреске бағытталғаны өте маңызды. Осыған байланысты әлі де жас қазақ ұлтына бүгін осы заманғы өркениеттің жетістіктерін пайдалана отырып, экономикалық мақсатқа сәйкестілік принципі мен парасатты мән-мағынаны негізге алып, аса қысқа мерзімде тоталитаризм мен шаруашылық күйзелісінен демократияға және өркендеуге көшуіне айрықша тарихи мүмкіндік туды деп ойлаймын. Бұған көз жеткізу үшін тіпті өткен жыл ішіндегі табыстарымызды обьективті түрде бағалауымыздың өзі жеткілікті.

Бізде проблемалардың көп екендігі сөзсіз. Дегенмен, біз өзімізге сырттан, біздің көршілеріміздің көзімен қарайықшы. Елімізде күйзеліс, экономика күйрей құлдырауда. Көптеген республикалар бұдан құтылудың жолын өздерінің ұлттық пәтерлерінде томаға-тұйық жабылып, өздерін басқалардың қырсығынан аулақ салу жолын іздей бастады. Басқалары өз бақытсыздықтарына кінәлілерді жанталаса іздеп, мәселе ұлтаралық қанды қақтығысқа дейін барды. Үшіншілері бұл кезде өздерінің жеке мүдделерін көршілері есебінен барынша қамтамасыз етуге тырысып, саяси картаны ойынға қосумен айналысты. Жалпы алғанда, шектен шыққан сепаратизмнің тұңғиығына құлап, кез келген жағдайда да аялап және қасиеттеп сақтайтын рухани игіліктеріміздің өзін жоққа шығаруда. Біз де өзіміздің егемендігіміз үшін күрестік және сол жолда аз табысқа жеткеніміз жоқ. Бірақ, сонымен бірге біз өзімізде Таулы Қарабақты қайталауға да, экономикалық былыққа да жол бергеніміз жоқ. Біз халықтардың туысқандық семьясы сезімін жоғалтқанымыз жоқ және оған кім мұқтаж болса, солардың бәріне достық қолымызды адал да ашық ұсындық. Қазіргі осы бір ауыр да бұлыңғыр кезеңде Қазақстан өзінің бет-бейнесін сақтап қалды, дұшпандар емес, достар тапты. Республика өзінің ішкі тұрақтылығын қамтамасыз етіп, оны басқа аймақтарға да тарату үшін қолынан келгеннің бәрін істеп жатыр. Бүгінгі таңда бізді болашақ жаңарған Одақтың кепілі, қиын дауларды шешудегі ара ағайын деп атанып отыр. Міне, дәйекті, салиқалы саясаттың, интернационализм мұраттарына адалдықтың құны осындай. Біздің мұны мақтан етіп, қастерлеуіміз үшін толық негіземіз бар.

Ал енді шетелде бізге қалай қарайтынын байқап көріңіздер. Өзінің үйінде тәртіп орната алмайтындарға шетелдік инвесторлар мен саясатшылар байланыс жасауға барушы ма еді. Бізге олар алаңсыз келуде. Бірақ мұның бәрі істің бір жағы ғана. Ал істің екінші жағы мынада: бізді мұқият қадағалаушы Батыс пен Шығыстың елдері бізді аса сенімді экономикалық серіктес деп танып отыр. Олар біздің жалпыадамзаттық қазынаны уағыздайтын шынайы демократиялық, ашық, бейбітшіл қоғамға ұмтылысымызды көре білді. Және де тек сөз жүзінде ғана емес. Қазақстандағы ядролық қаруға қарсы қозғалыс, ядролық полигонды жабу туралы Президенттің планетадағы тұңғыш Жарлығы бүкіл дүниежүзінде кеңінен үндестік туғызды. Бұл — Қазақстанның тұңғыш Президентінің бүкіл дүниежүзінде жоғары бағаға ие болған Жарлығы. Біз ядролық қарусыздану жөніндегі кеңес-американ Шартын мүлтіксіз орындауға деген шынайы тілегімізді білдірдік. Қазақстанға адам құқығы жөніндегі сарапшылар тобын шақыруым да лайықты бағаланды. Республиканың дүниежүзілік саяси процестің кеңінен танылған көшбасшылары М. Тэтчер, Дж. Бейкер, Г.-Д. Геншер, Ли Куан Ю және басқаларын қонақжайлылықпен қарсы алуы да тегін емес. Бір сөзбен айтқанда, өткен жылы егеменді Қазақстан дүниежүзілік қоғамдастыққа кіріп, бұрын әлемге аса әйгілі емес қазақ халқы оның тең құқықты және құрметті мүшесі болу үшін аса маңызды қадамдар жасалды. Бұл менің ғана емес, барлық қазақстандықтардың еңбегі. Бүгін осы залда 2 адам отыр. Олардың тағдыры осы жаңа ғана айтылғандарға толық дәлел бола алады. Олар — тұңғыш ғарышкер қазақ Тоқтар Әубәкіров пен оның дублері Талғат Мұсабаев. Тағы бір жаңалық. Таяуда КСРО Президенті тұңғыш рет қазақты бір елге Одақтың өкілетті елшісі етіп тағайындады. Республика егемендігін мазмұнмен толықтырудың осындай нақты мысалдары көп бола түсетініне сенімдімін.

Алайда, бұл жайында айта келіп, мен түбегейлі экономикалық және демократиялық өзгерістерді жүзеге асыру тек бір ұлтты мемлекетте ғана тиімді жүргізіледі дейтіндерді жақтаушылардың қатарында емес екендігімді ерекше атап көрсеткім келеді. Әр халық, яғни этномәдениет қауымы өзінің мемлекеттігін иелену тиіс деген сенім — ол қиял, сандырақ қана. «Бір халық — бір мемлекет» деген принцип тарихта жүзеге асқан емес. Жер шарында 5 млрд. халық болғанымен, тек 170 мемлекет қана бар. Бұл жерде мен көпұлтты Қазақстанның ерекшелігінің зор артықшылығы бар екендігіне сенемін. Халықтар достығы — біздің басты байлығымыз ғана емес, сондай-ақ біздің сеніміміз, біздің үмітіміз. Бұл қазақ ұлтының ғана емес, республикамыздағы барлық халықтардың дұрыс даму жолы.

Біз тек бүкіл қоғамымызды, барлық саяси күштерді топтастыру негізінде ғана табысқа жете аламыз. Менің жеке өзім республикада тұрақтылық, азаматтық тыныштық пен келісімді нығайтатын қозғалыстар мен партияларды қолдап, солармен бірге жұмыс істейтін боламын.

Көптеген партиялар мен қозғалыстар өздерінің бағдарламаларында ізгі мақсатты алға қоюда, алайда бұл орайда солардың көпшілігі топтасуды өз айқындамасының басқалардан асып түсуі деп түсінеді. Мұның өзі біз жүргізіп жатқан реформалардың қарқыны мен сипатына онша жақсы әсер етіп отырған жоқ. Бізде құрылып жатқан мейлінше белсенді және бұқаралық қозғалыстар өздерінің идеялық себептері бойынша емес, тек екі белгі — таптық немесе ұлттық белгі бойынша қалыптасып жатқандығы мені қатты мазаландырып жүргенін

айтуға тиіспін. Мұның өзі оңай, бірақ қауіпті. Мұндай жағдайда демократиялық мазмұн екінші кезекке ысырылады.

Бүгінгі таңда осынау барлық күштер өзара іс-қимыл жасаудың негізін таба ала ма, жоқ па, республикадағы жалпыұлттық келісімнің тағдыры, міне, көп ретте осыған байланысты. Міне, сондықтан бірлесу қажет, бір-біріне икемдік жасау есебінен емес, қалыптасып қалған көзқарастарды сын тұрғысынан қайта ой елегінен өткізу негізінде бірлесу қажет. Ондаған жылдар бойы бізді тек қарама-қарсылықтар күресінің қажеттігін ұғынуға үйретті. Диалектикалық логиканың құқығын қалпына келтіру және қарама-қарсылықты ұштастыру қажеттігін жете түсінетін уақыт жетті ғой деп ойлаймын, ал онсыз саналуандықтың бірлігі бола алмайды.

Менің кандидатурамды қолдаған қоғамдық комитетке сайлау алдындағы кезеңде күш-жігерлерін біріктірген Қазақстанның партиялары мен қозғалыстарына шын жүректен алғысымды білдіремін. Оларға көмегі мен қолдауы үшін ғана емес, үлкен ізгілікті мақсат жолында бірлікті шынайы көрсеткені үшін алғыс айтпақпын.

Сондай-ақ республикада елеулі топтастырушы рөл атқарып отырған біздің діни ұйымдарымызға да жылы лебіз білдіргім келеді. Менің Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының бас мүфтиі Рәтбек қажымен және Алматы мен Семей архиепископы Алексиймен бүгінгі кездесуім республиканың діндарлары да біз бастаған өзгерістерді қолдайтынына көзімді тағы да жеткізді.

Менен «Біз неліктен жаман тұра бастадық?» деп жиі сұрайды. Зор шикізат ресурсы, табиғат байлығы, ал бұлар бірнеше ұрпақтың өміріне жеткілікті бола тұра, бұл таза тұрмыстық мәселеден бүгінде саяси мәселеге айналуда. Жағдайды түсіндіру үшін таяудағы өткенге көз жүгірту қажет.

Орталықтан басқару, мемлекеттік меншік монополиясына негізделген біздің система 1970-ші жылдардың соңында өз мүмкіндігін толық сарқыды. Еліміз тек мұнай доллары мен шикізат ресурстарының басқа түрлерін экспортқа шығару есебінен ғана қалт-құлт етіп тұрды. Жағдай армияға шамадан тыс жоғары шығындармен, өнеркәсіптің тұтас салаларын милитарландырумен нашарлай түсті.

Экономикалық ынталандыру мен механизмдердің жоқтығынан ғылыми-техникалық прогресс іс жүзінде тоқтады. Экономиканың тиімсіздігі, оның шығындық сипаты әлеуметтік сала шығындарының өте төмен көлеміне себеп болды. Денсаулық сақтау, білім беру, мәдениеттің материалдық базасын дамыту деңгейі бойынша біз дүниежүзі елдерінің 50-ші қатарында қалдық. Материалдық ресурстарды бөлудегі «теңгермешілік» деп аталатын, сондай-ақ еңбекақының төмен деңгейі іс жүзінде еңбекке деген құлшыныстыжойып, еңбек этикасының нашарлауына, халықтың әлеуметтік енжарлығына әкеліп соқты. Халықты ішкі қарекеттен алаңдату үшін нақ осы кезеңде әкімшіл-әміршіл жүйе сыртқы жауларды іздеумен айналысты. Жүйенің экономикалық күйреуі идеологиялық және саяси шамшылдықтармен бірге оның басшылығын тікелей әскери арандатушылықтарға итермеледі. Ауғанстан — соның соңғы дәлелі. Сондықтан да қайта құру болмағанда, біз нағыз ядролық соғысқа дейін жетер едік.

Қазақстан үшін барлық қалыптасқан проблемалар нақты егемендіктің жоқтығымен тереңдей түсті. Оның зор табиғат байлығына орталық тек арзан шикізат көзі ретінде қарады. Осындай құрылым біздің экономиканың біржақты дамуына әкеліп соқты: республикада іс жүзінде қазіргі заманғы машина жасау мен электроника ғана емес, сондай-ақ халық тұтынатын тауарлардың көптеген түрлерін шығару

да жоқ. Одақтық министрліктер мен ведомстволардың бақылаусыз іс-әрекеттерінің нәтижесінде Қазақстанның бүкіл территориясы іс жүзінде экологиялық апат аймағы болып шығуы да қапаландырады.

Осының барлығын жете ұғына отырып, біз бүкіл өркениетті дүниежүзі жүріп келе жатқан ашық нарық экономикасына берік бағыт ұстадық. Бұл оңай жол емес. Көптеген жағынан ойлаудың өзін, сондай-ақ еңбекке деген көзқарасты да өзгертуге тура келеді. Өтпелі кезеңде, мен айтып өткендей, біздің жұмыссыздыққа тап болуымызға тура келеді. Ал ол бүркемелі күйінде қазір де бар. Фабрикалар мен зауыттарда, ұжымшарлар мен кеңшарларда бүгінде қажетті 3 адамның орнына 5 адам жұмыс істейді, еңбектің аз өнімділігі, жалақының төмен деңгейі осыдан.

Тек соңғы 1,5–2 жылда біз ресурстарды тиімді пайдалануды, өндірісті техникалық жағынан жаңғыртуды тек нарықтық жүйе ғана қамтамасыз ететінін ұғындық.

Қазақстанда тұтастай алғанда, экономикалық дағдарыстан шығуға және әлеуметтік нарық шаруашылығына көшуге бағытталған бағдар жасалған. Біз дағдарысқа қарсы шаралар кешенін жүзеге асыруға кірістік. Ол экономикалық жағдайды тұрақтандыруға көмектесіп және нарық қатынастарын қалыптастыру үшін қажетті жағдай жасайтын болады. Оларды енгізу батылдықты талап етеді. Көп нәрсе қаржы тапшылығын жеңуге, шығындарды қатаң қысқартуға байланысты. Бізге, әрине, Экономикалық қоғамдастық туралы шарт ережелерін ескере отырып, өзіміздің дербес қаржы-несие саясатымыз керек. Бірақ осының барлығы талдауды, экономикалық есептерді қажет етеді.

Біз үшін бірінші кезектегі міндет республикада тұтыну рыногын қорғау және азық-түлік проблемасын шешу болып табылады. Әртүрлі республикалардағы бағалардың бейберекеттігі, нарықты тұтыну тауарларымен толтырудың әртүрлі деңгейі жағдайында мұндай шараларсыз болмайды.

Қысқа мерзімде бон немесе соған ұқсас белгіні, ең алдымен, азық-түлікке енгізуді қажет деп санаймын. Олар соммен қатар жүріп, азаматтардың қолында тек бұлар болған жағдайда ғана осы немесе басқа тауарлар сатылатын болады. Бұл Экономикалық қоғамдастық туралы шартта бекітілген жалпыэкономикалық кеңістіктен бас тартуды білдірмейді. Әңгіме республика азаматтарының күнделікті мүдделерін қорғау жайында болып отыр. Қазақстан биыл құрғақшылықтан өзі де зиян шекті. Біз астықтың өткен жылғы деңгейінің жартысынан азын ғана жинап алдық. Әрине, өзіміздің тұтынуымызға азық-түлік астығы бізде жеткілікті, ешқандай аштық болмайды. Бірақ біз ішкі тұтыну рыногын қорғауымыз керек.

Азық-түлік проблемасын шешу үшін бірінші кезекте тапсырмаларды облыстық Кеңестерге жеткізу керек. 1992 жылдың наурызына дейін зиянды және төмен рентабельді ұжымшарлар мен кеңшарларды қауымдастықтарға, село кооператорлары одағына немесе фермерлікке ауыстыру қажет. Әлсіз шаруашылықтардың екіжақты келісім бойынша облыстық тұтынушылар одағының қол астына көшу тәжірибесі өзін тиімді жағынан көрсетті. Аудандық буындар бұған батыл баруы керек. Өйткені, бұл шаруашылықтарда басқа мемлекеттік тапсырыстарды орындайтындар сияқты табыс та, қосымша өнім де пайда болады.

Біз үшін еңбекке ынталандыруды күшейту мәселесі өзекті іс болып саналады. Және оны шешуге қандай принципті тұрғыдан келу өте маңызды. Тоталитарлық режим адамды меншік құқығынан айырып, оның ішінде өзінің жұмысшы күшіне де-

ген құқығынан айырып, халықта мифтік утопиялық сана-сезімді тәрбиеледі. Бұл — үнемі керемет сенушілік. Бірақ бұл өздігінен келмейді, сол кезде енді кінәлілер ізделеді. Біз әзірге бұдан арылған жоқпыз. Керемет деген үміт біздің бойымызда әлі күнге дейін бар.

Ал көптеген шетелдік экономистер Қазақстан өзінде бар ресурстарды тиімді пайдаланудың есебінен ірі шетелдік несиелерді алмай-ақ өзінің көптеген экономикалық даму бағдарламаларын дербес жүзеге асыруға мүмкіндігі бар деп есептейді. Мүмкін, мұның барлығы да тап осылай оптимистік бағытта тұрмаған болар. Бірақ шындық та мұнда аз емес. Жақында мен ресми сапармен болғанда Ұлыбританияның премьер-министрі мынадай бір ой айтты: Кеңес республикалары сырттан келетін көмекке сенімді болу үшін өздеріне өздері көмектесуі керек.

Дүниежүзінің тәжірибесі кез келген қоғамның әл-ауқатының негізі әр азаматтың және азаматтар коллективінің іскерлігі және кәсіпкерлігі екенін көрсетіп отыр. Оның айқын танылуы үшін адамдарға меншік беру, олардың өз ісін ұйымдастыруға мүмкіндік беру керек. Міне, сондықтан да жекешелендіру және мемлекет меншігінен алу жүргізіліп, жеке адамның және коллективтің кәсіпкерлігі қолдау табуда.

Біз бұған неге барып отырмыз?

Мемлекеттік меншіктің монополизмі, әсіресе біздің Одақ сияқты жабық үлгідегі қоғамда тоқырауға, қоғамның кертартпа қасаң жүйесінің азғындауына әкеліп соқтыратынын тарих дәлелдеп берді. Онда идеологиялық доктрина ақыл-ойдан, парасаттың дәлелдерінен асып түседі. Дүниежүзіндегі гүлденіп келе жатқан аралас экономикалы елдердегі істің жайын байқап көріңіздерші. Олардағы мемлекеттік меншіктің үлесі тым аз ғана. Мәселен, Жапония мен АҚШ-та ол тек 20%-дай, Ұлыбритания мен Францияда 40% шамасында.

Біздің елімізде мемлекеттік меншіктің, шын мәнінде иесіз меншіктің үстем болуы теңдік принципімен, оның теңгермешілік сияқты тұрпайы көрінісімен ұштасуы адамдардың іске деген ынтасының құлдырауына, немқұрайдылыққа, даму серпінінің жоғалуына әкеліп соқтырды.

Біздің ойлау жүйемізде бұған дейін дағдарыстың болатыны және нарық шаруашылығының мүмкіндігі туралы түсінік мүлдем болған емес. Нарықта біз үшін тосын жайттар көп. Қапы қалдыратын қателіктер де болады. Бірақ іс-қимыл жасау, нақты қадамдар жасау маңызды. Біз қазір өзімізді өзіміз сыпырта сынаудың және тіпті тоңмойындарды да қанағаттандыратын шешімдер іздестіру талабының молдығынан жапа шегудеміз. Біз әзірше нарыққа бастайтын қозғалыстың басында ғана тұрмыз. Оны тезірек қалыптастыру қажет, әйтпесе бұл кешігудің экономиканы күйретуі мүмкін. Бұл ретте мен Б.Н. Ельцинмен келісемін. Бірақ мұнда салмақтылықпен, ойланып-толғанып барып, әбігерсіз және қатерлі аптығусыз алға жылжуымыз қажет. Мен, мәселен, осы кезеңде барлық республикаларды өздерінің ұлттық валютасын енгізуден бас тартуға шақырамын. Әйтпесе біздің қазіргі сәйкессіздік пен қиындықтарымызға басқа да көптеген қиындықтар қосылады да біздің жалпы экономикалық кеңістік дегеніміз бос қиялға айналады. Кейінірек, бәлкім, біз ұлттық валютаға келерміз, бірақ қазір, терең дағдарыс жағдайында мұнымен айналысудың уақыты да, орны да емес.

Біздің алдымызда адамдардың еңбекке деген ынтасын қалай арттыру керек? — деген қиын сұрақ тұр. Бұл істе әзірше тұтыну рыногын қажетіне қарай

молықтырмайынша, яғни адамдардың күнделікті қажеттерін қанағаттандырмайынша, ешкімді де шын мәнінде ынталандыра алмайтынымыз айдан анық. Проблеманың түбегейлі шешімі халық шаруашылығын құрылымдық тұрғыдан қайта құруда болып отыр. Бірақ бұл жұмыс айтарлықтай ұзақ уақыт алады. Сондықтан халықтың кезек күттірмейтін қажеттерін қанағаттандыру үшін және адамдарды жақсы жұмыс істеп, көп еңбекақы табуға ұмтылдыру үшін, меніңше, барлық істердің алдында жүруге тиісті бірнеше нақты және шұғыл басым міндеттерді таңдап алуымыз керек және олар үшін жоғары лауазымды адамдар жауап беретін болады. Әңгіме мына төмендегілер жайында болмақ:

1. Азық-түлікпен қамтамасыз ету. Бұл туралы айтылған болатын және осы проблеманың шешіміне Премьер-министр С.А. Терещенко тікелей өзі жауап береді.

2. Халық үшін құрылыс кешенін дамыту, әсіресе жастар мен жас отбасылары үшін тұрғын үй салу бағдарламасын жүзеге асыру, осы мақсат үшін жеке және аралас құрылыс фирмаларын құру. Бұл бағыт Премьер-министрдің бірінші орынбасары Е.Г. Ежиков-Бабахановқа бекітілген. Бағдарламаның өзінің мәні жайында төменде айтамын.

3. 1995 жылға қарай жылына 70–100 мың жеңіл автомашина шығаратын және оларды Қазақстан халқына сататын қуаттарды жасау. Ең алдымен, олар құрастыру өндірістері болмақ. Ал одан кейін олардың төңірегінде ұсақ кәсіпкерлерді, шағын кәсіпорындар мен өндірістік кооперативтерді дамыту есебінен бірте-бірте дербес кәсіпорындарға айналдыру. Бұл міндет Премьер-министрдің орынбасары Қ.Қ. Бәйкеновке жүктелген. Бұл қиын әрі күрделі қаржыны көп қажет ететін, бірақ шешуге болатын проблема.

4. 1993 жылы өнім шығара бастайтын шетелдік тоңазытқыштар мен бейне көру жүйелерін шығаратын кәсіпорындар салу. Бұл міндет Вице-президент Е.М. Асанбаевқа жүктелді.

5. Шетелдік серіктестермен кооперациялау және ішкі одақтық мүмкіндіктер есебінен халықты әртүрлі мебельмен және аяқ киіммен қамтамасыз етіп, республика халқы үшін бұл проблеманы 1994 жылы жою. Оның шешімі үшін Қазақстан халқы алдында Премьер-министрдің орынбасары Қ.А. Абдоллаев жауапты.

6. 1994 жылдан кешіктірмей Қазақстан шикізатынан біздің отбасыларымыз үшін қазіргі заманғы тігін машиналары мен медицина құралдарын шығару жөніндегі қуаттарды жасау. Бұл жобаны жүзеге асыруға Премьер-министрдің орынбасары Д.Х. Сембаев жауап береді.

7. Республикада тұтыну көлеміне орай балалар тағамын, құтыдағы сыра, ыдыстағы жеміс және жидек шырындарын шығаруды 1994 жылы ұйымдастыру Премьер-министрдің орынбасары Б.М. Тұрсынбаевқа жүктелді.

Аталған басымдықтар еңбекке ынталандыруды, неғұрлым көп қаржы жинауға деген ұмтылысты күшейтеді, өйткені, мұның барлығы нарық жағдайында мол ақшаға түседі.

Қысқасы, осы шараларды іске асырудың барлық қазақстандықтар мен республика тағдыры үшін маңызды мәні бар. Адамдарда нарықтық қайта құру мен шаруашылық жүргізудің жаңа тәртібіне сенімі, ол сеніммен бірге нарыққа қолдау көрсетудің өзі пайда болуға тиіс. Ал онсыз нарық шаруашылығын жүргізуге көшу мүмкін емес. Біздің адамдар өздеріне сеніп, адал еңбегінің есебінен өз жағдайын

жақсартуға тиіс. Ал мұндай жақсы жағдай оны бүгінгі тапшылықты қолжаулық етіп отырған неше түрлі зиянкес құрылымдардан тәуелсіз етеді.

Бұл сенім нақты құқықтық кепілдіктер мен нормаларға сүйенуі керек. Біз таяудағы уақытта адал өркениетті кәсіпкердің жолынан барлық бюрократтық бөгеттерді алып тастап, оның іс-әрекетіне басқа жақтан негізсіз араласудан қорғамақпыз. Сондықтан шағын және басқа жеке кооперативтік кәсіпорындар ашудың өтініш беру тәртібін енгізу, оларды жергілікті әкімшіліктің күштеп тартып алуынан қорғау бірінші қадам болуға тиіс. Ал жергілікті әкімшілік өз құқығын кеңейтуді оларға күмәнді тыйым салу арқылы жеке баю мүмкіндігі деп түсінген сияқты.

Заңдар және оларды орындау жөніндегі ведомстволық актілер, бір жағынан, салық төлеуден бұлтару үшін құқық пен амалға әлі де көптеген мүмкіндіктер туғызып отыр. Қазынасы бос мемлекет — бұл жалған елес. Сондықтан бұл жерде қатал талдау және ережелерді қайта қарау қажет. Банктер қолма-қол ақшасыз есепті қолма-қол ақшамен есеп айырысуға айналдыруды бақылаудан айырылып, кейде әдейі, көз алдайтын әлсіздік байқатуда. Ал мұның себебі айдан айқын: клиент көп ретте несиенің бір бөлігін қылмыстық келісім арқылы банк қызметкеріне пара ретінде береді, ал ол із қалдырғысы келмей, оны ақшалай талап етеді.

Кез келген кәсіпорынның немесе шаруашылық органының өзінің тұрғылықты жері бойынша тек бір ғана есеп айырысу шоты болуға және ақшаны тек еңбекақы, зейнетақы, жәрдемақы және стипендия төлеу үшін ғана алуға хақы бар деп белгілеу қажет. Егер біз белгілі бір уақытқа дейін жекешелендіретін объектілерді басқа республикалардың тұрғындарына сатуға тыйым салып, өз азаматтарымызға басымдық берсек, әділ болар еді.

Ғаламдық мақсаттарды іс-жүзінде іске асыру үшін дәйектілік пен табандылық, нық саяси ерік пен дұрыс таңдап алынған тактика керек. Осыған байланысты мынаны ашық айтқанды қажет деп есептеймін:

1. Мемлекеттік, саяси, шаруашылық құрылымдар мен олардың қызметкерлерінің бәрі бірдей түбегейлі реформалардың жақтаушылары емес. Оны жүргізуге сондай-ақ билік қатынастарының, әсіресе жоғарыдан төмен қарай қатынастардың реттелмегені де бөгет жасайды. Ал ол жергілікті жерлерде айқын қос билікке, облыстық автономизм мен аймақшылдық көріністеріне әкеліп соғады. Республика азаматтары атқару өкіметін нығайтуды талап етеді. Көбіне кәсіпорындар, кооперативтер мен қауымдастықтар республиканың және оның халқының мүдделерімен мүлде санаспай ойларына келгенін істеуде. Ал қоғам болса мемлекет арқылы нақты ықпал жасау тұтқаларынан айырылған. Өндірісте тәртіп пен реттілік құлдырап кетті.

2. Қоғамды күрделі қайта құру кезеңінде атқарушы өкіметтің қожырауы жүгенсіз күйреткіш процестерді туғызды — әртүрлі жалған кәсіпкерлер мен алуан түрлі алаяқтар мемлекет мүлкін ешқандай жазасыз-ақ тонап жатыр. Мемлекеттік өнімдермен биржаларда, базарларда, кооперативтерде және коммерциялық дүкендерде көргенсіздікпен сауда жасауда. Олардың көпшілігі былықты және өкімет орындарының салғырттығын пайдаланып, мемлекет өнімдерін қайта сатудан, мемлекет кредитімен алыпсатарлық жасаудан шаш етектен пайда табуда. Сөйтіп, инфляция және сомның сатып алу қуатын құлдыратудан басқа ештеңе бітіріп отырған жоқ. Кәсіподақтар аспандап өсіп бара жатқан бағаны қуып жетуге ұмтылуда. Бірақ

жалақының молаюы дүкендердегі бос сөрелерге тап болып отыр. Мұның өзі қанша уақытқа дейін созыла бермек? Адамдардың, қоғамның, мемлекеттің өмір сүруінің негізі — өндіріс туралы қашан еске алынбақшы?

3. Кеңес, құқық қорғау және бақылаушы органдардың жекелеген қызметкерлерінің көлеңкелі экономикамен және қылмысты элементтермен жең ұшынан жалғасу процесі ашықтан-ашық жүріп жатыр. Парақорлық пен жемқорлық етек алуда. Қылмыстың басқа да түрлері көбейе түсуде. Ал осы орайда мемлекет алып ұйқыға кеткен сыңай танытуда. Біздің қаржы-банк және салық мекемелеріміздің суық қолды іскерсымақтардың республика қазынасына салық төлеуден бой тасалауына мүмкіндік беріп, нарықты ақшамен тоқтаусыз толтырып, инфляциялық процестерді итермелеуге деген қарекетсіздігі төзуге болмайтын іске айналып барады.

4. Еңбекке ақы төлеудің өсуі мен өндіріс көлемінің нақты артуы арасындағы ақылға қонымды байланыс жоғалған. Сайып келгенде мұның өзі кәсіпорындар үшін сөзсіз банкроттық, экономика үшін жалпы алғанда сөзсіз күйреу дегенді білдіреді. Экономикалық дағдарыстың тереңдеуі кезінде экономикадағы және өндірісті арттырудағы нақты жағдайға сәйкес келмейтін өлшеусіз тым көп әлеуметтік шағымдар мен талаптардың күшейе түсуі қатты өкініш туғызады.

5. Экономиканы басқарудың қалыптасқан құрылымы жасалып жатқан нарықтық ортаға әлі де тең емес және онда қарама-қайшылықтар болып, нарықтық өзгерістердің және бәсекелестіктің өрістеуін тежеп отыр.

Осындай жағдайды жоюдың батыл шаралары қоғамда және экономикада тұрақтандыруға бағытталған қажетті әрі шұғыл тактикалық қадамдар болып табылады. Егер Президент болып сайлансам, мен өз сайлаушыларымның еркін орындай отырып, ондай шараларды қолданамын. Мұның өзі нарыққа және оның заңдарына қайшы келмейді. Өйткені, дүниежүзінде еш жерде мұндай қатынастар берекесіздік жағдайында енгізілген емес, қайта оған керісінше, нарық ережелері мен механизмдер күшті атқарушы өкіметтің бақылауымен және оның көмегімен енгізілді. Адал кәсіпкерлер, тегінде, мемлекеттік реттеуді жақтайтын болар. Тәртіп пен реттілікті жолға қоймайынша, нарық қатынастарын өрескел бұрмалаушылықты батыл жоймайынша, біз банкрот республиканың кейпін сөзсіз киіп, ұзақ та терең экономикалық дағдарысқа ұшырайтын боламыз. Бұл жайында мен Қазақстанның барлық халқына ашық айтуға тиістімін. Қазіргі басты қатер экономикалық жағдайда бой тасалап отыр. Сондықтан мен өзіммен бірге жұмыс істеуге, Вице-президент рөліне осы мәселелерді шешуде мен баяндаған әдістерді қолдайтын, экономист-практик және ғалымдық тәжірибесі бар Е.Асанбаевты шақырып отырғаным тегін емес. Ол республика экономикасы үшін өте күрделі кезеңде аса пайдалы болады ғой деп ойлаймын.

Бағаның еркіндігі, кәсіпорындардың шаруашылық дербестігі, олардың бәрінің республиканың қарауына көшуі, жекешелендіру мен мемлекет меншігінен алу процесінің қанат жаюы жағдайында қазіргі басқару құрылымдарының бейім еместігі айқын бола бастады. Республика үкіметінің бата беруімен бұрынғы министрліктер салалық концерндердің ықтасынына бас сауғалап, кәсіпорындар есебінен шалқып өмір сүріп жатқан, бірақ олардың қызметінің тиімділігіне аз ықпал жасайтын ашық анахронизмді танытуда.

Сондықтан да келесі жылда қалыптасатын принципті жаңа жағдай экономиканы басқаруды түбегейлі қайта құруды, көп салалы бәсекелесуші жүйелерге көшуді талап етеді. Олар өздерінің банктері бар ірі өнеркәсіп-қаржы топтарына айналады. Олардың құрамына кәсіпорындар бір-біріне көмек көрсету, бұрынғыдай көбінекөп өзін ақтамайтын шетелдік серіктестіктерді іздеудің орнына Қазақстанның импортты алмастыру жөніндегі ішкі мүмкіндік проблемаларын шешу үшін пайдалану мақсатымен бірігетін болады.

Мұның өзі нарықтық ортаға сай келетін және көптеген кәсіпорындар мен шаруашылықтардың банкрот болуына жол бермейтін, сондай-ақ халықты жұмыспен қамтамасыз ету жөнінен алғанда өте маңызды шағын кәсіпорындар мен өндірістік кооперативтерді құруға топтастыратын құрылымдар болады.

Алдағы 1–2 жылға Президенттің Жарлығымен сыртқы саудаға мемлекеттік монополия, республикадан тысқары жерлерге шығарылатын барлық өнімдерге квота мен лицензия енгізу қажет деп ойлаймын. Барлық өркениетті елдердегі сияқты бізге де қатаң мемлекеттік реттеу, оның ішінде экспортқа энергия қуаттарын шығару лицензиясын конкурсты негізде сату қажет. Кәсіпкерлер олардың сыртқы нарыққа шығуға деген құқығын ешкім де тартып алмайтынын түсінуі керек. Бірақ олар, ең алдымен, республиканың мұқтажы үшін және мемлекеттің бақылауымен жұмыс істеуге міндетті. Аса көрнекті табыстарға жеткен Еуропа және Азия елдерінде демократиялық процестер басқарылатын белгілі бір шектеулер заң шеңберінде жүрді және олар экономикалық дамуға бөгет жасаған жоқ, қайта көмектесті. Демократия тәртіп пен заңды мойындауды талап етеді.

Менің тапсырмам бойынша мамандар тобы валютаны қорландырудың ықтимал көздерін есептеумен шұғылдануда. Алтын қоры мен алмас қорын жасау үшін асыл металдар мен тастарды өндіруді сан есе арттырудың бағдарламасы жасалуда. Олар өзінен-өзі-ақ қай валютаңнан да асып түседі және оның үстіне шетелдік инвестицияларды тартудың айқын кепілі болып табылады. Ал жуық арадағы тактикалық міндет ретінде экспорттық және импортты ауыстыратын өндірістерді құру мүмкіндігін анықтау керек.

Біз болашаққа әйтсе де оптимизммен қарауға тиістіміз. Қазіргі көркею дәрежесіне жеткен белгілі елдерден біздің айырмашылығымыз, біздің бастапқы жағдайымыз жекелеген позициялар бойынша олардан әлдеқайда артық. Қазақстан әртүрлі сипаттағы табиғи қазбаларға аса бай. Ал ол осының негізінде осы заманғы кез келген өндірісті ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бізде дүниежүзілік стандарт бойынша артта қалды дегенмен де аса қуатты өндірістік потенциал бар. Оны жаңа техника мен технологияны сырттан әкелу есебінен қысқа мерзімде шапшаң қайта құруға болады. Қазір 500 мың шаршы метр дайын тұрған бос өндірістік алаңдар бар. Оларды құрылысқа уақыт пен қаржы кетірмей-ақ, қажетті өндіріс үшін қазір де пайдалануға болады. Бізде білімді де білікті жұмысшы табы бар. Ол қысқа мерзімде шетелдік техника мен технология негізінде жаңа өндірістің талаптарына оңай бейімделе алады. Сондай-ақ бұрын ешқандай қажеті болмаған және жүзеге асырылмаған идеялардың аса бай арсеналы мен сан салалы интеллект те бар. Оларды ояту үшін жарыстастық және табыс үшін көтермелеу қажет.

Осы аса маңызды факторларға сүйене және шетелдің қатысуын орынды түрде пайдалана отырып, экономикада және оның құрылымдық қайта құруында

басқалардан бұрын елеулі секіріс жасай аламыз. Бірақ осыны жүзеге асыру үшін халықтың, әрбір еңбеккердің қолдауы, олардың тынымсыз еңбек етуге деген әзірлігі мен бастапқы қиыншылықтардан қаймықпауы қажет. Және тағы да, дамыған өркениеттің басты принципі ретіндегі тәртіп қажет. Сонда біз валюта әкелетін, технологиялық революцияны тездететін, тұтыну рыногында жағдайды тұрақтандыратын өндіріс құра аламыз.

Адамзат өркениетінің даму циклдарын зерттеуші ғалымдардың қорытындыларына қарағанда оның серпінді процесінің орталығы бірте-бірте Азия-Тынық мұхит аймағына қарай ойысуда. Олар бүкіл әлеммен бәсекелесуші Жапонияның, «жас жолбарыстардың» тұтас ұрпақтарының пайда болуы. Қытай экономикасының сәтті өзгеруі — бұл тағдырдың кірпияздығы емес, тарихи заңдылықтың нәтижесі деп есептейді.

Біздің республикамыз Еуразия континентінде аралық орынды иемденіп, белгілі бір транспорттық сыртқа шығу мүмкіндігі бола отырып, бұл процесте маңызды рөл атқара және әлемдік экономикаға тезірек кірігіп, өз халқының әл-ауқатын көтере алар еді.

Нарық жағдайында әрбір адамның, әрбір отбасының сәттілігі әлеуметтік масылдыққа емес, жеке жауапкершілікке, іскерлік пен ұйымдастырушылық қабілетіне байланысты болатыны жөнінде қоғамда айқын түсінік болуы керек. Бұл жағдайда республикада нарыққа көшудің келеңсіз салдарын бәсеңдету жөнінде шаралар жүйелерін жүзеге асыруға толық кепілдік берілетіндігін ескертер едім. Зейнеткерлікті қамтамасыз ету саласында, тұтыну рыногын тұрақтандыру және тауарлармен, азық-түлікпен толтыру, денсаулық сақтау, халық ағарту мен мәдениет салаларын қолдаудың мемлекеттік әлеуметтік бағдарламаларын әзірлеуде жүзеге асырылатын болады. Әлеуметтік қорғауға, ең алдымен, халықтың аз қамтылған жіктеріне айрықша назар аударылатын болады.

Дегенмен нарық жұрттың бәрін болмаса да, оның көпшілікті үркітіп отырғанын мен түсінемін. Оны енгізудің нәтижелері тек болашақта ғана көрінеді, ал біздің қазір өмір сүруіміз керек. Сонда да болса біз сындарлы түрде алға ілгерілеуге ұмтылып отырмыз. Үстіміздегі жылы халық ағарту, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет қызметкерлерінің еңбекақысы өсірілді. Аз қамтамасыз етілген азаматтарды, көп балалы отбасыларды, жетім балаларды қорғау жүйесі жасалуда. Зейнетақы мен стипендия өсірілді. Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектерді, интернационалист-жауынгерлерді, бірінші және екінші топтағы мүгедектерді қорғаудың нақты шаралары қабылданды.

Біз көптеген азаматтарға тұрғын үйді тегін алуға мүмкіндік беретін механизмді жасадық. Жеке үй, саяжай салуға жер бөлінеді, қажет етушілердің бәріне бау-бақша беріледі. Осының бәрі азаматтарды әлеуметтік жағынан қорғауға бағытталған жекешелендіру туралы заң адамдарға өз еңбегінің нақты жемісін сезінуге көмектеседі. Осыған қоса республикада жеке табыстың өсуіне барлық шектеулерді алып тастау саясаты әзірленуде және лайықты өмір тұрмысын қолдау үшін адал еңбекақы табу мүмкіндігін туғызуға жағдай жасалуда. Сөйтіп, еңбекшілерге бағаның өсуін өзі өтей алуына мүмкіндік беріледі.

Стратегиялық тұрғыдан мұғалімдердің, дәрігерлердің және басқа да бюджетті мекемелер жұмысшыларының табысы бизнес төңірегіндегі қызметкерлердің

еңбекақы деңгейінен көп кейін қалмауына ұмтылатын боламыз. Қазір біздің қаржы мүмкіндіктерімізге орай, алдымен ең осал әлеуметтік топтар қолдау көретін болады. Әлеуметтік көмек жүйесі белгілі бір адрестік бағытта болуы керек деп есептеймін. Сондықтан да инфляцияны ескере отырып, тұрмыстың ең төменгі деңгейі есептелінуде, халықтың қорғалмаған топтарына азық-түлік және киім-кешекпен нақтылы көмек көрсету механизмдері жасалуда.

1992 жылғы қаңтардың 1-інен бастап «Зейнетақы туралы» заңды жүзеге асырудың басты кезеңі басталады. Біз бұрынғы болған төменгі еңбекақы бойынша тағайындалған зейнетақы төлемін қайта қараудан жалтаруға құқығымыз жоқ, өйткені, оның мөлшері мардымсыз. Сондықтан қаржы проблемаларына қарамастан, мен 1992 жылғы 1 қаңтарға дейін белгіленген барлық зейнетақыға үстеме қосу жөнінде ұсыныс дайындауға нұсқау бердім. Бізде қарт және жұмысқа қабілетсіз азаматтарға мемлекеттік әлеуметтік қорғау мен қолдау көрсету үшін зейнетақы қоры құрылды және басқа қорлар да құрылатын болады. Оған қоса, мүгедектерді қорғау шараларының мемлекеттік бағдарламасы жасалуда, ал мұның өзі оларды еңбек және қоғамдық қызметке белсенді қайтаруды көздейді. Мен бірде-бір зейнеткер, жалғыз басты адам, мүгедек біздің назарымыздан және қамқорлығымыздан шет қалмауы үшін барлық мүмкіндікті пайдаланатын боламын. Жергілікті кеңестер, кәсіпорындар коллективтері, кәсіпкерлер, діндарлар бүкіл дүниежүзіндегідей көмекті қажет ететіндерге арналған қайырымдылық ісіне қатысады деп сенемін.

Жастар саясатын жүзеге асыруға байланысты басқадай проблемалар туып отыр. Бүгінде біз жас ұрпақ мәселесін мүлдем жаңаша ой-елегінен өткізіп, шешуге тиіспіз. Нақ жастардан мен біздің өмірімізді түпкілікті қайта құрудағы күрделі жұмыста арқа сүйеуге болатын өз жақтаушыларым мен одақтастарымды көретінімді айтуға тиіспін. Жаңа идеялерды түсіну және қабылдау, жаңарған қоғам құрушылары болу, өз тағдыры мен республика болашағын өз қолдарына алу жастардың ісі емес пе?

Әрине, мен нарық экономикасына көшудегі өтпелі кезеңнің қиыншылықтары, егер жастардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі тиімді шаралар қолданбаса, оларға ауыр соққы болып тиетінін айқын ұғынамын. Бұл шаралар жастар кәсіпкерлігінің өсуіне мүмкіндік туғызып, оның жақсы жұмыс істеп және көп еңбекақы табуға ниетін көтеруі тиіс. Нарыққа шетелде білім алуға қабілетті жаңа жас кадрлар керек. Біз қазірдің өзінде алғашқы 20 адамды іріктеп, АҚШ-қа оқуға жібердік. Бұл бағдарламаны біз бұдан әрі де кеңейтпекпіз. Ендігі кезекте — Оңтүстік Корея мен Түркияға топтар жіберу тұр. Бірақ мұның бәрі әзірге тегін көмек. Келесі жылдан бастап біз жастарды республика қаржысына шетелге жіберетін боламыз. Бұл үшін арнайы Президент қоры құрылды.

Жастар үшін басты мәселелердің бірі — тұрғын үй. Оны шешу жастардың тұрғын үй құрылысының арнаулы бағдарламасын жүзеге асыруды қажет етеді. Оның мәні, меніңше, мынада. Біріншіден, әрбір қалада және жұмысшы поселкесінде жеке немесе кооперативтік құрылыс фирмаларын құру қажет. Олар тапсырыс берушінің қаржысы немесе мемлекеттік несие есебінен жастар үшін тұрғын үй салар еді. Оның үстіне, жаңа ғана шаңырақ көтерген жас отау өз қалауымен отбасының болашақ құрамына қарай пәтерге тапсырыс бере алар еді. Оған қоса

ол өз қаржысынан тұрғын үй құнының 25% мөлшерінде алғашқы жарна жасайды немесе мемлекеттік несиеге өтініш жасайды. Ал оны жұмыс істейтін жас жұбайларға жеңілдік жағдайымен беру керек. Бұл несиені олар қандай да болмасын кәсіпорында жұмыс істей жүріп қайтарады немесе оны ата-аналарының, туыстарының және т.б. көмегімен мерзімінен бұрын өтейді.

Бұл бағдарламаны жүзеге асыратын әрбір құрылыс фирмасының шағын өз цемент және кірпіш зауыты, ағаш және безендіру материалдарының берік көзі болуы тиіс екенін атап өту маңызды. Бүкіл бағдарлама, сондай-ақ республикада құрылып жатқан кәсіпкерлік пен шағын бизнеске қолдау көрсету қорын басым пайдаланатын болады. Осы қордан жас кәсіпкерлерге де жәрдемдесетін боламыз.

Президент болып сайланған жағдайда — бұл менің қызметімнің маңызды бағыттарының бірі болады.

Өз қызметімде сырт айналып өтуге болмайтын біздің өміріміздің тағы да бір жағы бар: республика азаматы ретінде мен Қазақстандағы экономикалық жағдайдың өткірлігін жан күйзелісіммен қабылдаймын. Менде бұл мәселе бойынша нақты іс-қимылдар бар. Президент Жарлығымен Қазақ жерінде ядролық қарудың сынағына тыйым салынды. Қазір мемлекеттік органдардың ғылыми және медицина мекемелерінің күш-жігері Арал және Семей аймақтарының, өнеркәсіп орталықтары проблемаларының кешенін шешуге, біздің табиғи байлығымызды, әуе және су бассейнін қорғауға бағытталған.

Және сөзімнің қорытындысында — өз жұмысымның негізгі принциптері туралы айта кетпекпін. Мен Қазақстанда жүргізіліп жатқан терең өзгерістерге бүкіл қоғамның, әрбір адамның тарапынан оның қажеттігін түсінуді талап ететінін түсінемін. Бүгінде бізге бұрынғы қай кездегіден де нақты бірлескен күш-жігер қажет. Мен өз қызметімде Қазақстанның көпұлтты халқына, олар сайлаған халықтық өкімет органдарына, аға ұрпақтың тәжірибесі мен жастардың күш-жігеріне, батыл шешім қабылдауға, әдеттен тыс ойлауға және әрекет жасауға қабілетті адамдарға сүйендім және бұдан былай да сүйенетін боламын. Мен үшін адамның ұлты, партияға қатыстылығы, діни сенімі емес, қайта оның іскерлік қабілеті маңызды.

Қазір алға қойған мақсатқа қол жеткізуде дәйекті де табанды болу керек. Мен сіздерге Қазақстан тарихында зор, бұрын болып көрмеген істе серіктес ретінде жүгінемін. Бүгінде, біздің мемлекетіміздің, егемендігіміздің, сіздер мен біздің болашағымыз бен балаларымыздың болашағының ең маңызды іргетасы қаланып отырғанда, біздің бәрімізге сондай қажетті сіздердің ақыл-ойларыңыз бен еріктеріңізге жүгінемін. Біз шын мәнінде бетбұрысты оқиғалардың табалдырығында тұрмыз. Республиканың қандай жолмен жүретіні, Қазақстанды қандай тағдыр күтіп тұрғаны нақ бізге байланысты.

Мен сіздерге өз жолымды ұсынамын. Өзім көріп тұрған және оның дұрыстығына терең сенімді ұсынамын. Қазір мінберде тұрған осы адам сіздердің сенімдеріңізге лайық па? — деп ойлап, өздеріңізден сұрап көріңіздер. Осыдан 1,5 жыл бұрын Президент антын қабылдай отырып, мен тұрақтылықты сақтау үшін қазақстандықтардың өмірлік деңгейін мүмкін шектен төменге түсірмеуге барлық күш-жігерімді жұмсауға уәде бергенмін. Менің қалай жұмыс істегенімді сіздердің барлығыңыз көрдіңіздер. Бұдан жақсы істеуге болды ма? Сірә, солай да болар. Бірақ таза арыммен: мен өз сөзімде тұрдым, деп айта аламын. Қазақстан, пайда

болған күтпеген жағдайлардың көптігіне қарамастан, өзінің саяси, экономикалық және әлеуметтік айқындамаларын сақтап қана қоймай, сондай-ақ алға қарай айтарлықтай қадам жасай алды.

Сіздердің қолдау көрсететіндеріңізге қатты үміт артамын. Сіздердің таңдауларыңызды мен 1991 жылғы 1 желтоқсанда, сіздер Қазақстанның бірінші бүкіл халық сайлайтын Президентіне дауыс бергенде білемін. Осы тарихи күні қазақстандықтар республика басшысын сайлаудан гөрі, неғұрлым мәнді және маңызды таңдау жасайтынын атап көрсетемін. Шын мәнінде, Президентке дауыс бере отырып, сіздер біздің өмірімізді түбегейлі қайта құру үшін жауапкершіліктің көптеген үлесін өздеріңізге аласыздар.

Мен тез жеңіске және жалпыға бірдей рахат өмірге уәде бермек емеспін. Мен кейбіреулер сияқты, қатаң белгілі бір уақыттан кейін болатын тамаша өмірге уәде бермеймін. Бірақ мен біз барлығымыз бірге жүретін жол бізді күңгірт те ешкімге түсініксіз «жарқын болашаққа емес», қайта жалпы дүниежүзілік өркениеттің даңғыл жолына әкелетініне сенімдімін. Ол бізді адамзаттың басым бөлігі жүріп келе жатқан нақ сол қарапайым дұрыс жолға әкелмекші.

Қазақстан Республикасы Президентінің қызметіне кірісуіне байланысты Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің салтанатты отырысында сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1991 жылдың 10 желтоқсаны

Қадірлі халайық!
Құрметті халық депутаттары!
Қадірлі меймандар!

Дана бабалар дәстүрімен осы салтанатты сәттегі сөзімді алдымен ата жұртыма, қасиетті халқыма арнаймын!

Бүгінгі күн — қазақ елінің шежіресіне мәңгі енетін күн. Тарихтың талай бұралаң белесінен өтіп, бұл күнге де жетіп отырмыз.

Бәрін де көрген халықпыз, бәріне көнген халықпыз. Ежелден еркіндікті аңсап, азаттықты көксеумен келе жатқан еліміздің басына талай рет бақ та орнап, бағы да тайып, сағы да сынған, қилы кезең, зар заманға да талай ұшыраған. Айқайлап жүріп ашаршылыққа ұрынып, ұрандап жүріп ұлт мүддесін ұмытқанымыз да ақиқат.

Шүкір, кештеу де болса ес жиып, еңсе көтеріп, егеменді елдің туын да тіге бастадық. Қазақ Республикасының Президентін бүкіл халық сайлағаны — осы жолдағы ең биік белестің бірі.

Елдің қамын ойлайды, намысын жібермейді деп бірауыздан сенім артқандарыңыз үшін шын жүректен алғысымды айтамын. Елім үшін, халқым үшін, Қазақстаным үшін тарихтың қай сынағына да тәуекел деп бас тігуге дайынмын.

Бұл жолда, ең алдымен, дана халқыма, дарқан еліме, ата-бабаның аруағына сүйенемін.

Алдымызда қиын-қыстау күндер, асуы биік белдер, айбынды міндеттер тұр. Оның үдесінен шығу үшін, ең алдымен, бірлік, ынтымақ керек. Тілі бөлек болса да тілегі, үміті бір, тіл табысып, ежелден бірге өмір сүріп келе жатқан іргелес елдермен татулық керек.

Қазақ мемлекетінің халықаралық қауымдастықта өзіне лайық орын алуы, қазақ халқының, бүкіл қазақстандықтардың бақытты, дәулетті өмір сүріп, өзіндік мәдениетін өркендетуі үшін бәрінен бұрын республикада тыныштық болғаны жөн. Тар жол, тайғақ кешуде қиындыққа төзіп, жалаң сөзге ермей, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бір-бірімізге таяныш, сүйеніш бола білуіміз керек.

«Ырыс алды — ынтымақ», — дейді халқымыз. Ынтымақ артпай, ырыс артпайды.

Байтақ жерімізде шынайы бауырмашылдықтың ақ туы желбіресе деп армандаймын. Ел бірлігі қашанда мүдде бірлігінен басталады. Біздің болашағымыз Қазақстан халқының ортақ мүдделестігінде. Біз мұны көздің қарашығындай сақтауымыз керек.

Егеменді ел болудың жүгі де жеңіл болмайды. Ендігі жерде қалай өмір сүретініміз қалай еңбек ететінімізге байланысты. Дәулетті тұрмыс құрудың жұмысты жақсы істеуден басқа жолы жоқ.

Қадірлі ағайын!

Біз бастан өткеріп отырған осындай ғаламат тарихи өзгерістердің куәлары және қатысушылары болу кез келген ұрпақтың үлесіне тие бермейді. Қазір біздің көз алдымызда әлемнің картасында жаңа мемлекеттер пайда болып, қоғамдық-саяси және экономикалық формациялар, мемлекеттік басқарудың формалары ауысуда десек, асырып айтпаған болар едік.

Тарихтың даңғыл жолынан Қазақстан да шет қалған жоқ. Оның ежелгі жерінде көптеген мемлекеттік құрылымдар өмір сүріп, олар да адамдар сияқты басынан балалық, жастық, кәмелеттік дәуірлерді өткізіп, құлдырау және күлден қайта бой көтеру дәуірлерін бастан кешірді. Тарихтың жаңа оралымы сәтінде Қазақстан халықтары өздерінің батыл таңдауын — өркениетті демократиялық қоғамды таңдап алды.

Бізге шын мәнінде өмірдің әлеуметтік-экономикалық укладын түбегейлі түрде ауыстыру міндеті тұр. Ал ол, тарих айқын танытқанындай, тек бірыңғай идеямен ғана, сол үшін адамдар уақытша қиындықтарға, тіпті жекелеген сәтсіздіктерге дайын болу ниеті итермелеген қоғамда ғана ойдағыдай өтеді.

Біз үшін бұл идея — еркін, егеменді, демократиялық Қазақстан мемлекеті. Республика азаматтары қазақтың мың жылдық тарихында тұңғыш рет өз Президентін бүкіл халық болып сайлай отырып, сол үшін 1 желтоқсанда дауыс берген болатын.

Егемендік туралы айтқанда, мен Қазақстан тұйықталған система болуға дайындалып жатыр дегенді айтып тұрғаным жоқ. Мұның өзі саяси және экономикалық дербестікті жүзеге асыру мүмкіндіктеріне зиянды әсер ететіні айқын болар еді. Тағдырдың өзі республикаға Азия мен Еуропа, Батыс пен Шығыстың ұлы мәдениеттері арасындағы өзіндік көпір болуды жазған еді. Қазақстанның мұндай жағдайының бірегейлігі мен қайталанбастығын XVIII ғасырдың ортасында бөлшектелген Қазақ мемлекеттігін қалпына келтіріп, іргелес жатқан мемлекеттермен тату көршілік қатынастарды жолға қоя білген кемеңгер Абылай түсінген болатын. Мұны оның ісін жалғастырған кейінгі ұрпақтар да түсінді.

Қазір қоғам үшін дағдарысты жағдайда — екі дәуірдің шекарасында уақыт факторы зор рөл атқарады. Бұрынғы федерацияның республикалары арасындағы ұлғайып келе жатқан шиеленіс, таяу айларда біз кездесетін проблемалардың өткірлігі ырғалып-жырғалуға уақыт қалдырмай, шапшаң батыл да айқын іс-қимыл жасауға мәжбүр етуде.

Тарихтың бізге өндірістік қатынастарды түбегейлі өзгертуден басқа ешқандай таңдауды қалдырмағаны қазір әрбір дерлік адамға айқын. Бірақ нарық экономикасына бұрылудың ғаламат күрделілігі де біздің әрқайсымызға айқын болып отыр. Алайда қазір жүзеге асырылып жатқан шаралар жеткіліксіз. Олардың кейбіреулері шектеулі, екіншілері жартыкеш, үшіншілері консервативтік күштердің жасырын және айқын тежеуіне, ескі әміршіл-әкімшіл жүйе қалдығының саботажына тап болып отыр. Бізге әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтыландыру үшін түбегейлі, бір-бірімен байланысты шараларды шұғыл жүзеге асыру қажет.

Өйткені, қазіргі кезде дағдарыс өзінің қыл үстіндегі шегіне жақындап келді. Соның өзінде түбегейлі бағытты жаппай қирату және бүлдірумен шендестіруге болмайды. Олардың бәрін біз бастан кешірдік. Зиянмен жұмыс істейтін кәсіпорындар мен шаруашылықтарды қайта құру керек, өйткені, экономикалық мақсаткерлік тегін ақшаны қылғи беретін дотациялық сүзгімен сыйыспайды. Бірақ мемлекет

иелігінен алу және жекешелендіру мемлекет меншігін толық жоюды, ал фермер шаруашылығын қолдау жаппай коллективсіздендіру дегенді білдірмейді. Бізге өткен күннен пайдалы нәрсе аз тигенімен, алайда шындығында бағалы тәжірибені, сондай-ақ тарихи байланыстарды да мұқият сақтау керек. Мен бұрынғы федерация республикаларының қалыптасқан интеграциялық байланыстарының, тиімді экономикалық қоғамдастығының мәні, олардың саяси Одағын сақтау туралы бірнеше рет айтқанмын және қайталап айтуды артық санамаймын.

Ашығын айтқым келеді: жаңа Одақтық шартқа қол қою, экономикалық қоғамдастық құру болашағы бүгін қай кездегіден де проблемалы болып отыр. Бұлай болғанына біз кінәлі емеспіз. Менің терең өкінішіме қарай, бірқатар республикалардың басшы буынында кейбіреулер егемендікті жеке-дара билікпен шендестіре бастады. Ресей, Украина және Беларусь басшыларының мәлімдемесі, олар қол қойған тәуелсіз мемлекеттер достық одағын құру туралы келісім тым тосын болды. 3 республика көшбасшылары қабылдаған шешім оларға ізін суытпай үзілді-кесілді баға беру үшін тым елеулі. Алайда Қазақстан оқиғаның қандай да болсын өріс алуына әзір болуға тиіс. Біз дербес өмір сүре аламыз. Бұл үшін бізде қажетті экономикалық потенциал, аса бай табиғат ресурсі, ал ең бастысы — жұмысшылар мен шаруалардың білікті отряды, дарынды ғалымдар мен инженерлер бар. Бізде туған республикасын гүлдендіру үшін қызмет етуге әзір тамаша шығармашылық интеллигенция мен жастар бар.

Сонымен бірге, біз бұрынғысынша тарихтың объективті барысына сүйенген интеграциялық процестердің жақтаушысы болып қалып отырмыз.

Бізге бірінші кезекте қандай шаралар қолдану қажет?

Саясатта — билікті айқын болумен байланысты қадамдар, көлбеу президенттік құрылымдар құру, ал ол атқару органдарын басқарудың үйлесімді жүйесін жасауға мүмкіндік береді.

Бұл депутаттық корпус пен Жергілікті кеңестердің далиып кеткен аппаратын біршама қысқарту қажеттігіне байланысты республика Жоғарғы Кеңесін профессионал парламент етіп объективті түрде қалыптастыру.

Бұл саяси пікір алуандығына қолдау көрсете отырып, республиканың территориялық тұтастығына қарсы бағытталған экстремизм мен ұлттық дүрдараздықты, жікшілдікті уағыздаушы партиялар мен қозғалыстардың қызметіне сөзсіз тыйым салу.

Бұл құқық тәртібін нығайту мен заңдылықты сақтау жөніндегі батыл іс-әрекеттер.

Бұл барлық қазақстандықтар құқығының теңдігі негізінде ұлтаралық келісімді сақтау, мемлекеттік саясаттың іргелі принципі ретінде саяси тұрақтылықтың басымдығы.

Осындай саяси іргетассыз Қазақстанды қазіргі заманғы өркениеттің арнасына қосу, бағаны ырықтандыруды, қаржы жағынан сауықтыруды, жекешелендіруді, нарықтық инфрақұрылымды құруды, меншіктің барлық түрлерінің тең құқықтығын көздейтін терең экономикалық өзгерістерді жүзеге асыру мүмкін емес. Коллективтік және жеке кәсіпкерлік жолындағы кез келген бюрократтық бөгетті жою маңызды, ал олар экономикалық гүлденудің басты қозғаушыларының бірі болуы керек.

Егеменді Қазақстанды іс жүзінде халықаралық қатынастардың дербес субьектісіне, дүниежүзілік экономикалық кеңістіктің белсенді әрекет етуші ұйымына айналдыру керек. Республиканың географиялық жағдайы және әлеуметтік

потенциалы Қазақстанның Азия-Тынық мұхит және сондай-ақ Еуроатлантикалық аймаққа қарай бағдар ұстауына ықпал жасайды. Бізге ашық тұрпаттағы нарықты қалыптастыру қажет.Шетелдік инвестицияларды халық шаруашылығындағы түбегейлі құрылымдық өзгерістердің маңызды факторына айналдыру, алтын запасын және валюта қорын барынша ұлғайту қажет.

Осыған байланысты мемлекет меншігінен алу және мемлекеттік меншікті жекешелендіру, концессияларды құру процестеріне шетелдік капиталды қатыстыруға жіберу ниетіміз бар екенін де айтқым келеді.

Қаржы және материалдық мүмкіндіктердің шектеулі екеніне қарамастан, біз әлеуметтік жағынан қорғалмаған және халықтың өте шетін бөлігі: зейнеткерлерге, мүгедектерге, жетімдерге, көп балалы отбасыларға, оқушыларға қолдау көрсетудің айқын бағытын жүргізетін боламыз.

Мен экономиканы дамыта отырып, Қазақстанның табиғи байлықтарына ықтияттықпен қарау, қазіргі және болашақ ұрпақтардың мүддесі үшін экологиялық бағдарламаларды жүзеге асыру принципті маңызды деп санаймын. Менің сайлау қарсаңындағы тұғырнамамды тыңдай отырып, адамдар сол бір ғана сұрақты: Сіздің ойлағандарыңызды жүзеге асыру мүмкін бе, егер жергілікті жердегі батысшылардың көпшілігі тіпті сөз жүзінде Сізді қолдай отырып, іс жүзінде ескіге жармасып және нарыққа көшуді қалай да тежейтін болса ше? — деген сұрақты жиі-жиі қойды. Мұнымен келісіп қана қою жеткіліксіз. Нарық экономикасына саналы түрде қарсы болғандардың қатарына реформаны жүзеге асыруға қабілетсіз, қолына билік берілген даңғойларды қосу керек. Олардың іске лауазымдық құлшынысы экономикалық білгірлігінің орнын баса алмайды. Мен үшін мәселенің шешімі біреуақ: мәнді республиканың болашаққа қарай үрдіс ұмтылысын қамтамасыз ете алатын жас басшылардың шоғыры қажет.

Біздің әрқайсымыз өтпелі кезеңнің қиындықтары — бағаның өсуі, ақшаның құнсыздануы, тапшылық, тұрмыс деңгейінің төмендеуі сияқты қиындықтарды өз басымыздан өткеріп отырмыз. Біздің төңірегіміздегі өмірдің өзі онша жайлы емес. Сайлау қарсаңындағы кездесулерде айтқанымдағыдай, бұл жағдайдың өзі шапшаң түзеліп кетеді деп айтпаймын және уәде бере алмаймын. Егер мен осыны айтпасам, онда сіздердің алдарыңызда ағымнан жарылмаған болар едім. Біз тістеніп алып ертеңгі күнге деген сеніммен осының бәрінен де өтуіміз керек. Түркияда да, Оңтүстік Кореяда да осылай болды. Сингапурда да осылай болған. Мақсатты білу, мүдделердің ортақтығы және іс қимылдың бірлігі осы елдердің халықтарына қазіргі кезде экономикалық ғажайыпты жүзеге асыруға көмектесті. Қазір осыны Шығыс Еуропа елдері бастан кешіруде.

Біздің үлесімізге тарихи мүмкіндіктің тиіп отырғанын түйсіну қажет. Оны біз қолдан шығарып алмауға тиіспіз. Мен бұрынғы ұрпақтардың дәстүрлері мен даналығын бойына дарытқан, жасампаздықтың рәсуа болмаған күш-қайратын шоғырландырған, интернационализмнің, ұлттық және азаматтық келісімнің мол тәжірибесін жинақтаған қазақ ұлтын айтып тұрмын. Ол өзінің аймағындағы тұрақтылық пен тыныштықтың кепілі ретіндегі ұлы миссияны өз мойнына ала алады және алуға тиіс. Сөйтіп, дүниежүзілік қоғамдастыққа лайықты түрде кіруге тиіс.

Желтоқсанның 1-інде сайлау учаскелерінде қарапайым дауыс беру болған жоқ. Ол қазақтардың, орыстардың, украиндардың, корейлердің, немістердің, ұйғырлардың — біртұтас командамен қазіргі шиеленісті уақыт арқылы біздің

республиканың салауатты болашағына жол ашуды ұйғарғандардың барлығының жаңа туысқандық қауымын құру негізін қалады.

Құрметті отандастар!

Мен сіздер Қазақстан Президентін бірінші бүкілхалықтық сайлауда маған көрсеткен жоғары сенім мен зор құрметті толық көлемінде сезінемін. Әртүрлі ұлттар мен әлеуметтік жіктердің, қоғамдық қозғалыстар мен партиялардың, діни қауымдардың өкілдері болып табылатын сайлаушылардың маған және мен ұсынған бағдарламаны қолдағандардың барлығына шын жүректен алғыс білдіргім келеді. Бүкілхалықтық сенім мандаты — бұл іс-қимыл жасау құқығы ғана емес, сондай-ақ Президенттің бүкіл халық алдындағы зор жауапкершілігі де. Сондықтан мен сіздердің қолдау көрсететіндеріңізге, республиканың бірінші Вице-президенті Ерік Мағзұмұлы Асанбаевтың, халық депутаттарының тірегіне үміт артамын. Сіздердің арман-мүдделеріңіз бен үміттеріңізді ақтау үшін мүмкін нәрсенің бәрін істеуге уәде беремін.

Мен біздің Қазақстан территориясында жоғары дамыған полиэтникалық өркениет құра алатынымызға сенемін. Онда қазақ ұлты қайта түлейтін болады. Оған енетін барлық ұлттар мен ұлыстар өздерін еркін сезінетін болады.

Тәуелсіз мемлекеттер басшыларының КСРО таратылып, ТМД-ның құрылуына байланысты кездесуінде сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1991 жылдың 21 желтоқсаны

Қымбатты достар!

Осы сөздерді сіздерге арнауға маған біздің халықтарымыз арасындағы қалыптасқан дәстүрлі достық байланыстар тарихы ғана құқық беріп отырған жоқ. Бүгін сіздерді Қазақстан жерінде құттықтай отырып, ең алдымен, біздің болашақ қарым-қатынастарымыздың негізіне, тәуелсіз егеменді мемлекеттердің арасындағы қарым-қатынастардың негізіне біздің аталарымыздың бірнеше ұрпағы қалыптастырып, нығайтқан ұлттардың рухани бірлігі алынатындығына сенім білдіргім келеді. Міне, өздерін бір үлкен Отанның ұлдары мен қыздары деп сезінуге үйренген адамдар үшін аса қымбат осы бірлік бұдан былай қарай да біздің жаңа достастығымыздың негізгі біріктіруші буыны болып табылады ғой деп ойлаймын.

Сөз жоқ, бұрынғы тоталитарлық мемлекеттік жүйені қирату бізге оңайға түскен жоқ. Бұл өте шетін процесс. Оның өзі экономиканың күйреуімен және орталық басшылықтың талай дөрекі саяси қателіктердің салдарынан ортадан тепкіш күштердің тегершігін айналдырып жіберіп, бұрынғы Одақтың кейбір аймақтарындағы ұлтаралық араздықты күшейтіп, оны қатерлі шегіне жеткізді. Бірақ мен әрқашан да ақыл-ойдың парасаттылығына сендім. Ерте ме, кеш пе, қазіргі өркениетті негізгі арнаға міндетті түрде қайтып оралатынымызға сендім. Бүкіләлемдік дамудың басты бағыты бөліну мен оқшаулану арқылы емес, интеграциялану, бірлесу процесі арқылы жүзеге асады. Біздің бүгінгі кездесуіміз — осы аса маңызды ақиқатты ортақ түсінуіміздің сенімді куәсі.

Алайда, қаншалықты айқын болғанымен, идеядан оның жүзеге асуына дейінгі жолдың өзі ұзақ әрі тайғақ болып келеді. Біз бірлесіп өмір сүрудің әртүрлі жобаларын талқылау үшін талай рет бірге жиналдық. Жасырмаймын, кейде маған қажетті тұжырымдама табылғандай болып көрінетін, тең құқықты және өзара тиімді негізде бірлесуге қол созымдай жер қалғандай болатын. Бірақ өмір өзінің өзгерістерін енгізе отырып, біздің бәрімізді де өмірдің объективті шындықтарына жауап беретін, бір ғана айқын және жалғыз ғана мүмкін нұсқаны бұдан да негіздірек және тереңірек іздеуге мәжбүр етті. Бүгін артымызға бұрылып қарап, өткен жолымызды бағалай келіп және оның басты белгілері Одақтық шарттың көптеген жобаларын, Ново-Огареводағы келісімді, Алматыдағы бірінші кездесуді және басқаларын еске ала келіп, солардың бәрі де босқа жасалған іс болды деп айта алмаймын. Керісінше, біздің әрқайсымыз жеке-жеке және бәріміз бірлесіп, бізге өзінің болашағын сеніп тапсырған халықтардың тағдыры үшін біз зор саяси, демократиялық және адамгершілік жетілу мектебінен, аса жоғары жауапкершілік мектебінен өттік.

Жинақталған тәжірибенің арқасында мемлекеттік құрылыстың және мемлекетаралық қарым-қатынастың қазіргі міндеттерін түсінуде аса маңызды, мүлдем жаңа деңгейге шықтық деп айта аламыз. Ең бастысы, менің көзқарасымша, біз бір-біріне әуелден-ақ тайталастық және сенімсіздік идеяларын әкелетін этникалық, діни және басқа да белгілер бойынша зиянды бөлінушілікті болдырмауға

мүмкіндік туды. Шығыс және Батыстың шынайы достық қарым-қатынасы үшін бір-біріне қол алыстыра отырып, біз оқиғалардың барысына алаңдай қадағалап отырған әртүрлі ұлттардың миллиондаған адамдарының өте қажетті сұрағына жауап бере алдық деп есептеймін. Олардың көпшілігі бүгін бойы сергіп және сеніммен кеудесін кере демалды ғой деп ойлаймын.

Біз бір-бірімізге қарай жасалған қадамды «жоғарыдан» ешкім айтпай-ақ, орталықтағы «беделді ағаның» жол нұсқаған саусағын көтертпей-ақ жасағанымызды ерекше қанағаттанғандықпен атап өткім келеді. Болашақ достастықтың субъектілері ғана осы кездесудің шынайы инициаторлары болды. Мұның өзі осы «дөңгелек үстел» басында отырғандардың бәрінің де еркімен болғанына, біздің татулықта және тату көршілікте өмір сүруге шынайы ұмтылысымыздың, біздің халықтарымыздың тату-тәтті өмір сүруі үшін ынтымақтастыққа шынайы ұмтылуымыздың тағы бір айқын көрінісі болып табылады.

Соңғы уақытта қабылданған құжаттарға және егеменді республикалар басшыларының мәлімдемелеріне қарағанда, біздің ядролық қаруға бірыңғай бақылау орнату және стратегиялық тежеу әскерлеріне бірлескен командование құру жөнінде ортақ көзқарас ұстанып отырғанымыз қуанышты. Ядролық қаруды бірыңғай басқару және оны таратудан бас тарту, МАГАТЭ-нің нормаларын сақтау және жаңа тәуелсіз мемлекеттердің Батыс елдерімен жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау жөніндегі ынтымақтастығы бізді дүниежүзілік қоғамдастықтың тануы үшін қажетті шарт болып табылады.

Қазақстан үшін, жалғыз ол үшін ғана емес, тәуелсіз мемлекеттің мәртебесіне ие болу басым екенін, келешекте өз территориясын ядролық қарусыз аймақ деп жариялап, ядролық держава ретінде халықаралық танытуға қол жеткізуден гөрі БҰҰ-ға мүше болудың анағұрлым басым екенін ерекше атап көрсеткім келеді.

Келесі маңызды мәселе достастықтың құқықтық негіздеріне қатысты. Ыдыраған КСРО-ның бұдан былайғы тағдырының көмескілігіне енді төзуге болмайды. Түбегейлі экономикалық реформалар, республикалардың дүниежүзілік қоғамдастыққа бірігуі тежелуде. Бірақ бірігу процесі берік құқықтық іргетасқа негізделіп өтуі қажет екеніне бәріңіз де келісетін боларсыздар.

Біз осы кездесуге қатысушылардың саяси тәжірибесі мен парасаттылығына, барлық объективті және субъективті қиындықтарға қарамастан, оң нәтижеге жетуімізге сенетін миллиондаған адамдардың үмітін ақтай аламыз ғой деп ойлаймын. Ешқандай әсірелемей-ақ, Жер шарының 1/6 бөлігінде қалыптасқан жағдайға алаңдаған бүкіл дүниежүзілік қоғамдастық та Алматыға назар аударып отыр десем, асыра айтқандық болмас. Біздің достастығымыздың тағдырын шеше отырып, көп жағдайда планетаның саяси, экономикалық және имандылық ахуалын анықтаймыз. Ал ол аса күрделі. Бірақ, меніңше, онша үмітсіз емес проблемаларды шешу жөнінде бізден жауапты, шынайы демократиялық және өркениетті әдістерді табуымызды күтеді. Сіздерді, қымбатты достар, бізге бүгін таңда соншама қажетті мәмілеге қол жеткізуде барынша мол шыдамдылық пен өзара түсіністік, саяси икемділік танытуға шақырамын.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі он екінші шақырылымының VII сессиясында сөйлеген сөзі

Алматы қаласы, 1991 жылдың 23 желтоқсаны

Құрметті халық депутаттары!

Соңғы күндері тарихтың күрт бұрылыстарында оқиғалардың құбылмалы шапшаңдықпен өзгеретініне біздің көзімізді тағы да жеткізді. Өткен 2 апта бұрынғы федерациясы субъектілерінің мазмұнына деген көзқарасқа елеулі өзгерістер енгізді, ал сайып келгенде геосаяси шындықтың терең өзгеруіне әкеліп соқты.

Осыған байланысты Экономикалық қоғамдастық туралы көзделген шартты бекіту және Егеменді мемлекеттер одағы туралы шарттың жобасын талқылау күн тәртібінен объективті түрде алынады, өйткені, Минск келісімі, содан кейін ілешала болған Ашғабад уағдаластығы және, ақыр соңында, 11 тәуелсіз мемлекеттер басшыларының Алматыдағы кездесуі мәселені мүлдем басқа тұрғыдан қойып отыр.

Бүгін мен халық депутаттарына қалыптасқан жағдайға өз бағамды мәлімдеп, осы күрделі, кейде тіпті драмалы аптадағы республика басшылығы ұстанған айқындаманы ашып бергім келеді. Бірден айтайын: ол біздің бүкіл соңғы жылдар бойы жақтап келген берік саяси бағыттың қисынды жалғасы болды. Мен Қазақстанның унитарлық өткеннен арылған, сапалы жаңа одақтағы еліміз халықтарының бірлігін сақтау жолындағы стратегиялық бағытын айтып отырмын.

Талдау толық болу үшін бұдан 1 жыл бұрынғы оқиға, 4 республика — Ресей, Беларусь және Қазақстан бірінші рет Егеменді мемлекеттер одағын құру бастамасын жасаған оқиғаны еске алу керек деп ойлаймын. Егер естеріңізде болса, бұл қадам орталықтың сындарлы емес саясатынан туындаған болатын, ал оның нәтижесінде жаңа Одақтық шартты әзірлеу жөніндегі жұмыс тұйыққа тірелген еді. Біз сол кезде КСРО Президентіне егер қол қою кешіктірілетін болса, біздің республикалар жаңа Одақтың өзегі болуға және орталықтың қатысуынсыз шарт жасауға өздері әзір екенін тура айттық.

Бұл М.С. Горбачевті бірігу процесінің мазмұны мен қарқынына қатысты өз айқындамасын қайта қарауға және оны жандандыруға мәжбүр етті. Шын мәнінде нақ сол жолы Ново-Огарево кездесулері басталды. Оның немен аяқталғаны — баршаға мәлім. Тамыз оқиғасы реакцияшыл күштердің қайткенде де тарихтың объективті барысына бөгет жасап, айырылғанын қайтарудың, мүлдем іріп-шіріген империялық, өктемдік режимін қайта жандандырудың жанкешті әрекеті болды. Бүлікшілер бұған қол жеткізе алмады, бірақ орталықтан ауытқу тенденциясы күшейді. Республикалардың толық мемлекеттік тәуелсіздікке ұмтылуы енді тек ұлттық сана-сезімнің қызу өсуін ғана емес, сондай-ақ өктемшіл орталықты дүниеге қайта келтіруден өздерін сақтау жөніндегі берік ниетін де көрсетті.

Сол жағдайда да Қазақстан тарихи бірлікті сақтау идеясын табанды және дәйекті қолдауды жалғастырғаны естеріңізде болар, КСРО халық депутаттарының төтенше съезінде мен Ново-Огарево процесіне қатысушылардың тапсыруымен мәлімдеме жасадым, онда мемлекеттік басқару жүйесін түбегейлі реформалау, конфедеративтік

негізде жаңа Одақ құру ұсынылды. Сол кезеңде бұл ұсыныс қалыптасқан саяси жағдайға барынша сай болғанына сенімдімін.

Алайда, орталықтан ауытқу тенденциялары оны жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді. Демократия маятнигі күрт оңға ауытқып шықты. Реакция күштерін жеңу қызуымен кейбір саяси және қоғамдық қайраткерлер өздеріне теріс мессиандық идеясына қайта назар аударып, демократия жалауымен бұрынғы империялық, ұлы державалық сана-сезімге қайтып оралуға мүмкіндік берді, ал мұның өзі атап айтқанда, бұрынғы кеңес республикаларының бірқатарына деген белгілі территориялық талаптарынан байқалды. Нәтижесінде олардың кейбіреулері — бірінші кезекте Украина өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін жариялауды тездетті.

Мүлдем жаңа жағдай қалыптасып, мұнда біздің республика тағы да бастаманы өзіне алды. Үстіміздегі жылғы қазан айында бірінші Алматы кездесуін ұйымдастырып, сәтті өткізу үшін қаншама күш жұмсауға тура келгенін сіздер білесіздер, ал оның нәтижесінде Экономикалық қоғамдастық туралы шартқа қол қоя алдық. Сондықтан, сол кезеңде бұл біртұтас экономикалық кеңістікті сақтау, күшейіп келе жатқан экономикалық дағдарыс пен адамдардың әл-ауқатының төмендеуіне қарсы әрекет жасау мақсатындағы ең қолайлы шешім болғанын тағы атап өткім келеді.

Өкінішке қарай, мұндай жағдайда да орталық оқиғалардың барысына ілесе алмады. Қарашаның 14-інде Мемлекеттік кеңестің отырысында, ал онда Украина өкілі болған жоқ, М.С. Горбачев республикалар басшыларының бірауызды пікіріне тағы да құлақ асқысы келмеді. Ол сол жолы саяси бірліксіз экономикалық бірлікті көз алдына келтіре алмайтынын мәлімдеді және орталықтандырылған мемлекеттік құрылымның қажеттігін талап етті. Одан да зорын айтсам, Михаил Сергеевич тіпті, егер оның ұсынысы қабылданбаған жағдайда, қызметтен кетемін деп қорқытты. 30 қарашада Мемлекеттік кеңестің келесі отырысы, ал онда мен, айтқандайын, республикадағы Президент сайлауына байланысты қатысқам жоқ, тұйыққа тірелді. Украинадағы желтоқсан референдумының салдары оның жарқын көрінісі болды. Мемлекеттік тәуелсіздікке берік бағыт ұстана отырып және орталықтың бірдей пікіріне жете алмай, бұл республика іс жүзінде ортақ бірігу процесінен шығып қалды.

Бәлкім, мұның нені білдіретінін бәрі бірдей көз алдына келтіре алмаса керек. Ұзақ түсіндіруге бармай-ақ: Украинаның ең болмағанда, достастықтан кетуі бұрынғы кеңес федерациясы республикаларының экономикалық байланыстарының толық қожырауын білдіретінін айтар едім. Бұған ешбір жағдайда жол беруге болмайтын еді. Минскіде шешімдер қабылдаудағы асығыстықты мен нақ осымен түсіндіре аламын. Мен бұған дейін, Минск құжаттарына қол қою маған және Орталық Азия республикаларының басшылары үшін көп ретте күтпеген жағдай болып шыққанын атап өттім. Рас, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы келісімге төртінші тең құрылтайшы ретінде алдын-ала қол қоюға мені шақырған, алайда мен бас тартуға мәжбүр болдым, өйткені, құжаттарды жасау процесіне басынан бастап қатысқан жоқпын.

Олармен танысқаннан кейін, келісімнің тұтасымен алғанда, даусыз оң сипаты бары маған айқын болды. Онда республикаларда тұратын барлық халықтар мен этникалық азшылықтардың құқықтарына кепілдік беріліп, кең көлемді ынтымақтастық ниетінің жарияланатынын айтсақ жеткілікті. Барлық осы идеяларды

бұрынғы федерацияға енген басқа мемлекеттердің өкілдері де мақұлдап қабылдады. Сондықтан, егер басқа республикалардың басшылары Минскіге шақырылғанда, Алматы нұсқасындағы достастық біршама ерте дүниеге келер еді деп ойлаймын.

Сонымен бірге, Беловежьедегі кездесу мүлдем бірмәнді пікір тудырған жоқ. Кейбіреулер тек славян жаңа құрылымының идеясын пайдалана бастады. Ашғабадта жиналған 5 тәуелсіз мемлекет басшылары балама достастық құру туралы ойды мүлдем теріске шығарды. Керісінше, қазіргі шындыққа парасатты, салмақты көзқарас танытылды. Біз мәлімдемеде, Минскіде қол қойылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы туралы келісімге алдын-ала түзетулер мен ұсыныстар қабылдадық. Қазақстан және Орталық Азия мемлекеттерінің басшылары Ресей, Украина және Беларусь көшбасшыларының бұрынғы құқықсыз республикалардың орнына тәуелсіз құқықтық мемлекет құруға деген ұмтылысын түсіністікпен қарайтынын атап өтті. Сонымен бірге, біз Украинаның бірігу процесі арнасына қайтып оралуын лайықты бағаладық.

Ашхабад кездесуінің материалдары баспасөзде жарияланды, сіздер оның мәнін жақсы білесіздер. Мен тек 5 республика басшылары жаңа Достастықты құрудың құқықтық жағына ерекше назар бөлгенін атап өткім келеді. Өйткені, 3 мемлекет атынан КСР Одағының халықаралық қатынастардың субъектісі ретінде өмір сүруін тоқтату туралы жариялауын көпшілігі құқықсыз деп бағалайтыны құпия емес. Қызған сезімдер Ресей, Украина және Беларусь көшбасшыларының шешімін осы республикалардың парламенттері бекіткеннен кейін ғана бәсеңдеді.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрылтайшыларының келісімінің тексін жаңа саяси одақтың бастамалы нұсқасы ретінде қарау жөніндегі ұсынысын ескере отырып, 5 республика Президенттері Жоғары дәрежелі келісуші жақтар ретінде тең құқықты негізде осы құжатқа қол қоюға әзір екендігін білдірді. Басқаша айтқанда, Минск келісімін талқылай отырып, біз өзіміздің ресейлік, украиналық және беларусьтық серіктестерімізге мәміле жолын іздеуге әзір екендігімізді білдірдік.

Сірә, сіздер, бұрын КСРО-ға енген республикалардың ерікті таңдау негізінде жаңа достастық құруы қалыптасқан жағдайда ортақ болашақ үшін қажетті мәмілеге жедел қол жеткізу мақсатындағы бірден-бір парасатты шешім болғанымен келісетін боларсыздар. Маған: бұл Кеңес Одағының болашағы туралы бүкілхалықтық референдумның қорытындысына қайшы емес пе? — деп сұрақ қоюы мүмкін. Қағаз жүзінде, мүмкін, қайшы келер. Бірақ, сол жолы қазақстандықтар бізге орталықтан «жіберілген» түсініксіз нұсқаға емес, қайта республика Жоғарғы Кеңесі қабылдаған тұжырымдама үшін дауыс бергенін еске саламын. Сондай-ақ, басқа бір нәрсені де атап өткім келеді. Біз әрқашанда тиісті кезеңдегі барынша мүмкін болатынды басшылыққа алып, әрқашан да еліміздің бейберекет ыдырауының алдын алуға тырыстық. Бұл жағдайда біздің арымыз таза.

Жоғарыда айтылғандарды басшылыққа ала отырып, мен тәуелсіз мемлекеттердің басшыларын Алматыда жинау үшін барынша күш-жігер жұмсадым. Бұл ретте кездесу қарсаңында жағдайдың шиеленіспеуі, оның ішкі шиыршық атуы кей кезде айтарлықтай жоғары нәтижеге жеткенде, шамшыл, нәтижесіз шүйлігушілік және қажетсіз айтыстардың орнына икемділік пен саяси ұстамдылық басым болуы үшін, Қазақстан кездесуінің қорытындысында ешкім де өзін ұтылғандар деп сезінбеуі үшін қолдан келгеннің бәрі жасалды.

Бұл оңайлықпен келмегенін айту керек. Аса үлкен дайындық жұмыстары жүргізілді, оның барысында біздің сарапшыларымыз Мәскеуде, Минскіде және Киевте болып, болашақ құжаттардың әрбір жолдарын мұқият келісті.

Нәтижесінде, біздің күткендегіден де көп іс тындыра алғанымызбен сіздер келісерсіздер деп ойлаймын. 11 мемлекет — сапалық жағынан жаңа құрылымға, атап айтқанда, не мемлекет, не мемлекет үстіндегі құрылым болып саналмайтын достастыққа бірігуге шешім қабылдады. Тәуелсіз мемлекеттердің достастығы құрылуына байланысты 69 жылдық тарихы бар Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы енді өз өмір сүруін тоқтатып, тарих тұңғиығынан орын алды. Әрине, Одақ институттары, КСРО Президенті туралы да мәселелер туындайды. Мұнда әртүрлі көзқарастар болды. Мен мәселені халықаралық заңдық нормаларына аса жақындатылған тұрғыда, атап айтқанда, М.С. Горбачевтің қызметтен кетуін КСРО Жоғарғы Кеңесі сессиясының соңғы отырысында шешуді ұсындым. Бірақ Ресейдің, Украинаның, Беларусьтың, басқа республикалардың басшылары, тәуелсіз мемлекеттердің жоғары органдары одақтық парламенттен өз өкілдерін шақырып алу туралы шешімді қабылдап қойғанына сілтеме жасады. Демек, тиісті кворум болмайды. Объективті шындық осындай.

Достастыққа қатысушылардың қарым-қатынастары қалайша жүзеге асырылады? Ең алдымен — тең құқықты принципінде, бір-бірінің территориялық тұтастығын құрметтеу және қазіргі бар шекаралардың мызғымастығы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мүшелері арасындағы келісім арқылы белгіленетін тепе-тең негізде және жұмыс істеп тұрған ретте түзілетін бірқатар үйлестіруші жүйелер арқылы іске асырылады. Достастыққа қатысушы мемлекеттер өздерінің конституциялық процедураларына сәйкес бұрынғы КСР Одағының шарттары және келісімдерінен туындайтын халықаралық міндеттемелерді орындауға кепілдік береді.

Жас тәуелсіз мемлекеттердің бірлесуі өздерінің жеке бастамалары бойынша, ешқандай нұсқаусыз және «жоғарыдан» міндеттеген қысымсыз болғандығы да Алматы кездесуінің табысты өтуіне бірқатар жағдай жасады ғой деп білемін. Осының қарсаңында, 20 желтоқсанда Қазақстан Президентінің Жарлығымен бұрынғы кеңестік федерацияның барлық республикаларының тәуелсіздігін ресми түрде тану фактісі де енді айта қаларлықтай болар.

Бүгінде күн тәртібінде біздің республикаларымызға ядролық қаруды бірлесіп басқару және оны таратудан бас тарту, МАГАТЭ нормаларын сақтау, жаппай қырып-жоятын құралдарды таратпау туралы Батыс елдерімен жаңа тәуелсіз мемлекеттердің ынтымақтастығы тұр. Бізге өзіміздің ядролық қару-жарақтарымызбен дүниені қорқытуды әлдеқашан қоятын кез жетті. Осыған байланысты Алматыда ядролық потенциалға ие 4 республиканың «Ядролық қару-жарақка қатысты бірлескен іс-шаралар туралы» келісімі қабылданғаны өте қуанышты. Онымен біздің ядролық қару-жарақты таратпауға адалдығымыз, оны бірінші қолданбауға деген міндеттемеміз, барлық ядролық қару-жарақтарды жоюға ортақ ықыласымыз, сондай-ақ халықаралық тұрақтылықты сақтауға барынша көмектесу ниетіміз қуатталады. Біз бірікккен стратегиялық қарулы күштердің құрамына енетін ядролық қару-жарақтар тәуелсіз мемлекеттердің достастығына барлық қатысушылардың коллективтік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін болады деп келістік.

Келісімге сәйкес Беларусь Республикасы мен Украина 1968 жылғы ядролық қару-жарақты таратпау туралы шартқа ядролық емес мемлекет ретінде қосылуға

міндеттенеді. Қазақстан территориясында стратегиялық ядролық күштер сол қалпында қалады. Дегенмен, дүниежүзілік қоғамдастық танығаннан және БҰҰ-ға толық құқықты мүше ретінде кіргеннен кейін біз республиканы ядролық емес аймақ деп жариялау мәселесін қарауға дайын екендігімізді атап өткім келеді.

Қарулы Күштерді реформалауға келетін болсақ, бұл мәселеге қатысты барлық құжаттарды 1991 жылғы 30 желтоқсанда тәуелсіз мемлекеттер басшыларының қарауына ұсыну тапсырылды. Жалпы әскери-стратегиялық кеңістікті бірлескен командованиеде сақтау көзделуде.

Алматы кездесуінде Алматы декларациясын және 1991 жылғы 8 желтоқсанда Минск қаласында Беларусь, РКФСР, Украина қол қойған Тәуелсіз Мемлекеттердің Достастығын құру туралы келісім протоколын қоса алғанда, барлығы негіз қалайтын 6 құжат қабылданды. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы келісім негізінде және оны бекіту кезіндегі ескертулерді ескере отырып, достастық шеңберінде ынтымақтастықты реттейтін құжаттар әзірленетін болады.

Достастық мемлекеттерінің ортақ мүдделері саласындағы іс-қимылдарын үйлестіруге байланысты мәселелерді шешу үшін достастықтың жоғары органы — Мемлекет басшыларының кеңесі, сондай-ақ, Үкімет басшыларының кеңесі құрылды. Достастық мемлекеттерінің өкілетті өкілдеріне осы жылғы 30 желтоқсанға дейін мемлекет басшылары кеңесінің қарауына бұрынғы КСР Одағының құрылымдарын тарату және достастықтың үйлестіру институттары туралы ұсыныстарды беру тапсырылды.

Болашақ экономикалық және саяси альянстың маңызды тактикалық және стратегиялық негізі оның қызметінде ұлттық және ұлттықтан жоғары мүдделерді үйлестіру болуы керек.

Мұндай үйлесімді іс жүзінде қамтамасыз етуде Еуропа қоғамдастығы институттарының Еуропа экономикалық қоғамдастығы, Еуропалық көмір және болат бірлестігі, Атом энергиясы жөніндегі Еуропа қоғамдастығының өмір сүру тәжірибесін ескеру өте пайдалы.

Сонымен бірге, Алматы кездесуінде достастықтың жоғары органының бірінші шешімі қабылданды, онда КСРО-ның Біріккен Ұлттар Ұйымындағы мүшелігін, Қауіпсіздік кеңесі мен басқа халықаралық ұйымдардағы тұрақты мүшелікті қоса алғанда, жалғастыруды өзіне алған Ресейдің бастамасына қолдау көрсетілген. Беларусь Республикасы, РКФСР, Украина достастықтың басқа мемлекеттеріне олардың Біріккен Ұлттар Ұйымына толық құқықты мүшелігі мәселелерін шешуде қолдау көрсетеді деп алдын-ала келісілді. Тәуелсіз мемлекеттер халықаралық құқық субъектілерінің мәртебесін алғаннан кейін бұрынғы КСРО-ға қарасты шетелдегі мекемелердің материалдық базасы туралы мәселе туады. Ресей бұдан былай елшіліктерді, сауда өкілдіктерін және басқаларын ұстауды өзіне алады, алайда шетелдермен дипломатиялық байланыстар орнатуына қарай достастыққа мүше әрбір мемлекет шетелдік дипломатиялық миссиялар меншігінің өз бөлігіне құқылы болады деген уағдаластыққа қол жеткізілді.

Жұртшылық қазіргі уақытта басқа республикалардың территориясындағы тәуелсіз мемлекеттердің мәдени игілігі туралы мәселені өте әділ қозғап отыр. Достастық мемлекеттері басшыларының кеңесі бұл мәселені егжей-тегжейлі қарастырып, әділ, барлығына қолайлы шешімге келу үшін арнаулы комиссия құрды. Қазақстан да мұндай даулы мәселелерде келісім білдірудің өнегесін көрсетуде.

Мұнда Байқоңыр ғарыш кешенін барлық ықылас білдіруші жақтарымен бірге пайдалану жөніндегі біздің көзқарасымызды еске сала кеткен де орынды.

Байқап отырғандарыңыздай, қысқа мерзім ішінде ересен ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Оның нәтижелері айдан анық. Баспасөздің хабарларынан Алматы кездесуінің нәтижелері зор дүниежүзілік пікір туғызғанын көруге болады. Ол АҚШ-та, Жапонияда, Германияда, әлемнің басқа да көптеген елдерінде түсініспікпен қабылданды.

Дегенмен бұған тоқмейілсуге әлі ерте. Аса күйзелісті экономикалық дағдарыс жағдайында бүгінде мезгіл факторы үлкен рөл атқаруын одан әрі жалғастыруда. Енді 1 апта кейін, 30 желтоқсанда, Мемлекет басшылары кеңесі Минск қаласында жаңа достастықтың іс-қимылдарының нақты механизмдерін жасауға қатысты шешімдер қабылдау үшін жиналатын болады. Бұл шешімдер оның болашақ бет-бейнесін айқындамақ. Осыған орай Қазақстан Республикасының Тәуелсіз мемлекеттер достастығына кіруі туралы шешімді кешіктірмей бекіту өте маңызды. Құрметті депутаттар, осы тарихи актіні Ашғабадта айтылған ескертпелер мен ұсыныстарды ескере отырып, мақұлдауларыңызды өтінемін.

Және, соңында, депутаттардың назарын бүгін мынаған шоғырландырғым келеді. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздік алуы біздің барлығымызға аса үлкен және ешнәрсемен теңдесі жоқ жауапкершілік жүктейді. 300 жылдан бері дерлік тұңғыш рет империялық және тоталитарлық құрылымдар тарапынан нұсқаусыз қалай өмір сүру керектігімізді өзіміз айқындайтын боламыз. Бірақ бостандықтың қызу сезімі бас айналдырмай, бізді өзінің шешілуі үшін күн сайын қажырлы еңбекті талап ететін көптеген проблемалардың жиынтығын бүркемеуі керек. Өйткені, бостандық өзінен-өзі елді тойындырып, киіндірмейді, адамша дұрыс өмір сүруге қаражат та бермейді. Бұл жөніндегі қамқорлық — енді тек өзіміздің ғана ісіміз. Өзімізден басқа ешкім де енді көмектеспейді, тек қана өз күшімізге сенуіміз керек. Кеңес үкіметінің өткен барлық жылдарында республика дотацияда отырғандығын еске алайықшы. Демек, жетіспейтін қаржыны қазір бізге ешкім табаққа салып әкеліп бермейді. Ал енді жаңа шығындар да қосылды. Оның ішінде армияны, ішкі әскерлерді ұстау да қосылып отыр. Қолма-қол ақшамызды санап, шетелдік капиталды кеңінен тартуды қоса алғанда, республика бюджетін толықтырудың көздерін табуымыз керек. Тиімді салық салу және экономикалық реформаларды құқықтық жағынан қамтамасыз етуіміз керек. Осы заңдарды және атқарушы өкіметті нығайту туралы Заңды кешіктірмей қабылдауымыз керек. Егер мемлекеттің қалтасы тесік болса, тәуелсіздік дегеніміз бос сөз болып шығады. Бүгінде тауар қорларын жасау аса қажетті, мал қыстатуды сауатты, шығынсыз өткізуіміз керек. Еңбекшілердің өмірі үшін барлық жауапкершілік мемлекеттік өкіметтің өкілетті органдарына түседі. Сұрау да солардан болмақ. Барлығы да республиканың қайта өрлеуі ісіне бағындырылуы керек. Мұндай жағдайда жершілдікке мүлдем жол жоқ.

Жаңажылдық құттықтауы

Алматы қаласы, 1991 жылдың 31 желтоқсаны

Қымбатты бауырлар! Отандастар!

Сіздерді келе жатқан Жаңа жылмен шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіздер. Қазір сіздерді баурағаң сезімнің бүкіл қарама-қайшылығын да, күрделілігін де мен жақсы түсінемін. Біз қиын да шиеленіскен оқиғаларға толы жылды бастан өткердік. Бұрын мұндай тауқымет ондаған жылдарға артып жетсе, ал қазір 12 айда халықтың үлесіне тиген ауыртпалықтың көптігі сондай, оны бір ортақ көрсеткішке келтіру, аз сөзбен бағасын беру, тіпті, болашаққа болжау жасау оңай емес.

Осы жылы көптеген үміт оты жанып та, ақталмай да жатты, біз өзімізге біресе жақындап, біресе алыстай түскен мақсаттарға қарай ұмтыла түстік. Иә, қазір адамды толғандырып отырған басты мәселені — оның тұрмыс жағдайын жақсартуды жүзеге асыра алмадық. Бірақ биылғы, сырттай алып қарағанда көзге онша іліне бермейтін, аса қиын жұмысты жүргізбейінше, одан әрі алға жылжу мүмкін болмайтын еді, деп сіздерді сендіре аламын.

Дегенмен, осы уақытта біз текке өмір сүрген жоқпыз, деп терең сеніммен айта аламын және сіздер де бұған келісерсіздер. Жыл егеменді республикалардың өткеннің біртекті өктемдігінен арылу белгісі жағдайында өтті. Еліміздің түпкілікті ыдырауына жол бермеу үшін қанша күш-жігер жұмсағанымды, қандай мәмілелерге барғанымды сіздер білесіздер. Бұдан былай, көп ретте Алматы кездесуінің арқасында Тәуелсіз мемлекеттер достастығының өмірге келгені, міне, енді тарих еншісіне айналды. Бұрынғы Одақтың 11 республикасы тең құқықты, бір-бірінің территориялық тұтастығын және қазіргі шекараларының мызғымастығын құрметтеу принципі негізінде сапалық жаңа құрылым — Достастыққа бірігу туралы шешім қабылдады. Мұның өзі Қазақстан халқының мүддесіне толығынан сай келеді.

Өтіп бара жатқан жылда республиканың егемендігін нығайту, оны нақты мазмұнмен толымды ету жұмысы одан әрі жалғастырылды. Бұдан былай Қазақстан Республикасы — тәуелсіз мемлекет, оны бізбен дипломатиялық қатынастар орнатуға тілек білдірген дүниежүзінің көптеген елдері ресми түрде танып отыр.

Бұл Қазақстанның халықаралық аренада өзін белсенді түрде танытып, бүкіл дүние жүзіне ашық болуының, әлемдік қауымдастыққа бірігуге ұмтылысының нәтижесі. Мен бірқатар елдерге ресми сапармен барып қайттым, өз кезегінде біздің республикаға белгілі саясаткерлер, мемлекет басшылары талай рет келіп қайтты, мұның өзі республиканың халықаралық беделін көтеруге, сыртқы экономикалық қызметті, өзге салалардағы ынтымақтастықты кеңейтуге ықпал ететіні сөзсіз.

Барлық қазақстандықтардың қатысуымен біз республикадағы тұрақтылықты, ұлтаралық келісімді және азаматтық татулықты сақтап қалдық. Сіздерге, қымбатты отандастар, өздеріңіздің нақты істеріңізбен, өздеріңіздің барлық ойжоспарларыңызбен біз таңдаған халықтар арасындағы достықты нығайту бағытын қолдап отырғандарыңыз үшін алғыс айтамын.

Менің жеке өзім үшін бұл жыл Қазақстан халқының маған зор сенім артып, төте сайлауда Республика Президенті етіп сайлағаны үшін маңызды. Мен мұны қазақстандықтардың жаңару, экономикалық реформалар, рухани жағынан қайта

түлеу жолымен батыл түрде ілгерілей беруге іс-қимыл бағдарламамның дәйекті де мүлтіксіз жүзеге асырыла беретінін нық сеніммен тағы да мәлімдеймін.

Келер жылдағы біздің қызметіміздің басты саласы — экономика. Қазір, істі дербес жүргізуде, республиканың қуатты потенциалын ашуда, нарықтық механизмдерді игеруде барлық негізгі жағдай жасалып отырған кезде, біз сіздердің іскерліктеріңізге, оралымдылықтарыңызға, қажымас күш-қуаттарыңызға арқа сүйейтін боламыз. Зауыттар мен фабриктердегі, ауылдағы, саудадағы ондаған жылдар бойы шешілмей, қордалана түскен барлық істі қазақстандықтардың өз қолына батыл алатындықтарына сенемін.

Алдағы жыл материалдық жағынан алғанда адамдар үшін өте қиын болатынын жасырмаймын. Бірақ бізге қиындықты жеңбей, лайықты тұрмысқа жету мүмкін емес. Халықтың әлеуметтік жағынан шетін бөлігіне қамқорлық жасауды мемлекет өз мойнына алатынын айтпақпын. Баршамыз үшін — дені сау, қайратты, білімді қауым үшін — гүлденген өмірге жеткізетін жолды өзіміз тартып, қажымастан еңбек етуіміз қажет.

Сіздерге, қымбатты жерлестерім, 1992 жылы мен бақыт, игілік, от басының амандығын тілеймін. Барлық арман-ниеттеріңіз бен ізгі тілектеріңіз орындалсын. Жүрегімізде қатыгездік орын алмасын, өз күшімізге деген сеніміміз ортаймасын.

Тобымыз жазылмай, достығымыз қанат жая берсін, достар!

Жаңа жыл құтты болсын!

1990 жылы қабылданған Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы заңдарының тізбесі

1. «Қазақ КСР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1990 жылғы 24 сәуірдегі №6-XII;

2. «Қазақ КСР заңдарын және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі мен оның органдары, Қазақ КСР Президенті қабылдаған басқа да актілерді жариялау және күшіне енгізу тәртібі туралы» 1990 жылғы 27 сәуірдегі №25-XII;

3. «Қазақ ССР халық депутаттарының қызметін қамтамасыз ету және олардың депутаттық қызметке байланысты шығындарын өтеу туралы» 1990 жылғы 27 сәуірдегі №27-XII;

4. «Қазақ КСР-дегі шаруа шаруашылығы туралы» 1990 жылғы 21 мамырдағы №64-XII;

5. «Қазақ КСР кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі төралқасының жарлықтарын бекіту туралы» 1990 жылғы 22 мамырдағы №71-XII;

6. «Қазақ КСР Президентінің ар-ожданы мен қадір-қасиетін қорғау туралы» 1990 жылғы 23 мамырдағы №78-XII;

7. «Қазақ КСР заң актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 1990 жылғы 23 мамырдағы №79-XII;

8. «Қазақ КСР Азаматтық кодексіне өзгерістер енгізу туралы» 1990 жылғы 23 мамырдағы №81-XII;

9. «Республика күнін жариялау туралы» 1990 жылғы 16 қазандағы №299-XII;

10. «Азаматтардың ұлттық тең праволылығына қол сұққаны және КСР Одағы территориясының біртұтастығын күштеп бұзғаны үшін жауапкершілікті күшейту туралы» КСРО Заңына және «Төтенше жағдайдың праволық режимі туралы» КСРО Заңына байланысты Қазақ КСР кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1990 жылғы 26 қазандағы №308а-XII;

11. «Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Құрмет грамотасының атын өзгерту туралы» 1990 жылғы 30 қазандағы №318-XII;

12. «Қазақ КСР халық депутаттарының статусы туралы» 1990 жылғы 13 қарашадағы №327-XII;

13. «Қазақ КСР халық депутатын кері шақырып алу тәртібі туралы» 1990 жылғы 13 қарашадағы №328-XII;

14. «Қазақ КСР Жер кодексі» 1990 жылғы 16 қарашадағы №332-XII;

15. «Қазақ КСР-дегі мемлекеттік өкімет пен басқарудың құрылымын жетілдіру және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1990 жылғы 20 қарашадағы №334-XII;

16. «Қазақ КСР сот құрылысы туралы» 1990 жылғы 23 қарашадағы №347-XII;

17. «Үйлерге, пәтерлерге, бағбандық (саяжай) үйлерге және өзге де мекенжайларға өз бетімен басып кіргені, сондай-ақ жерді өз бетімен басып алғаны және

өз бетімен құрылыс салғаны үшін жауапкершілікті күшейту туралы» 1990 жылғы 23 қарашадағы №349-XII;

18. «Қазақ КСР-дегі еркін экономикалық аймақтар туралы» 1990 жылғы 30 қарашадағы №360-XII;

19. «Сотты құрметтемеушілік үшін жауапкершілік туралы» КСРО Заңына байланысты Қазақ КСР кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1990 жылғы 4 желтоқсандағы №367-XII;

20. «Денсаулық сақтау туралы» Қазақ КСР Заңына толықтыру енгізу туралы» 1990 жылғы 4 желтоқсандағы №368-XII;

21. «Қазақ КСР Тұрғын үй кодексіне өзгерістер енгізу туралы» 1990 жылғы 4 желтоқсандағы №369-XII;

22. «Әйелдерге, семья мен балаға қатысты мәселелер жөніндегі Қазақ КСР кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1990 жылғы 6 желтоқсандағы №375-XII;

23. «Қазақ КСР Халық депутаттары жергілікті кеңесінің депутатын кері шақырып алу тәртібі туралы» 1990 жылғы 6 желтоқсандағы №377-XII;

24. «Қазақ КСР-дегі шетелдік инвестициялар туралы» 1990 жылғы 7 желтоқсандағы №383-XII;

25. «Қазақ КСР-дегі банктер және банк қызметі туралы» 1990 жылғы 7 желтоқсандағы №385-XII;

26. «Қазақ КСР азаматтарынан, шетел азаматтарынан және азаматтығы жоқ адамдардан алынатын табыс салығы туралы» 1990 жылғы 11 желтоқсандағы №388-XII;

27. «Қазақ КСР-дегі шаруашылық қызметтің еркіндігі және кәсіпкерлікті дамыту туралы» 1990 жылғы 11 желтоқсандағы №391-XII;

28. «Қазақ КСР-дегі тұтыну кооперациясы туралы» 1990 жылғы 11 желтоқсандағы №393-XII;

29. «Қазақ КСР сыртқы экономикалық қызметінің негізгі принциптері туралы» 1990 жылғы 15 желтоқсандағы №408-XII;

30. «Қазақ КСР-дегі баға белгілеу туралы» 1990 жылғы 15 желтоқсандағы №411-XII;

31. «Халықтың жұмыспен қамтылуы туралы» 1990 жылғы 15 желтоқсандағы №413-XII;

32. «Қазақ КСР-дегі меншік туралы» 1990 жылғы 15 желтоқсандағы №413а-XII.

1991 жылы қабылданған Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы (Қазақстан Республикасы) заңдарының тізбесі

1. «Қазақ КСР-де ауылды, селоны және аграрлық-өнеркәсіптік кешенді басым дамыту туралы» 1991 жылғы 13 ақпандағы №473-XII;

2. «Қазақ КСР-дегі кәсіпорындар туралы» 1991 жылғы 13 ақпандағы №476-XII;

3. «Кәсіпорындардан, бірлестіктер мен ұйымдардан алынатын салық туралы» 1991 жылғы 14 ақпандағы №480-XII;

4. «Жергілікті өзін-өзі басқару және Қазақ КСР Халық депутаттарының Жергілікті кеңестері туралы» 1991 жылғы 15 ақпандағы №482-XII;

5. «Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1991 жылғы 15 ақпандағы №484-XII;

6. «Қазақ ССР-інің 1991 жылға арналған республикалық бюджеті туралы» 1991 жылғы 16 ақпандағы №490-XII;

7. «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның қабылдануына байланысты амнистия туралы» 1991 жылғы 16 ақпандағы №492-XII;

8. «Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің комитеттері туралы» 1991 жылғы 16 ақпандағы №494-XII;

9. «Қазақ КСР Қылмыстық істер жүргізу кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1991 жылғы 16 ақпандағы №496-XII;

10. «Тұтыну тауарлары мен қызметтер бағасының өсуін ескере отырып, халықтың ақшалай табыстарын индекстеу туралы» 1991 жылғы 5 маусымдағы №638-XII;

11. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» 1991 жылғы 5 маусымдағы №640-XII;

12. «Қазақ КСР-дегі инвестициялық қызмет туралы» 1991 жылғы 10 маусымдағы №653-XII;

13. «Бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу туралы» 1991 жылғы 11 маусымдағы №656-XII;

14. «Қазақ КСР-дегі құнды қағаздар айналысы және қор биржасы туралы» 1991 жылғы 11 маусымдағы №659-XII;

15. «Қазақ КСР-дегі валюталық реттеу туралы» 1991 жылғы 13 маусымдағы №661-XII;

16. «Қазақ КСР 1991 жылға арналған республикалық бюджеті туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1991 жылғы 13 маусымдағы №662а-XII;

17. «Тауар биржалары туралы» 1991 жылғы 13 маусымдағы №663-XII;

18. «Транспорт коммуникацияларын жауып тастау және транспорттың қалыпты да қауіпсіз жұмысына қол сұғатын басқа да заңсыз әрекеттер үшін қылмыстық жауапкершілік туралы» және «КСРО әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілік туралы» КСРО заңдарына байланысты Қазақ КСР кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1991 жылғы 15 маусымдағы №667-XII;

19. «Қазақ КСР заңдарын және Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі мен оның органдары, Қазақ КСР Президенті қабылдаған басқа да актілерді жариялау және күшіне енгізу тәртібі туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер енгізу туралы» 1991 жылғы 15 маусымдағы №668-XII;

20. «Қазақ КСР Халық депутаттары Жергілікті кеңестерінің тұрақты комиссиялары туралы» 1991 жылғы 17 маусымдағы №670-XII;

21. «Ең төмен тұтыну бюджеті туралы» 1991 жылғы 17 маусымдағы №671-XII;

22. «Ең төмен жалақы және еңбекке ақы төлеу саласындағы мемлекеттік әлеуметтік кепілдіктер туралы» 1991 жылғы 17 маусымдағы №672-XII;

23. «Қазақ КСР-де азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 1991 жылғы 17 маусымдағы №675-XII;

24. «Қазақ КСР-де айналадағы табиғи ортаны қорғау туралы» 1991 жылғы 18 маусымдағы №679-XII;

25. «Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1991 жылғы 20 маусымдағы №687-XII;

26. «Шаруашылық серіктестіктері мен акционерлік қоғамдар туралы» 1991 жылғы 21 маусымдағы №690-XII;

27. «Қазақ КСР-де мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы» 1991 жылғы 21 маусымдағы №692-XII;

28. «Алкоголизммен және нашақорлықпен ауыратын адамдарды еріксіз емдеу мәселелері жөніндегі Қазақ КСР заң актілеріне өзгерістер енгізу туралы» 1991 жылғы 21 маусымдағы №694-XII;

29. «Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы» 1991 жылғы 22 маусымдағы №695-XII;

30. «Қазақ КСР Министрлер кабинеті туралы» 1991 жылғы 25 маусымдағы №703-XII;

31. «Қазақ КСР-де мемлекеттік өкімет пен басқару құрылымын жетілдіру және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақ КСР Заңына және Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер енгізу туралы» 1991 жылғы 25 маусымдағы №705-XII;

32. «Қазақ КСР-дегі қоғамдық бірлестіктер туралы» 1991 жылғы 27 маусымдағы №708-XII;

33. «Қазақ КСР халық депутаттарының қызметін қамтамасыз ету және олардың депутаттық қызметке байланысты шығындарын өтеу туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер енгізу туралы» 1991 жылғы 28 маусымдағы №711-XII;

34. «Қазақ КСР Қылмыстық істер жүргізу кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1991 жылғы 28 маусымдағы №718-XII;

35. «КСРО Президентінің ар-ожданы мен қадір-қасиетін қорғау туралы», «КСРО халық депутатының статусы туралы» КСРО заңдарына және «Қазақ КСР-дегі халық депутаттарының статусы туралы» Қазақ КСР Заңына байланысты Қазақ КСР кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1991 жылғы 28 маусымдағы №719-XII;

36. «Қазақ КСР азаматтарынан, шетел азаматтарынан және азаматтығы жоқ адамдардан алынатын табыс салығы туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1991 жылғы 28 маусымдағы №720-XII;

37. «Кәсіпорындардан, бірлестіктер мен ұйымдардан алынатын салық туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер енгізу туралы» 1991 жылғы 28 маусымдағы №721-XII;

38. «Қазақ КСР-дегі мемлекеттік жастар саясаты туралы» 1991 жылғы 28 маусымдағы №722-XII;

39. «Қазақ КСР адвокатурасы туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1991 жылғы 28 маусымдағы №727-XII;

40. «Қазақ КСР-дегі жер реформасы туралы» 1991 жылғы 28 маусымдағы №729-XII;

41. «Баспасөз және басқа бұқаралық ақпарат құралдары туралы» 1991 жылғы 28 маусымдағы №735-XII;

42. «Қазақ ССР Конституциясына (Негізгі заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1991 жылғы 25 тамыздағы №819-XII;

43. «Қазақ КСР Президентін сайлау туралы» 1991 жылғы 16 қазандағы №894-XII;

44. «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауын өзгерту туралы» 1991 жылғы 10 желтоқсандағы №1000-XII;

45. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» 1991 жылғы 16 желтоқсандағы №1007-XII;

46. «Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі туралы» 1991 жылғы 17 желтоқсандағы №1009-XII;

47. «Жер салығы туралы» 1991 жылғы 17 желтоқсандағы №1011-XII;

48. «Қазақстан Республикасының территориясында КСРО-ның бойдақтар, жалғыз басты және шағын отбасылы азаматтары салығын кезең-кезеңімен жою туралы» КСРО Заңының әрекетін тоқтату туралы» 1991 жылғы 17 желтоқсандағы №1013-XII;

49. «Жол қоры туралы» 1991 жылғы 19 желтоқсандағы №1014-XII;

50. «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» 1991 жылғы 20 желтоқсандағы №1017-XII;

51. «Кепіл туралы» 1991 жылғы 23 желтоқсандағы №1019-XII;

52. «Қазақстан Республикасындағы концессиялар туралы» 1991 жылғы 23 желтоқсандағы №1021-XII;

53. «Қосылған құнға салынатын салық туралы» 1991 жылғы 24 желтоқсандағы №1041-XII;

54. «Акциз туралы» 1991 жылғы 24 желтоқсандағы №1043-XII;

55. «Жеке адамдардың мүлкіне салынатын салық туралы» 1991 жылғы 24 желтоқсандағы №1045-XII;

56. «Құнды қағаздармен жасалатын операциялардан алынатын салық туралы» 1991 жылғы 24 желтоқсандағы №1047-XII;

57. «Кеден тарифі мен баж салығы туралы» 1991 жылғы 24 желтоқсандағы №1049-XII;

58. «Кәсіпкерлік қызметтің субъектілері ретінде тіркелмеген азаматтардан алынатын алым туралы» 1991 жылғы 24 желтоқсандағы №1051-XII;

59. «Курорт алымы туралы» 1991 жылғы 24 желтоқсандағы №1053-XII;

60. «Азаматтардан алынатын мақсатты алым туралы» 1991 жылғы 24 желтоқсандағы №1055-XII;

61. «Тіркелген (ренталық) төлемдер туралы» 1991 жылғы 24 желтоқсандағы №1057-XII;

62. «Қазақ КСР Конституциясына толықтырулар енгізу туралы» 1991 жылғы 24 желтоқсандағы №1059-XII;

63. «Қазақ КСР азаматтарынан, шетел азаматтарынан және азаматтығы жоқ адамдардан алынатын табыс салығы туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер енгізу туралы» 1991 жылғы 24 желтоқсандағы №1068-XII;

64. «Кәсіпорындардан, бірлестіктер мен ұйымдардан алынатын салық туралы» Қазақ КСР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1991 жылғы 25 желтоқсандағы №1069-XII;

65. «Қазақстан Республикасының 1992 жылға арналған республикалық бюджеті туралы» 1991 жылғы 25 желтоқсандағы №1071-XII;

66. «Қазақстан Республикасындағы салық жүйесі туралы» 1991 жылғы 25 желтоқсандағы №1072-XII.

1990 жылы қабылданған Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Президенті жарлықтарының тізбесі

1. «Қазақ КСР Президенті мен Қазақ КСР Президенттік кеңесі резиденциясының орналасатын жері туралы» 1990 жылғы 24 сәуірдегі №1;

2. «Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне, қатысушыларына, интернационалист-жауынгерлерге, қаза тапқан әскери қызметшілердің семьяларына қосымша жеңілдіктер туралы» 1990 жылғы 26 сәуірдегі №2;

3. «Бұрын таратылған Маңғышлақ және Торғай облыстарын қалпына келтіру туралы мәселені зерттеу үшін комиссия құру туралы» 1990 жылғы 27 сәуірдегі №3;

4. «М.Т. Берсеневті Қазақ КСР Президенттік кеңесінің мүшесі қызметіне тағайындау туралы» 1990 жылғы 9 мамырдағы №4;

5. «Н.А. Вдовинді Қазақ КСР Президенттік кеңесінің мүшесі қызметіне тағайындау туралы» 1990 жылғы 9 мамырдағы №5;

6. «М.Ж. Жолдасбековті Қазақ КСР Президенттік кеңесінің мүшесі қызметіне тағайындау туралы» 1990 жылғы 9 мамырдағы №6;

7. «С.В. Дрожжинді Қазақ КСР Президенттік кеңесінің мүшесі қызметіне тағайындау туралы» 1990 жылғы 9 мамырдағы №7;

8. «И.Д. Жанғоразовты Қазақ КСР Президенттік кеңесінің мүшесі қызметіне тағайындау туралы» 1990 жылғы 9 мамырдағы №8;

9. «М.Р. Сағдиевті Қазақ КСР Президенттік кеңесінің мүшесі қызметіне тағайындау туралы» 1990 жылғы 9 мамырдағы №9;

10. «С.С. Сартаевты Қазақ КСР Президенттік кеңесінің мүшесі қызметіне тағайындау туралы» 1990 жылғы 9 мамырдағы №10;

11. «Д.Х. Сембаевты Қазақ КСР Президенттік кеңесінің мүшесі қызметіне тағайындау туралы» 1990 жылғы 9 мамырдағы №11;

12. «С.А. Терещенконы Қазақ КСР Президенттік кеңесінің мүшесі қызметіне тағайындау туралы» 1990 жылғы 9 мамырдағы №12;

13. «Қызылорда облысының Арал, Қазалы аудандарында, Ақтөбе облысының Шалқар ауданында тұратын балаларды сауықтыру жөніндегі шаралар туралы» 1990 жылғы 16 мамырдағы №13;

14. «Мемлекеттік және еңбек тәртібін нығайту жөніндегі шұғыл шаралар туралы» 1990 жылғы 29 мамырдағы №14;

15. «О.И. Желтиковты Қазақ КСР Сауда министрі қызметіне тағайындау туралы» 1990 жылғы 5 маусымдағы №16;

16. «Қылмысқа қарсы күресті күшейту жөніндегі қосымша шаралар туралы» 1990 жылғы 6 маусымдағы №17;

17. «С.Д. Бейсеновті Қазақ КСР Еңбек және әлеуметтік мәселелер жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» 1990 жылғы 21 маусымдағы №21;

18. «Қазақ КСР азаматтығына қабылдау туралы» 1990 жылғы 25 маусымдағы №23;

19. «КСРО Федерация кеңесінің жаңа одақтық шарт дайындау жөніндегі жұмыс тобына Қазақ КСР-нен өкілетті өкілдер тағайындау туралы» 1990 жылғы 28 маусымдағы №24;

20. «Өлім жазасына – атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» 1990 жылғы 30 маусымдағы №№25–28;

21. «Кешірім жасау туралы» 1990 жылғы 30 шілдедегі №№29–30;

22. «1990 жылғы егіннің астығын жинауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы» 1990 жылғы 13 тамыздағы №34;

23. «Қазақ КСР Мемлекеттік наградалары жөніндегі ережені бекіту туралы» 1990 жылғы 15 тамыздағы №35;

24. «В.Ф. Бейзельді, М.М. Жүсіповті, Н.Ө. Күшембековті және басқаларды «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» 1990 жылғы 15 тамыздағы №36;

25. «Шығыс Қазақстан облыстық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасы Өрттен қорғау бөлімінің бір топ қызметкерлерін «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» 1990 жылғы 15 тамыздағы №37;

26. «КСРО Металлургия министрлігіне қарасты Қазақстанның әскери тәртіптегі тау апаттарынан қорғау бөлімі №27 Жезқазған отрядының бір топ қызметкерлерін «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» 1990 жылғы 15 тамыздағы №38;

27. «Алматы қалалық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасы Айрықша милиция бөлімінің бір топ қызметкерлерін «Қоғамдық тәртіпті сақтаудағы үздік қызметі үшін» медалімен наградтау туралы» 1990 жылғы 15 тамыздағы №39;

28. «Республика ішкі істер органдарының бір топ қызметкерлерін «Қоғамдық тәртіпті сақтаудағы үздік қызметі үшін» медалімен наградтау туралы» 1990 жылғы 15 тамыздағы №40;

29. «Ленинск қаласының бір топ еңбекшілерін «Еңбек ардагері» медалімен наградтау туралы» 1990 жылғы 15 тамыздағы №41;

30. «С. Мәуленовке, Ә. Нұршайықовқа «Қазақ КСР Халық жазушысы» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 16 тамыздағы №43;

31. «Республика музыка және театр өнерінің бір топ қызметкерлеріне Қазақ КСР құрметті атақтарын беру туралы» 1990 жылғы 16 тамыздағы №44;

32. «М.М. Әбілқасовқа, А.П. Билыкқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнер қайраткері» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 16 тамыздағы №45;

33. «Республика көркем өнерпаздық және халық көркем шығармашылығының бір топ қызметкерлеріне «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 16 тамыздағы №46;

34. «Н.Г. Дьяковаға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 16 тамыздағы №47;

35. «Р.С. Сәбитовке «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 16 тамыздағы №48;

36. «Республика халыққа білім беру жүйесінің бір топ қызметкерлеріне «Қазақ КСР Еңбек сіңірген халыққа білім беру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 16 тамыздағы №49;

37. «Қ.С. Кейкинге «Қазақ КСР Еңбек сіңірген юрисі» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 16 тамыздағы №50;

38. «В.Г. Белозеровке, Т.Б. Сарғасқаевқа, М.А. Тойбазаровқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 16 тамыздағы №51;

39. «Ә. Бекетаевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 16 тамыздағы №52;

40. «Г.В. Лебединскийге, Б.Ф. Тихоновқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген құрылысшысы» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 16 тамыздағы №53;

41. «Б.С. Соломатовқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнертапқышы және рационализаторы» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 16 тамыздағы №54;

42. «М.А. Марченкоға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген жастар тәлімгері» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 16 тамыздағы №55;

43. «Қазақ КСР азаматтығына қабылдау туралы» 1990 жылғы 17 тамыздағы №57;

44. «Кешірім жасау туралы» 1990 жылғы 28 тамыздағы №60;

45. «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» 1990 жылғы 28 тамыздағы №№61–62;

46. «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының ісі бойынша» 1990 жылғы 28 тамыздағы №№63–64;

47. «1930–1940-шы және 1950-ші жылдардың бас кезінде жазықсыз қуғын-сүргінге ұшырап, ақталған азаматтарға жәрдем беру жөніндегі шаралар туралы» 1990 жылғы 18 қыркүйектегі №70;

48. «С.С. Мілдекожаевты «Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1990 жылғы 27 қыркүйектегі №72;

49. «Ц.-Ж. Балданоны «Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1990 жылғы 27 қыркүйектегі №73;

50. «Қ. Боранбаевқа, А.П. Дьяченкоға, А.И. Кайхерге, Л.И. Рассохинаға, О. Смағұловқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген құрылысшысы» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 27 қыркүйектегі №74;

51. «А. Жақұтовқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 27 қыркүйектегі №75;

52. «Ә.Ғ. Қалиевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 27 қыркүйектегі №76;

53. «М.М. Қанғожинға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 27 қыркүйектегі №77;

54. «Э.О. Мацкевичке «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 27 қыркүйектегі №78;

55. «О.И. Нығышевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 27 қыркүйектегі №79;

56. «Р.Қ. Орынбаевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнертапқышы және рационализаторы қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 27 қыркүйектегі №80;

57. «М.З. Фридманға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 27 қыркүйектегі №81;

58. «Кешірім жасау туралы» 1990 жылғы 5 қазандағы №82;

59. «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының ісі бойынша» 1990 жылғы 5 қазандағы №83;

60. «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» 1990 жылғы 5 қазандағы №84;

61. «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының ісі бойынша» 1990 жылғы 5 қазандағы №85;

62. «Соғыс және еңбек ардагерлерін Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1990 жылғы 11 қазандағы №86;

63. «Қазақ КСР азаматтығына қабылдау туралы» 1990 жылғы 11 қазандағы №87;

64. «Ұ. Қарамановты Қазақ КСР Министрлер кабинетінің Премьер-министрі қызметіне тағайындау туралы» 1990 жылғы 21 қарашадағы №88;

65. «Қазақ КСР Жоғары экономикалық кеңесін құру туралы» 1990 жылғы 21 қарашадағы №89;

66. «Кешірім жасау туралы» 1990 жылғы 21 қарашадағы №92;

67. «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» 1990 жылғы 21 қарашадағы №№93–94;

68. «Қазақ КСР азаматтығына қабылдау туралы» 1990 жылғы 13 желтоқсандағы №97;

69. «А.Ә. Әміровті, Г.А. Калюганы, В.Б. Мұқұмбаевты және басқа жолдастарды «Өрт сөндіру кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» 1990 жылғы 13 желтоқсандағы №98;

70. «Семей облыстық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасы Өрттен қорғау бөлімінің бір топ қызметкерлерін «Өрт сөндіру кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» 1990 жылғы 13 желтоқсандағы №99;

71. «Павлодар облыстық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасы Өрттен қорғау бөлімінің бір топ қызметкерлерін «Өрт сөндіру кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» 1990 жылғы 13 желтоқсандағы №100;

72. «Транспорттағы ішкі істер Шығыс басқармасының қызметкерлерін «Қоғамдық тәртіпті сақтаудағы үздік қызметі үшін» медалімен наградтау туралы» 1990 жылғы 13 желтоқсандағы №101;

73. «Республика ішкі істер органдарының бір топ қызметкерлерін «Қоғамдық тәртіпті сақтаудағы үздік қызметі үшін» медалімен наградтау туралы» 1990 жылғы 13 желтоқсандағы №102;

74. «Ш. Әлжанбаевты, А.В. Альчиковті, Қ.Н. Дүсүнбаеваны, Б.Е. Елеусізовті, М.Ә. Қарабаевты, Н.Г. Лихомановты «Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1990 жылғы 13 желтоқсандағы №103;

75. «Г.В. Матковты, Б.Н. Назымбекованы «Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1990 жылғы 13 желтоқсандағы №104;

76. «А.Т. Еременді, И.П. Кокобаеваны, Ф. Шоеваны «Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1990 жылғы 13 желтоқсандағы №105;

77. «Ғ.К. Сүлейменовке Қазақ КСР Еңбек сіңірген әртісі» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 13 желтоқсандағы №106;

78. «Ж. Бірмановқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 13 желтоқсандағы №107;

79. «З.И. Ақмұрзинаға, А.В. Архиповке, Ұ. Мақановқа, Н.М. Мичковаға, М.Н. Нысановқа, М.Н. Пульгаға, Г.А. Севостьяноваға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 13 желтоқсандағы №108;

80. «К.Д. Дүйсенбаевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнер қайраткері» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 13 желтоқсандағы №109;

81. «М.Д. Дәкәрімоваға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген халыққа білім беру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 13 желтоқсандағы №110;

82. «К. Ақанбаевқа, Ж.Қ. Қасымбаевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген халыққа білім беру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 13 желтоқсандағы №111;

83. «Р.М. Жолдыбаевқа, В.Д. Малышевке, А.В. Мамоноваға, Т.Н. Ниязовқа, С.Е. Шауқыновқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 13 желтоқсандағы №112;

84. «Б. Асановқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген транспорт қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 13 желтоқсандағы №113;

85. «Ж. Тәжібаевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген байланыс қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 13 желтоқсандағы №114;

86. «Т.Н. Бүтбаевқа, А.Н. Марфенкоға, В.Л. Чернышовқа, В.И. Шерстневке «Қазақ КСР Еңбек сіңірген құрылысшысы» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 13 желтоқсандағы №115;

87. «Р.Р. Редихке «Қазақ КСР Еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 13 желтоқсандағы №116;

88. «І.Н. Аймағамбетовке, Ш. Ысқақбаевқа, К.А. Товмасянға, Т.М. Янковаға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 13 желтоқсандағы №117;

89. «М.А. Абабковаға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 13 желтоқсандағы №118;

90. «В.Ф. Калмыковқа, А.Н. Никоновқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнертапқышы және рационализаторы» құрметті атағын беру туралы» 1990 жылғы 13 желтоқсандағы №119;

91. «Азық-түлік пен халық тұтынатын тауарларды сақтауды, тасымалдауды және сатуды ұйымдастыруға бақылау жасауды күшейту жөніндегі шаралар туралы» 1990 жылғы 13 желтоқсандағы №120;

92. «Көп балалы аналарды «Ана даңқы» орденімен және «Ана медалі» медалімен наградтау туралы» 1990 жылғы 13 желтоқсандағы №121–138;

93. «Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясын құру туралы» 1990 жылғы 14 желтоқсандағы №139;

94. «М. Жолдасбековті Қазақ КСР Әлеуметтік даму мәселелері жөніндегі мемлекеттік кеңесшісі қызметіне тағайындау туралы» 1990 жылғы 14 желтоқсандағы №141;

95. «Б.М. Тұрсынбаевты Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы, азық-түлік және экология мәселелері жөніндегі мемлекеттік кеңесшісі қызметіне тағайындау туралы» 1990 жылғы 14 желтоқсандағы №142;

96. «Қ. Тұрысовты Қазақ КСР Өнеркәсіп, байланыс және коммуникация мәселелері жөніндегі мемлекеттік кеңесшісі қызметіне тағайындау туралы» 1990 жылғы 14 желтоқсандағы №143;

97. «Ю.А. Хитринді Қазақ КСР Мемлекеттік-құқық мәселелері жөніндегі мемлекеттік кеңесшісі қызметіне тағайындау туралы» 1990 жылғы 14 желтоқсандағы №144;

98. «Қазақ КСР Сыртқы экономикалық байланыстар жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы» 1990 жылғы 20 желтоқсандағы №171;

99. «Қазақ КСР мемлекеттік басқару органдарын қайта құру туралы» 1990 жылғы 20 желтоқсандағы №172;

100. «Қазақ КСР мемлекеттік басқару органдарда кадр өзгерістер туралы» 1990 жылғы 20 желтоқсандағы №172-а;

101. «Е.Г. Ежиков-Бабахановты Қазақ КСР Құрылыс, ғылым және аймақтық даму мәселелері жөніндегі мемлекеттік кеңесшісі қызметіне тағайындау туралы» 1990 жылғы 24 желтоқсандағы №173;

102. «Қазақ КСР Президенттік кеңесінің мүшелерін міндеттерінен босату туралы» 1990 жылғы 29 желтоқсандағы №174;

103. «А.Д. Ермегияев туралы» 1990 жылғы 29 желтоқсандағы №174а;

104. «Кешірім жасау туралы» 1990 жылғы 29 желтоқсандағы №175;

105. «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының ісі бойынша» 1990 жылғы 29 желтоқсандағы №176;

106. «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» 1990 жылғы 29 желтоқсандағы №№177–179;

107. «С.Ж. Әбішевті Қазақ КСР Сыртқы экономикалық байланыстар министрі қызметіне тағайындау туралы» 1990 жылғы 29 желтоқсандағы №180;

108. «В.И. Двуреченскийді Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрі қызметіне тағайындау туралы» 1990 жылғы 29 желтоқсандағы №181;

109. «Н. Қыпшақбаевты Қазақ КСР Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» 1990 жылғы 29 желтоқсандағы №182;

110. «А.А. Құлыбаевты Қазақ КСР Архитектура және құрылыс жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» 1990 жылғы 29 желтоқсандағы №183;

111. «Н.М. Макиевскийді Қазақ КСР Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясының төрағасы қызметіне тағайындау туралы» 1990 жылғы 29 желтоқсандағы №184;

112. «Қазақ КСР Статистика жөніндегі мемлекеттік комитетін Қазақ КСР Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті, облыстық және Алматы қалалық статистика басқармаларын статистика және талдау жөніндегі облыстық және Алматы қалалық басқармалары етіп қайта құру туралы» 1990 жылғы 30 желтоқсандағы №185;

113. «Т.Ж. Жұмасұлтановты Қазақ КСР Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» 1990 жылғы 30 желтоқсандағы №186;

114. «Қазақ КСР Министрлер кабинетінің құрамы туралы» 1990 жылғы 30 желтоқсандағы №187.

1991 жылы қабылданған Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы (Қазақстан Республикасы) Президенті жарлықтарының тізбесі

1. «Э.Х. Гукасов туралы» 1991 жылғы 7 қаңтардағы №193;
2. «М.М. Бәкеновті Қазақ КСР Геология және жер қойнауын қорғау жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 7 қаңтардағы №194;
3. «А.М. Дубицкийді Қазақ КСР Экология және табиғат пайдалану жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 7 қаңтардағы №195;
4. «Қ.С. Ізбасқановты Қазақ КСР Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 7 қаңтардағы №196;
5. «Қазақ КСР Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы» 1991 жылғы 8 қаңтардағы №198;
6. «Қ.А. Абдоллаевты Қазақ КСР Экономика жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 8 қаңтардағы №199;
7. «Қ.А. Абдоллаев туралы» 1991 жылғы 8 қаңтардағы №199а;
8. «К.С. Өмірбаева туралы» 1991 жылғы 8 қаңтардағы №200;
9. «А.П. Коротков туралы» 1991 жылғы 10 қаңтардағы №205;
10. «Ю.П. Усачевті Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 16 қаңтардағы №207;
11. «Қызылорда облысының «Маңғыстаумұнай» өндірістік бірлестігінің «Құмкөлмұнай» мұнай-газ өндіру басқармасының бір топ қызметкерлерін Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 16 қаңтардағы №208;
12. «Жезқазған облысының бір топ қызметкерлерін Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 16 қаңтардағы №209;
13. «Е. Мұхамедьяровты Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 16 қаңтардағы №210;
14. «Т. Исоваға, Н. Мышбаеваға, Т. Тасыбековаға «Қазақ КСР Халық әртісі» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 16 қаңтардағы №211;
15. «Театр өнерінің бір топ қызметкерлеріне «Қазақ КСР Еңбек сіңірген әртісі» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 16 қаңтардағы №212;
16. «Ғ.Ж. Жарылғаповқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 16 қаңтардағы №213;
17. «А.И. Вольскийге, Ш. Ділдебаевқа, Л.Г. Хилинскийге «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 16 қаңтардағы №214;
18. «Н.П. Карастылевке, В.Е. Клочкоға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 16 қаңтардағы №215;
19. «С. Тұрлымұратовқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 16 қаңтардағы №216;

20. «Р.М. Құлуевқа, Ө.Т. Тілегеновке, Т. Тойшиевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген құрылысшысы» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 16 қаңтардағы №217;

21. «Н.А. Новиченкоға, Ә.Б. Тоғызовқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 16 қаңтардағы №218;

22. «Ш. Жапароваға, А. Надыроваға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген халыққа білім беру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 16 қаңтардағы №219;

23. «О.Б. Баймұратовқа, Р.К. Ермековаға, Ә.К. Омаровқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген ғылыми қайраткері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 16 қаңтардағы №220;

24. «А.С. Бұршақбаевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген экономисі» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 16 қаңтардағы №221;

25. «Республика ішкі істер органдарының бір топ қызметкерлерін «Қоғамдық тәртіпті сақтаудағы үздік қызметі үшін» медалімен наградтау туралы» 1991 жылғы 16 қаңтардағы №222;

26. «Республика ішкі істер органдарының бір топ қызметкерлерін «Қоғамдық тәртіпті сақтаудағы үздік қызметі үшін» медалімен наградтау туралы» 1991 жылғы 16 қаңтардағы №223;

27. «С.С. Айтбаевты, А.Ю. Бабичевті, М.К. Байсалбаевты және басқа жолдастарды «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» 1991 жылғы 16 қаңтардағы №224;

28. «Семей облыстық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасы Өрттен қорғау бөлімі №79 Әскерилендірілген өрт сөндіру бөлімшесінің бір топ қызметкерлерін «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» 1991 жылғы 16 қаңтардағы №225;

29. «Павлодар облыстық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасы Өрттен қорғау бөлімінің бір топ қызметкерлерін «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» 1991 жылғы 16 қаңтардағы №226;

30. «А.С. Ақбаевты Қазақ КСР Жастар істері, дене тәрбиесі және спорт жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 17 қаңтардағы №229;

31. «1991 жылы экономиканы тұрақтандырудың жалпы республикалық бюджеттен тыс қорын жасау туралы» 1991 жылғы 5 ақпандағы №234;

32. «Кешірім жасау туралы» 1991 жылғы 8 ақпандағы №235;

33. «Республика ішкі істер органдарының бір топ қызметкерлерін «Қоғамдық тәртіпті сақтаудағы үздік қызметі үшін» медалімен наградтау туралы» 1991 жылғы 13 ақпандағы №242;

34. «Маңғыстау облыстық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасы Өрт сөндіру бөлімінің бір топ қызметкерлерін «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» 1991 жылғы 13 ақпандағы №243;

35. «Ақтөбе облыстық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасы Өрттен қорғау бөлімінің бір топ қызметкерлерін «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» 1991 жылғы 13 ақпандағы №244;

36. «Алматы қалалық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасы Өрттен қорғау бөлімінің бір топ қызметкерлерін «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» 1991 жылғы 13 ақпандағы №245;

37. «Семей облыстық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасы Өрттен қорғау бөлімінің бір топ қызметкерлерін «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» 1991 жылғы 13 ақпандағы №246;

38. «Ж. Қоқановты «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» 1991 жылғы 13 ақпандағы №247;

39. «Ә. Қосбасаровқа «Қазақ КСР Халық ақыны» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 13 ақпандағы №248;

40. «Маңғыстау облысындағы «Прикаспий кен-металлургия комбинаты» өндірістік бірлестігінің бір топ қызметкерлерін Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 13 ақпандағы №249;

41. «Құрылыс ұйымдарының бір топ озаттарын Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 13 ақпандағы №250;

42. «Театр өнерінің бір топ қызметкерлеріне «Қазақ КСР Еңбек сіңірген әртісі» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 13 ақпандағы №251;

43. «А.И. Жақсыбаевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 13 ақпандағы №252;

44. «Ы.Е. Қарсақбаевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнер қайраткері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 13 ақпандағы №253;

45. «С.М. Кимге «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнеркәсіп қайраткері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 13 ақпандағы №254;

46. «В.Ф. Веселоваға, С. Қадыровқа, Ж.Қ. Сапаровқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген құрылысшысы» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 13 ақпандағы №255;

47. «В.Е. Прокофьевке «Қазақ КСР Еңбек сіңірген транспорт қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 13 ақпандағы №256;

48. «Ө.М. Мұқановқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 13 ақпандағы №257;

49. «Ф.М. Жмайловқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 13 ақпандағы №258;

50. «М.Қ. Құрманғалиеваға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген халыққа білім беру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 13 ақпандағы №259;

51. «В.В. Калугинге «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнертапқышы және рационализаторы» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 13 ақпандағы №260;

52. «В.И. Власовты «Қазақ КСР Өнеркәсіп министрі қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 25 ақпандағы №262;

53. «Н.Қ. Есенғаринді «Қазақ КСР Транспорт министрі қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 25 ақпандағы №263;

54. «А.К. Томашец туралы» 1991 жылғы 25 ақпандағы №264;

55. «Республика ішкі істер органдарының бір топ қызметкерлерін «Қоғамдық тәртіпті сақтаудағы үздік қызметі үшін» медалімен наградтау туралы» 1991 жылғы 26 ақпандағы №265;

56. «Көп балалы аналарды «Ана даңқы» орденімен және «Ана медалі» медалімен наградтау туралы» 1991 жылғы 26 ақпандағы №№266–268;

57. «Республика азаматтарының КСРО Қарулы Күштерінде әскери қызметті өткеруіне байланысты өтініштерді қарау жөніндегі шаралар туралы» 1991 жылғы 26 ақпандағы №269;

58. «Қазақ КСР азаматтығына қабылдау туралы» 1991 жылғы 26 ақпандағы №270;

59. «Кешірім жасау туралы» 1991 жылғы 5 наурыздағы №277;

60. «Қазақ КСР Еңбек және әлеуметтік мәселелер жөніндегі мемлекеттік комитетін Қазақ КСР Еңбек министрлігі етіп қайта құру туралы» 1991 жылғы 14 наурыздағы №281;

61. «С.Д. Бейсеновті Қазақ КСР Еңбек министрі қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 14 наурыздағы №282;

62. «С.Д. Бейсенов туралы» 1991 жылғы 14 наурыздағы №283;

63. «Қ.Қ. Байкеновті Қазақ КСР Мемлекеттік кеңесшісі қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 15 наурыздағы №284;

64. «Көктемгі халықтық мереке — Наурыз мейрамы туралы» 1991 жылғы 15 наурыздағы №285;

65. «Жеке тұрғын үй құрылысы мен тұрғын үй кооперациясын одан әрі дамыту жөніндегі қосымша шаралар туралы» 1991 жылғы 19 наурыздағы №286;

66. «Республика халқының азық-түлік өнімімен өзін-өзі қамтамасыз етуі үшін жағдайлар жасау жөніндегі шұғыл шаралар туралы» 1991 жылғы 26 наурыздағы №288;

67. «Кәсіпорындарға, бірлестіктерге, ұйымдарға және азаматтарға салық салу тәртібіндегі өзгерістер туралы» 1991 жылғы 4 сәуірдегі №296;

68. «Кешірім жасау туралы» 1991 жылғы 5 сәуірдегі №297;

69. «Өлім жазасына — атуға кесілген сотталушының кешірім жасау туралы өтініші жөнінде» 1991 жылғы 5 сәуірдегі №298;

70. «М. Қарабалиевты, С. Мұқановты Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 8 сәуірдегі №303;

71. «Қ. Нұрыновты, Г.И. Яковлевті Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 8 сәуірдегі №304;

72. «М.А. Потапованы Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 8 сәуірдегі №305;

73. «Р. Әшірбековаға «Қазақ КСР Халық әртісі» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 8 сәуірдегі №306;

74. «А. Оразбековке «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 8 сәуірдегі №307;

75. «Театр өнерінің бір топ қызметкерлеріне «Қазақ КСР Еңбек сіңірген әртісі» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 8 сәуірдегі №308;

76. «В.А. Кошелевке, С.И. Көшекбаевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген транспорт қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 8 сәуірдегі №309;

77. «Құрылыстың бір топ қызметкерлеріне «Қазақ КСР Еңбек сіңірген құрылысшысы» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 8 сәуірдегі №310;

78. «В.И. Боровиковқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнеркәсіп қайраткері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 8 сәуірдегі №311;

79. «А.Ш. Адаевқа, Д.А. Кочегаровқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 8 сәуірдегі №312;

80. «Халыққа білім беру ісінің бір топ қызметкерлеріне «Қазақ КСР Еңбек сіңірген халыққа білім беру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 8 сәуірдегі №313;

81. «Д.Д. Түркбенбаеваға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген экономисі» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 8 сәуірдегі №314;

82. «Бөлшек сауда бағаларының реформасына байланысты оқушылар мен студенттерді әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар туралы» 1991 жылғы 16 сәуірдегі №315;

83. «Қазақ КСР Президенті жанындағы Республика кеңесі туралы ережені бекіту жөнінде» 1991 жылғы 17 сәуірдегі №316;

84. «Қазақ КСР Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің мәселелері» 1991 жылғы 22 сәуірдегі №318;

85. «Республикалық валюта қоры туралы» 1991 жылғы 26 сәуірдегі №320;

86. «Кешірім жасау туралы» 1991 жылғы 23 мамырдағы №322;

87. «Қазақ КСР азаматтығына қабылдау туралы» 1991 жылғы 23 мамырдағы №326;

88. «Қожа Ахмет Яссауи атындағы Түркістан мемлекеттік университетін ашу туралы» 1991 жылғы 6 маусымдағы №329;

89. «Қазақ КСР Жаңа экономикалық құрылымдарды қолдау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі мемлекеттік комитетін құру туралы» 1991 жылғы 7 маусымдағы №330;

90. «Өндіріс озаттарын Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 7 маусымдағы №332;

91. «Қ.Қ. Байжановқа, В.Т. Лысенкоға, Л.П. Петрова-Тыщенкоға, Л.Ф. Пономаревке, К. Оразовқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 7 маусымдағы №333;

92. «М.С. Сақыповты «Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 7 маусымдағы №334;

93. «Б.И. Турищевті «Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 7 маусымдағы №335;

94. «Н.Н. Оразовты «Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 7 маусымдағы №336;

95. «П.П. Пиуновты «Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 7 маусымдағы №337;

96. «И.А. Никольскаяны, Л.И.Пинчукті «Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 7 маусымдағы №338;

97. «Ж. Есіркеповті «Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 7 маусымдағы №339;

98. «Ж.Е. Ендібаевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген құрылысшысы» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 7 маусымдағы №340;

99. «М.Ф. Жақсылықовқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген архитекторы» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 7 маусымдағы №341;

100. «В.Г. Разумовқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген транспорт қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 7 маусымдағы №342;

101. «А.И. Белогороховқа, Т.К. Беркінбаевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген байланыс қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 7 маусымдағы №343;

102. «Н.С. Гавринге, Ф.А. Захарченкоға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 7 маусымдағы №344;

103. «Т. Мақұлбаевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген экономисі» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 7 маусымдағы №345;

104. «Қ. Ахмедияровқа «Қазақ КСР Халық әртісі» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 7 маусымдағы №346;

105. «Ф.Ш. Дәулетқожаеваға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 7 маусымдағы №347;

106. «А.А. Батцельге, Ю.О. Имировқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 7 маусымдағы №348;

107. «В.И. Гамалейге, А.В. Мироновқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген білім беру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 7 маусымдағы №349;

108. «Е.М. Шайхутдиновке «Қазақ КСР Еңбек сіңірген ғылым қайраткері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 7 маусымдағы №350;

109. «В.Н. Березовскийге «Қазақ КСР Еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 7 маусымдағы №351;

110. «Солтүстік Қазақстан облыстық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасы Өрттен қорғау бөлімінің бір топ қызметкерлерін «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» 1991 жылғы 7 маусымдағы №352;

111. «Целиноград облыстық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасы Өрттен қорғау бөлімі №133 Әскерилендірілген өрт сөндіру бөлімшесінің бір топ қызметкерлерін «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» 1991 жылғы 7 маусымдағы №353;

112. «М.И. Пастуховты, А.И. Яковенконы «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» 1991 жылғы 7 маусымдағы №354;

113. «Республика ішкі істер органдарының бір топ қызметкерлерін «Қоғамдық тәртіпті сақтаудағы үздік қызметі үшін» медалімен наградтау туралы» 1991 жылғы 7 маусымдағы №355;

114. «Х.Д. Дриллерді Қазақ КСР Жаңа экономикалық құрылымдарды қолдау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 24 маусымдағы №357;

115. «Ұ. Қарамановты Қазақ КСР Премьер-министрі қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 25 маусымдағы №358;

116. «Е.Г. Ежиков-Бабахановты Қазақ КСР Премьер-министрінің бірінші орынбасары қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 25 маусымдағы №359;

117. «Қ.Қ. Бәйкеновті «Қазақ КСР Премьер-министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 25 маусымдағы №360;

118. «М. Жолдасбековті Қазақ КСР Премьер-министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 25 маусымдағы №361;

119. «Б.М. Тұрсынбаевты Қазақ КСР Премьер-министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 25 маусымдағы №362;

120. «Қ. Тұрысовты Қазақ КСР Премьер-министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 25 маусымдағы №363;

121. «Қ.С. Ізбасхановты Қазақ КСР Министрлер кабинетінің құрамына енгізу туралы» 1991 жылғы 25 маусымдағы №364;

122. «Кешірім жасау туралы» 1991 жылғы 27 маусымдағы №365;

123. «Республика ішкі істер органдарының бір топ қызметкерлерін «Қоғамдық тәртіпті сақтаудағы үздік қызметі үшін» медалімен наградтау туралы» 1991 жылғы 1 шілдедегі №379;

124. «Қазақ КСР Мемлекеттік салық салу қызметін құру туралы» 1991 жылғы 9 шілдедегі №380;

125. «Е.Ж. Дербісовті Қазақ КСР Бас мемлекеттік салық инспекциясының бастығы қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 9 шілдедегі №381;

126. «1991/1992 жылғы егін жинау, жем-шөп дайындау және мал қыстату кезіндегі төтенше шаралар туралы» 1991 жылғы 22 шілдедегі №383;

127. «Кешірім жасау туралы» 1991 жылғы 5 тамыздағы №384;

128. «Қазақ КСР аграрлық-өнеркәсіптік кешенінің кәсіпорындары мен ұйымдарын экономиканы тұрақтандырудың жалпыреспубликалық бюджеттен тыс қорына әлеуметтік қамсыздандыру есебінен аударған төлемнен босату туралы» 1991 жылғы 8 тамыздағы №393;

129. «Қ.А. Абдоллаевты Қазақ КСР Премьер-министрінің орынбасары — Қазақ КСР Экономика жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 9 тамыздағы №394;

130. «Қазақ КСР Туризм министрлігін құру туралы» 1991 жылғы 12 тамыздағы №396;

131. «Қазақ КСР Қауіпсіздік кеңесін құру туралы» 1991 жылғы 21 тамыздағы №403;

132. «Қазақ КСР прокуратура, мемлекет қауіпсіздігі, ішкі істер, юстиция, мемлекеттік арбитраж органдарында, соттарында, таможнясында саяси партиялардың, басқа да қоғамдық бірлестіктер мен бұқаралық қоғамдық қозғалыстардың ұйымдық құрылымдарының қызметін тоқтату туралы» 1991 жылғы 22 тамыздағы №405;

133. «Қазақ КСР территориясындағы КОКП мүлкі туралы» 1991 жылғы 25 тамыздағы №406;

134. «Мемлекеттік өкімет пен басқару органдарындағы басшы қызметтерді саяси партиялардағы және басқа қоғамдық-саяси бірлестіктердегі қызметтермен қоса атқаруға болмайтындығы туралы» 1991 жылғы 28 тамыздағы №408;

135. «Семей ядролық сынақ полигонын жабу туралы» 1991 жылғы 29 тамыздағы №409;

136. «Одақтық бағыныстағы мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың Қазақ КСР үкіметінің қарамағына көшу туралы» 1991 жылғы 31 тамыздағы №410;

137. «Қазақ КСР сыртқы экономикалық қызметінің дербестігін қамтамасыз ету туралы» 1991 жылғы 31 тамыздағы №411;

138. «Қазақ КСР-де алтын қорын және алмас қорын жасау туралы» 1991 жылғы 31 тамыздағы №412;

139. «Қазақ КСР Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігін құру туралы» 1991 жылғы 31 тамыздағы №413;

140. «Қ. Сұлтановты Қазақ КСР Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрі қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 31 тамыздағы №414;

141. «Қазақ КСР Жастар ісі жөніндегі мемлекеттік комитетін құру туралы» 1991 жылғы 31 тамыздағы №415;

142. «И.Н. Тасмағамбетовті «Қазақ КСР Жастар ісі жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 31 тамыздағы №416;

143. «Қазақ КСР Туризм, дене шынықтыру және спорт министрлігін құру туралы» 1991 жылғы 31 тамыздағы №417;

144. «Қ. Тұрысовты Қазақ КСР Туризм, дене шынықтыру және спорт министрі қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 31 тамыздағы №418;

145. «Т.С. Қабдырахмановты Қазақ КСР Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті төрағасының бірінші орынбасары — Қазақ КСР министрі қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 31 тамыздағы №419;

146. «А.С. Ақбаев туралы» 1991 жылғы 31 тамыздағы №427;

147. «Қазақ КСР азаматтығына қабылдау туралы» 1991 жылғы 31 тамыздағы №431;

148. «Қазақ КСР-інде тұратын Р.К. Мұхамбетәлиннің Қазақ КСР азаматтығынан және сонымен бірге КСРО азаматтығынан шығуы туралы» 1991 жылғы 31 тамыздағы №433;

149. «Кешірім жасау туралы» 1991 жылғы 2 қыркүйектегі №434;

150. «Қазақ КСР Ғарыш зерттеулер агенттігін құру туралы» 1991 жылғы 11 қыркүйектегі №441;

151. «Қазақ КСР Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетін құру туралы» 1991 жылғы 11 қыркүйектегі №442;

152. «Әскери қызметке шақыру туралы» 1991 жылғы 12 қыркүйектегі №443;

153. «Қ.Б. Саудабаевты Қазақ КСР-нің КСРО-дағы Өкілетті өкілі қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 13 қыркүйектегі №445;

154. «В.Б. Темірбаевты Қазақ КСР-нің РҚФСР-дегі Тұрақты өкілі қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 13 қыркүйектегі №446;

155. «Е. Рахмадиевті Қазақ КСР Мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 13 қыркүйектегі №447;

156. «Қазақ КСР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитетін, Қазақ КСР Теледидар және радио хабары жөніндегі мемлекеттік комитетін және Қазақ КСР Министрлер кабинеті жанындағы Баспасөзде және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік құпияны сақтау жөніндегі бас басқарманы тарату туралы» 1991 жылғы 17 қыркүйектегі №449;

157. «Қазақ КСР-нің КСРО-дағы Өкілетті өкілдігін құру туралы» 1991 жылғы 20 қыркүйектегі №451;

158. «Кешірім жасау туралы» 1991 жылғы 10 қазандағы №456;

159. «Ғарышкер-зерттеушілер А.П. Арцебарскийді, Т.О. Әубәкіровті және Ф. Фибекті Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 10 қазандағы №462;

160. «С.А. Терещенконы Қазақ КСР Премьер-министрі қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 16 қазандағы №465;

161. «Ұ. Қараманов туралы» 1991 жылғы 16 қазандағы №466;

162. «Д.Х. Сембаевты Қазақ КСР Премьер-министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 16 қазандағы №467;

163. «Ұ. Қарамановты Қазақ КСР Мемлекеттік кеңесшісі қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 17 қазандағы №468;

164. «Қ.А. Абдоллаевты Қазақ КСР Премьер-министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 25 қазандағы №470;

165. «Т.С. Қабдырахмановты Қазақ КСР Экономика жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 25 қазандағы №471;

166. «Н.А. Вдовинді Қазақ КСР Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің төрағасы қызметінен босату туралы» 1991 жылғы 25 қазандағы №472;

167. «Б.А. Баекеновті Қазақ КСР Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 25 қазандағы №473;

168. «Қазақ КСР Мемлекеттік қорғаныс комитетін құру туралы» 1991 жылғы 25 қазандағы №474;

169. «С.Қ. Нұрмағамбетовті Қазақ КСР Мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 25 қазандағы №475;

170. «Байқоңыр» ғарыш айлағының бір топ қызметкерлерін Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 25 қазандағы №479;

171. «Кешірім жасау туралы» 1991 жылғы 28 қазандағы №480;

172. «Қазақ КСР-нің РКФСР-дегі Тұрақты өкілдігін құру туралы» 1991 жылғы 28 қазандағы №487;

173. «Қ. Зәкіриянов туралы» 1991 жылғы 6 қарашадағы №491;

174. «Республика ішкі істер органдарының бір топ қызметкерлерін «Қоғамдық тәртіпті сақтаудағы үздік қызметі үшін» медалімен наградтау туралы» 1991 жылғы 25 қарашадағы №496;

175. «Маңғыстау облыстық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасы №7 Әскерилендірілген өрттен қорғау отряды №101 Әскерилендірілген өрт бөлімінің бір топ қызметкерлерін «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» 1991 жылғы 25 қарашадағы №497;

176. «В.Г. Бугаевты «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» 1991 жылғы 25 қарашадағы №498;

177. «Шығыс Қазақстан облысындағы жер сілкінуінің зардаптарын жоюға қатысушыларды Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №499;

178. «Өндіріс озаттарын Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №500;

179. «Республиканың өндіріс озаттарын Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №501;

180. «Халыққа білім беру қызметкерлерінің бір тобын Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №502;

181. «Е.Я. Карретті, О. Көшімовті, Х. Муфтахованы Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №503;

182. «Торғай облысының бір топ қызметкерлерін Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №504;

183. «Қазақ КСР Теледидар және радио хабары жөніндегі мемлекеттік комитетінің бір топ қызметкерлерін Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №505;

184. «Т.Қ. Құтжанованы, Е.Ф. Лебедеваны Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №506;

185. «В.Н. Павлухинаны, Р.Р. Өтегенованы Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №507;

186. «А.С. Елагинді Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №508;

187. «А.Н. Тілеулиновны Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №509;

188. «Ю.А. Юмашевны Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №510;

189. «Ж.Я. Әубәкіровға, Г.Ы. Қадырбековға «Қазақ КСР Халық әртісі» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №511;

190. «М.Б. Серкебаевқа «Қазақ КСР Халық әртісі» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №512;

191. «Бір топ қызметкерлерге «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнеркәсіп қайраткері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №513;

192. «Е.А. Королевға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнеркәсіп қайраткері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №514;

193. «А.П. Борщенкоға, Қ.А. Жұмабаевқа, Л.Г. Моисеевке «Қазақ КСР Еңбек сіңірген құрылысшысы» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №515;

194. «Г.В. Медведевке «Қазақ КСР Еңбек сіңірген құрылысшысы» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №516;

195. «Т.Н. Асыловқа, Қ.С. Мәмбетовке «Қазақ КСР Еңбек сіңірген транспорт қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №517;

196. «Н.Г. Головинаға, Н.О. Егіншиевке «Қазақ КСР Еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №518;

197. «К.Б. Шегебаеваға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №519;

198. «Ә.И. Иманғалиевқа, Ю.И. Фильшинге «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнертапқышы және рационализаторы» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №520;

199. «Х.М. Жанғазиевқа, М.Д. Лейкинге «Қазақ КСР Еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №521;

200. «Н.Р. Рановқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №522;

201. «Халыққа білім беру саласының бір топ қызметкерлеріне «Қазақ КСР Еңбек сіңірген халыққа білім беру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №523;

202. «Ж.З. Зұлқашеваға, Қ.Ж. Қабасовқа, М. Құсайыновқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген халыққа білім беру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №524;

203. «Е. Лимановқа, Ш.Қ. Сәтбаеваға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген ғылыми қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №525;

204. «Ж. Сыздықовқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген ғылыми қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 26 қараша №526;

205. «Ә.Қ. Дүйсенбаевқа, Ә.Ж. Желдібаевқа, Г.Д. Седовқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №527;

206. «Қ. Деріпсалдинға, С. Жалмышевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №528;

207. «А. Бекбосыновқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №529;

208. «Т.Ә. Тобағабыловқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №530;

209. «М.Я. Антонюкке, М-У.С. Паншаевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнер қайраткері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №531;

210. «А.Н. Бургаевқа, О. Нұржұмаевқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнер қайраткері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №532;

211. «А.А. Меттусқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген өнер қайраткері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №533;

212. «А.Д. Макаровқа «Қазақ КСР Еңбек сіңірген әртісі» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №534;

213. «Р.А. Машуроваға «Қазақ КСР Еңбек сіңірген әртісі» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 26 қарашадағы №535;

214. «Бердақ атындағы Қарақалпақ мемлекеттік музыкалық театрының ұжымын Қазақ КСР Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 8 желтоқсандағы №536;

215. «Қазақстан Республикасының халқын әлеуметтік жағынан қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы» 1991 жылғы 12 желтоқсандағы №537;

216. «1992 жылы Қазақстан Республикасында шаруашылық байланыстарды ұйымдастыру туралы» 1991 жылғы 12 желтоқсандағы №538;

217. «Қазақстан Республикасының Кеден комитетін құру туралы» 1991 жылғы 12 желтоқсандағы №539;

218. «Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы оқиғаларға қатысқаны үшін жауаптылыққа тартылған азаматтарды ақтау туралы» 1991 жылғы 12 желтоқсандағы №540;

219. «Жалақыға және тұтынуға жұмсалатын қаржының өсіміне шектеулерді жою туралы әрі бюджеттік ұйымдар мен мекемелер қызметкерлерінің жалақысын өсіру туралы» 1991 жылғы 12 желтоқсандағы №541;

220. «Ә.К. Бейсеуовке, Ш. Қалдаяқовқа «Қазақстан Республикасының халық әртісі» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 20 желтоқсандағы №544;

221. «Н.Х. Тілемісовті Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 20 желтоқсандағы №545;

222. «А.Х. Арыстанбекованы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі қызметінен босату туралы» 1991 жылғы 20 желтоқсандағы №546;

223. «Т.Ы. Сүлейменовті Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі қызметіне тағайындау туралы» 1991 жылғы 20 желтоқсандағы №547;

224. «Кешірім жасау туралы» 1991 жылғы 26 желтоқсандағы №550;

225. «Қазақстан Республикасында тұратын адамдардың Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығу туралы» 1991 жылғы 26 желтоқсандағы №551;

226. «Өндіріс озаттарын Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 27 желтоқсандағы №552;

227. «К.И. Ілиясовты, Т.М. Махимовті, Х.С. Өтеғалиевты Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 27 желтоқсандағы №553;

228. «С.З. Сақановаңы Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» 1991 жылғы 27 желтоқсандағы №554;

229. «Б.С. Жұманиязовқа, Г.Ә. Молдакәрімоваға «Қазақстан Республикасының халық әртісі» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 27 желтоқсандағы №555;

230. «Республика өнеркәсібі кәсіпорындарының бір топ қызметкерлеріне «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 27 желтоқсандағы №556;

231. «Б.Ы. Ахметовке, И.Я. Строговқа «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген құрылысшысы» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 27 желтоқсандағы №557;

232. «Е.Б. Байбарақовқа, Н.Н. Қыдырбаевқа «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 27 желтоқсандағы №558;

233. «Ғ. Сейітжановқа «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 27 желтоқсандағы №559;

234. «Е.М. Балғожиновқа, Л.А. Пенчуковаға «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген халыққа білім беру қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 27 желтоқсандағы №560;

235. «Ф. Бижановқа, В.И. Нагибинге «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген ғылым қайраткері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 27 желтоқсандағы №561;

236. «Мәдениет саласының бір топ қызметкерлеріне «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 27 желтоқсандағы №562;

237. «Ә.Ы. Ыдырысовқа «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 27 желтоқсандағы №563;

238. «Ә.С. Рахмановқа, А.А. Северовқа, Т.Б. Сүлейменовке «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген өнер қайраткері» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 27 желтоқсандағы №564;

239. «В.И. Брицке, Г.А. Ералиеваға, К.Т. Мыржықбаевқа «Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген әртісі» құрметті атағын беру туралы» 1991 жылғы 27 желтоқсандағы №565;

240. «В.И. Волковты, Е.А. Данилинді, А.Г. Евтуховты және басқа жолдастарды «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» 1991 жылғы 27 желтоқсандағы №566;

241. «Г.М. Ілиясовты, В.И. Чижикті «Өрт кезіндегі ерлігі үшін» медалімен наградтау туралы» 1991 жылғы 27 желтоқсандағы №567;

242. «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының бір топ қызметкерлерін «Қоғамдық тәртіпті сақтаудағы үздік қызметі үшін» медалімен наградтау туралы» 1991 жылғы 27 желтоқсандағы №568.

Қысқартылған сөздер тізімі

БК — бірлескен кәсіпорын
БК(б)П — Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясы
БҰҰ — Біріккен Ұлттар Ұйымы
ДДСҰ — Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
ЕҚДБ — Еуропа қайта құру және даму банкі
ЕО — Еуропалық Одақ
ЕЭҚ — Еуропалық экономикалық қоғамдастық
Кәсіподақ — кәсіби одақ
Кеңшар — кеңестік шаруашылық
КОКП — Кеңес Одағының Коммунистік партиясы
КСР — Кеңестік Социалистік Республика
КСРО — Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
ЛКЖО — Лениндік Коммунистік жастар одағы
МАГАТЭ — Халықаралық атом энергиясы жөніндегі агенттік
ОБК — Орталық бақылау комиссиясы
ОК — Орталық комитет
РК(б)П — Ресей Коммунистік (болшевиктер) партиясы
РКФСР — Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасы
ТАСС — Кеңес Одағының телеграфтық агенттігі
ТЖМК — КСРО Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті
ТМД — Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
Ұжымшар — ұжымдық шаруашылық
ЮНЕСКО — БҰҰ білім беру, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы

Географиялық атаулар көрсеткіші

Абай, ауданы (Семей обл., 1997 жылдың мамырынан — Шығыс Қазақстан обл.) 216
«Абай», кеңшары (Алматы обл., Қаскелең ауд., 1998 жылдың қыркүйегінен — Алматы обл., Қарасай ауд.) 126
Австралия 215
Австрия 169, 190, 198, 199, 434
Азия, құрлығы 162, 282, 297, 375, 451, 456
Азия-Тынық мұхит, аймағы 59, 63, 375, 434, 451, 458
Ақтау, қаласы (Маңғыстау обл.) 204
Ақтөбе, қаласы 131, 214
Ақтөбе, облысы 24, 115, 130, 131, 214, 251, 290
Алашанькоу, темір жол бекеті (Қытай) 163, 375, 434
Алматы, қаласы 11, 21, 22, 24, 25, 26, 29, 33, 35, 37, 40, 41, 42, 54, 55, 64, 67, 68, 70, 74, 75, 87, 92, 96, 102, 103, 116, 125, 126, 129, 131, 132, 133, 137, 139, 146, 150, 151, 153, 159, 162, 171, 176, 183, 189, 192, 197, 199, 200, 202, 203, 204, 207, 214, 215, 221, 223, 227, 232, 233, 234, 235, 238, 246, 255, 258, 261, 262, 273, 291, 309, 320, 382, 393, 396, 406, 410, 415, 422, 432, 433, 434, 437, 439, 440, 460, 462, 463, 464, 465, 466, 467, 468
Алматы, облысы 5, 25, 126, 132, 133, 174, 214, 217, 261, 262, 264, 406, 440
Алтай, өлкесі (Ресей) 84, 316
Америка Құрама Штаттары (АҚШ) 6, 8, 42, 43, 48, 49, 50, 58, 68, 69, 146, 151, 166, 169, 189, 190, 200, 202, 231, 232, 266, 375, 378, 432, 433, 434, 467, 447, 453
Анкара, қаласы (Түркияның астанасы) 194, 375, 434
Арал, ауданы (Қызыл-Орда обл., 1997 жылдың маусымынан — Қызылорда обл.) 24
Арал, қаласы (Қызыл-Орда обл., Арал ауд., 1997 жылдың маусымынан — Қызылорда обл., Арал ауд.) 37
Арал маңы, өңірі 23, 36, 37, 40, 251, 454
Арал, теңізі 8, 23, 36, 40, 59, 126, 129, 245, 251, 252, 318, 364, 376, 436
Арқалық, қаласы (Торғай обл., 1997 жылдың сәуірінен — Қостанай обл.) ...56, 200
Армения 76, 172, 192, 191, 193, 224, 233, 234, 235, 236, 238, 371, 433, 435
Астурия, автономиялық облысы (Испания) 82
Атбасар, ауданы (Целиноград обл., 1992 жылдың шілдесінен — Ақмола обл.) ...67
Афины, қаласы (Грекия астанасы) 138
Ашхабад, қаласы (Түрікменстанның астанасы, 1992 жылдан бастап — Ашғабад) 229, 230, 462, 465, 467

Әзірбайжан 76, 143, 172, 187, 191, 192, 193, 197, 203, 224, 233, 235, 236, 238, 371, 433, 435

Байқоңыр, ғарыш айлағы 108, 198, 205273, 427, 439, 467
Баку, қаласы (Әзірбайжан астанасы) 192, 193, 415, 422
Балкашин, ауданы (Целиноград обл., 1992 жылдың шілдесінен — Ақмола обл., 1997 жылдың қарашасынан — Ақмола обл., Сандықтау ауд.) 67
Балқаш, көлі (Қазақстан) 273, 285, 298, 316
Балтық маңы, өңірі 47, 180, 258, 271, 281, 416
Барселона, қаласы (Испания) 82
Батыс Еуропа, өңірі 433, 437
Батыс Қазақстан, өңірі 91, 121, 282, 440
Батыс, Берлин (Германия) 80
Башқұртстан, Республикасы (Ресей) 225
Баян-Өлгей, аймағы (Моңғолия) 53
Бейжің, қаласы (Қытай астанасы) 162, 163, 188, 434
Беловежье, қорығы (Белоруссия, 1991 жылдың қыркүйегінен — Беларусь) 226, 227, 229, 231, 464
Белоруссия (1991 жылдың қыркүйегінен — Беларусь) .....6, 58, 73, 76, 107, ...143, 169, 180, 187, 197, 202, 224, 225, 226, 227, 229, 231, 233, 234, 235, ...236, 238, 302, 319, 322, 359, 374, 390, 415, 433, 457, 462, 464, 465, 466
Берлин, қаласы (ГДР астанасы, 1990 жылдың қазанынан — біріккен Германияның астанасы) 80
Бескөл, ауданы (Солтүстік Қазақстан обл., 1997 жылдың сәуірінен — Солтүстік Қазақстан обл., Қызылжар ауд.) 65
«Богатырь», көмір кеніші (Павлодар обл.) 149
Болгария 188, 225
«Брест қамалы», мемориалы (Белоруссия, 1991 жылдың қыркүйегінен — Беларусь) 73
Брюссель, қаласы (Бельгия астанасы) 223
Бірінші мамыр атындағы, ұжымшар (Қарағанды обл., Қарқаралы ауд.) 198
Бішкек, қаласы (Қырғызстан астанасы) 170, 171, 407

Вашингтон, қаласы (АҚШ астанасы) 48, 282
Венеция, қаласы (Италия) 139
Вильнюс, қаласы (Литва астанасы) 415, 422
«Восточный», көмір кеніші (Павлодар обл.) 149

Гагарин Ю.А. атындағы, оқу шаруашылығы (Қостанай обл., Урицкий ауд., 1997 жылдың маусымынан — Қостанай обл., Сарыкөл ауд.) 125
Германия Демократиялық Республикасы (ГДР) 79, 80
Германия Федеративтік Республикасы (ГФР) .....79, 80, 188, 193, ...194, 202, 224, 432, 434
Грекия 138
Грузия 76, 180, 225, 233, 302, 416, 433
Гуандун, провинциясы (Қытай) 162
Гурьев, қаласы (1992 жылдың ақпанынан — Атырау қ.) 393
Гурьев, облысы (1992 жылдың ақпанынан — Атырау обл.) 213, 289, 357, 393
Гянджа, қаласы (Әзірбайжан) 193

Даңқ, мемориалы (Алматы қ.) 21
«Демалыс», мәдени-спорттық орталығы (Гурьев обл., Ембі ауд., 1992 жылдың ақпанынан — Атырау обл., Ембі ауд., 1993 жылдың қазанынан — Атырау обл., Жылыой ауд.) 213
«Достық», кеңшары (Алматы обл., Қаскелең ауд., 1998 жылдың қыркүйегінен — Алматы обл., Қарасай ауд.) 126
Достық, темір жол бекеті (Алматы обл.) 163
Достық, үйі (Алматы қ.) 223, 426
Достық, үйі (Ресей, Мәскеу қ.) 169

Екібастұз, қаласы (Павлодар обл.) 149
Ембі, ауданы (Гурьев обл., 1992 жылдың ақпанынан — Атырау обл., 1993 жылдың қазанынан — Атырау обл., Жылыой ауд.) 213
ЕО (Еуропалық Одақ) 6, 223, 232
Ереван, қаласы (Армения астанасы) 192, 193, 415, 422
Ертіс маңы, өңірі 129
Еуропа, құрлығы 297, 451, 456

Жамбыл атындағы, кеңшар (Алматы обл., Жамбыл ауд.) 126
Жамбыл, ауданы (Алматы обл.) 126, 264
Жамбыл, облысы 220, 285, 305, 357, 431
Жанғала, ауданы (Орал обл., 1992 жылдың шілдесінен — Батыс Қазақстан обл.) ...63
Жандосов О.Қ. атындағы, кеңшар (Алматы обл., Қаскелең ауд., 1998 жылдың қыркүйегінен — Алматы обл., Қарасай ауд.) 126
Жаңа Орлеан, қаласы (АҚШ) 50
Жапония 59, 139, 181, 199, 434, 447, 451, 467
Жезқазған, қаласы (Жезқазған обл., 1997 жылдың мамырынан — Қарағанды обл.) 54, 220, 273, 298
Жезқазған, облысы (1997 жылдың мамырында таратылып, Қарағанды обл. құрамына қосылды) 109, 220
Железноводск, қаласы (Ресей) 193
Жер, планетасы 131, 200, 343, 444, 461
Жетісу, өңірі (Қазақстан) 274

Зайсан, ауданы (Шығыс Қазақстан обл.) 39
Зайсан, қаласы (Шығыс Қазақстан обл., Зайсан ауд.) 38
«Заря», кеңшары (Павлодар обл.) 216
Звездный, қалашығы (Ресей, Мәскеу обл.) 169
«Златопольский», кеңшары (Көкшетау обл., Щучье ауд., 1997 жылдың мамырынан — Солтүстік Қазақстан, Щучье ауд., 1999 жылдың сәуірінен — Ақмола обл., Щучье ауд., 2009 жылдың қыркүйегінен — Ақмола обл., Бурабай ауд.) 139
«Золотая осень», дүкені (Алматы қ.) 55
Зыряновск, қаласы (Шығыс Қазақстан обл.) 138

Измир, қаласы (Түркия) 194

Иран 220, 375
Испания 82, 375
Италия 165, 204, 375, 434

Кавказ маңы, өңірі 47, 192
Калифорния, штаты (АҚШ) 49
Камен, ауданы (Орал обл., 1992 жылдың шілдесінен — Батыс Қазақстан обл., 1993 жылдың қазанынан — Батыс Қазақстан обл., Тасқала ауд.) 63
Каталония, автономиялық облысы (Испания) 82
Кенджу, қаласы (Оңтүстік Корея) 91
Кенді Алтай, өңірі (Қазақстан мен Ресей) 84
Киев, қаласы (Украина астанасы) 465
Киров С.М. атындағы, кеңшар (Қызыл-Орда обл., Сырдария ауд., 1997 жылдың маусымынан — Қызылорда обл., Қызылорда қ.) 36
Кишинев, қаласы (Молдавия астанасы, 1991 жылдың мамырынан — Молдова) 415, 422
Корея, Республикасы (Оңтүстік Корея) .....63, 80, 91, 92, 164, 375, ...376, 398, 432, 434, 453, 459
Корея, түбегі 64
Корея Халықтық-Демократиялық Республикасы (КХДР, Солтүстік Корея) 113
Көкпекті, ауданы (Семей обл., 1997 жылдың мамырынан — Шығыс Қазақстан обл.) 39
Көкшетау, қаласы (Көкшетау обл., 1997 жылдың мамырынан — Солтүстік Қазақстан обл., 1999 жылдың сәуірінен — Ақмола обл.) 139, 431
Көкшетау, облысы (1997 жылдың мамырында таратылып, Солтүстік Қазақстан обл. құрамына қосылды, 1999 жылдың сәуірінен — аумағының бір бөлігі Ақмола обл. құрамына берілді) 22, 139, 191, 289, 290, 367
КСРО (Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы, 1922–1991 жж.) .....3, 4, 5, ...8, 9, 26, 27, 28, 29, 39, 40, 42, 43, 44, 49, 54, 59, 60, 63, 64, 67, ...68, 70, 76, 77, 78, 80, 83, 87, 88, 90, 100, 101, 108, 113, 118, 121, ...122, 126, 131, 132, 138, 139, 140, 143, 144, 146, 147, 148, 149, 152, ...156, 159, 163, 165, 166, 171, 172, 173, 174, 175, 176, 177, 178, 179, ...180, 181, 184, 187, 188, 189, 190, 192, 202, 203, 206, 207, 212, ...223, 224, 225, 227, 231, 232, 233, 240, 241, 242, 246, 247, 251, ...252, 258, 269, 274, 286, 307, 314, 328, 329, 330, 331, 332, 334, ...337, 344, 346, 347, 349, 355, 359, 360, 363, 365, 367, 370, 371, ...378, 392, 393, 394, 402, 403, 404, 405, 406, 409, 412, 413, 416, ...420, 421, 428, 429, 435, 436, 438, 442, 461, 462, 464, 465, 466
Куба 225
Курчатов, қаласы (Семей обл., 1997 жылдың мамырынан — Шығыс Қазақстан обл.) 215
Күршім, ауданы (Шығыс Қазақстан обл.) 39

«Қазақ КСР-не 40 жыл», кеңшары (Ақтөбе обл., 1997 жылдың маусымынан — Ақтөбе обл., Қарғалы ауд.) 214

Қазалы, ауданы (Қызыл-Орда обл., 1997 жылдың маусымынан — Қызылорда обл.) 24
Қарағанды, қаласы 18, 147, 216, 316, 365, 431
Қарағанды, облысы 18, 123, 125, 147, 148, 183, 198, 218, 289
Қарауыл, ауылы (Семей обл., Абай ауд., 1997 жылдың мамырынан — Шығыс Қазақстан обл., Абай ауд.) 216
Қарқаралы, ауданы (Қарағанды обл.) 198
Қаскелең, ауданы (Алматы обл., 1998 жылдың қыркүйегінен — Алматы обл., Қарасай ауд.) 126
Қостанай, облысы 125, 191, 217
Қызылқоға, ауданы (Гурьев обл., 1992 жылдың ақпанынан — Атырау обл.) 213
Қызыл-Орда, қаласы (1997 жылдың маусымынан — Қызылорда қ.) 36
Қызыл-Орда, облысы (1997 жылдың маусымынан — Қызылорда обл.) .....24, ...36, 107, 108, 131, 251, 357
Қырғызстан .....40, 76, 117, 143, 170, 171, 176, 180, 187, ...197, 203, 225, 229, 233, 235, 236, 238, 407, 433
Қырым, түбегі (Украина) 173, 405, 407
Қытай (ҚХР) .....6, 38, 89, 139, 161, 162, 163, 202, 203, ...297, 282, 353, 375, 398, 399, 432, 434, 435, 451

Латвия 76, 235, 236, 302
Ленин, алаңы (Торғай обл., Арқалық қ., 1997 жылдың сәуірінен — Қостанай обл., Арқалық қ.) 56
Ленин В.И. атындағы, сарай (Алматы қ.) 34, 35
Ленин В.И., ескерткіші (Алматы қ.) 33
Ленин В.И., ескерткіші (Өзбекстан, Ташкент қ.) 37
«Ленин», кеңшары (Алматы обл., Қаскелең ауд., 1998 жылдың қыркүйегінен — Алматы обл., Қарасай ауд.) 126
Ленинград, қаласы (Ресей, 1991 жылдың қыркүйегінен — Санкт-Петербург қ.) 258, 368
Ленинск, қаласы (Қызыл-Орда обл., 1995 жылдың желтоқсанынан — Қызыл-Орда обл., Байқоңыр қ., 1997 жылдың маусымынан — Қызылорда обл., Байқоңыр қ.) 54, 108, 131
Литва 76, 224, 235, 236
Лондон, қаласы (Ұлыбритания астанасы) 183, 206, 208, 211, 212, 225
Лос-Анджелес, қаласы (АҚШ) 50

Мадрид, қаласы (Испания астанасы) 82
Макин, ауданы (Целиноград обл., 1992 жылдың шілдесінен — Ақмола обл., 1997 жылдың қарашасынан — Ақмола обл., Бұланды ауд.) 67
Мамлют, ауданы (Солтүстік Қазақстан обл.) 65
Маңғыстау, облысы 56, 115, 116, 203, 217
Маңғышлақ, облысы (1988 жылы таратылды, 1990 жылдың сәуірінде — Маңғыстау обл. болып қайта құрылды) 17
Марқакөл, ауданы (Шығыс Қазақстан обл., 1997 жылдың мамырында таратылып, Шығыс Қазақстан обл., Күршім ауд. құрамына қосылды) 39

Мәскеу, қаласы (Ресей астанасы) .....7, 26, 29, 39, 47, 48, 60, 65, 68, 74, ...76, 90, 97, 100, 133, 137, 143, 144, 159, 161, 164, 165, 166, 169, 176, ...178, 179, 180, 181, 187, 188, 190, 202, 203, 204, 212, 225, 226, 257, ...258, 259, 265, 282, 287, 319, 375, 405, 407, 411, 415, 422, 435, 465
Мәскеу, облысы (Ресей) 169
Мексика 188
Минск, қаласы (Белоруссия астанасы, 1991 жылдың қыркүйегінен — Беларусь) 72, 232, 234, 238, 462, 463, 464, 465, 466, 467
Молдавия (1991 жылдың мамырынан — Молдова) .....76, 180, 225, 233, ...234, 235, 236, 238, 258, 271, 305, 321, 416, 433
Моңғолия 53, 54, 165, 166, 225

Новая Казанка, ауылы (Орал обл. Жанғала ауд., 1992 жылдың шілдесінен — Батыс Қазақстан обл., Жанғала ауд., Жаңақазан ауылы) 63
Ново-Огарево, үкіметтік резиденциясы (Ресей) 166, 416, 422, 460, 462
Новопавловка, ауылы (Солтүстік Қазақстан обл., Бескөл ауд., 1997 жылдың сәуірінен — Солтүстік Қазақстан обл., Қызылжар ауд.) 216

Октябрьдің 50 жылдығы атындағы, спорт сарайы (Алматы қ.) 102
Орал, қаласы (Орал обл., 1992 жылдың шілдесінен — Батыс Қазақстан обл.) 214, 216
Орал, облысы (1992 жылдың шілдесінен — Батыс Қазақстан обл.) .....63, ...213, 214, 285, 369
Орда, ауданы (Орал обл., 1992 жылдың шілдесінен — Батыс Қазақстан обл., Орда ауд., 2000 жылдың наурызынан — Батыс Қазақстан обл., Бокейорда ауд.) 63
Орталық Азия, өңірі .....6, 25, 37, 40, 42, 139, 171, 215, ...220, 229, 230, 245, 249, 251, 252, 285, 305, 321, ...322, 359, 364, 365, 374, 375, 390, 434, 463, 464
Орталық, базар (Алматы қ.) 55
Орталық, ұжымшар базары (Өзбекстан, Ташкент қ.) 37
Офицерлер, үйі (Алматы қ.) 24

Өзбекстан .....37, 40, 76, 143, 169, 171, 187, 197, 203, ...224, 229, 233, 235, 236, 238, 333, 346, 433
Өскемен, қаласы (Шығыс Қазақстан обл.) 38, 83, 84, 216, 268

Павлодар, қаласы 216, 268
Павлодар, облысы 98, 110, 149, 183, 191, 216, 285, 396, 431
«Панфилов», кеңшары (Алматы обл., Талғар ауд.) 133
Парсы, шығанағы 220
Пәкстан 226
Петропавл, қаласы (Солтүстік Қазақстан обл.) 191, 216, 431
«Приозерный», кеңшары (Целиноград обл., Балқашин ауд., 1992 жылдың шілдесінен — Ақмола обл., Балқашин ауд., 1997 жылдың қарашасынан — Ақмола обл., Сандықтау ауд.) 67

«Притобольск», кеңшары (Қостанай обл., Урицкий ауд., 1997 жылдың маусымынан — Қостанай обл., Сарыкөл ауд.) 125
Пхохан, қаласы (Оңтүстік Корея) 92

«Радуга», дүкені (Алматы қ.) 55
Ресей .....6, 58, 90, 138, 172, 181, 193, 203, 212, 217, 226, 227, 229, 233, ...234, 235, 236, 238, 248, 274, 281, 305, 319, 321, 346, 359, 365, 368, 370, ...374, 378, 390, 407, 408, 412, 415, 433, 435, 440, 457, 462, 464, 465, 466
Республика, сарайы (Алматы қ.) 227
Республикалық оқушылар, сарайы (Алматы қ.) 238
РКФСР (Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасы, 1917–1991 жж.) .....68, 90, 137, 173, 169, 172, 175, ...176, 180, 181, 183, 187, 189, 190, 191, 193, 197, 206, 213, ...223, 225, 234, 281, 319, 322, 406, 407, 408, 415, 433, 466
«Россия», дүкені (Алматы қ.) 55
Рудный, қаласы (Қостанай обл.) 125

Сан-Франциско, қаласы (АҚШ) 49, 50
Сарыбай, кеніші (Қостанай обл.) 125
Сауд, Арабиясы 41
Семей, қаласы (Семей обл., 1997 жылдың мамырынан — Шығыс Қазақстан обл.) 129, 216, 432
Семей, облысы (1997 жылдың маусымында таратылып, Шығыс Қазақстан обл. құрамына қосылды) 39, 98, 110, 117, 129, 215, 216, 285
Семей, ядролық полигоны .....8, 11, 28, 35, 59, 70, 182, ...183, 201, 215, 364, 376, 436, 454
Семиозерный, ауданы (Қостанай обл., 1997 жылдың маусымынан — Қостанай обл., Әулиекөл ауд.) 217
Серахс, темір жол бекеті (Түрікменстан) 230
Сеул, қаласы (Оңтүстік Корея астанасы) 91, 92
Сәтбаев, қаласы (Жезқазған обл., 1997 жылдың мамырынан — Қарағанды обл.) 220
Сингапур 7, 165, 191, 432, 434, 458
«Синегорье», дүкені (Көкшетау обл., Көкшетау қ., 1997 жылдың мамырынан — Солтүстік Қазақстан обл., Көкшетау қ., 1999 жылдың сәуірінен — Ақмола обл., Көкшетау қ.) 139
Соколов, ауданы (Солтүстік Қазақстан обл., 1997 жылдың сәуірінде таратылып, Солтүстік Қазақстан обл., Қызылжар ауд. құрамына қосылды) 65, 76
Солтүстік, Ирландия 184, 188, 205, 206, 207, 208, 211
Солтүстік Қазақстан, облысы 21, 65, 145, 190, 191, 216, 290, 431
Солтүстік Қазақстан, өңірі 183, 217
Солтүстік, полюс 198
Степанакерт, қаласы (Армения) 192, 193
Сырдария, ауданы (Қызыл-Орда обл., 1997 жылдың маусымынан — Қызылорда обл., 1997 жылдың маусымында таратылып, Қызылорда қ. мен Тереңөзек ауд. құрамдарына қосылды) 36
Сібір, өңірі (Ресей) 274

Талғар, ауданы (Алматы обл.) 133, 431
Талды-Қорған, облысы (1993 жылдың мамырынан — Талдықорған обл., 1997 жылдың сәуірінде таратылып, Алматы обл. құрамына қосылды) 113, 290, 357
Тарбағатай, ауданы (Шығыс Қазақстан обл.) 39
Таулы Қарабақ, автономиялық облысы (Әзірбайжан) .....172, 191, 192, ...193, 371, 435, 443
Ташкент, қаласы (Өзбекстан астанасы) 37, 171, 434
Таяу Шығыс, өңірі 162, 235, 434
Тәжікстан .....40, 76, 143, 169, 171, 187, 197, 203, ...224, 229, 233, 235, 236, 238, 433
Тбилиси, қаласы (Грузия астанасы) 198, 415, 422
Теджен, қаласы (Түрікменстан) 230
Теміртау, қаласы (Қарағанды обл.) 147, 148, 218, 375, 392
Теңіз, мұнай-газ кен орны (Гурьев обл., 1992 жылдың ақпанынан — Атырау обл.) 43, 213
Тереңөзек, ауданы (Қызыл-Орда обл., 1997 жылдың маусымынан — Қызылорда обл., 1997 жылдың қыркүйегінен — Қызылорда обл., Сырдария ауд.) 37
ТМД (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы) .....11, 227, 229, 234, 235, ...238, 460, 463, 464, 465, 466, 467, 468
Токио, қаласы (Жапония астанасы) 183
Торғай, облысы (1997 жылдың сәуірінде таратылып, Ақмола және Қостанай обл. құрамына қосылды) 17, 55, 56, 191, 218
Трактор жасаушылар, мәдениет сарайы (Павлодар обл., Павлодар қ.) 216
Түркия 6, 124, 194, 220, 375, 376, 432, 434, 453, 458
Түрікменстан 40, 76, 143, 171, 187, 197, 229, 233, 235, 236, 238, 433
Тынық, мұхиты 63, 451
Тэгу, қаласы (Оңтүстік Корея) 92

Украина .....58, 76, 117, 118, 143, 180, 187, 197, 203, 224, 225, 226, 227, ...229, 231, 233, 234, 235, 236, 238, 258, 302, 305, 319, 321, 322, ...359, 369, 374, 379, 390, 415, 433, 457, 458, 463, 464, 465, 466
Ульсан, қаласы (Оңтүстік Корея) 91
Урицкий, ауданы (Қостанай обл., 1997 жылдың маусымынан — Қостанай обл., Сарыкөл ауд.) 125

Үкімет, үйі (Алматы қ.) 40
Үндістан 144
Үрімші, қаласы (Қытай, Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауд.) 162

Ұлыбритания .....6, 7, 33, 80, 97, 184, 188, 203, 204, ...205, 206, 207, 208, 211, 375, 434, 447

Франция 7, 25, 80, 83, 180, 375, 434, 447

«Хатынь», мемориалы (Белоруссия, 1991 жылдың қыркүйегінен — Беларусь) ...73

Хиросима, қаласы (Жапония) 183

Целиноград, қаласы (1992 жылдың шілдесінен — Ақмола қ., 1998 жылдың мамырынан — Астана қ.) 67
Целиноград, облысы (1992 жылдың шілдесінен — Ақмола обл.) ...66, 145, 191, 431

Чапаев, ауданы (Орал обл., 1992 жылдың шілдесінен — Батыс Қазақстан обл., 1997 жылдың мамырынан — Батыс Қазақстан обл., Ақжайық ауд.) 63
Чернобыль, қаласы (Украина) 230

Шалқар, ауданы (Ақтөбе обл.) 24
Шамалған, темір жол бекеті (Алматы обл., Қаскелең ауд., 1998 жылдың қыркүйегінен — Алматы обл., Қарасай ауд.) 126
Шеньчжень, арнайы экономикалық аймағы (Қытай) 162
Шонжы, ауылы (Алматы обл., Үйғыр ауд.) 217
Шу, облысы (Қырғызстан) 171
Шығыс Қазақстан, облысы 38, 39, 54, 58, 70, 83, 84, 183, 216, 218, 285
Шымкент, облысы (1992 жылдың шілдесінен — Оңтүстік Қазақстан обл.) .....23, ...25, 139, 204, 273, 285, 289, 290, 357
Шыңжаң-Ұйғыр, автономиялық ауданы (Қытай) 38, 89, 162, 163
«Шіркелі», кеңшары (Қызыл-Орда обл., Тереңөзек ауд., 1997 жылдың маусымынан — Қызылорда обл., Тереңөзек ауд., 1997 жылдың қыркүйегінен — Қызылорда обл., Сырдария ауд.) 37

Щучье, ауданы (Көкшетау обл., 1997 жылдың мамырынан — Солтүстік Қазақстан обл., 1999 жылдың сәуірінен — Ақмола обл., 2009 жылдың қыркүйегінен — Ақмола обл., Бурабай ауд.) 139

Ыстамбұл, қаласы (Түркия) 434

Іле-Қазақ, автономиялық облысы (Қытай, Шыңжаң-Ұйғыр, автономиялық ауд.) ...163

«Энергетик», кенті (Целиноград қ., 1992 жылдың шілдесінен — Ақмола қ., 1998 жылдың мамырынан — Астана қ.) 67
Эстония 76, 225, 235, 236, 302, 433

28 гвардиялық-панфиловшылар, саябағы (Алматы қ.) 21, 152
XXI партсъезд атындағы, кеңшар (Шымкент обл., Сайрам ауд., 1992 жылдың шілдесінен — Оңтүстік Қазақстан обл., Сайрам ауд.) 139
XXII партсъезд атындағы, кеңшар (Қызыл-Орда обл., Тереңөзек ауд., 1997 жылдың маусымынан — Қызылорда обл., Тереңөзек ауд., 1997 жылдың қыркүйегінен — Қызыорда обл., Сырдария ауд.) 37
XXII партсъезд атындағы, ұжымшар (Талды-Қорған обл., 1993 жылдың мамырынан — Талдықорған обл., 1997 жылдың сәуірінен — Алматы обл.) ...113

Есімдер көрсеткіші

Абабкова М.А. 99
Абай (Құнанбаев А.) .....22, 75, ...87, 126, 133, 216
Абдоллаев Қ.А. 152, 179
Абдулин А.А. 78
Абылай хан 456
Агносу А. 49
Адаев А.Ш. 130
Айділдин Б. 147
Аймағамбетов И.Н. 78, 99
Аймауытов Ж. 276, 316
Айтаханов Қ.А. 78
Айтбаев С.С. 110
Айтмұхамбетов Т.Қ. 17
Акуев Н.И. 78
Ақаев А.А. .....117, 170, 171, ...176, 180, 229, 233
Ақанбаев К. 98
Ақбаев А.С. 110, 184
Ақмұрзина З.И. 98
Ақтаев С. 16
Алексий (архиепископ) 215, 445
Алексий II (Патриарх) 225
Альчиков А.В. 98
Андреотти Д. 165
Антонюк М.Я. 219
Арафат Я. 234, 235
Архипов А.В. 98
Арцебарский А.П. 200
Арыстанбекова А.Х. 233
Асанбаев Е.М. .....16, 29, 77, 152, ...201, 223, 225, 448, 450, 459
Асанов Б. 99
Асылов Т.Н. 219
Аттали Ж. 207, 225
Ахмедияров Қ. 145
Ахметов Б.Ы. 237
Ачалов В.А. 176

Әбділдин Ж.М. 78
Әбділдин С.Ә. 16, 227, 229
Әбдірахманов С.А. 178
Әбілқасов М.М. 54
Әбішев С.Ж. 103
Әйтиев А. 315
Әлжанбаев Ш. 98
Әлімжанов Ә.Т. 178, 224
Әміров А.Ә. 98
Әубәкіров Т.О. .....10, 108, 198, ...199, 200, 439, 444
Әубәкірова Ж.Я. 218
Әшірбекова Р. 130

Бабичев А.Ю. 110
Баекенов Б.А. 205
Баженов М.В. 78
Байбарақов Е.Б. 237
Байжанов Қ.Қ. 144
Байкенов Қ.Қ. 124
Баймұратов О.Б. 78, 109
Байсалбаев И.К. 110
Байтұрсынов А. 276, 316
Бакланов О.Д. 173
Балғожинов Е.М. 237
Балғымбаев Б. 78
Балдано Ц.Ж. 69
Батцель А.А. 145
Бәкенов М.М. 107
Бейзель В.Ф. 54
Бейкер Дж. .....189, 190, 200, ...231, 232, 434, 444
Бейсенов С.Д. 40, 124
Бейсеуов Ә.К. 233
Бекбосынов А. 219
Бекетаев А. 55
Белик Б.Д. 78, 230
Белогорохов А.И. 145
Белозеров В.Г. 55
Бердах 226
Березовский В.Н. 145
Беркінбаев Т.К. 145
Берсенев М.Т. 22, 24
Бертран Д. 180
Бижанов Ф. 237

Билык А.П. 54
Блех К. 188
Бокин Т. 315
Болдин В.И. 27
Бонни Дж. 49
Боранбаев Қ. 69
Боровиков В.И. 130
Борщенко А.П. 218
Браун Д. 33, 90
Брейди Н. 49
Бриц В.И. 237
Бугаев В.Г. 217
Бургаев А.Н. 219
Бурокявичюс М.М. 76
Буш Дж. 146, 166, 200, 434
Бұршақбаев А.С. 109
Бүтбаев Т.Н. 99
Бірманова Ж. 98

Вайгель Т. 193
Ван Сяогуан 38
Васильев Г.Б. 78
Васильев П. 316
Вдовин Н.А. 22, 24, 205
Велаяти Ә.А. 220
Велчев В. 188
Веселова В.Ф. 116
Виноградов П. 315
Власов В.И. 118
Волков А.А. 198
Волков В.И. 237
Вольский А.И. 109
Враницкий Ф. 198

Гаврин Н.С. 145
Гагарин Ю.А. 108, 113, 125, 131, 169, 198
Гамалей В.И. 145
Гамсахурдиа З.К. 225
Геншер Г.-Д. 202, 224, 444
Гиффен Д. 43, 48, 68
Головина Н.Г. 219
Голощекин Ф.И. 315
Гонг Ро-Мюнг 80
Гонсалвес А.С. 144
Гонсалес Ф. 82
Горбачев М.С. 8, 26, 29, 35, 39, 60, 67, 68, 76, 100, 139, 143, 144, 159, 166, 172, 173, 174, 177, 180, 187, 192, 212, 223, 229, 240, 245, 266, 313, 347, 359, 363, 403, 405, 407, 409, 418, 462, 463, 465
Громов М.М. 198
Гукасов Э.Х. 107
Гумбаридзе Г.Г. 26, 76
Гуренко С.И. 76

Давамет Т. 89, 163
Далтон Х. 211
Данилин Е.А. 237
Двуреченский В.И. 103
Дементей Н.И. 107
Демирель С. 194
Дербісов Е.Ж. 161
Деріпсалдин Қ. 219
Дерр К. 49
Дәкәрімова М.Д. 98
Дәулетқожаева Ф.Ш. 145
Дзасохов А.С. 131, 132, 133
Дин Дж. М. 146
Доул Р. 49
Дриллер Х.Д. 153
Дрожжин С.В. 22, 24
Дубицкий А.М. 107
Дулатов М. 276, 316
Дүйсенбаев Ә.Қ. 98, 219
Дүсүнбаева Қ.Н. 98
Ділдебаев Ш. 109
Дьякова Н.Г. 54
Дьяченко А.П. 69

Евтухов А.Г. 237
Егіншиев Н.О. 219
Ежиков-Бабаханов Е.Г. ...103, 154, 448
Елагин А.С. 218
Елеусізов Б.Е. 98
Ельцин Б.Н. 90, 172, 173, 175, 176, 180, 181, 190, 191, 192, 193, 224, 226, 227, 229, 233, 238, 407, 412, 415, 435, 447
Ендібаев Ж.Е. 145

Ералиева Г.А. 237
Ералин Н. 315
Еремин А.Т. 98
Ермегияев А.Д. 103
Ермекова Р.К. 109
Ертісбаев Е.Қ. 78, 178
Есенғарин Н.Қ. 118
Есіргепов Ы.Н. 178
Есіркепов Ж. 144

Жаворонкова Т.В. 178
Жақатов К.Ж. 113
Жақсыбаев А.И. 116
Жақсылықов М.Ф. 145
Жақұтов А. 69
Жалмышев С. 219
Жамбыл (Жабаев Ж.) 126
Жаналтай Б. 225
Жанғазиев Х.М. 219
Жангелдин Ә. 315
Жанғоразов И.Д. 22, 24
Жандосов О.Қ. 126
Жансүгіров І. 316
Жапарова Ш. 109
Жарылғапов Ғ.Ж. 109
Жәнібеков Ө.Ж. 78
Желдібаев Ә.Ж. 219
Желев Ж. 225
Жмайлов Ф.М. 116
Жолдасбеков М.Ж. ...22, 24, 100, 154
Жолдасбеков Ө.А. 78
Жолдыбаев Р.М. 99
Жұмабаев Қ.А. 218
Жұмабаев М. 276, 316
Жұманиязов Б.С. 237
Жұмасұлтанов Т.Ж. 103
Жүсіпов М.М. 54

Закирьянов К. 213
Захарченко Ф.А. 145
Земцов Б. 146
Зиманов С.З. 78, 230
Зиновьев 315
Зұлқашева Ж.З. 219

Иванов В.Л. 108
Игнатенко В.Н. 224
Имиров Ю.О. 145
Иненю Э. 194
Исаев Б.В. 17
Исова Т. 109

Йылмаз М. 194

Кадыр С. 225
Казаков А.С. 78
Кайхер А.И. 69
Калмыков В.Ф. 99
Калугин В.В. 116
Калюга Г.А. 98
Камель С.А. 41
Карастылев Н.П. 109
Карден П. 25
Каримов И.А. .....37, 40, 76, 171, ...234, 229, 233, 238
Каррехт Е.Я. 218
Кассига Ф. 165
Кастро Ф. 225
Кебич В.Ф. 224
Кейкин К.С. 55
Кекілбаев Ә. 78
Ким Юн Хван 164
Киннок Н. 207
Киров С.М. .....36, 131, ...216, 258, 431
Клочко В.Е. 109
Княгинин А.А. 78, 178
Кобозев П. 315
Козлов А.Ф. 78, 178
Кокобаева И.П. 98
Комарь Д.А. 181
Конев И.С. 43
Консессио Д.Ф. 165
Корби Б. 211
Королева Е.А. 218
Коротков А.П. 107
Костин С.Ф. 78
Котельников В.И. 78
Кочаровская А. 315
Кочегаров Д.А. 130
Кошелев В.А. 130
Көшекбаев С.М. 130

Көшімов О. 218
Кравчук Л.М. .....117, 224, 225, ...226, 227, 229, 233, 238, 407
Кричевский И.М. 181
Крыжко А.Л. 108
Крючков В.А. 27, 173, 175, 405, 406
Кузьмин Э.К. 78
Куйбышев В. 315
Курбан М. 38
Күзембаев Т. 147
Күшембеков Н.Ө. 54

Қабасов Қ.Ж. 219
Қабдырахманов Т.С. 184, 205
Қадырбеков Б.А. 78
Қадырбекова Г.Ы. 218
Қадыров С. 116
Қалдаяқов Ш. 233
Қалиев Ә.Ғ. 69
Қалиев Ж. 78
Қанғожин М.М. 69
Қарабаев М.Ә. 98
Қарабалиев М. 130
Қараманов Ұ.Қ. .....16, 53, 91, ...154, 202, 374
Қарсақбаев Ы.Е. 116
Қарсақбаева Ұ. 37
Қасымбаев Ж.Қ. 98
Қозыбаев М.Қ. 78
Қойшыбеков Н. 78
Қонысбаев А.М. 230
Қосбасаров Ә. 116
Қуанышалин Ж. 179
Құдайбердиев Ш. 276, 316
Құлуев Р.М. 109
Құлыбаев А.А. 103
Құрманғалиева М.Қ. 116
Құсайынов М. 219
Құтжанова Т.Қ. 218
Қыдырбаев Н.Н. 237
Қыпшақбаев Н. 103

Ландсбергис В.В. 224
Лаун Б. 28
Лебедева Е.Ф. 218
Лебединский Г.В. 55
Лейкин М.Д. 219
Ленин В.И. .....33, 34, 35, 37, ...56, 133, 161, 213, 248, 253, ...269, 270, 280, 283, 294, 303, ...313, 315, 317, 324, 395, 396
Леонтьев В. 432
Ли Куан Ю 7, 165, 191, 434, 444
Ли Пэн 162
Лилли П. 206
Лиманов Е. 219
Лихоманов Н.Г. 98
Лубенченко К.Д. 224
Лукьянов А.И. .....143, 174, ...176, 176, 405
Лучинский П.К. 76
Лысенко В.Т. 144
Лэмонт Н. 208

Майкөтов Ә. 315
Майлин Б. 316
Макиевский Н.М. 103
Мақанов Ұ. 98
Мақұлбаев Т. 145
Малышев В.Д. 99
Мамонова А.В. 99
Маркс К. 269, 319, 395, 396
Марфенко А.Н. 99
Марченко М.А. 55
Масалиев А.М. 40, 76
Масолов В.И. 178
Махимов Т.М. 237
Махкамов К.М. 40, 76, 171
Мацкевич Э.О. 69
Машурова Р.А. 219
Медиев К. 230
Мейджор Дж. 188, 207, 211, 434
Меттус А.А. 219
Мәмбетов Қ.С. 219
Мәуленов С. 54
Микоян А.И. 198
Миронова А.В. 145
Миттеран Ф. 83
Митчелл Дж. 211
Мицотакис К. 138
Мичкова Н.М. 98
Мишигдорж Н. 165, 166

Мовсисян В.М. 76
Моисеев Л.Г. 218
Молдакәрімова Г.Ә. 237
Момышұлы Б. 99, 100
Момышұлы Б.Б. 99
Мостовой П.И. 27
Муталибов А.Н. .....76, 193, ...224, 233, 238
Муфтахова Х. 218
Мұқанов Ө.М. 116
Мұқанов С. 130
Мұқұмбаев В.Б. 98
Мұсабаев Т.А. 108, 444
Мұхамедьяров Е. 109
Мыржықбаев К.Т. 237
Мышбаева Н. 109
Мілдеқожаев С.С. 69
Мэтлок Д. 42, 43

Набиев Р.Н. 224, 229, 233, 238
Нагибин В.И. 237
Надыров А. 109
Назарбаева С.А. 124
Нигишев О.И. 69
Никитин В.В. 27
Никифоров В.М. 59
Никольская И.А. 145
Никонов А.Н. 99
Нишанов Р.Н. 143
Ниязов С.А. .....40, 76, 171, ...229, 233, 238
Ниязов Т.Н. 99
Новиченко Н.А. 109
Нұржұмаев О. 219
Нұрмағамбетов С.Қ. 205
Нұртазин М.М. 178
Нұршайықов Ә. 54
Нұрынов Қ. 130
Нысанбаев Р. (Рәтбек қажы) ...215, 445
Нысанов М.Н. 98

Ода М. 59
Озал Т. 6, 124, 194, 434
Омаров Ә.К. 109
Оразалиев Н.М. 230
Оразбеков А. 130
Оразов К. 145
Оразов Н.Н. 145
Ордоньес Ф. 82
Орлов В.В. 224
Орынбаев Р.Қ. 69
Оспанов М.Т. 78, 178

Өмірбаева К.С. 107
Өтегенова Р.Р. 218
Өтеғалиев Х.С. 237

Павлов В.С. 27, 173, 174, 405
Павлухина В.Н. 218
Панфилов И.В. 161
Паншаев М.-У.С. 219
Папандреу А. 138
Папарига А. 138
Пастухов М.И. 146
Пеньчукова Л.А. 237
Перегрин А.Г. 78
Перова-Тыщенко Л.П. 144
Пикассо П. 83
Пинчук Л.И. 145
Пиунов П.П. 145
Полозков И.К. 76
Пономарев Л.Ф. 144
Потапов П.М. 78
Потапова М.А. 130
Примаков Е. 27, 372, 377
Пуго Б.К. 173
Пульге М.Н. 98
Пухоль Х. 82
Пұштайұлы М. 53

Ранов Н.Р. 219
Рассохина Л.И. 69
Рахимов М.Г. 225
Рахмадиев Е.Р. 189
Рахманов Ә.С. 237
Ревенко Г.И. 26, 27
Ро Де У 92, 376
Роулэнд Т. 211
Рубикс А.П. 76
Ружейников И. 315
Руцкой А.В. 183
Рыжков Н.И. 70, 100, 378

Рысқұлов Т. 315
Рюйтель А.Ф. 225

Сағдиев М.Р. 22, 24
Саллео Ф. 165
Сапаров Ж.Қ. 116
Сарғасқаев Т.Б. 55
Сардар А.А. 226
Сартаев С.С. .....22, 24, ...39, 78, 152, 230
Саудабаев Қ.Б. 189
Сафонов А.К. 152
Сахабаұлы К. 53
Сахаров А.Д. 415
Сахипов М.С. 145
Сәбитов Р.С. 55
Сәтбаева Ш.Қ. 219
Северов А.А. 237
Севостьянова Г.А. 98
Севчагов В.К. 27
Седов Г.Д. 219
Сейфуллин С. 315, 316
Сейітжанов Ғ. 237
Сембаев Д.Х. 22, 24, 202, 448
Сенько В.Л. 178
Серкебаев М.Б. 218
Силаев И.С. 137
Силлари Э.-А.А. 76
Скоукрофт Б. 49
Смағұлов О. 69
Смоленцев Е.А. 224
Снегур М.И. 225, 233, 238
Соколов Е.Е. 65, 76
Соломатов Б.С. 55
Сон Сен Пхир 113
Сосковец О.Н. 8, 147, 148, 224
Сталин И.В. 57, 243, 315, 317
Стародубцев В.А. 173
Страусс Р. 202
Строгов И.Я. 237
Субботин С.А. 78
Суворов А.В. 161
Сухов Ю.М. 78
Сұлтанов Қ. 184
Сүлейменов Ғ.К. 98
Сүлейменов О.О. 28
Сүлейменов Т.Б. 78, 237
Сүлейменов Т.С. 233
Сыздықов Ж. 219

Таранов Ю.А. 16
Тасмағамбетов И.Н. 184
Тасыбекова Т. 109
Тәжібаев Ж. 99
Тельо К. 188
Темірбаев В.Б. 189
Тер-Петросян Л.А. .....193, 225, ...233, 238
Терещенко С.А. .....16, 22, 23, ...24, 25, 201, 448
Тетеркин И.А. 17
Тизяков А.И. 173
Титли Р. 211
Тихонов Б.Ф. 55
Тобағабылов Т.Ә. 219
Товмасян К.А. 99
Тоғызов Ә.Б. 109
Тойбазаров М.А. 54
Тойшиев Т. 109
Томашец А.К. 118
Троцкий Л.Д. 315
Трубин Н.С. 225
Тулеев А.Г. 224
Турищев Б.И. 145
Тұрғамбаев Ғ.Т. 230
Тұрғанбеков А.Т. 78
Тұрлымұратов С. 109
Тұрсынбаев Б.М. 100, 154, 448
Тұрсынов С.Т. 178
Тұрысов Қ.Т. 78, 100, 154, 184
Тұяқбаев Ж.А. 95
Түркбенбаева Д.Д. 130
Тілегенов Ө.Т. 109
Тілемісов Н.Х. 233
Тілеулинова А.Н. 218
Тінікеев М.Б. 78
Тэтчер М. ...7, 184, 205, 207, 434, 444
Тянь Цзиюнь 162

Уоррен К. 208
Усачев Ю.П. 109
Усов В.А. 181

Федосенко П.М. 78
Федотова З.Л. 16, 152
Фелипе (Астурия ханзадасы) 82
Фибек Ф. 198, 200
Филаретова Л.А. 230
Фокин В.П. 224
Фридман М.З. 69
Фрунзе М.В. 315
Фуженко И.В. 224

Хаеев И.Х. 224
Хасбулатов Р.И. 225
Хилинский Л.Г. 109
Хитрин Ю.А. 100
Хофф М. 223
Хуан Карлос I 82
Хэрд Д. 206

Цеткин К. 214
Цзян Цзэминь 162

Чазов Е.И. 28
Челомей В.Н. 108, 109
Чернышов В.Л. 99
Чижик В.И. 237
Чой Хо Джун 91
Чэнь Ситун 162

Шайхутдинов Е.М. 145
Шаталин С.С. 67, 68, 347
Шауқынов С.Е. 99
Шаханов М. 179
Шачнев А.С. 273
Шеварднадзе Э.А. 27, 224
Шегебаева К.Б. 219
Шеримкулов М.Ш. 225
Шерстнев В.И. 99
Шимко В.И. 8, 148
Шишкин О.Н. 108
Шоева Ф. 98
Шушкевич С.С. .....225, 226, ...227, 229, 233, 238

Щадов М.И. 8, 147, 148
Щербаков В.И. 27, 377

Ыдырысов Ә.Ы. 237
Ысқақбаев Ш. 99

Ізбасқанов Қ.С. 107, 154
Ілиясов Г.М. 237
Ілиясов К.И. 237

Эванс Г. 215
Эдамури С. 181
Энгельс Ф. 269
Эспин Л. 49

Юй Хунлян 202
Юсуп М. 215
Юшкявичюс Х.-А. 225

Явлинский Г.А. 67, 68, 347, 372, 377
Язов Д.Т. 173, 176, 407
Яковенко А.И. 146
Яковлев А.Н. 27
Яковлев Г.И. 130
Янаев Г.И. .....27, 173, 174, 176, ...369, 405, 406, 407, 409
Янкова Т.М. 99
Ярин В.А. 26
Яссауи Қ.А. 144

Мекемелер мен ұйымдар көрсеткіші

Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры .....22, ...75, 87, 133
«Азат» 70, 79
Азия және Тынық мұхиты елдері заңгерлерінің қауымдастығы 63
«Ақбет индастриз СП» 214
Ақтөбе облыстық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасының Өрттен қорғау бөлімі 115
Ақтөбе өндірістік тоқыма бірлестігі 214
Ақтөбе хром қосылыстар зауыты 365
АҚШ Ақпараттық агенттігі (USIA) 43
АҚШ Конгресі 49
АҚШ Конгресі Өкілдер палатасының АҚШ Қарулы күштері бойынша комитеті 49
АҚШ Конгресінің Өкілдер палатасы 49
АҚШ Конгресінің Сенаты 49
АҚШ Қарулы күштері 49
Алматы қалалық соты 150
Алматы қалалық статистика басқармасы 103
Алматы қалалық халық депутаттары кеңесі 54
Алматы қалалық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасының Айрықша милиция бөлімі 54
Алматы қалалық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасының Өрттен қорғау бөлімі 116
Алматы лазерлік технология жөніндегі инженерлік орталығы
Алматы саясаттану және басқару институты 399
Американдық сауда консорциумы 6, 43, 44, 48, 68, 69
«Арал балық өнеркәсібі» 37
Армавир әуе шабуылына қарсы ұшқыштар даярлайтын жоғарғы әскери авиациялық училищесі 198
Армения Компартиясы (Армения Коммунистік партиясы) 76
Армения Республикасының Жоғарғы Кеңесі 193
Атбасар астық өнімдері комбинаты 67

Әзірбайжан Компартиясы (Әзірбайжан Коммунистік партиясы) 76

«Байқоңыр» 108, 198, 205, 427
Балкашин асыл тұқымды мал зауыты 67
Балқаш тау-кен-металлургиялық комбинаты 316
Башқұртстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 225
Беларусь Республикасының Жоғарғы Кеңесі 107, 225, 226, 229, 233, 238
Беларусь Республикасының Министрлер кеңесі 224
Белоруссия Компартиясы (Белоруссия Коммунистік партиясы) 76
Белоруссия КСР Жоғарғы Кеңесі 107
БК(б)П Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктер) партиясы 315, 316

БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті 315
Британиялық өнеркәсіп конфедерациясы 211
БҰҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымы) 59, 227, 252, 331, 421, 461, 466
Бүкілгрекиялық социалистік қозғалыс (ПАСОК) 138
Бүкілодақтық орталық кәсіподақ 27
«Бірлік» 70
Бішкек қалалық халық депутаттары кеңесі 171

Гагарин Ю.А. атындағы Ғарышкерлер дайындайтын ғылыми-зерттеу сынақ орталығы 169, 198
Гарвард қоғамдық денсаулық институты 28
Грекия Коммунистік партиясы 138
Громов М.М. атындағы Ғылыми-зерттеу институты 198
Грузия Компартиясы (Грузия Коммунистік партиясы) 76
Гурьев облыстық драма театры 213

ДДСҰ (Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы) 252
«Демократиялық Қазақстан» 79
«Дикфа» 204
«Динамо» 431
«Дүниежүзілік дәрігерлер ядролық соғыстың алдын алу үшін» 28

ЕҚДБ (Еуропа қайта құру және даму банкі) 207, 225
Ертіс машина жасау зауыты 216
Еуропалық атом энергиясы жөніндегі қоғамдастық 466
Еуропалық көмір және болат бірлестігі 466
Еуропарламент 223, 438
ЕЭҚ (Еуропалық экономикалық қоғамдастық) 466

«Жалын» 37
Жамантұз аудандық арнайы шаруашылық бірлестігі 139
«Жас алаш» 204
«Желтоқсан» 70
«Жетісу» 431

«Зенит» 214
Зыряновск қалалық халық депутаттары кеңесі 138

Испания Корольдігінің Үкіметі 82

«Кабель» 216
«Казахинторг» 282
«Казахстанская правда» 5, 41, 65, 148, 216, 277, 396
«Казстройполимер» 365
Калифорния штатының Халықаралық істер бойынша кеңесі (АҚШ) 49
«Карбид» 365

Каспий маңы тау-металлургия комбинаты 116, 204
Каталония автономиялық үкіметі 82
Кемеров облыстық халық депутаттары кеңесі 224
Кеңес Одағының Батыры, генерал-майор И.В. Панфилов атындағы Қызыл тулы Ленин және Суворов орденді Режицкий 8-ші гвардиялық мотоатқыштар дивизиясы 161
Кеңес Одағының маршалы И.С. Конев атындағы Алматы жоғары жалпы әскери командалық училищесі 43
Кеңес сыртқы экономикалық консорциум 44, 68
Киров С.М. атындағы Қазақ мемлекеттік университеті 131, 258
Киров С.М. атындағы Петропавл зауыты 216, 431
КОКП (Кеңес Одағының Коммунистік партиясы) .....4, 5, 7, 9, 10, 21, 22, 23, 25, ...26, 35, 42, 47, 48, 65, 74, 87, 131, 132, 133, 140, 166, 173, 175, ...179, 181, 182, 189, 241, 253, 254, 264, 265, 266, 269, 270, 278, ...290, 291, 292, 294, 301, 305, 306, 307, 309, 310, 311, 312, 320, ...352, 354, 356, 357, 361, 370, 395, 396, 397, 404, 418, 423, 424
КОКП Алматы қалалық комитеті 258
КОКП Гурьев облыстық комитеті 289, 357
КОКП Жоғары партия мектебі 257, 309
КОКП Зырянов қалалық комитеті 138
КОКП Көкшетау облыстық комитеті 289, 290
КОКП Қарағанды облыстық комитеті 289
КОКП ОБК (Кеңес Одағы Коммунистік партиясының Орталық бақылау комиссиясы) 35, 166, 355
КОКП ОК (Кеңес Одағы Коммунистік партиясының Орталық комитеті) .....5, 7, 22, ...23, 25, 26, 35, 48, 65, 74, 131, 132, 133, 139, 140, 166, 173, 175, 177, ...182, 241, 250, 251, 253, 254, 266, 267, 269, 270, 271, 273, 274, 277, ...281, 287, 293, 301, 319, 320, 328, 355, 356, 360, 371, 404, 418, 423
КОКП ОК Саяси бюросы (Кеңес Одағы Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Саяси бюросы .....5, 26, 35, 48, 65, 74, 133, ...175, 182, 256, 320, 404, 418, 423
КОКП ОК Хатшылығы (Кеңес Одағы Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Хатшылығы) 175, 404
КОКП Орталық тексеру комиссиясы 22, 23, 35, 166, 312, 355, 357
КОКП Павлодар облыстық комитеті 396
КОКП Торғай облыстық комитеті 56
КОКП Шымкент облыстық комитеті 25, 290, 289, 357
Корея демократиялық либералдық партиясы 164
Корея Республикасының Ұлттық ассамблеясы 63
Көкшетау тұрмыстық химия зауыты 431
КСРО Атом энергетикасы және өнеркәсіп министрлігі 329, 376
КСРО Әскери-әуе күштері 198
КСРО Жоғарғы Кеңесі .....40, 68, 88, 131, 143, 173, 175, 176, ...179, 180, 187, 203, 224, 252, 333, 334, 337, 339, 359, ...360, 370, 371, 403, 405, 406, 409, 412, 415, 429, 465
КСРО Жоғарғы Кеңесінің Одақ кеңесі 224

КСРО Жоғарғы Кеңесінің Республикалар кеңесі 224
КСРО Жоғарғы Кеңесінің Ұлттар кеңесі 143
КСРО Жоғарғы Кеңесінің Халықаралық істер жөніндегі комитеті 131, 132
КСРО Жоғарғы соты 224
КСРО Заңгерлер одағы 63
КСРО Конституциялық қадағалау комитеті 100
КСРО Көмір өнеркәсібі министрлігі 8, 147, 148, 392
КСРО Қарулы Күштері 118, 402, 421
КСРО Қорғаныс кеңесі 108, 173, 176, 329
КСРО Қорғаныс министрлігі 28
КСРО Медицина ғылымдары академиясы 28
КСРО Медицина ғылымдары академиясының Бүкілодақтық кардиологиялық ғылыми орталығы 28
КСРО Мелиорация министрлігі 318
КСРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті 244, 286, 318, 378
КСРО Мемлекеттік кәсіпорындар мен өнеркәсіп, құрылыс, көлік және байланыс объектілері қауымдастығы 173
КСРО Мемлекеттік кеңесі 190, 212, 463
КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті 173, 175, 329, 347, 402, 421
КСРО Металлургия министрлігіне қарасты Қазақстанның әскери тәртіптегі тау апаттарынан қорғау бөлімінің №27 Жезқазған отряды 54
КСРО Металургия министрлігі 8, 54, 147, 148, 318, 392
КСРО Министрлер кабинеті 179, 367, 394
КСРО Министрлер кеңесі .....27, 40, 44, 70, 88, 100, 242, ...329, 339, 344, 346, 351, 352
КСРО Министрлер кеңесінің жанындағы Дін істері жөніндегі кеңесі 344
КСРО Орта машина жасау министрлігі 108, 318
КСРО Орталық теледидары 121, 187
КСРО Президенттік кеңесі 26, 29, 39, 60
КСРО Прокуратурасы 421
КСРО Радиоөнеркәсіп министрлігі 8, 148, 392
КСРО Сауда-өнеркәсіптік палатасы 43
КСРО Сыртқы істер министрлігі 59, 224, 416
КСРО Түсті металлургия министрлігі 318
КСРО Федерация кеңесі 43, 60, 64, 178
КСРО Федерация кеңесінің жанындағы Республикааралық экономикалық комитеті 197, 198, 339
КСРО Халық депутаттарын сайлау жөніндегі Орталық сайлау комиссиясы 224
КСРО Шаруалар одағы 173
КСРО Ішкі істер министрлігі 173, 402, 421
КСРО Энергетика және электрлендіру министрлігі 318
КСРО-дағы Қазақ КСР Өкілетті өкілдігі 43, 189, 192
КСРО-дағы Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитет (ТЖМК) ...173, 178, 179
Күзембаев Т. атындағы шахта (Қарағанды обл.) 147

Қазақ азаматтық авиация басқармасы 342

Қазақ ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясы 100
Қазақ ғылыми-зерттеу технологиялық қой шаруашылығы институты 126
Қазақ КСР Автомобиль жолдары министрлігі 276, 343
Қазақ КСР Астық өнімдері министрлігі 341
Қазақ КСР Ауыл шаруашылығы және азық-түлік министрлігі 103
Қазақ КСР Әділет министрлігі 178, 343
Қазақ КСР Әлеуметтік қамсыздандыру министрлігі 343
Қазақ КСР Баға жөніндегі мемлекеттік комитеті 339
Қазақ КСР Байланыс министрлігі 59
Қазақ КСР Бас мемлекеттік салық инспекциясы 161
Қазақ КСР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті 190
Қазақ КСР Баспасөзде мемлекеттік құпияны сақтау жөніндегі бас басқармасы 191
Қазақ КСР Геология және жер қойнауын қорғау жөніндегі мемлекеттік комитеті 107, 342
Қазақ КСР Ғарыш зерттеулер агенттігі 189
Қазақ КСР Ғылым академиясы 36
Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрлігі 343
Қазақ КСР Еңбек және әлеуметтік мәселелер жөніндегі мемлекеттік комитеті 40, 124
Қазақ КСР Еңбек министрлігі 124, 384
Қазақ КСР Жаңа экономикалық құрылымдарды қолдау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі мемлекеттік комитеті 144, 153, 384
Қазақ КСР Жастар істері, дене тәрбиесі және спорт жөніндегі мемлекеттік комитеті 110, 184
Қазақ КСР Жеңіл өнеркәсіп министрлігі 340
Қазақ КСР Жеңіл өнеркәсіп министрлігінің Жеңіл өнеркәсіп өнімдерін жабдықтау-өткізу бас басқармасы 340
Қазақ КСР Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті 189
Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі .....3, 7, 8, 10, 15, 16, 17, 23, 24, 27, 29, 64, ...67, 75, 77, 79, 81, 82, 83, 87, 88, 89, 95, 114, 115, 122, 123, 143, ...146, 149, 150, 151, 152, 153, 154, 155, 159, 174, 175, 178, 179, ...201, 212, 224, 227, 240, 251, 252, 259, 274, 308, 313, 325, 334, ...337, 338, 343, 345, 352, 358, 359, 373, 389, 393, 401, 405, 407
Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы .....27, 64, 67, 79, 174, ...175, 179, 212, 227, 403, 407
Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ұлттық саясат, мәдениет пен тіл дамыту жөніндегі комитеті 151
Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Экономикалық кеңесі 91, 140
Қазақ КСР Жоғарғы соты 17
Қазақ КСР Жоғары экономикалық кеңесі 91, 140
Қазақ КСР Заңгерлер одағы 63
Қазақ КСР Қара металлургия министрлігі 318
Қазақ КСР Қаржы министрлігі 59, 340, 384
Қазақ КСР Қауіпсіздік кеңесі 177, 411

Қазақ КСР Қорғаныс мәселелері жөніндегі мемлекеттік комитеті 205
Қазақ КСР Материалдық-техникалық жабдықтау бас басқармасы 318, 340
Қазақ КСР Мәдениет жөніндегі мемлекеттік комитеті 189, 377, 343
Қазақ КСР Мәдениет министрлігі 343
Қазақ КСР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитеті 340, 341
Қазақ КСР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетінің Материалдық-техникалық жабдықтау бас басқармасы 339, 340
Қазақ КСР Мемлекеттік бақылауы 343
Қазақ КСР Мемлекеттік банкі 340, 384
Қазақ КСР Мемлекеттік және қоғамдық қауіпсіздік комитеті 344
Қазақ КСР Мемлекеттік жоспарлау комитеті 318, 339
Қазақ КСР Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті 178, 205, 343
Қазақ КСР Мемлекеттік қорғаныс комитеті 205
Қазақ КСР Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті .....107, ...133, 140, 382, 384
Қазақ КСР Министрлер кабинеті .....91, 103, 114, 140, 153, 154, 155, ...174, 179, 190, 338, 345, 384, 401, 437
Қазақ КСР Министрлер кеңесі 16, 25, 30, 38, 39, 53, 75, 79, 88, 313, 338
Қазақ КСР Министрлер кеңесінің Іс басқармасы 338
Қазақ КСР Монополияға қарсы саясат жөніндегі комитеті 340, 345
Қазақ КСР Президенттік кеңесі 16, 22, 24, 29, 67
Қазақ КСР Президентін сайлау жөніндегі Орталық сайлау комиссиясы 225
Қазақ КСР Президентінің аппараты 24, 161, 338, 344
Қазақ КСР Президентінің жанындағы Азаматтық мәселелер жөніндегі комиссия 39
Қазақ КСР Президентінің жанындағы Кешірім жасау жөніндегі комиссия 39
Қазақ КСР Президентінің жанындағы Республика кеңесі .....10, 89, 95, ...123, 130, 131, 132, 140, 163, 176, 200, 227
Қазақ КСР Прокуратурасы 110, 152, 178, 212, 437
Қазақ КСР Республикалық валюта қоры 134
Қазақ КСР Сауда министрлігі 33, 276, 343
Қазақ КСР Сауда-өнеркәсіптік палатасы 43
Қазақ КСР Сәулет және құрылыс жөніндегі мемлекеттік комитеті 103
Қазақ КСР Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті 103
Қазақ КСР Статистика жөніндегі мемлекеттік комитеті 103
Қазақ КСР Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитеті 103
Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігі 59, 343
Қазақ КСР Сыртқы экономбанкі 79
Қазақ КСР Сыртқы экономикалық байланыстар жөніндегі мемлекеттік комитеті 102, 341
Қазақ КСР Теледидар және радио хабары жөніндегі мемлекеттік комитеті 190
Қазақ КСР Төрелік соты 212
Қазақ КСР Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті 103
Қазақ КСР Туризм министрлігі 171
Қазақ КСР Ұлттық мемлекеттік банкі 150, 414
Қазақ КСР Халыққа білім беру министрлігі 343

Қазақ КСР Халықтық бақылау комитеті 17
Қазақ КСР Шарттар, аймақаралық және республикааралық байланыстар жөніндегі комитеті 340
Қазақ КСР Шаруалар одағы 113
Қазақ КСР Ішкі істер министрлігі 178, 343
Қазақ КСР Экономика жөніндегі мемлекеттік комитеті .....107, 152, 170, ...179, 184, 205, 339, 384
Қазақ КСР-дегі Германия Федеративтік Республикасының Бас консулдығы 202
Қазақ теледидары 9, 57, 64, 74, 146, 177, 295, 298
«Қазақ тілі» 70
Қазақстан кәсіподақтары федерациясы 115
Қазақстан Компартиясы (Қазақстан Коммунистік партиясы) .....21, 22, 23, 24, ...25, 26, 27, 28, 29, 33, 34, 35, 36, 37, 41, 42, 43, 47, 48, 57, 60, 67, 74, 75, ...102, 115, 174, 177, 182, 250, 253, 265, 269, 276, 291, 293, 299, 301, 304, ...309, 310, 311, 313, 316, 319, 352, 357, 389, 395, 399, 406, 418, 422, 424
Қазақстан Компартиясы Бастауыш партия ұйымдары хатшыларының республикалық кеңесі 33, 114, 290
Қазақстан Компартиясының ОК (Қазақстан Компартиясының Орталық комитеті) .....8, 21, 22, 23, 26, 35, 36, 39, 40, 41, 42, 60, ...67, 74, 75, 77, 114, 115, 164, 174, 177, 182
Қазақстан Компартиясының ОК жанындағы Партия тарихы институты 257, 293
Қазақстан Компартиясының ОК Партиялық бақылау комиссиясы 115
Қазақстан Компартиясының Тексеру комиссиясы 23
Қазақстан ЛКЖО (Қазақстан Лениндік Коммунистік жастар одағы) 115, 161
Қазақстан ЛКЖО ОК (Қазақстан Лениндік Коммунистік жастар одағының Орталық комитеті) 115
Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы 214, 445
Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік реформалар қоры 433
Қарағанды мемлекеттік ауылшаруашылық тәжірибелік стансасы 147
Қарағанды металлургиялық зауыты 148
Қарағанды металлургиялық комбинаты 18, 147, 148, 218
Қарағанды таулы-шахталы жабдықтар зауыты 147
Қарағанды тұрмыстық техника зауыты 147
Қостанай аяқ киім фабрикасы 217
Қостанай дизельді қозғалтқыш жасау зауыты 125
Қостанай мауыты-шұға комбинаты 125
Қостанай химиялық талшық шығару зауыты 125
ҚР Жоғарғы Кеңесі 227, 228, 229, 230, 231, 235, 369, 402, 455, 462
ҚР Кеден комитеті 230, 233
ҚР Президентінің жанындағы Республика кеңесі .....10, 89, 95, 123, ...131, 132, 140, 176, 200
ҚР Ұлттық ғылым академиясы 183
ҚР Ұлттық ғылым академиясының Жоғарғы энергия институты 183
«Құмкөлмұнай» 109
ҚХР Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының прокуратурасы 38
ҚХР Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданының Халықтық үкіметі 89, 163, 170

Қырғыз КСР Жоғарғы Кеңесі 40, 225
Қырғызстан Компартиясы (Қырғызстан Коммунистік партиясы) 76
Қырғызстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 225

Латвия Компартиясы (Латвия Коммунистік партиясы) 76
Ленинград трактор жасау зауыты 368
Лениногорск полиметалл комбинаты 83
Литва Компартиясы (Литва Коммунистік партиясы) 76
Литва Республикасының Жоғарғы Кеңесі 224

МАГАТЭ (Халықаралық атом энергиясы агенттігі) 461, 465
Маңғыстау облыстық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасы №7 Әскерилендірілген өрттен қорғау отрядының №101 Әскерилендірілген өрт бөлімі 217
Маңғыстау облыстық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасының Өрттен қорғау бөлімі 115, 217
«Маңғыстаумұнай» 109
«Мерей» 131
Микоян А.И. атындағы Тәжірибелік-конструкторлық бюросы 198
Молдавия Компартиясы (Молдавия Коммунистік партиясы) 76
«Молодая гвардия» 169
Моңғолия мұсылмандар қоғамы 225
Моңғолия Халық Республикасының Үкіметі 166
«Мухаббат» 217

«Налобинская» 216
«Невада-Семей» 28, 70, 201

Орталық Азия мұсылмандары діни басқармасы 215

Өзбекстан Компартиясы (Өзбекстан Коммунистік партиясы) 76
Өскемен жібек маталар комбинаты 83
Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты 83
Өскемен титан-магний комбинаты 83

Павлодар облыстық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасының Өрттен қорғау бөлімі 98, 110
Палестинаны азат ету ұйымы 234
Палестинаны азат ету ұйымының Атқару комитеті 234
Пикассо мұражайы (Испания, Барселона қ.) 83
«Правда» 213, 277

Республикааралық экономикалық комитет 197, 198, 339
РКП (б) (Ресей коммунистік (большевиктердің) партиясы 316
РКФСР Жоғарғы Кеңесі 68, 90, 176, 225, 406, 407, 415
РКФСР Компартиясы (РКФСР Коммунистік партиясы) 76

РКФСР Министрлер кеңесі 137
«Росчермет» 224

Семей облыстық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасы Өрттен қорғау бөлімінің №79 Әскерилендірілген өрт сөндіру бөлімшесі 110
Семей облыстық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасының Өрттен қорғау бөлімі 98, 110, 116
«Советы Казахстана» 16
Солтүстік Қазақстан облыстық халық депутаттары кеңесі 145
Солтүстік Қазақстан облыстық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті Ішкі істер басқармасының Өрттен қорғау бөлімі 145
«Социалистік Қазақстан» 129, 277
Стратегиялық экономикалық проблемалар институты 160
«Сұлукөл» 217

Талғар тігін фабрикасы 431
ТАСС (Кеңес одағының Телеграфтық агенттігі) 224
Тәжік КСР Жоғарғы Кеңесі 40
Тәжікстан Компартиясы (Тәжікстан Коммунистік партиясы) 76
«Тельбоне-Алматы» 191
Торғай облыстық халық депутаттары кеңесі 56
Транспорттағы ішкі істер Шығыс басқармасы 98
Түркияның Адал жол партиясы 194
Түркияның Социал-демократиялық халықтық партиясы 194
Түрікмен КСР Жоғарғы Кеңесі 40
Түрікменстан Компартиясы (Түрікменстан Коммунистік партиясы) 76

Украина Компартиясы (Украина Коммунистік партиясы) 76
Украина КСР Жоғарғы Кеңесі 117, 203

Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Корольдігі Парламентінің Қауымдастық палатасы 208
Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Корольдігіндегі КСРО Елшілігі 206
Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Корольдігінің Парламенті 208
Ұлыбританияның консервативтік партиясы 208
Ұлыбританияның лейбористік партиясы 207

Үлбі металлургия зауыты 83
«Үлкен жетілік» 382, 387

«Фосфор» 365
Франция Республикасының Үкіметі 180

«Халық кеңесі» 16
Халықаралық банк қауымдастығы 333
Халықаралық валюта қоры 333

Хан Янг университеті (Оңтүстік Корея, Сеул қ.) 92
Хан Янг университетінің Экономика институты 92
«Химпром» 365

Целинный машина сынау стансасы 67
Целиноград облыстық халық депутаттары кеңесі 145
Целиноград облыстық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті
Ішкі істер басқармасы Өрттен қорғау бөлімінің №133 Әскерилендірілген
өрт сөндіру бөлімшесі 145
Целиноград тау-кен химия комбинаты 431
Цеткин К. атындағы тігін фабрикасы 214

Челомей В.Н. атындағы Халықаралық ғарыш мектебі 108, 109

«Шаңырақ» 70
Шет елдермен достық және мәдени байланыстар жөніндегі қазақ қоғамы 63
Шығыс Қазақстан облыстық халық депутаттары кеңесі Атқару комитеті
Ішкі істер басқармасы Әскерилендірілген өрттен қорғау бөлімі 54
Шымкент облыстық халық депутаттары кеңесі 204
«Шымкентшина» 139, 431

Экономикалық реформа жөніндегі мемлекеттік комиссия 67, 68
Экономиканы тұрақтандырудың жалпы республикалық бюджеттен тыс
қоры 113, 169
Эстония Компартиясы (Эстония Коммунистік партиясы) 76
Эстония Республикасының Жоғарғы Кеңесі 225

ЮНЕСКО (БҰҰ білім беру, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы) 25,
.....139, 225, 252

Яссауи Қ.А. атындағы Түркістан мемлекеттік университеті 144

№6 орта кәсіби-техникалық училищесі (Алматы обл., Жамбыл ауд.,
Жамбыл атындағы кеңшар) 126

«Al Baraka» 206
«Archer Daniels Midland» 44

«Barclays» 206
«British Gas» 211
«British Petroleum» 33, 90, 207

«Chevron Corporation» 6, 43, 44, 49, 50, 372, 378

«DAG» 41

«Dallah Albaraka Group» 41
«Del Monte» 44
«Douche Bank» 79
«Dresdener Bank» 79

«Eastman Kodak» 44
«Endjeko» 204

«Fiat» 165
«Financial Times» 203
«Ford Motor Company» 44

«Hokkaido Shimbun» 199
«Hyundai» 91

«ICI» 211

«Johnson & Johnson» 44

«Lonrho» 211
«Lous and Pit» 97

«Marcartor Corporation» 44
«Morgan Grenfell» 206

«Posco» 92
«Postech» 92

«Reuters» 211
«RJR Nabisco» 44

«Sedgwick Group» 211
«Several Cosmetic» 204

«Westdeutsche Landesbank Girozentrale» 79

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті
Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет хроникасы. 1990–1991 жылдар

Тапсырыс беруші: «Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті» ММ
Басып шығарушы: «Деловой Мир Астана» ЖШС
Директоры Ш.В. Сыздықова
Аударған: Г.Ш. Қадырова
Беттеген: Б. Бозтай
Фото: С.В. Бондаренко, Б.Қ. Отарбаев, С.А. Мунько